

# **ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN**

**«Филология ғылымдары» сериясы  
Серия «Филологические науки»  
Series of «Philological sciences»  
№4 (58), 2016**

**БАС РЕДАКТОР:**

**Б.Ө.СМАНОВ** – педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр. мүшесі

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ:**

**Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА** - педагогика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр. мүшесі

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР:**

**Т.С. Тебегенов** - филология ғылымдарының докторы, профессор,

**С.Ж. Әбішева** – филология ғылымдарының докторы, профессор

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА МҮШЕЛЕРІ:**

филол.ғыл.д., проф. **Б.Әбдіғазизұлы**, пед.ғ.д. **С.Б. Бегалиева**, пед.ғ.д. **Р.Ә. Шаханова**, филол.ғ.д., проф. **К.И. Мирзоев**, пед.ғ.д., проф. **Ж.К.Балтабаева**, проф. **Барри Пол Шерр** (АҚШ), филол.ғ.к., доцент **Е.В. Казарцев** (Ресей), филол.ғ.д., проф. **Г.Л. Нефагина** (Польша), филол.ғ.д., проф. **А.К. Киклевич** (Польша), п.ғ.д. **Н.И. Ишекеев** (Қырғызстан), проф. **Спендель Джованна** (Италия), проф. **Хатрани Алтынчач** (Түркия), проф. **Мехмет Куталмиш** (Түркия), PhD докторы, проф. **И.З. Белобровцева** (Эстония), пед.ғ.д. **Чан Дин Лам** (Вьетнам)

**Жауапты хатшы:**

**А.Д. Ибраева** - филология ғылымдарының кандидаты

Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген №10109 - Ж

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір. 2000 ж. бастап шығады.

---

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР:**

**Б.У.СМАНОВ** - доктор педагогических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК

**ЗАМЕСТИТЕЛЬ ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА:**

**Ф.Ш. ОРАЗБАЕВА** - доктор педагогических наук, профессор чл.-корр. НАН РК

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ:**

**Т.С. Тебегенов** - доктор филологических наук, профессор,

**С.Ж. Абишева** - доктор филологических наук, профессор

**ЧЛЕНЫ РЕДКОЛЛЕГИИ:**

д.филол.н., проф. **Б.Абдіғазизұлы**, д.п.н. **С.Б. Бегалиева**, д.п.н. **Р.А. Шаханова**, д.филол.н., проф. **К.И. Мирзоев**, д.п.н., проф. **Ж.К.Балтабаева**, проф. **Барри Пол Шерр** (США), к.филол.н., доцент **Е.В. Казарцев** (Россия), д.филол.н., проф. **Г.Л. Нефагина** (Польша), д.филол.н., проф. **А.К. Киклевич** (Польша), д.п.н. **Н.И. Ишекеев** (Қырғызстан), проф. **Спендель Джованна** (Италия), проф. **Хатрани Алтынчач** (Түркия), проф. **Мехмет Куталмиш** (Түркия), доктор PhD, проф. **И.З. Белобровцева** (Эстония), д.п.н. **Чан Дин Лам** (Вьетнам)

**Ответственный секретарь:**

**А.Д.Ибраева** - кандидат филологических наук

Зарегистрировано в Министерстве культуры и информации Республики Казахстан 8 мая 2009 г. №10109-Ж

Периодичность – 4 номера в год. Выходит с 2000 года.

---

**EDITOR IN CHIEF:**

**B.O.SMANOV** - doctor of pedagogical sciences, professor corresponding member of the Academy of the sciences of the Republic of Kazakhstan

**VICE OF THE CHIEF EDITOR:**

**F.Sh.ORAZBAYEVA** - doctor of pedagogical sciences, professor corresponding member of the Academy of the sciences of the Republic of Kazakhstan

**SCIENTIFIC EDITORS:**

**T.S.Tebergenov** - doctor of philological sciences, professor

**S.Zh.Abisheva** - doctor of philological sciences, professor

**THE EDITORIAL BOARD MEMBERS:**

doctor of philological sciences, professor **B.Abdigaziuly**, doctor of pedagogical sciences **S.B.Begalieva**, doctor of pedagogical sciences, professor **R.A.Shahanova**, doctor of philological sciences, professor **K.I. Mirzoyev**, doctor of pedagogical sciences, professor **Zh.K.Baltabayeva**, Professor **Barri Pol Sher** (USA), candidate of philological sciences., docent **E.V.Kazartsev** (Russia), doctor of philological sciences, professor **G.L. Nefagina** (Poland), doctor of philological sciences, professor **A.K. Kiklevich** (Poland), doctor of pedagogical sciences **N.I. Ishekeev** (Kurgyzstan), professor **Spendel Djovanna** (Italy), professor **Hatrani Altynchach** (Turkey), Professor **Mehmet Kutalmish** (Turkey), PhD doctor, professor **I.Z.Belobrovtsseva** (Estonia), doctor of pedagogical sciences **Chan Din Lam** (Vietnam)

**Executive editor:**

**A.D. Ibrayieva** - candidate of philological sciences.

The journal is registered by the Ministry of Culture and Information Republic of Kazakhstan 8 May 2009. № 10109-ЗЖ

Periodicity – 4 numbers in a year publishing from 2001

## ТІЛ БІЛІМІ

МРНТИ 16.21.55

Г.Б. Алмабаева<sup>1</sup>, Е.О. Артыкова<sup>2</sup>

<sup>1</sup> ал-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан)

<sup>2</sup> ал-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан)

### СӨЗ МАҒЫНАСЫНЫҢ МЕТАФОРАЛАНУЫ

#### *Аңдатпа*

Мақала метафораның метафора теориясына, оның зерттелу бағыттарына арналады. Тіл білімінде көркем әдебиет тілін зерттеу – бірнеше ғылым түрлерінің басын біріктіретін күрделі, ерекшелігі мол сала. Мұнда әдебиет теориясы мен поэтикасына, тіл ғылымының әдеби тіл, стилистика тарамдарына, сондай-ақ эстетика, өнертану, психология ғылымдарына қатысты мәселелер тоғысып, бір-бірімен байланысып, қиысып жатады. Метафора нақты болмыстың сан алуан салаларына жататын объектілерге атау береді. Метафора арқылы тек жаңа мағына ғана жасалмайды, ол атап тұрған объектісі туралы қосымша көптеген жаңа тусініктер береді. Метафораны түсіну – белгілі бір шамада ойша оның жасалу жолын бақылау деген сөз, ал бұл бір-біріне сыйымсыз мағыналарды жеңіл тусінуге ақыл-ой күшін жене мағыналық үйлесімді-ліктің қалыптасуын қажет етеді. Қай ғылым болсын, қалыптасу, даму кезеңін басынан жеңіл өткізбейтіні белгілі. Көркем әдебиет тілін зерттеудің біраз тәжірибелері жинақталып, айтарлықтай ғылыми табыстарға жетсе де, оларды жалпылап қорытатын кең көлемдегі теориялық тұжырымдаулар, қарқынды зерттеулер қажеттігі айқын. Соның салдарынан көркем әдебиет тілінің кейбір келелі мәселелері зерттеу аумағынан сырт қалып қойды, яғни қазақ тіл білімінде көркем әдебиет тілін зерттеудің қазіргі жағдайы, салғастырмалы тұрғыда көркем әдебиет стилистикасының жүйелі ғылыми-теориялық тұжырымдамасын жасау қажеттігін дәлелдейді.

**Түйін сөздер:** метафора, көркем мәтін, іргелестік ассоциация, ұқсастық ассоциация, қарама-қарсылық ассоциация

Адамдардың өз ара түсінісу, қатынас құралы тіл болса, оның лексикалық құрамының негізгі арқауы – сөз. Ол – қоғам мен табиғат құбылыстарының, адамның рухани өмірінің айнасы. Осы ретте тілімізде (көркем әдебиет тілінде) сөздердің метафоралы қолданылуы – ерекше назар аударуды талап ететін тақырып.

Әрбір ұлтты, халықты танудың кілті, мәдениет ескерткіші - өзінің ана тілі. Халықтың тарихын, мәдениетін, ұлы мұрасын тілі арқылы зерттеу – сол этнос мәдениетінің өзгешелігін, ұлттың эстетикалық таным-талғамын, шаруашылық кәсібін, мінез-құлқын т.б. тануға мүмкіндік береді [1;57].

Мұның өзі әлемді тіл арқылы танудың негізін құрайды. Сондықтан да тіл – осы тілде сөйлеуші халықтардың түсінісу, пікір алысу құралы ғана емес, Вильгельм фон Гумбольд айтқандай, «тіл – халықтың рухани көзін біріктіруші қуат, ол белгілі бір дыбыстар арқылы суреттелген керемет, ол осы кейпінде және өзара байланыстағы өзіндік дыбыстар арқылы барлық сөйлеушілерге түсінікті, әрі олардың бәріне бірдей қуат көзін таратушы» [2; 4]. Қоғамдағы адамдардың түсінісу, қатынас құралы тіл болса, оның лексикалық құрамының негізгі тұтқасы – сөз. Сөз – қарым-қатынас аспектісінде әлемдік бейнені таңбалайтын ұғым-түсініктер. Тіл – қоғамдық құбылыс ретінде адам әрекетінің барлық жағын қамтитын тарихи категория. Адам әрекеті кең көлемді және әр тарапты болғандықтан, тіл қарым-қатынастың, пікір алысудың және қоғам мүшелерінің бір-бірімен түсінісуінің, ойымыздың практикалық көрінісінің құралы ретінде де, өзінің құрылымы жағынан да, түрлі жақтарының өзгеру сипаты жағынан да аса күрделі құбылыс болып табылады. Тілдің дамуы қоғамның дамуына байланысты болғандықтан, қоғам дамуындағы әркелкілік тілге де ортақ. Сөз – қоғам мен табиғат құбылыстарының, адамның рухани өмірінің айнасы [3; 158]. Сөздердің мәнін ашу, қолданылу сырын сараптау, ашу, мағыналарына түсініктеме беру. Қазақ лингвистикасының елеулі мәселелерінің бірі тілдің ғасырлар бойы табиғи даму процесінде оның ішкі даму заңдылықтары арқылы қалыптасқан жүйелілігіне сүйену, сөйтіп жалпы халықтық сипат алған, өмірге аса қажет, неғұрлым айқын сөз үлгілерін сұрыптап алу болып табылады. Оларға мәселен, айтылуы, қолданылуы әбден тұрақты қалыпқа түскен сөздер, фразеологизмдер, жалғаулар мен сөзжасам жүйесі, сөздердің тіркесі, сөйлем құрау жүйесі, үндестік заңы, ықпал сияқты тұрақтанған жүздеген тіл құбылыстарын жатқызуға болады [4; 25]. Осындай құбылыстың бірі - әлі де жалпы тіл білімінде өз шешімін таппай талас тудырып келе жатқан метафора құбылысы.

Метафора (гр. *metaphora* – ауысу) – сыртқы не ішкі белгілеріндегі (тұлғасындағы, атқаратын қызметіндегі т.б.) ұқсастығына қарап бір зат атауының басқа бір затқа атау болуына байланысты сөз мағынасының ауысуы. Мағына ауысуының бұл тәсілінің негізінде ұқсату заңдылығы жатыр [5; 88].

Метафора құбылысын тану, зерттеу сан қилы ғылым зерттеушілерін бірнеше ғасырлар бойы қызықтырып келеді. Бұл салада көптеген салықалы еңбектер дүниеге келгенімен, метафораның табиғаты, жасалуы, тілдегі, әр түрлі ғылым тіліндегі қызметі, маңызы теориялық тұрғыдан түсіндіріліп біткен жоқ. Бұл тілдік метафораның күрделі де қызықты, тіпті таңғажайып құбылыс екенін дәлелдей түседі.

Тіл табиғаты, сөз мағынасы – күрделі құбылыс. Тілде сөз метафоралармен түрленіп, өңделіп отырады. Ауыспалы мағыналарды туғызу адам санасының көнеден келе жатқан танымдық операциясы болып табылады [6;164].

Сөйлеу қарым-қатынасы кезінде адамдар сөздер мен олардың мағыналарымен алмаспайды, сөзді, бүтіндей тілді қатынас құралы ретінде пайдалана отырып, оймен алмасады.

Ойлау – сыртқы дүниені мида бейнелеудің ең жоғарғы формасы. Ойдың бастапқы формасы – ұғым. Ұғым – заттар мен құбылыстар туралы ой. Ұғымда заттардың жалпы және негізгі қасиеттері бейнеленеді. Ұғымдар арқылы адам танымының ұзақ процесінің нәтижесі қорытылады. Ұғымда заттардың өзіндік қасиеттері ғана көрінбейді, олардың бір-бірімен байланыстары мен қарым-қатынастары бейнеленіп отырады. Тілдің көмегімен адамдар өз ойларын материалдандырып бейнелейді. Сондықтан метафораның жасалу механизмін зерттеуді адам ой-санасын, ойлау мен ми қызметін зерттеудің қуатты құралына айналдыруға болады.

Метафораны түсіну – белгілі бір шамада ойша оның жасалу жолын бақылау деген сөз, ал бұл бір-біріне сыйымсыз мағыналарды жеңіл түсінуге ақыл-ой күшін және мағыналық үйлесімділіктің қалыптасуын қажет етеді.

Метафора дүниені көркем тану процесінде қажеттілікке байланысты өздігінен туындап отырады. Ол адамның еркіне тәуелді емес.

Қабылдау мен ойлау бірдей және тұрақты зат, құбылыстардан гөрі өзгермелі құбылыстарды тез, жақсы қабылдайды. Адам ұқсастықтарды байқап қана қоймайды, сонымен бірге өзі жасап отырады. Сенсорлы механизмдердің ерекшеліктері және олардың психикамен өзара әрекеті салыстыруға келмейтінді салыстыруға, өлшейбейтінді өлшеуге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде метафора тілдің кез-келген саласында туындап отырады. Сондықтан метафораның жасалуы да шексіз.

Метафора құбылысы – ең алдымен адам ойлауының нәтижесі. Метафора тек ауыспалы мағына ғана емес ол өз бойына көптеген қасиеттер мен қызметтерді сыйғыза білген күрделі процесс. Метафора – сөздердің ауысуы мен өзгеруі ғана емес, ойдың бір-бірімен қарым-қатынасының нәтижесі. Метафоралық мағынаны қолданғанда сөйлеуші әр түрлі заттар туралы екі ойға сүйенеді. Жаңадан алынатын психологиялық объект пайда болғанда, тілде оларды атайтын дайын сөз болмағандықтан, адам метафораны, яғни тілдегі бар сөздерді (белгілі бір ұқсастыққа негізделген) қолдануға мәжбүр болады. Метафораны байырғы және жаңа мағынаның қосындысынан туған сөз мағынасы деуге де болады. Алайда, метафораның табиғи болмысы бір уақытта екі мағынаның бір сөзде қатар өмір сүруіне икемделген.

Жалпы тілдік метафораның құрылымы, жасалу механизмі өте күрделі. Тілде метафораның жасалуының арнайы ереже, тәртібі жоқ. Метафораның туындауы ойлау процесінің ұқсату, байланыстыру заңдылықтарына тікелей байланысты. Метафораның жасалуын тек тілдік заңдылықтармен түсіндіру мүмкін емес. Адамның ойлау, таным дүниесі қоршаған ортадан ұқсастық, қарама-қарсылық ассоциацияларын табуға бейім. Метафора зат, құбылыс, оның белгілерінің ассоциациялануы арқылы жасалады. «Ассоциация» латын сөзі, «байланыс» деген мағынаны білдіреді. «Бір нәрсені еске сақтау – оны байланыстыру» деген сөз. «Ес процесінің негізі болып табылатын байланыстарды психологияда ассоциация деп атайды» [7; 128].

Сөз мағынасының метафоралануында ассоциациялар үлкен орын алады. Мида еріксіз пайда болатын елестеулер осы ассоциация заңдары арқылы пайда болып отырады. Ассоциация заңдарын ғылымға бірінші рет енгізген ежелгі грек ойшылы – Аристотель. Ассоциациялардың Аристотель заманынан белгілі үш түрі бар. Олар: іргелестік, ұқсастық және қарама-қарсылық ассоциациялары. Ассоциациялардың табиғатын былайша түсінуге болады:

1) Іргелестік ассоциациясы бойынша бір зат жөніндегі елес сезіммен бірге оған қатысы бар екінші затты қоса туғызады.

2) Ұқсастық ассоциациясынан нәрсенің көріністер бейнелері өздеріне ұқсас образдарды ілестіріп, еске түсіреді, яғни бір зат жөніндегі елес сол затқа қандай болса да ұқсастығы бар екінші затты елестетеді.

3) Қарама-қарсылық ассоциациясы заңы қарама-қарсы құбылыстар арқылы біреуін қарама-қарсы екінші бір құбылысты еске береді.

Метафоралану процесіне көбіне ұқсастық ассоциация заңы және қарама-қарсы ассоциация заңы негіз болады.

Сонымен, метафора тереңдігі басқа жанама атаудың метафоралық сипатымен байланысты болады. Метафораға екі жақтылық тән. Күдік құрты, дала ұлы, тағдыр жазуы, ғасыр перзенті сияқты метафоралық қолданыстардан оның осы қасиетін анық аңғаруға болады.

Метафоралар заттардың біз байқамаған қасиеттерін байқауға көмектеседі. Олар адам таңқаларлық аналогия мен ұқсастықтарды көрсетеді. Метафора арқылы адам ойлау дүниесінде күтпеген батыл ассоциациялар жасалады. Суреткердің жіті көзі барлық нәрселерден ортақ ұқсастықтар табады. Кенеттен, күтпеген жерден мұндай салыстырулар жасау – метафораға ерекше көркемділік береді.

Қазіргі қазақ тіліндегі аталым тәсілі ретінде метафора белсенді қызмет атқарады. Аталым бірліктерінің уәждемесін, ішкі мағыналық құрылымының түзілуін қарастырғанда олардың тілдік сипатымен қоса танымдық негізі де назарға ілігеді. Тілде жаңа бірліктер ең алдымен аталым қажеттілігін өтеу үшін туындап жатады. Бірліктердің жасалуы тіл қолданушының өзін қоршаған әлем нысандарының тілдік бейнесін түзу мәселелерімен байланыстыра зерделеуімізді талап етеді. Сөзқосым бірліктерінің аталым нысаны ретінде көбінесе заттар мен құбылыстар ұқсастығының негізінде жасалатыны белгілі.

Метафораны жасау немесе жасай алмау бұл ойлаушы, сөйлеуші адамды сипаттайтын критерийлердің бірі ретінде танылады. Зерттеушілер сөзімен айтқанда, метафора әлемнің жеке тілдік көрінісін бейнелейді, себебі индивидуальдылық жеке адамның белгілі тілдік құралдарды таңдауына байланысты. Яғни әр адамға, сөз суретшісіне, арнайы тек соған ғана тән қасиет бар.

Тілдегі метафора құбылысы күрделі атаулардың қалыптасуына ұйытқы болады. Метафоралануды күрделі атаулардың жасалуындағы негізгі дереккөздердің бірі деп атауға болады. Оның басты шарты – ұқсату заңы, оған заттың сан қырлы белгілері жатады: түс, түр, пішін, көлем, қасиет, қызмет т.б. Қолданыс қызметіндегі мағына да – метафораландыру нәтижесі.

Метафоралану үрдісі – күрделі іс-әрекет. Оның сипатын тілші Е.О. Опарина былай көрсетеді: «Метафоралану танымдық сатыдан басталады: тіл қолданушының назарына Х нысанның Р белгісі ілінеді және осы белгі санада У реалиінің ассоциациялы ұқсас бейнесін туғызады. Осы ұқсастық атау жасауға әкеледі» [8; 10]. Танымдық сатыдан басталған әрекет нәтижесінде атау түзіледі. Кез келген метафораның ішкі мағыналық құрылымында бейне болады. Бұл бейне ассоциациялы ойлаумен нысандардың бір-бірімен қатыстылығына байланысты санада сақталады. Заттар мен құбылыстар өздерінің ерекше белгілері арқылы танылып, сол белгілері арқылы аталым әрекетіне қатынасады. Метафоралануда да сол белгілер басты назарға ілігіп, өзге заттың немесе құбылыстың ассоциациялы бейнесін туғызады. Бұл белгілер атау жасаушының мақсатына қарай әртүрлі қабылдануы мүмкін.

Аталым жасаудағы метафораның рөлі туралы Н.Д.Арутюнова: «метафора семантикалық процеске серпіліс береді де, өзі өшеді, жоғалады, образдылығы бірте-бірте жойылып, оның орнына ұғым келеді» - деп көрсетеді [9; 16]. Ойлаудың өзі кезең-кезеңмен жүзеге асырылатынын ескерсек, метафора адам ойын дамытып, байытып, көркемдеп отырады. Адам ойының поэтикалығы оның тілінен байқалады. Жаңа нысандар туралы білімді қалыптастыруда бейнелік ерекше маңызды. Бұл жайында «Поэтикалық (бейнелі) ойлау танымның алғашқы сатыларына тән. Өнерде бейнені жасау шығармашылық үрдіс болып табылады. Көркем ойлау үнемі бейнелерге қарай талпынады. Метафора – поэтикалық ойлаудың құралы және жемісі», - дейді [9; 6]. Аталым жасауда да адам өзінің бейнелі ойлай білу қабілетін кеңінен пайдаланады. Бейнелілік нысандарды тануда тіл қолданушыға көмекке келеді.

Метафора аталымда заттардың қасиеттерін өзге бір заттар арқылы ашады. Тілдік таңбалардың астарында сол таңбалардың беретін білім қоры ақпараттарын аталымдық мақсатта қолдану сөз мағынасының ауысуына әкеледі. Соның негізінде тілдік таңбаның мағыналық өрісі кеңейеді. Қазақ тіл білімінде метафора заттар мен құбылыстардың ұқсастығы негізінде дайын таңбалардың өзге бір нысанды атауда қолданылатын тәсілі ретінде танылған.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1. Кажигалиева Г.А., Тажибаева Ш.А. Лингвокультурное своеобразие метафорики казахстанской поэзии // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, серия «Филологические науки», №4(54), 2015 г. – с. 56-59.
2. Гумбольдт В. Язык и философия культуры. – М.: Прогресс, 1985. – 400 с.
3. Аханов Т. Тіл біліміне кіріспе. – А.: Мектеп, 1965. – 158 б.
4. Қалиев Ғ., Болғанбаев Б. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – А.: Дәуір, 2003. – 245 б.
5. Барлыбаев Р. Қазақ тіліндегі сөз мағынасының кеңейі мен таралуы: Фил. ғыл. канд. дис. – А., 1963. – 124 б.
6. Zhaparova A.Zh. Functions of metaphors in Abai's poetry // Bulletin of Kazakh National Pedagogical University after Abai, Series of "Philological Sciences" № 3 (53), 2015, - p.163-166
7. Жарықбаев Қ. Психология. – А.: Қазақстан, 1996. – Б. 128.
8. Опарина и ее функции в языке. Автореф.канд.фил.наук: М.,1990, с.28

11. Арутюнова Н.Д. *Метафора и дискурс // Теория метафоры. М., 1996, с. 4-12.*
12. Жұмалиев Қ. *Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. II т. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1960. – 364 б.*
13. Бйырайым Ә.О. *Түркі тілдеріндегі сөз формасы және сөзжасам, тұлғажасам, сөзөзгерім мәселелері // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, № 2 (52), 2015 ж. – 98-104 б.*
14. Мазбаева Ж.О. *Метафоралардың тілдік-танымдық мазмұны (Т.Ахметжан шығармалары негізінде) // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №2 (44), 2013 ж. - 9-12 б.*
15. Абишева А.Б., Абаева М.К. *Концептуальная метафора как компонент содержания во фразеологизмах-зоонимах (на материале английского языка) // Вестник Казахского национального педагогического университета имени Абая, серия «Филологические науки», №1(51), 2015 г. – с. 11-16*
16. Арутюнова Н.Д. *Метафора // Русский язык. Энциклопедия. - М., 1979. с.140-141.*

*Резюме*

**МЕТАФОРИЗАЦИЯ ЗНАЧЕНИЯ СЛОВА**

*Г.Б. Алмабаева<sup>1</sup>, Е.О. Артыкова<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *КазНУ имени аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан*

Статья посвящена теории метафоры. Метафора является инструментом мышления и познания мира, она отражает фундаментальные культурные ценности, так как основана на национально-культурном мировидении. Метафора выступает как средство создания образности речи и конструирования новых смыслов, отражая реальный мир в непривычных, неожиданных сочетаниях и связях. Языковая метафора, несмотря на исчисляющуюся тысячелетиями историю своего исследования, по-прежнему представляет большой интерес для языковедов, ибо она является весьма продуктивным элементом развития и обогащения языка. Таким образом, метафора становится инструментом, посредством которого изучаются реалии действительности, когда на уровне мышления, соответственного понятийного содержания осуществляется оперирование мыслительными аналогами объектов.

**Ключевые слова:** метафора, теория метафоры, художественный текст

*Summary*

**METAPHORIZATION OF WORD MEANING**

*G.B. Alambayeva<sup>1</sup>, E.O. Artykova<sup>2</sup>*

<sup>1</sup> *Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Al-Farabi KazNU, Almaty, Kazakhstan*

The article deals with the theory of metaphor. In language, a metaphor is defined as an indirect comparison between two or more seemingly unrelated subjects that typically uses “is a” to join the subjects. Metaphor is a figure of speech which makes an implicit, implied or hidden comparison between two things that are unrelated but share some common characteristics. In other words, a resemblance of two contradictory or different objects is made based on a single or some common characteristics. Metaphor brings forth the unique human ability to create and transmit ideas through the manipulation of language. As the tool of showing of conceptual picture of the world, metaphor is always based on the national mentality. Stylistic approaches to metaphor used to take metaphor as one of the most important rhetorical figures of speech which could characterize a particular style.

**Key words:** metaphor, theory of metaphor, literary text.

Алмабаева Гульнур Болатовна, Артыкова Еркеш Уразахуновна Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ аға оқытушылары

М.Ж. Алтынбек<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан

## КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ДАМУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ

Аңдатпа

Мақалада коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың әдіснамалық негіздері қарастырылады. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту оқу іс-әрекетінің мазмұнына, ұйымдастыру формасына, әдіс-тәсілдеріне, технологиясына тікелей байланысты болғандықтан, іс-әрекет тұғырын басшылыққа алдық. Оқу барысында оқушылардың ой-санасын дамытуға бағытталған тапсырмалар құру және мазмұнын жасау; қарым-қатынасқа әрбір баланың жеке қатысуы негізінде педагогикалық әрекетті ұйымдастыру; түрлі белсенді іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оқушылардың қызығушылықтарын арттыру; оқу тапсырмаларын түсінуге, қолдануына, білікті болуына бағыттап құру оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың негізгі әдістері болып есептелінеді. Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың теориялық үлгісін мотивациялық, когнитивтік және іс-әрекет компоненттерінің бірлігінде қарастырып, коммуникативтік тапсырмаларға қызығуы, коммуникативтік білім, коммуникативтік біліктілік өлшемдері мен көрсеткіштері негізінде теориялық үлгісі анықталады.

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік, әдістеме, тапсырма, оқыту, оқушы, педагогика

Білім мен ғылым саласында біршама өзгерістер пайда болғандығы бәрімізге аян. Оның бірден бір дәлелі - «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Оқу жүйесіндегі басты талап оқу материалдарын оқушылардың дайындық деңгейлеріне қарай сұрыптап ұсыну, сабақтың типі мен түрін оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдау, мақсаттарды және күтілетін нәтижені анықтау, оқу біліктілігін жетілдіру болып табылады.

Бұның өзі педагог мамандардың шәкіртті оқытуда, білім беруде, тәрбиелеп өсіруде белгілі бір құзыреттіліктерді бойына сіңірген жеке тұлғаны қалыптастыруды талап етеді. Құзыреттілік дегеніміз – кез-келген тұлғаның алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыруда қатысымдық әдістің маңызы зор.

Құзыреттілік дегеніміз – тұлғаның бойында білім, дағды, іскерлік, күш-жігердің болуы. Құзыреттілік ең алдымен мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Құзыреттілік – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі. Оқушылар қарым-қатынас моделдерін, мәдениет образдары мен символдарын білулері керек. Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың коммуникативтік құзыреттіліктерін қалыптастыру мен дамытудың маңызы зор.

«Коммуникативтік құзыреттілік» – қажетті тілдерді, қоршаған ортамен және оқиғалармен әрекеттестікте болу тәсілдерін білуді, топта жұмыс жасау дағдыларын, ұжымдағы әр түрлі әлеуметтік рөлдерді меңгеруді қамтиды. Оқушы хат жазып, анкета толтырып, арыз жазып, мұғалімге сұрақ қойып, айналасындағы адамдармен, сыныптастарымен пікір таластыра білуі тиіс. Педагог маман өз оқушыларының осындай қабілеттерін қадағалап, коммуникативтік құзыреттілігінің ары қарай дамуына барынша үлес қоса білуі керек. Коммуникативтік құзыреттілік оқушының рухани өсуін қалыптастырады, адамдарды түсіне білуіне көмектеседі.

Құзыреттілікті жалпы кәсіби құзыреттілік және арнайы кәсіби құзыреттілік деп үлкен екі топқа бөліп қарастырамыз. Жалпы кәсіби құзыреттілік – маманның жалпы кәсіптік білімін, қабілеті мен дағдысын, өмірлік тәжірибесін анықтап, ғылыми-зерттеушілік, ұйымдастырушылық және коммуникативтік қабілеттерін қарастыратын болса, арнайы кәсіби құзыреттілік белгілі бір мамандық саласы бойынша өз мамандығына сәйкес білімге дайындығы мен оған ұмтылуы арқылы айқындалады.

Кәсіби құзыреттілікті коммуникативтік құзыреттілік, ақпараттық құзыреттілік, регулятивті және интеллектуалды педагогикалық құзыреттілік түрлеріне бөліп қарастыруға болады. Коммуникативтік құзыреттілік – кәсіби интегративтік қасиет болып есептелінеді. Оның негізгі бөліктеріне эмоционалдық тұрақтылық, экстоверсия, тікелей және кері байланысты ұштастыру, тыңдай білу, марапаттай білу, сыпайылық секілді қабілеттерін жатқызамыз. Аталмыш қабілеттерді өз бойына сіңіре білген, оны іс-тәжірибеде көрсете алатын маман ғана «құзыретті маман» болып есептелінеді. Сондай-ақ, қазіргі таңда оқушылардың да құзыретті болуы өте маңызды.

Коммуникативтік құзыреттілік жеке тұлғаның рухани өсуін қалыптастырады, өзге адамдарды түсіне білуіне көмектеседі. Сондықтан мұғалім алдына мақсат қоя білетін, анық әрі нақты шешім қабылдай алатын, дұрыс сөйлей білетін, өз ойын еркін жеткізе алатын, өмірге құштар, қызығушылығы мол тұлғаны өмір жолына аттандыра білуі керек.

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда мына әрекеттерді қолданамыз:

- Сұрақ-жауап
- Диалог
- Қатысым
- Жазылым

Бұл әрекеттер коммуникативтік құзыреттілікті дамытудың алашқы баспалдағы болып есептелінеді. Себебі, бұл әрекеттерді мұғалім барлық сабақтарда мүмкіндігінше қолдана алады. Коммуникативтік құзыреттілікті дамыту мақсатында жүргізілетін бұл әрекеттерден оқушылардың сөйлеу тілін дұрыс меңгеруге; қатысым және жазылым қарым-қатынасын қалыптастыруға; сонымен қатар, тұлғаның құзіреттілік қатысымдылығын жүзеге асыруға ерекше ықпал ететінін байқауға болады.

Осыған байланысты педагог-ғалым Ф.Ш. Оразбаева қатысымдық әдістің өзіндік белгілерін көрсете отырып, оған мынадай анықтама береді: «Қатысымдық әдіс дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі» [1,39]. Расында да, мұғалімнің оқудағы құзіреттілікке мотивация беруі оқушылардың ой-қорытынды жасауына, өз ойын айта білуіне, оны күнделікті өмірде пайдалана білуіне көмегін тигізеді.

Тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігі тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым секілді сөйлесім әрекетінің түрлерінен көрінеді. Жоғарыда аталған сөйлесім әрекеттерінің ішінде тыңдалым әрекеті коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда маңызды рөл атқарады. Оқушы тыңдау арқылы қажетті мәліметтер жинайды және алынған ақпараттарды белгілі бір әрекетте қолдана алады: шығарма жазады; белгілі бір тақырып бойынша монолог құрастыруы мүмкін немесе диалог жасау арқылы өзге оқушылармен қарым-қатынас орната алады [2,208].

Ғалым Ф.Ш. Оразбаева сөйлесім әрекетінің төрт түрін сараптай келе, сөйлесім әрекетінің барлық түрлерін қамтитын және олардың іс жүзінде қолданылуына мүмкіндік жасайтын «тілдесім» әрекетін ұсынады. Тілдесім – айтылым және жазылымның өзара бірлігінен құралып, қандай болмасын ақпарат негізінде адамдар арасындағы тілдік қатынасты жүзеге асыратын сөйлесім әрекетінің түрі. Тілдесім – адамдардың қоғамдық-әлеуметтік өмірде бір-бірімен тіл арқылы қарым-қатынасқа түсіп, өзара пікірлесуінің нәтижесінде бірінің ойын бірі ауызша да, жазбаша да түсінуі және оған жауап қайтаруы.

«Құзыреттілік» ұғымы педагогика ғылымында, соңғы уақытта сан түрлі түсіндіріліп келеді. С.Е.Шишов, И.Агаповтың ғылыми зерттеулерінде «құзыреттілік ұғымы жеке тұлғаның білімі мен тәжірибесі, іс-әрекетке даярлығы және жалпы қабілеттілігі, тұлғаның оқу-танымдық үдеріске өздігімен қатысуы және оның еңбек әрекетінің нәтижеге бағытталуы» ретінде анықталса [3,9], А.В.Хуторскойдің пікірінше, құзыреттілік жеке тұлғаның өзара байланысты сапаларының үйлесімін құрайды. В.Н.Шамовтың айтуынша, құзыреттілік ақиқаттың аясындағы білім, білік, тәжірибе, саналы бағдар жиынтығы [4,158]. Бірқатар еңбектерде оны кәсіби еңбек нәтижелігін анықтайтын білім мен біліктіліктің жиынтығы, кәсіби және жалпы мәдени көрсеткіштердің бірлігі тұрғысынан қарастырған. И.А.Зимняяның көрсетуінше, білім алу нәтижесінде тұрақталған, білім мен тәжірибеге негізделген жеке тұлғаның әрекет жасауға дайындығы және осыған орай, жалпы қабілеттері – оның құзыреттілігі [5,38].

Оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігі – өзара әрекет пен қарым-қатынас тәсілдері туралы білімі, білігі және дағдысының жиынтығы болып табылады. Оқу-ағарту саласындағы өзекті мәселелердің бірі – оқушыларды нәтижелі қарым-қатынасқа даярлап, тұлғаның коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру. Демек, оқушылардың тілдік қарым-қатынасын дамыту арқылы қоғамға жан-жақты дамыған, белсенді, өздігінен жасампаздықпен ойлай алатын және өз ойын шығармашылықпен жеткізіп, шебер қарым-қатынас жасай білетін, тілдік қатысымды тиімді қолданатын оқушының коммуникативтік қабілеттерін дамыту қажет. Коммуникативтік құзыреттілік тұлғаның оқу-танымдық, кәсіби және мәдени-танымдық қызметтің өзекті салаларында сөйлеу әрекетінің барлық түрлерін меңгеруге байланысты іс-әрекет жасауына мүмкіндік береді. Қазіргі қоғам сөйлегенде сөзі терең, ұшқыр ойлы, әсерлі етіп сөйлей алатын, кез келген ортада қарым-қатынасты орната алатын құзыретті тұлғаны қалыптастыруды талап етеді.

Педагогика ғылымында коммуникативтік құзыреттіліктің әдістемелік аспектісін Г.С. Трофимова зерттеп, дидактикалық үдерісте оқушылардың коммуникативтік іс-әрекет тәжірибесін қалыптастырудағы



мүмкіндігін анықтаған [6, 62]. Зерттеушінің ойынша, коммуникативтік құзыреттілік пен коммуникативтік қабілеттің бірігуі, ондағы қалыптасқан тәжірибесі коммуникативтік құзыреттілігінің жоғары деңгейге жетуіне ықпал етеді. Тілдік қарым-қатынастың жұтандығын жою қарым-қатынас ортасын ұйымдастыруға байланысты. Ол туралы М.Р. Львов «балаларға тілдік орта құру керек. Бұл орта баланың тілін дамытады, оның қандай болуы, өзінің тілінің бай және алуан түрлілігіне әкеліп тірейді» – деп тұжырымдайды [7,10-16]. Демек, оқушының сөйлеу ортасы өзі қатысым жасайтын тұрағы, мекені, отбасы мен мектеп болып табылады. Оқушы тілінің даму үдерісін мақсатты, жүйелі, жүргізу, тіл байлығын молайту ортасы болып табылады.

Тілді оқыту - қиын әрі қызықты, үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Қазіргі таңда тілді оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып сапалы және терең білім беру, олардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін жетілдіру, оқушылардың құзыреттіліктерін қалыптастыру.

Нәтижелі білім беру үдерісі оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін, қызығушылықтарын арттырып, алған білімін өмірде қолдану біліктілігін қалыптастыруды көздейді. Сондықтан, білім мазмұнын меңгерудің іс-әрекеттік тұрғыдан келуі негізгі білім беру әдістерінің бірі ретінде анықталады. Оқу іс-әрекетінде оқу тапсырмаларын дұрыс қолдану арқылы мұғалім оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға түрткі болады. Сонымен қатар, оқытуда педагогикалық жаңа технологияларды қолдану оқушылардың ойлау-танымдық және сөйлесім әрекеті еркіндігін қамтамасыз етеді. Педагогикалық технологиялар көп түрлі болғанымен, оның іске асуының екі ғана жолы бар. Біріншісі – теориялық негізде орындалуы, екіншісі – тәжірибе арқылы жүзеге асуы. Жаңа технологияларды тәжірибе жүзінде теориямен байланыстырып дұрыс пайдалана алған мұғалім «құзыретті маман» болып қана қоймай, оқушыларының да құзыреттілігін дамытады.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі компьютерлік технологияның негізгі құралы болып табылатын интерактивтік тақта - бұл сабақ барысында оқушының ұжымдық жұмыс жасауына мүмкіндік беретін, бірін-бірі толықтыратын және барлық оқушылардың қатысуын қамтамасыз ететін оқыту құралы.

Коммуникативтік құзыреттілікті дамытуда диалогтік тіл - оқу үрдісіндегі қарым - қатынаста алдыңғы орын алады: ол оқытудың негізгі мақсаттарының бірі және оның маңызды құралы болып есептеледі. Оқу бағдарламасында коммуникативтік құзыреттілік деңгейіндегі диалогқа қойылатын ең басты талап сөйлеу мәдениетін игеру. Жұптық технологияны пайдалана отырып оқушылардың сұрақтарды, өтінішті, таңдануды, бұйыруды қолданып, бір-бірімен әңгімелесе білуге, мәліметтерді нақтылауды сұрауға, келіспеушілік, толықтыру, тілдік материал көлемінде өзара пікір алыса білуге дағдыланады. Әртүрлі типтегі кішігірім диалогтар құрастыру арқылы оқушы өзінің ойлау қабілетінің жоғарылауына, тіл байлығы мен зияткерлік қабілетінің дамуына ықпалын тигізеді.

Мұғалім топтық технологияны қолдана отырып, оқушылардың белгілі-бір тапсырманы бірлесіп шешуі үшін сыныпты бірнеше топқа бөледі. Аудиторияны топқа бөлудің де өз шарттары бар. Оқушыларды білім деңгейіне байланысты топқа бөлу педагог үшін үлкен қателік болып есептелінеді. Топ белгілі бір тапсырмалар арқылы немесе кездейсоқ құрылуы тиіс. Әр топтың аты мен ұраны болуы қажет және мұғалім топтағы барлық оқушының сабаққа толықтай қатысуын қадағалауы қажет. Топқа бөлінген әр оқушы ақылдасады, талқылайды, өз пікірлерін ортаға салып, сол ойын дәлелдеу арқылы сыни тұрғыдан ойлауға дағдыланып, бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Бұл технология оқушылардың өзіндік ерекшеліктерін ескеріп, бірлесіп үйренуге мүмкіндік береді.

Мұғалім әрбір жаңа сабақты бастамас бұрын жаңа тақырыпқа байланысты кіріспе сұрақ қоюы міндетті. Сұрақ-жауап әдісі – оқушылардың ынтасын арттырады, қызығушылығын оятады және логикалық ойлауын қалыптастырады.

Ойын технологиясына тоқталатын болсақ, түрлі әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, педагогикалық жұмысты ойын түрінде ұйымдастыру оқушылардың қызықтырушылығын арттыратын бірден бір құрал болып табылады. Педагог әрбір сабақ барысында қызықты ойындар ойнатып, рөлдік тапсырмаларды үйлестірсе оқушының пәнге деген құштарлығы арта түспек. Рөлдік ойындардың басты қызметі шынайы, дайындықсыз сөйлеуге қажетті ахуалды туғызу, оқушылардың импровизациялық қабілетін арттыру. Ойынды өткізбес бұрын оқушылардың психологиялық дайындығын қалыптастыру маңызды компонент болып табылады. Оқушылар ситуацияны толық қабылдап, өзін еркін сезінуі қажет. Мәселен, әдебиет сабағында белгілі бір әңгімені оқытып, дәл сол тұста оқушыларды рөлге бөліп, әңгіменің желісі бойынша көрініс құрғызу арқылы, әр оқушылардың өз кейіпкерлерінің ішкі жан дүниесіне қалай енгеніне байланысты импровизациялық біліктілігінің қай деңгейде екендігін байқай аламыз. Сонымен, рөлдік ойындарды ойнату арқылы өз кейіпкерлерінің образын сомдап тұрған оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуына барынша ықпал жасаймыз.

Бүгінгі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаңалықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндеті тұр. Бұл, әрине, оқушылардың шығармашылық әрекетін дамытуда маңызды мәселенің бірі. Ғылыми зерттеулерге сүйенер болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» атауы педагогикада белгілі екі құрамдас бөліктен тұрады. Біріншіден, оқушылар дербес, өз бетімен ойдан жаңаны құрастырады, екіншіден, жағдай тудырушы материалдар даярлап, шығармашылыққа икемдейтін ересек адамның қатысуы арқылы қарастырылады. Мұнда педагогке жауапкершілік жүктеледі, жұмыс нәтижесі оның құзыреттілігіне байланысты. Шығармашылыққа баулу оқушы бойындағы талант көзін ашып, тілін байытып, қиялын ұштау мен өз бетінше ізденуге, коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға зор әсерін тигізбек.

С.Ж. Берденова еліміздегі орыс тілді жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқушыларының көп тілділігі негізінде коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды зерттей отырып, тұлғаның адамдармен байланысқа түсу біліктілігімен түсіндіреді. Оқушылардың көп тіл білуі адамдармен тіл табысуда өзінің мінез-құлқын бақылау, басшылыққа алу, өз көзқарасын сауатты етіп дәлелдей алуына мүмкіндік береді [8,86].

Педагогика ғылымының бір ерекшелігі – оқушының құзыреттілігінің дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын енгізуге ұмтылуы. Педагогикалық технологиялар – бұл білімнің басты мақсаттарымен біріктірілген пәндер мен әдістемелердің: оқу-тәрбие процессін ұйымдастырудың өзара ортақ тұжырымдамамен байланысқан міндеттерінің, мазмұнының, тұрпаттары мен әдістерінің күрделі және ашық жүйелері, мұнда әрбір құрамның басқаларына әсер етіп, ақыр аяғында оқушы құзыреттілігінің дамуына жағымды жағдайлар жиынтығын құрайды [9,4].

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың даму қарқынында оқыту барысында жаңа педагогикалық технологиялық әдістер кең көлемде қолданылуы заңдылық. Оқытудың жаңа педагогикалық технологияларының барлығы оқушылардың өз бетімен білім алу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Оқыту технологиясы оқу мен мазмұнын өңдеуге, көлемі мен мақсатын тұжырымдауға арналған әдіснамалар мен құралдардың жиынтығы. Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясы негізінде қарапайымнан күрделіге қарай әр түрлі технологияны пайдаланып оқушылардың білім деңгейін бақылауға болады. Сол себепті де, педагогикалық жаңа технология білім алушылар үшін өте қажет. Жаңа технологияларды дұрыс қолдана білген педагог құзыретті тұлға қалыптастыруға өз үлесін қосады.

Сонымен, қорыта айтқанда, әрбір педагог маман өз шәкірттерінің бойында жоғарғы дәрежелі білім, біліктілік пен дағдыны қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Оқыту барысында өзіндік ой-толғамын анық жеткізе алатын, кез келген адаммен тілдік қарым-қатынасқа еркін түсе алатын, коммуникабельді, іскер азамат тәрбиелеп шығару, оқушылардың өмірлік жағдаяттарда өздерінің алған білім, білік, дағдыны дұрыс қолдана алуына жағдай жасау – педагог маманның ұстаздық парызы.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Оқулық. – Алматы, 2002. – 109 б.
- 2 Абдироманова Н.Б., Нургожина Ш.И. Формирование коммуникативной компетенции студентов на основе развития навыков аудирования в обучении иностранному языку // Вестн. КазНУ. Сер. филол – 2015. – Т. 1. №3. – С. 208.
- 3 Шишов С.Е. Агапов И.Т. Компетентный подход к образованию как необходимость // Мир образования – образования в мире. – 2001. – № 4. – С. 56.
- 4 Шамов В.Н. Процесс обучения и его закономерности. – М., 1980. – С. 323.
- 5 Зимняя И.А. Компетентный подход в образовании. Проблемы качества образования. – М., 2004. – С. 241.
- 6 Трофимова Г.С. Педагогические основы обучения иностранному языку. Монография. – Ижевск: Изд.дом «Удм. университет», 1999. – С. 282.
- 7 Львов М.Р. Основы теории речи. – М.: Издательский центр «Академия», 2002. – С. 147.
- 8 Берденова С.Ж. Формирование коммуникативной компетенции полиязычной личности учащихся 5 класса общеобразовательных школ Казахстана с русским языком обучения: дис. – Алматы, 2006. – С. 156.
- 9 «Педагогика мәселелері» ғылыми-теориялық журнал. – Алматы, 2007. – 28 б.

*Резюме*

**НАУЧНЫЕ И ТЕОРЕТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ КОММУНИКАТИВНОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ**

Алтынбек М.Ж.<sup>1</sup>,

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Статья будет основой развития коммуникативной компетентности. Деятельность по подготовке кадров в развитии коммуникативной компетентности учеников в содержании, форме, тактики и технологии были в состоянии

следить за развитием событий, поскольку она непосредственно связана с положением. Во время учебно-тренировочных задач, направленных на развитие мышления учащихся и создание контента; отношения с каждым учеником индивидуально на основе участия в образовательной деятельности; путем организации различных мероприятий по повышению интереса учеников; чтобы понять создание руководства по использованию квалифицированных образовательных задач считается одним из основных методов развития коммуникативной компетенции учеников. Развитие коммуникативной компетентности теоретической модели учеников мотивационно, познавательное и заинтересованы в рассмотрении единства действий компонентов коммуникативных задач, связи, образования, связи, а также на основании критериев, определенных теоретической модели.

**Ключевые слова:** компетентность, профессиональная компетентность, коммуникативная компетентность, методология, учебные задания, ученик, образование

*Summary*

**SCIENTIFIC AND THEORETICAL BASES OF COMMUNICATIVE COMPETENCE**

*Altynbek. M. ZH.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*Kazakh National Pedagogical university by name Abai*

The article considered about methodological basis of developing communicative competence. We were take the guide an action, content of training activities, the form of organization, tactics, and technology et.c. is directly related to the development of pupils communicative competence. During the training to create a directed task for developing thinking of pupils and to make a content; to organize pedagogical action -on the basis each pupil individually participate to the relationship; to increase interes of pupis, by organizing different active actions; to understanding training takes, to using, to guide to he educated et.c. shall be deemed one of the main methods of developing pupils communicative competence. The theoretical sample of the development of pupils communicative competence motivational, cognitive and considering as a unity of components action, interes of communicative tasks, communicative cognition, communicative knowing measures and indication on the basis theoretical sample is determined.

**Key words:** competence, professional competence, methodology, task, teaching, pupil, pedagogy

МРНТИ 16.17.43

*Г.Н. Асанова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан.*

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ «АЛАШ» АТАУЫ ҚОЛДАНЫЛУЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ КЕЗЕҢДЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақала «Алаш» тұжырымының зерттелуіне арналған. Бүгінгі қоғамда «алаш» сөзін қолданып жүргенімен, ол сөздің мағынасын, қайдан шыққанын, нендей себеппен қолданысқа енгенін көбісі біле бермейді. Алаш атауының шығу тарихы жөнінде ғалымдар тарапынан бірнеше көзқарастар болғанымен, әлі де нақты бір ойға, пікірге, қорытындыға келе алған жоқ. Осы себепті «алаш» тұжырымының қолданылу жайын арнайы түрде қарастыру, анықтау өзекті мәселе болып отыр.

Автор «Алаш» тұжырымының қазақ танымындағы ерекшеліктерін қарастырған. Қазіргі таңда да қолданыстан шыға қоймаған бұл сөздің шығу тегіне үніліп, қолданылу аясына, мағыналық өзгеріске ұшырауына байланысты дәуірлеген. Сол дәуірлеу кезеңінде қаншалықты мағыналық қарама-қайшылыққа ұшырағандығы көрсетілген. «Алаш» атауының қазақ халқының тарихымен, дүниетанымымен, рухани және дәстүрлі тұрмыстық мәдениетімен сабақтастыра қарастыру нәтижесінде қорытынды тұжырымдар жасаған. Мақалада «Алаш» тұжырымына қатысты ұғымдар мен атаулар берілген.

**Кілт сөздер:** Алаш, тұжырым, халық, қазақ, таным, жырау

Қазіргі кезде тілшілер, тарихшылар, қоғам қайраткерлері сөз сөйлегенде, тіпті, қазіргі күнгі айтыстарда «алаш» ұғымын қолданушылар жиі кездеседі. Ал бұл ұғымды кім қалай түсінеді? «Алаш» ұғымын қандай мәнде жұмсайды? Алғаш «Алаш» ұғымы қандай мағынада, қай кезеңдерде қолданылған?

Р.Сыздықова «Сөздер сөйлейді» еңбегінде «Алаш» сөзіне Қамбар батыр жырынан, Бұқар жырау, Шалкиіз, Шернияз жырларынан, Махамбет өлеңдерінен, Абай, Қ.Мырзалиев шығармаларынан мысал бере отырып, «Алаш» ұғымының мағынасын былайша түсіндірген: «... бұл сөздің екі-үш мағынада жұмсалғаны байқалады. Бірі – ел, жұрт, байтақ сөздерінің синонимі ретінде, екіншісі «халық, қазақ қауымы»...Алаш сөзінің үшінші мағынасы – жоғарыда көрсетілген мағынаға қарама-қарсы «жау, жат» деген мәнде жұмсалуды» [1,30].

Хандық дәуір әдебиетін қарасаңыз «Алаш» ұғымы тек Бұқар жырауда ғана емес, Шалкиіз жырау, Нысанбай жырау Жаманқұлұлы, М.Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы т.б. Зар заман ақындары:

Шортанбай Қанайұлы, Шынияз Шанайұлы т.б. Кердері Әбубәкір, Шәңгерей ақын, Балуан Шолақ, Ергөбек Құттыбайұлы, Әсет Найманбаев т.б шығармаларында көрініс тапқан. Бұл нені білдіреді?

Демек, «Алаш» ұғымының қолданылуы әріде жатыр. «Алашорда» құрылмай тұрып-ақ «Алаш» ұғымы қолданылған. Мысалы: Шалкиіз жыраудың «Алаштан байтақ озбаса» өлеңіндегі мына қатарларды:

*Алаштан* байтақ озбаса,

Арабыдан атты сайлап мінбен-ді! – [2,28].

Р.Сыздықова былайша түсіндіреді: бұл өлең жолдарында екі сөз көне мағынада келген: алаш – мұнда «жат ел, жат (жау) жұрт», байтақ – «өз елі, өз жұрты».

Бұқар жырау Қалқаманұлы «Шүршіт келсе, сырға көш» жырында:

*Он сан алаш* билігі

Хан Абылай төрінде [2,10].

«Ашуланба, Абылай» жырында мынадай жолдар кездеседі:

Жұлдызың туды-ау оңыңнан,

Жан біткен еріп соңыңнан.

*Он сан алаш* баласын

Аузыңа Құдай қаратып,

Жусатып және өргізіп,

Жұмсап бір тұрсың қолыңнан [2,11]. Он сан алаш билігі деген тіркесті Р.Сыздық «он рулы ел, қауым, қазақ қауымы» деп түсіндірген. Сонда, төмендегі Нысанбай жырау Жаманқұлұлының «Кенесары-Наурызбай» дастанындағы «Үш алаш» тіркесін қалай түсіндіреміз?

Тар жол, тайғақ кешуде

Қолдың алдың жабдығын.

Бір ізіңнен жүргіздің

*Үш Алаштың* барлығын [3,17]. Үш алаш тіркесін «алаштың үш жүзі» деп берсе керек. А.Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау. Зерттеу» еңбегінде «Алаштың енші бөлуі», «Алаштың үш жүзі», «Алаша хан һәм оның баласы Жошы хан турасында қазақ арасында бар сөз», «Алаштың үш ұлысы» т.б ел аузынан, қариялардан жинаған аңыздары келтірілген. Соның бір нұсқасы төмендегідей:

Алаштың енші бөлуі. Қазақтың қария сөзінің айтуында Алаштан – Ақарыс, Жанарыс, Бекарыс деп аталатын үш ұл болған. Иісі қазақ осы үшеуінен өрбіген [4,214]. Дастандағы «үш алаш» тіркесі аңызға негізделіп жазылмаса да, үш жүз (үш ұлды негізге ала отырып) қақында айтылғаны даусыз.

Жиембет жырау «Әмірің қатты Есім хан»:

...Арқаға қарай көшермін,

*Алашыма* ұран десермін [2,41]. Мұндағы «алаш» ұғымы «халық» ұғымымен пара пар қолданылып тұр. Кімнің халқына ұран тастайды? Есім ханның, Жиембет жыраудың халқына... Демек, қазақ халқына.

М.Өтемісұлы «Ұлы арман»:

*Алаштағы* жақсыдан

Батасын алып, дәм татып,

Түлкідейін түн қатып,

Бөрідейін жол тартып,

Жаурынына мұз қатып,

Жалаулы найза қолға алып,

Жау тоқтатар күн қайда?! [2,166]. Бұл өлеңде де «алаш» ұғымы «халық» мағынасында қолданылған. Халықтан, халық ақсақалдарынан бата алып, жауға қарсы шығып, жауға тойтарыс беретін күнді арман еткен ұлы арманын айтқан.

«Махамбеттің Баймағамбет сұлтанға айтқаны»:

Біз бір енеден бір едік,

Бір енеден екі едік.

Екеуіміз жүргенде

Бір-бірімізге ес едік.

Бір енеден үш едік,

Үшеуіміз жүргенде,

Толып жатқан күш едік.

Бір енеден бес едік,

Бесеуіміз жүргенде,

*Алашқа* болман деуші едік [2,173].

Шернияз Жарылғасұлы «Сөйлейін сөзді термелеп»:

Шалқыған заман бар еді,

Іздегенің табылған.

Малдан есеп берген соң,

Шыр айналып жүрген соң,

Аузы ала *Алашым*

Сол күндерді сағынған! [2,196]. Аузы ала Алашым

Орынбай ақын «Ассалаумағалейкүм, батыр Ерден»

Ассалаумағалейкүм, батыр Ерден,

Кетіп тұр бақ-дәулетің тағы керден.

.....

Қазақтың қазақ иісі тұрған шақта,

*Алаштың баласына* керегімің [2,203].

Шортанбай Қанайұлы «Зар заман»

.....

Аузына кәпір қаратты

Дін мұсылман *алашты* [2,220].

Шынияз Шанайұлы «Халінен баяндайын заманымның»:

.....

Сөйлейін мұнан кейін Мұса ханнан,

Басым бос кете алмадым тұсағаннан.

Әлеумет, құлақ салып тыңдасаңыз,

Айтайын ертеде өткен үш анадан.

Арғы атаң-Майқы менен *Алаш* еді,

Сақаба Әнес ата баласы еді.

Бірлік сөз осы күні қайдан болсын,

Бұрынғы төрт имам да талас еді.

Үлкені *Алаш байдың* Үйсін еді,

Жақсыға жұмыла халық сүйсінеді.

Жер кетіп, ел күмәнді болған заман,

Мұны ойлап қара халық түйсінеді.

Ортаншы *Алаш байдың* Арғын еді,

Арғыннан батыр туған Тарғын еді.

Әкімге ашуланса, қол көтерген,

О дағы қазақ әдет бар күн еді.

Кенжесі *Алаш байдың* Алшын еді,

Нарынды баса қонған халқым еді.

Байұлы он екі ата бері ауғанда,

Жаппас пен Сырда қалған Алтын еді.

Болғанда атам Алшын, Кіші жүзбіз,

Сөйлесе, айтқан сөзге түсінерміз.

Нарындай мекен еткен қонысты алса,

Кенедей бірден-екі кішіерміз [2,227]. Алаш атауының шығуын Алаша (Алаш) ханмен байланыстырған өлең жолдарының төмендегі аңызбен сәйкестігін байқаймыз:

Алаштың үш жүзі. Есте жоқ ескі заманда Сыр бойында отыз екі баулы (рулы) елді билеген Қызыларыстан атты хан болса керек. Күндердің бір күнінде Қызыларыстанның жорықта олжа болған әйелінен ерекше бір ұл бала туады. Баланың тұла бойы алапес болса керек. Қызыларыстан хан баласының алапес болып туғанын жаман ырымға балап, Бетбақтың шөліне апарып тастайды (аңыздың келесі бір нұсқасында Сырдың суына ағызып жібереді). Тағдыр жазып алапес балаға перзенттен зарығып жүрген бір пақыр тап болып, асырап алады. Бала ақылына қайраты сай жігіт болып ержетеді. Төңірегіне даңқы жайылып, Алаша атанады.

Алашаның даңқы Қызыларыстан ханға да жетеді. Содан, хан өзінің қараша биі Қотанмен ақылдасқан екен (аңыздың кейбір нұсқасында Майқы бидің де аты аталады), Қотан би: «Нағыз ер болса, елге қорған, жұртқа пана болар, ордаға шақырайық», - деп, Үйсін деген үлкен ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырады. Үйсін Алашаны іздеп тауып, таныс-біліс болған соң, сонда қалып қояды. Келесі жолы Қотан би Ақжол (Болат деп те айтылады) деген баласының жанына жүз жігіт қосып аттандырған екен, олар да Алашаның жанында қалып қояды. Қотан би үшінші жылы Алшын деген кіші ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырған екен, олар да Алашаның жанында қалып қояды. Қотан би үшінші жылы Алшын деген кіші ұлының жанына жүз жігіт қосып аттандырса, олар да қайтпапты.

Сөйтіп, Алашаға келіп қосылған үш жүз жігіт үлкен күшке айналып, төңірегіне ықпалын жүргізіп, өсіп-өнеді. Алаша хан болып, қарауындағы ел Алаш жұрты атанады. Алаш жұрты өсіп-өне келе Үйсін бастаған жүз жігіттің әулеттері - Ұлы жүз, Ақжол бастаған жүз жігіттің әулеттері – Орта жүз, Алшын бастаған жүз жігіттің әулеттері – Кіші жүз болып белгіленеді [4,215]. Өлең мен аңызды салыстырып қарасаңыз оқиға желісі бірдей, тіпті, есімдер де өзгеріссіз қолданылғын.

Кердері Әбубәкір «Заманым бұлай болған соң»

.....

Сөйлей көр, тіл мен көмейім,

Бұлайша демей, не дейін.

Көрген *алаш* көз салсын,

Көлденендеп желейін [2,371].

«Өткен иманшылық заманды жоқтап»

.....

Кешірсе сені Рахманың,

Дүниядағы қатаның,

Қараңғы көрге кіреді.

Ажал жетсе, ер өлсе,

Періште келер сұрауға.

Көшіп *Алаш* жөнелсе,

Бір Алланың бергені,

Мүңкір-Нәңкір сауалын,

Біліп пенде бере алса.

Жауабын берер тоқтамай,

Көңілі-хақ, діні-пәк,

Мұсылман болып жаралса? [2,378]

Шәңгерей ақын «Таудағы тас ұядан»:

.....

«Менмін» деген – сол менмін,

Жалпылама,*алаш*, әр заман.

Қиямет, мақшар таң туса,

Өзім қайта «мен» болып

Мен болармын қайтадан [5,133].

Балуан Шолақ «Ғалия»:

.....

Ерейменнің түбінде сегіз ағаш,

Сені маған телиді көрген *алаш*.

Аға, жеңгең бас болып қорыса да,

Амандасып қалушы ең таңмен талас [5,274].

Ергөбек Құттыбайұлы «Сәлем де туған елдерге»

.....Жесір қатын, жетім қыз

Көшеде жүр сандалып,

Тіленіп өткен-кеткеннен:

«Бар ма, -деп, - бір пұл бересі?!»

*Алты сан алаш* бұзылып,

Адамдар аштан өлесі.

Аштан өлген мүрдені

Адамдар болмай көмесі,

Ит пен құсқа жем болды [3,280].

Не манаптың денесі! Алты сан алаш тіркесі алты тайпадан құралған қауым, халық туралы айтып тұр. Кеген тас жазуында «алты бөріг» («алты қасқыр») деген сөздің «алты алаш» мағынасын беретіні жөнінде (үйсін, қаңлы, қырғыз, хақас, татаб-татар, сяньби-ғұн тайпалары) ғылыми болжамдар бар. ...Шежірелердің бірінде Алашқа өзбек, түркімен, қарақалпақ, қырғыз, қазақ, ноғай жатқызады (ҚЭС I, 246). Алаша (Алаш) хан – халық аңызы бойынша «Алты алашты» құраған тайпалардың түп атасы (ҚЭС I, 248).

Р.Сыздық «Сөздер сөйлейді» еңбегінде Махамбеттің өлеңдерінен мысал келтіре отырып алты алаш тіркесін былай түсіндірген: «... О баста алты алаш – XIII ғасырдың бас кезінде, тегі, монғол шабуылына қарсы ұйымдасқан алты тайпадан: қыпшақ, найман, қаракесек, алшын, қоңырат, жалайыр – тайпаларынан құралған одақты білдірген. Кейін бұл одақ алты сан алаш деген атпен Жошы ұлысының қарамағына кірген [1,34].

Әсет Найманбаев «Болжаусыз осы екен ғой өлім деген» өлеңіндегі

...Алашқа атым шыққан Әсет ақын [6,287] жолдарында «алаш» ұғымы «қазақ» ұғымымен синонимдес қолданылған.

Жоғарыда келтірілген деректерге сүйене отырып, қазақ тілінде «Алаш» тұжырымын (концепт [7,5]) қолданылуының кезеңдерін былайша жіктеуге болады:

- Ауыз әдебиетінде қолданылуы;
- Хандық дәуір әдебиетінде (жыраулар поэзиясы) қолданылуы;
- Ағартушылық кезең (Абай, Шоқан т.б.)
- 1916 ж ұлт-азаттық көтеріліс кезеңіндегі әдебиетте қолданыс табуы;
- 1920ж кейінгі («Алашорда» құрылғаннан кейінгі) әдебиетте қолданылуы;

Демек, «Алаш» атауы әр дәуірде әр түрлі мағынада қолданылған. Халық өмір сүру дәуіріне, ортасына қарай оны өзінше түсініп, өзінше бір мағынада жұмсап отырған. Алаш атауының хандық дәуір әдебиетінде қолданылуын, беретін мағынасын былайша көрсетуге болады:

Хандық дәуір әдебиетінде «Алаш» тұжырымының қолданылуы:	Мағыналары:
Жыраулар шығармаларындағы «Алаш» (XV-XVIII ғғ.)	<ul style="list-style-type: none"><li>• Жат ел, жау</li><li>• Өз елі, өз жұрты</li><li>• Қазақ қауымы</li><li>• Алаша хан</li><li>• Халық</li><li>• Алты тайпадын құралған одақ</li></ul>

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

- 1 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді (Сөздердің қолданылу тарихынан), 2-басылуы. – Алматы, «Санат», 1994.
- 2 Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. - Алматы: Жазушы, 2004. 2-том. – 528 б.
- 3 Батырлар жырлары, 6-том. Тарихи өлең-толғаулар, дастандар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 б.
- 4 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: шежірелік деректерді пайымдау. Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 728 б.
- 5 Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. - Алматы: Жазушы, 2004. 1-том. – 400 б.
- 6 Батырлар жырлары, 7-том. Тарихи өлең-толғаулар, дастандар. – Алматы: Жазушы, 2008. – 288 б.
- 7 Абаева М.К. Концептосфера интеллектуальной деятельности (на примере соматических фразеологизмов) // Вестн. КазНПУ. Сер. Филологич. – 2015. – Т. 1. №4(54). - С. 5-8.

*Резюме*

**ПЕРВЫЕ ПЕРИОДЫ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НАЗВАНИЯ "АЛАШ" В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ**

Асанова Г.Н.<sup>1</sup>,

<sup>1</sup>Казакский Национальный педагогический университет имени Абая

В статье исследована концепция "Алаш". В современном обществе многие используют слово "Алаш", однако они не имеют никакого представления о его появлении и о том, как оно вошло в употребление. Было множество мнений и исследований между учеными о появлении слова "Алаш", но все равно нет еще однозначного мнения. По этим причинам, стоит вопрос об определении использования понятия "Алаш".

Автор рассматривает особенности смысла "Алаш" в сознании (понятие) Казахова. Рассматривается происхождение данного слова как редко используемого слова, и распределения по периоду (этап) изменение (значимости) смысла "Алаш". Описано смысловое противоречие значимости "Алаш". Сделаны выводы что значение "Алаш" тесно связано с историей, познанием, духовной и традиционной культурой Казахского народа. В статье характеризуется название и понятия "Алаш".

**Ключевые слова:** Алаш, концепт, народ, Казах, сознание, жырау

Summary

**THE FIRST PERIOD OF USING OF THE NAME "ALASH" IN THE KAZAKH LANGUAGE**

Asanova G.N.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abay

The article studies the concept of "Alash". In our modern society million people use the word "Alash", although they have no idea on history and on usage of this word. A lot of scientists have made researchers on it, but did not reach consensus. It is for these reasons that the question on definition of word "Alash" is extremely necessary.

Author research particular sense "Alash" consciousness (concept) of Kazakhs. We consider the origin of the word as a word rarely used, and the period of the distribution (step) change (the significance of) the meaning of "Alash". Describes the importance of semantic contradiction "Alash". It is concluded that the value of "Alash" is closely connected with the history, consciousness, spiritual and traditional culture of the Kazakh people. The paper is characterized by the name and the concept of "Alash".

**Key words:** Alash, concept, people, Kazakh, consciousness, bard

МРНТИ 16.21.27

*А.А. Баймурзина<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты  
Алматы қ., Қазақстан

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨПТІЛДІЛІК ҒЫЛЫМ ПРИЗМАСЫ АРҚЫЛЫ**

*Аңдатпа*

Мақалада Қазақстандағы көптілділік ғылым призмасы арқылы қарастырылады. Кіріспе бөлімде көптілділіктің мемлекет, жалпы қоғам үшін маңызы туралы, ғылымда атқаратын қызметі жайында және тілдерді сақтау, қолдау қажеттігі баяндалады. Президент Жолдауындағы Қазақстандағы тілдердің мәртебесі мен қызметі жайындағы сөздері келтіріліп, әрі қарай оның мәні ашыла түседі. Негізгі бөлімде көптілділікке қатысты ғалымдардың пікірі мен тұжырымдары келтіріледі. Сонымен қатар, Қазақстандағы көптілділік ерекшеліктері де ғалымдар пікіріне сүйене отырып аталып өтеді. Еліміздегі көптілділіктің тілдік саясат арқылы қолдау табуының көрінісі - үштұғырлы тіл идеясы турасында баяндалады. Қорытынды бөлімде көптілділіктің ғылым призмасы арқылы қарастыру қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі екендігі сөз болып, сонымен қатар қазақ тіл білімінің шығар биігінің практикалық та, теориялық та маңыздылығын арттыраы сөзсіз екендігі айтылады.

**Түйін сөздер:** көптілділік, үштұғырлы тіл, Президент Жолдауы, лингвистикалық зерттеулер

Мемлекетіміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына арналған Жолдауында: «Қазақстан бүкіл әлемге үш тілді пайдаланатын жоғарғы білімді ел ретінде танылуы тиіс. Бұлар: қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі» деп атап өткен болатын [1]. Осыған байланысты түрлі пікірлер айтылса да, негізгісі «тіл» қарым-қатынас құралы екені белгілі. Оған қатысты ресейлік, шетелдік, әрине қазақ тіл біліміне үлес қосқан, қазіргі таңда да көптеген зерттеулер жүргізіп жатқан ғалымдардың пікірлерінен нақты мысалдар келтіруге болады.

К.Замятин, А.Пасанен, Я.Саарикиви өз еңбектерінде атап өткендей: «язык отражает культуру – и каждый язык уникален, потому что народы, их культурные традиции, условия жизни и картины мира различаются. Требование единого мирового языка или отбор языков означало бы нивелирование культурных различий между народами, отказ от культурного богатства» [2, 5].

Тіл арқылы халықтың мәдениетін, тарихын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін білесіз. Сондықтан да тілдің адамзат өмірінде атқаратын қызметі орасан екені даусыз. Бұған дәлел ретінде бүгінгі таңда көпұлтты, көп дінді Қазақстан Республикасының тілдік саяси концепциясында сипатталғандай қалыптасқан тілдік жағдаят мәдени-тілдік дамуы жағынана қиын кезенді бастан кешіп отырғаны белгілі. Дегенмен тілдік саясат идеясының өзегі болып барлық құжаттар бірнеше тілде болуы заманауи талаптардың бірі.

Қазақстандағы көптілділікке жан-жақты талдау жасай келе, профессор Э.Д. Сүлейменова: «полиязычие Казахстана – вполне очевидный и реальный факт» дейді [3]. Сонымен қатар, көптеген зерттеу нәтижелерін сараптай келе, келесідей тұжырым жасайды: «чем менее диаспора сохраняет свой этнический язык, тем меньше среди них билингвов с казахским и русским как вторыми языками, и наоборот, чем лучше сохраняет диаспора свой этнический язык, тем больше среди них дву- и полиязычных». Бұл тұжырымнан шығатын қорытынды – елдегі көптілділік пен тілдердің алуантүрлілігін сақтағымызды ойласақ, этникалық тілдерді қолдап, олардың дамуына жол ашуды қажет [3].



Белгілі ғалым Г.Шухардт тілдердің тарихи дамуында тілдік қатынастардың атқаратын қызметіне алғаш көңіл бөлгені, ғалым Н.Я. Марр тілдер байланысын «тілдердің тоғысуы» деп атап, оны тілдік эволюцияның бірден бір факторы ретінде сипаттады. Тағы айтар болсақ, фанцз ғалымы А.Мартине, американ ғалымы У.Вайнрайх [4, 40] өз тілдерінде латынның *contact* сөзі негізінде «языковые контакты», тілдік қатынас терминін енгізді. Бұдан айтпағымыз, көп ұлт, халық, ұлыс жүрген жерде, қоғамда тілдік қатынас – болмай қоймайтын құбылыс.

Тіл қандай болса, сол тілде сөйлеуші халықтың да санасы белгілі бір деңгейде сол дәрежеде деп есептеледі. “Адам өз туған тілінің призмасы арқылы ғаламды түрліше көреді” дәлелдемесі Э.Сепир мен Б.Уорф ықтимал лингвистикасы теориясының негізінде жатыр. Олар орта еуропалық (батыс) мәдениет пен басқа мәдени әлем (жеке алғанда, Солтүстік Америка үндістері) арасындағы айырмашылық тілдегі айырмашылықтарға негізделетінін дәлелдемек болды.

Ю.Д. Апресян бұл лингвистикалық ықтимал теориясы туралы “тамаша болжамды” дәлелдеу қиын деген пікір білдіреді. Тіл әр тілдің призмасы арқылы көрінген әлем бейнесінің бейнелену формасы ғана емес, қабылдау, есте сақтау, қайта құру үрдісіне тікелей байланысы бар, әрі құрушы, әрі ұйымдастырушы, әрі дамытушы қызметі тұрғысынан санамен қатысты қаралады. Қазіргі заман тіл білімі – дамудың биік шыңына көтеріліп келе жатқан кең салалы, көп тармақты ілім екенін дәлелдейді. Ал мұндай ілімге қол жеткізуде көптілділіктің, оны зерттеудің орны ерекше.

Ұлттық сана-сезім негізінде тілдік сана-сезім қалыптасады, бұл арқылы адам өзінің тілін өзі анықтайды. Адамның өзі тілін анықтауы сол төл тіл атауын білуден басталады да, өзге тілдерден дараланатын белгілерін танумен жалғасады. Тіл тану үдерісі, тіпті ана тілінің қыры-сырын танудың өзі өмір бойы, үзіліссіз жүреді. Тілдік қатынас жағдайында көптілділік – екі не одан да көп тілді қоғамның қажеттілігі, сол өмірлік қажеттіліктің өтемі, қоғамдық, тарихи категория. Көптілділік – адамзат қоғамына тән, жалпыға ортақ әлеуметтік лингвистикалық құбылыс [4, 42].

Мемлекетіміздің өзге елдермен қарым-қатынасының арқасында қазіргі таңда жетіп жатқан жетістіктері қаншама... Ал сол жетістіктерге қол жеткізу үшін өзге тілді меңгеру қажеттілігі күннен күнге маңыздылығы артпаса кемімесі анық. Бүгінгі таңда үш тілден, яғни қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен өзге, тағы да басқа тілдерді білу біздің қоғамымызға, мемлекетіміздің өсіп-өркендеуіне зор үлес қосары сөзсіз. Ең бастысы көптілділік адамның есте сақтау, ойлау қабілетін арттырып, зейінді, тапқыр болуына тигізер әсері зор екені ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Көптілділік біздің елімізде Елбасының «үш тұғырлы тіл» саясатынан бастау алған. Осыған орай бүгінгі таңда қоғамымыздың қай саласы болмасын көптілді мамандардың қажеттілігі артуда. Оның өзіндік себептері бар. Мысалы, халықаралық байланыстың арқасында қаншама жастар өзге, дамыған елдерге барып білім алу мүмкіндіктері жылдан жылға өсіп келеді. Жоғарғы оқу орындарының студенттері түрлі бағдарламамен өзге мемлекеттерде білім алып, білімін шыңдап, ғылымымыздың дамуына зор үлес қосып жатса, ол осы елбасының саясатының арқасы деп білеміз.

Көптілділіктің, нақты айтар болсақ елбасының тіл саясатының арқасында, халықаралық жобалардың күн санап артуының арқасында қазақ тіл білімінің дамуының да өзіндік орны бар екені аян.

Оған дәлел ретінде мынаны айтқымыз келеді. Өз тілімізді зерттеу барысында өзге тілдермен салыстыра қарастыруға үлкен мүмкіндікке ие болу үшін, алдымен ана тілін білу, ана тілінің табиғатын толық меңгеру қажеттілігі маңызды. Яғни, өзге тілдерді біле отырып, ана тілін толық меңгеру мүмкіндіктерін туғызары анық. Қазіргі тіл ғылымында екі және одан да көп тілдердің арасындағы ұқсастықтар мен қайшылықты тұстарын қарастырған зерттеулердің күн санап артып келе жатқаны және тілге қатысты болғандықтан да, міндетті түрде тарихы, мәдениеті мен салт-дәстүрі де қарастырылатыны белгілі. Сондықтан да көптілділіктің ғылымда атқаратын маңыздылығы жайында ерте кездегі ғалымдардың тұжырымдамалары күні бүгінгіге дейін маңыздылығын жоғалтпақ емес, керісінше қазіргі жаһандану заманында өзекті десек болар.

Көрнекті ойшыл, өз замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ Әл-Фараби бабамыздың 76 тіл білгенін айтар болсақ, ал Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев және т.б. көптеген ғұламаларымыздың бірнеше тіл білгендігі біз үшін мақтаныш екенін жасыра алмаспыз. Мақтанып қана қоймай, соған ұмтылу керек екенімізді ескерген жөн.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың төрағалық етуімен Қазақстан халқы Ассамблеясының ХҮІІ сессиясында: «Елдің түрлі өңірлерінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерін оқыта отырып, үш тұғырлы тіл саясаты бойынша жұмыс істеуге тиіс» - делінген болатын [5].

Лингвистика ғылымы соңғы жылдары көптеген жаңа бағыттарды қамтып, ғылыми-теориялық және практикалық жағынан кең өріс алып, дамып келеді. Мұндай бағыттар қазіргі өмір талабы мен уақыт

сұранысына сәйкес пайда болып отырғаны белгілі. Бұған дейін біз бір тілге көңіл аударып келсек, қазір заман талабына сай жаңа салаға, жаңа бағытқа - когнитивтік лингвистикаға айрықша көңіл аударып келеміз. Когнитивтік лингвистика – тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік орны мен рөлінің күшеюіне орай, адамзаттың ой мен тіл, сана мен ойлау, таным мен тілдік қарым-қатынас үрдістердің бірлескен әрекеті нәтижесінде тілші-ғалымдар алдында жаңа идея, тың ізденісті қажет ететін сала. Сонымен қатар, бұл сала қазақ, орыс, ағылшын тілдерін салғастыра отырып, бір-бірімен салыстыра да, салғастыра да үйрету принципіне негізделген [6].

Қорыта айтпағымыз, көптілділіктің ғылым призмасы арқылы қарастыру қазіргі таңда өзекті мәселелердің бірі, сонымен қатар қазақ тіл білімінің шығар биігінің практикалық та, теориялық та маңыздылығын арттырары сөзсіз. Өйткені қазіргі заманауи талаптардың бірі екені даусыз.

Қазіргі таңда қоғам талабына сай көптілділіктің алар орны ерекше. Кез келген кәсіпте көптілді мамандар аса қажет болып табылатынын жоғарыда айтып өттік. Ал ғылыми тұрғыда, әсіресе тіл білімінің зерттеу нысанының кеңейіп, түрлі зерттеу бағыттары, мысалы, әлеуметтік лингвистика, контрастивтік лингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. көптеген салаларының зерттеу нысанына айналған көптілді көптеген жоғары оқу орындарында өзіндік орын алғаны белгілі. Сонымен қатар түрлі мамандықтардың базалық пәндерінің бірі болғандықтан келешек мамандардың да қызығушылығын арттыруда. Оған қоса айтарымыз, мәдени таралық қарым-қатынас барысында да көптілділіктің орасан зор қызметі дәлел болары сөзсіз. Ғалымдардың ғылыми зерттеулері, түрлі конференциялар мен жиындарда көптілділікке қатысты көптеген мәселелер көтеріп жатқаны да тақырыптың өзектілігін айқындап тұр.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы – Ана тілі. – 2007. – 2-4 бб.

2 Замятин К., Пасанен А., Саарикиви Я. Как и зачем сохранять языки России? / Отв.ред. Я.Саарикиви. – Хельсинки: Vattala, 2012. – 179 с.

3 Сулейменова Э.Д. Полиязычие и языковой сдвиг: к характеристике языковой ситуации в Казахстане // Международная конференция «Ахановские чтения» по эгидой МАПРЯЛ: Материалы докладов и сообщений. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – С. 52-62.

4 Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие // Новое в лингвистике. Вып. VI. Языковое контакты. – М.: Прогресс, 1972. – С. 40-42.

5 «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауы – «Егемен Қазақстан» – 2012. – 5-6 бб.

6 Алишариева А.Н. Қазіргі лингвистикадағы қостілділік құбылысы // ҚазҰПУ хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы – 2015. – №3(53). – С. 4-8.

*Резюме*

**ПОЛИАЗЫЧИЕ В КАЗАХСТАНЕ ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ НАУКИ**

*Баймурзина А.А.*

*КазНУ им. аль-Фараби Институт языкознания им. А.Байтұрсынұлы*

В статье полиязычие в Казахстане рассматривается через призму науки. В введении поднимаются вопросы значимости полиязычия для страны, общества и науки, а также о необходимости сохранения и поддержки этнических языков. Приводятся, а далее раскрываются в значении слова Президента из Послания народу о статусе и функциях языков страны. В основной части статьи приводятся мнения и заключения ученых о полиязычии. Опираясь на мнения ученых перечисляются особенности полиязычия. Триединство языков подчеркивается как поддержка полиязычия языковой политикой страны. В заключении рассмотрение полиязычия через призму науки определяется одной из актуальных вопросов лингвистики, которая воздвигнет и практическую, и теоретическую значимость казахского языкознания.

**Ключевые слова:** полиязычие, триединство языков, Послание Президента, лингвистические исследования

*Summary*

**MULTILINGUALISM IN KAZAKHSTAN THROUGH THE SCIENCE PRISM**

*Baimurzina A.A.*

*Al-FarabiKazNU and Institute of Linguistics named after A.Baitursynuly*

In article the multilingualism in Kazakhstan is considered through the science prism. In introduction questions of the importance of a multilingualism for the country, society and sciences, and also about need of preservation and support of ethnic languages are brought up. The words from the President's Message to the people about the status and functions of languages of the country are given and further reveal in a word meaning. In the main part of article opinion and the conclusion of scientists about the multilingualism are given. Relying on opinions of scientists features of a multilingualism in Kazakhstan are listed. The trinity of languages is emphasized as support of a multilingualism with language policy of the country. In the

conclusion consideration of a multilingualism is defined by the prism of science by one of topical issues of linguistics which move up both the practical and theoretical importance of Kazakh linguistics.

**Key words:** multilingualism, trinity of languages, President's Message, linguistic researches

ГРНТИ 16.21.51

*П.Ж. Балхимбекова*

*КазНПУ им. Абая, Алматы, Казахстан*

## **МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРОБЛЕМЫ ИССЛЕДОВАНИЯ БИНАРНЫХ СЕМАНТИЧЕСКИХ ОППОЗИЦИЙ (НА МАТЕРИАЛЕ ГЛАГОЛОВ СОЗДАВАТЬ-РАЗРУШАТЬ)**

### *Аннотация*

Семантические оппозиции представляют одну из ключевых проблем, находящихся в поле зрения современной лингвистики. В соответствии с новыми тенденциями в когнитивной лингвистике, а также на основании современных подходов к лингвокультурологическим исследованиям, изучение семантического и прагматического потенциала оппозиций представляется весьма плодотворным, особенно в том случае, когда исследование ведется на основании данных корпусов. В нашем случае, мы предлагаем использовать Британский национальный корпус, Национальный корпус русского языка и казахоязычный сегмент Интернета в качестве материала для исследования. Использование такой методики позволит определить специфические характеристики и особенности репрезентации указанных значений в сравниваемых языках, и, следовательно, их роль в структурировании национальных картин мира. Помимо этого, в статье выделяются важнейшие компоненты алгоритма процесса исследования оппозиций.

**Ключевые слова:** оппозиции, семантика, прагматика, трехязычие, концепт

Антиномии, существующие в человеческом мышлении и нашедшие отражение в языке, служат свидетельством того, что «человек обладает способностью соизмерять, сопоставлять и ассоциировать разные категории. Такие способности соответствуют собственно масштабу знаний и представлений человека о мире. Это положение основывается на современной антропологической парадигме научного знания, исходящей из допущения, что человек познает мир через свою практическую и теоретическую деятельность в нём. Таким образом, языковая специфика интерпретации своего внутреннего мира носителями языка является ценным источником информации об отражении *себя* как объекта познания и источником выявления «человеческого фактора» в языке» [3, 72]. Таким образом, актуальность исследования семантики оппозитивноопределяется, во-первых, его ориентацией на сопоставительное изучение разных картин мира в парадигматических рамках одной антиномии (создавать – разрушать); во-вторых, исследованием как семантики и валентностного потенциала лексем, так и изучением их прагматических возможностей, и, в-третьих, полиязычным подходом. Помимо этого, актуальность изучения подобных оппозитивных пар определяется необходимостью исследования когнитивных аспектов лексики и фразеологии.

В этом случае в качестве объекта исследования будут выступать не просто отдельные оппозиции, а концептуальные системы языковых картин мира (казахской, русской, английской), связанные с понятиями «создавать-разрушать» и репрезентированные в лексике и фразеологии вышеуказанных языков. В современной лингвоконцептологии концептом принято считать «национальный ментальный образ, некая идея, которая имеет сложную структуру представления, реализуемую различными языковыми средствами. Концептуальное значение выражается в закреплённой и свободной формах сочетаний соответствующих языковых единиц. Концепт отражает категориальные и ценностные характеристики знаний о некоторых фрагментах мира. В концепте заключаются признаки, функционально значимые для соответствующей культуры» [2], [3]. В то же время Ю.С. Степанов характеризует концепт следующим образом: «Концепт – это как бы сгусток культуры в сознании человека; то, в виде чего культура входит в ментальный мир человека. И, с другой стороны, концепт – это то, посредством чего человек – рядовой, обычный человек, не «творец культурных ценностей» – сам входит в культуру, а в некоторых случаях и влияет на нее [6, с. 45], тогда как Р.Д. Павиленис определяет концепт как «интенциональную функцию, определяющую множество объектов или предметов; значениями такой функции могут быть объекты (предметы) действительного мира, объекты (предметы) возможных миров» [3,32]. Для исследований оппозиций, по нашему мнению, наиболее перспективным является подход, декларируемый М.В. Пименовой, В.И. Карасиком, так как именно в рамках такого подхода становится возможным выявление категориальных начений в рамках оппозиции.

В нашем случае, мы предлагаем исследовать концепты «создавать-разрушать» в сопоставительном и

типологическом аспектах (на материале Национального корпуса русского языка, British National Corpus, а также казахоязычного сегмента сети Интернет – в связи с тем, что на данный момент мы пока не можем опираться на Национальный корпус казахского языка). По нашему мнению, использование такой методики позволит определить специфические характеристики и особенности репрезентации указанных значений в сравниваемых языках, и, следовательно, их роль в структурировании национальных картин мира.

Исследования данной когнитивно и прагматически значимой оппозиции с точки зрения того, как в лексической семантике и языковых конструкциях отражается специфика национального мировосприятия с использованием сопоставительного и типологического методов в современной лингвистике еще не проводились.

Исходя из описанных выше методологических принципов, описание концептов создавать – разрушать должно проводиться в аспекте синтагматики и парадигматики, с учетом семантического и прагматического потенциала, на базе данных корпусов. Анализ таких концептов проводится с целью установления их типологических признаков на основе сравнения казахской, английской и русской языковых картин мира.

Нами предлагается следующий алгоритм исследования (заметим, что он может быть использован не только в рамках избранной нами оппозитивной пары, но и при исследовании оппозиций такого рода в целом):

Шаг 1. Установление языковой специфики структурирования концептов создавать - разрушать;

Шаг 2. Выявление соответствующих языковых представлений, свойственных носителям казахского, русского и английского языков;

Шаг 3. Представление в виде моделей корреляции между концептуальными знаниями и процессами языковой репрезентации данных концептов;

Шаг 4. Выявление соотношений на лексико-семантическом, фразеологическом и синтаксическом уровнях между лингвистическими и когнитивными структурами представления вышеуказанных концептов в казахском, русском и английском языках.

В соответствии с задачами исследования в качестве основного метода в нашей работе избран типологический метод, который заключается в выделении основных семантических признаков, характеризующих те или иные концепты; на основе обобщения и комбинаций признаков определяется типология этих концептов. Ср.: Типология - в широком смысле этого слова - это “классификация предметов или явлений по общности каких-либо признаков”. В работе также используется метод компонентного анализа (для выделения семантических составляющих вышеуказанных лексем с опорой на контексты, представленные в корпусах), а также дистрибутивный метод (заключающийся в анализе сочетаемостных свойств конкретной лексемы), сравнительный и сопоставительный методы, метод анализа словарных дефиниций.

Как указывал в свое время Л.В. Щерба, “экспериментируя, т.е. создавая разные примеры, ставя исследуемую форму в разнообразные условия и наблюдая получающиеся при этом “смыслы”, можно сделать несомненные выводы об этих “значениях” и даже об их относительной яркости” [7]. По нашему мнению, именно использование корпусов и Интернет-ресурсов позволяет исследователю объективизировать данные эксперимента, во-первых, потому, что там представлен большой массив данных, и, во-вторых, потому что сами принципы репрезентации материала в корпусе предполагают систематизацию материала. Исходя из вышесказанного, а также с учетом Стратегии трехязычия, в качестве материала исследования также необходимо избирать корреспондирующие словоупотребления на трех языках; при этом методом сплошной выборки следует отбирать фрагменты из Национального корпуса русского языка, BritishNationalCorpus, а также казахоязычного сегмента Интернета

Фрагменты языковой картины мира обозначаются в различных конструкциях, семантика которых содержит исследуемые концепты. Такие конструкции представляют собой разного рода языковые выражения: идиомы, перифразы, метафоры, поскольку в них обнаруживается регламентированная или допустимая лексическая сочетаемость, которая, по мнению Н.Д. Арутюновой, “относится к области поверхностных структур (т.е. способов реализации смыслов), оценка которых дается прежде всего под углом зрения нормы, узуса, принятого стандарта” [1].

Как пишет М.В. Пименова, регулярное употребление тех или иных закреплённых в языке сочетаний указывает, по мнению Дж. Байби, на то, что носители языка одни языковые единицы действительно хранят в памяти в готовом виде, а другие порождают в процессе речи. “То, что хранится в памяти, - это не элементы “словаря”, а скорее совокупность наиболее релевантной информации. В частности, наиболее употребительные языковые единицы (даже построенные по регулярным моделям) носителями языка, скорее всего не членятся, а хранятся в памяти в готовом виде. Иными словами, разные элементы языковой системы дают очень неравномерную нагрузку на память: важную информацию человек предпочитает запоминать целиком и лишь важную - синтезировать” (Bybee 1985; цит. по: [3])».

Теоретическая значимость исследований такого рода состоит в том, что сочетание сопоставительного, лингвокогнитивного и лингвопрагматического изучения вышеуказанной оппозиции способствует, во-первых, выработке концептуальных основ для анализа подобных языковых явлений и фактов; во-вторых, в том, что для объективизации сопоставительных исследований нами предпринято обращение к корпусам как к большому массиву объективизированных данных; и, в-третьих, в возможности реализации комбинированного подхода к исследованию оппозиций такого рода. Результаты исследований в этой сфере, особенно с учетом внедрения трехязычия, могут быть использованы для решения таких теоретических проблем, как соотношение языка и культуры, языка и мышления, языка и наивного мировидения, рефлексии и саморефлексии в языке, соотношение научной и наивной языковых картин мира, а также решению вопроса о роли языка в процессе познания.

#### Литература

- 1 Арутюнова Н.Д. Предложение и его смысл. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://rffr21.diary.ru/p169196555.htm?oam> Дата обращения 22.01.2017.
- 2 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 3 Павленис Р.И. Проблема смысла. – М.: Мысль, 1983.
- 4 Пименова М.В. Концепты внутреннего мира (русско-английские соответствия). Докт. дисс. – СПб., 2001.
- 5 Спиркин А.Г. Философия. – М.: Гардарики, 2006.
- 6 Степанов Ю.С. Константы: Словарь русской культуры: 3-е изд. - М.: Академический проект, 2004, - с. 42-67.
- 7 Щерба Л.В. О тройном аспекте языковых явлений. Электронный ресурс. Режим доступа: <http://www.ruthenia.ru/apr/textes/sherba/sherba3.htm> Дата обращения: 22.01.2017.

#### Түйіндеме

### БИНАРЛЫҚ СЕМАНТИКАЛЫҚ ОППОЗИЦИЯНЫ ЗЕРТТЕУДІҢ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Балхимбекова П.Ж.

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан

Қазіргі лингвистика аясында түйінді мәселелердің бірі семантикалық оппозиция болып табылады. Когнитивті лингвистиканың жаңа үрдісіне сәйкес, сонымен қатар лингвокультурологиялық зерттеулердің қазіргі бағытында оппозицияның семантикалық және прагматикалық мүмкіндігін ұлттық корпусының негізінде қарастыру өте тиімді. Біз зерттеуімізде Британдық ұлттық корпусы, орыс тілінің ұлттық корпусын және Интернеттегі қазақ тілінің сегменттерін пайдалану орынды деп таптық. Мұндай әдіс-тәсілдерді қолдану аталған мағынаның салыстырылып отырған тілдердегі репрезентациялық ерекшеліктері мен айрықша сипатын анықтауға, сонымен қатар әлемнің ұлттық бейнесі құрылымын танудағы олардың рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа, мақалада оппозицияны зерттеу процесінің алгоритмдік компоненттері айқындалады.

**Кілт сөздер:** оппозиция, прагматика, үштілділік, концепт

#### Summary

### METHODOLOGICAL PROBLEMS OF RESEARCH OF BINARY SEMANTIC OPPOSITIONS (ON MATERIAL OF CREATE-DESTROY OPPOSITION)

Balkhimbekova P.Zh.

Kazakh National Pedagogical University named after Abay, Almaty, Kazakhstan

Semantic oppositions represent one of the key problems of contemporary linguistics. In accordance with the new tendencies in cognitive linguistics and contemporary approaches in lingua-cultural studies, the study of semantic and pragmatic oppositions seems to be fruitful, especially on the basis of Corpus data (in our case, we propose to use British National Corpus, Russian National Corpus as well as systematized data from Kazakh segment of the Internet network). The author summarizes the main stages of investigation process. Application of the aforementioned methodology provides scholars with the opportunity to find out specific characteristics and semantic peculiarities representation on the basis of compared languages. Also, use of those techniques clarifies the role of oppositions in the process of national world view structuring. The author proposes specific algorithm for analysis of semantic oppositions.

**Key words:** oppositions; semantics; pragmatics; tri-lingualism; personality-centered approach, concept

<sup>1</sup>А.Т. Бекенова

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті  
Алматы қ. Қазақстан

## ДИНИ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СИПАТЫ

Түйіндеме

Мақалада діни тілдік бірліктердің қолданыстағы сипаты қарастырылады. Сонымен қатар Қожа Ахмет Ясауи, Абай, Шәкәрім, Илияс, Ыбырай сияқты қазақ зиялыларының және қазақ жырауларының діни тілдік бірліктерді өз шығармаларында қолданғандығы туралы мәліметтермен бөліспекпін. Дін – қоғамдық сананың бір формасы болғандықтан қазіргі қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге байланысты діни тілдік бірліктер қолданыстағы сипатын тапты деп ойлаймын. Ислам дініндегі діни тілдік бірліктердің көбісі араб-парсы тілінен енген болып табылады. Қазіргі қоғамдағы діни ахуалдың жағдайының әсері діни жаңа тілдік бірліктердің пайда болуына септігін тигізіп жатыр. Дін мен дәстүр – егіз ұғым. Сол дәстүрдің сақталуының арқасында біз жетпіс жылдың ішінде өзіміздің мұсылман екенімізді ұмытпадық. Дін мен дәстүр екеуінің байланысуы негізінде пайда болған діни тілдік бірліктер өз алдына қолданысқа ие. Діни тілдік бірліктер құрамына діни терминдер, діни фразалық тіркестермен қатар діни лексиканы негізге ала отырып мақала діни құндылықтар арқылы толықтырылды.

**Кілт сөздер:** уаһхаббизм, зайырлылық, діни радикализм, діни экстремизм, діни терроризм, жихад, харам, халал, нәпсі, мұсылман, имандылық, діншілдік, шаригат, құран, салт-дәстүр, намаз т.б.

Жастардың ұлттық тәрбиеге қырын қарауы, бұл батыстық тұтыну мәдениетіне еліктеушіліктен туындап отыр. Сондықтан, жастарға имандылықты, ұлттық дәстүрлерді насихаттап, сөзден іске көшу керек. Салт-санамыздағы тәрбиелік мәні бар құндылықтарды жастар арасында насихаттау үшін сөз бен іс-әрекеттеріміздің арасындағы сәйкестілік болу керек. Ұлттық рухтың уызын ұлттық құндылықтар құрайды. Ұлтына деген сүйіспеншілік тарихыңды, тіліңді, әдет-ғұрпыңды, дініңді білуден басталады. Қазақстан – 2050 Стратегиясында «Біз мұсылманбыз, оның ішінде Әбу Ханифа мазһабын ұстанатын сүнниттерміз. Бабаларымыз ұстанған бұл жол ұлттық салт-дәстүрді, ата-ананы сыйлауға негізделген. Ендеше, бүгінгі ұрпақ та әлемдегі ең ізгі дін-ислам дінін қадірлей отырып, ата дәстүрін ардақтағаны абзал» – көрсетілген. Әрине, ұлттық дәстүрден және ата-баба дінінен хабары бар жас өзінің ұлттық болмысы мен рухани дүниесінен, ата дәстүрімен, ана сүтімен сіңген тәлім-тәрбиені өмір бойы ұстанады. Ата-баба өсиеттері, адамды тәрбиелілікке шақырып, оны игі істерге жетелейтіні белгілі. Ұлттық тәрбиенің бір негізі діни мәдениетімізде және өнегелі тәлім-тәрбиемізде жатыр.

Қазіргі таңда халықтың әртүрлі топтар өкілдерінің рухани, соның ішінде діни өмір салтына деген қызығушылығы артуда.

Әсіресе қазіргі жастардың мешіттерге баруы, дінге бет бұруы қуантады, дегенмен әлі де болса ойланатын жайттар жеткілікті. Жастардың қоғамдағы салмағы жоғары. Адамдар білім алу, мамандық таңдау және қоғамда әлеуметтену, негізгі араласатын ортасын құру, рухани қағидаттар мен бағдарын қалыптастыру секілді негізгі әлеуметтік және демографиялық өмірлік кезеңдерінен дәл осы жас кезінде өтеді.

Ойланатын жайт, әлеуметтік және азаматтық тұрғыдан есею шағында жастар жағымсыз ықпалдарға да даяр тұрады. Студент жастар - бұл білім алған соң ертеңгі күні экономикалық, әлеуметтік-саяси, мәдени, білім салаларда ұстанымға ие болады, сондықтан ол белгілі бір дәрежеде көптеген тоталитарлық және деструктивті дәстүрлі емес діни ұйымдардың басты нысанасы болады.

Рухани ұғымдар, соның ішінде діни ұғымдар ана тілінің дархан құшағы аясында қалыптасып, дамиды, санаға сіңеді, болмысқа бекиді.

Қазіргі қазақ қоғамы үшін рухани мәдениет саласындағы өзекті мәселелердің бірі – **рухани ұғымдарды таразылап, қайта пайымдау, дәстүрлі мағынасын жаңғырта отырып, өскелең буын санасына берік орнықтыру.** Өйткені қазір радикалды діни ағым өкілдері тарапынан рухани ұғымдарды бұрмалап түсіндірудің салдарынан **құндылықтық бағдарлар өзгеріске ұшырап отыр.**

«**Иманды**» деп қазақ жүректегі «Құдай бір, пайғамбар хақ» деген берік сеніміне қоса терең адамгершілік қасиетке ие, ізгі мінез-құлықты жанды ғана атаған.

«Сырт тазасы не керек, Тазарт әуел ішінді» деп, риякерліктен тыйған бабаларымыз бес уақыт намазын қаза етпегенімен, өз нәпсісіне ие бола алмаған адамды көрсе, «**имансыз**» деп айыптаған. Ал бүгінде осы дәстүрлі түсінікті біреу білсе, біреу білмейді. Өкінішке орай, бүгінгі буынның шетін көзқарасқа еліткен бір бөлігі «**иман**» десе сенімін сыртқы амалмен – бес уақыт намазбен дәлелдеуді ғана түсінеді. Жүректегі

иман, көркем мінез-құлық, ізгі амал – иманның негізгі көріністері екенін ұмытқан жастар намаз оқымағаны үшін ғана ата-анасын «кәпір» санап, шариғат заңымен басқарылмағаны үшін ғана діни сенім бостандығын қамтамасыз ететін зайырлы мемлекетті кәпірге шығаруда.

Иман мен исламды бөлек қараудың салдары «мұсылман» деген ұғымның өзін дұрыс түсінбеуге апарып соғуда. Таяуда мектептегі хиджаб мәселесіне қатысты орын алған оқиға кейіпкерлерінің бірінің БАҚ беттерінде мынадай пікірі жарияланды: «Біз қалай қызымызға «үйде орамал тақ, мектепте орамал тақпай-ақ қой» деп айта аламыз? Сонда үйде мұсылман болып, мектепте мұсылман болмауы керек пе?». Хиджаб мұсылмандықтың символы немесе өлшемі емес. Әйел адам хиджаб кесе ғана мұсылман болып, шешкен сәтте мұсылмандықтан шығып қалмайды [1;46].

Мұсылман деп ислам дінін қабылдаған, Аллаһқа мойынсұнған адамды айтамыз.

Халқымыздың салт–дәстүрінің кез келген түрінің түбінде ислами тамыр жатқанын байқаймыз. Келіннің ата–енесіне, т.б. үлкендерге сәлем салуы ширкке жатқызатындар да шықты, яғни Құдайға серік қосу. Келін сәлем салу арқылы Алла тағалаға серік қосып тұрған жоқ ата–енеге сый–құрмет, ізет көрсетіп тұр деген қарапайым түсінікті ұққысы келмесе не айтуға болады.

Салт–дәстүрлер тек қана тәлім–тәрбие ғана емес, бұлжымас тәртіпке де негізделіп отырған. Ол туралы кеңінен таратып айтуды біздің бұл шағын мақаламыз көтермейді. Мәселен, аруақты сыйлау туралы бір ғана сөзбен тоқталсақ, бұл жерде мәселе марқұмның жетісі, қырқы, жылын атап мал союда емес, мәселе – ағайын туыс, құда – жегжатқа көңіл айтып, қайғысына ортақтасуда. Ойлап көріңізші, кісісі өліп қаралы болған туысына, досына Атыраудан – Алтайға, Қызылжардан – Қызылордаға, Баян – Өлкеден – Баянауылға келетін кім? Ол – Қазақ. Топырақ салысуға үлгерейік, немесе жетісінде бет көрісейік, қырқына барамыз деп, бет көрмесе мынау тірлікте өзін кінәлі сезінетін халық кім?

Сол біздің–Қазақ. Халықтың ғасырлар бойы қалыптасып келген салт–дәстүріне соқтығыуы, діннің өзінен емес, қайдағы бір секталардың сойылын соғушылардан болады. Исламның атын жамылған секталар көп! Мен сенетін секталық таным ғана дүп – дұрыс, ал басқалар, яғни аруаққа арнап дұға оқушылар мен мал шалып, туыс – туғандарды жинап жетісін, нәзірін, қырқын, жылдығын беру салттарын орындап жүргендер кәпір деп қасарысады [2;109].

Қазіргі уақытта діни террористтік қолданыстағы тілдік бірліктерді төмендегі анықтамадан кездестіруге болады: діни фундаментализм, радикализм, экстремизм және либерализм, діни фанаттар, жихад, салафшы, уахабшы, харижи топтар, інжіл, иегова т.б.

Сәләфилердің өзі төрт топқа бөлінеді:

1. Мадхалиттер - ресми билікті мойындайды. Сауд Арабиясына қызмет етеді.

2. Миналықтар (Суруиттер) - жамағатқа бірігеді, басшылар сайлайды. Бұлар мемлекетке тікелей қауіпті емес, діни басшылыққа қарсы.

3. Такфирлер - басқа мұсылмандарға сенбейді.

4. Сәләфилер радикалдар - жиһадшылар, террорға шақырады [3;60].

Ал енді исламдық сипаттағы радикалды діни ұйымдарға тоқталмас бұрын экстремизммен бір ұғымдық жүйедегі «ислам фундаментализмі», «ислам радикализмі», «исламизм», «панисламизм» ұғымдарының ерекшеліктерін, жеке қасиеттеріне және олардың арасындағы байланыстарды қарастырайық. Соңғы жылдары «ислам фундаментализмі» ұғымы жиі қолданылуда. Қазақстан Республикасы ҰҚК Академиясының ғалымдарының, халықаралық терроризм және экстремизммен күрес саласындағы негізгі терминдер мен ұғымдардың түсіндірме сөздігінде, «Ислам фундаментализмі» – исламның негіздеріне деген сенімді нығайтуға, құран мен шариғатта жазылған талаптарды бұлжытпай орындауға, дәстүрлі мұсылман заңдылықтарын қазіргі өмірге міндетті нормалар ретінде енгізуге бағытталған мұсылмандық қоғамдық пікір ағымдарының жиынтығы деп тұжырымдалады. Басқаша айтқанда исламдық өркениет құндылықтарын сақтап, байырғы мұсылман мемлекетін құруды көздейді. Исламдық діни қайраткерлер мемлекетті басқаруы тиіс. Міне, ислам фундаментализмінің мәні де осында. «Исламизм» (ислам радикализмі) – мәдениетте, қоғамдық, саяси және экономикалық өмірде ислам заңдылықтарының (қағидаларының) басымдылығын, мақсатқа қол жеткізу үшін шектен тыс шаралар қолдану керектігін уағыздайтын іс-тәжірибелері. Сондай-ақ, радикализм ұғымы, қандай да бір істердегі жағдайды түбірімен түбегейлі өзгертудегі талпыныстардың, тәуекелді ымырасыз талап-тардың жүзеге асырылуы болып табылады. Яғни «исламизм» ұғымын қандайда бір шарттарды тудыруды көздеген идеологиялық және тәжірибелік әрекет деуге болады [11;111].

Бірі жыл бұрын дін зерттеушісі Омар Жәлел «Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан рухани ұғымдар түсіндірмесі берілуі қажет» деген ұсыныс айтқан болатын. Осы ұсыныстың өзектілігі артып, кезек күттірмейтін дәрежеге жетті деп білеміз. Сонымен қатар бұл үрдіске рухани

**ұғымдардың дүниетанымдық қырларын тереңірек таныту** мақсатында дінтанушылар қауымы да белсене атсалысуы қажет. Алғашқы кезекте иман, ислам, ихсан секілді тіректік ұғымдардан бастап, құт, кие, қасиет, әулие, әруақ, пір, керемет, зиярат, ғұрып, дәстүр, дәуір айналдыру, ысқат, пидия т.б. секілді ұлт дүниетанымында маңызды орын алатын рухани ұғымдардың мән-мазмұны мен қолданыс аясын кеңінен айқындау қажет.

Ислам дініндегі Құран, хадис сияқты қасиетті мәтіндер классикалық араб тілінде. Мұнымен қатар ислам ережелері мен қағидаларын түсіндіретін негізгі әдебиеттің бәрі араб тілінен аударылған дүниелер болып табылады.

Қазақ тіліндегі Алла, құдай, ислам, Құран, тәпсір, мұсылман, қажы, мешіт, парыз, ораза, намаз, молда, мүфти, уәжіп, пітір, садақа, айт, дін, пидия, пәтуа, сүре, аят, күрсі, арам, кафір, иман, мәкру, дәрет, ахирет, пайғамбар, міскін, кәлам шариф, тәубе, шүбә, пайда, қылық, есеп, жауап, бап секілді толып жатқан кірме сөздер дін арқылы келген бірліктер болып саналады [4;55].

Шәкәрімнің қазақ рухани өміріндегі жаңаша болмысы оның дінге көзқарасынан айқын танылады. Өмір сүрген қоғамындағы: таным, наным, түсінік ұғымдары да шектеулі шеңберде. Алайда ақын бас ұрған ақиқат, ождан, шын иман, - «адаспайтын айқын жол» - адамдық, кісілікте жатыр. Бұл күнде дұрыс иман жоқ, Шатақ дін нәпсі тиған жоқ, Ақылы саудың ойына Алдамшы діндер сыйған жоқ...

Шәкәрімнің «Үш анық» атты еңбегінде де «жан», «рух» турасында айтқан дәлелді ойлары кімді де болса ойландырмай қоймайды. Сонымен қатар, «Мұсылманшылық шарттары» деген туындысында ақын исламның негізгі қағидаларын егжей – тегжей түсіндіріп өзінің ойын жан- жақты дәлелдеуге тырысқан. Онда тек Ислам дінінің негіздерін талдап қана қоймай, қалың оқырманға ой саларлық мардымды пікірін де білдірген.

Лияс Жансүгіровтің «Жолдастар» романында діни тілдік бірліктер көптеп кездеседі. Романдағы діни сөздерді тақырыптық жағынан бірнеше топқа бөлуге болады.

Ең бірінші топқа дінге байланысты негізгі ұғым атаулары (дінді уағыздаушы, халыққа жеткізушілердің аттары) жатады. Аталған топқа дін, Құран, діншіл, Інжіл, иман, имнады, имандылық, молда, Алла, Құдай, Жар, ие, пайғамбар, әулие, сопы, мұсылман, т.б. сөздерін жатқызамыз.

Діни лексикаларға лингвистикалық зерттеулер қатарында Р.Сыздықова, Б.Әбілқасымов еңбектерін ерекше атап өтуге болады. Белгілі бір тілдегі діни терминдер сол тілдегі дінге қатысты арнаулы әдебиеттің пайда болуымен тығыз байланысты. [5;89]

Ғалым Ы.Алтынсарин қолданысындағы араб, парсы сөздерінің мол екенін айта отырып, оның уәжін: «Дін туралы әңгіме оның негізгі терминдерін сақтай отырып айтылуға тиіс, олай болмаса жұртқа нанымсыз болып кетер еді. Б.Әбілқасымов Ы.Алтынсарин қолданысындағы осы араб, парсы сөздерін үшке бөліп қарастырады:

- бірінші топқа намаз, руза, кафір, иман, мәкру, дәрет, аят, уәжіб, фарыз, ахирет, садақа, фітір, пайғамбар, міскін, кәлам шариф сияқты қарапайым халыққа түсінікті сөздерді жатқызса,
- екінші топқа халықтың көпшілігіне аса көп таныс емес, бірақ діннің кейбір қағидаларын түсіндіру үшін қажет болған нақли, ғақли, мәсиғ, мәддат т.б.сөздерді жатқызады,
- үшінші топты күнбе-күнгі өмірде жиі қолданылып жүрген шүбә, пайда, қылық, арам, есеп, жауап, бап сияқты сөздерді шубаһ, файда, хылық, халал, харам, хисаб, жауап, баб тәрізді жазба тілдегі нормаға сай, араб тіліндегі тұлғасын сақтай таңбаланған сөздерді жатқызады.

Ясауидің «Диуани хикметінің» тілі, оның генетикалық қабаттары туралы іргелі еңбектің авторы академик Р.Сыздықова болып табылады.

Ғалым хикметтер лексикасының жартысына жуығын (44,8%) араб және парсы сөздері құрайтынын анықтайды. Негізгі тақырып ислам болғаннан кейін, осы діннің бірден-бір құралы Құранның тілі – араб тілі белгілі рөл атқарған. Осы діни лексиканың ішінде аят, хадис, ахирәт, дұға, зікір, махшар секілді діни терминдермен бірге, шарифат, мағрифат, тарикат, хақиқат түріндегі сопылық ілімнің белгілі бір кезеңдерін атайтын терминдік мәндегі бірліктер жүздеп саналады. Олар тек сан жағынан ғана емес, қолдану жиілігі жағынан да көзге түседі.

Қазіргі қазақ тіліндегі адамның рухани әлеміне қатысты қанағат, рақым, сабыр, мейірім, адалдық, арам, кемелдік, адал, әділет, әділ сияқты толып жатқан дерексіз ұғым атаулары араб, парсы сөздері екені айтылып жүргені мәлім. Мұның себебі, Р.Сыздықованың пікірінше, мынада жатыр: «Біздің байқауымызша, рухани күштің бірегейі діннің, ислам дінінің, сол дінге қызмет еткен оқу-ағарту ісі, жазба дүниелер сияқты құралдардың рөлі айрықша болған.

Абай діндегі махаббат, һауас сәлим, жәліб мәнфағат дәфғы мұзарратлар, иман игтикат, хақиқат жолы, хийанат секілді толып жатқан арабша ұғымдарды түсіндіруге тырысады. Абайдың 1993 жылы басылып



шыққан 38-қара сөзіне берілген түсініктеме саны 188, яғни Абайдың қара сөздерін баспаға дайындағандар 188 сөз бен сөз тіркесін түсіндіріп берген. Мұнда һауас сәлим «жақсы сипат», жәліб манфағат «табыс, кіріс, пайда, қайрымды іс», кәмелат «сенім, наным», фиғыл ғазиз «ұлы сипат», мүслім «мұсылман адам», тәслим «берілу», хаят, басар, сәмиғ, ирада т.с.с. толып жатқан діни терминдерді Абай қолдана отырып, оны қазақшалап түсіндіруді мақсат еткен.

Егер Ыбырай Алтынсарин «Шариату-л-ислам» атты еңбегін дінтану сабағына арналған оқу құралына деген қажеттілікті өтеу үшін жазған.

Дінге қатысты терминдер қазақ тіліне қашан енді деген мәселеге келетін болсақ, бұл сұраққа жауапты Р.Сыздық зерттеулерінен табамыз. Ғалымның айтуынша, XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың I жартысында, орта тұсында жасаған қазақ ақын-жырауларының тілінен және ауыз әдебиеті үлгілерінен дінге қатысты бірқатар араб сөздерін табамыз [6;45].

Мысалы, Бұқар жырауда: пұсырман, қыдыр, арсы-күрсі, қыбла, сәлде, ахрет, алла, молда, иман, мешіт, кебе, намаз, фәни; тақырыбы діннен мүлде қашық жауынгер ақын Махамбетте фәни, құрбан, садаға, алла, ақы, Шернияз ақында молда, дұға, аруақ, құрбан т.б. сөздер кездеседі. Ислам дініне қатысты аят, күпірлік, ахирет, пәни, құбыла, тағзым, иман, хазірет бейіс, бенде, иман, аян, әруақ, тәубе, пәни, алла, молда, сопы секілді араб-парсы сөздер Абайға дейінгі жалпыхалықтық тілде болған, Абай оларды халық тілінен алып қолданған. Сол секілді ар, аброй, мейір, парыз, нәпсі, қаһар, қиял, құдырет, дәурен секілді абстракт ұғым атауларын да Абайдан бұрын қалыптасқан шығыс сөздері екен [7;56].

«Яассауи хикметтеріндегі сопылық терминдер» деген мақаласында А.Ахметбекова зікір, тәуба, талиб, шаук, тәжәлла терминдеріне тоқталып, соларды араб тіліндегі деректерге сүйене отырып түсіндіреді. Солардың бірі : *Тәуекел, Қиямет, Ажал, Мұғжиза, Тәуба, Ризық, Ақырет, Тағдыр* –

Халыққа түсіндіру мақсатын көздейтін еңбектердің бірі Қ.Жолдыбайұлының авторлығымен шыққан «Ақиқат шуағы» атты еңбек. Автор кітапта тағдыр концептісін жан-жақты қарастырып, қазақ тілі байлығын пайдалана отырып, оқырмандарға түсінікті болу жағын да көздеген. Кітап көпшілікке исламның негізгі ұғымдарын түсіндіруге бағытталған оқу құралын көбірек ұқсайды.

Алла Тағала, ақырет, ақырет әлемі, иман, тәрбие, рух, қиямет күні, тағдыр, тәуекел, ризық, ажал секілді жалпыхалықтық тілде бұрыннан бар араб сөздерінің діни терминдік мағынасын ашуға ұмтылады.

- бір іске жалтақтамай, бекем кіріскендік, белді бекем буғандық.

Діни тілдік бірліктердің енді бірқатары қазіргі қазақ тіліне жаңадан енгендігімен ерекшеленеді. Гиддат, тәруия күні, шаут, хадасат, тәшәһһүд, мұғжиза т.с.с.

Діни тілдік бірліктерді жалпыхалықтық тілге қатысына қарай да екіге бөліп қарауға болады.

1- топты тілімізде бұрыннан бар, жалпы халыққа түсінікті, ертеректе кіріп, тілге сіңісті болып үлгергендері құрайды. Мысалы, дін, мұсылман, ислам, құран, пейіш, намаз, ораза, намаз, мешіт, қанағат, зекет, берекет, михнет, зейнет, қиянат, тәубе, дәрет, сәжде секілді атаулар құрайды.

2-тобын тілдік қорымыздан орын алмаған, ертеректе тілімізде болса да, пассив лексикада болып, қайта жанданған бірліктер құрайды. Оған мұғжиза, рақағат, такбир, ғаурат, лауху-л- махфуз, расул, куфр Абыз, Азаб әл Кәбир, Азан, Азап, Аза тұту, Айқаат, Ақырет, Арбау, Ахун, Аһл ас-Сунна, Аһл ас-Суффа, Аһл әл-Китаб, Әзәзіл, (Ібіліс), Әзірейіл, Әулие, Бабшылдар, Бахши, бағши, Будда, Байа, Барака, Ғайып, Ғайып ерен, Ғақылия, Ғибадат, ибадат, Ғибадатхана, Ғұсыл Ғұмыр, Үшір, Дәруіш, Дәріс, Дозақ, Дем, Дұға оқу, Жазмыш, Жаназа, Жәннат, жаннат, Жиһад, жихад, т.б. толып жатқан терминдердерді жатқызар едік. [8;78]

Діни дискурсты зерттеу барысында ғалымдар (Гадомский 2008, Кончаревич 2004) қалыптасқан әртүрлі көзқарастар әлеуметтік маңызы зор дін аясында адамның сөйлеу әрекетін тіл шеңберінде зерделейтін *теолингвистика* атты жаңа кешенді ғылыми пән құру идеясы ұсынылды [10;205].

А.А. Алдашева «Аударматану: лингвистикалық және лигвомәдени мәселелер» атты монографиясында діни теологиялық атауларды баламасыз лексика қатарына жатқыза отырып, былай деп жазады: «Ұлттық-мәдени ерекшеліктерді білдіретін реалийлердің тағы бір тобы – діни теологиялық атаулар. Діни наным-сенімнің, діни салттың ұқсастығына қарай мағыналық көлемінде жуықтық болатын діни атаулар, діни шен, санат аталымдар кездеседі; мысалы, орыс тіліндегі *пост* – «предписываемое церковными правилами воздержание от скромной пищи, а также период такого воздержания», қазақ қауымдастығындағы діни салт-дәстүрдің бірі *ораза* – «отыз күн бойы күн шыққаннан күн батқанға дейін ас-су ішуге болмайтын, діни бес парыздың бірі», дегендерді білдіреді; екі тілдегі діни терминді ортақтастыратын жағдай дифференциалды семалардың бірінің (воздержание от скромной пищи – ас-су ішуге болмайтын) мағыналық жуықтығы.

Сондай-ақ діни шен, санат атаулары да екі халықтың мәдениетінде бар (*нірәдар, қазірет, муфти*–

поп, священник, дьякон); алайда олардың мағыналық-ұғымдық көлемінде айырмашылықтар бар, сонымен қатар әр тілдегі санат, шен атауларының ұлттық-мәдени белгісі өте айқын.

Қазақ халқының діни салттарды ұстану дағдысынан тұрақталған *бата беру, жеті нан пісіру және оны тарату, топырақ салу* фразалар басқа тілдерде кездеспейді; бұлар ұлттық мәдениетке негізделген түсінік, ұғымның күрделі тұрақты атаулары.

Қорыта айтқанда, қазіргі антропоцентристік лингвистиканың көкейтесті мәселерінің біреуі – ол тілдің функционалды жүйесінде діни стильдің қалыптасуы және діни теологиялық терминдердің басқа тілдерге аудару мәселелері. Қазіргі уақытта қоғамдағы діннің рөлінің артуына, адамның дінді тану арқылы өзін-өзі тануына үлкен мән беруіне байланысты философия ғылымының шеңберінен дінтану деп аталатын дербес пән бөлініп шығып, жеке ғылым болуға ұмтылып отыр [9;126].

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1 Дін саласындағы өзекті мәселелер бойынша 20 сұрақ-жауап. 8-шығарылым: Діни-рухани ұғымдар / Құраст. А.Әбдірасілқызы, М.Исахан, М.Муслимов және басқалары. – Астана: Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығы, 2016. – 62 б.

2 <http://mazhab.kz/kk/maqalalar/din-men-dastur/biz-din-men-dasturdi-danalyqpen-uilestire-bilgen-halyqpyz-1189/> Н.Исенов, 2016.

3 «Құран -Кәрім» кітабы.

4 Қазіргі дәстүрлі рухани құндылықтар және ішкі тұрақтылық мәселелері (Айнур Әбдірасілқызы), *e-islam.kz*, мақалалар жинағы, 2015. - 28 бет.

5 Сыздықова Р. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. - Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 552 б.

6 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. - Алматы: Арыс, 2004. - 208 б.

7 Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. - Алматы: Арыс, 2004. - 616 б.

8 Сыздықова Р. Тілдегі жаңалықтардың сыры неде // Ана тілі, 1991. №50.

9 Алдашева А.А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. – Алматы: Арыс, 1998. – 215 б.

10 Мечковская Н.Б. Язык и религия: Пособие для студентов гуманитарных вузов. – М.: Агентство «ФАИР», 1998. – 352 с.

11 Ермекова Т.Н., Әбидін Қ.Ө, Әділбекова Л.М., Фразеологизмдер- этнолингвистика мен лингвомәдениеттанудың басты зерттеу нысаны. // Вестник. КазНУ. Сер.о «лингвистики» 2015, № 2.( 52) - С. 111.

*Резюме*

**ХАРАКТЕР ЯЗЫКОВЫХ ЕДИНИЦ СУЩЕСТВУЮЩИХ РЕЛИГИОЗНЫЕ**

*Бекенова А.Т.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая*

В статье рассматривается религиозный характер существующих языковых единиц. А так же, хочу поделиться с информацией об использовании религиозных языковых единиц в своих произведениях казахской интеллигенции и казахские поэты, как Ходжа Ахмед Ясауи, Абая, Шакарима, Ильяс, Ыбырая и т.д. Религия - форма общественного сознания, думаю, что, религиозные единицы языка нашел действующего характера в связи с изменениями происходящими в современном обществе. Большинство религиозной языковые единицы исламской религии, вошли из арабского и персидского языка. Влияние состояние религиозной ситуации в современном обществе способствует появлению новых религиозных языковые единицы. Религия и традиция неразделимые концепции. Благодаря соблюдению традиции в течение семидесяти лет, мы не забыли, что мы являемся мусульманами. На основе взаимосвязь с обеих религии и традиции появившийся религиозные языковые единицы применяются в современном обществе.

**Ключевые слова:** ваххабизм, секуляризм, религиозный радикализм, религиозный экстремизм, религиозный терроризм, джихад, харам, халал, воздержание, гуманность, мусульман, религиозность, шариат, Коран, традиции, молитва и т.д.

*Summary*

**THE CHARACTER OF LINGUISTIC UNITS OF EXISTING RELIGIOUS**

*Bekenova A.T.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Abay Kazakh National Pedagogical University*

The article deals with the character of the linguistic units of existing religious. And also, I want to share with information about the use of religious linguistic units in their work of the Kazakh intelligentsia and Kazakh poets like Ahmed Khoja Yasavi, Abai, Shakarim, Ilyas, Ybyraya etc. Religion - a form of social consciousness, I think that the character of linguistic units of existing religious found in connection with the changes taking place in modern society. Most religious linguistic units of the Islamic religion, entered from Arabic and Persian language. Influence of condition of the religious situation in modern society promotes the appearance of new religious linguistic units. Religion and tradition are indivisible concepts. With the help to compliance with the tradition of the during seventy years, we did not forget that we are Muslims. On the basis of the relationship on both religion and traditions appeared religious linguistic units used in today's society.

**Key words:** Wahhabism, secularism, religious radicalism, religious extremism and religious terrorism, the Jihad, haram, halal, lust, humanity, Muslims, religiosity, Sharia law, the Quran, traditions, Mohammedan prayer, etc., etc.

Н.К. Даурембаева<sup>1</sup>

филология, 2-курс магистрант

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан

## ХАЛЫҚТЫҚ ТЕРМИНОЛОГИЯНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ЕГІНШІЛІККЕ ҚАТЫСТЫ ТЕРМИНДЕР

Аңдатпа

Тіліміздегі көптеген терминдердің пайда болуы ғылым мен техниканың қарқындап дамуымен тікелей байланысты. Сондай-ақ, өнер, білім, оқу, ағарту, баспасөз бен баспа жұмыстарының қауырт қолға алынуы да терминологиялық лексиканың қанат жаюына себеп бола алады. Әр салада туындап, қолданысқа еніп жататын терминдік лексика көбінесе игерусіз, өз бетінше өмір кешіп жатады. Осындай ғылымның түрлі салаларындағы назардан тыс қалып жатқан термин сөздерді жинақтап жарыққа шығару терминолог ғалымдардың міндеті. Мақалада халықтық терминологияның қалыптасуы мен тұрақталуы қарастырылады. Қазіргі қазақ терминологиясының тарихи қалыптасу жолдары, халықаралық терминдердің теориялық негіздері, егіншілікке қатысты терминдердің қолданылуы мен қазақ ғалымдарының еңбектерінде кездесуі мақалаға арқау болды. Термин сөзіне ғалымдардың берген анықтамалары, термин сөздерінің түрлері, терминологияның салалары анықталды. Сондай-ақ терминология ғылымының қарастыратын мәселелері мен міндеттері нақтыланды.

**Түйін сөздер:** терминология, халықтық терминология, термин, сөз, тұжырым, егін, егіншілік, сала, кәсіп

Түрлі терминологияларда жүйелілікті орнықтыру мәселесі, ең алдымен, нақты бір ғылыми-техникалық білім саласына жататын ұғымдардың иерархиялық тектік-түрлік жіктемесіне байланысты. Тілімізде бар байырғы лексика негізінде терминологиялық қорымызды толықтыру кезінде немесе кез келген арнаулы саланың жаңа терминдерін жасау барысында белгілі бір үлгіні сақтау терминология үшін аса маңызды. Бұл негізінен терминологиядағы жүйелілікті сақтау үшін қажет. Осыған байланысты терминологиядағы жүйелілікті кейбір терминолог-ғалымдар терминжасамның басты принципі деп санайды [1,213].

Қазіргі қазақ тіліндегі қалыптаса бастаған терминді әдетте біз ең алдымен, адам қызметінің белгілі бір арнаулы саланың шеңберінде, негізінен кәсіби мамандар тілінде, арнаулы әдебиеттерде қолданылатын сөз деп ұғамыз. Ал терминтанушы мамандар арасында терминнің тілдік табиғатын танытатын әр түрлі белгілері атап көрсетіледі. Термин жөнінде сөз қозғалғанда "Барлық термин-сөз. Бірақ сөздің бәрі термин емес" деген тұжырым жиі қайталанып жатады. Бұл тұжырымды тілдегі сөз деп танылатын тілдік бірліктерге қатысты дұрыс айтылған деуге болады. Алайда терминнің тілдік бірлік болып табылмайтын құрамына сандар, графикалық таңбалар кіретін символ-сөз түрлері де болатындықтан, мұндай тұжырымды терминнің барлық типтеріне қатысты жалпы сипат ретінде қабылдауға келе бермейді. «Сонымен қатар, терминнің тек қана сөз емес, терминологияда сөз тіркесі түріндегі терминдердің мол екенін және кейбір тілші-терминолог ғалымдар атап көрсетіп жүргеніндей, сөйлем терминдердің де болатынын ескерсек, "Барлық термин - сөз. Бірақ сөздің бәрі термин емес" деген пайымдаудың термин табиғатын жан-жақты ашып тұр дей алмасак керек», - дейді терминтанушы ғалым Айтбекова [2,96]. Сондай терминнің тілдік табиғатын түсіндіру кезінде өте жиі қайталанатын тұжырымдардың бірі Н.Беспальконың "Терминдер - сөздер, тілдік ешнәрсе оларға жат емес" деген сөзі [3,56]. Ғалымның сөзін түпнұсқа тілдегі қалпына байланып жоғарыдағыдай сөзбе-сөз, дәлме-дәл көшірмей, автордың айтпақ ойы мен сөйлем мағынасын сақтай отырып, өз түсінігімізге лайықтап, тілімізге жатықтау етіп сәл басқашалау аударсақ, "Термин деген - сөз, тілдегі сөзге тән қасиеттердің ешқайсысы да оған жат емес" деген болар едік. Термин-сөздің лингвистикалық табиғатын тану тұрғысынан келгенде ғалымның пікірі орынды айтылған. Оны соңғы жылдары терминтану саласында жүргізілген көптеген лингвистикалық зерттеулер нәтижелері растап отыр. Бірақ терминнің жасалуы, қолданылуы, қызметі тұрғысынан жалпы әдеби тілдегі атаулардан өзіндік айырмашылықтары бар екендігін атап көрсетіп жүрген ғалымдар пікірлерін де ескерусіз қалдыруға болмайды.

Жалпы термин жөнінде нақты мыналарды айтуға болады.

1. Терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркестері болады. (кейде сөйлем түрінде де кездеседі.)
2. Терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ терминологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен.)
3. Термин - белгілі бір терминологияның мүшесі [4,54].

4. Термин деген - ұғым аты.
5. Терминнің міндетті түрде дефинициясы болады.
6. Терминдердің негізгі басым белігі жалпы есімдер, сөз табына қатысы жағынан зат есімдер болады.
7. Терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады.

Ғылым мен техниканың, өндіріс пен өнердің сан түрлі салалары болатындығы белгілі. Адам қызметінің алуан түрлі сондай арнаулы салаларындағы деректі және дерексіз ұғымдардың атаулары мыңдап саналады. Сондай белгілі бір арнаулы сала атауларының жиынтығын - салалық терминология деп атайды. Мұндай терминдер жиынтығын география терминологиясы, физика терминологиясы, математика терминологиясы, музыка терминологиясы және егіншілік деп өз саласының атымен қосып нақтылап та атай береді.

Қазіргі қазақ тіліндегі халықаралық терминдер әр сала негізінде әр түрге бөлініп кетеді. Ал, қазіргі қазақ тілінде оларды біріктіріп отыратын ерекшелік – дұрыс, сауатты, ұғынықты жазу әрі түсіну мәселесі. Нақты айтсақ, терминология терминінің өзі көп мағыналы термин. Ғалымдар оның мағынадай түрлерін көрсетеді:

- термин-сөздердің жиынтығы немесе жалпы көптеген саны белгісіз терминдер;
- қандай да бір сала терминдерінің (ұғымдары мен атауларының) жиынтығы (медицина терминологиясы, егіншілік терминологиясы, география терминологиясы және т.б.);
- терминдердің жасалуы, құрамы мен қызметі туралы ілім;
- белгілі бір тілде қолданылатын белгілі бір білім саласы терминдердің жасалуы, құрамы мен қызметі және олардың басқа тілдердегі баламалары (эквиваленттері) туралы ілім;
- жалпы терминологиялық ілім.

Ғалым П.А. Флоренскийдің пікірінше: «...сәтті жасалған атау (термин) бұл көп жылғы талдау, тұрақты және тығыз байланысты көптеген белгілердің сәйкестігін, қатынасын анықтау нәтижесі болып табылады» [5,371].

Тілдегі көптеген терминдердің пайда болуы, негізінен, ғылым мен техниканың өмірге дендеп енуіне тікелей байланысты. Сондай-ақ, өнер, білім, оқу, ағарту, баспасөз бен баспа жұмыстарының қауырт қолға алынуы да терминологиялық лексиканың қанат жаюына сеп. Осы тектес сан салада туындап, қолданысқа еніп жататын терминдік лексика көбіне-көп игерусіз, өз бетінше өмір кешіп жатады.

«Термин» ұғымына нақты тоқталатын болсақ, әлі күнге бұл жайында бірыңғай пікір қалыптаса алмай келеді. В.Н.Прохорованың көзқарасы бойынша, «Термин – бұл арнаулы қолданыс саласындағы ғылыми немесе өндірістік-технологиялық ұғымның атауы болып табылатын және дефинициясы (тиісті ұғымның анықтамасы) бар сөз немесе сөздер тіркесі» [6, 40]. - делінген.

Көптеген пікірлер ағынына қарағанда, терминология ғылымы шеңберінде мынадай мәселелер қарастырылып, шешім табуға тиісті:

- 1) ғылыми-техникалық ұғымдардың классификациясы, ұғымдар мен ұғымдар жүйесінің арасындағы байланысты анықтау;
- 2) ұғымдар анықтамасын құру;
- 3) терминдерді талдап, іріктеп түзу;
- 4) терминдер жүйесін жасау.

Термин, ең алдымен, белгілі ғылым саласының ұғымдар жүйесінен туындайды. Ол – осы құбылысты таңбалау үшін құрастырылған немесе сол жағдай үшін арнайы ойлап табылған шартты белгілер емес. Олар тілде бұрыннан бар белгілі бір мағынаға ие сөздер мен түбірлер негізінде пайда болады.

Термин жасау дағдысында А. Байтұрсынұлының ұстанған ең негізгі қағидасы – термин жасауда қазақ тілінің өз мүмкіндігін барынша сарқа пайдалану.

Терминнің дәл болуы негіз бен қосымшаның үйлесуіне тікелей байланысты. Осы екеуі жымдаса келе терминдік мәнге көшеді. Сондай атауларды жасауда қазақ тілінің -шы, -ші қосымшалары арқылы мынадай терминжасам моделі қалыптаса бастағанын көреміз. Бұл қосымшалар туынды түбірлерге де, біріккен сөздерге де, тіпті тіркесім сөздерге де жалғана береді. О бастан өнімді жұрнақтың бірінен саналатын бұл қосымша тек байырғы қазақ сөздерінің түбірлеріне ғана жалғанып қоймай, көптеген кірме сөздерге де (скрипкашы, арматуршы, тракторшы) жалғанып, термин тудырудың аса бір өнімді көзіне айналды. Егіншілік кәсібіне байланысты «тракторшы» сөзі туынды түбір термин болып есептелінеді. Сол секілді комбайн сөзі де туынды түбір термин бола алады.

Қазақ халқының өмір сүру ерекшелігіне тән ерекше құбылыстың бірі – олардың ежелден жермен байланысты кәсіп еткені. Яғни олар түрлі шаруашылықпен (мал өсіру, егін салу, аң аулау, балық аулау

т.б.) айналысып келген. Соның ішінде мал шаруашылығы ерекше орында тұрады. Міне, сондықтан қазақ тілінің сөздік құрамында ауылшаруашылығына байланысты сөздер бұрыннан да көптеп кездеседі. Ал кейіннен қосылған сөздер осы шаруашылықты үнемі жетілдіріп отырумен байланысты, механизация, мелиорация т.б. шараларға орай жасалып, пайда болған. Бұлардың арасында да жалпы әлемге ортақ халықаралық терминдер, солардың үлгісімен жасалған атау сөздер һәм сөз тіркесімдері бар. Шөп машинасы, трактор, агрегат, молотилка, ауыспалы егіс тәрізді сөздер қазақ тілінің терминологиялық сөздігінде кездеседі. Шаруашылық саласына байланысты терминдердің құрамы әр алуан. Республикамыздың жер-жердегі жергілікті кәсіптің түріне байланысты кәсіби терминдер түгелге дерлік әдеби тілімізге енді. Жер суару, бақша ісіне және түрлі техникалық дақылдарға байланысты, балық өндіру кәсібі, аңшылыққа қатысты көптеген сөздер қалыпты қолданысқа енді.

Халық тілін термин сөздермен байытудың тағы бір арнасы - сол халықтың өз диалектілері екені мәлім. Бұл жағдай, әсіресе, біз сияқты баспасөзі әлі жас, тілдік қоры хатқа түсіп болмаған ұлттар үшін ерекше маңыз алады. Ұлан-байтақ қазақ жерінің түрлі облыстарында тіршілік жағдайы әрқилы. Әрқайсысында іргелес отырған басқа халықтардан сіңген сөздер де бар екенін былай қойғанда, тұрмыс жағдайларына байланысты көптеген соны атаулар табылады. Мәселен, оңтүстік облыстарда егін, су, бау-бақша шаруашылықтарынан, қоныстану тіршілігінен, қолөнер кәсібінен туған атаулар көп. Балық шаруашылығына, теңіз өміріне байланысты атаулардың көбін Гурьев облысынан, Сырдария мен Ертіс бойларын, Арал мен Балқаш жағалауларын мекендеген қазақтардан табуға болады. Сол сөздерді жалпыхалықтық тілдің қатарына тезірек қосудың, ол үшін терминдердің аудармасына батыл қолданудың маңызы айрықша. Қазақ елінің жартысына жуығы білетін сөз болса, оны "диалект" деп ысырып қойып, баршаға соны шет сөзді қолданудың қаншалық жөні бар?

Қазіргі қазақ тілінде қолданылатын халықаралық терминдерге, соның ішінде техникалық ерекшеліктері бар терминдердің дамуына назар аударсақ, онда бұрынғы социалистік қазіргі «жаңа кезең» делінген өміріміз жаңалыққа толы. Саяси-шаруашылық мәні зор көптеген материалдар күн сайын дамылсыз аударылып жатады. Солармен бірге толып жатқан соны сөздер, жаңа ұғымдар, яғни терминдер келеді. Шебер аудармашыларымыз оларды халыққа әрі тез, әрі түсінікті етіп аударып беруге тиісті. Ғалым Досмұхамедұлы: «Айталық, суландыру жүйесін өзгерту туралы үкімет қаулысы шыққанда "главный канал", "оросительный канал", "распределительный канал" деген сияқты терминдер келді. Міне, соларды аудару кезінде "бас арық", "оман арық", "оқ арық", "құлақ арық", "арық", "қарық" деген сияқты егіншілік кәсібі дамыған облыстарда болатын атаулар шықты. Мақта шаруашылығына байланысты "қозапая", "шиіт", "көсек", "шанақ" деген сияқты сөздер келіп жатыр. "Дақыл" деп, "егіс" деп - "культура" мен "посевті" айыратын болдық. "Пәлек" деп, "жапырақ" деп - "ботва" мен "листіні" сараладық. Еліміз жүгері дақпылын жаппай өрістетуге кіріскенде, оның "сотасы", "собығы", "шашағы", "шашы" деген ұғымдар мен атаулар да өрістей берді. Қазір бұршаққа байланысты толып жатқан соны сөздер қазақтың тіл қазынасының қалтарыстарынан қайта шығып, жаңара, жасара бастады. "Асбұршақ", "жембұршақ", "жасымақ" "ноқат", "қара-құмық" деген сияқты сөздерді осыдан аз-ақ уақыт бұрын Қазақстанның біраз жерлері біле бермейтін [7,84].

Кейде кейбір аудармашылар мен термин жасаушылардың түпнұсқадан айрылғысы келмей қалайда содан дәл шығуға тырысқанын байқаймыз. Бұған мына орысшадан аударылған термин сөздер мысал бола алады: "картофелеуборочный комбайн", "хлебоуборочный комбайн" дейді екен деп, біз де "картоп жинау комбайны", "астық жинау комбайны" деп жүрміз. Сөздіктерде де осылай алынған. "Жинайтынын" тастап, "картоп комбайны", "астық комбайны" десе де болар еді.

Қазіргі қазақ тіліндегі халықаралық терминдердің қалыптасуы мен дамуына тоқталсақ, онда біз терминдердің арнаулы саласына тоқталмай өте алмаймыз. Мәселен, халықаралық терминология саласы бойынша, арнаулы сала атауларының жиынтығы болып табылатын терминологияны - терминологиялық жүйе немесе ықшамдап терминжүйе (терминосистема) деп атау дәстүрлі нәрсе. Аты айтып тұрғанындай терминологияға жүйелілік тән. Әр саланың ұғымдарының өзара байланысы, иерархиясы, сатылық, түрлік қарым-қатынасы ұғымдық, логикалық тұрғыдан қалай жүйелі болса, тілдік тұрғыдан да сол ұғымдардың жүйесін көрсететіндей етіп таңбалау қажет болады. Сондықтан да тілдік бірліктер терминдердің ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатындай сөзжасамдық жүйелілікке негізделіп жасалып, соның негізінде терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізу көзделеді. Терминологиядағы жүйелілік ұғымдар жүйесінің аралық байланысын тілдік бірліктер атау сөздер арқылы да жүйелеп беру болып табылады.

Терминнің жүйелілікке сәйкес жасалып, терминологияның жүйелі болуы қажеттігін алғаш атап көрсеткен ғалымдардың бірі - А.Реформатский "Тілдегі сөздердің жалпы үрдісі -сөзжасамдағы жүйелілік - терминдерде бұл үрдіс айрықша айқын байқалады" деп, жүйеліліктің терминологияда ерекше анық

көрініс табатындығын айта келіп, Терминология белгілі бір ғылымның ұғымдар жүйесін білдіру үшін қажет" деген тұжырым жасайды. Бұл - ұғымдар жүйесін белгілейтін атаулар жиынтығының да өзі таңбалаушы болып отырған жүйенің ерекшелігін көрсете алатындай жүйелі болуы керек деген сөз. Ғалым терминологияның ең алдымен, ұғымдар жүйесін көрсету үшін қажеттігін оның басты белгісінің бірі ретінде атап айтады [8,45].

Терминологияны қалыптастыру туралы айтылғанда терминология стандартталған, біріздендірілген, реттелген, жетілдірілген болуы қажет деген талаптар да қойылып жатады. Терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізіп, аталған талаптардың орындалуы үшін мақсатты түрде үнемі жүргізіліп отыратын жұмыстар бар. Оларды терминологиялық жұмыстар деп атайды. Төменде олардың негізгілеріне тоқталамыз. Терминологияға қойылатын өзге талаптар осы терминологиялық жұмыстармен тікелей байланысты, дәлірек айтқанда терминологиялық жұмыстардың барлығы сол талаптардың орындалуы үшін жүргізіледі. Ғалым Ш.Құрманбайдың пікірінше: «Термин шығармашылығы стихиялы түрде жүзеге асып жататын жұмыс емес. Әр маман өз бетінше термин жасап, оны қалауынша қолданатын болса немесе термин шығармашылығы жалпыхалықтық, бұқаралық сипат алып терминді жасау ісі үйлестірілмей, кәсіби тұрғыдан қолға алынбай ырқына жіберілсе, онда терминқор қалыптастыруда жүйесіздік, ретсіздік, жарыспалылық, тілдік нормадан ауытқушылық сияқты көптеген кемшіліктер орын алады. Сондықтан да кез келген тілдің ұлттық терминологиялық қорын қалыптастыру - кәсіби мамандардың белгілі бір жоспарлы жұмыстарды жүргізуі арқылы жүзеге асырылады» [9,74].

Көп ұлтты мемлекетте терминологияны халықаралық-тандырудың, тіларалық біріздендірудің маңызды мәселе ретінде көтеріліп, оған мемлекеттік тұрғыдан үлкен мән берілуі түсінікті. Онсыз ғылым мен техника саласындағы және басқа да тілдік қатынастарда бір тілдің үстемдігін орнату мүмкін болмаған болар еді.

Сонымен, қорыта айтқанда тіліміздегі жалпы қолданыстағы, сөздердің терминденуінің екі түрлі жолын көрсетуге болады:

Біріншісі - халықтың ұғымында бұрын болмаған ғылым мен техниканың, өнердің даму барысында ашылған жаңа ұғымды ұлттық тілде бұрыннан бар сөзбен белгілеу. Терминденудің мұндай жағдайында сөздің тек дыбыстық жағы алынады да бір ғана лексема екі жүйеде екі басқа ұғымды білдіреді. Нәтижесінде бастапқы сөзбен жаңа термин омонимдік қатар түзеді.

Екіншісі - халықтың ұғымында бұрыннан бар ұғымның атауымен қоса, жалпы лексикалық өрістен белгілі бір терминологиялық өріске етуі. Бұл жағдайда ғылым мен техниканың даму деңгейі мен терминологиялық жүйенің талабына сәйкес ұғым жаңа сапалық белгілерді иеленеді. Сөздің лексикалық мағынасын құрайтын, белгілерінің орнын ғылыми немесе арнаулы ұғым белгілері алмастырады.

Терминденудің екі түрінің арасында елеулі өзгешеліктер бар екендігіне қарамастан екі түрлі жолмен терминденген сөз де бірдей терминдік қасиеттерді иеленіп, белгілі бір терминологиялық өріске бағынышты болады.

Әдеби тілдегі сөздер қай тәсілмен терминденсе де өріс ішінде бірдей қызметатқарып, бір деңгейде тұрады. Қазақ тілінің аймақтық лексикасы, оның өзіндік ерекшеліктері мен әдеби тілге қатысы тілші ғалымдар тарапынан едәуір зерттелген мәселелер деуге болады. Оған тіл білімінің диалектология саласын арнайы зерттеген С.А. Аманжолов, Ж.Д. Досқараев, Ш.Ш. Сарыбаев, Ә.Нұрмағамбетов, С.Омарбеков, О.Нақысбеков, Н.Жүнісов, Ғ.Қалиев, Т.Айдаров, Ж.Болатов сияқты ғалымдардың еңбектері куә бола алады.

Сонымен қорыта келгенде, қазіргі қазақ тілінің "терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдердің елеулі бөлігі - ұлттық әдеби тілдің құрамындағы жалпы қолданыстағы сөздер негізінде жасалған. Жалпы қолданыстағы сөздер терминденудің барлық жолдары арқылы терминдене алады. Оларға бірден көшпестен бұрын осы терминдену процесінің қалай жүзеге асатындығына назар аударып көрелік.

Термин пайда болу үшін ең алдымен белгілі бір терминдер жүйесіндегі орны нақтыланған ұғым болуға тиіс. Ол ұғымның орнының нақтылануы деп біз сол ұғымды өзге ұғымдардан ажырататын оның өзіне ғана тән айрықша белгілері мен қасиеттерінің анықталуын айтып отырмыз. Яғни, бұл ұғымның қамтитын шекарасын, көлемін анықтау деген сөз. Одан әрі айқындалған ұғымның басты белгілерін көрсете отырып, оның мазмұнын толық ашатын анықтама беріледі. Ондай анықтаманың немесе терминнің дефинициясының дәл болуы аса қажет. Егер терминнің дефинициясы дәл берілмесе, онда ұғымның мазмұны да солғын ашылады. Соған сәйкес ондай ұғымды сөзбен белгілеу кезінде де ауытқушылық кетеді. Терминнің дефинициясы ұғымның басты белгілерін, көлемін көрсету арқылы сол ұғымның өзі қатысты болатын арнаулы салада қаншалықты деңгейде игерілгендігінен, зерттелгендігінен хабардар етеді.

Терминологиядағы жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі арқылы жасалған терминдердің енді бір бөлімнің таңбаланушылары да, таңбалаушылары да өзінің жасалуына негіз болған сөзбен сәйкес келеді. Мұндай лексикалық қабаттың әдеби тіл жүйесі мен оның терминологиялық кіші жүйесіне бірдей қызмет ететіндігі айтылып жүр.

В.П.Даниленко сөздің әдеби тілден терминологияға ауысу барысында өзге ұғымды белгіленуінің нәтижесінде омоним туындауын сөз алмасу құбылысы десе, әдеби тілдегі сөздің терминологияға өтуі кезінде омоним пайда болмай, сөздің бір мезгілде екі жүйеге бірдей қызмет етуін сөздің "екі жақты қызметі" деп, ондай лексикалық қабатты алғашқыдан бөлек қарауды ұсынады. [10,36]

Егіншілік кәсібінде су жүретін арықтар мен каналдар қазу үлкен шеберлікті қажет етеді. Ш.Уәлихановтың Ұлы жүз диқандарының кәсібі жөнінде жазған «Егіншілік туралы» атты еңбегінде былай делінеді: «Егістікке дейін жота-қырқалар мен сай-салалардан асып жатқан арықтарды өз көзіңізбен көрмесеңіз, сене кою қиын болар еді. Қазақ диқанының епті қолы мен табиғи жаратылысының зеректігі терең шатқалдағы өзеннен суды тартып үстіртке шығарады. Арықтың бір шақырымнан соң отыз сажын биікке қалай көтерілгеніне сүйсіне де, таңдана қарамасқа шараң қалмайды. Су қандай тереңдікте жатпасын, оны егістікке шығару қазақ диқанының қолынан келеді». Ғалымның бұл еңбегінен біз егіншілікке қатысты бірнеше термин сөздерді байқаймыз.

Тіліміздегі терминдерді зерттеуші ғалым, ұстаз Б.Қалиевтің «Егер тілдегі термин мәдениетті болса, тіліміз де мәдениетті» деген пікіріне сүйенсек, терминнің табиғаты тіл мәдениетінің талаптарына сай болуы тиіс. Сәйкессіздік, тұрақсыздық, жүйесіздік сияқты терминге кері әсерін тигізетін шарттар термин жасауда жүйелілік ұғымын ескеруді қажет етеді. Сол себептен де тілімізде жасалып жатқан жұмыстар, яғни терминологиялық сөздіктер белгілі бір тәртіппен, бірізділікпен жазылуы тиіс деп ойлаймын.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. *Общая терминология (вопросы теории)*. – М., 1989. – С. 285.
- 2 Айтбекова М. *Бағытты білім беруде жаңа терминдерді енгізудің жеке тұлға дамуына әсері*. // *Қазақ тілі мен Әдебиеті*. №3, 2005. – 64 б.
- 3 Беспалько В.Л. *Как должен быть термин?*. – М., 1989. – 412 б.
- 4 Выготский Л.С. *Термин и его мотивированность*. – М.: Просвещение, 1991.
- 5 Лейбниц. *Успехи математических наук*. 1948. – С 304.
- 6 Прохорова В.Н. *Актуальные проблемы современной русской лексикологии*. – М.: Изд-во МГУ, 1973. – С. 286.
- 7 Досмұхамедұлы Х. *Қазақ тіліндегі терминдердің аталу ерекшеліктері*. – А., 1985 ж.
- 8 Махмутов М. *Организация проблемного обучения в школе*. – Москва, 1977. – С. 240.
- 9 Костенко Ф.Д., А.Н. Матвеева. *Теория терминологической номинации*. – М., 1991 ж. – С. 263.
- 10 Баймұратова Э.С., Жаутықбаева А.А. *Терминдерді қазақ тіліне аударуда кезігетін қиындықтар* // *Хабаршы. ҚазҰПУ. Филология ғыл.сер.* - 2015. - Т.1. №3. - 34-38 б.

*Резюме*

**ФОРМИРОВАНИЕ НАРОДНОЙ ТЕРМИНОЛОГИИ И ТЕРМИНЫ В ЗЕМЛЕДЕЛИИ**

*Даурембаева Н.К.<sup>1</sup>, филология, магистрант, 2-курс*

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

Многие термины в языках большие темпы роста, непосредственно связанные с развитием возникновения науки и техники. А также терминологической лексики, искусства, образования, науки, учебных, просвещения, и печатных работ которого как руки канат в объявлению напряженный, причиной может быть. Действие, что в каждой сфере и самостоятельной жизни, зачастую неосвоенный, лексика терминдік вброд. Без внимания в различных областях науки и ученых, в совокупности выпустить в свет терминолог термин такого слова - обязанность. В статье рассматривается формирование и стабилизация народной терминологии. Исторические пути формирования современной казахской терминологии, основы теории международных терминов, использование терминов о земледелии в трудах казахских ученых является лейтмотивом статьи. Определение ученых к слову термин, виды терминов, определены отрасли терминологии. А также усовершенствовались вопросы и задачи предусматривающие в науке терминологии.

**Ключевые слова:** терминология, народная терминология, термин, слово, вывод, урожай, земледелия, отрасль, профессия

*Summary*

**THE FORMATION OF THE POPULAR TERMINOLOGY AND TERMS IN AGRICULTURE**

*Daurembaeva N.K., philology, 2 course undergraduate*

<sup>1</sup>*Kazakh National Pedagogical university by name Abai*

Many terms in languages the big growth rates which are directly connected with development emergence of science and technology. And also terminological lexicon, art, education, science, educational, educations and which printing works as

hands the rope in the announcement intense, can be the cause. Action that in each sphere and independent life, often undeveloped, lexicon терминдік by wading. Without attention in various fields of science and scientists, in total to publish the terminologist the term of such word - a duty. Stabilizing of terminology is examined in the article. Historical ways of forming of modern Kazakh terminology, basis of international theoretical terms, use of terms in labours of the Kazakh scientists, writers of reasons and agriculture in regard to meeting. Certificates given out according to scientists, Term, term types of performances, the areas of terminology are certain. And also questions and tasks, providing for specified science terminology.

**Key words:** terminology, folk terminology, term, word, conclusion, harvest, agriculture, industry, professions

МРНТИ 16.21.43

Г.А. Еркеғалиева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан

## СИНТАКСИСТІК СИНТАГМАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада сөздің когнитивтік қызметі мен сөйлемнің сөйлеу бірлігі ретіндегі коммуникативтік қызметі анықталады. Синтаксистің негізгі зерттеу объектісі - сөйлем, мәтін екені айтылып, осы синтаксистік бірліктердің коммуникативтік қызмет атқаруына негіз болатын категория синтаксистік синтагма болып табылатыны туралы талданады. Синтагма – сөйленімнің(речь) құрылуы мен тыңдаушыға жетуіне қызмет атқаратын сөйлеу бірлігі, құрылымдық, мағыналық, интонациялық жағынан байланысқан сөздер тобы ретінде қарастырылады.

**Түйін сөздер:** синтагма, сөйлеу бірлігі, сөйленім, лингвистикалық категория, коммуникативтік қызмет

Сөз – кез келген тіл иесі халықтың әлем, дүние туралы білімдерін жинақтаушы, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші бірлік, яғни сөз ең алдымен, когнитивті қызмет атқарады. Тілдің басты қызметі – коммуникативтік қызмет десек, сөз жеке қолданылып, коммуникативтік қызмет атқара алмайды, қарым-қатынас құралы бола алмайды. Тілді қатынас құралы ретінде жұмсаған кезде, хабарлау, баяндау, сұрау, пікір білдіру т.б. коммуникативтік актілер сөйлем арқылы жүзеге асады. Тілді қарым-қатынас құралы ретінде қарастыратын болсақ, тілдің басты бірлігі – сөз емес, сөйлем болады. Сөйлем, мәтін - синтаксистің негізгі зерттеу объектісі екені белгілі. Осы синтаксистік бірліктердің коммуникативтік қызмет атқаруына арқау болатын категория синтаксистік синтагма болып табылады. Оның басты ерекшелігі - сөйлем құрамындағы сөздер мен мәтін құрамындағы сөйлемдердің семантикалық мазмұнға ие болуы, соның нәтижесінде ақпарат адамдарға жетеді.

Синтагма – сөйлеу бірлігі, құрылымдық, мағыналық, интонациялық жағынан байланысқан сөздер тобы, сөйленімнің(речь) құрылуы мен тыңдаушыға жетуіне қызмет атқаратын сөйлеудің құрылымдық-мағыналық фрагменті, сөйлеу тіліндегі ең шағын үзінді. Қай тілде де синтагма сөйлеу тіліндегі сөздердің мазмұнын, олардың бір-бірімен логикалық байланысын, сөйлеушінің ақпаратқа, айтылып тұрған хабарға қатынасын, оларды пайымдап, тұжырымдауы арқылы сипатталады. Әр синтагма кідіріс арқылы бөлініп, бәрі бірігіп сөйлемнің интонациялық контурын сызады. Ал егер сөйлемдегі сөз тіркестерінің синтаксистік мазмұны толық жеткілікті болмаған жағдайда, олар синтагма бола алмайды. Мысалы, *Біз бүгін театрға барамыз*. Бұл сөйлемде кідіріс жасауға келмейді. Ал егер *Біз үшеуміз // бүгін кешкі жетіде // театрға барамыз* десек, сөйлемдегі синтаксистік мазмұн ұлғайып, бірнеше жеке синтагмаға жіктеледі. Тіл бірлігі ретіндегі жеке тұрған кез келген сөз синтагма құрамына енген кезде сөйлеу бірлігіне айналады, жағдаятқа байланысты сөз мағынасы нақтыланады. Бұл құбылысты синтагманың ең басты белгісі деуге болады. Сөйлем синтагмаларға дұрыс мүшеленбеген жағдайда сөйлемде айтылған ойды түсіну қиындыққа түседі. Мысалы, *Сәрсен ақсақалды жоқшы ғып қалаға, ұлыққа аттандырды*(М.Ә) деген сөйлемдегі ойды айқын түсіну үшін сөйлемді синтагмаларға дұрыс бөлудің мәні ерекше. Егер *Сәрсен // ақсақалды жоқшы ғып // қалаға, // ұлыққа аттандырды* деп синтагмаларға бөлсек, онда белгісіз бір ақсақалды қалаға аттандырған Сәрсен екенін түсінеміз. Ал *Сәрсен ақсақалды // жоқшы ғып // қалаға, // ұлыққа аттандырды* дейтін болсақ, Сәрсен ақсақалды қалаға аттандырған басқа адам екені белгілі болады.

Академик Л.В. Щерба синтагма мәселесін ұзақ жылдар зерттей келе, синтагма – сөйлеу әрекетін жасаушы негізгі бірлік деп тұжырымдаған[1,488]. Ол сөйлеу процесіндегі мағыналық тұтастық пен сөзге түсетін синтагмалық екпіннің күшеюінен фонетикалық шек қалыптасатынын, ол негізгі синтаксистік бірлік – синтагма ұғымына сәйкес келетінін және сөз-синтагма, сөз тіркесі-синтагма, сөз тіркестері тобынан жасалған синтагма болатынын айтады. Ол синтагманы синтаксистік ұғым ретінде қарастырып, оның интонациялық-әуезділік факторына назар аудару керектігін ұсынған болатын. Синтагманы сөйлеу-



ойлау процесіндегі біртұтас ритмикалық топты құрайтын сөздерден тұратын бірлік деп тұжырымдайды. Алайда синтагманы тек сөйлеу барысында кідіріс жасау арқылы бөлшектенетін физиологиялық құбылыс деп қарастыру жөн болмас еді, себебі синтагма компоненттері интонациялық-ритмикалық топ қана емес, мағыналық та, синтаксистік те байланыста болады, сол себепті де синтагманың үш жағы бар деп есептелінеді: 1. семантикалық; 2. синтаксистік; 3. интонациялық.

«Синтагма қай тілдің болса да сөйлемдерінің синтаксистік құрылысы мен оның мағынасын терең зерттеп түсінуге көмектеседі. Ең шағын синтаксистік мағыналық сөз, сөз тіркесі және сөйлем синтагма түрінде интонациялық формаға ие болады. Синтагмалар үлкенді-кішілі паузалармен бөлінетін тілдің интонациялық мазмұндық үзінділері ретінде жай сөйлемде, жайылма сөйлемде, құрмалас сөйлемде, сондай-ақ бір тақырыпты күрделі синтаксистік тұтастықтарға сөзді, сөз тіркестерін, сөйлемдерді қамтып, оларды бір интонациялық жүйеге бағындырып ұстап тұратын тәсіл» [2,107]. Олай болса, интонациялық синтагма – сөйлемнің мағынасын ашуға қызмет ететін негізгі элементтердің бірі. Сөйлеу әрекеті барысында интонациялық синтагма сөйлемді шағын семантикалық бөліктерге мүшелеп, сөздің сөйлемдегі басқа сөздермен тіркесіп, синтагмалық қатынас жасаудағы мағынасын нақтылайды. Өйткені сөйлем құрамындағы әрбір сөздің мағынасы жеке дара емес, синтагмалар шегінде анықталады. Интонациялық синтагма - сөйлемдегі ең кіші құрылымдық-мағыналық бөлшек. Сөйлемдегі синтагмалық үзіктерді таба білу сөйлемді, мәтінді толық түсінуге мүмкіндік береді. Ал жазбаша сөйлемдерде синтагмалық бөлшектер көрінбейтіндіктен, сөйлемді оқу барысында оқырман адам жазушы адамның айтайын деген негізгі ойын түсіну үшін синтагмалық бөлшектерді өзі табуына тура келеді, бұл орайда оқырман жекелеген сөйлем емес, толық мәтінмен танысқан жағдайда ғана автордың дітін түсіне алады. Өйткені кейбір сөздің, синтагманың, сөйлемнің мәні тек контексте ғана анықталуы мүмкін. Осы орайда Г.А.Золотованың «сөйлем тек қана сөйлеуде қосымша функцияларға ие болып, бүтіннің бөлшегі ретінде қарастырылуы керек» деген пікірі құнды [3,88].

Синтагма бір ғана сөзден немесе бірнеше сөзден жасала береді. Бірақ сөздің жеке тұрғандағы мағынасы мен сөйленімдегі, яғни синтагма құрамындағы мағынасының айырмашылықтарын білу қажет. Сөз тілде бұрыннан бар ұғымды білдірсе, синтагма сөйлеу кезінде пайда болған ұғымды білдіреді, контексте мағынасы айқындалады. Синтагма сөйлемнің негізгі компоненті десек, сөйлем тілге емес, сөйлеуге тән. Синтагманың прагматикалық қызметі де маңызды. Жазба тілде, ойды жазбаша жеткізуде, мәтінді түсініп оқу үшін синтаксистік синтагманың атқаратын рөлі зор. Мәтін қандай құрылымдық-мағыналық компоненттен тұрса, мәтінді оқыған кезде сол компоненттерді дұрыс ажырата білген жағдайда, автордың айтайын деген ойы түсінікті болмақ. Мәселен, сөйлемдегі сөз тізбектерінің біріне акцент түсіру қажет болса, сөйлеуші сол жердегі интенсивтілікті күшейтеді. Интенсивтіліктің күшейтілгені көбіне дауыстың қатты шыққанындай боп естіледі, сондықтан да тыңдаушы сол акцент түскен сөзге назар аударады. Мысалы: *Ол – студент* деген сөйлемді алсақ, сөйлемнің бастауышы (Ол) мен баяндауышы (студент) пауза арқылы екіге бөлініп, хабарлы сөйлемге тән сөйлем соңына қарай төмендейтін интонациямен айтылып тұр, сондықтан екі сөзден тұратын жалаң сөйлемнің әр мүшесі бір синтагмаға теңеліп тұр. Ал егер *Ол студент // сабаққа келмей жүр* деген сөйлемнің айтылу интонациясындағы ерекшелікті қарастыратын болсақ, бұл сөйлем де екі синтагмадан тұрады. Бірінші синтагмалық үзік *ол студентке* акцент беріліп, сабаққа келмеген адамды нақтылау мәнін үстеп, сондай-ақ жалпы коммуникативтік мағынасында кінәлаушылық мән бар екенін көрсетеді. Сонымен, сөйлемдегі синтагмалық үзік сөйлемнің жалпы мазмұнын ашуға, эмоциялық реңкін түрлендіруге қызмет атқарады.

«Синтагма – мазмұндық-синтаксистік, интонациялық өлшем болғандықтан, әр уақытта сөз тіркесінен, сөйлем бөлшектерінен тұрады және бір-бірінен интонациялық жеке болып табылатын паузамен бөлінеді» [2,135]. Алайда сөйлем құрамындағы сөз тіркестері мен мен синтагманы бір ұғым ретінде қарастыруға болмайды. Сөйлемдегі бөліну шегіне қарағанда синтагма сөз тіркестерімен сәйкес келуі де мүмкін, ал кей жағдайда бір синтагма бірнеше сөз тіркестерінен болуы мүмкін. Сондай-ақ сөз тіркесі сөйлем ішінде қатар тұрып та, алшақ тұрып та байланысқа түссе, синтагмалар тек қатар тұрып, бір синтагмалық екпінге ие болып, синтагма құрайды. Мысалы, *Хас сұлуды // қаралысында сынама, Хас батырды // жаралысында сынама*. Сөйлемдердегі *хас сұлу, хас батыр* қатар тұрып қабыса, *сұлуды сынама, батырды сынама* сөз тіркестері меңгеріле байланысқан. Ал синтагма компоненттері тек іргелес тұрып, бір синтагмалық үзік бола алады. Мысалы, *Шеберді шебер // қолынан таниды, Батырды батыр // жонынан таниды*.

Жалпы синтагмалық категориялар тілдік бірліктердің сөйлеу әрекетіндегі функционалдық қызметін анықтайды. Тілдің функционалдық қызметі тікелей коммуникативтілікпен байланысты. Синтагмалық категориялар тілдің функционалдық мүмкіндігін айқындаудың бір амалы болып табылады. Сөйлеу бірлігі болып саналатын әрбір сөйлем коммуникатикалық мақсатқа негізделген синтагмалық үзіктерден тұрады.

Сөйлем мағынасы мен айтылар ой синтагма арқылы айқындалады. Синтагма теориясы сөйлеу прагматикасымен тығыз байланысты. Сонымен,

- сөйлеу кезінде синтагма сөздердің мағыналық және стилистикалық реңктерін анықтауға мүмкіндік береді;

- синтагма да сөз секілді аяқталған ұғымды белгілейді. Бірақ сөз бұрыннан бар белгілі ұғымды атаса, синтагма сөйлеу кезінде ғана пайда болады, яғни тілде орныққан синтагма кездеспейді, синтагма - сөйлеудің не сөйленістің туындысы;

- синтагма индивидуалды сөйлеу әрекетінің нәтижесі, яғни сөйлеу кезіндегі жағдаятқа байланысты сөйлем синтагмаға бөлініп, сөйлеушінің мақсатына қарай мазмұн иеленеді;

- синтагманың бөлінісі тыңдаушының қабылдауына, оның түсінуіне, кейде сезімі мен білім деңгейіне тәуелді. Сондықтан оқылым әрекетін орындау кезінде оқырманның сөздер тобын жіктеліске түсіруі мен автордың синтагмалық жіктеліс арасында тепе-теңдік бола бермейді.

- дем алыс тобы мен синтагма – әртүрлі құбылыстар, синтагманың дем алыс тобымен сәйкес келетін кезі де, сәйкестенбейтін жағдайы да бар [5,83].

Қарым-қатынастың басты құралы болып саналатын тілді оқытуда тілдің заңдылықтары мен қағидаларын оқытып қоймай, тіл бірліктерінің коммуникативтік қызметін танытып, сөйленім кезінде ғана көрініс беретін осындай ерекшеліктерін де меңгерту білім алушының дұрыс сөйлей білу дағдысын қалыптастырып, сөйлеу мәдениетінің жоғары болуына септігін тигізери анық.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Виноградов В.В. Синтаксические взгляды и наблюдения академика В.В. Щербы / Избранные труды. Исследование по русской грамматике. - М.: Наука. 1975. – 516 б.

2 Қазақ грамматикасы. - Астана, 2002. – 784 б.

3 Золотова Г.А. Очерк функционального синтаксиса русского языка - М.: Наука. 1973. – 350 б.

5 Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар. – Алматы, - 2009. – 160 б.

*Резюме*

### **ОСОБЕННОСТИ СИНТАКСИЧЕСКОЙ СИНТАГМЫ**

*Еркеғалиева Г.А.,*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

В статье определяется когнитивная функция слова, коммуникативная роль предложения в речи и предложение рассматривается как основная единица языка. Основным объектом изучения синтаксиса считается предложение, текст и главной категорией коммуникативного функционирования этих синтаксических единиц определяется синтаксической синтагмой. Синтаксис рассматривается как единица речи, служащая для строения и донесения речи до слушателя и как группа слов связанная по смыслу, интонационно и по строению.

**Ключевые слова:** синтагма, единица речи, речь, лингвистическая категория, коммуникативная функция

*Summary*

### **ESPECIALLY SYNTACTIC SINTAGMA**

*Yerkegaliyeva G.A.,*

*KazNPU named after Abai, Almaty city, Republic of Kazakhstan*

The article defines the cognitive function of speech, communicative role of sentences in speech. The main object of study is the syntax - sentence, the text and the main categories of the communicative function of these units is determined by syntactic syntagma. Syntax is viewed as a unit of speech that serves to structure reports and speech to the listener and as a group of words related to the meaning, intonation and structure.

**Key words:** syntagma, speech unit, a speech, a linguistic category, communicative function

Қ.Есенова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ ф.ғ.д., профессор

## АКАДЕМИК Р.СЫЗДЫҚОВА ЖӘНЕ ДИСКУРС МӘСЕЛЕСІ

Түйіндеме

Академик Р.Сыздықова өз зерттеулерінде тілдік тұлға мәселелерін дискурспен тығыз байланыста қарастырады. Көркем шығармаларға тілдік талдау барысында, әсіресе қайталамалардың оқырманға қаншалықты әсер ететіндігін мәтін арқылы анықтап, оны жазушының прагматикалық мақсатымен сабақтастырады. Сондай-ақ прагматикалық функцияны бойына жинақтаған мәтін атауы да Р.Сыздықтың зерттеулерінде адресат сезіміне әсер ететін тілдік бірлік ретінде қаралады. Мақалада функционалды бағыттың құрамдас бөлігі- прагмалингвистиканың кейбір мәселелері ғалым Р. Сыздықтың еңбектерінде кездесетіндігі сөз болады.

Сонымен, зерттеушінің еңбектерінен прагмалингвистиканың кейбір мәселелерін көруге болады. Тіл бірліктерінің әсер етуші қызметін өз мақсатына сай жұмсап, тілдің мүмкіндігін ескеретін – субъект болғандықтан, тілдік тұлғаның көркемдік әлемін беруде ғалым Р.Сыздықова прагматиканың кейбір тұстарына интуитивті түрде өзінің көзқарасын беріп отырады. Енді-енді зерттеліп, қолға алына бастаған бұл бағыттың негізі – ғалым Р.Сыздықованың теориясында жатыр еді.

**Кілт сөздер:** прагмалингвистика, дискурс, реципиент, адресант, адресат, тілдік бірлік, әдеби тіл, мәтін, тыңдарман, оқырман, қатысым, интерпретация, пресуппозиция, парцеллят

Прагмалингвистика – тілді қолданушы мен таңба арасындағы қатынасты зерттейтін ғылыми сала. Кез келген қатысым – өзіндік ұстанымы мен заңдылықтары бар күрделі процесс. Трансмиссор таңбаны реципиентке қандай да бір ақпарат беру үшін пайдаланады. Прагматика таңба мен хабар беруші, қабылдаушы арасындағы арақатынасты зерттегендіктен, оның сипаты адресанттың ішкі мақсаты және сөйлесім жағдайымен анықталады. Мәтінді қабылдауда тілдік бірліктердің дұрыс, жүйелі ұйымдастырылуы мен таңдалуы негіз болады.

Г.Г. Матвеева: «Не только создание текста, но и его влияние на успешное восприятие в достаточной степени зависят от того, насколько оптимально осуществлен выбор языковых средств. Вопросами оптимального выбора языковых средств для достижения эффективного воздействия занимается **прагмалингвистика**. Знание и владение прагматикой текста является неременным условием успешной деятельности специалиста любой области знания», - деп аталмыш «ғылыми саланы» аспектісін көрсетеді [1, 7]. Прагматикада бар назар адамға немесе субъектіге бағытталады. Тілдік құбылыстарды адресант, адресат сияқты прагматикалық параметрлер тұрғысынан қарастыру прагмалингвистиканың міндеттеріне жатады. Бұл тұрғыдан анықтау эмоцияның тілдік көрсеткіштері мен олардың стильдік мәнін ашудағы қалыптасқан дәстүрлі түсініктерді жеке адамның субъективті позициясын немесе көзқарасын жеткізуші құралдар ретінде нақтылап талдауға жол ашады. Бұл пікірдің негізі В.В.Виноградовтың мына сөздерінде жатыр: «Ведь в литературном произведении, как в особой сфере творчества личности, и субъективно и объективно языковые формы оказываются осложненными контекстами литературы, литературной школы, жанра, своеобразными приемами литературных композиций» [2, 17].

Ғалым Р.Сыздықова халықтың рухани-эстетикалық қажетін өтеп отырған қазақтың көркем әдебиет тілін зерттеу арқылы әдеби тіл нормаларын сұрыптады, «сөз мәдениетін» көтерді. Сол арқылы жазушы тіліндегі көркемдік-әсемдік қасиетті танытты. Ал оның қыр-сырын анықтау барысында ғалым прагмалингвистиканың кейбір мәселелеріне де назар аударады. Әрине, оны арнайы термин ретінде ұсынбағанымен, прагматикаға қатысты кейбір ойларын беріп отырады. Тілдік тұлға тіл бірліктерін таңдағанда міндетті түрде өзінің тыңдармандарының, оқырмандарының ерекшеліктерін ескереді. Р.Сыздықова жазушы тілін сөз еткенде прагматикалық мақсатқа жету үшін қолданылатын тілдік құралдарды мәтін түзуші – мәтін – мәтін қабылдаушы үштігі тұрғысынан қарастыруды назардан тыс қалдырмайды. Ендеше, ғалым дискурс проблемасына да ерекше мән береді. Жазушы тілінің суреттеу шеберлігі, көркемдік әдістері мәтін арқылы ашылып, эмоциялық бояуы айқындалады. Тілдік таңбалар реципиенттердің қызығушылығын оятып, оның реакциясын туғызу үшін қолданылады. Яғни, көркем мәтінде жазушы оқиғаны суреттеу арқылы белгілі бір түрде аудиторияны қабылдауға талпындыратын құралдардың әсер ететін мүмкіндігін де ескеріп отырады. Өйткені мәтін барысында бір субъектінің әртүрлі модальдік реакциялары беріледі. Ол реципиенттің мүмкін болатын модальдік реакцияларымен салыстырылып отырады. Басқаша айтсақ, жазушы өз көзқарасын, пікірін бере отырып, іштей өз оқырманының да пікірі мен көзқарасын есепке

алады. Яғни, олардың арасында мәтін бойынша бір жақты сипаттағы сұхбат жүріп отырады. Жазушы көркем туындылары арқылы өзінің идеясын, көзқарасын білдіреді. Ал ол идеясын қабылдаушының қажетіне жарайтындай, оқырманның түсініп, сүйсініп оқитындай тілдік бірліктермен береді. Сол арқылы адресант пен адресаттың арасында ерекше қатынас орнап, қатысым (коммуникация) жүзеге асады. Хабар оны беруші мен қабылдаушы арасында жүзеге асатындықтан, коммуникаторлар қызметі трансмиссивті және рецептивті болып түсіну әрекетін құрайды. Тілдің прагматикалық аспектісі сөйлеуші не тыңдаушының айтылған, естіген нәрсені түсіну, ұғынумен де байланысты. Интерпретация, түсіну ұғымдары тілдік таңбаның қолдануымен, яғни оның прагматикалық аспектісімен байланысты дискурс, прессуппозиция, жасырын мән, астарлама сияқты жаңа мәселелердің шешілуіне әкеледі [3, 13].

Мақал-мәтелдердің тілдік табиғаты, жинақтау мен жүйелеу, олардың басқа тұрақты тіркестермен ұқсастықтары немесе ерекшеліктері, мағыналық-мазмұны, тақырыптық әралуандығы мен құрылымдық ерекшелігі, тәрбиелік мәні мен қолданыс аясы секілді көптеген теориялық және практикалық мәселелері тіл білімі мен ауыз әдебиетінің бір жанры ретінде біршама зерттелді. Мақал-мәтелдердің аталған мәселелері Ш.Уәлиханов, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, М. Ғабдуллин, І.Кеңесбаев, Б.Адамбаев, Ә.Қайдар, М.Әлімбаев, Ө.Тұрманжанов, М.Аққозин, Б.Ақмұқанова, Ө. Диваев, П.Пантусов, С.Нұрышев, Ғ.Мұсабаев, Ғ.Тұрабаева, Р.Сәрсенбаев, т.б. көптеген зерттеушілердің назарына ілініп еңбектерінде арнайы қарастырылды. Ал, мақал-мәтелдердің жалпы және әлемдік ғылымдағы зерттелуінде, соның ішінде орыс тіл білімінде: В.В.Виноградов, Н.Н.Амосова, М.Т.Тагаев, Н.М.Шанский, Г.Л.Пермяков, Л.А.Булаховский сынды ғалымдармен қатар, батыс еуропалық ғалымдар: Н.Барли, А.Дундэс, А.Крикман, М.Куузи, Г.Мильнер, А.Тэйлер, Г.Л.Апперсон, Линда және Роджер Флавэлдер, т.б. ғалымдар зерттеулерінде біршама қарастырылған.

Паремеологизмдерді тілтанымдық тұрғыда қарастыру арқылы этностың дүниетанымдық әлемі арқылы қалыптасып, өмірдегі ақиқат және бейақиқат құбылыстарды бейнелейтін, танымдық әрекетінің нәтижесінде туындаған мақал-мәтелдердің лингвокогнитивтік сипатын ашудың мәні зор. Өйткені, мақал-мәтелдерді лингвокогнитивтік аспектіде қарастыру арқылы олардың адам санасындағы қалыптасу жолдарын, мағыналарының халықтық сипат алуын, тілдік бейнелілігі секілді ерекшеліктерін этностың өмірімен, дүниетанымымен тығыз байланыста қарастыру мәселесі сан-салалы ғылым салалары аясында (лингвистика, әдебиеттану, психология, логика, мәдениеттану, философия, т.б.) тануға мүмкіндік береді. Мәселен, *бір жердің жынды торғайы, бір жердің пұлды торғайы* деген мақалдың мазмұнына үнілсек, мұндағы «торғайға» ассоциациялық мазмұнда, образды жүк арқалаған бірлік ретінде ғана қарау керек. «Торғай» образды бірлік ретінде алынғанымен, оның аржағында адам, индивид тұр. Яғни, мұндағы «торғай» арқылы адамның сапасы, кісілік болмысы туралы түсінік тілге тиек болған. Бір жердегі көпке

елеусіз, белгілі бір ортадағы сыйынан гөрі, сықпыты сөз болған жанның, басқа ортада сыйы басым, елге елеулі болған адамға қарата айтылған. Аталған мақалдың астарынан этностың дүниені тану мен суреттеуіндегі қарабайыр түсінігі, концептуалды түсінікке жетелейтіндігін көруге болады. Бұл дегеніміз паремеологизмдерді лексика-семантикалық немесе мәдени семантикалық тұрғыдан ғана емес, когнитивтік семантикалық тұрғыдан келу арқылы этнос танымындағы ұлттың болмасын бейнелейтін ерекше бір жарқын мәнді танымдық әрекеттерінің санадағы суретті (образды) өрнегін көруге болады.

Қазақ және монғол тілдеріндегі поэтикалық бірліктерді дүние бейнесінің аясында қарастырып жүрген ғалым, профессор Г.Сағидолда: «Дүниенің паремиологиялық бейнесінде реалды дүниедегі заттар мен құбылыстар да, адам қиялының туындысы іспетті ойдан шығарылған реалды емес әлемнің бейне кескіндері, үзінділері «кодтар тоғысы» түрінде көрініс береді. «Кодтар тоғысын» айқындау арқылы тұрақты бейнелі оралымдардың этномәдени ішкі мазмұнын ашып, «Адам және Әлем» арасындағы күрделі қатыстылықтың терең қатпарларын «індете зерттеуге» болады. Осы тұрғыдан келгенде мақал-мәтелдер бойында тоғысатын әрқилы кодтарды (астральдық, вегетивтік, зооморфтық, антропоморфтық, гастрономдық, түр-түстік, сандық т.б.) ішкі құрылымдық жүйені реттеуші тілдік тетіктер деуге де болады» - дей келе [3, 182], «Дүние бейнесін жасауда адамның бүкіл болмысы, қабылдаудан бастап ойлау, саналы түрде өзін дүниенің бір бөлшегі ретінде сезінуге дейінгі күрделі когнитивтік процестердің барлығы қамтылады. Бұл процестен жеке адамның өмір сүріп, тіршілік ететін ортасы – тілдік ұжым және оның әлеуметтік-мәдени тынысы тыс қала алмайды. Сондықтан да адамның шындық болмысты тануынан бастап, этномәдени әлеуметтік ортадағы жүріс-тұрысы, білім дағдысы, өмір сүру кредосы, тәлім-тәрбиесі т.б. барлығы түгелдей тілдік ұжымның рухани-мәдени болмысымен астасып келіп, дүниенің паремиологиялық бейнесінен қайтсе де көрініс табады. Себебі дүниенің паремиологиялық бейнесіндегі басты нысан – Адам» - деген пікірінен паремеологизмдерді тек поэтикалық бірлік, бейнелі сөз деп қана қарамай, дүние бейнесінің мазмұнын түсіндіруші, ұрпақты-ұрпаққа жалғайтын, дүниенің тұтастай бейнесін қамтыған тілтанымдық категория ретінде тануға болады [3, 216].

Когнитивтік лингвистикада бірнеше ғылымның тоғысу процестерін (филология, философия, психология, этнология, теология т.б.) қатар қарастыру үдерісі қалыптасқан. «Қазіргі лингвистикадағы жаңа бағыттар тілдік жүйе аясынан шығып, адамға тілдік қабілетті, ұлттық тілді, мәдениет және менталитетті физикалық және психикалық тұрғыдан ерекше иеленетін тұлға ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Бұлар тілдің негізгі сапасы мен болмысының неге негізделгенін, адам мен әлемнің, тілдердің байланысы мен дүниені танудағы тілдің рөлін пайымдауды ескеруді қажет етеді» [4, 78 б.]. Осы жағынан келгенде ұлттық тілдің ұлы тініне баланатын мақал-мәтелдерді антропоэзеттік бағытта зерттеудің маңызы зор. Себебі, мақал-мәтелдер – лингвистикалық, фольклорлық, педагогикалық, философиялық, прагматикалық, мәдениеттанымдық, этнологиялық, когнитологиялық секілді аспектілерді бір бойына жинақтаған категория. Осыған байланысты, мақал-мәтелдерде бір мәселеден екінші мәселе бірінің артынан бірі жалғасып, бірінен кейін бірі туындап ұласпалы процестердің жүріп отыратындығын байқауға болады. Лингвофилософияның басында тұрған Еуропа тіл білімінің «отбасы ана тілін сақтайтын – соңғы қорған» деген тұжырымына сәйкес, бірді-екілі мақал-мәтелдердің танымдық астарына зер салу арқылы көз жеткізуге болады. Мәселен:

□ *Біреуге тебен тықпас бұрын, өзіңе ине тығып көр* (Бұл мақал қазақ халқының астарлап сөйлеп, тұспалдап ой айтуының этникалық ерекшелігін көрсетеді. Бұл жердегі мақалдың мағыналық астарын тура және ауыспалы мағынада қарастыру қажет. Тура мағынасында ғаламның қарабайыр бейнесінің тілдік үлгісіне сәйкес қарапайым тұрғыда түсіндіруге болады. Адамға иненің жасауындай жасаған қастығын ертең өзіңе тебен болып сұғылатынын астарлап жеткізіп тұр. Яғни, адамға (қасыңа) ине тығу үшін, өзіңе тебен тығып көр, немесе бүгінгі тыққан инең ертең тебен болып өзіңе сұғыларына дайын бол дегенді қарапайым сөз дестемен астарлы ойды жеткізіп тұр. Сонымен қатар аталған мақалды ауыспалы мағынада ғаламның концептуалды бейнесінің негізінде де қарастыруға болады. Мұндағы ине мен тебен салыстармалы бірлік ретінде бір-біріне контрасты категория болып, адам өміріндегі кереғар келеңсіз құбылыстар кінә мен күнә, өкпе мен наз, қызбалық пен қызғаншақтық секілді құбылыстарды астарлап алмастырып қолданып тұрғандығын байқауға болады. Адамға жасаған иненің ұшындай (көзіндей) қысастығың тебеннің ұшындай (көзіндей) болып тиетіндігін өзіңе қарата айтылғандығы (өзіңе тебен тығып көр) аталған мақалдың үлкен ойды арқалап тұрғандығын көрсетеді. Жалпы мақал-мәтелдердің семантикалық мазмұнын ашу барысында «уды умен қайтаруға болатындығы» секілді, мақал-мәтелдерге мақал-мәтелдер арқылы да жауап беріп кетуге болатындығы мақал-мәтелдердің мағыналық өрісінің бір екендігін ғана білдірмейді, олардың прагматикалық тұрғыдан әрбіреуінің өзіндік орнымен де айқындалып тұратындығын байқауға болады. Мәселен аталған мақалға «жағада отырып жүзуді үйретуге болмайды» деп те

мағыналық мазмұнына жауап беруге болады. Бұл да мақал. Бірақ мақал-мәтелдердің мағыналық мазмұны «орынға, жағдайға, уақытқа» сәйкес әркелкі контексте қолданылатындығын естен шығармау керек. Сонымен қатар ең бастысы адам санасына біркелкі ойлау тән еместігін ескеру қажет. Яғни, адамның мақал-мәтелдер арқылы немесе әлемді танудағы мүмкіндігі әркелкі болады). Ш.П.Қарсыбекова: «Өмірдегі әр қилы қарым-қатынастарды әсерлі де көркем бейнелейтін тіліміздегі тақырыбы, мазмұны бай әрі құнарлы салаға – ММ-дер жатады. ММ-дер арқылы халықтың ғасырлар бойы жинақтаған еңбек, өмір тәжірибесі небәрі бірнеше ауыз сөзбен тұжырымдалып беріледі. Олар өмір шындығын дәл де нақтылы, әрі көркем бейнелеп көрсетеді. ММ-дер бір ғасырдың ғана емес, сан ғасырдың жемісі болғандықтан мазмұны да, тақырыбы да кең, сөз етер объектісі де сан алуан болып келеді. Сондықтан да оларды зерттеп, мән-мағынасын терең түсіну үшін жүйелеп, тақырыптық, логикалық тұрғыдан топтастыра, өзара салыстыра қарау қажеттігі туындайды» - деген пікірінен мақал-мәтелдердің өмірлік жағдаяттан алынып, стилистикалық реңкке ие болып, стилистикалық контраста қолданылу арқылы объект (әлем) болмысын тануға мүмкіндік беретіндігін көрсетеді [5, 59 б.].

**Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижесінде**, когнитивтік лингвистикада паремеологизмдерді құрылымдық-мағыналық тұрпаты мен когнитивтік семантикадағы қолданысына басымдық беріледі. Жоғарыдағы мақал-мәтелдердің қолданысынан олардың тілтанымдық мазмұны анықталатындығын байқауға болады. Яғни, тілдегі мақал-мәтелдер бейнелі поэтикалық даналық сөзді арқалаған бірлік қана емес, этностың дүниетанымы мен индивидтің ойлау жүйесінің ұшқырлығын көрсетеді. Мақал-мәтелдерді адам ойы мен қиялының жеткен жеріне дейін коммуникация барысында тұтынуына болады. Бірақ прагматикалық тұрғыдан тиянақты орнын тапқан жағдайда. Ал бұл дегеніміз ұлттық санамен астасқан ұғым ретінде түсіну қажет. Адамзат баласы мақал-мәтелдерсіз өмір сүруі, тілдік қолданыста мақал-мәтелдерді пайдаланбай қалуы мүмкін емес.

**Зерттеу жұмысына қатысты пікірталас (дискуссия).** Дәл осы орайда ойымызды образды түрде әлемдік ақыл ой онтологиясындағы белгілі тұлға Жан Коктоның: «Өнерсіз өмір сүру мүмкін емес, бірақ оның не үшін қажет екенін білмеймін» (Я знаю что искусство совершенно необходимо, только не знаю зачем) немесе «Тіпті сұлулықты елемейтіндердің өздеріне сұлулық әсер етеді» (Красота действует даже на тех, кто ее не замечает) – деген сөздерін қарата айтуға болады. Демек, тілдің танымдық болмысы мақал-мәтелдердің табиғатында жатқандығын көруге болады.

Сонымен қорыта келгенде, этностың тұрмыстық өмірі мен рухани өмірінің көптеген мәселелерін қамтитын типтік жағдаяттардың тілдік таңбасы мен поэтикалық образды сипаттамасы саналатын мақал-мәтелдер арқылы ғаламның паремиологиялық бейнесі қалыптасады. Ғаламның паремиологиялық бейнесі – «тіл – таным» контексінде қарастырылып, этно-мәдени-танымдық құндылықтар биігіне көтерілген тілдік тұлғаның жан әлемі мен рухани іс-әрекеттерінің нәтижесі, танымдық, тағылымдық және өмірлік тәжірибесі халық руханиятымен астасып тілінде сақталады. Паремиологиялық әлем бейнесі – этностың руханияты мен менталитетінің көрсеткіші. Этностың дүниені тану мен қыбылдауындағы мәдени-танымдық дәстүрлі тәжірибесі поэтикалық образды сөздер арқылы санада суреттеліп паремиялар арқылы жарыққа шығады. Тілдегі паремиялардың танымдық мағынасы мәдени мазмұнмен астасып жатады. Себебі, этностың танымы мәдениетінен немесе мәдениеті танымынан көрінеді. Мақал-мәтелдердің танымдық астарында этностың ғасырлық тарихы мен тағылымы, ескі наным-сенімі мен діни көзқарасы, этникалық мәдени-танымдық позициясы мен қоғамдық құрылымының поэтикалық образды бейнесі көрініс тауып жатады.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1 Қайдаров Ә.Т. Халық даналығы (Қазақ мақал-мәтелдерінің түсіндірме сөздігі және зерттеу). – Алматы: Толағай баспасы, 2004. – 560 б.

2 Қаратаев М.Қ. Қазақ совет энциклопедиясы. – Алматы: Қазақ совет энциклопедиясының бас редакциясы, 1975. – 645 б.

3 Сағидолда Г.С. Түркі – моңғол дүние бейнесінің тілдік фрагменттері. – Астана, -2010. – 250 б.

4 Мұсатаева М.Ш., Тымболова А.О. Ұлттық болмысты зерделеудегі тілдің рөлі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №4 (54), 2015 ж. - 76-80 бб.

5 Қарсыбекова Ш.П. Г.Л. Пермяковпен қазақ мақал-мәтелдерін топтастыру принциптеріндегі ұқсастық // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. №1(47), 2014 ж. - 58-62 бб.

Резюме

### ЛИНГВОКОГНИТИВНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ПАРЕМИОЛОГИЗМОВ В ЯЗЫКЕ

С.А. Жиренов - ассоциированный профессор (доцент) КазНПУ им. Абая, кандидат филологических наук (Алматы, Казахстан)

Казахская лексическая система показывает богатство, качества и вообще всю красоту и остроту языка, которая лежит на основе пословиц и поговорок. И это бесспорно. Пословицы и поговорки – общее наследие всего человечества. Пословицы и поговорки душа народа, поэтому оно показатель национальных черт народа и универсальность всеобщего человеческого языкового явления. Пословицы и поговорки – показатель которое имеет народный облик в поэтике языка, с помощью пословиц и поговорок весь смысл слова можно донести кратко, четко и красноречиво. Пословицы и поговорки багаж народа, которое собиралась на протяжении всех веков, и оно определила языковое познания. Истинная жизнь населения и жизненного опыта сохраняются в природе пословиц и поговорок, которые были оставлены в духовных традициях поколения. С развитием науки в жизни появились новые научные подходы в содержании пословиц и поговорок, и он может быть принят в качестве законности той или иной обновляется в зависимости от тенденции времени изучения природы пословиц и поговорок.

**Ключевые слова:** паремиеология, лексическая система, лингвистика, когнитивная, этнопознания, картина мира и т.д.

Summary

### LINGUOCOGNITIVE ORIGINS OF PAREMIOLOGISM IN LANGUAGE

S.A. Zhirenov - associated professor KazNPU of Abay, Candidate of Philology (Almaty, Kazakhstan)

The Kazakh lexical system shows wealth, qualities and generally all beauty and sharpness of language which lies on the basis of proverbs and sayings. And it is indisputable. Proverbs and sayings – the general heritage of all mankind. Proverbs and sayings of a shower of the people, therefore it indicator of national devils of the people and universality all of the general human language phenomenon. Of proverbs and sayings – an indicator which has national shape in language poetics by means of proverbs and sayings all sense of the word it is possible to inform briefly, accurately and eloquently. Proverbs and sayings baggage of the people which gathered for pratizheniye of all centuries and it defined language knowledge. The true lives of the population and vital experience are kept in the nature of the proverbs and sayings which had been left in spiritual traditions of generation. With the development of science in life there have been new scientific approaches in the content of proverbs and sayings and it can be accepted as legality of varying being renewed depending on the trend of time of the study of the nature of proverbs and sayings.

**Keywords:** paremeologizm, lexical system, linguistics, cognition, ethnoknowledge, world picture

МРНТИ 10.02.00

Б.К. Керимкулова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университетінің магистранты (Алматы)

### ЗАҢ САЛАСЫ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ КӘСІБИ СӨЗДЕР

Түйіндеме

Мақалада қазіргі қазақ тіл біліміндегі заң саласына қатысты терминдердің жасалу жолдары мен қолданылу ерекшеліктері қарастырылған. Терминдердің зерттелу тарихынан бастап, қазақ тіліндегі заң терминдерін біріздендіру, термин жасауға қойылатын талаптар айқындау мәселелері сөз болады. Заң терминдері мен кәсіби сөздердің ара жігі, заңнамалық мәтіндердің стильдік ерекшеліктері баяндалады. Термин саналы түрде жасалатын жасанды сөз болғандықтан, оның жасалуына негіз болған тілде бұрыннан бар сөздің мағынасын тарылтуға да, оған қосымша мағына үстеуге де, сондай-ақ сол сөздің негізінде жаңа сөз жасауға болатыны қарастырылған. Терминнің сөз ретіндегі басты белгілері негізге алынған. Жеке сала мәтіндерімен салыстырғанда қылмыстық құқық кодексі тілінің нақтылығы, дәлдігі, дәйектілігін айқындайтын нақтылы мысалдар қарастырылып, өзге тілден енген заң терминдерін қазақ тіліне аудару мәселелері туралы дәйектемелер берілген.

**Түйін сөздер:** заң, заңгер, заң шығару ісі, термин, терминжасам, сала, қаулы, қылмыс әлемі, кодекс, заңнама, құқық

Қазіргі кезеңде мемлекеттік тілді барлық мамандық бойынша білім алушыларға үйретумен қатар кәсіби бағытта тілді үйрету мәселесі басты өзектілікке айналып отырғаны баршаға мәлім. Қазақ елінің әлемдік қауымдастықта беделінің артуы мен шетелдік мамандар арасындағы халықаралық байланысының нығаюы - мамандардың кәсіби тілді толық меңгеруіне жол ашуда. Мемлекеттік тілді кәсіби деңгейде меңгерту мәселесі – бүгінгі таңда аса өзектілікке ие болды.



Заңгер мамандығы тек қана заңдарды білумен шектелмейді, ол сондай-ақ сөз құрауын сөйлеу және жазу түрінде дұрыс қолданудан тұрады. Кез келген заңгер құжатсыз жұмыс істеуі мүмкін емес, ол мейлі сот, прокурор, тергеуші, қорғаушы, құжат құрастырушы қызметінде жүрсе де көптеген құжаттар қалыптастыратын жауапты тұлға болып табылады. Өз кезегінде заңгерге көп сөйлеуге тура келеді, оған түсіндіру, баяндау, жеткізу шеберлігі де қажет. Кеңес бергенде, түсіндіргенде, ұсыныс айтқанда заңгер көбінесе ауызша сөйлескенде де кәсіби тілді қолданады. Ал талап арызы, келісім-шарт, шағым, өсиет, қаулы, шешім, хаттама, айыптау қорытындысы, үкім, ұйғарым, қадағалау хаты, наразылық құжаты сияқты арнайы заңгерлік құжат түрлерін жасау барысында заңгер-маман арнайы тілдік стандарттарға сүйенеді. Тілдік стандарттар орыс тілінде жасалғанымен қазақ тілінде енді қалыптасып келеді. Парламент қабырғасындағы заң шығару ісімен айналысушы депутаттар парламенттік жарыссөздерде, заң шығару ісінде көптеген қиындықтарды мемлекеттік тілде дайын тілдік стандарттардың қалыптаспауынан кездестіреді.

Баршамызға белгілі болғандай, заңгерлер тілі бір ғана күнде қалыптаспайды. Алайда, орыс тілінің функционалдық қызметі әлі де үстем болып тұрған мемлекеттік-әлеуметтік саланың бірі – заң болады. Студенттердің көптеген ғылыми әдебиеті де орыс тіліндегі басылымдардан, шетелдік ғалымдардың орыс тіліне аударылған оқу-әдістемелік құралдарынан тұрады. Осыдан келіп, мемлекеттік тілде заң шығарудан бастап іс жүргізудегі қиындықтар орысша ойлау мәселесімен астасып жатады. Мәселен, *отобрать лицензию, приобщить к делу, составить протокол, причинить вред, доказать виновность, осуществлять надзор* тіркестері орыс тілінде *взять лицензию, присоединить к делу, сделать протокол, делать вред, показать виновность, проводить надзор* түрінде қолданылмайды. Ал, ендеше неге ол тіркестер қазақ тілінде әр түрлі қолданыста болуы керек? *Отобрать лицензию – рұқсаттаманы (лицензияны) кері шақыру – алып қою; приобщить к делу – іске қоса тіркеу – іске қосылуға тіркеу; доказать виновность – кінәсін дәлелдеу – кінәсін мойындату; осуществлять надзор – қадағалауды жүзеге асыру – қадағалауды іске (іс жүзіне) асыру* деп қалыптаспай отырған тілдік стандарттарды көрсетеді.

Сөйлеу тілінде орыс тілінде *убить, лишить жизни – прикончить; мошенник – проходимец; лицо – рожжа, морда; кушать – жрать, хавать, слопать; замолчать – заткнуться; толкаться – пихаться; доносить – наступать; влюбиться – втюриться; обманывать – врать, надувать; деньги – бабки, капуста; подделка – липа, фальшивка; аферист – проходимец, жулик, прохиндей; расторжение брака – развод; умышленно-нарочно; командировать – послать; уведомить – сообщить* т.б. сөздер жарыспалы қолданылса да жазба тілде ресми-іскери стильде тек алдыңғысы ғана қолданылады. Бұл қалыптасқан үрдіс. Ал қазақ тіліндегі заң әдебиеттері мен заңнамаларда тіпті келеңсіз қолданыстардан көз сүрінеді. Мұның өзі заң саласында лексикалық стандарттардың әлі қалыптаспағанын көрсетеді.

Кітаби, бейтарап және сөйлеу тілі лексикасы арасында жаргондардың алар орны ерекше. Қай халықтың болмасын өзіндік сөз қолдану ерекшеліктеріне сәйкес жаргон сөздері болады. Студенттер де тілдік ортаның белсенді мүшесі болғандықтан өзіндік жаргондарға, олардың қалыптасуына үлес қосады. Әр түрлі маман иелерінің өз кәсіби сөздерімен қатар жаргондары да болады. Мәселен, *оқытушы – мұғалімдердегі «окно» – сабақ кестесіндегі бос уақытты айтса, дәрігер – хирургтер көптеген жарақат алған науқасты «сложный череп» (күрделі бас қаңқасы) дейді. Мұндай жаргондар заң бұзушылар арасында жиі кездеседі. Мысалы, перо – пышақ, конверт – қап немесе киім-кешек салынған дорба, фара – көз, поперхнуться – ұрлығын істеп үлгермей қалу, пацан – түрмеде беделге ие адам; пахан – қылмыстық топ басшысы, бригада – қылмыстық іспен айналысушы топ мүшелері, западло-түрме ішкі тәртібін бұзу; легавый – заң орындарына айтып қоюшы; писарь – қалтаны не сумканы кесіп тонаушы; телка – қыз; дело – қылмыстық іс; лох – қолынан іс келмейтін бос адам; базар – әңгіме; наезжать – сөзбен тиісіп кірісу* т.б. Заң мәтіндерінде, баспасөз бетіндегі қылмыс әлемі туралы мақалаларда бұл сөздер аудармасыз беріледі, олар өз бояуын аударма тілмен жеткізе алмайды. *Мент, мусор, счетчик, крыша, танк, разборка, кинуть, беспредел, бардак, терпила* сөздері де қылмыс әлемінің өзіндік жаргондары. Бұл сөздерге қоса заң қызметкерлері арасында қолданылатын кәсіби жаргондар да баршылық. Мысалы, *износ (изноsilованиe) – әйел зорлау ісі; подснежники – қар ерігенде табылатын қысқы мәйіттер; важняк – аса қауіпті әрі ауыр қылмыстарды тергеу ісімен айналысушы заң қызметкері; висяк, глухарь – ашылуы қиын немесе мүлде ашылмайтын қылмыстық іс, громкое дело – атышулы іс, ксива – қызметтік куәлік; проходить по делу – тергеуден өту; пришить дело – қорқыту арқылы істі басқа адамға жабу; замочить – жою; вещдок – заттай айғақ* т.б. Бұлардың бірсыпырасы орыс тілінде *воровское арго* деп аталады, қазақша қылмыс әлемінің сөздері, яғни кез келген адам түсіне бермейді.

Заң мәтіндері, өз кезегінде, жоғарыда айтылған жаргондарды баспасөзден аударып беруге тырысады, алайда, одан оның эмоциялық бояуы бәсеңдеп, түсіндіруі тиіс көп сөзділікке барады.

Жоғарыда келтірілген мысалдар орнына *майталман, кәнігі, құныққан, әдетке айналдырған, кәсіби,*

бауқесне сөздері қолданылады. Осы сөздер арқылы заң тіліне ерекше бояулар беріледі. *Әкілетті мемлекеттік органдарға* заң мекемелері, заң шығару органдары, жергілікті өзін өзі басқару органдары мен жергілікті басқару органдары жатады. Ал заңдық күші бар нормативтік актілерге: Президент жарлықтары мен үкімет қаулылары жатады. *Тәртіптік жазалау түрлері*: ескерту, сөгіс, жеке еңбек келісімшартын бұзу кіреді. *Қызметтік қару түрлеріне* шолақ қару, тапанша, ұзын дүмді тегіс және кесілген қару; *сот сараптамасына енетін түрлерге* алғашқы, комиссиялық, кешенді, қосымша, қайта сараптамалар кіреді. Аталмыш сөз қолданыстары мәтіндерді мазмұндауда жүзеге асырылады, іс тоқтатылады, жауапқа тартылады т.б. сөз тіркестері жүйелі қолданылады.

Соңғы кезде қазақ тіліндегі заңдардың қоғамда қолдануға қолайлы, тиімді болуы үшін олардың бірінші кезекте сапалы жазылуы талап етіледі. Кейбір заңдардың мәтіндеріндегі ойды түсіну қарапайым халыққа қиын түсетіні де рас. Заң саласында орыс заңгерлері С.С.Алексеев, И. Грязин, С.А.Боголюбовтің еңбектерімен қатар Н.А.Власенконың «Құқық тілі» (1997), А.С.Пиголкиннің редакциясын басқаруымен «Заң тілі» (1990) атты іргелі зерттеулері арнайы заң мәтіндерінің, заңнамалық актілердің тілін, қылмыс әлемі лексикасын қарастырды.

Қылмыс туралы мәтіннің тілдік қабылдану, пайымдау ерекшелігі тұрғысынан сөз ете отырып, оның көпшілік қолданысына негізделіп жасалған мәтін болғандықтан, күнделікті құқық саласының өмірінде жиі пайдаланатындықтан, екіншіден, қабылдауға икемді, жеткізу жағы сапалы болғаны орынды. Бұл тұрғыдан осы қылмыстық құқық мәтіндері арқылы ойлау мен тіл бірлігін екінші қырынан қарастыра отырып, яғни, ойдың тілде берілу деңгейін оның қабылдаушы тарапынан қабылданушы деңгейін қарастыра отырып дәлелдеуге болады. Тіл қандай да бір ойды жеткізу құралы екені белгілі. Бұл оның негізгі қызметі болып саналады. Тілші-ғалым З.М.Шаляпина «тілдің белгілі қызметті атқарып, ойды жеткізуі барысында «мағына мәтін» моделдерінің арасындағы байланыс қатаң сақталады», – дегені осы орайда орынды айтылған [1, 25 б.].

Тіл арқылы берілген ойды беруге негізделген мәтіннің қабылдануы оның түсініктілік деңгейіне байланысты. Түсініктілік деңгейі туралы Г.Е.Крейдман, А.К.Поливанова еңбектерінде айтылады. «Бір мәтіндер жеңіл түсініледі, екінші мәтіндер қиындықпен түсіндіріледі, ал үшіншілері «түсініксіз мәтіндерге» жатады», – дей келе, ішкі құрылымдық тілдік құралдардың орналасу тәртібімен байланысты екенін айтады [2, 191 б.].

Заң мәтіндері, оның ішінде, қылмыстық кодекс мәтіндері ойды беру тұрғысынан суық қабылданатын ерекшеліктерге толы келеді. Заң мәтіндері жекелеген салаларға қатысты құқықтар мен ерекшеліктерді анықтап берумен шектеледі. Жеке сала мәтіндермен салыстырғанда қылмыстық құқық кодексінде тікелей барлық қылмыс түрлерін қамти отырып, сол қылмыс түрлері жасалған жағдайда соларға қатысты қарым-қатынасты реттеп беретін болғандықтан қылмыстық кодекс мәтіндерінің тілі барынша суық үдерісте жазылып, тыңдаушы немесе оқушы тарапынан да сол бағытта қабылданады.

ҚР Қылмыстық кодексінің 56-бабының 4-тармағында: «Қылмыс жасауға дайындалғаны үшін және қылмыс жасауға оңталғаны үшін өлім жазасы мен өмір бойы бас бостандығынан айыру тағайындалмайды», – деген бап мәтінінде болымсыздық мағынада жазылған сөйлемнің өзі суық қабылданады [3, 280 б.].

*Қамау, оқшаулау, мәжбүрлеу, кісі өлтіру, өзін-өзі өлтіру, өзіне-өзі қол салу, әскери қызметтен жалтару, ұрып-соғу, психикалық зардап шегу, зорлау, науқасқа көмек көрсетпеу* т.б. суық стильді сөздер мен сөз тіркестері халық арасында «жаман» ұғымын түсіндіруге бағытталады.

Заң мәтіндері ресми мәтіндер қатарына жатады, сондықтан да лексикалық тұлғалар қайталанып келе береді. Бір мәтіннің бойындағы ұдайы қайталанатын тұлғаларды «сериялық қолданыстар», «стандарттар», «біртектілік, штамп» деген атаулармен беруге болады [4, 23 б.]. Бұл ресми-іскери стильдің басты сипаты болса, заң мәтіндеріндегі міндеттеуші пайымдау да осы қайталанба сөздерді басшылыққа алады. *Айқындау, қолдану, жүзеге асыру, шектеу, болып табылады, босатылады, құқылы, жауапқа тартылады* т.б. сөздер мен сөз тіркестері заң мәтіндеріндегі «жауаптылық» пайымдауын көрсету үшін қолданылады. *Немқұрайлылық, салғырттық* сөздерінің заң мәтіндерінде қолданылуы қазақ тіліндегі салақтық сөзінің орнына қолданылып, «жауапсыздықпен қарау» мағынасының прагматикалық мәнін аша түседі, бұл *небрежность, халатность* сөздерінің мағынасын толыққанды түсіндіреді.

Қылмыс - қоғам айнасы болса, адам қоғамы қылмыссыз болмайды. Жауапкер сөзінің орнына ертеде құныкер сөзі қолданылған. Заң мәтіндері тым қарапайым жазылуы мүмкін емес, өйткені ол ойдағы дәлдік пен нақтылықты басқаша түсіндіре алмайды, эмоция-экспрессиясыз жинақы жеткізу үшін де тілдегі ойды қабылдау ерекшелігі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Шалыгина З.М. К проблеме моделирования языковой компетенции и языковой деятельности человека в рамках общей модели языковой действительности // Референция и проблема текстообразования. – М.: Наука, 1988. – С. 214-232.

2 Крейман Г.Е., Поливанова А.К. Дедуктивная правильность текста // Референция и проблемы текстообразования. – М.: Наука, 1988. – С. 191-213.

3 Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. – ҚР заңы. – Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 280 б.

4 Балақаева М., Жанпейісов Е., Томанов М. Қазақ әдеби тілінің мәселелері. – Алматы, 1961. – 131 б.

Резюме

## ОСОБЕННОСТИ ОБРАЗОВАНИЯ ЮРИДИЧЕСКИХ ТЕРМИНОВ И ПРОФЕССИОНАЛЬНЫХ СЛОВ

Керімқұлова Б.К.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казакский государственный женский педагогический университет

В статье рассмотрены особенности и способы образования терминов казахского языкознания в сфере действия закона. Рассматривается вопрос о конкретизации требований в унификации и образовании юридических терминов на казахском языке начиная с изучения истории терминов. Подробно рассматривается роль словообразования в процессе обновления лексики, анализируются основные традиционные продуктивные, непродуктивные и не свойственные казахскому языку способы образования терминов. Соотношение профессиональных слов и юридических терминов их стиливые особенности излагаются в законодательных текстах. В статье приведены конкретные примеры на чёткость, точность последовательность юридических текстов по сравнению текстами с другого направления, даётся информация о переводе юридических терминов иноязычного происхождения. Основная цель исследования показать динамику и вариативность использования словообразовательных элементов в процессе обновления терминологии точных наук.

**Ключевые слово:** закон, юрист, термин, сфера, постановление, преступный мир, кодекс, законодательство, право

Summary

## THE FEATURES OF THE FORMATION OF LEGAL TERMS AND PROFESSIONAL WORDS

Kerimkulova B.K.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh state women's teacher training university

The article discusses the features and methods of formation of terms of the Kazakh linguistics the scope of the law. We consider the specification of the requirements in harmonization and formation of legal terms in the Kazakh language, starting with the study of the history of terms. In this article provides specific examples for clarity, accuracy, consistency of legal texts compared from a other direction, information is given about the translation of legal terms of the foreign origin. We are consider the role of word formation in the process of updating the vocabulary, analyzes the basic traditional productive, unproductive and not peculiar to the Kazakh language, the ways of formation of terms.

**Key words:** legislation, lawyer, legislative, term, terminology, sphere, resolution, criminal world, codex, legislature, law

Б.Қасым<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан,

Г.Нурбекова<sup>2</sup>

<sup>2</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан

## ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ҚАТЫСЫ БАР ЗАТ ЕСІМ ЖАСАЙТЫН ЖҰРНАҚТАР

Аңдатпа

Тілдік бірліктердің ішінде, әсіресе, жұрнақтар – тұлғасы мен қызметі жағынан көп өзгеріске ұшырай қоймайтын тұрақты категория. Бұл мақалада «Қутадғу билиг» пен «Ғибат-ул хақайик» ескерткіштері тіліндегі зат есім жасайтын жұрнақтар қазақ тіліндегі сол тектес жұрнақтармен салыстырыла отырып, олардың грамматикалық мағынасы, қолданылу аясы, дыбыстық құрамы, құрылысы, семантикалық өрісі, тұлғалық сипаты зерделенген. Көптеген жұрнақтар сөздердің мағынасын жалпылама атауға айналдырып отырғанын берілген мысалдардан көруге болады. Чы-жұрнағы адамдардың белгілі бір қызметінің атауына меңзейтін жалпылама қолданыстағы мағынаны білдіреді. Бұл жерде кәсіп, айналысатын іс-әрекет, әдеттер, бейімділік т.б. қызметті ғана білдіріп қоймай, тұлғалардың кәсіптері, әдеттері, айналысатын іс-әрекеттерінің атауы мен іс иесі болып табылатынын көрсетеді. Сондай-ақ бұл жерде қазақ тілінде жоқ жұрнақтардың да ерекшеліктері нақты фактілермен сипатталған.

**Кілт сөздер:** сөз жасау, ескерткіш тілі, зат есімге айналу, түбір сөз, туынды сөз, көне жұрнақтар, сөз мағынасы, модаль сөздер

Ежелгі дәуірлерден қазірге дейін сөз жасау қабілетін жоймаған аса өнімді жұрнақтардың бірі -ЧЫ/-ЧИ жұрнағы. Бұл жұрнақ түркі тілдерінің барлығында да бар. «Қутадғу билиг», «Ғибат-ул хақайик» ескерткіштері тілінде зат есім мен етістіктен зат есім тудырады; Қамуғ иг тоғақа бу *емчи* ерүр ҚБ 313 (Барлық ауру -сырқауларды емші емдейді); Темүрчи етүкчи йана қырмачы ҚБ 32 (Темірші ұста, етікші және тері илеуші); Бодун кой саны ол беги *қойчысы* ҚБ 58 (Қара халық қой сияқты болса, оның басшысы қойшы сияқты); *Йылқычы* игдиш үкилитсүни ҚБ 400 (Жылқышы мал санын көбейтсін); *Йұлдызчылар* бирла қатылмақыны айур ҚБ (Жұлдызшылар сырлары туралы айтылады). Бұл сөйлемдегі *емчи*, *етүкчи*, *қойчы*, *йылқычы*, *йұлдызчы* туынды сөздері *ем*, *етүк* (етік), *қой*, *йылқы*, (жылқы), *йұлдыз* (жұлдыз) зат есімдерінен жасалған. Қай-қайсы да зат есім түбірлеріне тікелей жалғануымен ерекшеленеді. Бағырсақ керак қойқа қой *қутчиси* ҚБ 58 (Шопан қойға мейірбан болу керек); Есизка от ерди йағықа *бузғучы* ҚБ 41 (Ақымақтарға от сияқты еді, жауларына талқандаушы); *Йоңақчы* йақын болса тегрүр йодуғ ҚБ 166 (Өсекшімен жақын болсаң бәлеге ұшырайсың); Қайұсы *басымчы өлүтчи* қыруқ ҚБ 134 (Олардың қайсы бірі қанаушы, өлтіруші, қырушы); Ағычы *битигчи* йа иш тутуғчы ҚБ 136 (Қазынаны, көшіруші немесе іс жүргізуші); Елиг *туттачымга* егирса муң-а ҺХ 30 (Қол беруші қамқоршыма мұң үйірсе); Осы сөйлемдердегі *қутчи*, *бузғучы*, *йоңақчы*, *басымчы*, *битигчи*, *туттачы* туынды зат есімдері *қут* (күту), *буз* (бұзу), *йоңа* (өсектеу), *бит* (жазу), *бас* (басып алу), *битут* (тұту) етістіктерінен жасалып тұр. Алайда -чы-чи жұрнағы *қут* етістігінен басқа сөздердің түбіріне тікелей жалғанбаған. Құранды түрінде келеді: -ғу+чы, -қы+чы, -ым+чы, -иг+чи, -а+чы. Бұлардың ішінде -чы/-чи-дің алдында тұрған -қ (-ақ, -ек), -ым (-ім), -иг (-ік) формалары етістіктен зат есім жасайтын жұрнақтар. Қазіргі кезде көбіне түбірге сіңіскен күйінде жұмсалады. Ғу+чы, та+чы этимологиясы күнгірттенген көне жұрнақтар. Құранды жұрнақтар кейінірек талданады.

Зерттеп отырған -чы/-чи жұрнағы жалғанған зат есімдер аталған ескерткіштер тілінде төмендегідей бірнеше мағынада жұмсалады:

1 Зат есімдерге қосылып, белгілі бір іспен яки кәсіппен шұғылданатын адамды білдіреді: *тарығчы*, *етікчи*, *қушчы* (құс аулаушы), *тузақчы* (тұзақ салушы), *йылқычы* (жылқы бағушы), *қойчы* (қой бағушы) т.б.

*Тарығчы* тарығда ерик болсуни ҚБ 333 (Егінші егінді өз қалауымен ексін); *Темүрчи етүкчи* йана *қырмачы* ҚБ 321 (Темір соғушы ұста, етікші және тері илеуші); Көрүнмаз тег ол көр *тузақчы* сеңа Бу дүнийа неңи ол сачылмыш мең-а ҚБ 208 (Тұзақ құрушы, ақылға салып аңла, саған көрінбей тұрады. Бұл

дүние заты да алдау үшін шашылған жем сияқты). Мұндай туынды сөздерден кәсіп иелерінің немен шұғылданатыны айқын аңғарылады.

2 Кейбір зат есімдерге жалғанып, қызмет, мамандық атауын білдіреді: *ағытчы* (қазынашы), *ашчы* (аспаз), *оқчы* (мерген), *йұлдузчы* (астролог), *йүкчи* (жүк тасушы), *йығаччы* (ағаш ұстасы), *сырчы* (суретші) т.б.

Ағылыққа қылса *ағытчы* сени Бүтүн чын болур сән йорығыл көни ҚБ 224 (Қазынаға сени қазынашы етіп қойса, барынша адал бол, әділдік ет); Арығ болса *ашчы* арығ аш берүр ҚБ 121 (Аспаз адал болса, таза ас береді); Йадағ *оқчы* түшрүп сен өндин йүгүр ҚБ 88 (Жаяу мергендерді қалдырып, өзін алға жүгір).

3 Осы жұрнақ арқылы белгілі бір іс-әрекеттерге бейімділікті, икемділікті, ықылас білдірушілікті аңдататын зат есімдер жасалады: *борчы* (маскүнем *учақчы* (өсекші), *озунчы* (жалақор, зиянкес), *қарақчы* (тонаушы), *отачы* (емші) т.б.

Ким ол *борчы* ерса киши йиги ол Кедак ерса йилиг йүри *борчы* бол ҺХ 396 (Кім маскүнем болса, кісінің тәңірі сол, Тәуір болғың келсе, бар, маскүнем бол); *Ушақчы* кишиг қылма, өзқа йақын ҚБ 38 (Өсекші кісіні өзіңе жақын ұстама), *Озунчи* кишига қатылма йыра ҚБ 303 (Бәлеқор кісіге қосылма, қашық бол). Бұл сөйлемде -чы жұрнағы арқылы пайда болған туынды зат есімдер *шарпақа* (бор), *өсекке* (ушақ), *бәле-жалеге* (озун) жақын жүрушілерді мегзеп тұр.

4 Осы жұрнақ үстелгенде зат есімдердің түбірлері адамдардың атқаратын істерін, борыштарын, міндеттерін білдіреді: *савчы* (құдайдың хабаршысы), *башчы* (жетекші, басшы), *сақчы* (күзетші, сақтаушы).

Йалавачларда өдүрүнтүсі улуғ *сабчысы* ҚБ 2 (Пайғамбарлардың тандаулысы, құдайдың ұлы хабаршысы); Қалы езгү болса бозун *башчысы* Қамуғ езгү болды аның *ишчиси* ҚБ 75 (Егер халықтың басшысы ізгі болса, оның қызметкерлері де ізгі болады); Қамуғ ишка *йолчы* билиг бар укуш ҚБ 393 (Барлық іске білім мен ақыл жол сілтей алады). «Құдайдың хабарын жеткізу», «халықты, елді ұйымдастыру», «жол сілтеу» семалары мысалға алынған сөйлемдерде *сав* (сөз), *баш* (бас), *йол* (жол) түбірлері арқылы жеткізіліп тұр.

5 Етістік түбірлі сөздерге жалғанып, кәсіп, мамандық иелерін білдіретін туынды зат есімдер жасайды: *қырмачы* (тері илеуші), *йорғучы* (түс жорушы), *басғучы* (басқарушы, билеуші), *билдүргүчи* (хабаршы), *оқытчы* (жаршы) т.б.

*Темүрчи етүкчи* йана *қырмачы* ҚБ 321 (Темір ұстасы, етікші және тері илеуші); Түшүг езгү йорса бу түш *йорғучы* ҚБ 314 (Түс жорушы түсті жақсыға жорыса); Қалам бирла басты ол ел *басғучы* ҚБ 131 (Ел басқарушы елді қаламмен басқарады); Мени ыдты елиг *оқытчы* сеңа ҚБ 99 (Ел билеуші мені саған хабаршы етіп жіберді). Бұл жұрнақтың грамматикалық мағыналары қаншалықты кең болғанымен, түпкі тегі бір. Э.В. Севортянның сөзімен тұжырымдасак: «Суффиксы на -чы все являются обозначениями лиц по их деятельности в широком значении слова. Сюда входят значения: профессии, занятия, привычки, склонности, влечения, приверженности и т.п., а существительные на -чы соответственно названия лиц по их профессиям, занятиям, привычкам и т.д. Наиболее древним в этом перечне являются значение профессия занятия, все остальные представляют собой его дальнейшее развитие» [1,84 б.]. Қазіргі қазақ тілінде «адамның белгілі бір дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын білдіруі», сондай-ақ «қоғамдық ағымды я көзқарасты (идеяны) жақтаушының және белгілі бір ұйымға қатысушының атын білдіруі» аталған жұрнақтың даму мүмкіншілігі әлі де зор екендігін көрсетеді.

Қазақ тілі тарихын зерттеуші ғалым М. Томанов көне дәуірлерде «-шы, -ші, -чы, -чі істің иесін, іс-әрекетті жасаушы субъектіні білдіретін сөздер жасаған. Есім түбірлерге немесе етістіктен есімге айналған түбірлерге жалғанып, іс иесін – субъектіні, кәсіпкерді білдірген. Қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы да сондай», – деп жазады [2,171 б.]. Жоғарыдағы талдаулар осы пікірдің дұрыстығын көрсетеді.

-чы/-чи жұрнағының тағы бір ерекшелігі етістіктен зат есім, етістіктен етістік жасайтын жұрнақтардың үстіне жалғана береді: *бил+гү+чи* (білуші, білгіш), *кес+гү+чи* (кесуші), *буз+гү+чы* (бұзушы), *қол+гү+чы* (сұраушы, тіленуші), *бас+ым+чы* (басып алушы, қанаушы), *кес+им+чи* (бас кесуші, жауынгер), *қап+уғ+чы* (қақпа күзетуші), *оқ+ығ+чы* (шақырушы, жаршы), *қон+ут+чы* (қондырушы, үй жалдаушы), *бас+ут+чы* (қамқорлық жасаушы), *оқ+ыт+чы* (хабарлаушы, жаршы), *қыр+ма+чы* (тері илеуші) т.б. Бұл мысалдардағы -ғу/-гү, -ым/-им, -уғ/-ығ, -ут/-ыт, -ма жұрнақтары етістіктен есім жасап тұр. *Билдүргүчи* (хабаршы) туынды зат есімінің құрамы күрделі: ең алдымен бил (біл) түбірінен -дүр өзгелік етіс жұрнағы арқылы туынды етістік жасалған. Одан көне -гү жұрнағы арқылы *билдүргү* (білдіру) зат есім пайда болған. Ең соңында барып іс иесін білдіретін -чи жұрнағы қосылады.

-ЛҮҒ (-ЛҮҚ, -ЛЫҒ/-ЛЫҚ, -ЛҮГ/-ЛҮК, -ЛИГ/-ЛИК) жұрнағы. Бұл жұрнақ көне түркі жазба ескерткіштері тілінде де, қазіргі түркі тілдерінде де ең өнімді сөз жасаушы жұрнақ болып есептеледі. -Өнімді сөз жасаушылық қасиетінің ықпалынан да болар аталмыш жұрнақтың фонетикалық варианттары

да көп. Мысалы, азербайжан тілінде төрт варианты (-лык/-лик, -луғ/-лүк) болса, қазақ тілінде алты варианты (-лык/-лік, -дык/-дік, -тық/-тік) бар. Қырғыз тілінде тіпті он екі түрлі варианты (-лык/-лік, -лук/лүк, -дык/-дік, -дук/дүк, -тық/-тік, -туқ/-түк) кездеседі. XI-XII ғасырлар ескерткіштері тілінде жоғарыда санамаланғандай сегіз түрлі варианты ұшырайды. Мысалдар: *йоқлуғ* (жоктық), *тоқлуғ* (тоқтық), *қонуқлық* (қонақтық), *йалғузлуқ* (жалғыздық), *йадағлығ* (жаяулық), *аталығ* (аталық), *төрүлуғ* (төрелік), *едгүлүт* (ізгілік), *севүглүк* (сүйікті), *бүтүнлүк* (бүтіндік) т.б. Алайда ерін және езу үндестігіне қарай [3,10-27 бб.], жіктелген бұл варианттар сөз мағынасын өзгертуге ешқандай қатысы жоқтығымен ерекшеленеді.

XI-XII ғасырлар ескерткіштері тілінде -луғ (-лук, -лығ) -лық, -лүг/-лүк, -лиг/-лик жұрнағы арқылы жасалған туынды зат есімдердің түбірі негізінен сын есімдер мен зат есімдер болып келеді. Сан есімнен, есімдіктен, үстеуден жасалған зат есімдер де кездесіп қалады. Бірақ бұлардың үлес салмағы аз. Түбірі араб, парсы сөздері болып келетін зат есімдер де ұшырайды.

Бұл жұрнақ өздері қосылған сөздерден «Қутағу билиг» және «Ғибат-ул хақайик» ескерткіштерінде мынадай грамматикалық мағыналарды тудырады.

1 Сын есімдерден сапаны, күйді білдіретін зат есімдер жасайды: *улуғлуқ* (ұлықтық), *тоқлуғ* (тоқтық), *толулуқ* (толықтық), *учуғлуқ* (арзандық), *ачлық* (аштық), *егрилик* (қисықтық, түзу еместік) т.б. Бұл ежелгі дәуірден қазірге дейін сақталған. Телим қалғу ермас *тириглик* күни Узун барғу ермас улуғлуғ үни ҚБ 440 (Біле білсең тіршілік күндері ұзаққа созылмайды Ұлықтық даңқы да мәңгілік емес); Кедим бирла тап тут қарын *тоқлуғын* ҺХ 186 (Киім мен қарынның тоқтығын қанағат ет); *Көнилик* тонын кей қойуп егирлик ҺХ 167 (Қыңырлықты тастап шындықтың тонын ки).

2 Сын есімдерден адамның ерекше қасиеттерін, мінез-құлқын сипаттайтын сөздер жасайды: *аллық* (алыптық), *авучқалық* (қарылық), *саранлық* (сарандық), *тетиглик* (сезімталдық), *суқлуғ* (сұқтанушылық), *усаллық* (осалдық), *одуғлуқ* (қырағлық) т.б.

Увутқа болуп қорқлық *аллық* қылур (Ұятқа қалмас үшін қорқақ ерлік жасайды); Йигитликка өкүнүп *авучқалықын* айур ҚБ 10 (Жігіттік дәуреніне өкініп, қарттық дәуренін баян етеді); *Саранлыққа* ынға негү бар азын ҚБ 130 (Сарандықтан төмен не нәрсе бар?); *Тетиглигда* кендү аяздин озук ҺХ 55 (Сезімталдықта Аяз бидің өзінен озық); *Усалық* била өлди ер мың тұман ҚБ 43 (Бейқамдықтың салдарынан мындаған адам өлді).

3 Нақты мағыналы зат есімдерден дерексіз (абстракт) мағыналы зат есімдер жасайды: *кишилик* (адамгершілік), *өгәлик* (данышпандық), *чығайлық* (кедейлік), *йигитлик* (жігіттік), *битиглик* (сауаттылық), *йағылық* (дұшпандық) т.б. Қаны қанча барды *кишилик* есиз ҺХ 386 (Адамгершіліктен безгендер қаншалықты жерге дейін барды, байқадың ба); Қайука *өгәлик* тегүр өг булур ҚБ 239 (Кімге данышпандық жетсе, ақылды болады); *Чығайлық* йарынлық азуқ йоқлуқы чығайлық теп айма тавар йоқлуқын ҺХ 187 (Кедейлік деген ертеңге тамақ жоқтығы, мал-мүліктің жоқтығын кедейлік деп айтпа); Негү тер ешитгил *йағылығы* киши йағы бирла урушу тұкамиш йаши ҚБ 249 (Жауы бар кісі, жауымен күресе-күресе өмірін тауысқан кісі не деп айтады, тыңда).

4 Нақты (конкретті) мағыналы зат есімдерден нақты мағыналы зат есімдер де жасай алады: *йаруқлуқ* (жарық нұры), *кедгүлүк* (киім-кешек), *уқуғлуқ* (ақыл, парасат), *тириглик* (өмір), *байлық* (мал-мүлік, қазына), *мүйанлық* (кедейлер түнейтін қонақ үй). Тоғар күн қамуғқа *йаруқлуқ* берүр ҚБ 69 (Күн шығады, барша әлемге жарық нұрын себеді); Бу дүниа ненидин йегү *кедгүлүк* ал ҺХ 189 (Бұл дүние затынан керегіңше ас-тамақ, киім-кешек ал); Қоқуз қыл бу *байлық* мүйан ал толу ҚБ 381 (Бұл қазына – байлықты азайт, оның орнына қайырымдылығыңды көбейт); Муңазты *мүйанлықда* түшти барып ҚБ 46 (Ол мұңайды да, кедейлер түнейтін қонақ үйге барып түсті).

5 Заттың мекенін, өсетін, өнетін орнын білдіретін сөздер жасайды: *ажунлығы* (дүниелік), *тарығлық* (егіндік), *чечеклик* (гүл өсетін жер) т.б.

*Ажунлығы* белинка қаты қут қуры Қозы бирла қатлып йорытты бөри ҚБ 26 (Дүниелік адамдар беліне бақыт белбеуін буынды Бөрілер қозылармен араласып жүрді); *Тарығлық* теп айды ажунны расул Тарықлықда қатлан тары едгүлүк ҺХ 191 (Пайғамбар бұл дүниені егістік деп айтты Егістікке еңбек ет те ізгілікті сеп); *Чечекликда* санвач өтәр мың үнүн ҚБ 18 (Гүл бағында бұлбұлдар мың құбылтып сайрайды).

6 Үстеулерден, модаль сөздерден зат есімдер жасайды: *бүтүнлүк* (адалдық, туралық), *өкүшлүк* (көптік, молдық), *едизлик* (жоғарылық), *артуқлуқ* (артықшылық), *инчлик* (тыныштық), *толулуқ* (толылық), *барлығы* (бай) т.б.

*Бүтүнлүк* била қылды барча ишиг ҚБ 131 (Ол барлық істі адалдық көрсетіп істеді); *Өкүшлүк* не асғы өлүмдин кедин ҚБ 376 (Өлгеннен кейін молшылықтың не қажеті бар?); Муны бергүқа бир күчүң йетмаса Не *артуқлуқуң* бар маңа ҚБ 220 (Мұны беруге еш күшің жетпесе Менен қандай артықшылығың бар?); Атым ерди Айтолды қылдым толу Ерилди *толулуқ* тұқар өз өлу ҚБ 109 (Атым еді Айтолды толыстым. Енді толықтығым жұқарып өзім өлім халіне келдім).

7 Араб, парсы сөздерінен зат есімдер жасайды: *жанлығ* (тірі мақлұқ), *везірлық* (уәзірлік), *әзизлік* (ғазиздық, асылдық), *ақылық* (жомарттық), *хадживлық* (хаджиптық), *зүһдлық* (құдай жолына берілгендік) т.б.

Сезиксіз өлүм бір күн ахыр келир Тирилмиш бу *жанлығ* жанын алғалыр ҚБ 116 (Күмәнсыз өлім ақыры бір күн келеді Өмір сүріп жатқан тірі мақұлдықтардың жанын алады); Йалынғуқ оғланы *әзизлики* билиг уқуш бирла ердүкүн айур ҚБ 16 (Адамзат баласының ғазиздікке, ізгілікке білім мен ақыл арқылы жететіндігі туралы әңгімелейді); Амал қойды алим заһид *зүһд* варағ ҺХ 391 (Ғалым еңбек етуді, сопы құдайға құлшылық еткенін қойды).

Аталмыш жұрнақ зат есім жасаумен қатар сын есім жасауға да қатысады. Мысалы, *көркүлүг* (көрікті), *өглүг* (ақылды), *баһалығ* (бағалы), *арығлығ* (тәртіпті), *һұнарлығ* (құнарлы) т.б. сын есімдер.

Көне түркілік -луғ (-луқ, -лығ/-лық, -лүг/-лүк, -лиг/-лик) жұрнағы қазақ тілінде -лық/-лік, -дық/-дік, -тық/-тік болып қалыптасқан. Анығырақ айтқанда, жұрнақ құрамындағы еріндік у, ү дауыстылары ғ,г ұяндары қолданыстан мүлдем шығып қалған. л үндісі т, д дауыссыздарына вариантталған. Еріндік дауыстылар оғыз, қарлұқ-ұйғыр тілдерінің, олардың қысқанданған езулік сыңары қыпшақ тілдерінің белгісі болып есептеледі [4,84 б.]. Өзіміз зерттеп отырған ескерткіштерден *айлық*, *жылдық*, *апталық*, *түстік* сияқты мезгілдік мағынаны білдіретін, есептік сан есімдерден жасалады.[5,16б.] Бұл жұрнақ қазақ тілінде құралдың атын білдіретін зат есім мен адамның мекен-жайын, тұрағын, шыққан жерін білдіретін нақтылы мағыналы зат есімдерден бастап, жинақтық, молшылық, бір нәрсеге тәнділік, мөлшерлік тәрізді абстракциялы ұғымды білдіретін зат есімдер жасайды.

*Қолданылған әдебиеттер:*

- 1 Севортян Э.В. *Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке.* – М.: Наука, 1966. – 438 с.
- 2 Томанов М. *Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.* – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
- 3 Джунисбеков А. *Сингармонизм в казахском языке.* – Алма-ата: Наука, - 110 с.
- 4 Сағындықұлы Б. *Алтын Орда жазба ескерткіштерінің (XIV ғ.) салыстырмалы лексикасы.* – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 111 б.
- 5 Ақбердыева Б.Қ. *Тілдегі семантикалық үдерістердің психологиялық негіздері, Хабаршы, Абай ат.ҚазҰПУ, филология ғ. №2, 2016-16б.*

*Белгілер мен қысқартулар:*

- ҚБ 380– «Құтадғу билиг» ескерткішінің 380 - бәйітінде деген мағынаны білдіреді  
ҺХ 41 – «Ғибат-ул хақайиқ» ескерткішінің 41 - бәйітінде деген мағынаны білдіреді  
ДТС 112 – «Көне түркі сөздігінің» 112 - бетінде деген мағынаны білдіреді

*Резюме*

**СУФФИКСЫ СУЩЕСТВИТЕЛЬНЫХ, ИМЕЮЩИЕ ОТНОШЕНИЯ К ТЮРКСКИМ ЯЗЫКАМ**

Касым Б<sup>1</sup>.

<sup>1</sup>ҚазНПУ имени Абая,  
Нурбекова Г<sup>2</sup>.

<sup>2</sup>ҚазНПУ имени Абая

В языковых единицах особенно суффиксы – по функции и по значению не подвергаются изменениям и являются постоянной категорией. В данной статье рассмотрены некоторые вопросы образования существительных с помощью суффиксов в казахском языке и их схожесть с другими суффиксами в языке памятников «Құтадғу билиг», «Ғибат-ул хақайиқ», их грамматическое значение, семантическое ядро, звуковой состав и пути применения. Суффиксы на -чы все являются обозначениями лиц по их деятельности в широком значении слова. Сюда входят значения: профессии, занятия, привычки, склонности, влечения, приверженности и т.п., а существительные на -чы соответственно названия лиц по их профессиям, занятиям, привычкам и т.д. Наиболее древним в этом перечне являются значения профессия занятия, все остальные представляют собой его дальнейшее развитие. Особенности суффиксов, которых нет в казахском языке, тоже описаны на примере конкретных фактов.

**Ключевые слова:** Словообразование, язык памятника, переход в существительное, происхождение слова, корень слова, производное слово, древние суффиксы, значение слова, модальные слова

Summary

SUFFIXES OF NOUNS, HAVING ATTITUDES TOWARD TURKIC LANGUAGES

Kasym B<sup>1</sup>.

<sup>1</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai

Nurbekova G<sup>2</sup>.

<sup>2</sup>Kazakh National Pedagogical University named after Abai

In language units suffixes - on a function and by are not exposed to the changes by function and value and are a permanent category. In this article some questions of formation of nouns by means of suffixes in Kazakh and their likeness are considered with other suffixes in the language of monuments of "Құтадғу билиг", "Ғибат-ул хақайиқ", their grammatical value, semantic structure, voice composition and ways of application. Suffixes on – чы all are denotations of people. Suffixes on -чы all are denotations of people on their activity in the wide value of word. Here values enter: professions, employments, habits, inclinations, appetences, to adherence etc., and nouns on -чы accordingly the names of people on their professions, employments, habits etc. Most ancient in this list it is been value profession of employment, all other are his further development. The features of suffixes that is not present in Kazakh are too described on the example of certain facts.

**Keywords:** Word-formation, language of monument, passing to the noun, origin of word, root of word, derivative, ancient suffixes, value of word, modal words

МРНТИ 16.01.33

А.Ж. Құрманбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ. Қазақстан

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ ЖҮЙЕ ҰҒЫМЫНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада терминология саласы үшін өте маңызды болып табылатын мәселе терминологиялық жүйе ұғым ерекшеліктері қарастырылады. Сондай-ақ, терминнің жүйелілік табиғаты нақтыланып, жүйелілік принципі жеке терминологиялық жүйелер ұйымдастырылуы мен оларды зерттеудің жетекші принципі болып табылатыны дәлелденді. Сонымен, жұмыста қазіргі қазақ терминологиясының синхронды жағдайы мен оның қалыптасуының дерек көздері мен арналары, жеке терминдер мен терминологиялық жүйелердің жасалу уақыты, әдіс-тәсілдері оның қаншалықты күрделі және сан алуан түрлі ерекшелігін көрсететіні жайында тұжырымдар жасалып, әрбір ұлттық тілдің терминологиясы сол ұлт өкілінің танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижесі, қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларындағы арнаулы ұғымдар атауларынан көрініс беретіні айқындалды. Осы тұрғыдан келгенде жеке қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына кәсіби тіл атаулары да жатқызылатыны анықталды.

**Түйін сөздер:** терминологиялық жүйе, терминологиялық өріс, жүйелілік, кәсіби тіл атаулары, ұғымдар жүйесі және т.б.

Жалпы терминология саласының маңызды сұрақтарының бірі термин мен тілдегі сөз сәйкестігі екенін атап өткен жөн. XX ғасырдың 30-шы жылдарында термин сөздердің ерекше табиғаты жайында Г.О.Винокур: «термин ерекше сөз емес, ерекше қызмет атқаратын сөз бірлігі» - деп көрсетеді [1, 7 б.]. Ал А.А.Реформатский: «Бір қарағанда, терминология саласы өзінің шектеулі параметрлерімен ерекшеленсе, екінші бір жағынан, қарапайым сөйлеумен үнемі өзара әрекеттестікте болады. Әрбір қарапайым сөз арнаулы сөздікке енгізілуі арқылы термин болып, әрбір термин аталушы затпен дәл сәйкестігін жоғалту негізінде қайтадан күнделікті сөйлеуге оралуы да мүмкін» - деп жазады да [2, 165 б.], терминнің негізгі тілдік сипаты жүйе ұғымымен байланыстырылады: «терминнің ерекше қызметі сол терминнің кіретін жүйесімен анықталады, жүйеден тыс болған жағдайда ол өзінің терминдік сипатын жоғалтады» [3, 55 б.].

Терминологияға қатысты зерттеулердің басым көпшілігінде терминнің жүйелілік табиғаты «нақты бір білім саласының ұғымдар жүйесін қалыптастыру қабілеті», «терминнің терминдер жиынтығын құрап көрсету қасиеті», – деп анықталады [4, 93 б.]. Яғни, термин жүйелілігі дегеніміз – оны жалпықолданыстық тіл лексикасынан айрықша етіп көрсететін ерекше қасиеті болып саналады. Осымен байланысты ғалым В.А. Никифоров: «Терминология – жүйеге байланысты ерекше қызметі негізінде айрықша лексикалық топты құрайды. Терминология жүйесі жалпы тіл жүйесінің белгілі бір бөлігі ретінде ғылыми ойды білдірудің құралы. Терминология дегеніміз – жүйе. Терминологиядан тыс болған жағдайда сөз терминдік сипатын жоғалтады, бірақ аталымдық қызметін сақтап қалады, өйткені аталымдық қызмет сөз атаулының жалпы қасиеті» - деген тұжырым жасайды [5, 114 б.].

Сонымен ғалым Г.О. Винокурдың пікірі бойынша, терминнің ерекше белгілеріне мыналар жатқызылады: 1) термин мағынасының арнаулылығы, семасиологиялық шеңберлерінің нақтылығы; 2) оның интел-



лектуалдық тазалығы, яғни жалпықолданыстық айтылымдарға тән келетін бейнелі және эмоциялық реңктерден шектеулігі [1, 3 б.]. Осы тұрғыдан келгенде, термин қызметінің өзі жүйесі арқылы анықталады. Сондықтан да көптеген тіл зерттеушілерінің пікірлері бойынша, қазіргі таңда термин мәселесін зерттеудің теориялық және практикалық аспектілері лексиканың жүйелілік сипатымен тығыз байланысты. Себебі, жүйе шеңберінде ғана оның компоненттерінің маңызы толыққанды айқындалып, терминологиялық кішігірім жүйелердің орны анықталады (А.А.Уфимцева, М.И.Черемисина және т.б.).

Жүйелілік принципі жеке терминологиялық жүйелер ұйымдастырылуы мен оларды зерттеудің жетекші принципі болып табылады. Бұл концепцияның авторы ғалым Д.С.Лоттенің көзқарасы бойынша, кез келген білім саласының терминологиясы терминдер жүйесі ретінде сипатталады [6, 4 б.]. Ұйымдастырылған жеке ғылыми терминология мен сол ғылым саласының ұғымдар жүйесінің арасындағы байланысты ғалым А.А.Реформатский де өз еңбектерінде ерекше атап өткен. Өткен ғасырдың соңында жарық көрген ғылыми әдебиеттерде термин жүйелілігіне ерекше назар аударылады: «Түрлі ғылым терминдеріне жүйелілік пен белгілі бір терминология шеңберіндегі бірліктерге ішкі және қатаң тәуелділік тән келеді. Әрбір термин белгілі бір ғылым, техника саласының жабық жүйесінде, терминологиялық өрісінде орын алады» [7, 86 б.], «Терминдер арасындағы байланыс пен бірлігі өздері атау болып табылатын реалий мен ұғымдардың тұтастығымен айқындалады. Терминдер өз алдына жеке дара қызмет етпейді, олар міндетті түрде біріктіріліп ұйымдастырылады» [8, 52 б.].

«Жүйе» жалпы ғылыми ұғым ретінде белгілі бір нысандардың біріктірілуі мен сол нысандардың өзара қарым-қатынасы дегенді білдіреді. Мысалы, ғалым В. М. Солнцев жүйе ұғымын: «бір-бірімен өзара қатынаста болатын, көптеген элементтерден тұратын біртұтас нысан» - деп түсіндіреді [9, 17 б.]. Ақиқат болмыс заттары мен құбылыстары ғылыми ойлау үдерісі барысында ұғым формаларында көрініс табады. Ұғымдардың мазмұнын сол заттар мен құбылыстардың жалпы және айырым қасиеттері құрайды, өйткені аталған қасиеттерді ақындау таным мақсаты болып табылады. Ұғым тілдік формада, яғни терминде тіркеледі. Осыған орай, неғұрлым белгілі бір ғылым мен техника саласы дамыған болса, соғұрлым оның ұғымдық жүйесінің элементтері немесе терминологиялық жүйесіндегі терминдер саны көп болады.

Алайда, әрбір ғылым мен техника саласы ғылым дамуының қазіргі кезеңіне тән келетін жалпыға белгілі, өзекті ұғымдар жүйесін, яғни негізгі ұғымдар жүйесін де айқындайды. Мұндай жүйелер тұрақты қасиетке ие болып келетіні сөзсіз. Бір сала мамандары біркелкі түсінетін элементтері бар жалпыға таныс, белгілі ұғымдар жүйесінің болуы коммуникация үдерісіндегі қарым-қатынастың негізін құрайды. Егер терминологиялық бірліктер мазмұнына тұрақтылық тән болмағанда, онда терминологиялық жүйелер тұрақтылығы жайында айту мүмкін болмас еді, себебі ол кез келген таным үдерісінің немесе қоршаған орта игерілуінің тұрақты терминологиялық фундаментін айқындайды.

Міне, қазіргі таңда осындай тұрақты терминологиялық жүйеге ие салалардың бірі ретінде біздің еліміздегі «сұлулық индустриясын» атап өтуге болады. Жалпы қазіргі таңда кез келген ғылым мен білім, техника саласының терминдері секілді сұлулық индустрия саласындағы қазақ терминологиясы да біріздендіруді, жүйелеуді, нормалау мен әзірлеуді талап ететін терминологиялық жүйені құрайтыны сөзсіз. Алайда, қазіргі таңда «сұлулық индустриясы» терминінің нақты ғылыми анықтамасы қалыптаса қоймағанын атап өткен жөн. Мысалы: «**Индустрия** [лат. *industria*] *зат. 1. Техника жетістіктерімен жабдықталған фабрика, зауыт сияқты өнеркәсіп. 2. экон. Өндіріс құралдары және тұтыну бұйымдарын өндіру дәрежесімен анықталатын халықшаруашылығының өндіргіш күштеріне және қоғамның экономикалық дамуына ықпал ететін аса маңызды саласы*» [10, 278 б.]. Яғни, «индустрия» термині сөздіктегі анықтама бойынша, ең алдымен, «өнеркәсіп» және «экономика» ұғымдарымен байланысты болып келеді. Ал, қазіргі БАҚ мәліметтеріне сүйенетін болсақ, «сұлулық индустриясы» термині өнеркәсіптен гөрі, белгілі бір қызмет көрсету саласы ретінде танылады. Мұның өзі осы кезге дейін «сұлулық индустриясы» және оның негізінде жатқан объективтік пен әлеуметтік қажеттіліктер арнайы кешенді тілдік талдау нысаны болмағанын дәлелдейді.

Сондықтан да, бұл зерттеудің өзектілігі бірнеше себептермен айқындалады, атап айтқанда: а) жалпыадамзат мәдениетінің бір бөлшегі ретінде адам дене бітімі мен келбеті мәдениетінің қазіргі таңда әлеуметтік құндылықтар жүйесінде маңызды рөлінің артуы мен өзектілігі; ә) қоғам дамуының қазіргі кезеңінде сұлулық индустриясының қарқынды дамуы; б) аталған сала терминологиясы мен терминологиялық жүйесін лингвистикалық тұрғыдан зерттеу қажеттілігі; в) таңдалған тақырыптың лингвистикалық ғылыми әдебиеттерде жеке қарастырылмағандығы және т.б.

Қазіргі қазақ терминологиясының синхронды жағдайы оның қалыптасуының дереккөздері мен арналары, жеке терминдер мен терминологиялық жүйелердің жасалу уақыты, әдіс-тәсілдері оның қаншалықты күрделі және сан алуан түрлі ерекшелігін көрсетеді. Әрбір ұлттық тілдің терминологиясы

сол ұлт өкілінің танымдық және тәжірибелік іс-әрекетінің нәтижесі, қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларындағы арнаулы ұғымдар атауларынан көрініс береді. Осы тұрғыдан келгенде жеке қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына кәсіби тіл атаулары жатқызылады.

Қазіргі таңда жалпы терминологиялық жүйе теориясы тиісті дәрежеде зерттелгенімен, алайда кейбір арнаулы лексика саласындағы терминологиялық жүйе қалыптасуы мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Себебі терминология саласындағы барлық жаңа болып саналған, мейлі ол ұлттық тілдің негізінен болсын немесе ұлттық тілден тыс, өзге халықтан қабылданған болсын, ең алдымен кәсіби лексикада, кәсіби тілдесімде көрініс табады. Өйткені арнаулы лексика үнемі толықтырып отыруды қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде терминологиялық жүйе қалыптастыру амал-тәсілдері мен жаңа жолдарын үнемі іздестіруге алып келетіні сөзсіз.

Жаңа терминологиялық жүйелердің зерттелуі, терминжасамның бірқатар өзекті әрі күрделі мәселелерін анықтауға септігін тигізеді. Олардың қатарына мыналар жатқызылады: терминжасамның қазіргі таңдағы даму үдерісін анықтау, қазақ тілінің терминжасамындағы өнімді, өнімсіз тұлғалар, терминжасаушы элементтерді (аффикстер, күрделі сөздердің стандартты бөліктері т.б.) нақты бағалап, саралау және тілдік мәртебесін айқындау т.б. Соңғы жылдары терминологиялық жүйелерде орын алатын сипаттамалы терминологиялық бірліктер табиғаты ғылыми қызығушылық танытып жүргені белгілі. Әсіресе бұл құрылымдардың ақпараттық табиғаты, олардың қолданылу уәждері аффиксті сөзжасам мүмкіндіктерінің шектеулігінен бе, әлде жоқ па деген сияқты мәселелер өз шешімін күтуде.

Бұл ретте терминологиялық жүйенің белгілі бір даму кезеңдерінде құрама атаулар өнімді болса, кейбір кезеңдерде универб түріндегі терминдер өнімділік танытады. Осыған орай бұл арнаулы бірліктің міндетті түрдегі уәжділік сипатына байланысты ма, әлде ұғымдық аппараттың күрделенуінің дәлелі ме деген мәселелер аса маңызды болып саналады: «Терминологияның кешенді жүйе ретінде анықталуы, оның екі құрамын ажыратып беруге негіз болады: терминжасам және терминнің тіркелуі. Терминнің тіркелуі білім қалыптасуының соңғы кезеңі болып саналады. Ал бұған дейінгі когнитивтік процестің кезеңдері, яғни ғылыми концептілердің пайда болуы мен қалыптасуы міндетті түрде терминжасам процестерінде өтеді. Сондықтан да терминжасам терминологиялық бірлік жасалымының ең бір динамикалық кезеңі болып саналады. Өз кезегінде терминжасам екі аспектіде қарастырылады: концептуалдық және функционалдық. Концептуалдық аспектіде терминжасамның мазмұны айқындалады, яғни мәтін сипатындағы терминологиялық бірліктің құрастырылу процесі (ғылыми білімнің вербалдануы). Бұл процес тілде бар, дайын тілдік бірліктер негізінде жүзеге асады» [11, 15 б.]

Осы тұрғыдан алғанда терминологиялық жүйелер қалыптасуы үдерісін зерттеу мен зерделеу оның теориялық негіздерін, ғылыми-техникалық, кәсіби т.б. коммуникацияны, ондағы бастапқы уәждемелерді анықтап, арнаулы атаулардың пайда болуының басты белгілерін талдап, жинақтап жүйелеуді қажет етеді. Сондықтан да ең басты және күрделі айқындалмаған мәселе – терминологиялық жүйе қалыптасуы үдерісі, оның тілдік ерекшелігі мен табиғи заңдылықтары. Әрине терминологиялық жүйе қалыптасуы үдерісін тілдік тұрғыдан талдап, ғылыми-теориялық жағынан тұжырымдау жоғарыда айтылған мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сол себепті де аталмыш тілдік жағдайлар мен зерттеу бағыты жаңа терминологиялық жүйенің қалыптасуы аспектісін арнайы жете зерделеуді талап етеді.

Терминологиялық бірліктер жалпы ұлттық тілдің бірлігі бола тұра арнаулы тілдің кішігірім жүйесінің мүшесі ретінде де көрініс табады. Осымен байланысты термин-сөздер арнаулы тілдік бірлік ретінде танылып, арнаулы және кәсіби ұғымды атау нәтижесінде тілдік жүйенің басқа тілдік бірліктерінің ерекше қызметке ие бола бастайды. Бұл ретте ең маңызды мәселе терминологиялық бірліктердің аталмыш сипаттарға ие болуы тек белгілі бір терминологиялық жүйе шеңберінде ғана жүзеге асатындығында болып отыр. Өйткені терминологиялық жүйеден тыс жерде термин тілдің жалпықолданыстық сөздер қатарына өтеді, яғни бейтерминдену үдерісіне түседі.

Жоғарыда атап өткеніміздей, кез келген терминнің терминологиялық жүйеде өз орны болады. Терминологиялық бірліктің бұл орны өзі белгілейтін ұғымның сол ұғымдар жүйесіндегі орнына тікелей байланысты. Терминологиялық жүйеден тыс қалған жағдайда термин өзінің негізгі белгілерін жоғалтып, жалпы тілдік жүйеде өзінің ұлттық-мәдени сипатын ғана көрсетеді: метафоралық, экспрессивтілік, полисемиялық, бейнелілік, коннотаттылық, модалдылық, эмоционалдылық т.б. Сол себепті де терминдер мен терминологиялардың ең маңызды әрі басты белгілерінің бірі олардың жүйелілік сипатында деген қорытынды жасауға болады және кез келген терминологиялық бірліктің зерттелуі сол жүйе негізінде жүргізілуі терминологиялық заңдылық болып саналады.

Сонымен, қорыта келгенде жалпы жүйе дегеніміз бір-бірімен тығыз байланыста және сабақтастықта болатын біртектес элементтер жиынтығының күрделі біртұтастығы болып табылады. Яғни жүйе ұғымы

эрқашанда құрамдас бөліктерден тұратын құрылымды көрсетеді. Ал құрылым дегеніміз құрам және біртұтас нысанның ішкі ұйымдастырылуы. Жалпықолданыстық лексиканың жүйелілігі тілдік бірліктердің тақырыптық топтарға бірігуімен анықталса, мәселен лексика-семантикалық жүйелер, терминологиялық жүйелер белгілі бір арнаулы саланың тілтанымдық үлгісін белгілейді.

Сондықтан да кез келген терминологиялық жүйе нақты бір саланың ғылыми-техникалық ұғымдар жүйесін сипаттауымен ерекшеленеді. Сайып келгенде терминологиялық жүйе дегеніміз – адам қызметінің арнаулы саласы ұғымдар жүйесін белгілейтін ретті терминдер жиынтығы болып табылады. Ал олардың арасында міндетті түрде үнемі тұрақты байланыс болады, ал бұл байланысты қатынастар жиынтығы олардың негізгі құрылымын анықтайды.

Осымен байланысты терминдердің қисынды жүйелілігі мен тілтанымдық жүйелілігінің аражігін ажырату өте маңызды. Өйткені әрбір терминдер жиынтығы терминологиялық жүйе бола бермейтіні заңдылық, себебі тек терминологияның жоғары деңгейдегі дамуы терминологиялық жүйе жасалуына алып келетінін атап көрсеткен жөн. Осы ретте тілтанымдық жүйелілікке қойылатын талаптар басқаша болады: терминологиялық жүйе компоненттерінің, элементтерінің болуы; компоненттердің арасында өзара байланыстың болуы; ашықтық; құрылымдық және т.б.

*Список использованной литературы:*

- 1 Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Труды МИФЛИ. Сборник статей по языкознанию. – Т. 5. – М., 1939.
- 2 Реформатский А.А. Мысли о терминологии // Современные проблемы русской терминологии. – М.: Наука, 1986. – С. 163-198. – статьи из журнала
- 3 Реформатский А.А. Что такое термин и его терминология // Вопросы терминологии. – М., 1961. – С. 53-67.
- 4 Лейчик В.М. О языковом субстрате термина // Вопросы языкознания. – 1986. – №5. – С. 87-97.
- 5 Никифоров В.А. О системности термина // Вопросы языкознания. – 1966. – №1. – С. 111-114.
- 6 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. (вопросы теории и методики). – М., 1961. – 43 с.
- 7 Капанадзе Л.А. О понятиях «термин» и «терминология» // Развитие лексики современного русского языка. – М.: Наука, 1965. – С.75-85.-статья
- 8 Даниленко В.П. Русская терминология: Опыт лингвистического описания. – М., 1977. – 246 с.
- 9 Солнцев В.М. Язык как системно-структурное образование. Москва: Наука, 1978.
- 10 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық, 7-том. – Алматы, 2011.
- 11 Қ.Ж.Айдарбек, Б.М.Сүйерқұл. Ғылыми дискурстағы кәсіби тілдік тұлғаның қалыптасуы жайында //Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №2(56), 2016. – Б.12-16.

*Аннотация*

**НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ ПОНЯТИЯ ТЕРМИНОЛОГИЧЕСКОЙ СИСТЕМЫ**

*Курманаева А.Ж.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*Казахский национальный университет имени аль-Фараби*

В данной статье рассматриваются особенности понятия терминологической системы, что особенно актуально для терминологии. Вместе с тем, в статье конкретизируется системная природа термина, именно принцип системности является ведущим принципом исследования и организации отдельных терминологических систем. Таким образом, в работе обосновывается вывод о том, что синхронное состояние современной казахской терминологии и источники их формирования, время образования отдельных терминов и терминологических систем и их способы и средства образования свидетельствуют о ее многогранной сложности и многочисленных особенностях, а также утверждается, что терминология каждого национального языка является результатом познавательной и практической деятельности представителя той национальности и отражается в системе специальных понятий во всех сферах профессиональной деятельности общества. В связи с этим особо подчеркивается актуальность проблем исследования наименований профессионального языка.

**Ключевые слова:** терминологическая система, терминологическое поле, системность, , наименования профессионального языка, система понятий и др.

*Summary*

**SOME FEATURES OF THE CONCEPT OF TERMINOLOGICAL SYSTEM**

*Kurmanaeva A.Z.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*Kazakh National University named after Al-Farabi*

This article considers the features of the concept of terminological system, which is especially important for terminology. At the same time, the article is concretized the system nature of the term, namely the principle of systems is the guiding principle of the research and organization of individual terminological systems. Thus, in the work conclusion is justified that the synchronous state of the modern Kazakh terms and sources of their formation, the formation of some of the terms and

terminology systems and methods and means of education suggests its multifaceted complexity and numerous features and also it argues that the terms of each of the national language is the result of cognitive and practical activities of the representative of nationality and is reflected in the system of special concepts in all areas of professional activity of society. In this regard, it emphasizes the actuality of problems of the study of names of professional language.

**Keywords:** terminological system, terminological field, systematicity, naming unit of professional language, system of concepts and others

МРНТИ 81,367.626

Е.Маралбек

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «6D021300 – Лингвистика» мамандығының  
2-курс PhD докторанты, [elahau@mail.ru](mailto:elahau@mail.ru)

## МӨЛШЕР ЕСІМДІКТЕР

Аңдатпа

Мақалада құрылымдық грамматикада *мөлшер үстеу* деп танылып жүрген бір топ сөздер *мөлшер есім* деп атауға болатын есімдіктің жаңа түрі екендігі айтылады. Яғни құрылымдық бағыттағы зерттеулерде *мөлшер үстеу* деп танылған осы сөздердің сөздерге мөлшерлік мағына үстеуден де өзге лексика-семантикалық мағыналары мен лексика-грамматикалық қызметі бар екені мәтін ішінде, функционалды тұрғыдан талдаулар жасау арқылы ашып көрсетіледі. Бұл сөздер құрмалас сөйлемдердің құрамында мөлшер ұғымының орнына жұмсалып, мөлшер ұғымын білдіретін есімдік қызметін атқарады. Аталмыш сөздер тұлғадан мағынаға қарай емес, мағынадан тұлғаға қарай зерделеніп, оның нақты лексика-семантикалық ерекшелігі сипатталады. Әрі көркем әдебиеттерден нақты мысалдар келтірілу арқылы сөз сипаты мәтін ішінде қарастырылып, нақты тілдік фактілер арқылы дәйектеледі.

**Түйін сөздер:** құрылымдық грамматикада *мөлшер үстеу* құрамында қарастырылатын кейбір сөздер, шын мәнінде, *мөлшер есім* деп аталатын есімдіктің жаңа түрі

Құрылымдық грамматиканың олқылықтарын түзету процесі жалғыз қазақ тіл біліміндегі ғана емес, әлемдік тіл білімінде белең алған тенденция. Және тіл бірліктерінің көпмағыналы, көпфункционалы болуы тек қазақ тілінде ғана тән құбылыс емес, барлық тілдерде тән құбылыс. Осы ретте қазақ тілінің проблемаларын жаңа бағытта зерттеу нәтижелері құрылымдық грамматикадағы кейбір олқылықтар мен ағаттықтарды көрсетіп отыр. Бұл үстеу сөз табының жекелеген мағыналық топтарына да қатысты. Үстеулер өзге сөз таптарынан өзі тіркесетін сөздерге үстеме мағына жүктейтін қасиетімен ерекшеленеді. Сонымен қоса, үстеу сөздер грамматикалық құрылымының бірізді емес, әртекті болып келуімен де жеке сөз табы ретінде қарастырылған. Құрылымдық грамматикада үстеулердің мағыналық топтарының бірі – *мөлшер үстеулер* екені белгілі. Ал осы мөлшер үстеулер заттық (*деректі, дерексіз*), сандық, сындық, қимылдық мәндегі сөздерді мөлшер, шама тұрғысынан айқындап, үстемелеп көрсететін сөздер тобы. Мөлшер үстеулерге академиялық «Қазақ грамматикасында»: «*қимыл, іс-әрекет, амалдың немесе сынның көлемдік дәрежесін, мөлшерін, шама-шарқын білдіреді*» деп анықтама берілген [1, 547]. Алайда мөлшер үстеулердің мағынасына тереңірек үңіліп, оны тілдік қолданыс барысында, мәтін ішінде, функционалды грамматика қағидаттарына, сөз мағынасының парадигмалық-синтагмалық қатынастар теориясына сүйене отырып талдау жасағанда, аталмыш сөздердің үстеме мағына тудырумен қатар, басқа да мағыналары бар екені байқалды. Мысалы, «*қанша тіл білсең, сонша адамсың*» деген сөйлемде *қанша?* сөзі сұрау есімдігі екені белгілі. Ол бір, екі, үш, тіпті, одан да көп кез келген санның орнына ауыстырылып қолданыла береді. Ал *сонша* сөзі қазіргі құрылымдық грамматикада *мөлшер үстеуге* жатқызылады. Осы сөздің мәніне тереңрек үңілсек, синтаксистік қатарда *қанша?* сөзімен бір деңгейде тұрып, құрмалас сөйлемді байланыстырып, *қанша? сұрау есімдігінің* сандық мәнін нұсқап тұрғанын байқау қиын емес. Айталық, бұл сөйлемді «*бес тіл білсең, бес адамсың*» деп алсақ, мұндағы «бес» сан есімінің орнына *қанша?* сұрау есімдігі мен *сонша* сөзі жұмсалып тұр. Ал *сонша* сөзінде өзінен кейін тұрған *адамға* сөзіне үстеп тұрған үстеуіштік мағына жоқ. Тек адамның нақты сандық мөлшерінің белгісіз мәнін нұсқап тұр. Сондықтан да *қанша? Сонша* сөздері ұқсас тілдік сападағы, ұқсас мәндегі сөздер. Яғни екеуі де есімдік.

Құрылымдық бағытта жазылған ғылыми-теориялық еңбектер қазақ тіліндегі есімдіктердің мағыналық топтарының жеті түрін анықтайды, әрі бұл бүгінде орныққан тұжырым. Осы орайда есімдіктерін мағыналық топтарына қатысты дау айтпасақ та, оны тағы бірнешеуге көбейтуге болатын сияқты. Яғни біздің ойымызша, жоғарыда мысалда көрсетілгендей, *мөлшер үстеу* деп танылып жүрген кейбір сөздер мөлшер ұғымының орнына ауыстырылып қолданылатын *есімдік мәнді мөлшер сөздер* сияқты. Мұндай

қасиеті бар сөздердің қатарына *бұниша, бұнишама, бұнишалық, бұнишалықты, мұниша, мұнишама, мұнишалық, мұнишалықты, осынниша, осыннишама, осыннишалық, осыннишалықты, онниша, оннишалық, оннишалықты, сонниша, соннишама, соннишалық, соннишалықты т.б.* мөлшер үстеулерін жатқызуға болады. Бұл сөздер контексте мағынасы жағынан да, қызметі жағынан да үстеулерден гөрі есімдіктерге жақын. Төменде біз осыған қатысты ғылыми тұжырымдарымыз бен дәйектерімізді мысал арқылы, мәтін ішінде кеңірек талдап, дәлелдеп көрмекпіз.

**А.Ысқақов:** *«Есімдік заттың атын, сынын, санын я олардың аттарын білдірмей, бірақ солардың (зат есім, сын есім, сан есім) орнына жұмсалады»* дейді [2, 207]. Ғалым тұжырымдағандай, есімдіктердің ең басты қасиеті – сөздердің орнына ауысып жұмсалуы. Яғни сөйлемде, тілдік қарым-қатынаста, сөйлеу актісіндегі қажеттілікке сай белгілі мағына білдіретін сөздің орнына жұмсалып, сол ұғымды меңзеп, нұсқап, болжап, жалпылап, шамалап көрсетеді. Есімдіктердің осы қасиеті жоғарыдағы мөлшер үстеулерге де тән. Жоғарыда аталған сөздер өзінен кейінгі тұрған сөздерге үстеулерше мағыналық реңк үстемейді, керісінше белгілі шаманы нұсқап, тыңдаушы (адресат) мен сөйлеушіге (адресант) ойша мәлім тиянақты бір мөлшерлік ұғымның орнына жұмсалады. Ол құрмалас сөйлемдердің құрамында, сөйлеу үрдісіндегі пресупозициялық жағдаяттарда жиі көрініс табады. Сондықтан бұл сөздерді, контекстегі мағынасына, құрмалас сөйлемді байланыстырудағы лексика-грамматикалық қызметіне қарай отырып, *мөлшер үстеу* емес, *мөлшер есімдіктер* деп тану дұрыс сияқты. Өйткені бұл сөздер: біріншіден, тіркес, мәтін құрамында да, жеке тұрғанда да *қанниша? Қаннишама? Қаннишалық? Қаннишалықты? Қаннишалап?* деген *мөлшерліктердің* сұрақтарына жауап береді; екіншіден, бұл сөздердің құрылымына талдау жасағанда негізгі түбірінен *сілтеу есімдіктер* (*мұниша – бұл+ниша, бұниша – бұл+ниша, сонниша – сол+ниша*) көрініп тұрады; үшіншіден, құрмалас сөйлемдер мен күрделі синтаксистік тұтастықтарды байланыстыру сәтінде үстеу мәнді емес, шаманың орнына ауысып қолданылатын есімдік сөз екені байқалады. Мысалы: *«Әдемі тәтей әңгіме айтты. Әліппе, сосын піл, сосын кит туралы. Аузым ашылып қалыпты. Әдемі тәтейдің әңгімесі таусылмас еді. Қойбағаров деген бала ұйықтап қалды. Таубаев: «Қарным ашты», – деді. Қоңырау сылдырлады. Дүркірей сыртқа сытылды. Бұрын мұниша көп халықты көрген емеспін.»* («Мектеп», Д.Досжан)

Мысалда мектеп табалдырығын алғаш аттаған баланың (оқушының) бір күндік мектеп өміріндегі есте қаларлық оқиғалары баяндалған. Соның ішінде назар аударуға тұрарлық бір нәрсе – балалар санының көптігі. Яғни бір ортаға жиналған мұндай халық (балалар) нөпірін бұған дейін көрмеген балада заттарды мөлшерлік тұрғыдан тану үрдісі (процесі) жүреді. Адам баласының табиғат дүниесін кешенді түрде тану үрдісінің бір бөлшегі (компоненті) – заттар мен құбылыстарды шамалық, мөлшерлік тұрғыдан тану. Бұл барыста «құқсас» заттар бір-бірімен мида салыстырылады. Ал бала кейіпкерде осыған дейін көрген адамдар шоғырының мөлшері дайын ақпарат ретінде миында бар. Ендігі кезекте халық шоғырының одан да көп мөлшерін көргенде мида табиғи түрде салыстыру, сараптау үрдісі (процесі) орын алады да, нәтижесінде мида «бұған дейінгіден көп» деген қорытынды жасалады. Мұнда сол қорытындының ойдағы мөлшері *мұниша* (*мұн – бұл, яғни сілтеу есімдігі, -ниша ұқсату формасы*) сөзімен нұсқалып беріліп тұр. Сөйлемде *мұниша* сөзіне ой екпіні де түсіп тұр. Яғни оқырман назарын өзінің мөлшерлік танымына нұсқап тұр. Аталған мектепте халықтың қандай да бір нақты саны бар екені даусыз, бірақ осы сөйлемде оны нақтап, санап айтудың немесе білудің қажеті жоқ. Оқырман мен кейіпкерге керегі ондағы халықтың нақты саны емес, керегі – *көп* немесе *аз* деген ұғым. Сондықтан халық шоғырының мида қалыптасқан ойша мөлшерінің орнына *мұниша* сөзі ауысып қолданылып, бір жағы әсерлі, екінші жағынан ыңғайлы, ықшам қолданылып тұр.

Мына бір мысалға да зер салайық: *«Адам алдын, артын, осы күнін - үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ. ... Адам өзі өзіне сенбесе, адамды да хайуан секілді қылып жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. Хайуанға адамның ақылын берсе, мұниша шеберлік, мұниша дарқарлық, бір-біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият ол денеге лайықты келмейді»*(«32-қара сөз», Абай»). Сөйлемде ұлы Абай адам ақыл-парасатының шексіз қуатын баяндайды. Сөйлемде баяндалған адам ақылының *мөлшерлік қуаты* алағашқы қоғамнан бастап бүгінгі өркениетті қоғамды құру барысында танылған барша қуатын қамтиды. Ал болашақта көрінетін белгісіз қуаты өз алдына. Адамзат ақыл-парасатының осынша қуатын (мөлшерін) санап таусуға да, өлшеп білуге де мүмкін болмас еді. Оны тек тіл арқылы бейнелеуге мүмкіндік болады. Яғни оны ойдағы *мөлшерлік шамаға* меңзеу арқылы ғана ұғынуға болады.

Бұдан байқалады, дүниені тану процесінде адамның физикалық мүмкіндігі жетпейтін құбылыстар мен процестерді бейнелеуде тілдің мүмкіндігі орасан зор. Сол тіл бірліктерінің ішінде есімдіктердің ықшамдауыштық, үнемдеуіштік қызметі айрықша. Есімдіктер осы қызметі арқылы сөйлеу үрдісіне, сананың

түсінуіне көп жеңілдіктер жасайды. Әйтпегенде, жоғарыда мысалдарда айтылған халық нөпірінің нақты шамасын немесе адамзат ақыл-парасаты қуатын тыңдаушыға (адресат) түсіндіру үшін қаншама физикалық процестер орындалып, өлшеусіз энергия жұмсалар еді. Сондықтан *мөлшер үстеу* деп танылатын бұл сөздердің мөлшер ұғымының орнына жұмсалудағы тілдік қызметі ерекше және тіптен басты қызметі. Логикалық тұрғыдан ойлап қарасақ та, зат пен құбылыстың орнына ауысып жұмсалатын *орынбасар сөздер* (Қ.Жұбанов) болғанда, мөлшер ұғымының орнына ауысып жұмсалатын *орынбасар сөздер* (*есімдік*) тілде болуға керек. Мұндай қызметі бар сөздер осы бір топ *мөлшер үстеулер*. Біз *мөлшер есімдіктер* деп атаған *мөлшер үстеулердің* есімдіктерге тән қасиеті мен қызметі, лексика-семантикалық ерекшеліктері төмендегі мысалдардан тіптен анық көрінеді.

Кейде таным процесінде мөлшерін өлшеуге келмейтін, тек ұғымдық тұрғыдан ғана түсінуге, болжауға болатын рухани, дерексіз шамалар болады. Айталық, махаббат, сезім, сұлулық, әсемдік т.б. ішкі рухани құбылыстар. Шын мәнінде бәрінің де нақты заттық шамасы, сандық есебі, сындық деңгей-дәрежесі болуға тиіс еді. Бірақ табиғаттағы мөлшер ұғымдардың бәрін тіл бірліктері арқылы нақты атап беру қиын, оны тілдің мүмкіндігі де, табиғаты да көтермейді. Сондықтан ойда бейнеленген дерексіз шамалық, мөлшерлік ұғымдарды осындай сілтеу, нұсқау мәнді сөздерді орнына қолдану арқылы түсіндіруге болады. Мысалы,

*Махаббат! Неткен алып, қайратты едің,  
Мен сені мұншалық деп ойлап па едім.  
Тұсаулап, табандатып тағдырымды,  
Қолына қара көздің байлап бердің* (Т.Айберген)

Мөлшер ұғымының орнына жұмсалатын *мөлшер есімдіктердің* енді бір түрі мысалдағыдай *мұнша* сөзіне *-лық* қосымшасы жалғануы арқылы жасалады. Мұнда мөлшер ұғымы – дерексіз заттық ұғым. Сөйлемде махаббат дерексіз заттық ұғым болса да, ақын оны адам бейнесіне енгізіп, образды түрде, заттық формада барынша айқын көрсете білген. Яғни мұнда махаббат сезімінің адам бойына тудырған қуанышы мен қайғысын, өлшеусіз қадір-қасиетін, бәрінен де, адамның ақыл-парасаты мен ерік-жігеріне бағынбайтын, «тағдырды тұсаулайтын» қуатын айтып отыр. Негізінде адам тағдыры Жаратушының қолында, жеке адамның еркіне бағынбайды. Автор мұнда сөзден өткір, әсерлі мағына тудырудың айрықша бір тілдік тәсілі – *синкреттік тәсілді* пайдаланады. Яғни лексикалық мағынасы бір-бірінен алшақ сөздерді тіркес үстінде түйістіріп, образды, бейнелі ұғым жасаған. Мұндағы «тағдырды тұсаулау, байлау» тіркесі оған себепші болған махаббаттың күш-қуатын көрсетеді. Ал осы бір шумақ өлеңдегі махаббат қуатының шамасын сипаттап отырған *мұншалық* сөзіне орай «қаншалық?» деген заңды сұрақ туады. Бірақ оған жауап беремін деп махаббат қуатын нақты танытатын махаббат хикаясындағы барлық процестерді жіпке тізіп берудің тілдік те, ұғымдық та қажеті жоқ. Тілдік тұрғыдан оның бәрі өлең құрылымына сыймайды, ал ұғымдық тұрғыдан тыңдаушыға (адресат) оның бәрі қажет те емес. Өйткені махаббаттың күш-қуаты, қадір-қасиеті жайлы концептуалды ұғым адамзат танымында ежелден бар. Оны сол тілді тұтынушы келесі ұрпақ кешенді ұғым ретінде тек дайын күйінде пайдаланады немесе ұғынады. Мұнда махаббат қуатының мөлшерін еске салу үшін тек *мұншалық* сөзі ғана жеткілікті болып тұр. Мұнда бір айта кететіні, *мұнша* мен *мұншалық* сөздерінің *мөлшер есімдік* қызметіндегі лексикалық мағынасында ажыратып айтатын өзгешеліктер жоқ. Тек *мұншалық* сөзі *-лық* терминдік жұрнақтың жалғануы арқылы *мұнша* сөзінен шамалы тиянақтырақ, әрі жалпылама сипатта болып тұр. Екіншіден, тілдік қажетке, буын сұранысына сай қолданылып тұр.

Мөлшер ұғымының орнына жұмсалатын *мөлшер есімдіктердің* ендігі бір сөз тұлғасы – *мұншама*. Бұл сөз тұлғасы да белгілі мөлшер ұғымын бейнелейтін есімдік формасында жиі қолданылады. Мысалы:

1) *Інім айтса, бас изедім, ағам айтса, қош көрдім,  
Жанның бәрін жатырқамай, жақсы дедім, дос көрдім.  
Араларын ажырату мұншама ауыр болар ма?!  
Адалдық пен арамдық деп аталатын қос белдің.* (М.Мақатаев)

2) *Тұманданған санамды мұншама күн,  
Мұнар-мұнар ой менде тұмшаладым,  
Мен өзіңе, Фариза әпкем, енді,  
Мұқағали ағамдай мұң шағамын.* (Арман Қани)

Бірінші мысалда адам бойындағы түрлі жақсы-жаман қасиеттердің парқын, нарқын білу, мән-маңызын ажырату, көзі қарақты, көңілі сарапты адам болу жолында ақынның көрген қиындығы, тартқан машақатының мөлшері жайлы сөз болады. Адамның өмір жолындағы көрген рухани, физикалық қиындықтары дерексіз ұғым болса да, онда салыстырмалы түрде мөлшері болады. Біреу сол

шамадан аз машақат көреді, біреу одан да көп машақаттар көреді. Әйтеуір қалай дегенмен де, қиындық, жапа-машақат деген дерексіз заттық ұғымдар мөлшерлік тұрғыдан түрліше деңгейге жіктелетін, шамасы бар ұғым. Ол тек адамдардың іс-әрекет процесі үстінде ғана өлшенеді және танылады. Ал мысалда ақын адамдықты тану жолында өзі басып өткен өмір қиындықтарын бір ғана мұншама сөзі арқылы сипаттап отыр. Осы сөздің орнында немесе астарында ол көрген барлық машақатты өмір жолының тізбесі жатыр. Мұнда мұншама сөзі өзінен бұрын немесе кейін тұрған іргелес сөздердің мағынасына ешқандай да үстеу мағына тудырып тұрған жоқ. Тек ақынның өзіне мәлім машақаттың мөлшері жайлы ұғымның орнын ауыстырып тұр. Ал екінші мысалдағы мөлшерлік ұғым деректі және нақты. Яғни ақынның тұманданған санасы мен мұңлы көңілі бес күн, он күн, жиырма күн... әйтеуір нақты күнге жалғасты. Мұның нақты саны ақынның өзіне ғана мәлім. Тіпті өзі де білмеуі мүмкін. Білсін, білмесін, ақынның бұл күйін нақты болған процес ретінде қарасақ, оның қалай да бір нақты күнмен саналатын сандық есебі бар екені шындық. Бірақ санасы сарсаң, көңілі мұңлы осы бір нақты есебі бар күндердің орнына мұншама сөзі қолданып отыр. Себебі мұншама сөзін қолданудың тілдік те, ұғымдық та маңызы бар. Ал нақты санның тақырыпқа ешқандай өзектілігі жоқ. Мұнда мұншама сөзін ауыстырып қолданудағы ең басты уәж – тыңдаушыға мұңлы көңіл мен тұманданған сананың мөлшерін, күшін байқату. Яғни «жиырма күн мұңдандым» деген нақты санды білдіруді мақсат етпеді, керісінші «ауыр ойда қалдым, көп күн көңілсіз, толқынысты күіде жүрдім» дегенді айтпақ болды. Демек мұнда мұншама сөзінің орнында қандай да бір нақты санға қажеттілік жоқ, «ауыр», «көп» деген мөлшерлік ұғымдар тұр. Сонымен қоса мұншама сөзінің бойында мәтін ішінде күшіне енетін азды емес, көптікті сипаттайтын қосымша мағыналық реңк бар.

Мөлшер ұғымының орнына жұмсалатын келесі бір сөз – мұншалықты. Бұл сөз тұлғасы да мұншалық сөзіне *-ты* қосымшасы жалғану арқылы жасалып, белгілі мөлшер ұғымын бейнелейтін есімдік қызметінде жиі қолданылады. Мұндағы *-ты* аффиксі формасы белгілі мөлшерлік ұғымның мағынасын одан сайын тұрақтап, нықтап, күшейтпелі мәнде көрсетеді. *Мұнша, мұншама, мұншалықты*, қай-қайсы болсын, бәрі де белгілі мөлшер, шаманың орнына жұмсалады. Лексикалық мағына бәрінеде бірдей, бірақ синтагмалық қатынастарда аздаған грамматикалық ерекшеліктері бар. Мысалы: «*Байқасаң, «Абай жолы» романының тағдыры өте күрделі болды. Мұншалықты талқыға түсіп, әр сөзі, әр сөйлемі аңдылып, талданып, сөйлемдерден астар іздеген, қатты бақылауға алынған шығарма қазақ әдебиетінде болған емес*» (Т.Жұртбай).

Мысалда мұншалықты сөзі М.Әуезовтың «Абай жолы» романының Кеңес үкімет кезінде көрген барлық тар жол, таяғақ кешулерін, тепіретті тағдырын меңзейді. Сөйлемді оқып отырғанда роман тағдырынан хабары бар оқырман болса, мұншалықты сөзімен іштей келісіп, келесі мазмұнға көшеді. Ал мүлде бейхабар оқырман болса, оның санасында «*роман соншалықты не көрді?*» деген заңды сұрақ туады. Ол сұраққа жауап беру үшін сөйлеуші (адресант) өткен ғасырдың ортасында, тіпті одан кейін де, роман мазмұнынан Кеңес үкіметке қарсы идея, жаман пиғыл іздеген Кеңесшіл адамдардың құйтұрқы әрекеті мен жағымсыз пікірлерін, тырнақ астынан кір іздеген барлық жазбаларын бірін қоймай баяндап шығу керек. Сонда ғана ол мұншалықты сөзінің мағынасын өз деңгейінде қабылдайды. Осыдан-ақ мұншалықты сөзінің өзінен кейінгі сөзге үстеуіштік мағына емес, дербес мөлшер мәнді есімдік қызметін атқаратыны байқалады. Осы сөйлемнен мұншалықты сөзін алып тастасақ, біріншіден, күрделі синтаксистік тұтастық құрамындағы сөйлемдердің байланысы бұзылады, екіншіден, сөйлем мағынасы мүлде өзгереді. Яғни қазақ әдебиеті тарихында мазмұнынан саяси астар ізделген, жіті қадағаланған шығарма мүлде болмаған болып шығады. Бірақ ол жалған пікір болар еді. Үкіметтің қырына іліккен ондай шығармалар бұрын да, кейін де болғаны шындық. Автор мұнда өз сөзін шындыққа жанастыру үшін мұншалықты сөзін қолданады да, мөлшерлік тұрғыдан деңгейлеп көрсетеді. Яғни «Абай жолы» романын тексерген деңгейде ешбір шығарма тексерілмегенін мөлшерлік тұрғыдан сипаттап отыр. Ал мұншалықты сөзінің арғы астарында аталған романның барлық тепіретті тағдыры жатыр.

Аталмыш сөздерге қатысты мұнда тағы бір айта кететіні, *бұнша, бұншама, бұншалық, бұншалықты* сөздері *мұнша, мұншама, мұншалық, мұншалықты* сөздерімен жарыспалы қолданылатын екінші нұсқасы. Тек сөз басындағы дыбыстық айырмашылығы болмаса, сөйлем құрамында келгенде қолданылысында арнайы ерекшелік жоқ. Олар тек сөз варианттары. Сондықтан да біріне қарата айтылған тұжырым екіншісіне де қатысты. Бір формасын ғана сөз ету жеткілікті. Біздіңше *бұнша* сөзі *бұл* сілтеу есімдігі мен *-ша* жұрнағының кірігу арқылы жасалған да, түп тұлғасы (формасы) осы «б» дыбысынан басталған сөздер. Ал «м» дыбысынан басталатын сөздер «б» дыбысының «м» дыбысына өзгеріп, кейіннен қалыптасқан, тіл дамуының кезеңдік ерекшеліктерін көрсететін дыбыстық сәйкестіктер.

Мөлшер есімдік қызметінде жұмсалатын үстеу сөздердің ендігі бір тобы «о» дыбысынан басталатын

*осыниша, осынишама, осынишалық, осынишалықты, онша, оншалық, оншалықты т.б.* сөздер. Бір қарағанда бұлардың морфологиялық ерекшелігі, өзінен кейін аффикстердің жалғануы жоғарыда мысалдарда айтылып өткен сөздік қатармен бірдей. Шындығында солай, бәрі бір типтегі, бір үлгідегі, бір қызметтегі сөздер. Ал «о» дыбысынан басталатын бұл сөздер тек дыбыстық және лексикалық ерекшелігі жағынан ғана парықталады. Бұл сөздер де өз ішінен екі жікке бөлінеді. Бірі сөйлеу сәтінде, көзге көрінетін жақын қашықтықты меңзейтін мөлшер ұғымның орнына жұмсалады да, екіншісі сөйлеу сәтінде көзге көрінуі міндет емес, салыстырмалы алысау қашықтықты білдіретін, үшінші жаққа қатысты айтылатын мөлшер ұғымдарының орнына жұмсалады. Оны төмендегі мысалдардан байқауға болады. Мысалы:

1) *Осынишама тұнжыраудың себебін мен кейін ғана түсіндім* (Ә.Сәрсенбаев, «Теңіз»).

2) *Мектеп бітіргеніне бір жыл толмай-ақ, өзінің осынишалықты қабілетін көрсете білу екінің бірінің қолынан келе бермейді* («Лениншіл жас»).

Жоғарыдағы мысалдарда айтылған процестің бәрі де уақыт жағынан сөйлеу сәтімен байланысты және сөйлеушіге (адресант) жақын қашықтықты білдіреді. Әрі сөйлем құрамындағы мөлшер үстеулер қандай да бір зат пен қимылдың ойдағы мөлшерінің орнына жұмсалып тұр. Бірінші мысалда сөйлеушінің тұнжырау себебін түсіну сәті оқиғадан әлдеқайда кейін болған, бірақ сол оқиға тыңдаушыға (адресат) нақ осы шақта баяндалып тұр. Ал кейіпкердің қаншалықты тұнжырағаны, тұнжырау мөлшерін көрсететін процестердің бәрі өткен шақ формасында сөйлеушінің (адресант) миында сақталған. Ал осы сөйлеу сәтінде сөйлеуші оны тыңдаушыға нақ осы шақта баяндап тұр да, сол тұнжырау процесінің орнына *осыниша* сөзін қолданып тұр. Яғни *мысал сөйлем* осы тұнжырау процесінің баяндайтын тұтас мәтіннің соңғы бөлігі ғана да, *осынишама* сөзі алдыңғы мазмұндарда айтылған ұғымдарды мөлшерлік тұрғыдан жинақтап көрсететін тілдік бірлік ретінде қолданылады. Мұнда *осынишама* сөзі бірінші жақ пен нақ осы шаққа байланысты. Екінші мысалда адам қабілетінің сан түрлі сапасы мен қырлары жайлы сөз болып, оның ойда жинақталған мөлшерлік ұғымының орнына *осынишалықты* сөзі ғана қолданылып отыр. Адамның өз қабілетін өзгелерге көрсетуі бір ғана сәтте жүзеге аспайды. Ол ұзаққа созылған және бір сапада көрініп отыратын ұзақ процесті қамтиды. Осы мақсат барысында істелген барлық іс-әрекеттер «қабілетті» деген ұғымды толықтырып, сол ұғымның үстіне қор сияқты жиналып отырады. Сонда барып «қабілетті» деген сын есім сөзінің аясында өмір сүретін *мөлшерлік ұғым* шын мәнінде ақиқатқа айналады. Бұл да дерексіз ұғымдарды сананың мөлшерлік тұрғыдан тануы және бағалауы. Міне *осынишама* сөзі бұрын да танылып, санада сақталып отырған қабілеттілікті танытатын барлық процестердің орнына жұмсалып тұр да, осы шақпен баяндалып, сөйлеуші арқылы тыңдаушының санасына беріліп отыр. Демек, бұл мысалдарда аталмыш сөздердің бәрі *үстеулік* мағынадан гөрі, ойда жинақталған белгілі шаманың орнына ауыстырылып қолданылатын *есімдік* қызметінде жұмсалып тұр.

Осы қатардағы сөздердің келесі бір түрі *онша, оншалық, оншалықты* деген сөздер. Бұлар да сөйлем құрамында белгілі лексика-грамматикалық қызмет атқарып, қандай да бір мөлшер ұғымының орнына жұмсалады. Мысалы:

1) *Жолдан оншалық қашық емес, әудем жер* (Б.Соқпақбаев, «Өлгендер қайтып келмейді»).

2) *Кеңес өкіметі өзінің өмір сүруін жалғастырса, ол тек басмашылар қозғалысы көсемдерінің оны мемлекеттік өкімет деп тануының нәтижесі. Әйтсе де, бұл өкімет те мұсылмандар үшін оншалықты жайлы бола қойған жоқ. Басмашылардың көсемдері шын мәнінде кеңес өкіметін таратуды емес, олармен келісім жүргізіп, оның «бағдарламасын» өзгертуді талап ете отырып, оның мұсылмандар үшін ыңғайлы болуын жақтады.* (М.Шоқай).

Бірінші мысалда *оншалық* сөзі *қашық* сөзіне мағына үстемеп тұрған жоқ, керісінше алыс-жақын ұғымы аясында *қашықтықтың мөлшерін* анықтап тұр. Санадағы алыс-жақындық ұғымы жолаушының физикалық қуатына, пайдаланған көлік құралына, түрлі факторларға байланысты анықталады. Қашықтықтың шамасы неге байланысты болмасын, нақты сандық көрсеткіші болмаса да, тұспалданған нақты межесі болады. Міне мұнда сол ойда тұспалданған меженің орнына *оншалық* сөзі қолданылып тұр. Және бұл қолданыс екінші бір қашықтық ұғыммен салыстырылып тұрған сияқты үшінші жақтағы сөйленіске жақындау. Ал екінші сөйлем мұсылман халықтарының қоғамда өмір сүрудегі билікпен қарым-қатынасы жайлы. Яғни мұсылман халықтарының қоғамдағы құқықтық құзыреттері мен меншіктері жайлылық шартына толымсыз екені, ыңғайлы, мақтаулы деп айтуға шарты толмайтыны салыстырмалы түрде айтылып отыр. Салыстырмалы деген сөз, ол – мөлшер. *Онша емес* деп танылатын белгілі меженің орнына *оншалықты* сөзі қолданылып, сол ұғымды білдіріп тұр.

Мөлшер есімдік болатын үстеу сөздердің ендігі бір тобы ыңғай «с» дыбысынан басталатын сөздер. Олар *сонша, соншама, соншалық, соншалықты* т.б. сөздері. Бұл сөздер, бір қарағанда, *онша, оншалық, оншалықты* сөздерінің дыбыстық өзгеріске түскен екінші нұсқасы сияқтанады. Бірақ олай емес. Мағына-



лық жақындығы болғанымен, қолданыс ерекшелігінде, сөйлем ішіндегі жұмсалыу ерекшелігінде айырмашылықтар бар. Ең әуелі, бұл сөздердің негізінен «сол» сілтеу есімдігі тұрғанын байқауға болады. Яғни «сол» сілтеу есімдігі іргелес дыбыстардың әсерінен «сон» формасына ауысқан болу керек. Ал *-ша, -ше* тек қана үстеу немесе үстеуіш мағына тудырушы жұрнақ емес, ол функционалды жұрнақ. Бұл жұрнақтың мағыналық өрісінің ядросында шаманы, мөлшерді салыстыру мағынасы тұрады. Аталған сөздердің ішкі мағыналық өрісінде *бұл, осы, сол* сілтеу есімдігінің әсері байқалып тұрады. Нақтырақ айтсақ, *бұл, осы* негіз-түбірден дамыған *бұниша, бұнишама, бұнишалық, бұнишалықты, осынниша, осыннишама, осыннишалық, осыннишалықты* сөздерінде жақын қашықтық пен бірінші, екінші жақты білдіру мағынасы болса, *сол* түбірден дамыған *сонниша, соннишама, соннишалық, соннишалықты* сөздерінде салыстырмалы алыс қашықтық пен үшінші немесе бөгделік жақты білдіреді. Ол кез келген зат пен құбылыстың мөлшерін осы тұрғыдан сипаттайды. Бұл сөздердің мөлшер есімдік қызметі бір болғанымен, синтаксистік қатынаста өздеріне ғана тән ерекшеліктері бар екенін мына қолданыстардан да көруге болады. Мысалы, *онниша емес* деп айта аламыз, *сонниша емес* деп айта алмаймыз, *соннишама* деп айтамыз, *оннишама* деп айта алмаймыз. Сондықтан осы сөздердің де мөлшер ұғымдарының орнына қолданылу ерекшелігін арнайы сөз ету қажет. Ол үшін төмендегі мысалдарды келтірейік:

1) *Қара халық менің сонниша үйім бар, сонниша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр* (Абай).

2) *«Зәңгілерді соннишама жерден тасығаниша, неге жергілікті халық – үндістерді құлдыққа жекпейді?» - деп* (М.Мағауин).

3) *Екіншісі - кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соннишалық берік боларға керек.* (Абай)

1-, 2-мысалдардағы *сонниша, соннишама* сөздерінен белгілі бір сандық шаманың немесе көптік ұғымның орнына қолданылып тұрған мөлшерлік мағынасы айқын көрініп тұр. Бірінші мысалдағы *сонниша* сөзінің орнына *100 үй, 5 ауыл* деп белгілі бір нақты санды алуға да болады. Бірақ ақын стильдік мақсатта сөз әсеріне күшейту үшін сол шамалардың нақты өзін алмай, оның орнына *сонниша* сөзін пайдаланып отыр. Ал екінші мысалда жазушы Африкадан Солтүстік Америкаға дейінгі неше мың шақырымдық теңіз жолының нақты сандық шамасының орнына жеңілдік, ыңғайлылық, әрі көкем стильдік мақсатта *соннишама* сөзін пайдаланып отыр. Сондықтан бұл сөздерді *сандық мөлшердің* орнына жұмсалатын *мөлшер есімдіктер* деуге болады. Үшінші мысалдағы *соннишалық* сөзінің қолданылысы алдыңғы екеуінен аздап өзгешелеу. Яғни бұл сөз *сын мөлшерінің* орнына жұмсалып тұр. Бұл бір қарағанда, сын есімге мағыналық реңк үстеп тұрған күшейткіш үстеулерге де ұқсайды. Алайда бұлар да *мөлшер есімдер*. Сөйлем құрамында мөлшерлік мағынасы жетекші орында. Нақтырақ айтсақ, үшінші мысалда иманның беріктігі жайлы сөз болады. Иман төзім мен сенімге қарайды. Төзім мен сенімнің сындық деңгейі де адамына қарай әр деңгейде болады. Мұнда *соннишалық* сөзі *төзім* мен *сенімнің* ең жоғары деңгейіне балама ретінде алынып отыр.

*Мөлшер үстеу* деп танылып жүрген аталмыш сөздердің үстеулік қызметінен гөрі есімдік қызметі жетекші, негізгі орында екенін «*қанниша? сонниша*» сөздерінің синтаксистік байланысынан да көруге болады. Яғни шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемдердің құрамындағы *қанниша?* сұрау есімдігі мен *сонниша* сөзінің синтаксистік байланысқа түсуінен де айқын аңғаруға болады. Мысалы:

1) *Әрбір таң арайлап атқан сайын тұла бойларыңда қанниша буын болса, сонниша садақа берулерің керек* (Хадис).

2) *Ал жанары әлгілердің бәрімен қанниша жыл өмір сүрсе, сонниша уақыт қадалғандай тым баяу қозғалады* (Т.Жұртбай).

Бұл екі мысалда да шартты бағыныңқылы құрмалас сөйлемге ұйытқы болып тұрған грамматикалық бірлік *қанниша? сонниша* сөздері. Осы сабақтастықтың өзі аталған екі сөздің бір негіздегі, бір жүйедегі сөз екенін көрсетіп тұрғандай. Яғни *қанниша?* сөзі сұрау есімдігі болған екен, *сонниша* сөзі де есімдіктің әлде бір түрі болуға тиіс. Әрі жоғарыдағы екі мысалдың екеуінен де есімдіктер нақты сандық шаманың, сан есімнің орнына жұмсалып тұр. Аталған сөздер *сын есімдердің, мөлшер мәнді қимыл есімдердің* де орнына жұмсалатын кездері болады. Түсініктілік үшін біз тек *сан есім* сөздерінің орнына жұмсалған түрін ғана мысалға келтірдік. Енді осы мысалдарға жеке-жеке нақты сипаттама берейік. Бірінші мысалда *қанниша?* сұрау есімдігінің орнында, шартты түрде, *қырық* сөзін алсақ, *сонниша* сөзінің орнында да *қырық* сөзі болуға тиіс. Мұнда *сонниша* сөзі өзінен кейінгі сөзге ешқандай да үстеме мағына жүктеп тұрған жоқ, керісінше нақты санның орнына ауысып жұмсалып, есімдіктер сияқты анықтауыш қызметін атқарып тұр. Ал екінші мысалда да *қанниша?* сұрау есімдігінің орнына нақты бір санды қойсақ, *сонниша* сөзіне де сол нақты сан қолданылады. Сондықтан осы мысалдардан *сонниша* сөзінің үстеу емес, нақты сандық шаманың не мөлшердің орнына жұмсалған *есімдік* екені айқын көрінеді.

Айта кету керек, әуелде осы *үстеу, есімдік* терминдерін А.Байтұрсынұлы қалыптастырған. Ол туралы Е.Қасенов былай дейді: Бүгінде Қ.Жұбанов қолданған *мезгіл-мекен есім, орынбасар есім* терминдердің орнына А.Байтұрсынұлы атап көрсеткен *үстеу, есімдік* терминдері қолданылады[3, 26]. Бұл жерде ғұлама ғалым қалыптастырған терминдердің дәлдігіне күмәніміз жоқ. Тек тіл ғылымының зерттеу әдістері мен ұстанымдарының өзгеруіне байланысты осы сөз таптарының мағыналық топтарына қатысты кейбір сөздерге қатысты пікір білдірдік.

Қорыта келгенде, көпмағыналы, көпфункциялы сөздердің сипатын мәтін ішінде тексеру, тілді функциялық тұрғыдан ұғымнан сөз тұлғасына қарай зерттеу – тілдегі кейбір даулы мәселелердің басын ашып, шешімін табуға, ағаттықтарды түзетуге ең тиімді жол. Бұл орайда құрылымдық грамматикада бұрында *мөлшер үстеу* деп танылып келген сөздер тобын функционалды тұрғыдан, ұғымнан сөз тұлғасына қарай талдағанда, оның *үстеулік* мағынасынан гөрі *есімдік* мағынасы жетекші екені айқын көрінеді. Бұл сөздердің *үстеулердің* құрамында қарастырылып келуінің тағы бір себебі – қазақ тіліндегі мөлшер ұғымын білдіретін тілдік бірліктердің арнайы жеке тілдік құбылыс, сөздер тобы ретінде қарастырылмай, шартты түрде әр сөз табының құрамында шашырап жүруі дер едік. Егер *мөлшер сөздер* бір сөз тобы ретінде танылса, осы мөлшерге қатысты ұғымдардың орнына ауысып жұмсалатын есімдіктер тобының болу керектігі айқын көрінетін еді де, ол есімдіктің дербес тобы болып танылған болар еді. Десе де аталмыш сөздердің нақты мөлшерлік мағынадан ауытқып, абстрактілі күшейткіш мағыналы, үстеу мәнді болып келетінін де жоққа шығармаймыз. Бірақ бұл сөздердің басты қызметі *үстеулік* емес, белгілі мөлшер, шаманың орнына айтылатын *есімдік* екенін нақты айтамыз. Сондықтан да үстеу деп танылып жүрген осы сөздерді есімдіктің жаңа түрі *мөлшер есімдік* деп таныған дұрыс сияқты.

*Әдебиеттер:*

- 1 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. - 784 бет.
- 2 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылым. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 384 бет.
- 3 Қасенов Е. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі сөз таптастыру мәселесі. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршы. Филология сериясы. 2012, №2(40).

*Резюме*

Маралбек Е.

КазНУ им. аль-Фараби, PhD докторант 1 курса по специальности  
6D021300 – Лигвистика, [elahau@mail.ru](mailto:elahau@mail.ru)

В статье рассматривается группа нескольких слов структурной грамматике ни как наречие меры и степени а как новый вид местоимения «Мөлшер есім». В исследованиях структурного поправления эти слова которые рассматривались как наречия меры и степени могут иметь и другие степени значения которые обосновывается на заключения функциональной гарамматики. Если эти слова снова анализировать в тексте, то их неизвестные значения раскрываются. Также в роли связывающего компонента сложных предложение. В сложных предложениях служит в роли местоимения которое обозначает значение меры. Данные слова разбираются ни отличности к значению, а от значения к личности. Также рассматривается конкретные примеры из художественной литературы которые аргументируется точными языковыми факторами.

**Ключевые слова:** Некоторые слова которые рассматривается в структурной грамматике как наречие меры и степени, на самом деле, новый вид местоимения которое называется «Мөлшер есім»

*Summary*

Maralbek Ye.

1th PhD students, [elahau@mail.ru](mailto:elahau@mail.ru)

In this article the group of several words of structural grammar is considered not as an adverb of a measure and degree but as a new type of a pronoun "Molsher esim". In researches of a structural correction these words which were considered as adverbs of a measure and degree can have also other degrees of value which is proved on the conclusions of a functional garammar.

If again to analyze these words in the text, then their unknown values reveal. And in compound sentences serves in a role of a pronoun which designates value of a measure.

**Key words:** Some words which an adverb of a measure and degree, actually, new type of a pronoun which is called "Molsher esim" is considered in structural grammar

А.Б. Сарбалина<sup>1</sup>

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ. Қазақстан

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ТІРКЕСТІ ТІЛ БІЛІМІ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЖАСАЛУЫ

*Аңдатпа*

Мақалада терминология - лексиканың бір бөлігі ретінде тез дамуымен ерекшеленуі және терминдер - белгілі бір ғылым, техника саласында ұғым атауын білдіретін, арнайы әдебиеттер мен кәсіби қызмет шеңберінде қолданылатын арнайы сөздер мен сөз тіркестері қарастырылады. Оның басты ерекшелігі белгілі бір ғылым саласында атаушылық қызмет етеуі, арнайы дефинициясы болуы, негізінен, жалпы есім болып, зат есім ретінде көрінуі. Терминдердің жасаулы тілдегі сөзжасамдық заңдылықтарға сүйенеді, сонымен қатар өзіндік тұрақталған, әбден орныққан тілдік бірліктері немесе терминдік элементтері болады. Терминологияның саларының бірі- лингвистикалық терминология. Лингвистикалық терминология - ұлттық терминологияны дамытудың маңызды буындарының бірі. Лингвистикалық терминология - тіл білімі терминдерінің ғылыми-теориялық негіздері мен ғылыми ұстанымдарын, құрылымы мен семантикасын қарастыратын, арнайы зерттеу нысаны мен мақсат, міндеттері айқын тіл ғылымының күрделі бір саласы. Лингвистикалық терминдер құрамы жағынан түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, терминологиялық тіркес түрінде болады. Жасалу тәсілдеріне қарай, жалпы алғанда, морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық түрлерінің көрсетіліп жүргенін жоғарыда атап өттік. Біздің мақсатымыз - қазақ тілі білімі терминжасамының аналитикалық (синтаксистік) тәсілінің, оның ішінде екі құрамды терминологиялық тіркестердің ерекшеліктерін көрсету.

**Түйін сөздер:** терминология, тіл білімі, сөзжасам тәсілдері, терминжасам

Терминжасам тәсілдері сөзжасам тәсілдеріне, оның жалпы заңдылықтарына, жасалу жолдарына негізделеді. Қазақ тіл білімінде сөзжасам тәсілдері дәстүрлі түрде лексика-семантикалық, морфологиялық, синтаксистік болып бөлінеді. Сөзжасам тәсілдері алғаш А.Ысқақовтың жоғары оқу орнына арналған оқу құралында морфологиялық, синтаксистік деп көрсетіледі [1,108]. Бұл оқулық - қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркітануда сөздердің морфологиялық құрылымы, сөз таптары теориясы жөніндегі құнды туынды. 1967 жылғы «Қазақ тілінің грамматикасында» (морфология бөлімін жазған - А.Ысқақов) сөзжасам тәсілдерінен морфо-логиялық және синтаксистік тәсілдері атап көрсетіледі.

Грамматиканың «Сөздің жасалу жолдары мен формалары» деген тақырыпта: «Қазақ тілінде сөз тудырудың жүйесі үлкен екі саладан құралады, оның біріншісі – морфологиялық тәсіл болса, екіншісі синтаксистік тәсіл болады. Жұрнақ арқылы сөз тудыру жолы морфологиялық тәсілге жатса, сөздердің бірігуі, қосарлану және тіркесу арқылы жасалу жолы синтаксистік тәсілге жатады. Бұл екі тәсілдің өзді-өздеріне тән ерекшеліктеріне қарай қолданылу шектері мен мүмкіншіліктері де бірдей болмайды» [2,16]. Сөзжасамдық тәсілдердің үш түрі синтетикалық (морфологиялық), 2) аналитикалық (синтаксистік), 3) лексика-семантикалық түрлері ғылымда қалыптасып, орныққанын 1989 жылы жарық көрген «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты монографиядан көруге болады. «Қазақ грамматикасында» (2002) сөзжасам жеке сала ретінде орын алған.

Терминжасамда Ө.Айтбаев сөзжасам тәсілдерінің мына түрлерін көрсетеді: 1) семантикалық тәсіл, 2) морфологиялық тәсіл, 3) синтаксистік тәсіл, 4) калькалау тәсіл, 5) сөз қысқарту (аббревиациялау) тәсілі» [3,253]. Ш.Құрманбайұлы монографиясында терминжасам тәсілдерінен: 1) синтетикалық (морфологиялық) тәсіл, 2) аналитикалық (синтаксистік) тәсіл, 3) терминдену (лексика-семантикалық) тәсілі, 4) калькалау тәсілін көрсетеді [4,56]. Ш.Білалов терминжасам тәсілдерінен сөзге қосымша, жалғаулықтар жалғану, сөз сөздердің бірігуі арқылы және сөз тіркестері арқылы жасалуын көрсетеді [5,24-25].

Алайда терминжасам тәсілдері туралы бірізді ғылыми пікір қалыптаспағанын мына пікірлерден аңғаруға болады. Мәселен, осы мәселе тұрғысынан: Тіл білімінде терминжасам тәсілдері туралы пікір тұрақталған деп айтуға болмайды, бұл мәселеде пікір алаалығы күшті. Кейбір ғалымдар терминжасамда сөзжасамдық тәсілдердің түрлерінің атауы, яғни терминдерін өзгертуді де ұсынады. Ол туралы С.В.Гриневтің пікірін келтіруге болады. С.В.Гринев терминжасам тәсілдерін былай атауды ұсынады: семантикалық терминжасам, морфологиялық терминжасам, синтаксистік терминжасам, морфология-синтаксистік терминжасам, терминологиялық алмасым, О.П.Фролова терминдену, күрделі терминдер жасау, алмасу тәсілдерін атаған. Көпшілік ғалымдар синтетикалық тәсіл, аналитикалық тәсіл, лексика-семантикалық тәсіл терминдерін қолданып жүр. Қосымшалы терминжасам (суффиксальные терминология), транспозиция, словосложение, лексикализация терминдерін қолданушы ғалымдар бар. Бұдан терминжасам тәсілдері мәселесінің әлі толық шешілмегенін аңғаруға болады [6,4].

Терминология - лексиканың бір бөлігі ретінде тез дамуымен ерекшеленді. Терминдер - белгілі бір ғылым, техника саласында ұғым атауын білдіретін, арайы әдебиеттер мен кәсіби қызмет шеңберінде қолданылатын арнайы сөздер мен сөз тіркестері. Оның басты ерекшелігі белгілі бір ғылым саласында атауыштық қызмет етуі, арнайы дефинициясы болуы, негізінен, жалпы есім болып, зат есім ретінде көрінуі. Терминдердің жасалуы тілдегі сөзжасамдық заңдылықтарға сүйенеді, сонымен қатар өзіндік тұрақталған, әбден орныққан тілдік бірліктері немесе терминдік элементтері болады. Осыған орай А.Қоңырова термин табиғаты туралы былай дейді: адамзат өзін қоршаған шындықты, әлемдегі сан алуан құбылыстарды санада қалыптастырып қана қоймайды, оған жауап қайырады, ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға саналы-санасыз күйде талпыныс жасайды, өңдейді, қорытады, баға береді, тәжірибеде қолданады, бұлардың тұтас көрінісі ретінде ғаламның тілдік бейнесі жасалады [6,83].

Терминологияның саларының бірі- лингвистикалық терминология. Лингвистикалық терминология - ұлттық терминологияны дамытудың маңызды буындарының бірі. Лингвистикалық терминология - тіл білімі терминдерінің ғылыми-теориялық негіздері мен ғылыми ұстанымдарын, құрылымы мен семантикасын қарастыратын, арнайы зерттеу нысаны мен мақсат, міндеттері айқын тіл ғылымының күрделі бір саласы.

«Термин» туралы ғалым Испандияр Ақайұлы мынадай пікір айтады: термин-тілге де, ділге де тиек боларлық сөз, ал оның қайсысын аударар, тыңнан жасай алу, қайсысын аудармай, тек тілге икемдей алу керектігі, қазақ тілі үшін әзірге асау терминді қалай үйретіп, тұсау жайы-өз алдына бір мәселе [7,3].

Лингвистикалық терминдер құрамы жағынан түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, терминологиялық тіркес түрінде болады. Жасалу тәсілдеріне қарай, жалпы алғанда, морфологиялық, синтаксистік, лексика-семантикалық түрлерінің көрсетіліп жүргенін жоғарыда атап өттік. Біздің мақсатымыз - қазақ тілі білімі терминжасамының аналитикалық (синтаксистік) тәсілінің, оның ішінде екі құрамды терминологиялық тіркестердің ерекшеліктерін көрсету.

Аналитикалық тәсіл – тілімізде көне заманнан келе жатқан тілімізді көптеген күрделі сөздермен толықтырған өнімді тәсіл. Осылардың ішінен терминжасаудағы үлес салмағына қарағанда, аналитикалық, соның ішінде, тіркесті күрделі терминдердің санының әлдеқайда көп екендігін байқауға болады. Аналитикалық тәсіл арқылы жасаған терминдер - тілдерде өнімді тәсілдердің бірі. Ш.Құрманбайұлы ұлттық қазақ терминдерінің ішінде синтаксистік жолмен жасалған терминдердің мол екендігін еңбектерінде атап көрсетеді.

Ұ.Асанова терминолог ғалымдардың пікіріне сүйене отырып, калька тілдің сөзжасам жүйесін, үлгісін байытудағы терминдер мен терминдік тіркестерді жасайтын бірден-бір өнімді тәсіл деген анықтаманы басшылыққа алады [8,31].

Жалпы, тілдерде дара терминдерден гөрі күрделі терминдердің мол екендігі көптеген зерттеулерде дәлелденген. Тіркестегі сыңарларының құрамдық ерекшеліктері, біртұтастығы, байланысу тәсілдері мен жасалу үлгілері (модельдері) арнайы зерттеуді қажет етеді, яғни терминологиялық тіркес табиғаты толыққанды анықталмады. Осыған орай Ш.Құрманбайұлы былай дейді: «Қазақ тілі білімінде терминжасамның синтаксистік тәсілі бұл тәсіл арқылы жасалған терминдердің тілдік табиғаты әлі зерттеле қоймаған, жекелеген ғылыми еңбектер мен мақалаларда ғана сөз болып жүрген мәселердің бірі. Терминологиялық лексикамыздың қомақты бөлігін екі, үш немесе одан да көп сыңарлы терминдердің құрайтынын ескерсек, терминжасамның бұл тәсілін арнайы қарастырудың жан-жақты зерттеудің мәні зор екендігі сөзсіз» [9,145]. Мұны С.Әлісжановтың философиялық терминдерді зерттеуінде, олардың екі сыңарлы, үш сыңарлы, төрт сыңарлы терминдер болатындығын, оны жан-жақты қарастыру [10,25], Б.Ақшалованың макроэкономикалық терминдерді қарастырған еңбегінде күрделі тіркестер мәселесін зерттеу қажет екендігін атап көрсетуі дәлелдейді [11, 17]. Сөздерді тіркестіру арқылы сөз жасау тәсілі - ертеден келе жатқан тәсілдердің бірі.

Ш.Құрманбайұлы: «Көп сыңарлы термин атауларды терминтану саласындағы еңбектерде терминологиялық сөз тіркесі деп те атайды» [9,136] дейді. Тілдерде тіркесу тәсілі арқылы жасалған терминдердің үлес салмағы үлкен. Жалпы алғанда, аналитизм - түркі тілдерінің ерекшеліктерінің бірі. Тіркескен күрделі сөз деп екі не одан да көп мағыналы сыңардан жасалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздер аталады. Тіркесті термин құрамындағы сыңарлары біртұтас мағына беріп, бір ұғымдық атауды білдіреді, яғни «тіркескен зат есімдердің сөзжасамдық және мағыналық құрылымы бірімен-бірі байланысты. Олардың мағына тұтастығы – құрылымдық тұлғасынан шығады.

Сонымен қатар тіркесті терминдердің құрамындағы сөздердің бірі тірек сыңар, ортақ ұғымды білдіретін жинақтаушы мағына жасайтыны және ауыспалы сыңары түрлі белгілеріді нақтылап, даралап, бірінің екіншіден ерекшелігін анықтайды. Мәселен, түбір зат есім, түбірлес сөздер, түбір негіз, түбір тұлға

секілді терминдер - айтқанымызға дәлел. Алдыңғысы тектік жағынан жинақтаушы мағынаны, ал ауыспалы сыңардағы, екінші орындағы сөздер бірінен-бірін даралаушы мағынаны білдіреді.

Б.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» 1500 шамасында лингвистикалық терминдер қамтылған. Дара терминдер саны - 630, күрделі терминдер саны - 800-ден асады. Оның ішінде екі сыңарлы - 585, үш сыңарлы -162, төрт сыңарлы - 35, төл сыңарлы -35, бес сыңарлы – 8 қамтылған [12].

Екі сыңарлы тіркесті тілі білімі терминдерін құрамына қарай екі сыңарлы (құрамды) және көп сыңарлы (құрамды) деп бөлуге болады. Сонымен қатар құрамындағы сөздердің кірме, төл сөз болуына қарай сыңарлары төл тіркесті терминдер (дыбыс сапасы, дыбыс созылыңқылығы, күрделі сөз), сыңарлары кірме тіркесті терминдер (аналитикалық форма, диахрониялық лингвистика, грамматикалық категория) және сыңарлары аралас тіркесті терминдер (анафоралық қатынас, морфологиялық бірлік, синтаксистік байланыс) деп бөліп қарастырдық.

Екі сыңарлы тіркесті лингвистикалық терминдерді, негізінен, төмендегі Үлгі (модельдерге) бөліп қарастырдық (шартты белгілер: К-кірме сөз, Т-төл сөз, Т.ж.- тәуелдік жалғауы, І.с.- ілік септігі):

*I Үлгі. Екі сыңары кірме сөзден жасалған. К+К:*

1-түрі. К (-лық/лік) + К: абсолюттік конструкция, антропологиялық лингвистика, номинативтік типология, нормативтік грамматика, нөлдік форма, семантикалық архаизм, синтаксистік синонимдер, синтетикалық форма, синхрониялық лингвистика, универсал грамматикалар т.б.

2-түрі. К+ К (Т.ж.): адаптация теориясы, моногенез теориясы, фонема варианты, фонема вариациясы т.б.

*II Үлгі. Бірінші сыңары кірме, екінші сыңары төл сөзден жасалған. К+Т:*

1-түрі. К+Т: автомат аударма, стандарт тіл, модаль сөздер, пассив сөздер, апостериор тілдер, аппозитив мүше, дублет сөздер, объектілік қатынастар т.б.

2-түрі. К+(-ты/ті)+Т: адъективті тіркес, актуалды мүшелену, аморфты сөздер, аморфты тілдер, предлогті септік т.б.

4-түрі. К (-тық/тік) +Т: аккумулятивтік құрылыс, статикалық әдіс, фузиялық тілдер, синтаксистік талдау, монологтік сөйлеу, морфологиялық алмасу, синтетикалық тілдер, синтаксистік мағына т.б.

3-түрі. К+Т (Т.ж.): Лондон мектебі, латын әліпбиі, гот жазуы, акцент жүйесі, манжур жазуы, моңғол жазуы, фонема варианты т.б.

*III Үлгі. Бірінші сыңары төл сөз, екінші сыңары кірме. Т+К:*

1-түрі. Т+К: аралас говор, сыпайы формалар, тектес морфемалар, туыс диалектілер, туынды форма, шағын говорлар т.б.

2-түрі. Т(-лық/лік)+К: аймақтық лексика, әлеуметтік диалектілер, әлеуметтік лингвистика, дыбыстық символизм, сандық редукция, сөзжасамдық формант, сөзжасамдық тип, тілдік стиль, тілдік универсалдар т.б.

3-түрі. Т+К (Т.ж.): дыбыстау аппараты, сөйлеу актісі, сөйлеу ритмі, сөйлеу темпі, тілдер семьясы, тіл эволюциясы т.б.

*IV Үлгі. Екі сыңары қазақша. Т+Т:*

1-түрі. Т+ Т: есім баяндауыш, жазба тіл, жай сөйлем, келер шақ, құрмалас сөйлем, оқшау сөздер, онашаланған мүше т.б.

2-түрі:Т(-лы/лі)+Т: есімді сөйлем, есімді тіркестер, кейінді ықпал, қатысты мағына, қосарлы айқындауыш, ілгерінді ықпал т.б.

3-түрі: Т(-лық/лік)+Т: аралық тіл, әріптік жазу, жалғаулық шылаулар, жалпытүркілік сөздер, сөзжасамдық мағына т.б.

4-түрі. Т(І.с.)+Т: дыбыстардың тіркесімі, дыбыс ырғағы, екпіннің түрлері, есімшенің шақтары т.б.

Сонымен қатар екі сыңарлы тілі білімі терминдерін байланысу формасына қарай қабыса (еліктеу сөздер, еліктеуіш сөздер т.б./, матаса (дауыссыздардың жуандауы, дауыстылар үндестігі, дыбыстардың тіркесімі, есімдердің септелуі т.б.) байланысатыны (бірде-екілі меңгеріле байланысатыны) анықталды. Тіл білімі терминдерінің жасалуында екі құрамдыларының бірінші сыңарына -лық/лік, -дык/дік, -тық/тік және -лы/лі, ды/ді, -ты/ті сөзжасамдық жұрнақтар арқылы жасалу жолының (термин жасауға қатысты төл сөзге де, кірме сөздерге де талғамай жалғанады) ерекше рөл атқаратындығын атап айтуға болады. Аталған жұрнақ түркі тілдерінде өнімді жұрнақ саналатындығы белгілі. Бұл мәселе арнайы сөз етуді қажет етеді. Осыған орай Ж. Манкеева былай дейді: адамның жан дүниесінің мазмұны вербальды сипатта жинақталған білім, ассоциация, түрлі әсерлер қорынан құралып, тіл танушы танымындағы жалғастырушы, тұтастырушы арқау ретінде оның тілдік санасында бейнеленеді. Мысалы, көсем сөзінің бұрыннан түсініктілігі - алда жүруші, бастаушы деген ассоциация екі сыңардан құралатын етістік тұлғасын атайтын лингвистикалық көсемше терминінің қалыптасуына негіз болады [13].

Қорыта келе, мақаламызда қазақ тілі білімі терминжасамының аналитикалық тәсілдерінен сөздердің тіркесі арқылы жасалған екі сыңарлы тіркестердің құрамдық сипатын анықтауға талпындық. Терминжасамда аналитикалық тәсіл арқылы жасалған терминдердің, оның ішінде метатіл ретіндегі тіл білімі терминдерінің жасалымында екі сыңарлы тіркестердің мол кездесетіні айқындалды. Оның құрамындағы терминжасамға қатысатын екі сыңарының бірыңғай төл сөзден немесе бірыңғай кірме сөзден, сондай-ақ аралас болып та келетіндігі анықталды, байланысу формалары көрсетілді.

*Пайдаланылған әдебиет:*

- 1 Бсқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. - Алматы, 1964.
- 2 Қазақ тілінің грамматикасы. – Алматы: Ғылым, 1-том, 1967.
- 3 Айтбаев Ө. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2007.
- 4 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005.
- 5 Біләлов Ш. Ұлттық ғылым тілі негіздерін қалыптастыру (математика саласы бойынша). Филол.ғыл.док.дис... авторефераты. Алматы, 1997.
- 6 Қоңырова А.Т Аударма терминдердің когнитивтік-семантикалық құрылысы// хабаршы ҚазҰПУ Фил.сериясы - 2014 - №1(47), -83-88 бб.
- 7 Ақайұлы Б. Түркістан// №19 (513). 06.05.2004 ж.
- 8 Асанова Ұ. Anadolı'dan BIR SES.Түркия. 2015, -31-36 бб.
- 9 Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құрал. Сөздік-оқулық. Астана, 2009.
- 10 Әлісжанов С. Қазіргі қазақ тіліндегі философиялық терминдердің қалыптасу процесі. Филол.ғыл.канд.дис... авторефераты. Алматы, 1996.
- 11 Ақшалова Б. Макроэкономикалық терминдердің лексика-грамматикалық сипаты. Филол.ғыл.канд.дис... авторефераты. Алматы, 1998.
- 12 Қалиев Б.Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. Алматы, Сөздік-Словарь, 2005
- 13 Манкеева Ж. Ұлттық тілдегі терминдік жүйе мәселесі. [интернет ресурсы]. <https://termincom.kz/makalalar> (24.08.20016)

*Резюме*

## **ФОРМИРОВАНИЯ СОЧЕТАНИЕ ТЕРМИНОВ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОЗНАНИЯ**

*Сарбалина А.Б.<sup>1</sup>*

*Казахский государственный женский педагогический университет  
г.Алматы, Казахстан*

В статье рассматривалась терминология в целом соотносится с системой научных понятий. Можно дать такое определение терминологии: совокупность наименований, слов и словосочетаний, используемых для точного и однозначного обозначения научных понятий в системе понятий данной науки, отрасли техники, производства. Термины должны обладать следующими качествами: быть точными и однозначными. Если большинству слов обычного языка свойственна многозначность (полисемия), то в терминологических системах стремятся к тому, чтобы одному означающему (слову или словосочетанию) соответствовало только одно означаемое (предмет, понятие). Терминология находится в постоянном движении: что-то в ней отмирает, истекает цикл жизни терминов, понятий, дефиниций. Они выходят из употребления, устраняются вместе с отжившими свой век, устаревшими или оказавшимися ненаучными понятиями. Такими, например, оказались в истории науки термины «хрестоматистика», «политическая экономия» и сотни других. Многие «старые», давно известные термины, например «экономика», наполняются совершенно новым научным содержанием. Это изменение в содержании понятия иногда становится весьма рельефным, если сопоставить этимологию слова, т.е. его буквальное значение, заложенное в слове в самом начале его появления в языке, с современным пониманием.

**Ключевые слова:** терминология, лингвистика, методы словообразования, терминообразование

*Summary*

## **FORMATION OF COMBINATION TERMS OF KAZAKH LINGUISTIC**

*Sarbalina A.B.<sup>1</sup>*

*Kazakh State Women Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan*

Terminology characterized the development as soon as a part of the lexicon. Certain terms of science, technology refers to representing the name of the concept in the field of literature and professional services within the framework of applicable specific words and phrases. Its main feature is certain identification in the field of science, special Definitions, mainly as a common noun, noun look like. Terms based on the laws of language formation, as well as the self-stabilized, it is a well-established language units or elements of the terminology. Linguistic terminology of national development is one of the most important parts of the terminology. Linguistic terms of linguistic terminology theoretical basis of scientific principles, the structure and semantics, providing a special object of study and aims clearly a branch of linguistics major. In terms of

linguistic terms derived from the root word of the complex words and terminology in the form of expression. Methods of creation, on the whole, morphological, syntactic, lexical and semantic types specified above said. Our goal is to Kazakh language education analytical method, which features a combination of the two component terminology.

**Key words:** terminology, linguistics, word-formation methods, terminological

МРНТИ 16.01.09

*А.Серікқазықызы<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Алматы қ. Қазақстан*

## **АРМЯН ЖАЗУЛЫ ҚЫПШАҚ ЕСКЕРТКІШІ «ТӨРЕ БІТІГІНІҢ» МОРФОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада орта түрік жазба ескерткіштерінің ішіндегі XVI – XVII ғасырларда армян жазуымен хатқа түсіп, бүгінгі күнге жеткен қыпшақ тіліндегі мұралар қазіргі түркітану ғылымында «армян-қыпшақ» ескерткіштері деген жалпы атаумен белгілі «Төре бітігі» ескерткішінің морфологиялық ерекшеліктері қарастырылады.

Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Төре бітігі» – түркі халықтарының тарихы, мәдениеті, әдебиеті, тілі, тұрмыс-тіршілігі, дінінің өткенінен мәлімет алуға мүмкіндік беретін асыл мұрасы. Қазіргі тіліміздің даму заңдылықтарына, өркендеу кезеңдеріне, қалыптасу жолдарына қатысты жаңа мәліметтермен қанығу үшін армян жазулы қыпшақ жазба ескерткіштерінің тілін жан-жақты зерттеп, тарихи сабақтастықты анықтау қажет.

Мақалада қарастырылып отырған ескерткіш тілінде зат есімдер әр түрлі сөз таптарынан сөз тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған және жұрнақ пен түбірдің аражігі айқын білінеді. Мысалдар құрама немесе тіркес түрінде келген сөздерден бөлек.

**Түйін сөздер:** армян-қыпшақ, «Төре бітік» ескерткіші, зат есім, сын есім, сөз тудырушы жұрнақтар, дыбыс үндестігі

“Төре бітік” жазуы – қыпшақ-армян жазба ескерткіші. Ескерткіш төрелер (заңдар) жинағы мен іс жүргізу кодекстерінен құралған, 1519 – 1689 жылдар аралығында жазылған. Жинақтағы баптардың басым бөлігі армян заңдарына ұқсамайды, олардың бәрі дерлік қыпшақ өміріне байланысты жазылған, демек оларды қыпшақтардың өздері құрастырған. Ескерткіш жалпы 125 баптан, ал іс жүргізу кодексі 99 баптан тұрады, қыпшақ өмірінің құқықтық ерекшеліктеріне байланысты 25 жаңа бап енгізілген [1].

Қазақ елінің тарихы, ғылым-білімі тәуелсіздікке қол жеткізген сәттен бастап мәдени жазба мұраларды зерттеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізумен толысып келеді. Еліміздің ел басқару, заң шығару істерін ертеден-ақ әділ жүргізуді маңызды деп білгенін тарихи құнды мұралардан байқаймыз. Бұған дәлелдің бірі – армян жазуымен жазылған орта ғасырлық қыпшақ ескерткіші – «Төре бітігі – Армяно-кыпчакский судебник 1519-1594» деген атпен белгілі.

Бүгінде қолымызға жеткен «Төре бітігі – Армян-қыпшақ сот ісін жүргізу кодексі» аса құнды, бағалы ескерткіш. Бұл кітап кіріспе, зайырлы заңдар жинағы және көбінесе іс жүргізу сипатты қосымша баптар секілді үш бөлімнен тұрады. Поляк және қыпшақ нұсқаларының зайырлы баптарының басым көпшілігі мен кіріспесі Мхитар Гоштың 1184-1213 жылдары жазған Заңдар жинағының тиісті баптарын сөзбе-сөз дерлік қайталайды. Аталмыш ескерткіш Арменияның Ереван қаласындағы дүниежүзіне белгілі Месроб Маштоц атындағы Ежелгі қолжазбалар институты Матенедаранда сақталған.

«Төре бітігінің» транскрипциясын және орыс тіліне аудармасын жасап, ғылыми аппаратын дайындаған белгілі ғалым А.Н. Гаркавец, ал қазақ тіліне аударған академик Ғ.Сапарғалиев [2].

Аталмыш еңбектің жазылу тарихын және армян жазулы қыпшақ ескерткіші деп аталуын А.Н. Гаркавец былай түсіндіреді: Бұл заңды армяндар Польша королі Сигизмундқа бекіттіру үшін латын тілінде жазып тапсырады. Бірақ ол кезде латын тілін халық түсіне бермегендіктен, заңды 1523 жылы поляк және қыпшақ тілдеріне аударып табыс еткен. Кітап тілінде де “Tilinden ermeninin latingä çıxargandır, latindän pol’skiyğä, a pol’skidän bizim tilgä, çaysı ki başlanıyır bu sözlär bilä” деп жазылған. Дешті Қыпшақ мемлекеті өзге елдерге үстемдік ете отырып, қыпшақ тілін ұлысаралық мемлекеттік тіл етіп бекіткен. Әрі көп ғасырлар бойы саудамен қатар халықтардың өзара мәдени алмасуына зор ықпал еткен Ұлы Жібек жолының қатынас аралық тілі болды [2].

Армян және поляк тіліне алмакезек аударылып, сол елдердің жазба жәдігеріне айналған бұл еңбек не себепті «Төре бітігі» деп аталған? Көне түркі тілінде бұл сөздің ұғымы да, мағынасы да құқықтық нормадағы қамтыған ауқымы да кең болған. Ғ.Сапарғалиевтың әділ билігін айтуға қатысты жазбаларынан

мысалдар келтірсек, «Төре бітігінің»: “Тағы да жарғы деген не, кімдерге жарғышылық жүктеледі және кімдерге жарғышылық етуді тапсыруға болады” деген бесінші ережесінде: “Жарғы – барша істерді тергеу, жарғышы сауатты, дана, ақылды болу керек, барша адамдардың мінезін біліп, жарғыны әділ шығару керек., Тәңіріге лайықты білімділік қажет. Себебі жарғышылық ету – Тәңірінің ісі”, - деп жарғышыны құдайдың құдіретімен тең қарастырады. Ал алтыншы ережеде “Жарғышы пара алмауы керек, Тәңірі айтты, бет ажарына қарамаңыз, әділ жарғылық етіңіз., Жарғышы төрелікті жалғыз атқармасын, көпшілікпен атқарсын, егер мүмкін болмаса, екі немесе үш жақсы және білімді адамдармен төрелік етсін. Төреге келгендерге екі немесе үш куә керек болғандай, төрелік дұрыс болу үшін жарғышыларға да сенімді адамдардың куәлігі қажет” делінген. Мұндағы *жарғы, жарғышы, төрелік* сөздері көне түркі заманынан бері қалыптасқан сот әділдігін жүргізуде қолданылып келген. Аталған ескерткіштің қазақ тілімен сабақтастығы барын байқау үшін кейбір тілдік ерекшеліктерге тоқталып өтейік. Ескерткіштегі сөздерді бірнеше бағытта талдауға болады. Лесикалық сипатына қарай бірінші бағыт а) қазірде де сол күйінде (тұлғалық, мағыналық) сақталған, қиындықсыз түсінуге болатын сөздерді табу, ә) екінші – қазіргі кезде мағынасы өзгерген, бірақ формасы (тұлғасы) таныс сөздер сөздер, үшінші – қазіргі қазақ тілінде жоқ, мағынасы да күңгірт, белгісіз және кірме сөздер. Сол сияқты қосымша морфемаларды қызметі мен тудыратын грамматикалық мағынасынақарай осыған ұқсас жолмен топтауға болады. Алдымен қосымша морфемалар сөз таптарын тудыруға қатысына қарай олар бірнеше топшаларға бөлініске түсірілді:

**Зат есімнің жұрнақтары.** «XI-XIV ғасырлар ескерткіштері тіліндегі сөздердің де өзіне тән тұлғатұрпаттары болған. Осыған орай олар құрылысы жағынан әр түрлі келген, іштей түбір морфема және қосымша морфемалар болып екі жікке бөлінген. ... Ал қазіргі кезде біріккен сөз қатарында саналатын өзара кірігіп кеткен *ышқыр, қызғыш* сияқты сөздер құрама (тіркесті) түрінде *іч құр, қыз қуш* болып жеке жазу арқылы берілген. Бұған қарағанда біріккен сөздердің көбі ол заманда сөз тіркестері дәрежесінде, яғни құрама түрінде жұмсалған тәрізді» [3]. Ал қарастырып отырған ескерткіш тілінде зат есімдер әр түрлі сөз таптарынан сөз тудыратын жұрнақтар арқылы жасалған және жұрнақ пен түбірдің аражігі айқын білінеді. Мысалдар құрама немесе тіркес түрінде келген сөздерден бөлек.

#### **1.Есімдерден зат есім тудыратын жұрнақтар.**

- *лых, - лік, - лик, - лух, - лүк, - лих, - лүх* : «*оғланлыx*» - балалық; «*нахыслыx*» - мүгедектік; «*башлыx*» - көсем; «*дұшманлыx*» - дұшпандық, қастық, өшпенділік; «*инамлыx*» - сенімділік; «*саммахлыx*» - саудасаттық; «*таныхлыx*» - куәлік; «*йарлылыx*» - кедейшілік; «*йахшылыx*» - жақсылық; «*бийиклик*» - артықтық; «*дowlәтсизлик*» - бақытсыздық; «*игилик*» - мүлік, байлық; «*беклик*» - өкілдік; «*арувлук*» - тазалық; «*бичәнлик*» - шабындық, шалғын; «*йүклүк*» - кепілдік; «*төзүлүк*» - төзім; «*пешекәрлик*» - кәсіпкерлік; «*көнүлүк*» - әділдік; «*тоғұрлүх*» - әділдік; йахшылық – жақсылық. Осы арада аталған қосымшалардың тек бұл ескерткіште ғана емес, басқа да көне, орта түркі ескерткіштерінде зат есім тудыратын актив қосымша болғанын проф. М.Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» т.б. еңбектерде көрсетілгенін айту керек. Қазіргі қазақ тілімен сабақтастықтың бары мысалдардан да анық байқалса, ескерткіш жазылғанға дейінгі ғасырлардағы жазба ескерткіштер тіліндегі қазақ тілімен тарихи байланыс жайында: «YI-YIII ғғ. көне ескерткіштермен қазақ және басқа туыстас түркі тілдерінің өзара жақындығы олардың тек лексика, дыбыстық жақтарынан ұқсас және көп жерде ортақ болуымен шектелмейді. Олар бір-біріне сай, дәлмедәл болып келеді. Әсіресе, сөзге жаңа, не үстеме мағына беретін қосымшалардың көпшілігі күні бүгінге дейін ешбір өзгеріссіз сақталған. ... қазақ әдеби тілінің бүгінгі нормасына (кейбіреулерінің шамалы дыбыстық өзгеріске ұшырағаны бллмаса) дәл келетіндігі бірден көзге түседі. Мысалы. –лығ,-ліг, -луқ, -лүк қосымшасы абстракт мәнді зат есімдер мен сын есімдер жасайды. *Қағанлық (қағандық), атлығ (атты), күчлүг (күшті), құтлүг (құтты) т.б.*» - екенін зерттеушілер бұрыннан айтып келеді [3, 144]. Келтірілген мысалдар бұл байланыстың кейінгі ғасырларда да жойылмағанын көрсетеді.

- *чы, - чи – шү – чү* : «*кебитчи*» - дүкенші; «*магазичи*» - омарташы, арашы;

«темирчи» - темірші; «*хоншү*» - көрші; «*ұрұшчы*» - ұрысушы; Аталған қосымша мамандық иесін, кәсіп иесін көрсетеді. Дәл осы қызметті YI-YIII ғғ. да атқарғаны жоғарыдағы ғылыми еңбекте [3, 144-б] атап өтіледі.

- *ан, -ен*: «*оғлан*» - он беске толмаған бала, балалық; Бұл қосымша YI-YIII ғғ.да кездеседі. Оғлан сөзінен бөлек *өрен* сөзінің құрамында бар [3, 144-б].

- *чыx*: «*оғланчыx*» - жас бала; Бұл қосымша туралы YI-YIII ғғ. ескерткіштерінің тілі талданған мақалада ештеңе айтылмаған.

- *ұл* - «*оғұл*» - ер бала, ұл; Қосымша ретінде YI-YIII ғғ.ескерткіштерінде көрсетілмеген.

#### **2. Есімдерден сын есім жасайтын жұрнақтар:**

- *лы, - ли, -лү*: «*алғышылы*» - баталы; «*асламлы*» - пайдалы; «*баһалы*» - бағалы, қымбатты; «*белгили*» -



белгілі, айқын; «ұслұ» - ақылды; YI-YIII ғғ. ескерткіштерінде зат есімдерден сын есім тудыратыны көрсетілген [3, 144-б].

- **сыз, - сиз, - сүз, сүз** : «асламсыз» - пайдасыз; «довлэтсиз» - бақытсыз; «ерксиз» - еріксіз; «тилсиз» - тілсіз, сақау; «белгисиз» - белгісіз; «көнүлүксүз» - әділетсіз; «орұнчсүз» - парасыз; VI-VIII ғғ. ескерткіштерінде аталған қосымшаның соңғы екі варианты туралы ештеңе айтылмайды. -сүз, -сүз қосымшалы сөздердің мағынасы да айқын емес, парасыз мағынасында жұмсалып тұрған орұнчсүз сөзі де түсініксіз, кірмелік табиғаты бары байқалады. Қалған мысалдар талданып отырған ескерткіш тілінде белгілі дәрежеде үндестік заңы (асламсыз, довлэтсиз, ерксиз, тилсиз, белгисиз) сақталғанын дәлелдейді. Дыбыс үндестігі туралы пікірлердің ішінде М.Томановтың: «Қазіргі тілдің фактілері сөздердің комплекске бірігуі, сондай-ақ бүкіл комплекстің тұтастығының белгісі – дауыстылар гармониясы болды деген тұжырымды дәлелдемейді. Бүкіл сөз құрамының, дауыстылардың сапасы тұрғысынан бірдейлікке түсуі, екінші сөзбен айтқанда, сингармонизм жүйесіне бағынуы комплекстік тұтастық ретінде ыдырап, оның компоненттері дербестік дәрежеден айырылған кезеңде ғана мүмкін болады. Сондықтан түбірлердің комплекске бірігуі сингармонизмге негізделі алмайды» деуі үндестік заңының қалыптасуы туралы соны ойларға жетелейді. Ал ескерткіш тілі осы ыдырау кезеңі туралы мәліметтер жеткізеді деуге болады [4, 24]. Сондай-ақ, «В древнетюркский период существовало только три гласных фонем (а, у, ы). Слова с другими гласными относятся к более позднему периоду развития языка, т.е. к периоду фонетических изменений, займствований... Среднетюркский период характеризуется становлением гласных ү, е, і» [4, 121]. Түбір морфема мен қосымша морфема құрамында соңғы дауыстылардың кездесуі бұл пікірдің негізсіз еместігін байқатады. Орта түркілік ескерткіштерге тән ерекшеліктен армян-қыпшақ ескерткіштері де тысқары еместігін байқатады. Ғалым Б. Сағындықұлы, Ж. Аралбаевтың орта түркілік дәуірін алтай дәуіріне сай келеді деп санайтындығын айта отырып: «Аса ежелгі түркі дәуірінде у мен и дауыстылары қазіргідей ұу (үу), ый (ій) дыбыстарының комплексінен тұрмаған, таза қоспасыз айтылған» [6, 125] деген болжамын айтады. Талданып отырған ескерткіш, әрине, аса ежелгі дәуірге жатпайды, бірақ *йарғуны* сияқты сөздердің таза *у-мен* жазылуын жоққа шығаруға да болмайды. Аталған дыбыстың таза айтылуы «Төре бітігіте»-де болғанын білдіретін сынайлы.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қазақстан энциклопедиясы, 8 том. - Алматы: Қазақ энциклопедиясының редакциясы, 1998 жыл, 10 томдық.
- 2 Төре бітігі. Армяно-кыпчакский Судебник 1519-1594 гг. / Составители: А.Гаркавец, Г.Сапаргалиев, М.Капраль, М.Цимбал - Алматы: Дешт-и-Кыпчак, Баур, 2003. - 792 б.
- 3 Қазақ әдеби тілінің тарихи көздері. – Алматы: Ғылым, 1989. - - 253б.
- 4 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы.– Алматы, 1988.- 264 б.
- 5 Аралбаев Ж.А. Вокализм казахского языка. (Очерки по экспериментальной фонетике и фонологии). – Алма-Ата, 1970. -179 с.
- 6 Б.Сағындықұлы. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. - Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 257 б.

*Резюме*

## **МОРФОЛОГИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ АРМЯНО-КЫПЧАКСКОГО ПАМЯТНИКА «ТӨРЕ БІТІГІ»**

*А.Серікқазықызы<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Казахский Национальный Университете имени аль-фараби,*

*г. Алматы, Казахстан*

В данной статье рассматриваются морфологические особенности «армяно-кыпчакского» памятника «Төре бітігі» известного среди тюркских письменных памятников средних веков дошедших до настоящего времени, памятник написан на кыпчакском языке, армянской графикой в XVI-XVII веках, в современной тюркологии известны под общим названием «армяно-кыпчакские» памятники.

Армяно-кыпчакский памятник «Төре бітігі» – бесценное наследие, дающие возможности получить сведения об истории, о культуре, о языке, о житье-бытие и о религий тюркских народов. Для того, чтобы пополнить знание о законах развития современного казахского языка, нужно подробно исследовать язык армяно-кыпчакских письменных памятников и их относительность казахскому языку.

В языке рассматриваемого памятника существительные образуются от разных частей речи с помощью суффиксов и ясно замечается граница между корнем и суффиксов.

**Ключевые слова по тематике:** армяно-кыпчакские, памятник «Төре бітігі», имя существительное, имя прилагательное, словообразующие суффиксы, ассимиляция.

*Summary*

**MORPHOLOGICAL FEATURES THE ARMENIAN-KYPSHAK MONUMENTS "TORE BITIGI"**

*Serikkazykyzy Akbota<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Kazakh national university names al-Farabi,*

*c. Almaty, Kazakhstan*

Armenian-kypshak monuments – precious legacy which gives us possibility to get information about the culture, history, language, lifestyle and religion of turkic nations.

There is great task for our generation - research written monuments of turic nations which are not too far from contemporary kazkh language and find out relations between them. It is necessary to research armenian-kypshak monuments' language for finding new information about origin, development and regularities of our kazakh language.

In language of the considered monument nouns it is formed from different parts of speech by means of suffixes and the border between a root and suffixes is clearly noticed.

**Key words:** armenian-kypshak, armenian-kypshak monument "Tore-Bittik", noun, adjective, form suffixes, assimilation

МРНТИ 10.02.19

*Ж.С. Тасыбекова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*КазНПУ им. Абая*

*Кафедра восточных языков и перевода*

*(Алматы, Казахстан) \*- магистрант*

**СПОСОБЫ ПЕРЕДАЧИ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В КОНЦЕПТЕ «ТОРЕЛАНТНОСТЬ»  
С АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА РУССКИЙ ЯЗЫК**

*Аннотация*

В статье рассматриваются способы передачи фразеологизмов в концепте «Толерантность» с английского языка на русский язык на основе сопоставительного анализа. Статья посвящается, выяснению взаимосвязи между двумя языками и выяснению особенностей перевода высокой значимостью фразеологического компонента в концепте «Толерантность» в рамках языка, языковой системы в целом, его функциональными возможностями в самых различных направлениях, а так же рассматриваются проблемы, как анализа так и раскрытие значения фразеологизмов в концепте «Толерантность». Актуальность исследования определяется недостаточной изученностью способов передачи фразеологизмов в концепте «Толерантность» на материале художественной литературы, в текстах, масс-медиа, в словарях, в энциклопедиях, в пословицах, в поговорках, в крылатых выражениях с английского языка на русский язык в сопоставительном плане. Поэтому, степень влияния двух языков обеспечивает исследование в сопоставительном плане как отдельных самостоятельных государств и этноса. Если сказать другими словами, фразеология концепта «Толерантность» тесно связана с бытом народа, его национальной культурой, национальной психологией, обычаями народа, традициями, воспитаниями народа при этом показывая на его объективную действительность.

**Ключевые слова:** фразеология, концепт, «Толерантность», языковая картина мира, познание, культура, перевод, анализ, лексика

Перевод является одним из важных путей взаимодействия национальных культур. Как известно, большое разнообразие национальных образов представляют в любом языке фразеологизмы в концепте «Толерантность», которые отражают национально – специфические образы природо-географическую среду, особенности национальной кухни, национальной одежды, реалии, духовную культуру из области искусства, литературы, музыки, сведения о традициях, обычаях народа, особенностей национальной психологии, явления, ситуации, обстоятельства той объективной действительности в которой живет той или иной народ. По фразеологическому фонду можно судить о традициях, о мифах, о религиозных поверьях народа, так как в нем отражаются национальные культуры народов.

Фразеологизмы не только отражают, но и формируют определенные качества поведения, достоинства, недостатки человека, которые ценятся или осуждаются в обществе, в его культуре. Качества характера определенно проявляются в языке, так как человек с детства изучает и осваивает лексику, идиоматику, грамматику родного языка, сам при этом не понимая и не осознавая воспринимает окружающий мир и принимает говорение, чтение на этом языке.

Благодаря пониманию фразеологизмов становится ясно сразу представление о деятельности, о быте или культуры человека, жизни человека, или страны изучаемого языка, а значит понимание фразеологизмов в пословицах, в поговорках, в текстах, в масс-медиа, в художественной литературе и дает правильно использовать, придавать определённый своеобразный стиль и особую выразительность языку.

Если сказать другими словами, фразеология концепта «Толерантность» тесно связана с бытом народа, его национальной культурой, национальной психологией, обычаями народа, традициями, воспитаниями народа при этом показывая на его объективную действительность.

Мир фразеологии современного английского языка очень большой и разнообразный. Англичане считают одной из самой богатой нацией по запасу фразеологических единиц. Значение фразеологии концепта «Толерантность» значительно облегчает само восприятие современного перевода в публикациях, в художественной литературе, в текстах, в масс медиа, в словарях, в энциклопедии, в крылатых выражениях, в поговорках, в пословицах.

Очень быстрое развитие исследований в области фразеологии создало возможность выявления новых фразеологических систем. Лингвисты получили четкую направленность в изучении фразеологии. В данное время очень актуальна тема изучения сопоставительного анализа фразеологизмов.

Лингвисты 21 века активно разрабатывали направление, в котором язык рассматривается как культура, как код нации. Фундаментальные основы этого подхода были заложены трудами В.Гумбольдта, Ф.И.Буслаева, К.Леви-Стросса, Б.Уорфа и многих других ученых.

Сопоставительный анализ или сопоставление фразеологизмов помогают выяснить эмоциональную оценку происходящего с учетом менталитета носителей языка [Арутюнова, 1994; Федуликова 1984 г.].

В данном случае мы будем рассматривать способы перевода фразеологизмов концепта «Толерантность» с английского языка на русский язык в сопоставительном плане.

В современном обществе концепт «Толерантность» находит выражение общекультурные, этнокультурные ценности который характеризуют сущность человека. Само понятие «Толерантность» в сопоставительном плане состоит из двух частей «Толерантность» и «Терпимость». В наше время обязательным атрибутом культуры современного общества является толерантность, которое занимает большое место в системе ценностей, выступая как характеристика любых социальных культур – от индивидуума до общества в целом. Определение толерантности как уважение, правильное понимание культуры нашего современного общества, проявление человеческой индивидуальности.

Под концептом понимается ментальное национально-специфическое образование, планом содержания которого является вся совокупность знаний о данном объекте. Концепт является единицей этнокультурной информации, отражают мир национального восприятия и понятия, обозначаемый языком.

В научных литературах отмечается что окружающий мир длится на три формы: это реальная картина мира, культурная картина мира и языковая картина мира. Реальная картина мира показывает саму реальность, объективный окружающий мир. Культурная картина мира показывается через саму призму понятий, которые сформулированы человеком, полученных с помощью прошедших через его сознание, органы чувств и т.д. Языковая картина мира показывает саму реальность через культурную картину мира. Можно сказать, что языковая и культурная картина мира, они тесно взаимосвязаны между собой.

Эти все различия показываются через сравнительно – сопоставительный анализ отдельных фрагментов. Например: Fine (прекрасно) на обычное приветствие вопроса «Как дела» или «Как ты» звучит как то неискренне. А в русском языке отвечают на эти вопросы более скромно или нейтрально например: нормально, по-тихонечку, ничего.

Сопоставление фактов при переводе с английского языка на русский язык позволяет лучше понять закономерность и особенность изучаемого языка, более глубоко проникнуть в саму структуру языка, полнее изучить, осмыслить, то есть обнаружить те факты, которые остаются скрытыми при изучении языка. Таким образом, при сопоставительном анализе во фразеологии открываются больше возможностей изучить способы передачи фразеологизмов в концепте «Толерантность».

#### *Литература:*

- 1 Амосова Н.И. Основы английской фразеологии. – Л.: Изд-во Ленинградского университета, 1963. – 280 с.
- 2 Кунин А.В. Английская фразеология. - М., 1970. – 390 с.
- 3 Тугел А.С. Толерантность как лингвокультурологический феномен в языковом сознании казахского и русского языка, - Астана, 2010. – 138 с.
- 4 Джансеитова С.С., Жаксымбетова Г.М. Концептуальная картина мира // Вестник КазНПУ. Сер. филол.наук - 2015 – Т. 52 - №2 – С. 28-41.
- 5 Телия В.А. Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспект – М.: Языки русской культуры; 1996 – 288 с.
- 6 Туксаитова Р.О. Речевая толерантность в билингвистическом тексте (на материале русскоязычной казахской художественной прозы и публицики) Дис. Д.ф.н. – Екатеринбург, 2007 г.
- 7 Kenneth Katzner. English-Russian, Russian-English Dictionary // 2<sup>nd</sup> Edition. - NY., 1994. – 354 p.

Түйін

Тасыбекова Ж.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті

Шығыс тілдері және аударма кафедрасы

(Алматы, Қазақстан) \*- магистрант

Мақалада салыстырмалы талдаудың негізінде «Толеранттық» тұжырымындағы фразеологизмдерді ағылшын тілінен орыс тіліне беру әдісі қаралады. Мақала екі тілдің арасындағы өзара байланысты анықтауға және тілдің және жалпы тіл жүйесінің аясында «Толеранттық» тұжырымындағы фразеологиялық компоненттің жоғары маңыздылығының ерекшеліктерін анықтауға, оның әр-түрлі бағыттардағы атқарымдық мүмкіншіліктеріне арналады, сондай-ақ «Толеранттық» тұжырымындағы фразеологизмдердің мәнін ашу және талдау секілді мәселелер қаралады. Зерттеудің өзектілігі салыстырмалы жоспарда ағылшын тілінен орыс тіліне аударылған көркем әдебиет материалында, мәтіндерде, масс-медида, сөздіктерде, энциклопедияларда, мақалдарда, қанатты сөздерде кездесетін «Толеранттық» тұжырымындағы фразеологизмдерді беру әдістерінің зерттелу жетімсіздігімен анықталады. Сондықтан, екі тілдің әсер ету деңгейі – өз бетінше бөлек елдер мен этнос ретінде салыстырмалы жоспарда зерттеуді қамтамасыз етеді. Басқа сөзбен айтар болсақ, «Толеранттық» тұжырымының фразеологиясы халықтың тұрмысымен, оның ұлттық мәдениетімен, ұлттық психологиясымен, халықтың салтымен, дәстүрлерімен, халықтың тәрбиесімен тығыз байланысты және бұл ретте оның объективті шынайылығын көрсетеді.

**Негізгі сөздер:** фразеология, тұжырым, «Толеранттық», әлімнің тіл көрінісі, таным, мәдениет, аударма, талдау, лексика

Summary

Tasybekova Zh.S.

<sup>1</sup> KazNPU named after Abay

Chair of Oriental languages and translation

(Almaty, Kazakhstan) \*- master's Course student

The article deals with the method of idioms delivery in «Tolerance» concept from English to Russian based on comparative analysis. The article is devoted to investigation of synergies between two languages and clarification of interpretation peculiarities with regard to high significance of phraseological component in «Tolerance» concept within the frames of language, language system as a whole, and its functional possibilities across the full range of directions. The article also examines problems of both analysis and contextual interpretation of idioms under «Tolerance» concept. Thematic justification is determined by insufficient exploration of idioms delivery methods under «Tolerance» concept as exemplified in fine literature, texts, mass-media, dictionaries, encyclopedias, proverbs, sayings, winged phrases from English to Russian in comparative aspect. So degree of two languages impact ensures examination in comparative aspect as separate independent states and ethnos. In other words, the phraseology of «Tolerance» concept is closely related to nation way of life, its national culture, national psychology, nation traditions, and nation educations demonstrating that its objective reality.

**Key words:** phraseology, concept, «Tolerance», linguistic view of the world, perception, culture, interpretation, analysis, lexis

МРНТИ 17.71.91

F.Tulendiyeva, E.Mulkibayeva,<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi, Türkistan şehri, Kazakistan

Farida Tulendiyeva, Elmira Mulkibayeva

## KAZAK HALK HEKİMLİĞİ UYGULAMALARINDA KARTAL

Özet

Kazaklarda алıcı қушлар арасында yer alan kartalın avlanması, yakalanması, beslenmesi ve eğitilmesi ile ilgili terminoloji, güncelliğini bugün de devam ettiren folklorik dil unsurlarındandır. Ayrıca kartalın ve onun bazı organlarının halk hekimliğinde uygulanması da söz konusudur. Av ve avlanma usulleriyle beraber ortaya çıkan sağaltma yöntemleri, inanç, gelenek, görenek, giyim kuşam ve beslenme biçimi her şeyden önce tarihi kültürel zenginliklerdir. Bu nedenle алıcı қушлар ve kartalla avcılığa dair dil, etnografik unsurların araştırılarak gelecek қушақlara aktarılması dilciler kadar halk bilimcilerin de görevleri arasında sayılır.

Geleneksel halk hekimliği uygulamaları; binlerce yıl önce atalarımızın tabiat olaylarını, çevrelerini algılama, anlamlandırma ve etkisinde kaldıkları olay ve durumlara karşı tepkide bulunma ve toplumsal yaşam içindeki etkileşimleri sonucu doğmuştur. Geleneksel tedavi anlayışında yaşanılmış, birçok kere denenmiş uygulamalar ve bu uygulamalar çevresinde gelişmiş inançlar etkili olmuştur.

Teknoloji, sanayi vb. iletişim araç ve gereçlerinin gelişmesi neticesinde bu tür avlanma tarzını meslek haline getirenlerin sayısı gün geçtikçe azalmaktadır. Türklerin en eski av geleneklerinden olan kartalla avcılık Kazak Türkleri arasında Sovyet

döneminde zayıflamış olmakla birlikte günümüzde tekrar canlandırılmaya çalışılmaktadır. Bu geleneğin en eski şekliyle devam ettirilmesi, Türk kültürü için büyük bir kazançtır. Bu sebeple modern hayata adapte edilerek kartalla avcılığın uluslararası bir yarışmaya dönüştürülmesi faydalı olacaktır.

**Anahtar sözcükler:** kartalla avlama, kuş beyleri, halk hekimliği, sağaltma yöntemleri

Kişinin günlük yaşamında birtakım maddî ve manevî etkilerden korunması; bedenî, zihnî ve ruhî birtakım özürlerinin, hastalıklarının, rahatsızlıklarının giderilmesi yönünde halk, çeşitli inançlar ve uygulamalar geliştirmiştir. Her kültürel yapı, “hastalık sorununa” kendi kültürel değerleri, coğrafi özellikleri ve çevre gerçekleri çerçevesinde çözümler geliştirmiştir. Kişilerin hastalık karşısındaki tutum ve uygulamaları da içine doğdukları kültürel çevrenin onlara sunduğu ve aktardığı bilgilerin ışığında gelişmiştir. “Fertlerin hastalık karşısındaki tutum ve davranışları, mensup oldukları toplumun değer oriyantasyonu (yönlendirme), inanç sistemleri veya tek kelimeyle kültürünün bir tezahürüdür.” [1,116].

Geleneksel halk hekimliği uygulamaları, binlerce yıl öncesi atalarımızın tabiat olaylarını, çevrelerini algılama, anlamlandırma ve etkisinde kaldıkları olay ve durumlara karşı tepkide bulunma ve toplumsal yaşam içindeki etkileşimleri sonucu doğmuştur. Geleneksel tedavi anlayışında yaşanılmış, birçok kere denenmiş uygulamalar ve bu uygulamalar çevresinde gelişmiş inançlar etkili olmuştur.

İlk çağlardan beri hastalık kavramı, kısırlıktan, nazar değmesine, insan ve tabiatüstü varlıkların sebep olabilecekleri tüm olumsuzluklar için kullanılmıştır. Dolayısıyla halk hekimliğinde hastalık teriminin sadece bedensel rahatsızlıklar olarak düşünülmediği söylenebilir.

Halk hekimliğinde, "hastalık" deyiimi, insanın sağlık durumundaki bozuklukların yanı sıra, kısırlıktan, nazar değmesi gibi insanlardan gelebilecek kötü etkilere ve cin, peri gibi etmenlerin sebep olduğuna inanılan varlıkların neden olabilecekleri türlü sakatlıklara kadar, pek çok rahatsızlığı ve bunlara ilişkin tedavi yollarını ifade eden kavramı kapsamaktadır.

Yeryüzünde insanlık tarihi kadar eski ve onun varlığıyla özdeşleşen av ve avcılık, neolitik çağdan kalma mağaraların gün ışığı görmemiş duvarlarında, kemiklerde, kayalıkların yassı yüzeyinde ilkel sanatçılar tarafından konu olarak ele alınıp resimlenmiştir. Avlanan hayvanlar (geyik, yaban domuzu, keklik vd.); insanoğlundan üstün yetenekleriyle (gücü, hızı, uçabilme vd.) korkulan, saygı duyulan kimi zaman da kutsanan varlıklara dönüşmüştür.

Kartalla avcılık Türklerin en eski avlanma şekillerinden biridir. Altı bin yıllık tarihi geçmişe sahip olduğu söylenmekle birlikte, biz onun tarihi izini kaynaklarda 2-3 bin yıl eskilere kadar takip edebilmekteyiz. Arkeologlar bununla ilgili petroglifleri, yani kaya resimlerini Kazakistan’ın “Tanbalı Tas” ve “Bayancürek” kaya resimleri arasında tespit etmiştir. Bunlarda, kartalla av avlayan avcılarının resimleri bulunmaktadır. Yapılan arkeolojik kazılarda ele geçen toka, kemik, eyer, altın ve gümüş kemer vb. eşyalar üzerindeki kuş, yırtıcı hayvan motifleri; Türk halklarında avcılığın bir meslek, yaşam biçimi, geçim kaynağı, spor ve savaş sanatı olarak algılandığını göstermektedir.[1,118]

Göçebe halkın şuurunda “kartal” cesurluğun, cesaretin, kuvvetliğin ve özgürlüğün simgesidir. Kazakistan Cumhuriyetinin bayrağındaki “kartal” özgürlüğün simgesi olarak belirlenmiştir. Kazak halkı kartalı pir tutmuş, ismine değer vermiş ve kartal gibi cesur, gayretli olsun diye yeni doğan çocuğa onun ismini verirmiş. Örneğin: Burkut, Burkutbay, Burkuthan, Burkutbek vb. Tastulek, Tirnek, Tirnekbay, Balapan gibi isimler de avcılarının inanç olarak verilen isimlerindedir. Kazak halkı kartalın yaşadığı dağları “Burkut dağı”, “Burkut zirvesi” diye isimlendirmiş. Kartalın yuvaladığı yerleri “Burkut yuva”, “Burkut tas” diye adlandırmışlardır. Sonra milli nakışlarda “kuş gagası,” “ kartal gagası”, “ kartal ayak” diye isimlendirerek kartalın çeşitli vücut organlarını el işleri malzemelerde yansıtmışlardır. Hatta “Kartal dansı” diye bir dans türü de bulunmaktadır.[2,319]

Eskiden Kazak halkı kartalı kutsal kuş olarak kabul etmiş ve onu “Gök Tanrısı” , Kuş Padişahı”, “Kanatlılar Hanı” diye adlandırmışlardır. Moğollar da kartalı kutsal saymışlardır. Kartalı “Burred” şeklinde söylemişler. İşte görüldüğü gibi Türk halklarında ortak isme sahiptir. Moğol halkı “Kuş Padişahı” diye değer vermiş. Türk halklarından Tıvalar kartalın avladığı hayvanı kesip, onu “Mutluluk işareti” olarak derisini evlerine asmışlar. Köye avcı geldiği zaman köylüler sezdirmeden kartalının tüyünden alıp, evin içine asarak onu kutsal olarak saymışlardır.[3,50]

Hakas halkı da kartalı kutsal olarak görmüştür. Altaylılar kartalı kutsal kuş olarak baksılıkta çok faydalanmıştır. Göçebe Araplar aslında küçük yabani kuşlarla avcılığa çıksa, şimdilik Kazak avcılarının vasıtasıyla kartalı ava alıştırmışlar. Onlar kartalı kutsal sayıp değer vermişler. Tarihi kaynaklardan öğrendiğimiz bir bilgiye göre: Kubilay Han, zamanında kuşbeylerini yanına toplayıp, ava çıkmayı bir gelenek haline getirmiş.[4,79]

Başka milletler “kuşçuluk” sanatının Kazaklara Allah tarafından verilen bir özellik olarak görmüşlerdir. Bu sanatı Kazakların en iyi bir şekilde becerebildiğini kabul ettiler.

Kazaklar arasında kartalın özellikle totem olarak kabul edildiğine dair ayrıntılı bir bilgi olmamasına rağmen

tabiattaki kültlerle yakından ilişkili olduğu kabul edilmektedir. Çocuk ve hamile kadınlara musallat olan kötü iyelerden (ruhlardan) kurtulmak için kartal getirilerek bela ve kötülüklerden arınılacağına inanılır. Doğumu zor geçen kadınların bulunduğu yere kartal getirilerek doğumun kolay geçmesi sağlanır. “Kartal bulunan eve şeytan girmez” inancı vardır. Çoluk- çocuk kartalın önünden geçmezler. Kartal kazara öldüğünde ailenin bir ferdi ölmüş gibi üzülmür ve yası tutulur. Kartal ölüsü, beyaz beze sarılarak kuş yuvalarına yakın bir yere gömülür. Kartalın kanatları, kuyruk tüyü, kafa derisi, pençesi evin duvarına ya da beşiğe asılarak evi ya da çocuğu kötü iyeler, felaket, afet, nazar ve belalardan koruması beklenir. Yine cin çarptığına inanılan insanın kafasına kartal oturtulur. Baş ağrısı için kartal tüyünden yapılmış yastık kullanılır.

Bizim atalarımız “Kartalı kutsal bir kuş olarak saydığı için, ondan cin ve şeytan, kötülükler korkar.” diye düşünürdü. O yüzden kartalı halk hekimliği uygulamasında kullanmak gelenek haline gelmiştir. Kuşbeyinin evi ya da başka bir ev mi, mutsuzluğa uğrayan bir aile mi, işleri geri giden birisi mi, o köydeki eskiden kuşbeyi olarak sayılan birisinin kartalıyla o mutsuz evi temizletmişti. Bu “temizletme” şöyle yapılırdı. Nesilden nesile bu sanatla uğraşan meşhur bir kuşçunun eline kartalını kondurup o eve davet etmiştir. Evin içini, aile bireylerini kartalla “temizlemek” için kuşçu ev eşliğinden sağ ayakla girer. Sonra ocağı sağ taraftan üç defa dolaşır, elindeki kuşunu kaldırır. Kartal kanatlarını açıp yelpaze gibi çırpınca “alas, alas” diye söylenir. Kuşçu kartalın tam evin içine “bakakalması” için onu biraz dinlendirir. O sırada kartalın bakışından korkan evin köşelerindeki cin ve şeytanlar dışarı kaçarmış. Eğer kuşçu bazı sebeplerden dolayı davet edilen eve gidemezse, o köyün saygıdeğer ihtiyarların birine ricada bulunup, o evi “temizlemesini” isterdi. Ya da köyde bulunan baksıların birine rica ederdi. Gittiği baksı kuşlarla tevadi ediyorsa hemen anlaşır. Evin kartalla “temizlenmesi” kuşbeyi veya baksının önce abdest alıp sonra Allah’a dua etmesiyle başlar. [1,119]

Eskiden Kazak köylerinde halk arasında çok yaygın olan tedavi yöntemlerinin biri de hastaları “kartalla tedavi etmek”tir. Bu yöntem çoğunlukla cin ve şeytandan, ya da farklı birşeyden korkan, bir besin türünden zehirlenen, zeka hastalıkları olan hastalar için uygulanırdı. Bunların içinde zeka eksikliği olan birisi şöyle tedavi ederdi: Onlara önce köpeği gösterirler, sonra da hastalığı geçsin diye kartalın kanatlarını yelpaze gibi açarak hastanın başından dolandırıp, başına kartalla yavaş yavaş vururdu.

Tedavi için çoğunlukla yaşlanmış kuşlar seçilirdi. Kartal sahibinin de eskiden beri kuşçu olması, hem de kartalla sağaltma işlemleriyle uğraşan biriye daha iyidir. Çünkü genç kuşçular sağaltma işleminden önce “Abdest alma”, “dua etme” gibi işlemleri bilmeyebilirler. Kuşçunun kuşu “Çığırkan” olursa daha iyidir. Çünkü onun sesini duyan cin, şeytan, kötü etkiler hemen kaçarlar.

Bu işlem şu şekilde gerçekleşirdi: Kuşçu elindeki kartalı hastaya yaklaştırdır, kuş kanatlarını serince kuşun başındaki “tomagayı”(başındaki kalpak) çıkarılır. O sırada kartalın parlayan sert bakışı, görünüşü, çelik gibi pençesi hastayı etkiler. Hasta kartaldan korkarak ürkse, vücudundaki bütün kötülükler, hastalıklar, cin ve şeytanlar kaçar diye inanılmış. Sonra kartalı hastanın başına kondurur, kuş kanatlarını yelpaze gibi çırpınca vücudundaki kötülüklerden ayıklanır.

Eski zamanlarda Kazak köylerinde zamanında doğum yapamayan, doğum sancısından dolayı doğuramayan kadınlar için kuşçu davet ederek “kartalın kanatlarıyla çırpma” adeti de vardı. Hamilede doğum sancıları başlayınca köydeki kuşların en alıcısı seçilip işleme başlardı: Tecrübeli kuşçu kuşunu hamile kadının evine getirirdi. Sonra abdest alarak, “Kuş sahibine”, ölenlerin ruhlarına, Allah’a yalvarırdı. Evin eşliğinden “Bismillah” diyerek sağ ayağıyla geçerd. Yukarıya bakarak “Selamün aleyküm” deyip, kartalın başındaki şapkeyi çıkarırdı. Doğurmada zorluk çeken kadının yanına yanaşarak, kartalın kanatlarını yelpaze gibi onun yüzüne sererdi. Kartalı hiç yakından görmeyen kadın hemen kendine gelerek, korkudan ya da olağanüstü güçlerin yardımıyla kolay ve çabuk doğum yapardı. Böylece doğum yapan kadınların çocukları, kartal gibi cesur, güçlü ve iradeli olacağına inanılırdı. Bunu köy ihtiyarları, yaşlı kadınlar, baksılar, kuşçular anlatırlardı.

Eskiden Kazaklar “Kartal kanatlarıyla bir çırpırsa, bir bela gider.” diye inanırdı. Kartal kazara öldüğünde ailenin bir ferdi ölmüş gibi üzülmür ve yası tutulur. Kartal ölüsü, beyaz beze sarılarak kuş yuvalarına yakın bir yere gömülür. Kartalın kanatları, kuyruk tüyü, kafa derisi ve pençesi evin duvarına, yeniden evlenen çiftlerin, beşiğe asılarak evi ya da çocuğu kötü iyeler, felaket, afet, nazar ve belalardan koruması beklenir. Yine cin çarptığına inanılan insanın kafasına kartal oturtulur. Baş ağrısı için kartal tüyünden yapılmış yastık kullanılır.

Kuşbeyi kendi sanatını kendisinden sonraki nesile öğretmesi gerekirdi. O kartalını artık kaldıramayan hale gelince mesleğini çocuklarına ya da akrabalarının birine “Kartalımı artık sen kaldır” diyerek hediye ederdi. Kartalı kabul eden genç kuşçu “Babamın kartalı”, “Dedemin kartalı”, “Ağabeyimin kartalı” diyerek bu kartala başkalarından ayrıca değer gösterirdi. Bazen yaşlı kuşbeyleri ölüm anında akrabalarına “Benim araç-gereçlerimi falanca kuşbeyine verin.” diye vasiyet ederdi. Miras sahipleri bu araçları kutsal sayıp, yukarıya asarlardı.

Kazak Halkının eski geleneğine göre, dışarıdan eve ilk defa giren herhangi birisi önce eve selam verirdi. Eğer o evin yukarısında kartalı varsa, ona da selam vererek geçerd. Aile büyükleri “Kartalın önünden geçmeyin, her

zaman arkasından geçin.” diyerek sürekli uyarırdı. Eğer başka geçecek yer yoksa ya da çaresiz durumlarda, insanların “Bismillah” diyerek geçmesi gerekirdi.

Eğer bir köye kartal uçup, evin çatısına konarsa, Kazaklar “Kartal konu- mutluluk konu.” diye inanırdı. Çünkü sıradan bir kartal gelip de evin çatısına konmazdı. Bu durum sadece başka bir köyedeki kuşçuların evindeki kartalları kaçarsa olabilir. Bir de kuşçular yaşlanmış kartalı serbest bırakarak göğe uçururlar. Eğer uçup gelen kuş yaşlıysa, ona yem vererek beslerler. Gençse kartalı tutup sahibi aranırdı. Evlerine kartal konmuşsa başımız sağlıklı, hayvanlarımızın sayısı çoğalır, iyilik olur diye inanılırdı. Kazakların inançlarına göre, kartal, yolu her zaman açık olan bir kuş olarak sayılırdı. Kartalın rüyada görünmesi iyiliğe yorumlanır. Düşünde birisinin başına, omzuna kartal konarsa onun mutlu ve zengin olacağına inanılırdı. Ya da beyaz kartal girmişse bu da iyiliğin simgesidir. Eğer siyah, siyahımsı ve kahverengi kartal girerse durumun pek iyi olmayacağına, fena olacağına inanılırdı [5].

Kazak tarihinde meşhur fetlerin içinde birçoğu rüyalarında beyaz kartal görmüşlerdir. Bunu tarih ilimlerinin doktoru, habbilimcisi B. Kamalaşoğlu 2006 yılında Almatı’da yayınlanan “ Kazakların geleneksel kuş ve at bakıcılığı” adlı kitabının 65. sayfasında şöyle yazmıştır: “ Kazak tarihinde rüyasında kartal görüp de, sonradan mutlu olan, memleket yöneticisi, halkını koruyan kahramanı, ozanı, beyi olduğu hakkında birçok bilgiye rastlayabiliriz.” Rüya Allah’ın insana gösterdiği işaretidir, bu yüzden kutsal sayılan kartalla bildirmesi de mümkündür.

Deşt-i Kıpçak coğrafyasında “Yüce kartal, kanatlıların hanı” olarak, onu çok kutsal sayardı. O zamanlardan itibaren oluşan yine bir adet vardır: Birisi ilk defa o köye, ya da evine kartalı getirirse, köy kadınları ona “şaşu” yani şeker, tatlılar dağıtarak nazardan sağ salım çıksın diye onun sağ omzuna kuş tüyünü takardı. Bu olayların hepsi kartalın kutsal olarak sayılmasını, kuşların önünde Kazakların baş eğmesini ve onun kahramanlık simgesi olduğunu ispatlar. ‘Şaşu şaşu’ işlemini o köyün saygılı nineleri, anaları yaparlar.[6,89]

Sonuç olarak Kartal, pek çok Türk halkı için önem ve kutsiyet arz etmektedir. Kartalın başta Kazaklar olmak üzere Müslüman olmayan Türk halklarınca da kutsal kabul edilmesi, söz konusu kutsiyetin İslamiyetten önceki Türk halklarının yaşam biçimlerinden ileri geldiğine işaret etmektedir. Kutsallığının yanı sıra günlük yaşamda karşılaşılan güçlüklerden korunma adına da kartallar çok önemlidir. Günlük yaşamdaki sıkıntılardan metafizik boyuttaki sıkıntılara kadar pek çok sorunun kartal vasıtasıyla çözüme kavuştuğuna dair olan inanç eski Türklerde kartalın evcilleştirilerek faydalanıldığını da göstermektedir.

#### Kaynakça:

- 1 A.KARA, *Kazak Türklerinde Kartalla Avcılık, İstanbul. Marmara Üniversitesi, Türkiyat Araştırma ve Uygulama Merkezi, Türk Kültüründe Av Konulu Uluslararası Sempozyumu, 2006 y. 15-16 Kasım.*
- 2 Ahmet GÜNGÖR, *KIRGIZLARDA KARTALLA AVCILIK GELENEĞİ, ERZURUM, A. Ü. Türkiyat Araştırmaları Enstitüsü Dergisi [TAED] 51, 2014 y., s. 319-339.*
- 3 ÜMİT ÇINAR, *Alıcı Kuş Adları Denemesi, TDAY, Belleten, Ankara, 1996, s.50.*
- 4 L.P.PETROV, *Из истории чувашских названий хищных птиц, Советская тюркология, 1986;*
- 5 DÜYŞÖNALİYEVA, *Hayvancılıkla İlgili Kırgızca Terimler, Filoloji Bilimleri Doktora Tezi, Frunze. 1969*
- 6 E.NASKALİ GÜRİSOY, H. OYTUN ALTUN, *Av ve Avcılık Kitabı, Kitabevi Yayınları, 2008 y.*
- 7 D.H.BAZAROVA, *К этимологии некоторых древнетюркских названий птиц, Советская тюркология, 1975;*
- 8 K.İBRAGİMOV, *Некоторые древне тюркские названия птиц и их параллели в современных тюркских языках, Советская тюркология, 1974*
- 9 M.AUVEZOV, «Абай жолы» романында халық тілін пайдалануы, Алма-ата , издательство «Наука» 1965 y. , s.219
- 10 G.P.DEMENTYEV, *Сокола- Кречеты, 1951 y., s.5.*
- 11 BİYALİYEVA, A. *Kırgızlarda Kuşlarla Av ve Avcılık Terimleri, http://www.gungorname.com*
- 12 T.ALİŞEROV, *Ит жүгіртпін, құс салған, Алматы , Қайнар баспасы, 1994 y.*
- 13 D.S.SETAROV, *Тюркские лексические элементы в русских названиях птиц, Советская тюркология, 1983 y.*

#### Sözlükler:

- 1 K.YUDAHİN, *Kırgız Sözlüğü, Çev., Ankara, Abdullah Taymas, TDK Yayınları, , 1994.*
- 2 *Derleme Sözlüğü, TDK Yayınları, Ankara Üniversitesi Basımevi, 1993.*

Резюме

## ИСПОЛЬЗОВАНИЕ БЕРКУТОВ В НАРОДНОЙ МЕДИЦИНЕ У КАЗАХОВ

Фарида Тулендиева<sup>1</sup>, Эльмира Мулькибаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>МКТУ им.Х.А.Ясави, г.Туркестан, Казахстан

<sup>2</sup>МКТУ им.Х.А.Ясави, г.Туркестан, Казахстан

Терминология связанная с охотой, отловом, питанием и обучением беркутов, как охотничьих птиц у казахов сохранилась до сегодняшнего дня и продолжает быть актуальной, как один из элементов фольклора. Кроме этого беркут и некоторые его органы использовались в народной медицине. Охота и некоторые её методы, методы нетрадиционной медицины, вера, обычаи, традиции, одежда и виды питания являются историческими и культурными ценностями. Исследуя язык, этнографические элементы связанные с охотничьими птицами, охотой и передавать их из поколения в поколения являются главной задачей как языковедов, так и фольклористов. Использование народной медицины образовалось вследствие восприятия и понятия природных явлений и окружения. В понятии традиционной медицины использованы многократно проверенные временем и жизнью методы и образованные вследствие него поверья.

Охота с помощью птиц мало использовалась в Советские времена и снова начала оживать в настоящее время. Возрождение этой традиции считается выгодной для Тюркской культуры. Таким образом охота с беркутами должна адаптироваться к современной жизни и перейти в международное состязание.

**Ключевые слова:** охота с беркутами, птицелов, народное лечение, методика

Summary

## THE USE OF EAGLES IN THE FOLK MEDICINE BY KAZAKH PEOPLE

Tulendieva Farida, Mulkibaeva Elmira,<sup>1</sup>

<sup>1</sup>International Kazakh-Turkish University Named After H.A.Yassawi, Turkestan, Kazakhstan

Terminology associated with hunting, catching, feeding and training eagles as hunting birds by Kazakh people were kept until today and continues to be actual as one of the elements of folklore. Besides the eagle, and some of his organs were used in folk medicine. Hunt and some of its methods, the methods of alternative medicine, faith, customs, traditions, clothing and food are the kinds of historical and cultural value. Exploring language, ethnographic elements associated with hunting birds, hunting, and pass them down from generation to generation are main task of both linguists and folklorists. Using traditional medicine is created as the result of perception and concepts of nature and the environment. The methods and beliefs formed by them and checked many times as a result of time and life were used in the concept of traditional medicine. Hunting with the help of birds was used in Soviet times, and began to revive again now. The revival of this tradition is useful for the Turkic culture. Thus hunting with eagles must adapt to modern life and pass to the international competition.

**Keywords:** hunting with eagles, birder, a popular treatment, method



## ӘДЕБИЕТТАНУ

МРНТИ 17.82.31

А.А. Ақболатов<sup>1</sup>, Б.Әбдігазиұлы<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ докторанты, Алматы қ. Қазақстан,

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ Филология институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор (ғылыми кеңесші), Алматы қ. Қазақстан

### **ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ РОМАНДАРЫНДАҒЫ АНТИУТОПИЯЛЫҚ САРЫН: ҒАЛАМНЫҢ САТИРАЛЫҚ ЖӘНЕ ФИЛОСОФИЯ-МЕТАФОРАЛЫҚ БЕЙНЕСІ (Т.НҰРМАҒАНБЕТОВ «МЕШКЕЙ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)**

*Түйіндеме*

Мақалада ХХІ ғасыр қазақ әдебиетіндегі сатиралық роман жанрының даму тенденциясы сөз болады. Сатиралық романдағы «философиялық шарттылық» және «сатиралық шарттылықтың» антиутопияны жеткізудің әдісі ретіндегі рөліне тоқталады. Қаламгерлердің кейбір құбылыстардың шынайылығын жеткізуде өз атауымен беруде ашық айтпау, екіншіден замандас бейнесін берудің өзіндік қиындығынан астарлы мәнге ұмтылуының өзіндік мәніне тоқталады. Антиутопиялық сарынның құралы сатиралық, яғни пародиялық тұрғыдан бейнелеудің етек алуы кейбір күнгей тыныс-тіршілігімізді жеткізуде таптырмас әдіс екені Т.Нұрмағанбетов «Мешкей» романы негізінде талданады. Прозадағы философиялық сатиралық, пародиялық, философиялық шарттылықтың қызметі сипатталады. Жазушының бүгінгі қоғамның әлеуметтік астарын әшкерелеп, жемқорлық, жебірлік жайлаған адами қоғамның дағдарысқа түскен келбеті, жаңа заманғы дерті «мешкей» образы арқылы абсурдтық деңгейде көрсетілуі талданады. Ғаламның метафораланған бейнесі мешкей образы арқылы тоғышарлық пен бойкүйездік, рухани мәңгірттік, бейопа жалған, жемқорлық, жебірлік жайлаған адами қоғамның дағдарысқа түскен келбетін жеткізудегі авторлық шеберлігі талданады.

**Тірек сөздер:** сатиралық роман, философиялық, сатиралық шарттылық, мешкей образы, ғаламның метафораланған бейнесі, антиутопиялық сарын, авторлық шеберлік

ХХІ ғасыр қазақ романдарының даму тенденциясын зерделегенде, ең алдымен, жанрлық түрлік ізденісті, дәстүрлі классикалық романдармен қоса, жылт екен жаңалығы бар әдеби құбыстарды саралауды басты назарда ұстағанымызды атап өтеміз. Бұл мақаламызда ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасыр шеңберіндегі әдебиеттегі әдеби шарттылықтың ерекше қарқын алуы, «философиялық шарттылық» және «сатиралық шарттылық», ең алдымен, антиутопиялық сарынның қазақ әдебиетіндегі даму бағдары, ол туралы тұжырымдарға, сатиралық, пародиялық, философиялық шарттылықтың антиутопияны жеткізудің әдісі ретіндегі рөліне тоқталамыз.

Антиутопия утопияға қарама-қарсы пайда болған ұғым және айналасына, қоршаған ортаға көңілі толмаушылық салдарынан пайда болып, көркем әдебиет арқылы шынайы жеткізіледі.

Ғалым А.Таңжарықова Д.Исабеков прозасын зерттей отырып, оның прозасындағы антиутопияны жанр ретінде қарастырып, қазақ әдебиетіндегі аз зерттелгенін айта келіп, оның мән-мағынасына: «Антиутопия жанры ХХ ғасыр әдебиетінде кең бастау алды. Бұл әлеуметтік-саяси катаклизм және апокалиптік көңіл-күймен тығыз байланысты. Бұның өзі тұрмыстық утопияның және антиутопияның моделін құруға негіз болды. Антиутопиялық жанрдың классикалық шығармалары ретінде орыс жазушылары Е.Замятиннің «Мы», А.Платоновтың «Чевенгур», О.Хакслидің «Дивный новый мир», Дж. Оруэллдің «1984» романдарын атауға болады. Тақырыптарының әр алуан болғандығына қарамастан бұл шығармалар қоғамның саяси және әлеуметтік құрылымын сипаттауымен, билік табиғатын, көсемге табыну, әміршілдік-әкімшілік жүйе механизмін сипаттауымен құнды. Бұл аталған шығармалардың барлығын адамзат тағдыры мен адамгершілік қағидалар құнына алаңдаушылық білдіру біріктіреді.

Антиутопист – жазушылар тоталитарлық режим механизмі мен оның салдарларын, адамзат санасын күштеп басқару нәтижесінде жеке адамның моральдық құлдырауы, рухани жұтандану, ұлттық тамырлардан қол үзіп қалу салдарлары сияқты мәселелерді көтерді.

Жалпы «антиутопия» термині қазіргі күні шартты түрде түсіндіріліп келеді, бұл әдебиетшілер, философтар, әлеуметтанушылар, және тағы да басқа ғылым саласындағы ғалымдардың берген анықтама-сынан, синонимдерінен (негативті утопия, неутопия, какатопия, дистопия және т.б.) байқауға болады.

Антиутопия робот-адамдарды, мәңгірт ұрпақты туғызған гиперрационалды қоғамдық жүйені сынайды. Осы жүйеге қарсылық білдіретін кейіпкер шынайы адамзаттық құндылықтарды іздеуге,

тоталитарлық өмірден өзіне тірек табуға ұмтылады. Осылайша идеалды саналған қоғам қатал заңның тепкісін көрген жекелеген адамның ішкі жан-дүниесі мен санасы, сезімі арқылы күл-талқаны шығады.

Утопия жанрын зерттеу кезіндегі өзекті мәселелердің бірі – утопия ішіндегі сатира мен гротескіні анықтай білу. Жалпы антиутопия социализмнің әміршілдік-әкімшілік моделінің тұрақсыздығын, саяси тәртіп, тоталитарлық режимнің іріп-шіріген негіздерін әшкерелеп, тұрмыстық гротескінің моделін жасады.

Антиутопиялық жанр – шынайы өмірді сатиралық, яғни пародиялық тұрғыдан бейнелеудің бірден-бір құралы»[1,107-111], - деп анықтама береді. Міне жоғарыдағы ғалымның пікірінен кеңестік кезеңнің шынайы келбетін жеткізудегі Д.Исабеков сынды суреткерлердің жаңашылдығын сол кездегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен байланыстыра талдағанына сүйенсек, сол қоғамдағы орын алған жайттар бүгінгі қоғамда да түп-тамырымен жойылмағанын, қоғамдық ауысулар (кеңестік жүйенің орнына, тәуелсіз ел) болса да, сол қазақи ұлттық характеріміз, заманға сай құбылған ұлттық мінезді сөз ете отырып, ХХ ғасырдың соңғы он жылдығы мен ХХІ ғасыр тұсында келген тәуелсіздіктің қазақ қоғамына сөз еркіндігін, көркем ойдың тұсауланған қамытын шешуге мүмкіндік бергенімен, қазіргі өміріміздің де, тәуелсіздік алған қазақ қоғамының да күнгейлі тұстарын шынайы ақиқат тыныс-тіршілігін жеткізуде қазақ қаламгерлерінің антижанрларға, антиқаһармандарға иек артуы заңдылық екені сөзсіз. Кешегі кеңестік кезеңдегі кейбір көркемдік әдістен арылғанымызбен, бүгінгі күнімізді суреттеуде қаламгерлердің кейбір құбылыстардың шынайылығын жеткізуде өз атауымен беруде ашық айтпау, екіншіден замандас бейнесін берудің өзіндік қиындығынан астарлы мәнге ұмтылуының өзіндік мәні бар. Сондықтан антиутопиялық сарынның құралы сатиралық, яғни пародиялық тұрғыдан бейнелеудің етек алуы да, кейбір күнгей тыныс-тіршілігімізді жеткізуде таптырмас әдіс екенін қаламгерлеріміз айқын сезінді. Міне, қазақ прозасында шағын жанрларда жиі көрініс берген сатираның ХХІ ғасырда күрделі роман жанрында бой алуы көркемдік-эстетикалық қажеттілікті жеткізудің амалынан туындаса керек.

ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ әдебиетіндегі сатираны арнайы зерттеген Г.А. Ушурова сатиралық роман турасында: «Сатиралық прозаның ең көлемді, сюжеті қат-қабат оқиғалардан тұратын жанры әрине, сатиралық роман. Әлемдік әдебиетте сатиралық роман тарихын тереңнен тартатынын бөлім басында айттық. Қазақ әдебиетінде сатиралық романдар жазылған. Мәселен, оған Садықбек Адамбековтың «Атылған қыз туралы аңыз», Есенжол Домбаевтың «Жаман жәутік», атты шығармаларын әдебиеттану ғылымында сатиралық роман ретінде қарастырып жүр. Әрине бұл шығармалардың жанрлық табиғатына көзқарас біртекті деп айта алмасaq керек. Өйткені сатиралық роман жанрлық тұрғыдан аса күрделі, айтар ойы астарлы, сонымен бірге сатиралық қуат астасып жатуы керек. Мысалы, осы «Атылған қыз туралы аңыз» шығармасын ғалым Темірбек Қожакеев сатиралық роман емес, ол, роман-сатира дейді. Бұдан шығатын қорытынды, сатиралық романдағы оқиға тұтасымен сатиралық желіде жүріп отыруы қажет. Оған әлемдік әдебиетте мысалдар көп. Мәселен, жоғарыда аталып өткен әлемдік шедеврлер Петронийдің «Сатириканы» мен Апулейдің «Метаморфозасы» оған мысал бола алады. Ал, Садықбек Адамбековтың романында кәдімгі өмірдегі бар айшылықтар қатар дамып отырады. Онда тек сатиралық негіз ғана жүйе құрмайды, романтизм мен реализм, жағымды бейнелер мен жағымсыз бейнелер де көрініс тапқан. Қалай болғанда да бұл шығармалар сатиралық роман жанрын қалыптастыру жолындағы ұлттық әдебиеттегі ізденістер ретінде қабылданары сөзсіз. Болашақта қазақ әдебиетінде жанрлық табиғаты жағынан сатиралық роман жанры талабына жауап берер шығармалардың келері сөзсіз. Өйткені, бүгінгі ізденістер сол көркемдік жетістіктердің қарлығаштары деп түсінгеніміз абзал»[2,80-81], - деп тұжырымдайды. Міне, ғалымның пікірінен байқағанымыздай, бүгінге дейін жазылған бірді-екілі романдардың сатиралық роман ретінде қарастырылғанымен, шынайы жанрлық түрлік тұрғыдан қазақ әдебиетінің тарихында роман сатира мен сатиралық романның үлгісін ХХІ ғасырдың еншісіне тиіп отырғанын аңғарамыз. Оған Т. Нұрмағанбетовтың «Мешкей» (2006), Қ. Олжайдың «Атамыз Аласанбай» сынды бүгінгі өміріміздің шынайылығын сатиралық және философиялық шарттылық негізінде, абсурдтық деңгейде суреттеген сатиралық романдары куә болады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы роман жанрын зерделеп қарасақ, сатиралық роман немесе роман сатираның жазылуы жиі байқалмайды. Аталған жанр шағын фельетон, әңгіме, повестерде шағын жанрларда жазылғанымен, роман жанрында сатиралық образдар, сатиралық кейіпкерлер бағытында көрінгенімен, тұтастай романның сатиралық бағытта жазылу тенденциясы байқалмайды. Осы тұрғыдан келсек, Т.Нұрмағанбетовтың «Мешкей» романы ХХІ ғасырдағы роман жанрындағы ерекше құбылыс деп қарауға негіз бар. Роман атауының өзі мешкей деген қазақи танымдағы жағымсыз сөздің мағыналық астарынан көрінгеніндей, романның айтар мағынасының тереңдігін аңғартады. Романдағы абсурдтық деңгейдегі суреттеулер күлкілі жағдайдағы трагизмді, мениппенсия құбылысын көрсетеді. Дәстүрлі

классикалық суреттеулердегі сатирадан қаламгердің жаңа абсурдтық деңгейдегі суреттерге иек артуынан қаламгердің алдына қойған позициясының, авторлық ұстанымының өзгешелеу екенін аңғарамыз.

Романның көркемдік жетістігі туралы кезінде Т.Медетбек: «Тұрмыстық деңгейдегі Алыпхан мешкейдің де, елдің игілігіне арысздықпен тұмсығын тығып жіберіп, көмір мен темірін қылғытып жеп, мұнайын сапырып, көл-суын жапырып ішіп жатқан тойымсыз миллионер, миллиардер мешкейлер де, түптің түбінде жарылып өледі! Автордың меңзеп, ишаралағаны да осы.

Сондықтан мешкейліктің бүкіл болмыс-бітімін, табиғатын, мінез-құлқын жан-жақты қарастырған, бүгінгі таңда кемеліне келген, кемеріне толған, айтулы сөз шебері Тынымбай Нұрмағамбетовтің бұл кітабын – құрыштан құйылған тұтас бір метафора кітап деуге болады. Мешкейлік метафорасы»[3], - деп әдеби сында бағаласа, филология ғылымдарының кандидаты Ж.О. Мәмбетов автордың «Мешкей» романының көркемдік ерекшелігіне арнайы ғылыми талдама жасап: «Біріншіден, бір қоғамдық формациядан екінші қоғамдық формацияға өту кезеңіндегі аласапыранда ешқандай себепсіз, ғайыптан тайып байып кеткен адамдардың арамызда көптеп кездесетінін жоққа шығара алмаймыз. Осы шығармасында жазушы аталған шындықты тап басып, шынайы суреттеп жеткізе алған. Екіншіден, жазушы барлық мақсат дүние мен ақшаға ғана негізделген қоғамда адамгершілік пен рухани байлықтың екінші орынға ысырылып қалатынын да барынша сенімді дәлелдейді. Үшіншіден, ең жексұрын әдет болып табылатын мешкейлік арқылы қоғамдағы жемқорлықты, тойымсыздықты сатира тілімен өлтіре сынайды. Жинақтай айтқанда, Т.Нұрмағамбетов «Мешкей» романында біз өмір сүріп жатқан қоғам шындығын реалистікпен бейнелеп, қазіргі замандастар тұлғасының көбімізге сырттай ғана таныс қырларын суреткерлікпен танытқан...Жазушы өз шығармасы арқылы біз өмір сүрген 90-шы жылдардағы зорлық пен зомбылықты, адамдар арасындағы теңсіздікті, ақша үшін белділер мен шенділерге құл болған қуыс кеуделікті, намыссыздықты сынайды. Мұның бәрі жазушының аталған романында қол жеткізген табыстары»[4], - деп автордың табыстарын өзінше саралап өтеді.

Жазушының бас кейіпкері мешкей Алыпхан Арықбаевтың төңірегінде өтетін романы ғалым айтқандай тек тоқсаныншы жылдардың шындығы ғана емес, бүгінгі күн ақиқатына да арналады.

Т.Нұрмағамбетовтың «Мешкей» романын бір оқып шыққан оқырманға жай бір адамның ішіп-жеген мешкейлігін, ұсақ-түйек нәрселерді сөз қылған арзан дүние болып көрінуі мүмкін, ал шындығына келсек, автор қазақ ұғымындағы мешкей, мешкейлік ұғымын жаңа заманға сай қайта түлетіп, осындай болмашы дүниеге назар аудара отырып, қазіргі қазақ қоғамындағы ең үлкен кесел ашкөзділік, жемқорлық, тойымсыздық сынды Қазақстанның тәуелсіздік алған тұсынан бері жабысқан дертке, талан-таражға түскен байлықтың қазақ қоғамындағы сұраусыз жағдайына, аяқ астынан мемлекет қазынасына байып шыққан бай-бағландардың психологиясына назар аударып, жемқорлық пен ашкөзділіктің ұлттық менталитетке тигізген әсерін, яғни рухани тозған кейіпкерлер іс-әрекетін бағамдағаны сөзсіз. Автор бұл романында бүгінгі күн, өмір шындығынан ауытқымайды. Авторлық ұстанымын қаламгер роман барысында өзінің кейіпкері туралы авторлық баяндауларында жиі байқатады. Мысалы:

«Е, оқушым... пендесін мүсәпіршілік халге ұшыратамын десе жаратушы күшке оп-оңай-ақ екен ғой» [5,63].

«...Кейбір оқушыларымыз ойда жоқта, «тамақ пен ұйқыдан басқа ісі жоқ, бұл неқылған жан» деп пышпыштауы да мүмкін екен-ау. Обалы не керек, біздің отағасымыз тамаққа тойып, ұйқысы да қанған сәттерде үй ішіндегі қатын-қалаштың кәкүр-шүкір әңгімелеріне де араласып кететіні бар» [5,122] деген үзінділерден автор романының ішкі құрылымына енгізген өзіндік формалық құбылтуы, стильдік ерекшелігі, оқырманды алдағы баяндалатын оқиғаға, оқиға желісіне еріксіз тартып отырады. Автордың бұндай өзіндік ракурстағы формалық ізденісін (дәстүрлі эпикалық жырлардағы әңгімелеушіні «әл-қисса» деп басталатын мәтіндерді еске түсіреді) прозадағы күлкі табиғатын зерттеуші ғалым А.Мұсаевтың: «Қазіргі жаңалық деп, жаппай тәнті болып жүрген элементтердің ең бастысы – мәселенің ракурстық қойылысы болса керек. Ал ракурс шығарма концепциясын ғана емес, оның формасын да кейде бейнелеу құралдарын да көрсетеді. Туындының жазылу формасы – бір есептен оның негізгі кілті десек, онша көп қателеспейміз» [6,108-109], - деген пікірі нақтылай түседі. Міне, автордың бір сарындылықтан арылып, диалог, монолог (бас кейіпкердің өзімен өзі іштей сөйлесуі), авторлық баяндауларды алмастыра отырып, дәстүрлі эпикалық жырлардағы баяндау үлгісін жаңғыртуы романның көркемдік құндылықтарын арттыруға тырысқан.

Роман кейіпкерлері де санаулы, мешкей Алыпхан және әйелі Бифатима мен оның бала-шағасы. Бұл автор таңдаған жанрлық ізденіске сай, антиутопиялық сарынның, жалпы антиутопияға тән тағы бір нәрсе - оқиғалар өтетін кеңістіктің шектеулілігінде жатса керек. Романың оқиғасы осы бас кейіпкердің өміріне лирикалық шегіністер жасай отырып және тәуелсіздік алғаннан бері қарайғы елдегі әлеуметтік-тұрмыс-

тық жағдайдың өзгеруі, ала дорба арқалаған саудагерлердің қалыптасуы, елдің қазынасына қол салған жемқорлықтың дерт болып жайылуы сынды елдік өзекті мәселелердің бір ғана мешкей образының басына жинақтала берілуі, яғни типтендірілуі өте сәтті баяндалады. Мешкейліктің абсурдтық деңгейде суреттелуі, шектен тыс жебірлік, араны ашушылық, тамақтан басқа түкте ойламайтын деңгейдегі тоң мойындылық, үндемес, тамақ пен ұйқы ғана өмірлік мұраты болған Алыпханның құдалықта отырып, қарны жарылып өлуі, маскара өлімі, түйені түгімен жұтқан жемқорлардың, ашкөздердің қазіргі қоғамдағы жаңа кейіпкерлердің астарлы бейнесі, сатиралық, пародиялық тұрғыда ащы тілмен түйреледі. Қаламгер өзінің уытты тілі арқылы жоқшылық күн кешіп, тамақ ішіп тойынудың өзі бір мұң болған, аңқау да бейғам Алыпханның аяқастынан байып шығуы арқылы қазақ халқының тәуелсіздігін меңзесе, мешкейлік арқылы аңқау және бейғамдықпен отырған қазақ елінің байлығының талан-таражға түсуін, әркімнің ұстағанның қолында, тістегеннің ауызында кеткен халық қазынасын көрсетеді. Жазушы жаңа заманның жаңа типтегі кейіпкерлерінің жиынтық образын жасауға тырысқаны мәлім.

Романдағы қозғалған мәселенің бірі - атеистік қоғамда өмір сүріп тәуелсіздік жылдарынан кейінгі жаппай дін мәселесіне бет бұрудың көріністері. Романның өне бойында қозғалмаса да, романның бір-екі жерінде сәтті детальдық штрихтар арқылы берілуінен аталған мәселеге немқұрайлы қараған қоғамның келбеті, шынайы діни сауатсыздықты түйреп өтеді. Мысалы:

«- Пайғамбарымыз құрбан айт туралы өте қатты айтыпты ғой. Жағдайлы кісілер бір малын құрбандыққа шалуға қимаса, мешітке келмей-ақ қойсын... депті.»[5,70]

«Осы құрбандық шалу деген бір-р»...дей берді де өз ойынан өзі шошып, үнсіз міңгірлеп қалды. Өзінше құдайдан қорқатын да әдеті бартын... «Сол кісіні көрмей-білмей осынша неге қорқамын осы...» деп осы әдетіне қайран қалған кездері де болды»[5,80].

Жоғарыдағы кейіпкерлеріміздің сөздерінен дінсіз қоғамда өмір сүрген, имандылыққа бет бұрған бүгінгі замандағы кейбір замандастарымыздың діндарлығы абсурдтық деңгейде суреттелген. Рухани азып-тозған, ұлттық құндылықтардың құлдыраған ортасынан шыққан кейіпкердің түсінігіне саяды.

Бас кейіпкердің мешкейлігін суреттеген оқиғаның бірі ұлы Шәріпханға келін айттырып, құда түсе барған дастархан үстіндегі мына бір үзіндіні келтіре кетсек, «Құйрық-бауыр қойдыкі екен, бәсе тайдың етіндей қайдан болсын» деп әуелі отағасы ол табаққа керенаулау бұрылған. Бауырға да мұрын шүйіруге болар-ақ еді. Бірақ аппақ болып ар жағында құйрық тұр ғой, құрығыр...

«Құйрық-бауыр келгенде ауыз ти де, табақты жағалатып жібер», - деген бәйбішесі оңаша бөлмеде күнкілдесіп, кеңесіп отырған бір сәтінде.

Бәйбішесінің сол ақылымен бас құда бірақ асармын деп ойлаған еді.

Тәйірі құйрықтың дәмі уылжып тұр екен. Шамасы, бір тау бөктерінде өскен марқа қозы болды-ау. Өзі ғана уылжып тұрса, айналайын не дерсің... Барған жерін қоса уылжытып жіберетінін қайтерсің... Тіпті бір салғаннан-ақ мұның аузын құйрық дәмі арбап алды ма-ау, әйтеуір, бірдеме болды. Ауызы «тағы-тағы» деді де тұрды. Сонымен үш асады ма...әлде төрт асады ма...

- Ау бас құда, құйрық-бауырдан өзге қонақтар да ауыз тисек екен деп телміріп отыр, - деген асабаның дауысы шыққан кезде барып қолын тартты-ау...» [5,181-182].

Романның өн бойында осы тәріздес, бас кейіпкеріміздің алдына келген тамақтың бәрін опырып жейтін жалмауыз тәбетін суреттейтін тұстары жиі-жиі көрініс табады. Бұндай сатиралық шарттылық философиясының астарында, тамақ ішіп жеуден басқаны ойламайтын, сана, ұлттық болмыс, рух сынды дүниелерден айырылып, тобыр деңгейге жеткізудің нәтижесі осындай болмақ дегенге саятын авторлық ұстанымы да көрініс береді.

Қорыта айтсақ, метафораланған ғаламның бейнесі (мешкей образынан) дегенге келсек, тоғышарлық пен бойкүйездік, рухани мәңгірттік, бейопа жалғанның, жемқорлық, жебірлік жайлаған адами қоғамның дағдарысқа түскен келбеті өзінен-өзі айқын танылады. Жазушы бүгінгі қоғамның әлеуметтік астарын әшкерелеп, жаңа заманғы дертті абсурдтық деңгейге көтереді. Роман соңындағы мешкей Алыпханның қарынының жарылып өлуі де шарттылық, сол арқылы автор ашкөзділік, қанағатсыздық, тойымсыздық, мешкейліктің түбі жақсылыққа апармайтын салмағы ауыр екенін, саясат пен ақшаның жаңа заманның қазақи танымына өзгеріс әкелгенін (есірлік), тасыну, даңғазалық, құр мақтаншылық, кеудемсоқтық, жемқорлық болып жабысқан дерттің ешбір опа таптырмасынан сақтандырып отырғандай әсерде қалдырады. Бірақ ақыл айту, жалған мораль жоқ, оқырманды жиіркенішті деңгейдегі сезімге жетелейді. Автор өзінің ұлттық деңгейдегі авторлық позициясын жеткізуде антиутопиялық сарынға жүгіне отырып, оны шынайы өмірді сатиралық, яғни пародиялық тұрғыдан бейнелеудің бірден-бір құралы екенін меңгергенін айтуымыз қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Таңжарықова А.В. Д.Исабеков прозасының көркемдік әлемі.

10.01.02 - Қазақ әдебиеті бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. /Ғылыми жетекшілері: ф.ғ.д., проф., Б.Әбдігазизұлы, ф.ғ.к., доц., Р.Зайкенова/. - Алматы, 2008. - 129 бет.

2 Уиурова Г.А. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасыр басындағы қазақ сатирасы. 10.01.02. – қазақ әдебиеті бойынша филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. /Ғылыми жетекшісі: филология ғылымдарының докторы, профессор Әбдігазизұлы Балтабай/ - Алматы, 2010. - 133 бет.

3 Медетбек Т. Мешкейлік метафорасы. Әдеби сын /Жас Алаш №4 (15670) 17 қаңтар, сейсенбі 2012.

4 Мәмбетов Ж.О. Тынымбай Нұрмағанбетовтің «Мешкей» романының көркемдік ерекшелігі. Қазақ білім академиясының баяндамалар жинағы. 1-2/2014.

5 Нұрмағанбетов Т. 3 томдық таңдамалы шығармалары. 2-том. «Мешкей» романы. – Алматы: «Өлке», 2006. – 208 бет.

6 Мұсаев А. Жанды жүйе. Оқу құралы. – Алматы, 2001, - 277 бет.

Резюме

**АНТИУТОПИЧЕСКИЙ МОТИВ В СОВРЕМЕННОМ КАЗАХСКОМ РОМАНЕ: САТИРИЧЕСКИЙ И ФИЛОСОФСКО-МЕТАФОРНЫЙ ОБРАЗ ВСЕЛЕННОЙ (ПО МОТИВАМ РОМАНА "ЧРЕВОУГОДНИК" Т.НУРМАГАНБЕТОВА)**

А.А. АҚБУЛАТОВ<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Докторант КазНПУ имени Абая, г.Алматы, Казахстан.

Б.АБДИГАЗИЕВИЧ<sup>2</sup>

<sup>2</sup> Директор филологического института КазНПУ имени Абая, доктор филологических наук, профессор (научный советник), г.Алматы, Казахстан.

В статье анализируется сатирический роман в казахской литературе XXI века через роман "Чревоугодник" Т.Нурмаганбетова. Также речь идет о том, что "философическая условность" и "сатирическая условность" является методом передачи антиутопии в сатирическом романе.

Некоторые авторы предпочитают не говорить открыто в передаче истины о некоторых явлениях, во-вторых, в передаче образа современника стремятся сосредоточиться на его желаниях. В романе Т.Нурмаганбетова "Чревоугодник" направление антиутопии в сатирической сфере, то есть иллюстрация с пародической точки зрения является эффективным способом описания повседневной жизни. Характеризуется философическая сатирическая, пародическая, философская условность в прозе. Выставляются загадки социального общества сегодняшнего времени, коррупция, охватившие все человеческое общество с лицом кризиса, на уровне современные болезни "чревоугодность" абсурдного уровня показанного при изображении анализируемого. Образ метафорической вселенной передается через образ чревоугодника, анализируется авторское мастерство при описании обывательщины и неравности, духовного манкурства, прозорливости, где расширяется обжорство, то есть кризис общества, проходящее через человеческий облик.

**Ключевые слова:** сатирический роман, философическая условность, сатирическая условность, образ чревоугодника, образ метафорической вселенной, антиутопическое направление, авторское мастерство

Summary

**AN ANTIUTOPIAN MOTIVE IN THE MODERN KAZAKH NOVEL: THE PHILOSOPHICAL-SATIRICAL AND METAPHORICAL IMAGE OF THE UNIVERSE (BASED ON THE NOVEL "A GLUTTON" T.NURMAGANBETOV)**

A.A. Akbulatov<sup>1</sup>

<sup>1</sup> PhD Doctor KazNPU named Abay, Almaty c. Kazakhstan,

B.Abdigaziyevich<sup>2</sup>

<sup>2</sup> Director of philological institute KazNPU named Abay, PhD Doctor of philological science, the professor (scientific advisor), Almaty c. Kazakhstan

In this article analyzed the satirical novel in the Kazakh literature in the XXI century through by the novel "A glutton" T.Nurmaganbetov. Also about that "philosophical convention" and "satirical conditionality" is a method of transmission of dystopia in the satirical novel. Some authors prefer to committing to the truth does not speak openly about some of the phenomena, secondly in a contemporary way of committing tend to focus on his desires. In the novel of T.Nurmaganbetov as a "A glutton" is a direction satirical dystopia in the field, that with an illustration parodic point of view is an efficient way to describe everyday life. Characterized philosophically satirical, parodic, philosophical convention in prose exposes mysteries of social society in today's time, corruption that has engulfed the whole of human society from the face of the crisis, at the level of modern diseases "gluttonous" absurd level shown in the image. the author also Also analyzed the skill in describing the philistinism in spiritual life, so a gluttony which expands in the crisis of society passing through the human form.

**Key words:** satirical novel, a philosophical, satirical convention, image of glutton, the image of metaphorical universe, an antiutopian direction, the skills of the author

А.А. Акенова<sup>1</sup>, А.Д. Ибраева<sup>2</sup>

Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан,  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қаласы, Қазақстан

## ТӨЛЕН ӘБДІКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕР ТҮП ТҮЛҒАСЫ

Аңдатпа

Мақалада көрнекті жазушы Төлен Әбдіковтың шығармашылық әлеміне қатысты мәселелер сөз етіледі. Кейіпкерлер түп тұлғасы яғни прототип мәселесі, әңгімелеріне арқау болған образдар жүйесі, көркем шындық пен өмір шындығының арақатынасы қарастырылған. Көркем бейне, қолжазба және шығарманың түрлі нұсқаларының арасындағы ерекшеліктердің барлығы қаламгердің әдеби шығармашылық әлеміне әкелетіні айтылған. Жазушы шеберлігі мен прозалық шығармаларының жанрлық, тақырыптық ерекшеліктері айтылады. Т.Әбдіков – өзіндік концепциясы белгілі, шығармашылық мұраты айқын, қаламын сапасыздыққа емес, саналылыққа суарып, көркемдікке ұмтылып келе жатқан қарымды қаламгер. Жазушының ерекшелігі – қазақ прозасына батыстық үлгідегі модернистік бағыттағы шығармаларды дүниеге алып келуінде және де шығармаларында қоғамның негізгі шиеленісті мәселелерді бере білуінде деп түсінеміз.

**Түйін сөздер:** шығарма, тақырып, прототип, көркемдік ерекшелік, шығармашылық зертхана

“Әдебиет – адамтануды ғана емес, адам болып қалуды үйрететін ұлы өнер. Міне, сондықтан да шын талант әдебиетке, адамдық бастаудың қайнарын лайлайтын қоғамның зұлымдығынан өмірді тазарту үшін келеді. Жүрегі оттай жанып, өмірдің зұлымдығымен күресе алмаған жазушы еш уақытта да адам жанының суреткері бола алмайды” - деген еді Амангелді Кеңшілікұлы бір мақаласында. Айтпақ болып отырғанымыз - әдебиеттегі кейіпкер жасау, адам образын сомдау деген үлкен мәселе. Сонымен кейіпкер дегеніміз кім?

**Кейіпкер** – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы адам, әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем бейнесін жасағанда, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттарымен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де анық байқалатындай етіп суреттейді. Көркем бейненің типтік өзгешелігі қоғамдық өмірдің ішкі сырын, мәнін ашып беру үшін қандай қажет болса, оның даралық, жекелік сипат-белгілері адам тұлғасын, іс – әрекетін, мінез – құлқын көзге айқын елестету үшін, нақтылық қалпында көріп – білу үшін сондайлық қажет (1,123 б). Бұл энциклопедияда берілген анықтама болатын. Ендеше, біздің түсінгеніміз, көркем бейне жасау, кейіпкер прототипін сомдау үлкен дайындық пен әдіс жинақтаудан тұратын нәрсе. Ал, прототип дегеніміз не? **Прототип** - өмірде, тарихта болған тұлға. Кезінде Горький нағыз әдебиетші өмірде болған адамды ғана романның кейіпкеріне айналдыратынын айтса, ал сіз таңдай қаға, таңғалып отыратын Достоевский шалдың шығармасындағы кейіпкерлердің барлығы дерлік өмірде болған жандар.

Бүгінгі мақаланы жазуға арқау болып отырған ірі тұлға, осы айтылған күрделі мәселе болып саналын, кейіпкер тұлғасын жасау мен жоғарғы дәрежеде оның ішкі – күйін суреттеуде айтарлықтай биіктерден көрініп үлгерген – Төлен Әбдіков. Заманымыздың заңғар ойлы тұлғасы, «Қаламы жүйрік» жазушылардың бірегейі – Төлен Әбдіков. Қаламгердің шығармашылық жолына ой жүгіртер болсақ, қазақ көркемөзіне қандай сара жол салғанын, саралап айту міндетіміз деп білеміз. Жазушының қазақ еліне деген, әдебиетке деген сан жылдар бойы сіңірген еңбегі – жазған шығармаларының шырайы мен кемелдігінен - ақ белгілі. Ендеше, ендігі әңгіме өрісі Төлен Әбдіков шығармаларындағы кейіпкер тұлғасына арналсын...

Төлен Әбдіков - бүгінде көп қырлы, шығармаларының арқасында зор абыройға ие болған, талантты таудай жазушы. Оның әрбір жаңа шығармасы өз оқырмандырын тауып, жүрекке жетіп, баспасөз беттерінде қызу пікірлерге ұласатындығы да оның қаламының қажырлылығына дәлел деп білемін. Өмірдің мәні мен сәнін, өмір сүрушінің мақсаты мен міндеттерін сезіндіріп, санаға ой түйдіріп, жүрегіңе жылу құйып, нұрландыратын туындылары арқылы Төлен Әбдіков әдебиетіміздің мерей-мәртебесін өсіріп жүрген жазушы.

Қандай да бір шығарманы алсақ, оның жазылу жолы үлкен ізденістен тұратындығы белгілі. Дүниеге келген шығарманың өз шығу тарихы мен сара жолы бар. Тақырып таңдаудан бастап, кейіпкерлер тағдыры (әр бірінің жағымды, жағымсыз жақтары, сұлулығы мен сұмбайылығы, естісі мен есері т.б) өрбіген оқиғалар желісі, айтпақ болған басты идея деген мәселелер еңбек пен төгілген тердің жемісі. Осы тұрғыда Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Қуанышбай Құрманғали: *«Жазушы кейіпкерлерінің*

мінез – құлқы, мәдениеті, салт – дәстүрді білуі, түсінік – түйсігі – жалпы қазақы болмысы, жан дүниесі түгелдей ұлттық қалыптан шыққан. Төлен өз шығармаларында көркемдік шарттарын мұқият сақтап, оны өмірдің қыр-сырын суреттей баяндауға шебер қолданатын қаламгер» - деген еді.

Осы сөйлемдерден біздің түйгеніміз, кейіпкер жасау дегеніміздің өзі – тарихты терең білумен, адам психологиясын танып, жан дүниесіне үңілуден тұратын шеберлік екендігі.

Т.Әбдіков шығармаларының өзгешелігі де осында. Ешкімге де ұқсамайтын кейіпкерлері және олардың терең психологиясы, жан дүниесі. Мынау жалған дүниенің жапа тармағай сұрақтарына жан-жақты жауап беруге тырысқан жазушы адам баласының сан қилы әрекеттерін олардың дүниетанымы мен ішкі психологиялық әлемі арқылы шынайы суреттеп береді. Адам баласындағы тылсым арпалыстар адам психологиясындағы ұшы-қиырсыз ғажайыптар, адамгершілік, адамдық сияқты тамаша қасиеттер мен пендешілік, арамзалық сияқты алпауыт күштер майданы – Төлен Әбдіков шығармаларының негізгі сарыны. Жазушының осы ерекшелігі туралы О.Бөкеев: «Төлен прозасындағы мен аңғарған ерекшелік – идеясының тереңдігі мен философиялық ойының ауқымдылығы. Тақырыптық жағынан да соны, әркімнің міне шабуы мүмкін емес қыртыстылығы. Туындысының идеялық дәнін тым тереңге себетін жазушының сол кіртияз дәні өніп шығар құнарлы тақырыбын табуы оңайға түспес. Балкім, Төлennің әр кітабы дүниеге түйенінің боталағанындай болып, ыңыранып әрең келу сыры-осында шығар» [2, 4-5 бб.] - дейді. Кейіпкер бейнесін сомдауда қаламгердің суреткерлік шеберлігі мен тақырып таңдаудағы зерделі ойы дара қолтанба қалдыраы анық. Төлен Әбдіковтың тұғырнамасында қоғам рухани тұрғыдан жетілгенде ғана даму өз өрісін таба алады. Қоғамдағы даму ғылым мен техниканың қарыштап дамуымен емес, адам баласының рухани өсуімен өлшенеді. Қаламгердің қай туындысында болсын эстетикалық кемелділікке, әлеуметтік теңдікке ұмтылысын байқаймыз. Қаламгер өз кейіпкерінің тағдыры арқылы адамдарды да ойлануға шақырады, рухани тоқыраудан қоғамдағы имансыздық, рухани жұтандық кеселдерінен сақтандырады. Жеке адам басындағы қайшылық пен қоғамның рухани өміріндегі уайымшылдықтардың шынайы болмысы бейнеледі. Жазушы өз шығармасына бітіспес қайшылық көзі ақ пен қараның, жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, жалған мен ақиқаттың, үміт пен күдіктің, өмір мен өлімнің арасындағы мәңгілік майданды, текетіресті негізгі нысан етіп алған. Шығарма кейіпкерінің бойындағы екі ұдайылық бүгінгі идеялынан айырылып, жар жағалаған қоғамның да бет бейнесі. Бір кейіпкердің ішкі әлемін таныту арқылы әркімнің өзін тануына жаңа серпін береді. Әдеби шығарманың негізгі мақсаты да, адамның өзін танып, болмыстың шындығына жетіп, адам жанын ізгілендіріп, өзін рухани жетілдіруіне ықпал ету. Төлен Әбдіков – тек осы шығармасы ғана емес, көркемдігі мен ақиқат үні астасқан өзге туындылары арқылы да дүниенің неге бірізді, бірыңғай ізгілікті мөлдірліктен, биік парасаттан таза ақиқаттан тұрмайтындығын ұдайы айтып, алуан тұлғалы – көркем образдар арқылы оны үнемі әйгілеп келе жатқан жаны сирек, рухы өте пәк, әрі беймаза қаламгер. Жазушы қаламынан туған әңгімелерге тоқталып, кейіпкерлер есімі мен олардың қоғамда атқарған рөлі жайында бірер сөз сөйлесек. Прозалық шығармаларын жанр жағынан жіктеген кезде, ең әуелі әңгімелеріне тоқталарымыз анық. Өз жолын әңгіме жазудан бастап, көркем сөздің көсеміне айналған жазушы – Төлен Әбдіков, осы жанрдың қиын да қилы жол екендігін білді. Оның қаламынан туған: «Райхан», «Екі кездесу», «Сәндікөл», «Оң қол», «Қонақтар», «Жат перзانت», «Мансап», «Бас сүйек», «Қайырсыз жұма», «Қойшығұл», «Таласбай», «Бір күндік ашу», «Көктерек», «Қарасын» т.б. әңгімелері оқырман қауымға таныс. Осы әңгімердің ішінде назарға іліккені - «Бас сүйек» шығармасы болды. Монолог арқылы, сонау жылдар бұрын дүниеден өткен, Жаубөрі батырдың басын Құдай берген талантының көмегімен халықтың өткен өмірін тірілтуге тырысқан – мүсінші-антропологтың өнерге адал жан екендігін көрсетеді. Оның өзімен-өзі болған ішкі толғанысы, күйініші, өліп-өшіп тұрған өнерге деген махаббаты ризашылық тудырады. Осы әңгіме турасында, Қамбар Керейқұлов: «Әңгіменің өң бойынан анық көрегінбір нәрсе – көркем творчество психологиясы. Ғылыми предметтің (бас сүйектің) жұмбақ сырын біле алмай монолог арқылы, бірде автор баяндау арқылы ашылады» - дейді. Расымен де бас кейіпкер – Хамит үшін Жаубөрі батырдың басын жасап шығара алмаса да, сырын ашуға тырысқан, талпынған, күшін арнағандығы оның қандай азамат екендігін ашып көрсетті деп ойлаймын. Дулат Исабековтың естелік мақаласында: «Бас сүйек – деген әңгімесі бәрімізді елең еткізді. Ол әңгімесі тек жастардың, студенттердің арасында ғана емес, әдеби қауымды да елең еткізді» (3, 14 б) - деген сөзі жоғарыда айтылғандарды нақтылай түседі. Ал, «Қонақтар» әңгімесі басқа бір оқиға, басқа бір әлем. Қазіргі таңда да көптеп кездестіріп жүрген ащы шындық. Сенгің келмесе де көзің көріп, құлағың естіп жүрген оқиғалар. Бас кейіпкердің бірі болған – Ерғабыл қарияның басынан кешкенін оқи отырып, жаның күйзеледі. Қартайған шағында немерелерінің ортасында шалқып – тасып отырудың орнына, дүниеден баз кешіп жалғыз ұлының опасыздығына көніп отырғандығына куә боламыз. Жалғыз ұлдан көрген қорлық, қазақ атамыздың «Қарғайын десем – жалғызым, қарғамайын

– Қара жердің қайығы менмін, бойым еңгезердей, күшім баршылық, шудам жібек, шұбатым тамақ, – деп мақатанады екен.

Жылқы:

– Мінсе көлік, шапса жүйрік, қымызым – дәрі, жал–құйрығым бағалы, жал–жая, қазы–қарта, еттерім дәмді, – деп бөсетін болыпты.

Сиыр:

– Бабым талғамайтын, етім дәмді, артса, жексе көлікпін, сүтім балбұлақ, – дейді екен.

Қой:

– Етім жұмсақ, терім киім, сүтім кәусар, – деп қатардан қалмайтын ыңғай танытады екен» [3, 7].

Бұл төрт түліктің төртеуінің де сөзін оқып отырып, ішіндегі ең қарапайымы қайсы деген сұраққа бәріміз де, ойланбай қой деп жауап берер едік.

Сөйтіп бір күні оларды бағалаушы адам, барлығын қораға жинап алып біреуді күткендей бір жаққа қарап отырып алыпты. Сөйтсе бұл күйден жалыққан төрт түлік өзара таласып, өздерін мақтап, керіске түсіпті. Түйе басқаларды кеудесімен соғып, итеріп маңына жынын шашып бақырыпты. Ал жылқы болса маңындағыларды теуіп, тістеп салыпты. Сиыр да қалыспай басқаларды мүйізімен сүзіп жүр екен. Тек қой ғана бұрышқа тығылып тыныш тұра беріпті. Сол кезде адам бағалаудың қорытындысын хабарлайды. Бағалауда қой жеңіске жетіпті. Аң–таң болған басқалары, бұл қалай, неткен әділетсіздік деп адамға шағымданса керек.

«Сол кезде адам:

– Біз мінез–құлықтарыңды бағалауды сіздердің іс жүзіндік жағдайларыңыздан іздедік. Түйе бакырауық екен, жылқы тебеген екен, сиыр сүзеген екен, ал қой бұл жолғы бағалаудың жүлдегері» [3, 7], – депті.

Шынымен, қазақ төрт түліктің ішінде қой баласын құрметтеп, ең сыйлы қонағына қойдың басын тартқан, ең момыны да қой деп біліп, баласын қозым, қошақаным деп еркелеткен. Момын, ақкөңіл адамды қой мінезді, қой аузынан шөп алмас деп суреттеген. Осының барлығы қойдың сол момақан мінезінен болса керек.

Жазушының келесі бір туындысы «Бұзау мен құлын» деп аталады. Көлемі шағын болғанымен, оқырманына сыйлайтын көркемдік ләззат пен эстетикалық әсері өте үлкен. Негізгі ой мен жазушының

идеясы балаларға төрт түліктің балаларын еркелетудегі өзіндік ерекшеліктерін көрсету. Сол арқылы балаларды өзінде барды бағалауға, біреудікі солай екен, менікі де сондай болсын деп ойлаудан аулақ болуға шақырады. Оқиға желісі былай болады. Бір күні бұзаудың арқасы қатты қатты қышып, енесіне барады. Енесі бұзаудың қышыған арқасын тілімен жалайды. Бұларды бақылап тұрған құлын өзінің енесіне барып, сиырдың бұзаудың арқасын тілімен жалап бергенін айтып, менің де арқамды жалап беріңізші дейді. Сонда енесі құлынға мынадай керемет, ой салатын жауап береді:

«– Құлыным–ау, әр жануардың өз ерекшелігі болады. Сиырлар мөңірейді, түйе боздайды, қой маңырайды, жылқы кісінейді. Сол секілді олардың әдеттері де ұқсамайды. Сиырда мүйіз бар, бізде жал бар. Сиыр тілімен жалайды. Біз иегімізбен қасимыз. Келе ғой арқанды қасып берейін, – дейді. Әрі жанына келген құлынның арқасына иегін салып, еппен үйкей бастайды. Рахаттанған құлыны:

– Қандай рахат, қандай әдемі! – деп кісінеп жібереді. Бұларды көрген бір топ торғай:

– Неткен керемет бауырмалдық, – деп өз ұялары жаққа қарай ұша жөнеледі» [3, 17]. Бұл әңгіме шынымен төрт түліктің ежелерінің аналық махаббатына сүйсіндіріп қана қоймай, жоғарыда атап өткеніміздей өзіңіздегі барға қанағат етуге үйретеді. Біреудің бір жақсы жерін көріп, көрсеқызарлық танытып, соны қайталаудың орнына өзіндік қалпында қалып, өз ерекшелігінді жоғалтпау керектігін де осы әңгімеден үйренуге болады.

«Бұғының бұзауы» деп аталатын жазушының кезекті бір әңгімесіне тоқталар болсақ, бұл әңгіме өзгелеріне ұқсамайды. Өйткені мұнда балаларды тек әдемі, сұлу сюжетпен емес, өмірде болатын қауіпті де түсіндіру арқылы тәрбиелеу сипаты басым. Балаларды тәрбиелеу кезінде кейде біз өмірдің тек ақ тұстарын ғана танытуға тырысамыз, ал кейін өзі қара түске жолыққанда ондайдың өмірде болатынын бұрын біліп, естімегендіктен күрт сынып не майысып қалатын жерлері болады. Осы тұрғыдан бұл әңгіменің балалар тәрбиесінде, олардың оң–солдарын ажыратуына берер пайдасы мол.

«Бір күні бұғының бұзауы жайылып жүріп, енесінен алысқа кетіп қалыпты. Сол күні ол бұрын көрмеген екі үлкен аңды көргенін шешесіне келіп айтады. Ол екеуінің біреуі қатты қорқынышты екен, ал екіншісі сүйкімді, сұлу көрінді деп сүйсінгенін де жасырмайды. Сол кезде енесі, ол қандай аңдар екен, айтшы деп сұрайды. Сонда, бұзау:

– Оның бірі ерекше дәу, екі құлағы бар, иірілген сұмдық жаман тұмсығы бар, айқасқан екі тісі орсиған, күлгін қара көк түсті мақұлық, – деді.

Енесі күліп:

– Ол піл деген дәу, бірақ ондай қорқынышты емес, басқаларға жәбір көрсетпейді, жақсы айуан, – депті. Әрі:

– Енді біреуі қандай аң? – деп сұрапты.

Бұзау:

– Әдемі құлағы бар, сұлу қара мұртты, шұбар теңбіл, ұзын құйрық, басқаларға қарауы да момақан, жүрісі жеңіл, – деп түсіндіріпті.

Сонда енесі:

– Е, ол жолбарыс деген жауыз, оның түрі әдемі көрінгенімен, өзі нағыз жыртқыш, ол біздің ата жауымыз, балам, жауыздық пен бауырмалдықты түске қарап ажыратуға болмайды», – депті [3, 19].

Балаларға арналып жазылған шығарма балалардың өздеріне таныс, күнделікті өмірлерінде көріп жүрген, олармен етене байланыста болатын зат не құбылыстар жайлы жазылса, балаларға қызықты да өтімді болуы сөзсіз. «Балаларға арналған әрбір туындыда жасалған үлкенді–кішілі көркемдік әлем баланың жанына жақын, ұғым–түсінігіне лайық, әсерлендіру қуаты мол болған жағдайда ғана, бала көңілінде жатталып қалады, балалық қиялын қанаттандыра алады» [4, 193].

Тәуелсіздік жылдарында қазақ прозасында, соның ішінде балалар әдебиеті саласында қалам тербеп жүрген жас жазушыларымыздың бірі Әдина Жүсіп. Ә.Жүсіптің «Құмырсқа мен шегіртке» ертегісінде шегіртке мен құмырсқаның балаларын ертіп, әркім өз балаларына қалай тамақ табу керектігін үйретіп, тамақ табуға баулу туралы баяндалады. Құмырсқа өзінің баласын ертіп келе жатса шегіртке егістікте жайқалып өсіп тұрған бидайлардың басын сындырып, жеп тұрғанын көреді. Шегірткенің балалары да не көрсе соны қайталап, өсіп тұрған бидайлардың сабағын үзіп, басын сындырып жеп, секендеп ойнап, асыр салып жүреді. Ал құмырсқа болса баласын ертіп, таңертеңнен азық іздеп жүрген еді. Шегіртке мен оның балаларының бұлай сайрандап жүргенін көрген құмырсқаның баласы анасына ренжиді. Апа, біз неге шегіртке секілді оңай ас тауып жемейміз, неге адамдар еккен бидайдың басын сындырып жемеске, неліктен соншама жанымызды қинап бейнеттенеміз, таза, жаңа піскен бидайды шегіртке секілді неге жемеске, неге шегіртке секілді тойып алып, қыдырып жүмеске, ал біз таңның атысынан күннің батысына дейін азық іздеумен сандаламыз деп налиды. Сонда анасы, балам шегірткенің бұлай жасағаны дұрыс

емес, балаларын да дайын тамаққа ортақ болуға баулығаны қате. Адамның маңдай терімен еңбек етіп, пісірген бидайын қалай рахаттанып жей аламыз, бұл ұрлық деп түсіндіреді. Бұған көп ұзамай өзіңнің көзің жетеді дейді. Құмырсқа шегірткенің жанына келіп, одан адамдардың сонша маңдай терімен еккен бидайын қалайша рахаттанып жеп тұрғанын сұрайды. Шегіртке мен құмырсқаның арасындағы диалогты жазушы былай береді:

«– Ассалаумағалейкум, шегіртке, – деп амандасты да:

– Оу, Адамның маңдай терімен еңбек етіп пісірген бидайын сен қалай рахаттанып жеп тұрсың? – деп сұрады.

– Осыншама жерді алып жатқан бидайдың бір түйірін жесем, Адамның несібесі кеми қоймас. Жылдағы әдетім осы, жаһанды жалпағымнан басып келем де, бидайды жей берем. Бұдан кедей болып қалған Адамды көрген емеспін, оның көйлегі де көп, көңілі де тоқ, – деп жауап берді шегіртке» [5, 4]. Жалқау шегірткенің өзінің оңай олжа тауып жүргеніне масаттанғаны сонша, секіріп, секеңдеп кетіп қалады. Бұл шағын әңгімеден, тіпті осы бір диалогтың өзінен адам баласы асын адал тауып жеу керектігін, жалқау болмай, еңбекқұмар болуы керектігін, оңай олжа, жеңіл жетістікке ұмтылмау керектігін ақыл қылып айтып, оны шегіртке мен құмырсқаның әрекеттері арқылы көрсеткен. Құмырсқа мен баласы жүре-жүре алқаптың шетіне жеткенде олар шашылып қалған нанның қиқымдарын тауып алады. Шамасы сол жерде біреулер нан жеп, су ішкен болса керек. «Нанның қиқымын баласына көрстекен құмырсқа:

– Балам, мінекей, мынау нан. Ас патшасы, – деді Құмырсқа қиқымдардың ең ірісін таңдап алып жатып, – бұл әлгі шегіртке жеп тұрған бидайдан жасалады. Адамдар өте еңбексүйгіш жандар. Олар бидайды сол күйінде жей салмайды, оны өңдеуден өткізіп, осындай тәтті тағам жасайды. Аң-таң қалған баласы қиқымның бір түйінін аузына салып көрді.

– Иә, шынымен де бал татиды, – деді тамсанып.

– Әлің жеткенше арқалап ал. Енді бұл нан қиқымдарын бізден басқа ешкім керек етпейді, сондықтан еш қысылмай ала беруге болады, – деді анасы» [5, 5].

Осылайша еңбекқор құмырсқа мен оның баласы дәмді нанның қиқымын жеді, ал шегіртке болса өлейін деп, аяқтарын әлсіз қимылдатып жатыр екен. «Құмырсқаны көрген шегіртке:

– Досым, сен дұрыс айтыпсың. Адамдар бидайларға у сеуіп тастапты. Қиналмай оңай олжа табамын деп жүріп, міне, ажалымнан бұрын өлейін деп жатырмын. Егер сен секілді еңбек етсем, бұлай ерте өлмес пе едім, кім білген, – деп көзіне жас алды. Еңбек етейін десем, еңбектің жемісін көретініме сенбедім ғой. Осы кезге дейін ауыр жұмыстан қашып келдім. Енді балаларыма да өсиетімді айта алмай бара жатырмын. Олар да, мен секілді, өмірлерін құр босқа өткізетін болды, – деп өкінген шегіртке көз жұмды» [5, 6]. Ұрлық түбі қорлық екенін құмырсқаның да баласы, оқырман балалар да түсініп, саналарына берік сақтап алды. Жалпы әңгіменің тілі жеңіл, бірақ өте қарапайым емес, бейнелі. Жазушы балаларға жеткізбек болған әр бір ойын құр сөзбен емес, оқиғамен, мақал-мәтелдермен дәлелдеп отырған. Мысалы, әңгімеде көйлегі көп, тамағы тоқ болу, ұрлық түбі қорлық секілді мақалдар мен қатар, нан – ас патшасы, егер бойында сенім болса, ауыр бейнеттің өзі бақыт болып көрінеді деген секілді бейнелі сөздер кездеседі.

Бұл ертегі Абайдың Крыловтан аударған «Шегіртке мен құмырсқа» аудармасымен сабақтас, үндес, тамырлас. Бұл шығармада шегірткенің жазды ойнақтап жүріп өткізіп, қыс келгенде амал таппай қиналғаны жайлы. Мысалы,

«Қайтсін, қолы тимепті,

Өлеңші, әнші есіл ер!

Ала жаздай ән салсаң,

Селкілде де, билей бер!» [6, 25].

Екі шығармада да шегірткені алды-артын бағдарлай алмайтын жалқау, ал құмырсқаны еңбекқор етіп көрсетеді. Тақырыбы жағынан да, идеясы жағынан да бір-біріне өте жақын. Балаларды адал еңбек етуге, ауыр жұмыстан қашпауға шақырады. Біреуге қиянат жасасаң, алдыңнан шығатынын мысал арқылы көрсетіп береді.

Қорытындылай келе, тәуелсіздік жылдары балалар әдебиетіне арналып жазылған шығармалардың образдар жүйесі мен тақырыбы сан салалы. Жазушылар қазақтың өзіндік ырым-тиымдарын, салт-дәстүрлерін, дүниетанымын сақтай отырып, айтпақ ойын бала санасына түсінікті жолмен бере білген. Тақырыптар мен образдарда дәстүр жалғастығы байқалады.

Адамның рухани дамуы бала кезден басталатыны белгілі. Жазылмаған ақ қағаздай бала жанына дүние таңбасы түсіп, қоршаған орта, табиғат, қоғам сыры бала санасына мүмкіндігінше бейнеленіп жатады. Егер олардың барлығы балалар санасында ешқандай жүйесіз, бей-берекет түрде бейнеленсе, өмірді өзгенің әсерінсіз, дербес ұғынған жас өскіннің жан-жақты рухани жетілуі-кемелденуі мүмкін емес.

Өзгенің әсері дегеніңіз – түптеп келгенде, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан қоғамдық-ұлттық таным мен тәрбиенің ықпалы. Ертеректегі балаларға осындай ықпал жасайтын негізгі рухани қуат ауыз әдебиеті болса, бүгінде ондай фактордың түрі көбейген. Соның ішінде балаларға әсіресе айрықша әсер ететін балалар прозасының орны ерекше.

Балалар әлемі – өзіндік ерекшеліктері мол, күрделі қызықты әлем. Сол әлемге еркін еніп, небір нәзік сыр сипаттарды сезімталдықпен танып, зерделілікпен зейін салу, зергерлікпен бейнелеу – қаламгерлер қауымы үшін үлкен сын. Балалардың ойлауында дүниені тануы мен араласуында өзгеше сипат бар. Соны түсіну, әрі балғындар риза болатындай бейнелеу – шеберлік. Көзі жаңа ашылған қайнардың қай арнаға бет алуы – ағысты мөлдір өзенге ұласуы немесе су аяғы құрдымға кетуі табиғаттың ықпалына байланысты. Оң–солын танып үлгермеген өмірдің ұзақ жолына түсіп жан–жағына аң–таң болып қарайлап келе жатан бала үшін де әдебиеттің рухани–эмоциональдық әсері сол секілді ерекше.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Әдірайым Т. Алабұға аулаған күн: Хикаят, әңгімелер, ертегілер, мысалдар. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2012. – 256 б.

2 Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. (Киргизская хрестоматия). – Алматы: Білім, 2003. – 112 б.

3 Шәкенұлы Ж. Балқаймақ. Алматы: Балалар әдебиеті, 2007. – 56 б.

4 Сатыбалдиева Г. Тәуелсіздік кезіндегі қазақ балалар лирикасының көркемдік ерекшелігі // Хабаршы. ҚазҰПУ. Филол. ғыл. сер – 2015. – Т. 1. №3. – 193-195 б.

5 Жүсіп Ә. Қоңыр Қоңжық. Ертегілер. – Алматы: Таймас, 2011. – 20 б.

6 Мұхамедханов Қ. Абай және Қрылов // Көп томдық шығармалар жинағы 6-том. – Алматы: «Ел – шежіре», 2008. – 166-170 б.

*Резюме*

**ТЕМА И ОБРАЗ В ДЕТСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ НАПИСАННЫХ В ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ**

*Бокен Б.Б.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

В статье описываются особенности и значимость детской литературы в казахском литературном наследии. Изучаются научные особенности детской литературы как культурного наследия. Доказывается что детская литература является основным инструментом в воспитании молодежи (детей, школьников). Анализирует роль детской литературы в построении личности и развивает мировоззрение. Дети (молодежь, школьники) - новое поколения общества которые освещают своё будущее с помощью детской литературы изучая этикет и эстетики. Детская литература это большая сила которая освещает духовного воспитания. Сама детская литература начинает разведки с изучения духовного воспитания. А детская литература начинающая стадия на пути к общей литературы. В этом статье рассматриваются тема сочинений проз и образов детской литературы написанных годы независимости. Доказывает примерами непрерывности традиции между темой и образом.

**Ключевые слова:** детская литература, сказка, рассказ, сюжет, тема, образ, непрерывность традиции

*Summary*

**THEME AND IMAGE IN CHILDREN'S LITERATURE IN THE YEARS OF INDEPENDENCE.**

*Boken B.B.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*Kazakh National Pedagogical university by name Abai*

The article describes the features and the importance of children's literature in the Kazakh literature. We study the scientific characteristics of children's literature as a cultural heritage. It is proved that children's literature is a major tool in the education of young people (children, students). It analyzes the role of children's literature in the construction of identity and developing world. Children (young people, school children) - a new generation of society that highlights their future with the help of children's literature by studying etiquette and aesthetics. Children's literature is a great force that illuminates the spiritual upbringing. The very children's literature begins with the study of exploration of spiritual education. A children's literature budding stage on the way to total literary. This article discusses the theme of the works of prose and images of children's books written in the years of independence. It proves examples of the tradition of continuity between the theme and images.

**Keywords:** children's literature, tales, account, image, theme, continue of tradition

Р.Ж. Есбалаева<sup>1</sup>, М.А. Буркитбаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ, Қазақстан,

<sup>2</sup> Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ, Қазақстан

## ҚАЗАҚ, ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТІНДЕ МӘНГҮРТ БЕЙНЕСІНІҢ СОМДАЛУЫ (Ә.Кекілбаев «Күй», Ш.Айтматов «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармалары бойынша)

### Аңдатпа

Мақалада қазақ, қырғыз әдебиетінде дүниеге келген жатсыну формасы мен мәнгүрттік сана көріністерінің жасалу формасы сөз етіледі. Ә.Кекілбаев пен Ш.Айтматов шығармаларының өзегі болған «мәнгүрттік» проблемасын көтерудің мәні айқындалып, екі ел жазушыларының шығармаларындағы көркем бейненің жасалу жолдары, ұлттық характердің сомдалуы, кейіпкердің ішкі жан-сезімінің берілуі жан-жақты талданады. Мәнгүрттік - бірі күшпен орындалса, екіншісі айла амал арқылы халықтың ділін, дінін, тілін ұмыттырады. Екі ел жазушысының шығармаларында ортақ мәселе – адамдардың мәнгүрттенуі арқылы қоғамның рухани құлдырауы. Бұл өзекті тақырып ғылыми тұрғыдан зерттеп, терең зерделеуді, пайымды да парасатты пікір айтуды талап етеді. Себебі қай кезде де әдебиеттің өзегі – адам, оның ішкі әлемі.

**Түйін сөздер:** мәнгүрт, көзқамандар, жатсыну, антиутопия, этнодеформация

Кейіпкердің ой әлемі арқылы объективті дүниені тану дегеніміз - автордың нысаналы ойын айту, кейіпкердің болмысын сомдаудағы жазушының ұстанған бағыты. Қырғыздың шоң жазушысы Ш.Айтматовтың әлемдік әдебиетке, сол арқылы әлеуметтік өмірге алып келген «мәнгүрттік сана» термині қоғамға қозғау болды. «Мәнгүрттік сана» ұғымы Ш.Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» романында әлемдік деңгейде өзекті мәселеге айналды. Ал мәнгүрттік ұғымы ел арасында бұрыннан болғанымен алғаш қазақ әдебиетінде бұл проблеманы 28 жасында көтерген - Ә.Кекілбаев болатын. Қаламгердің «Күй» повесі 1967 жылы «Жұлдыз» (№12) журналында жарияланған. Ал, орыс тілінде шығарма 1969 жылы Мәскеуден шыққан «Балладың забытых лет» деген жазушы жинағында жарияланғаны белгілі. Әрине, кезінде оны өз дәрежесінде бағалағандар аз еді. Сол азың ішінде Г.Бельгер: "...«Күй» стиліндегі эпиктерге тән байсалды баяндау, философиялық, психологиялық тереңдіктерге бару, кең тынысты, бейнелі, иірімді тілдік құралдарды пайдалану секілді ерекшеліктерімен құнды"[1,37], – деген. Ал, «Кекілбаев кеңістігі» деген мақаласында Қ.Сұлтанов «Әбіш жайында сөз қозғау, оның шығармашылығын зерттеу, оған үнілу, көп еңбек пен ізденісті талап етеді. Қазақ сөз өнеріне «мәнгүрт» терминін алғаш өз шығармасына енгізген де осы дарын иесі Кекілбаев болды»[2]-деген еді.

70-80 жылдардағы қазақ прозасында фольклорлық аңыз әңгімелер негізінде лиро-эпикалық стильдің қалыптасқаны қазіргі зерттеулерде әңгіме болып жүр. Бұл әсіресе Ә.Кекілбаевтың тарихи тақырыптағы прозасынан анық көрінеді. Ол өткір оқиғалар негізінде кейіпкер болмысына терең үңіле білді. Соған қарап Ә.Кекілбаевты адам табиғатының зерттеуші психолог деп қаласың. «Күйде» Жөнейттің басындағы психологиялық тартысты қорытынды түйін ретінде көрсеткен. Қанша баскесер, әділ, қатал қолбасы болғанмен ол да пенде. Оның пендешілігін ашуға бір оқиғаның өзі жетіп жатыр. Қазақтың күйшісін жазалау Жөнейттің өз басын да жұтады. Оның өнер қуған баласын жорыққа аттандыруы да жалған намыстың көрінісі. Атақты батыр тұқымының жын-ойнақ қуып кеткені оны қатты мазалайды. Алайда ел-ел болып жорыққа аттанып, кек қайыратын шапқыншылық заманның өтіп бара жатқанын ол сезбейді. Күйшіні жазалау да оның дұшпандарына жасаған сес көрсетуі еді. Бұл оны кек қайтару деп түсінеді.

Автор көбіне ұрыс-керісте айтылып қалатын, кейде малға қарата айтылатын, жай ғана тұрмыстық ауызекі қолданыстағы елеусіздеу метафора түріндегі мәнгүрт сөзін өзінің «Күй» повесінде әдеби айналымға түсіріп, қоғамдық қатынастардағы белгілі бір санатты айқындаушы терең мағыналы символ деңгейіне көтерді. «...Көзді ашып жұмғанша, алты тұтқынның шашы алынды. Шаш алғыштар қанжарларын сүртіп, қындарына салды. Жаңа ғана шашы алынған көк күйке бастар айнадай жалтырайды, жазғы күннің жылы шуағы шекелерін қыздырып, маужыратып алып барады... Алты тұтқынның көздері ақ тайлақтың терісіне үймелеген көп түрікменде. Күнге шағылысқан ақ қанжарлар сыр-сыр етеді, жаңа ғана көлдей боп жайрап жатқан ақ теріні үзім-үзім қып турап жатыр. Қанжары жалақтаған жас жігіттер кесіп алған терілерін аңадайда жер тізерлеп, тұқшындасып, әлденені малшылап отырған екі шалдың алдына

тастайды. Манадан бері білектерін сыбанып, эзер тұрған мосқал еркектер алты баланы құлақтан тартып шөкелетіп жерді бұқтырды. Алты жігіттің қолындағы теріні алып, тұтқындардың басына жапты. Әлі ылғалы кеппеген жып-жылы тері жаңа ғана шашы алынған жылтар басқа жабыса кетті. ...Қолдары жып-жып еткен мосқал еркектер терінің жиегін шыр айнала бүрмелеп қойған көн тартпаны шірене тартып, сықситып таңып тастады. Жаңа ғана дені жайылып отырған бастар қайтадан зіл тартты. Жылы тері шекелерін солқылдатып сорып ала жөнелді... Кенет тұтқын балалардың бірі артындағы тұтқынның кеудесіне екі шекесін алма кезек ұрғылап шыңғырып жіберді. Ақ тайлақтың терісі күнге күйіп тырысып барады. Қаудырлап кеуіп бара жатқан түйенің көні бас сүйекті сытырлатып шаға түсті. Қазір-ақ ұн қылып уатып жіберетіндей. Басқа тұтқындар да бебеулей бастады» [3,74-75]. Бұдан артық азаптаудың түрі болмас. Бұлар адамдарды аяусыз азаптап, қолдан мәңгүрт адам формасын жасап жатыр. Одан кейінгі мәңгүрттің жайы: «Олар бір апта бойы осылай зар илеп шыңғырды да жүрді. Сосын бастарына шаш шықты, ол түйенің көнінен өте алмай, қайтадан бастың құйқасын тесіп, кері өсті. Алты тұтқын елі қайда, жері қайда екенін білмейтін мәңгүртке айналды. Жүре-жүре тілден де айрылды. Түйемен бірге өреді, түйемен бірге келеді» [3,75]. Бұл көрініс Ә.Кекілбаев сипаттап отырған мәңгүрттіктің әлеуметтік ортадағы сыртқы белгілері. Осы тұста, ұлттық характерді ашу дегеніміз – сол ұлттың қасіретін, қарекет, тіршілігін, тағдырын бүркелемей сыртқа шығару деп түсінсек, автор осынау аса қиын, аса маңызды күрделі мәселеге өзінің көркем туындысы арқылы жауап іздеуді мұрат тұтқанын байқаймыз. Психологиялық шығарманың жанрлық, стильдік ерекшелігін ашатын көркемдік бейнелеу құралдарына – монолог, ой, қиял, түйсік, ес, елес, түс – сандырақ, өзін – өзі бақылау мен өзін - өзі талдау т.б. айтар болсақ, «Күйде» осы тәсілдердің барлығы, әсіресе монолог, ойлау, өзін - өзі бақылау мен өзін-өзі талдау сияқты тәсілдер жиі кездеседі. Повестің негізі философиялық астарларға бай екенін ескерсек, бұл тәсілдердің шығарма сюжеті мен кейіпкердің жан дүниесін ашып көрсетуде шешуші рөл атқарады. Шығарма авторы қазақтың намысын тұтқынға түскен күйшінің күйі арқылы жеткізді.

Күйші еріксіз мәңгүрттікке түскенімен, ойлау қабілетінен түпкілікті ажырамаған. Тұтқын болған қазақ жігіт түрікмендер аулының берекесі кеткенін сана-түйсігі сау адамға тән ақылмен түйсіне білді. Оның сондай жағдайда да күй тартқанын ойласақ, мұны екі тұрғыда бағалауға болады. Біріншіден, жау оны мәңгүрт жасағысы келсе де, ол, шын мәнінде, мәңгүртке айналмаған. Мәңгүрт күй тарта ала ма?! Демек, жазушы шығармасында халық бейнесі жинақты түрде осы жазықсыз күйші арқылы көрінеді. Жазушы өткен тарихты айтып, «бізді мәңгүрт жасады» дегенді айтумен шектелмейді. Қазақтық идеяны кең ауқымда суреттеген. Сондықтан мәңгүрт-кейіпкер қазақы санадан ажырамай, бөтеннің де жанын тебіrentкен күй тартады. Ал, күй – халықтың рухы. Халықтың рухы өлмеген жерде ғана күй тартылады. Жазушы ұлттық рухтың өлмегенін жеткізу үшін күйді музыкалық сарын ретінде ғана емес, өзекті идея үшін мақсатты түрде қолданған. Өйткені, «Күйші емініп отыр. Жыланмен арбасқан бақсыдай көзін Жөнейіттен айырмай, домбырасының үстіне төне түсіпті. Қара шанақ күңіренеді, тебіренеді. Қай-қайдағыны айтып, жаныңның қалтарыс-қалтарысын қазбалайды»[3,142] дегендегі музыкалық сарын елдік намысты жеткізудегі көркемдік тәсіл. Солайша автор қазақтың ұлттық, елдік рухының өлмегенін кеңестік дәуірдің өзінде-ақ айта білген. Әдебиет зерттеушісі Г.Орда «Өткен ғасырдың 60-жылдарындағы әдебиет, ол – адамның жан дүниесіне үңіліп, талдау жасау жағынан ерекшеленетін. Әбіш ағамыздың шығармашылығы адам бойындағы ерекше құбылыстарға және сонымен бірге психологиялық талдау жасау арқылы оқырманға, замандастарына үлкен ой салған, жекелеген кейіпкерлердің өмірлері арқылы үлкен философиялық ойларға жетелеген қаламгер қатарына жатқызуға болады. Мысалы, «Күй» повесі алпысыншы жылдардағы қазақ прозасының үлкен табысы болса, соңғы жазылған Ш.Айтматовтың «Боранды бекеті» де соның заңды жалғасы ретінде көрініп отыр» [4,125]-дейді.

Араға он үш жыл салып 1980 жылы Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романы «Новый мир» (№11) журналында жарияланып, қалың оқырманның бірден қалаулы шығармасына айналды. Міне, осыдан соң, мәңгүрттік проблемасы әдебиеттегі, қоғамдағы өзекті жаңалық болып танылды. Ал бұл мәселені әдебиетте бірінші көтерген Ш.Айтматов саналып кетті. «Боранды бекет» романы қазақ тілінде 1986 жылы жеке кітап болып шықты. Бірақ екі жазушы бір ұғым жөнінде екі түрлі көзқараспен қарап, екі түрлі идеялық ой түйіндеген.

Жазушы «Боранды бекет» романының алғы сөзінде «Адамдар бір-біріне кешірімді бола алады, бірақ бір ыңғайда ойлау, сөйте тұра адам кейпінен айырылмау, адамшылық қасиеттерін сақтап қалу олардың қолынан келмейді. Адамды өзіндік даралығынан айыруға дейтін құштарлық атам заманнан күні бүгінге дейін империялық, империалистік, гегемонистік мақсат-мүдделерге серік боп келеді.

Өткенін білмейтін, жер бетіндегі орнын жаңадан анықтауға мәжбүр адам, өз халқы мен басқа халықтардың тарихи тәжірибесінен айырылған адам тарихи перспективадан тыс қалады, күнделікті тірлігінен басқаны білмейді» [5,4] - дей отырып, шығарманың ауаны қандай бағытты нұсқап тұрғанын аңғартады.

Шығарма басталуынан шарықтау шегіне дейін оқиғаның дамуы Едіге образы арқылы жалғасып отырады. Егер сюжетті оқиға деп түсіндірер болсақ, романда бірнеше сюжет қатар берілген. Соның бәрі Қазанғаптың қаза тапқан бір түнінде Едігенің өткенге шегініс жасау арқылы еске түсіруімен баяндалады. Оқиғалар бір түнде Едігенің Боранды бекетінде өткен өмірі мен ғұмырлық сырласы болған Қазанғаппен бақұлдаса отырып бірнеше хикаяттарды есіне алады. Шығармадағы нақты уақыт бір түн болғанымен, оқиғалардың баяндалуы ғасырды қамтиды. Сондықтан да болар жазушының шығармаға «Ғасырдан да ұзақ күн» деп тақырып беруі.

Едігенің қинала еске алатын оқиғасы - Ана-Бейіттің тарихы. «Атадан қалған аңыз бойынша, әңгіме өткен ғасырларда жуан-жуандардың Сарыөзек даласын басып алуынан басталады. Олар қолға түскен тұтқындарды адам айтқысыз азапқа салатын болған. Реті келсе, жуан-жуандар өз тұтқындарын көрші елдерге құлдыққа сатады екен, ал ондай тұтқындар жолы болған пенделер көрінеді. Өйткені олар, әйтеуір бір қашып шығып, сәті түссе, туған еліне оралар екен. Ал енді жуан-жуандардың қолында құлдықта қалған тұтқындардың күнін құдай көрсетпесін. Жуан-жуандар ондай құрбан құлдың басына кепеш кигізіп, айуан азаппен ақыл-есінен айырады екен»[5,113]. Одан ары қарай оқиғадағы адамдарды басына түйенің көн терісінен кепеш кигізіп, қолдан азаптап мәңгүртке айналдыру жағдайы жоғарыдағы Ә.Кекілбаев повесіндегі ситуациямен ұқсас жалғасады. Басына көн қапталған пенде не өліп кетеді, не бұл азапқа шыдай алмай ақылынан адасып, өткен-кеткенін мүлде ұмытып, өмір-бақи мәңгүрт-құлға айналады екен. Жуан-жуандар адамдарды мәңгүртке айналдыру «операциясы» кезінде тұтқындардың жақын-жуықтары құтқарып алмас үшін қарулы қарауылдар қояды. Бірақ адамдық мейірімнен жұрдай жуан-жуандардың қолына түскен тұтқынды мәңгүртке айналып кетіпті деген қауесет шықса әлгі сорлы тұтқынның жақындары барымта беріп құтқаруға асыға қоймаған. Өйткені, баяғы ер-азамат емес, құр сұлде қайтарын олар білген. Тек ел арасында Найман-Ана атанып кеткен наймандардан шыққан бір әйел баласының әлгіндей халге ұшырағанына шыдай алмай ұлын құтқармақ болып, баласының қолынан өлім құшқаны жайында елде аңыз қалады. Ш.Айтматовтың мәңгүрттікті суреттейтін «Боранды бекет» романының оқиғасы қазақ даласы – Сарыөзек бекетінде өтеді. Ұрпағы үшін жанталасқан батыл, қайратты Ана бейнесін сомдау арқылы мәңгүрттіктің адам баласы үшін аса қатерлі әлеуметтік дерт, қауіпті құбылыс екеніне жұртшылық назарын аудартады. Адамзат қоғамын мәңгүрттіктен сақтандырады. Жазушы Ш.Айтматов мәңгүрт образының мәнін ашу үшін Найман-Ана мен керуен тартқан саудагерлерді кездестіреді. Жол бойында Сарыөзектен өтер тұста саудагерлердің мәңгүртпен жолыққандарын баяндау кезінде мәңгүрттің жағдайын естіп, жаның түршігеді. «Былай қарасаң сап-сау сияқты, тіпті ақыл-есі жоқ деп ойламайсың. Бір кезде ол да шешен, зерек болған шығар, өзі әлі жап-жас, мұрты енді тебіндеп келеді, түр-тұлғасы да тәп-тәуір. Ал сөйлесе кетсең – кеше туған бала сияқты. Байғұс не өзінің атың, не әкешесінің атын білмейді. Өзіне жуан-жуандардың не пәле істегенін де сезбейді. Өзінің туған ел-жұртын, руын да білмейді. Не сұрасаң да үндемей тұрып-тұрып: «ия» немесе «жоқ» дейді, бар айтары сол. Басындағы кепештен қолын бір алмайды-ау, алмайды...бірақ әлгі мәңгүрт өз шаруасына тас-түйін, керуен әбден ұзап кеткенше қалың түйе келелерін қас қақпай күзетіп, қалшиды да тұрды»[5,117]

Шығарма оқиғасын беруде жазушы кейіпкер психологизмін шебер аша білген. Керуеншілердің мәңгүртпен сөйлесуі кезінде

- Ал біздің жолымыз алыс. Кімге сәлем айтасың? Сұлу қызың бар шығар, ол қай жақта?-дейді. – Жасырмай айта ғой. Естимісің – ей? Сол қызға сенен сәлемдеме деп орамал апарып берсек қайтеді?

Мәңгүрт керуеншіге қарап-қарап тұрып, ақырында:

- Мен түнде ылғи айға қараймын, ай маған қарайды. Бірақ бір-бірімізді естімейміз... Айда біреу отыр... – деп міңгірлейді»[5,119] -делінген тұста оның ішкі өңірінде мүлгіп жатқан әлдеқандай беймәлім күштердің бас көтеруін сеземіз. Қазақ ұлты қашанда киіз үйдің шаңырағынан көк аспанға қарап, сансыз жұлдызбен сырласып, жарқыраған Айдың сәулесімен ұрлана қызбен жолығысатын бозбала жігіттің санасына сыналап сәуле түскендей күй кешесің. Іштей сойлей түссе екен дейсің. Бірақ диалог үзіліп қалады. Келесі кезекте мәңгүрттің Найман-Анамен кездесуі кезіндегі диалогта тағы да іштей үміттеніп, мәңгүрт санасы адам қалпына келетіндей күтесің.

Шығармада: «-Құдай-ау, қандай күйге душар қылған сені!, - деп сыбырлаған ана мұңлық қайтадан еріксіз аузы кемсендеп, ыза мен қайғыға булығып, өзін өзі баса алмай, өксіп-өксіп, үзіліп-үзіліп боздай берді. Ана қайғысы мәңгүртке шыбын шаққан ғұрлы көрінген жоқ.

- Ау, жерінді, суынды тартып алса мейлі, байлығыңды тартып алса, мейлі, тіпті жаныңды алса да мейлі, - дейді ана үнін шығарып. – Ау, адамның ақыл-ойын тартып алуды қандай қаражүрек ойлап тапты, құдай-ау?! О, құдай, бар екенің шын болса, мұндай сұмдықты жұртқа қалай дарыттың? Жер бетінде басқа сұмдық аз ба еді?» [5,111].

Мәңгірт баласына өзінің атын, әкесінің есімін, руын айтып түсіндірмек болып көп әуреленеді. Ең болмаса есінде қалсын дейді ме екен, Найман-Ана мәңгірт ұлдың жанына жуан-жуандар келіп қалғанша құлағына құюмен болады. Баласы ауқаттанып отырғанда ыңылдап бесік жырын да айтты. Бесік жыры мәңгіртке ұнап кетеді. Осындай детальдар мәңгірттің санасына титтей болса да әсер ете бастады деп қаласың. Мәңгірттің санасына иесі жуан-жуандардың бұйыра айтқан сөздерінен өзге «ана», «әке», «ру» деген сөздердің сигнал болып түсуі адам санасында қозғаушы күштердің тіріле бастауын көрсетеді. Қазақ жазушысы Т.Әбдіков адам жанының осындай екі ұдай күй кешуін «ішкі тұлғаның екіге жарылуы»-деп атайды. Мәңгіртті анасымен тілдескені үшін таяққа жыққан жуан-жуандардың адамдықтан жұрдай әрекеті Найман-Ананың ең соңғы үлбіреген үмітін біржола өлтірді. Өзінің туған ұлына қолына садақ беріп, өз анасына оқ атқызды. Адамзат тарихында мәңгірт бейнесінің бұдан асқан формасы болмас.

Найман-Ана аңызында Жоламан қара күштің зардабынан ақыл-есінен, сана-сезімінен айрылып, өз анасының жүрегіне сұр жебе қадаса, ал бүгінгі Сәбитжандар ешкімнің қорлық-зорлығынсыз, өз еркімен, атадан-балаға мирас ғұрыпты, салт-дәстүрді, адамгершілік парызды тәрк етушілер.

Шығармада әкесінің соңғы өсиетін орындап, ақыреттік соңғы сапарға шығарып салардағы Сәбитжанның іс-әрекетінен мәңгірттік сананың жаңа бір түрі көрінеді. Бұл туралы қазақ ұлтының жанашыры Р.Бердібай «Көзқамандар туралы аңыз» деген баспасөз бетіне көлемді мақала жариялады. Онда - мәңгірттік пен көзқамандық бір-бірінен айырмасы үлкен екі түрлі құбылыс. Жау қолында тұтқын болып, қорлық-зорлық атаулының бәрін көріп, миына жазылмастай зақым келген, қай елден шыққанын, кімнен туғанын білмейтін, тек кеудесінде жаны бар, ішіп-жеуге, қарадүрсін жұмыстарды атқаруға ғана қабілетті мәңгірттер хәлі аянышты. Олар – алыс пен жақынды, пайда мен зиянды ажырата алмайтын, өз анасын дұшпан санап атып жіберетіндер. Сондықтан да ел мұндайларды жадына ешнәрсені сақтай алмайтын миғұла, мәңгірт деп атаған. Ал көзқамандар ақыл-есі ауысқандар емес. Бұлар мектеп, университет бітірген, жоғары лауазымды қызмет атқарғандар болуы да әбден мүмкін... Бірақ бұлардың жазылмайтын немесе ұзақ емдеуді керек ететін ауруы – туған халқының дәстүрін танып білуге салғырттығы, сөз жүзінде отаншыл болып көрініп, былай шыға бере елдің хас жауларымен тіл тауып, халықтың түпкілікті мүддесін сатып жіберетіндігі. Ең жаманы –жұртының қадір тұтқан қымбаттарын, тәуелсіздігімізді тәрк етуді көздеп отырғандармен ауыз жаласып, соларға арқа тіреп, намысымызды таптап кететіндігі. Мәңгірттер есінен айырылған міскіндер болса, көзқамандар елдігімізге саналы түрде қарсы шығатын қаскүнемдер[6,51],-деп, ара жігін ашып берді.

Едігенің еш кедергіге көнбей, өз досын, теміржолшы Қазанғапты “Ана-бейітке” жеткізуді мақсат етуі, оның адамгершілік мөлдір сезімінің көрінісі. Өмірдің қазығы – Едігелер. Олар үшін өткен тарих, бүгінгі күн, болашақ – біртұтас, оны үзбейтін, өмір отын сөндірмейтін – осы Едіге секілді абзал жандар. Едігенің бір күні ғасырға бергісіз, себебі суреткер бұл образ арқылы өткенді, бүгінді, болашақты бір түйінмен беріп отыр. Өткенді ұмытқан адам, ол – мәңгірт. Мәңгірт – адам дүниетанымының көлеңкелі жағы. Едіге досына адал. Қазанғаптың өтініші бойынша, оны Ана-бейітке жерлемекші. Сәбитжан оған қарсы, қайдағы бір ертегі бейітке апару, ол үшін ақылға сыйымсыз. Ол жерлеуді тездетіп, қалаға қайтуға асық. Әке өсиеті оны көп қинай қоймайды. Осы сәтте Едігенің көз алдына анасын атқан Мәңгірт елестейді. Мәңгірттік Сәбитжанның дүниетанымында орын тепкен. Қазанғапты арулап көфмгеннен кейін, Едіге Ана-бейітті тегістеп, оның орнына космодром салатынын естісімен, Ана-бейітті қайткенде де сақтап қалу үшін көзі ашық, оқыған, қалада қызмет ететін, кіммен сөйлесіп, кімге жолығу жолын білетін адам ретінде Сәбитжаннан қол ұшын беруді өтінеді. Оған Сәбитжан былай деп жауап қайтарады:

– Оның бәрі ерте-ерте, ертедегі, ешкі жүні бөртедегі ертеқой, Едеке, түсінсеңші. Бұл арада қазір әлемдік, космостық мәселелер шешіліп жатыр. Ал біз барып әлдебір зират туралы аңыз айтқанымыз жараспайды ғой. Кімге керек ол? Олар үшін ол дегенің – тіфу! Әрі десе, бізді олай қарай өткізбейді де. Әрине, Сәбитжан сөзінде шындық бар. Бірақ мәселе оның бұл іске жүрдім-бардым қарауында, өткен тарихқа немқұрайдылығында жатыр. Оқыған, сауатты Сәбитжанның санасы қарапайым Едігеден көп төмен. Басында Едігенің Сәбитжанмен сөйлесе келе, қылықтарына қарап, интернатта, институтта оқыса да дұрыс адам болмаған екен деген күдігі болса, енді Сәбитжан туралы ойы айқындала түседі.

– Мәңгіртсің сен! Нағыз мәңгірттің өзісің! – деп ашына күбірледі Едіге Сәбитжанды әрі аяп, әрі жек көріп[5,341]. Осы тұста ғалым Ж.Әбіловтің этнодеформация термині еріксіз ойға оралады. Зерттеушінің «этнодеформация дегеніміз – тек, сана, деформацияның «бұзылу», «бүліну» деген мағыналарынан құрала келіп, ұлттық тектің, ұлттық сананың, ондағы дәстүрліліктің бүлінуі деген ұғым білдіреді. Олай болса этнодеформация терминдік ұғымының білдіретін мағынасы ұлттық сананың, ұлттық болмыстың о бастағы жаратылысынан ауытқуы, алшақтауы, ажырауы дегенге барып саяды»[7,14], – деген пікірі Сәбитжан образына арналғандай. «Ұлттық ой-сана сөз болған мезетте мәңгірттік мәселесінің қозғалмауы



мүмкін емес. Өйткені Ш.Айтматовтың (80-жылдардың бас кезінде жарияланған) «Боранды бекеті» мен (60-70-жылдары) жазылған Ә.Кекілбаевтың «Дала балладаларындағы» «Найман-ана» аңыз бойынша анасын танымайтын ұлды мәңгүрт еткен туған халқы емес, жат жұрт адамдары екендігі белгілі»[8]-деген Гүлзия Пралиеваның пікірі ойымызды нақтылай түседі.

Қазіргі әлем әдебиеттануында сөз егіліп жүрген жатсыну мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелген сала болып саналады. Жатсыну мәселесіне қазақ ғалымдарының ішінде философ ғалымдар көбірек ден қойып жатқаны құптарлық жайт. Ал, қазақ прозасындағы жатсыну тақырыбына Ә.Кекілбаевтың «Күй» повесімен жол салды. Жазушы жатсынуға философиялық ой-түйіндерімен келді. Жазушы өз шығармасын психологиялық сарында жазған, кейіпкерлерінің жан дүниесін шебер беру үшін жатсыну мәселесіне барады. Бұл ұғым - антиутопиялық сана көрінісіне жақындайды. Антиутопияға қатысты мәліметтерде «әдебиеттегі антиутопия жанрын саралау үшін ең әуелі утопияның өзін түсініп алу қажет. Әлемдік мәдениет пен әдебиетте утопия жанрының ұзақ тарихы бар. Жалпы бәрімізге белгілі, утопия – мінсіз қоғам жайлы адамның ой-қиялынан жасалған ұғым. Жоғарыда сөз еткен қазақ дүниетанымында өз халқы үшін Жерұйықты іздеп, желмаясына мініп ел кезген Асан Қайғы, өлімсіз мекен іздеп жер шарлаған Қорқыт Ата да утопиялық ілімнің бастауы бола алады. Бертін келе идеалды мемлекеттік құрылымның болу мүмкін еместігін түсінген жазушылар (Д.Свифт, Ф.Достоевский және тағы басқалар) өз шығармаларында бұл идеяның жүзеге асатынына, яғни барлық халық үшін тамаша, бақытты мемлекеттің болатынына күмән келтіре бастады. Міне, осы кезден бастап утопияға керісінше антиутопия пайда болды»-дейді. Әдебиет зерттеушісі А.Таңжарықованың пікірінше «Антиутопия робот-адамдарды, мәңгүрт ұрпақты туғызған гиперрационалды қоғамдық жүйені сынайды. Осы жүйеге қарсылық білдіретін кейіпкер шынайы адамзаттық құндылықтарды іздеуге, тоталитарлық өмірден өзіне тірек табуға ұмтылады. Осылайша идеалды саналған қоғам қатал заңның тепкісін көрген жекелеген адамның ішкі жан-дүниесі мен санасы, сезімі арқылы күл-талқаны шығады.»[9,103]-деп түсіндірме жасайды.

Жазықсыз репрессияға ұшыраған Әбутәліп Құттыбаевтың тағдырын сөз еткенде өз ұлтынан жерінген, мәңгүрттенген толқынның шығу тегін, оның себебін осылай ашып көрсетеді. Кеңестік интернаттар мәңгүрттер тәрбиелеуді жақсы жолға қойғаны анық. Содан шыққан Сәбитжандар ұлттың қасиет тұтқан киелі заңдылықтарына жиіркене қарады. Бұл аңыздағы: «Ол қатын сенің басыңдағы кепешінді жұлып алып, анау ақымақ басыңнан көн терінді сыдырып тастамақшы!» - деген алдауға сеніп, өз анасын садақпен ататын Дөненбайдың ұлы Жоламаннан не артықшылығы бар? Қазанғап пен Едіге жанына ерекше нұр құятын Найман-ана бейіті, өз ұлының садағынан өліп бара жатқан Найман-ананың ақ жаулығынан пайда болған Дөненбай құс туралы аңыз оған еш әсер етпейді. Мәңгүрт – Жоламанға өз анасы оның атын, әкесінің атын түсіндіре алмай жаны күйзелсе, Сәбитжанға да Едіге Найман-ана бейітінің ұрпақ санасында сақталуға тиіс ұлт тарихының бір бөлшегі екенін ұғындыра алмай күйзеледі. Оқырман да Едігемен қоса күніренеді. Жер бетінен қасиетті бейітті жойса, ұлтымыздың бір қасиеті өшетінін түсінген Едіге әлдебір асылын жоғалтатындай қиналады. Ал, Сәбитжан: «Оның бәрі ерте-ерте ертедегі, ешкі жүні бөртедегі ертеқой, Едеке, түсінсеңші. Бұл арада қазір әлемдік, космостық мәселелер шешіліп жатыр. Ал, біз барып әлдебір зират туралы аңыз айтқанымыз жараспайды ғой. Кімге керек ол?»- деп «білімділігін» көрсетеді. Мәңгүрт басындағы кепешке тиіп кетеді деп қорықса, Сәбитжан қызметімнен айрылам деп қорқады. Екеуі де мәңгүрт. Бірі – қолдан жасалған мәңгүрт, бірі-рухани мәңгүрт. Сәбитжан да коммунистік идеологияның құрбаны, соның қолдан жасаған улы жемісі; жек көретіні әкесінің бойындағы асылдан тырнақтай да жұқтыра алмай қалған өресіздігі, ешбір ойсыз, талғамсыз насихатқа ілескен қуыс кеуде болып өскені. Бұл - сол қоғам тудырған типтік мінез. Жазушы қоғамдағы осы мінезді анық танытқан. Ол үшін Найман-ана бейіті, ол туралы аңызды тірек еткен. Саясатқа қарсы келмеген түр танытады. Жай аңызды жаңғыртып әңгімелеп отырған сияқты. Сол қоғамның ең қасіретті қабатын аңыз арқылы көрсете алуы жазушының модернизмді тиімді пайдаланғаны деуге болады. Дүниені дүр сілкіндірген атом жарылысының дүмпуі арасынан ақ құстың «Дөненбай» деген дауысын естігендей болады Едіге, осы арқылы жазушы ұлттық рухты жеңетін күш жоқ дегенге сендіреді. Сонда көңілдегі көп күдікті ойлар да серпілгендей болады.

Ойымызды қорытар болсақ, Ә.Кекілбаев пен Ш.Айтматов әдебиетте бұрын кездеспеген қолдан жасалған мәңгүрт пен рухани мәңгүрттің параллелді формасын жасады. «Күйде» - күйшіні мәңгүртке айналдырса да халық туғызған күйдің рухы өлмегенін түсінбеген Жөнейт, «Ғасырдан да ұзақ күн» шығармасында жуан-жуандардың қолынан мәңгүртке айналған Жоламан мен социалистік қоғамның ұрпағы Сәбитжан образдарын жасау арқылы жазушыларымыз қоғамға қозғау салып, сыналап сын да айтты, әлемдік деңгейде мәселе де көтерді. Қос жазушының көркемдік ойлау тұрғысынан кейіпкерлеріне екі түрлі сана беріп, психологиялық жағдайларды ушықтыруы – көркем туындыдағы жазушы идеясы мен көркемдік концепциясын айқындауға негіз болып тұр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Бельгер Г. Дала балладалары //Кекілбаев Ә. Екі томдық шығармалар жинағы. 1989. Т. 1.
- 2 Сұлтанов Қ. Кекілбаев кеңістігі. Егемен Қазақстан, 2006ж. 5 желтоқсан.
- 3 Кекілбаев Ә. Таңдамалы. 1-ші том. – Алматы. «Жазушы», 1989. 399 б.
- 4 Бердібаев Р. “Сарқылмас қазына”. Алматы., “Мектеп”, 1982 ж.
- 5 Айтматов Ш. Боранды бекет (Ғасырдан да ұзақ күн). Алматы. «Жалын»,1986.
- 6 Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт», 2005. – 464 б.
- 7 Әбілов Ж. Этнодеформация. Ұлттық сана мәселелері Қызылорда. «Тұмар» 2007. – 176-бет
- 8 24. Г.Пірәлиева Ұлттық идея мен сана мәселелері жөніндегі зерделі зерттеу.// Ана тілі. 2016, №17
- 9 Таңжарықова А. Оралхан Бөкейдің «Қар қызы» повесіндегі антиутопиялық сарындар. Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Филология» сериясы, №3 (49), 2014 ж.

Резюме

**ПРОЯВЛЕНИЯ ОБРАЗА МАНГУРТ В КАЗАХСКОЙ И КЫРГЫЗСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ  
(На основе произведениях А.Кекилбаева «Куй» и Ч Айтматова «И дольше длится день»)**

*Р.Ж. Есбалаева, М.А. Буркитбаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Докторант Ph, Международной казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави

В статье говорится о формах проявления отчуждения и антиутопического сознания в казахской и киргизской литературах. Определяется значение проблемы «мангуртизм» в произведениях А.Кекилбаева и Ш.Айтматова, рассматриваются способы художественного изображения в произведениях писателей двух стран, всесторонне анализируется передача внутреннего состояния героя и становление национального характера. Мангуртизм насаждается либо силой, либо путем манипулирования заставляет забыть язык, религию, историю своей страны. Общая проблема в произведениях двух писателей – падение духовности общества через мангуртизм людей. Актуальность данной темы требует научного изучения. Так как во все времена ядром литературы является человек, его внутренний мир.

**Ключевые слова:** мангурт, отчуждение, антиутопия, этнодеформация

Summary

**PRESENTATION THE CHARACTER MANKURT IN KAZAKH, KYRGIZ LITERATURE  
(On the basis of «Kuy» by A.Kekilbaev and «Gasyrdan da uzak kun» by Sh.Aytmatov)**

*R.Zh. Esbalayeva, M.A. Burkitbayeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>Doctoral Ph, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University

Forms of misperception forms and antiutopian awareness features in Kazakh, kyrgyz literatures are considered in this article. The role of problem «mangurtism» which became the clue of A.Kekilbaev's and Sh.Aytmatov's works is defined, ways of making literary silhouette in their works, making national character, way of giving character's feeling are widely discussed. Mangurtism – one of them is done under pressure, second is made to forget religion and language with the help of manipulation. The problem of both writers' works is reclining of society through mangurtism. This actual theme is required to be explored scientifically and to give clever views. Because the clue of literature is – human and his inner world.

**Key words:** mangurt, kozkhaman, mis perception, antiutopia, ethnodeformation

МРНТИ 17.07.41

*Ұ.Н. Ибраймова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> Абай атындағы ҚазҰПУ бМ011700 – қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының 2 курс магистранты

**ТАРИХ ПЕН КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ХАНЫМДАР БЕЙНЕСІ**

*Аңдатпа*

Көркем әдебиет ең маңызды тәрбие құралы. Адам санасын өзгертіп, оның болмысына, нанымына да әсер ететіні сөзсіз. Ал біздің халқымыздың ықпалы заманнан бастау алған ауыз әдебиеті де сан ғасыр бойы ұлттың дінгегін жықпай, қазығын мықтап ұстап келген қасиетті дүниеміз. Сол ауыз әдебиетіндегі ханымдар бейнесі замана көшінде еш аласармай, керісінше ғасыр аламасқан сайын биіктей түскенін байқаймыз. Тарихта аты мәлім қазақ ханымдары туралы да бірегей деректер жеткілікті. Арғы заманды айтпағанның өзінде ел аузында жатталып қалған аналар, ханға әділдігін айтқан Қарашаштан бастап, ел тұтқасы болған Домалақ ана, кешегі Айғаным мен Фатима ханшалар, жауға қарсы шапқан ержүрек Гауһар мен Бопай, көп айтыла бермейтін Қабанбайдың батыр қызы Назым сияқты тұлғалар тарих беттерінде аңызбен қоса кейбір жазба деректерде сақталды. Олардың есімдері тұтас жұрттың тәрбие бесігіне айналды десек артық емес.

Қазақ романдарындағы ханымдар бейнесі тарихтағы тұлғаларымыздың деңгейіне өз заман тұрғысына сай суреттелгені анық. «Ханым» бейнесі қазақ әдебиетінде әлі де жазылатын, болашақ туындыларға арқау болатын ауқымды тақырыптың бірі.

**Түйін сөздер:** тарих, көркем әдебиет, қазақ романдары, ханым, ханымдардың бейнесі

Ұлтымызда ана ұғымы – ежелден биік, мәртебелі және қасиетті ұғым болып қалыптасқан. Сонау ауыз әдебиетімізден бастап, бай мұрамыз фольклор, жыр-дастандар, тіпті аңыз бен әпсаналарда кездесетін абыз аналар, ақылман арулар кез келген адамды еріксіз өз әлеміне тарта түседі. Соларды оқып, ішкі әлеміне үңілсеңіз, шын мәніндегі бірегей образдар болғанына көз жеткізесіз. Арғы заманды айтпағанның өзін-де ел аузында жатталып қалған аналар, ханға әділдігін айтқан Қарашаштан бастап, ел тұтқасы болған Домалақ ана, кешегі Айғаным мен Фатима ханшалар, жауға қарсы шапқан ержүрек Гауһар мен Бопай, көп айтыла бермейтін Қабанбайдың батыр қызы Назым сияқты тұлғалар тарих беттерінде аңызбен қоса кейбір жазба деректерде сақталды. Олардың есімдері тұтас жұрттың тәрбие бесігіне айналды десек артық емес.

Көркем әдебиет ең маңызды тәрбие құралы. Адам санасын өзгертіп, оның болмысына, нанымына да әсер ететіні сөзсіз. Ал біздің халқымыздың ықылым заманнан бастау алған ауыз әдебиеті де сан ғасыр бойы ұлттың дінгегін жықпай, қазығын мықтап ұстап келген қасиетті дүниеміз. Сол ауыз әдебиетіндегі ханымдар бейнесі замана көшінде еш аласармай, керісінше ғасыр аламасқан сайын биіктей түскенін байқаймыз.

Сол аңыздан тарап, бүкіл ұлтты, тұтас халықтың санасында сақталған Қарашаш сұлудың өзі таңдай қағытар ақыл иесі. Бұл туралы академик Сейіт Қасқабасов өз зерттеуінде бұлай толғанады.<sup>1</sup>

«Аңыздар мен әңгімелерде Қарашаш өмірінің әр кезеңі суреттеледі, яғни оның өмір жолы, өсуі туралы біршама мәлімет беріледі. Бірде ол тезек теріп жүрген, отын арқалап жүрген жасөспірім қыз, бірде үлкен кісілермен ақылды әңгіме-дүкен құратын бойжеткен, енді бірде ол Жиреншемен отау тіккен келіншек болып көрінеді. Тіпті оның дүниеден өткені туралы да әңгімеленеді. Олай болса, ол өмірде болмаса да, хандық заманында, дәлірек айтқанда әз Жәнібек ханның кезіндегі қарапайым да қатардағы қазақ әйелінің символдық сипаты бар, жиынтық бейнесі деуге болады. Қарашаш – қазақ фольклорында ерекше бейне. Ол – Қарлыға құсап майданға араласпайды, Құртқа секілді алдағыны біліп отыратын көріпкел емес, Ақжүніс сияқты батырмен бірге қашпайды, Гүлбаршын тәрізді басқа түскенді көрермін деп отырмайды. Ол тіпті Баяннан да, Жібектен де, Айманнан да өзгеше. Бұл арулардың бәрі – эпикалық кейіпкерлер, олар эпосқа тән сарында әсіреленіп көрсетіледі, олардың шыққан тегі де, тірлік еткен ортасы да басқа, атқарып жүрген іс-қимылдары кесек, яғни олар – романтикалық кейіпкерлер.»

Ғалымның бұл пікірі кейінгі зерттеушілер мен әдебиетшілер үшін айрықша сипат алады.

Қазақ ханымы қандай? Ханым дейтін ұғымның біздің тарихтағы алар орны қаншалықты? Осындай сауалдардың жауабын ізденсек, өткен тарихқа үңілеміз. Кез келген ұлттың тарихында өз халқының мәртебесін көтерген ханымдар аз болмаған. Сол ханымдар бейнесі қанша ғасыр өтсе де әр заманның ұрпағы өзінің көркем шығармасына кейіпкер етіп алып, солардың көркем бейнесін жасағаны мәлім. Біздің көркем әдебиетімізде ойып тұрып орын алған ханымдар бейнесі де бар. Тарихи жанрдағы романдарда тікелей бір ханымға арналмаса да туындыда қазақ ханымының асыл бейнесі ерекше суреттеледі. Мысалы Ә.Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң» сияқты романдарында Бопай ханымның бейнесі ерекше. Бүкіл әлемге танымал туынды «Абай жолындағы» Зере әженің образы да көз алдымызға қазақ ханымының сипатын келтіреді.

Ал тарихта аты мәлім қазақ ханымдары туралы да бірегей деректер жеткілікті. Белгілі тарихшы Берекет Кәрібаевтың зерттеуіне сүйенсек қазақ елінің тарихында өзінің есімдерін алтын әріппен жазып кеткен батыр әйелдер көп болған. Соның бірегейі өз ерліктерімен, ақылдылығымен тарихта атын қалдырған Бопай ханым деп атап көрсетеді.

«Бопай сұлу өзінің ақылымен құрметке ие болған, сондықтан да кей кездері орданы басқару ісіне үлкен әсер еткен. Әдетте әйелді барлық қоғамдық жұмысқа араластырмайтын қарым-қатынастың болғанына қарамастан, Бопай сұлудың өзінің жеке мөрі болған» – деп Қазақстан тарихы бойынша ірі маман А.И. Левшин жазып өткен. Сондықтан ел ішінде қадірі артқан Бопай анаға халқы мәртебелі, парасатты «Бара бәйбіше» атағын сыйлаған. «Бара бәйбіше» ұғымының Батыс Қазақстанда бірнеше мазмұнды мағынасы бар. Негізінен – өз ақылымен, даналығымен елге қадірлі болған ел ішіндегі аса беделді аналарымызға айтылған. Сонымен қатар, Бопай сұлу есімі «Ардақты бәйбіше», «Ардақты ана» болып ел есінде мәңгі қалды.

XV-XVII ғасырлардағы атақты қазақ хандары мен кейбір сұлтандарының аналарының есімдері жазба дерек мәліметтерінде сақталған. Ол жөнінде тарихшы Қадырғали би Қосым ұлы Жалайыридың еңбегінде айтылады. Автор XV-XVII ғасырлардағы қазақтың 6 ханының, 8 сұлтанының және 4 ханымының аналарының есімдерін айтып өтеді.

Олар мыналар:

1) Жаған бикем, ол – қазақ хандығының негізін салушылардың бірі – Жәнібек ханның әйелі, Қасым ханның анасы;

- 2) Ханық сұлтан ханым, ол – атақты Қасым ханның әйелі, Хақназар ханның анасы;
- 3) Абай-хан-бегім – Шығай ханның, Мәлік сұлтанның анасы;
- 4) Байым-бике – Сейітқұл сұлтанның, Ондан сұлтанның, Алтын- ханымның анасы;
- 5) Жақсым-бике (Яхшым-бике) – Тәуекел ханның, Есім ханның, Сабыр бике ханымның анасы;
- 6) Дадам ханым – Әли сұлтанның, Сулум сұлтанның, Ибрагим сұлтанның, Шахим сұлтанның анасы;
- 7) Алтын ханым – Оразмұхаммед ханның және Тәтті ханымның анасы;
- 8) Сүйім ханым – Тәуекел ханның әскер басшысы Көжек сұлтанның анасы. Дерек мәліметінде

айтылған сегіз ханымнан туған мемлекет басшылары: Қасым хан, Хақназар хан, Шығай хан, Тәуекел хан, Есім хандар – 1511 жылдан 1628 жылға дейін Қазақ хандығын билеген тарихта белгілі тұлғалар. Бұл хандардың билігі тұсында Қазақ хандығы негізінен күшею, өрлеу кезеңдерін басынан өткергені белгілі. Олардың осындай тұлға балып тарихта қалуында аналарының рөлі болғандығын ешкім де жоққа шығара алмайды. Бұл пікірді тарихи фактілермен көрсеткен тарихшы, ғалым Берекет Кәрібаев өзінің ғылыми мақалаларында көрсетеді. Ал осындай ақылман, адуынды аналарымыз бен ханымдар бейнесін көркем әдебиетте қаншалықты көрсете алдық деген сауал туындайды.

Қазақ романдарындағы ханымдар бейнесі классик жазушыларымыздың шығармаларында кездеседі. Әсіресе І.Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы, М.Мағауиннің «Аласапыран», «Көктүйғын» романдарында, Ш.Мұртазаның «Айша бибі», «Домалақ» ана сияқты туындыларында ханымдық деңгейге жеткен тұлғаларымыздың көркем образы айрықша ашылады. Тәуелсіздіктен кейінгі қазақ романдарында ханымдар бейнесін суреттеген жазушыларымыздың еңбегі де ерекше көзге түседі. Мысалы Б.Нұржекеев шығармаларындағы әйел бейнесі тарихта өткен ханымдар тұлғасымен рухани сабақтастығы жайын қозғасақ, шығарма кейіпкерлерінің ішкі әлеміндегі, өз заман тұрғысына сай ойлау болмысынан ханымдарға тән элементтер көп ұшырасады. Ш.Елеукуновтың, Ә.Ыдырсовтың шығармаларындағы ханымдар бейнесі зиялылықты дәріптегендей. Ондағы кейіпкер аналар, арулар көзі ашық, білімді адамадр. Ал бұл кейіпкерлер мен тарихта өткен ханымдар бейнесімен салыстырған да заман тұрғысына сай ханымдық статусы бар көркем образдар деп атап айтуға болады.

Тарихта аты мәлім ханымдардың соңында қалдырған аңызға бергісіз әңгімелеріне үнілсеңіз олардың атқарған міндеті, екі рулы ел немесе екі мемлекет арасындағы ықпалдастық пен елдестікке ханымдардың тигізген әсері айрықша деуге болады. Тіпті ұлы тұлғаларымыздың көбі өзге ұлттан әйел алып, оны ханым деігейіне көтерген. Әрине, оның ақылмандығы, ұзақты ойлдайтын көрегендігі болмаса ханым деңгейіне жетуі де екіталай еді.

Ел ынтымағы туралы сөз болғанда «Абылай аспас арқаның Сарыбелі» деген әңгіме еске түседі. М.Ж.Көпейұлының айтуынша Абылай хан бір өкпе кекке байланысты қаракесектен Жанай, төртуылдан Ботақан деген адамдарды ұстатып «екеуін де көрге тірідей салғызып, үйіне келеді. Сонда Ханымы айтыпты: Төре, көп кешігіп қалдыңыз, қайдан келдіңіз? дейді. Абылай – Ботақанды тірідей көрге салдырып келдім, – дейді. Ханымы сонда айтты дейді: – Бұл Орта жүзден бізге дәм бұйырмаған екен. Шығарыңыз көрден Ботақан мен Жанайды» деп кесіп айтады. Қазақтың тарихи шежіресінен алынып отырған бұл оқиға елдің ішкі шаруасына ханымдары араласатындығын көрсетеді.

Қазақ романдарындағы ханымдар бейнесі тарихтағы тұлғаларымыздың деңгейіне өз заман тұрғысына сай суреттелгені анық. Десе де бұл тақырып әлі зерттеуді, толыққанды қадағалап ізденуді талап ететін тақырып.

Қазақ халқының санасына сіңген бұл сөздің ұғымы қалай, неге өзгеріп жүргенін түсіну қиын. Жалпы, қазақта ханның әйелін «ханым» десе әпке-сіңлілілерін, қыздарын, «ханша», «ханшайым», аға-індерін, ұлдарын «ханзада» деп атайтынын баршамыз білеміз.

«Ханым» образы біздің көркем әдебиетте әлі де болса әлемдік деңгейде суреттеліп жазыла қоймағаны да рас. Бірақ, тарих бетіндегі қазақ ханымдарының әр қайсысы әлемдік деңгейге жеткен бірегей тұлғаларымыз екені анық.

Қорыта келгенде ханым бейнесі қазақ әдебиетінде әлі де жазылатын, болашақ туындыларға арқау болатын ауқымды тақырып екенін түсінгеніміз абзал.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қазақ романы: «Өткені мен бүгіні» – Алматы. // «Алматы баспа үйі» 2009. – 352 б.
- 2 С.Ақтаев «Қазақ ханымдары» – Алматы. // «Ана тілі» 2001ж., 43 бет
- 3 Г.Орда «Әйел тағдыры, махаббат тақырыбы жаңа романда» – Алматы. // «Алматы баспа үйі» 2009. – 452 б.
- 4 К.А.Пищулина «Қазақ хандығы», Қазақ Совет энциклопедиясы», 4-т., 385-б.
- 5 Р.Бердібаев «Қазақ тарихи романы» Монография. А., «Ғылым» 1979ж., 240 б.
- 6 Ұ.Ахметова «Жақсы ханым» Қазақ тарихи журналы» № 2, 2002, 54 б.

7 С.Қасқабасов // Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар – Астана 2015. – Қарашаш және қазақ хандығы С. 19-24

8 Б.Көмеков, С.Өтениязов // Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар – Астана 2015. – Әбілхайырдың Бопай сұлуы С. 25-28

9 Б.Кәрібаев // Қазақ хандығы тұсындағы ханымдар мен арулар – Астана 2015. – Қазақ хандығы дәуіріндегі ханымдар С. 51-56

*Резюме*

**ОБРАЗ ГОСПАЖА В ИСТОРИИ И ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ**

*Ибраймова У.Н.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup> *КазНПУ имени Абая*

Художественная литература самая важная часть воспитания. Она безусловна влияет на веру и сознание человека. А устная речь казахского народа, которая берет свое начало с древних веков – это наше богатство, излучающее традиции, госпажи казахского народа за эти времена не иссяк, а наоборот обрел еще боли высокий статус. В истории достаточно информации о знаменитых женщинах. Определенно, образ казахской госпожи в романах сформирован соответственно тому времени. Не считая древних веков, женщины, начиная с Карашаш сулу, которая не боясь высказывала хану своё мнение, Домалак ана, в история стала матерью народа, Айганым и Фатима, мужественные Гаухар и Бопай, защищали родину от врагов и дочь Кабанбай батыра, о которой не часто упоминается, все они сохранены в истории не только мифическими персонажами, но и в исторических рукописях. Но не побоюсь сказать, что, их имена превратились в этолон воспитание молодежи.

Образ «госпажа» до сих пор является актуальной темой для будущих шедевров художественной литературы.

**Ключевые слова:** история, художественная литературы, казахские романы, госпажа, образ госпожи

*Summary*

**IMAGE MS IN HISTORI AND FICTION**

*Ibraimova U.N.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *KazNPU after named Abay*

Fiction is the most important part of upbringing. It certainly influence to the faith and human mind. Oral speech of the Kazakh people, which takes start it from the ancient times - it is our wealth, radiant traditions, women of Kazakh people during these times are not exhausted, but rather gained more higher status. In the history we have enough information about famous women. Specifically, the image of Kazakh mistress in novels formed respectively by then. Apart from ancient times, women, starting from Karashash Sulu, which she is not afraid expressed her opinion to Khan, Domalak Ana, in the story she took the name - mother of the people, Aiganym and Fatima, courageous Gauhar and Bopai, defended the homeland from enemies and daughter Kabanbai Batyr, which is not often referred to, they are all stored in the history not only of mythical characters, but also in historical manuscripts. But I do not hesitate to say that, their names have become etolon education of youth.

The image of "mistress" is still takes topical theme for future masterpieces of literature.

**Key words:** Iстриa, fiction , Kazakh novels, Lady, Mrs. image

МРНТИ 14.07.03.

*Г.С. Каримова<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы қ. Қазақстан*

**ДРАМАТУРГ РАХЫМЖАН ОТАРБАЕВТЫҢ  
«БЕЙБАРЫС СҰЛТАН» ДРАМАСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ**

*Аңдатпа*

Мақалада тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық драманың өрісін кеңейтуге өзіндік үлес қосып жүрген драматург Рахымжан Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан» атты тарихи драмасы жан-жақты талданады. Тарихи драмаға қойылатын талаптар мен шарттылықтарды меңгерген әрі оны өз туындысының аясына шебер сыйғыза білген автор стилінің ерекшелігі сипатталады. Драматургтың авторлық ремарка, монолог секілді драмалық элементтерді дәуір тынысын сездіруге, кейіпкердің ішкі жан-дүниесін, бейнесін толық ашып көрсетуге бағыттағандығы анықталады. Сонымен қоса, аталған драманың идеясы, сюжеттік желісі, басты лейтмотиві, негізгі қаһарман бейнесінің ерекшелігі сынды мәселелер де автор назарынан тыс қалмаған.

**Түйін сөздер:** авторлық ремарка, лейтмотив, ұлттық драматургия, тарихи драма, сюжеттік желісі

Қазақ елі өз тәуелсіздігін алғаннан кейін әдебиетте орын алып жатқан оң өзгерістер драма жанрына да елеулі ықпал етіп ұлттық сипаттағы туындылар қатары көбейе бастады. «Халқымыздың сонау ғұн, сақ,

түркілік дәуірінен бастап, қазақ хандығы, жоңғар шапқыншылығы, бодандық, ұлт-азаттық көтерілістер, ашаршылық, жаппай қуғын-сүргін мен кешегі желтоқсан оқиғасы жылдарына дейінгі кезеңдер қазіргі драматургияның басты тақырыбына айналды. Міне, осы үрдісте тарихи драмалар да өздерінің ұлттық құндылықтарымен қатты даралана бастады» [1,204]. Осы бағыттағы тарихи туындыларға Ә.Кекілбаевтың «Абылай хан», М.Байсеркеновтың «Абылай ханның ақырғы күндері», Ш.Құсайыновтың «Томирис», Қ.Ысқақтың «Қазақтар», Р.Отарбаевтың «Бейбарыс сұлтан», И.Оразбаевтың «Шыңғыс хан» т.б. драмаларды жатқызуға болады.

Тәуелсіздік жылдарының тарихи туындысының авторы Р.Отарбаев та өткенді жаңа көзқарас тұрғысынан жазу тенденциясын қолға алды. Сол арқылы, яғни тарихи драмалары арқылы оқырманға, кейінгі ұрпаққа таза тарихты ұсынды. Бір ғана «Бейбарыс сұлтан» драмасында киіз үйден шығып, күллі әлемге танымал болған, Жайық бойын жайлаған Жамақ ханның кешегі қараторғайдай баласы Бейбарыстың бүкіл Мысыр еліне әмірші болған тарихы баяндалады. Драматург, классик жазушы Ғабит Мүсірепов: «Көркем шығарманы тарихи шығармамен алмастыруға болмайды. Бірақ одан тарихилықтың принципті мәнін сақтауды талап ету керек» деген. Р.Отарбаевтың аталған драмасында тиісті талаптар сақталғандықтан, қуаты күшті туындыға айналған. Драмада автордың ақынға тән сөйлеу мәнері, шабытты тебіреністері ашық көрінген, Бейбарыстың толғау, тіпті көсем монологтарының өзі кесек дүние. Қазіргі таңда оқырман жүрегіне жол тауып, жаулап ала алған туындылардың қатарына жатқызуға әбден болады.

Екі әктілі, төрт көріністі тарихи драманың кейіпкерлері туралы ремаркада 18 кейіпкер, оған қоса шапқыншылар, мәмлүктер, елшілер, тұтқындар, шабармандар, періштелер, шаһар әкімі, дауыстар, карауыл, жаршы, саудагер деп көрсетіледі. Алғашында мұнша көп адамдар шағын туындыға көптік етпей ме деген күдік ұялайды. Бірақ, драма мазмұнымен толық танысып, авторлық идеяны ажыратқан соң, бұл күмән сейіледі. Әрқайсысының өз орны бар екендігі, басы артық жүрген бірде-бір кейіпкер жоқ екендігі білінеді. Дауыстар Ніл өзенін бөгеудің қиындығын, Бейбарыстың жәй мәмлүк емес, қайтпас ер, жаужүрек екенін білдірсе, карауыл соғыс жайын білдіріп отырады. Жаршы, шабармандардың өзі ел салтынан, дәстүрінен хабар береді. Олар арқылы біз арабтар соғыста жеңіске жеткенде баспанасызға үй тиіп, бойдақтар қыз сүйіп, отбасылы болатынынан хабардар болсақ, ел әміршісі о дүниелік болғанда халқы күңіренумен қоса, шашын жұлып, бетін жыртытынын білеміз. Қара киімділер болса тепсінген талай жауды тентіреткен сұлтанның сыртынан тәж бен бақтың саудасын қыздырып жүрген бақталастардың көптігінен хабар береді. Демек, бұл көптеген кейіпкерлерді автор «әлеуметтік орта, дәуір тынысын сездіруге, көпшілік сценаларын ашуға» [2,221] пайдаланғанын ұғамыз.

Драма оқиғасы Сиуас қаласының құл базарындағы құл саудасын суреттеуден басталады. Асқан жауынгер халық санатынан деп есептелетін, қазақ даласынан әкелінген қыпшақтардың күштілігі, қымбат бағаланатындығы итальяндық саудагердің сөздерінен білінсе, дайын құлдықтан гөрі өлімді артық көретін намысшыл екендігі, көздерінде от, кеудесінде шоғы бар қыпшақ ұлдары қара зәңгіден де артық бағаланады.

Бірінші әктінің бірінші көрінісінің өзінде Бейбарыстың ширыққан бейнесі танылады. Әп дегенде тұтқын бала ешкімнен қаймықпай, көзінің оты жарқ етіп, жусанды алу үшін лапылдап жанып жатқан отқа қолын салса; сахна ауысқанда «Крест жорығына» шыққан француз жасағына соғыс ашып, ел-жұрт уайым шегіп, жылап-сықтап жатқанда Бейбарыс сөзімен де, ісімен де халық жағында, жаны найза ұшында жүреді. Ширығып басталған драманың бірінші әктісінен-ақ біз өзін дүниенің тірегі сезінгендей, өзгеге де сездіргендей ойлы да мұнды, қаһарлы Бейбарысты танып үлгереміз. Ал соғыс хабары келсе де, сән-салтанаты асқан сарайында Иса Тұран Шаһ сықылықтап күлген сұлу бишілердің биін тамашалап, «әкем Сұлтан Салық Наджи-ад-дин соқтырған күміс теңгедей сынғырлаған күлкілеріңді естігенде қара тырнағыма дейін жыбырлап кетеді. Түп-тура жыбырлап кетеді. Екеуіңді де бүгіннен бастап гареміме аламын» деп тәннің құлы болып, рахаттанып отырады. Кешегі аяқ-қолы кісендеулі келген, жалаң аяқ құл мен Иса Тұран Шаһты қатар суреттеу арқылы автор бас кейіпкердің қаһармандық бейнесін, азаматтық тұлғасын асқақтата түседі.

Бейбарыс бейнесі сан алуан әрекет үстінде: дұшпандармен арпалыста, соғыс даласында, сарайда, отбасында біртіндеп, сатылап барып, кеңінен ашылады. Бірде оны қайсар, өжет бозбала, патриот; бірде мықты стратег әскербасы; бірде аяулы жар, мейірбан әке; бірде жауына аш бөрідей тиетін, ел шетіне жау келгенде аянып қалмайтын көзсіз батыр ретінде әр қырынан танимыз. Осылайша сұлтан бейнесі түрлі драмалық тәсілдер арқылы сомдалып шығады. Яғни Бейбарыс бейнесі диалектикалық бірлікте, қайшылық-қасиеті сом тұтастықта берілген.

Көркемдік сипаты тұрғысынан «Бейбарыс сұлтан» драмасының полифониялық сипаты күрделі емес. Бас-аяғы 40 беттік туындыда Бейбарыс сұлтанның бүкіл өмірі көз алдыңыздан өтіп, оған қоса

қаһарманның ішкі жан-дүниесіне тереңінен үңіліп, онымен бірге қамығып, бірге жаныңыз жүдеп қалады. Сұлтан өмірінің қуанышты сәттері тек ұлдарымен байланысты. Тәж пен баққа таласқандардың арасында ұстараның жүзінде жүргендей қиын өмірінде ұлдары келгенде ғана жаны жадырап, Еділ-Жайықты жайлап отырған қыпшақ жұртын көргендей шаттанып қалады. Бірақ олардың қаны қыпшақ болғанымен, өз ортасы өгейсіткендігін балаларының жылқының етінен Нілдің суын артық санайтындығы, киіз үйдің не екендігін білмейтіндігінен аңғарып жаны құлазып, жүдеп қалады. Бірақ хал-қадірінше балаларына ата-баба дәстүрін сіңіргісі келеді. Шаңырақ деген өзім деп өзі көтеріп, уық – балаларым, кереге – шешелерің деп тату-тәтті бірлігі жарасқан шаңырағының ырысты болғанын қалайды.

Бейбарыс бейбітшілік заманда өзіне құлдық қамытын кигізген моңғолдарды ешуақытта ұмытпайды, тіпті сәлемін де алмайды, Қүтіз әмірші соғыста қаза тапқан соң, Бейбарыс сұлтан таққа отырады. Билік басына келген соң арық жүргізіп, су жіберіп, халықты молшылыққа кенелтеді. Еркектердің бұзақылығын, әйелдердің сайқалдығын тыйып, құпия үйлер мен долықты моншаларды жабады. Иен даланы гүлзар баққа бөлеп, шаһарда тәртіп орнатып, кесірлерді тыйып, ел-жұртына етегі мен есін жиғызған ерен еңбегін бағалап берілген: «Абул-футух Рукнуддин уа дүние Бейбарыс бин Абдулла ая-Бундукдари ас-салиха ан-Наджани ал-Аюби ан Ханафи ат-турки...» есімінің өзін бір-бірін бұйдамен жетелеген керуендегі түйе сынды екен. Көтеріп жүру де оңай болмас. Осының бәрі анам байғұстың «Барысым» деген жалғыз ауыз сөзіне тати ма? Уай, дүние-ай!» [3,27] деп көкірегі қарс айрыла күрсінеді. Патша тағына отырса да бір сәтке де есінен туған елін, жерін шығармайды. Тіпті бұл үнемі жүрегін жарып шығатын күрсінісі мен қайғысы сағыныш болып шығарманың лейтмотивін құрайды. Сағыныш Бейбарыс үшін ғұмыр бойы ұмтылса да жеткізбеген Жайығы мен жусанды даласын есіне салып отырады. Шығарманың өн бойынан байқалып отыратын лейтмотив – Бейбарыстың туған елге, жерге деген сағынышы, сағынышқа толы сөздері: «Тұшынып бір иіскесен көкірегіңді шайдай ашқан қайран Жайық бойының жусаны. Жас сәбидің қарын шашындай бұр жарғанын көрер ме еді» [3,8], «киіз үйдің іргесін түріп тастап, қымызға қанып, қазы жеп сәскеге дейін ұйқтар ма еді» [3,20]. Лейтмотив сағыныштың шөбі – жусанмен тығыз байланыста беріліп отырады. Жусанның ерекшелігі сағынған жан иіскесе ғана жұпар шашатындығын да автор елін сағынған сұлтанның анасының өсиеті, туған жерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеген сөзі арқылы өрбітеді.

Бейбарыстың атамекенін сағынып, егіліп, еміренген сәті: «Уау, кең дүние. Есігің мен үшін сағыныш боп ашылып еді. Сол сағыныш болып қайтадан жабылмаса қайтсін?! Жайық деген ұлы дариям бар еді. Қыпшақ деген іргесі сетінемеген қалың елім бар еді. Сарайшықтай қалам бар еді, жұпар иісті жусанды далам бар еді. Қос бұрымы төгілген ару қызы қандай еді? Шараяқта бұрқыраған қымызы қандай еді?! Тасқа біткен қарағайдай қияқты азаматын айтсаңшы. Иен даланы дүбір қақтырған тұяқты қазанатын айтсаңшы?!» [3,31] деп риторикалық сұрақ арқылы беріледі. Драманың бірнеше тұсында осы сарындағы мұңлы монологтар кездеседі.

Драманың намысқа жанылған патриоттық рухының күштілігі сұлтанның қандай жағдайда да қыпшақ жұртшылығының салт-дәстүрін дәріптеп отыратындығынан да байқалып отырады. Бұл жайдақ атқа секіріп мінетін жүз жастағы қариялары бар қуатты жұрт – қыпшақтардың баһи кешкен адамның зиратына жарты Ай белгісі бар құлпытас қоятын салтын айтуы. Зират басындағы белгі – кері туған айдың белгісі. Көрер жарығы, туар айы, дәмі таусылды деген сөз. Ал ең өнегелілігі – құлпытасқа өлген жанның есімі, ата-тегі, руымен қоса, қанша күн өмір сүргендігін өрнектеп жазуында. Яғни неше жақсылық жасаса, сонша жыл жасадым деп есептеуі, егер үш жақсылық жасаса – үш күндік өмір, он жақсылық – он күн. Ал егер жүзге келсе де ас ішіп, аяқ босатқан күндерін ғұмыр санамайтын мәрттігі мен даналығына тәнті боласыз.

Сұлтанның жанын жегідей жеген нәрсе – тек сағыныш десек қателескен болар едік. Оны күйзелткен негізгі мәселе – исі түрік басшыларының ауызбіршілігі болмай, халқының тоз-тоз болуы. Қанжар тістеп туған қанатты қырандардың тұтқын болып сорлауына қатты налиды. Тіпті халифатқа әділдік орнатқан әміршіге айналған шағында құл базарында саудаға түскен түрік өрендерін көргенде: «Міскіндерім-ай менің. Сендер де бұғауға түстіндер ме? Менің кебімді құштындар ма? Аяқ-қолдарыңды кісен қиып зарықтындар ма? Исі түріктің иелері бірікпесе, небір замандар бойы көрер күндерің, шегер азаптарың осы ғой. Кемталап емес едіңдер ғой» [3,32] деп іші қан жылап, барлығын бір-ақ сатып алып, бастарына бостандық береді. Саудагерге «айтқан бағанды ал» деп мәрттік танытқанымен, оның мақсаты да, түпкі ойы да «әйтпесе бұлардың әрқайсысы бәсжетпес қой» деген сөзінен байқалады.

Сарай ішіндегі интрига, қызғаныш, сатқындық, жағымпаздық секілді қитұрқылықтар шығармада кеңінен беріліп отырады. Хуан тілімен айтқанда «жалпақтаған жағымпаздар, жәреуке жандайшаптар, аңысын күткен аярлар, қысқа күнге қырық құбылған қитұрқылар, шапан жамылған көркеуделер, жігіткөз ұрылар, мықынын бұлдаған мекерлердің Бейбарыстың да айналысында өріп жүргендігі, олар әміршісін

сыртынан сатып, күнде өлтіріп жүргендігі білінеді. Сарай өмірі ешбір бүркемесіз, ащы шындығымен ашылады. Драматургтың қоғам туралы ойы да айқын. Ол қоғамның жегі құрттары секілденген билікқұмар жандар туралы сөздерінен аңғарылады. Тақтың төрт бұрышына үймелеп, әміршінің балағынан кіріп басында, қойнынан кіріп қонышында жүретін, тақ шайқалса алдымен иесін тапайтын снобтарды ешуақытта тамырымен жою мүмкін еместігін ашық айтады. «Жер жарылып су аққалы солай болып, топан су қаптағанша аясын кеңейтіп өрістей беретіндігі» ащы да болса шындық.

Драманың басынан аяғына дейін үзілмей тартылып отыратын желі – Бейбарыстың өмірі. Бейбарыс әділ. Сатқындық жасады деп естіген сәтінде туған баласын «азып туған ит» деп танып, садақаға сұраусыз шалуға да дайын. Кешірім бермей, тек өлім жазасына кеседі. Тірлікте жасаған жария жаманаты, аяр опасыздығы үшін моңғол елшісін де, Хуанды да аяп қалмайды. Айналасын қызғаныш боп шарпыған, қолтығына ғұмыр бойы у тыққан, күллі әлемге қара тырнақтай жақсылық сыйлауға әлі келмейтін Хуанның да бар әрекеті әшкерә болғанда да әділ жазасын береді. Елін шексіз сүйгер патриот ұл қыпшақ салты бойынша Хуанның құлпытасына «туды да өлді» деп жаздыруды ұйғарады. Мұның тәрбиелік мәні – Хуан секілді аярлардың жетер жерінің қандай болатындығы – кейінгі ұрпақ үшін ащы сабақ болатындығында.

Бейбарыс – мықты стратег. Алдына қойған мақсатына жету үшін, жауының бетін қайтару үшін, ешкімді тыңдамай, ешкіммен ақылдаспай батыл әрекеттер жасайды. Көзсіз ерліктерге барып, ешкімнің сөзіне құлақ аспайды, тіпті, әміршінің бұйрығын да жүре тындап, ал шылбырына жармасқан Хуанның өзін «кәпірдің жалғызы» деп қағып тастайды.

Драма жанрының теориясын зерттеуші Р.Нұрғалидың ашып көрсеткен трагедия табиғатына Р.Отарбаев сомдаған Бейбарыс бейнесі толық сәйкес келеді: Бейбарыс та сұм заманның қатыгез әдеттерімен шайқаста опат болады (таққа таласқан шаһ берген уланған қымызды ішіп о дүниелік болады); асқақ рухты қайсар жан Бейбарыстың дұшпандарымен алапат күресі кеңінен суреттеледі (Ніл өзенін бөгеп, француздарды қыруы, дандайсыған моңғол елшілерін сабасына түсіруі т.б.); басқа да трагедия қаһармандары секілді сұрапыл, ол өз ішіне терең бойлайды (жиі кездесетін монологтары), қайғылы, азапты хал кешеді, кедергі, қарсылықтармен қаймықпай күреседі.

Автордың аталған тарихи драмасы шынайы, ақиқаттан алыстау кеткен тұстары жоқтың қасы. Берілген тарихи детальдары қисынды. Шығармада мәмлүктер – мемлекеттің айбары ретінде суреттелген. Шынында да араб елі мәмлүктерден еш залал шекпеген. Мәмлүктер «найзаға тұщы етін, қылышқа талша мойнын, дойырға жон арқасын төсегені» анық.

Түйіндей келгенде, Р.Отарбаевтың «Бейбарыс-Сұлтан» атты тарихи драмасы ұлттық драматургиямыздан алатын өзіндік орны бар туынды. Автор диалог, монолог, ремаркалары арқылы кейіпкерлерінің сана мен мінезіндегі өзгерістер мен құбылуларды терең бейнелей алғандығымен, өмірлік, тарихи материалды көркемдік шындыққа айналдырудағы шеберлігімен ерекшеленеді.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1 *XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті (2001-2011жж.)*. – Алматы: «Арда», 2011. - 640 бет.

2 *Нұрғали Рымғали. Драма өнері*. – Алматы: «Санат», 2001. - 480 бет.

3 *Отарбаев Р. Шер*. – Алматы: «Өлке», 2006. - 432 бет.

*Summary*

**ARTISTIC ORIGINALITY OF RAKHIMZHAN OTARBAYEV'S DRAMA "SULTAN BEYBARYS"**

*Karimova G.S.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Doctoral student of Kazakh National pedagogical University named after Abai*

The article is devoted to the development of national drama in the period of independence, in which a well-known playwright Rakhimzhan Otarbayev contributed, where his historical drama "Sultan beybarys" comprehensively analyzed. The historical drama is characterized by the style of the author, where the author in his work took into account all the requirements and conditions for writing drama.

The author fully reveals the fullness of the image and the character's inner world, where using dramatic elements, in the author's remark in the monologue, conveys the historical era.

In addition, the author has left unnoticed the idea of creating this drama, the storyline and the main theme is the features of the image of the main character.

**Key words:** the author's remark, keynote, national drama, historical drama, storyline



Резюме

## ХУДОЖЕСТВЕННОЕ СВОЕОБРАЗИЕ ДРАМЫ РАХИМЖАНА ОТАРБАЕВА "СУЛТАН БЕЙБАРС"

Каримова Г.С.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая

Статья посвящена развитию национальной драматургии в период независимости, в которую известный драматург Рахимжан Отарбаев внес свой вклад, где всесторонне проанализирована его историческая драма "Султан Бейбарс". Историческая драма характеризуется определенным стилем автора, где автор в своей работе учел все требования и условия по написанию драмы.

Автор в полной мере раскрывают полноту образа и внутренний мир героя, где используя драматические элементы, в авторской ремарке и в монологе, передает историческую эпоху.

Кроме того, автором не остались незамеченными идея создания этой драмы, сюжетная линия и основным лейтмотивом является особенности образа главного героя.

**Ключевые слова:** авторская ремарка, лейтмотив, национальная драматургия, историческая драма, сюжетная линия

МРНТИ 14.07.03.

А.М. Картаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>С.Аманжолов атындағы ШҚМУ профессоры, Өскемен қ., Қазақстан

## МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ АРНАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада ХХ ғасырда қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан дара тұлға, классик жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылығының нәр алған қайнар көздері мәселесі қарастырылады. Зерттеуде М.Әуезов шығармашылығының арналары туралы айтылған еңбектер саралана отырып, жазушы сусындаған қайнар бұлақ алты саламен бөлініп беріледі. Автор оларды «Туған халқының рухани қазыналар көзі», «Абай тағылымы», «Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті», «Шығыс әдебиетінің жауһарлары мен ғұламалық еңбектері», «Түркі халықтарының әдебиеті», «Орыс әдебиеті мен Батыс мәдениетінің үлгілері» деп атап, оларды жеке-жеке талдап көрсетеді. Абайдың нәр алған қазына көздерімен байланыста қарастырып дәлелдейді. Автор М.Әуезов осы арналарды шығармашылығына азық ете отырып, әлемдік классикалық туындыларды дүниеге әкеліп, әдебиетте өзіндік дара жол салып, өзінен кейінгі әдебиетке озық дәстүр қалыптастырды деген қорытынды жасайды.

**Түйін сөздер:** классик жазушы, шығармашылық арналар, қайнар көздер, қайнар бұлақтар, туған халқының рухани қазыналар көзі, Абай тағылымы, Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті, Шығыс әдебиетінің жауһарлары мен ғұламалық еңбектері, Түркі халықтарының әдебиеті, Орыс әдебиеті мен Батыс мәдениетінің үлгілері

Абайдың нәр алған тұнық қайнар бұлақтарынан Мұхтар Әуезов те сусындап, өзінің жазушылық, ғалымдық, суреткерлік дарынына азық етті. М.Әуезов шығармашылығының нәр алған көздері жайлы «Дәстүр мен жаңашылдық» атты еңбекте үш сала тұрғысынан көрсетіледі. Атап айтқанда: «...Мұхтар Әуезовтің өзі де үш сала әдебиет арнасынан нәр алып дәстүр дамытты, оның ішінде атап айтқанда, әсіресе қазақ эпосына сүйенді, Абайдан, Тургеневтен, Лев Толстойдан, Шекспирден, Горькийден, Шолоховтан тәлім алды дегенде, олардан бірденені көшіріп алды деген ұғым тумамайды, жаңа идеялық тұрғыдан өмір шындығын соларша қамтып, творчестволық әдісті соларша игерді...» [1, 10 б.]. Бұл үш арна жазушының шығармашылық әлемін түгел қамти алмайды. Бұған қоса М.Әуезовтің үлкен ғылым ордалары Ташкент, Ленинград университеттерінде оқып, ірі қалаларда қызмет істеп, әдеби-мәдени кең орталықтарда жиі болып, шетелдерге іссапармен шығуына байланысты жазушының қайнар көздері ауқымының мол екенін, яғни бүкіл әлем әдебиетіне қатысы жағын да ескеруіміз қажет. Абай ақындығының нәр алған үш арнасын алғаш ғылыми тұрғыдан негіздеп берген М.Әуезов болса, ал М.Әуезов шығармашылығының қайнар көздерін Абай айналасы мен тағылымы арқылы М.Әуезовке бала кезден дарығанын ғалым Т.Жұртбай жазушының өмірі мен шығармашылық жолын, тағдыр қатпарларын жан-жақты ашып жазған «Бесігінді түзе!..» атты ғұмырнама-толғауында «үш тамырға» бөліп қарастырады [2].

Т.Жұртбай Абай мұрасының қазына көздерін үш тамырдан алып қарастырып, бұл құбылыс М.Әуезовке Абай даналығы арқылы үш тамырдан таралып берілгені туралы ғылыми көзқарасты береді. Бірінші тамырға Шығыс даналығы мұрасы: шағатай, түрік, парсы, араб әдебиеті мен ежелгі грек, рим, египет, парсы, үндінің философиялық толғамдары, тарихи шежірелерін атайды. (Аристотель, Платон, Сократ, Гомер, Фирдоуси, Рудаки, Ғазнауи, Физули, Сағди, Хафиз, Омар һәйям, Яссауи, Бақырғани, Әл-Фараби, Ибн-Сина, Низами, Баласағұн, Софы Алаяр, Науаи, Игінеки, Бабыр, Мұхаммед Хайдар Дулати,

Абылғазы Баһадүр, Жалаладдин Ауғани, Шаһабуддин Маржани). Екінші тамырға Европа классиктері (Гете, Байрон, Шиллер) мен Европадағы ой-пікірлердің даму тарихы: (Спиноза, Спенсер, Дарвин, Дрепер, Жан-Жак Руссо, Монтень т.б). Үшінші тамырға орыс әдебиетінің тамаша үлгілерін жатқызады. (Михаэлис, Гросс, Долгополов сияқты достары мен классиктер Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Чернышевский, Салтыков-Щедриндерді атайды) [2].

Осы мәселелерге зер сала отырып, біз зерттеуімізде М.Әуезов шығармашылығының нәр алған көздерін 6 арнаға бөліп береміз. Оларды былай атап көрсетеміз: туған халқының рухани қазыналар көзі, Абай тағылымы, Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті, Шығыс әдебиетінің жауһарлары мен ғұламалық еңбектері, Түркі халықтарының әдебиеті, Орыс әдебиеті мен Батыс мәдениетінің үлгілері. Осы аталған Әуезов шығармашылығының қайнарларына зерттеу жүргізу барысында, Абайдың нәр алған қазына көздеріне де үңіліп, байланыста алып қарастырып отырамыз.

Рухани қайнар көздерінің ішінде мол бөлшегі көшпелі халқымыздың бай ауыз әдебиеті, шешендік өнері, жыраулық дәстүрі бала кезінен М.Әуезовтің еркін сусындаған мөлдір айдыны болатын. Бала кезінен халықтың бай ауыз әдебиетін сүйіп өскен Мұхтар аулына келген ақын-жыршылардың, ертекті-әңгімешілердің, шешендер мен билердің, айтыс ақындарының өнерлерін тыңдаудан ешқашан жалықпайды. М.Әуезовтің көшпелі халқымыздың әдебиетін сүйіп, оны мәңгілік санасына құйып өскені, өмір бойы оған мейлінше зор құрметпен қарағаны кейін ғалым ретінде ауыз әдебиетін жинап зерттеген қыруар еңбектерінен, сондай-ақ қаламгер ретінде көркем туындыларында ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдаланған жазушылық шеберлігінен анық көруге болады. М.Әуезовтің фольклортану саласындағы ғылыми еңбектері мен көркем шығармаларындағы фольклоризм мәселелерін арнайы зерттеген ғалым Ә.Молдахановтың пікірінде былай делінген: «Ғылыми жұмыстарында ғалым М.Әуезов қырық жылдан астам уақыт фольклорды жинап бастыру, ғылыми басылымдарын жүзеге асыру, оның түбегейлі мәселелерін үзбей зерттеумен шұғылданып келсе, көркем шығармаларында фольклорлық тақырып, сюжет, бейнелеу, суреттеу әдіс-тәсілдерді жаңғыртып, жаңа мазмұн-мағына беріп қолданды. Сөйтіп, фольклорды да, көркем әдебиетті де жаңа сапалы биік дәрежеге көтерді» [3, 3 б.]. Жазушы өз шығармашылығына рухани азық еткен халық ауыз әдебиетін кейіннен екі салада дамытты. Біріншіден, фольклор үлгілерін жинап, бастырып, зерттеп, ғылыми еңбектер жазды, екіншіден көркем туындыларында ауыз әдебиеті үлгілерін суреткерлік шеберлікпен пайдаланды.

Мұхтар Әуезов шығармашылығының ең негізгі өзек еткен арнасы, рухани ұстазы Абай тағылымында жатыр. Алып мұхиттан сусындаған Мұхтарға Абай тақырыбы оның өмірінің мағынасы мен мәніне айналды. Бес жасынан атасы Әуездің Абай өлеңдерін жаттатып, санасына мәңгілікке сіңіргені ақынға деген құрметінің алғашқы бастамасы еді. Жастайынан Абай мұрасына қанығып, ақын шығармаларының құдіретін сезініп өсті. Бұл жайды М.Әуезов былай деп еске алады: «Атамыз бізді өзінше оқытатын. Бұл оның өзіне оңайырақ соққан болар. Ал шәкірт байғұстың көз жасы тимей-тимей кетуші еді. Аздап қара таныған соң өлеңдерінің бірінен соң бірін жаттадым. Өлеңдер бір түрлі түсініксіз. Ара-арасында: Пушкин, Лермонтов, Крылов, Татьяна мен Онегин тәрізді бұрын құлақ естімеген, оқшау, өзгеше есімдер ұштасып қалады» [4, 4 б.].

Бала кезінен Абай шығармаларын санасына сіңіріп өскен Мұхтар ақын жайлы жазуды он тоғыз жасында-ақ армандаған болатын. Әйтсе де М.Әуезов Қазан төңкерісінен кейінгі жылдардан бастап-ақ Абай мұрасының жиналуы мен зерттелуі туралы мәселеге қызу араласа бастаған еді. Әрі М.Әуезовтің Абай өмір сүрген ортада туып, жастайынан ақын шығармаларымен таныс болып өсуінің де белгілі дәрежеде мәні бар. Өйткені, ол сол дәуірдің ірілі-ұсақты оқиғаларын, ұлы ақын туралы ел арасындағы сан қилы әңгімелерді ой дүниесіне тоқи жүргендіктен, Абай өмірінде кездескен көп оқиғалардың сырын Абай мұрасын зерттеушілердің көбінен әлдеқайда жетік білді. Бұл жағдай Абай мұрасын жинап зерттеудегі М.Әуезовтің орасан зор еңбегінің жемісті болып аяқталуына айтарлықтай септігін тигізді.

«Абайдың әдеби мұрасын жұртшылыққа танытумен ол мұраны зерттеу ісінде 30-жылдары айрықша көзге түскен жазушы, ғалым, Мұхтар Әуезовтың зерттеулері абайтану тарихында ерекше орында» [5, 84 б.]. М.Әуезов қаламынан туған Абайдың ғылыми өмірбаяны – абайтану саласындағы бірегей еңбек. «Абай жолын» жазу үстінде М.Әуезов әрі ғалым, әрі жазушы ретінде екі салада қатар ізденді. Расында да, Мұхтар Әуезовтің жазушылық және ғалымдық шеберлігінде бір ғана көркемдік идея, бір ғана ғылыми бағдар – ұлы ақын Абай тағдыры басты темірқазыққа айналды да, бүкіл саналы өмірінің өзекті тақырыбы да Абай болды, шығармашылық ғұмырының бастауында да Абай тұрды, ғылыми қызметінде де ұлы ақын тұлғасы басты зерттеу нысанасына айналды.

М.Әуезовтің қоғамдық-саяси көзқарасының қалыптасуы мен алғашқы әдеби-мәдени шығармашылығының оянуына, сондай-ақ жазушылық, ғылыми-зерттеушілік, публицистік қабілетінің шыңдалуына себепкер болған – ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті еді.

М.Әуезовтің жазушылық, публицистік шығармашылыққа қадам басқан уақыты жиырмасыншы жылдары жер жаһанда үлкен төңкеріс болып жатқан аласапыран заманмен тұспа-тұс келеді. Елдегі болып жатқан саяси жағдайлар, күрделі кезеңнің аласапыранды күндері жазушының қаламгерлік құдіретінің бастау алған тұсында саяси өсуіне ықпал еткені мәлім. Патша өкіметінің құлап, еліміздегі жаңа қоғам құру барысындағы идеологиялық күрес, қолдан жасалған тап тартысы, мәдениет пен өнер, әдебиет тағы басқа салалардағы дау-айтыстар, сыңаржақ түсініктер жазушының қоғамдық, азаматтық көзқарасының қалыптасуына себепші болды.

Осы кезең әдебиеті жайлы профессор Б.Б.Мамраев былай дейді: «Действительность, наступившая после двух революций 1917 года, не отвечала гуманистическим представлениям. И потому закономерно складывается особое отношение к существующему как чему-то временному, не имеющему будущего и являющемуся лишь переходом к лучшему будущему, под которым А.Букейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жумабаев, М.Ауэзов и другие имели в виду национальную независимость» [6, с. 30].

Осындай аумалы-төкпелі кезеңде халық зиялыларының белсенділігі нәтижесінде 1917 жылы тамыз айында ұлттық тұңғыш "Алаш" партиясы құрылады. Алаш жалауы астына ортақ мүдделі азаматтар топтасқан тұста, халықтың ояну шағында, М.Әуезовтің шығармашылық жолы басталды. Алаш атын ардақтаған ел ұлдарымен ой түйістіріп, пікір алмастырып, бірге қадам басқан М.Әуезовтің шығармалары халқымыздың азаттығын, ұлттығын, елдігін көкседі. Осы уақыттан бастап, ұлтының саяси және рухани тәуелсіздігі оның өмірлік аңсары болды.

М.Әуезовтің саяси-әлеуметтік көзқарасының қалыптасуына Алаш қозғалысының ықпалы зор болды. М.Әуезов Алашорда қозғалысының көшбасшылары болып саналған қазақ зиялыларымен тығыз байланыста жұмыс істеді. Олар халқының ұлттық мүддесін, тәуелсіздігін көздеген, рухани көсемі – «Қазақ» газетінің айналасына шоғырланды.

М.Әуезов шығармашылығының үлкен қайнары – Шығыс әдебиеті. Мұхтар Әуезовті алғаш Шығыс әдебиеті әлемімен таныстырған Абай ілімі, Абай танымы еді. Абай әлемін барша қазақ халқына, бүкіл әлемге танытқан жазушы, ғалым Мұхтар Әуезов ұлы ақынның өмірі мен шығармаларын зерттеу барысында өзі Шығыс әдебиетімен жақын танысқан еді. Жазушы өз заманының әлемге әйгілі туындыларымен қатар, орта ғасырларда барша адамзат баласының асыл мұрасына айналған Шығыс мұсылман әдебиетін де жетік меңгерді. Ежелден әңгіме-жырдың, ән мен өнердің ортасы болған Абай ауылында үзбей айтылатын «Шахнама», «Мың бір түн», «Ләйлі-Мәжнүн» сияқты асыл туындыларды бала кезінен естіп өсті. Шығыс әдебиетінен хабардар атасы Әуездің әңгімелері арқылы, данышпан Абай шығармалары арқылы, кейін студенттік жылдары Бартольд, Самойлович, Жирмунскийлерден тыңдаған дәрістері арқылы шығыс әдебиетінің бар құнарын бойына сіңіріп, бал шырынымен қанықты. Абай мұрасының қазына көздеріне үңіле отырып, оны зерттей жүріп, ақын нәр алған қайнарлардан Әуезов те еркін сусындады.

М.Әуезовтің Шығыспен байланысын зерттеген белгілі шығыстанушы ғалым Ө.Күмісбаев былай дейді: «Әлемдік әдебиет алыптарының Шығысқа соқпай кеткені кемде-кем шығар. Гете Шығыстың әйгілі жеті ақынын оқығаннан кейін өзінің «Батыс–Шығыс диванын» дүниеге әкелді. Петрарканың сонеттері Хафиздің ғазалдарымен үндесті. Байрон поэмаларында шығыстық мотивтер бар. Россияда Жуковский Фирдоусидың «Шахнамасына» еліктеген неміс ақыны Рюккерттен алып «Рүстем мен Зухраб» поэмасын жазды. Фет Хафиздің «Жоғалған Жүсіп» атты ғазалын орыс тіліне аударды. Лермонтовтың атақты Шығыс сюжетіне жазылған «Үш пальмасын» білеміз. Қазақ топырағында біздің дәуірімізде Шығысты жетік білгендердің бірі Мұхтар еді» [7, 98 б.]. Ө.Күмісбаевтың М.Әуезовке берген жоғары бағасы ғалымның шығыс әдебиетінің аса білгірі екенін көрсетеді. Расында да қай халықтың ақын-жазушысы болсын, Шығысқа қол созбай, Шығысқа соқпай кеткені кемде-кем. Қазақ халқының ұлы ғұламалары Абай да, Әуезов те Шығыс әдебиетінен нәр алып, шығармаларына рухани азық етті. Шығыс сюжеттерін пайдаланып, көркем туындылар да жазды.

М.Әуезовтің қол артқан келесі бір үлкен арнасы –Түркі халықтары әдебиеті. Түркі халықтары әдебиетінен алған ізгі нәрі мен тигізген игі әсерлері оның шығармашылығында айрықша көз тартып, көңіл аудартады. 1922 жылы Ташкент табалдырығын аттап басқан күннен-ақ, түркі халықтары әдебиетіне айрықша мән беріп, Абай нәр алған бұлақтардың кәусарынан сусындап, әдебиет әлеміне еркін кіре бастайды да, оны өмірінің соңғы сағаттарына дейін үздіксіз зерттеп, жазумен айналысқан.

М.Әуезов түркі халықтары қаламгерлерінің шығармаларын түпнұсқадан оқыған. Бұл ретте М.Мырзахметұлының: «Ғылыми жетекшісі М.Ф.Гавриловтың арнайы тапсыруымен және нақтылы басқаруымен Қожа Ахмет Яссауидің «Дивани хикметін», Ә.Науаидың шығармаларын, Әбілғазы Баһадурдың «Түрікмен шежіресі» атты еңбегі мен Шаһнаманы» және осман түріктері мен түркмен эпостарын оқып танысты», - деген пікірін толық қостауға болады [8, 17 б.]. Расында да, Мұхтар Әуезов

Ташкентте аспирантурада оқыш жүрген кездерінде Әлішер Науаи шығармаларын, сондай-ақ Қожа Ахмет Иассауидің «Диуани хикметін», Әбілғазы Баһадүрдың «Түрікмен шежіресін», Фирдоусидің «Шахнамасы» мен түрікмен, Осман түрк эпостарын мұқият оқып, әрі оларды зерттеп, үйрене түседі.

1922-1923 жылы Ташкенттегі Орта Азия Мемлекеттік университетінің (қазіргі ТашГУ) Шығыстану факультетінің еркін тыңдаушысы ретінде оқи бастаған алғашқы күндерінен-ақ, түркі халықтарының өмірімен, әдебиетімен, мәдениетімен, салт дәстүрімен жете таныса бастайды. Шығыс классиктерінің шығармаларына ден қойып, оларды тереңнен танып зерттейді. «М.Әуезовтің Ташкент қаласы мен ташкенттік әдеби ортада өткен шығармашылық өмір жолында жарияланған 20 әңгіме, повестері бар», - деп анықтайды Б.Т.Иманбердиев [9, 111 б.].

Түркі халықтары әдебиеті – М.Әуезов шығармашылығының мол қазына артқан қайнар бұлағы. Өзінің ғылыми-шығармашылық жолында М.Әуезов түркі әдебиетін өзіне рухани азық етті, өмір бойы асылындай құрметтеп, зерттеп-зерделеді, ол мұраны байытып толықтырды, көкжиегін кеңейтті. Түркі халықтары әдебиетінде Әуезовтің көркем бай дәстүрі қалыптасты. Әуезовтің жазушылық шеберлігінен үлгі алып, түркі халықтары қаламгерлері зор шығармашылықпен жалғастырды.

М.Әуезов шығармашылығының үлкен айдыны – орыс және Батыс әдебиеті. «Мұхтар Әуезов жастайынан-ақ қазақ халық ауыз әдебиеті үлгілерін, туған әдебиетінің таңдаулы туындыларын үзбей оқи жүріп, орыс және Батыс Еуропа әдебиетіне үлкен ықыласпен назар аударды. М.Әуезов – КСРО халықтары әдебиетінің майталман білгірі ретінде Мәскеу университетінде профессорлық қызмет атқарған жазушы. Орыс, украина, белорус халықтары әдебиетін бір жинақтап қарап, Балтық бойы халықтары әдебиетін тағы бір бөлек алып байымдайды. Кавказ халықтары әдебиетіне де арнайы тоқталады», - деп профессор Ж.Дәдебаев М.Әуезовтің бүкіл дүниежүзі әдебиетіне қатысын көрсетеді [10, 60 б.].

Мұхтар Әуезов алғашқы туындысынан бастап, соңғы шығармасына дейін жазушылық шеберлігін үздіксіз арттырумен болған. Қырық жылдан астам шығармашылық жолында жазушы үшін, әсіресе, классикалық орыс әдебиетінің маңызы ерекше жоғары болған. Абай өзіне үлгі тұтып, қазақ сахарасына қастерлеп жайған Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты орыстың ұлы ақын-жазушыларын М.Әуезов те өзіне пір тұтып, өмір бойы оларды зерттеп, қазақ халқына уағыздап өтті. М.Әуезов А.С.Пушкиннің туғанына жүз жыл толу мерейтойына арнап «Татьянаның сахарадағы әні» атты әңгімесін жазып, жариялайды. Бұл әңгіме кейін «Абай жолы» эпопеясына жеке тарау болып енеді. Демек, бұл мәселені Әуезов отызыншы жылдардан бастап зерттей бастаған. Жазушы Пушкиннің «Евгений Онегин» романының басты кейіпкері Татьяна образын «Абай жолы» роман-эпопеясында Абай образының жан сырын ашу үшін тамаша пайдаланған.

Абай мұрасының рухани нәр алған қазына көздері жайлы зерттеуінде М.Әуезов әсіресе соңғы үшінші арнасы орыс және Батыс әдебиетіне көп ерекше назар аударады. Абайдың қайнар бұлақтарын зерттеу барысында, М.Әуезов ақынның көп оқып, жақсы таныс болған орыс әдебиетінің өкілдері А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, И.А. Крылов, В.Г. Белинский, Н.Г. Чернышевский, Л.Н. Толстой, Н.А. Некрасов, И.С. Тургенев, Е.Салтыков-Щедрин шығармаларымен және орыс тіліне аударылған Батыс ақындары Гете, Шекспир, Шиллер, Гейне, Байрон, Беранже, Бальзак, Дюманың еңбектерін, атакты философтар Спенсер, Спиноза, Декарт, Дарвин ілімдерін оқыған. Мұхтар Әуезов бала жасынан батыс әдебиетінің көрнекті өкілдері Монтеньнің, Жан-Жак Руссоның, Дрепердің, Бальзактың, Гетенің, Дюманың, Гюгоның, Лессаждың, Дарвиннің, көне грек даналары Аристотель мен Сократтың парасат пайымдарымен танысып өсті. Бұл болашақ жазушының көзқарасы мен дүниетанымына ықпал етіп, даналық көркем ойының мәйегіне айналды.

Әлем әдебиетінің алыптары арасындағы әдеби байланыс, шығармашылық сабақтастық ертеден әдебиет болған кезден бері пайда болып, қалыптасып, дамып келе жатқан үрдіс. Өнер иелерінің, суреткерлердің бір-біріне ықпалы, әсері, көркемдік жаңалықтарды игеруі – дүние жүзіндегі барлық әдебиетке тән заңдылық. Бір халық ашқан көркемдік жаңалық екінші бір халыққа игі ықпалын тигізеді. Абай мен Әуезовтің нәр алған қазына көздері мен әлем әдебиетіне қосқан зор байлықтарына үніліп отырғанда байқағанымыз, алыптар әлемінің рухани іштей сабақтасып, шығармашылықпен тұтасып жатқанына көзіміз жетті.

*Пайдаланған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Дәстүр мен жаңашылдық. Жауапты ред. М.Қаратаев. – Алматы: Ғылым, 1980. – 367 б.
- 2 Жұртбай Т. Бесігіңді түзе: Роман-эссе. – Алматы: Жазушы, 1997. – 560 б.
- 3 Молдаханов Ә. Мұхтар Әуезов және фольклортану проблемалары: филол. ғыл. докт... автореф.: – Алматы, 1998. – 53 б.
- 4 Әуезов М. Менің өмірбаяным / Кітапта: Мұхтар Әуезов. Ұсынылатын әдебиеттер көрсеткіші. – Алматы: Қазақстан, 1968. – 104 б.

5 Ибраева А.Д. Абай өлеңдерінің жариялану тарихы // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология» сериясы, №2 (44), 2013. – Б. 83-85.

6 Мамраев Б.Б. Основные тенденции развития казахской литературы первой четверти XX века: автореф. доктора филол. наук: 10.01.02. – Алматы, 1998. – 52 с.

7 Күмісбаев Ө. Шығыс шайырларымен өз тілінде сырласқан // Абай. - 1997. № 2-3. – Б. 98-102.

8 Мырзахметұлы М. Әуезов және Абай. – Алматы: Қазақстан, 1996. – 272 б.

9 Иманбердиев Б.Т. М.Әуезовтің Ташкенттік кезеңінің соңғы жылдары // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология» сериясы, №1(47), 2014. – Б. 109-112.

10 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. - Алматы: Қазақ университеті, 2003. - 284 б.

*Резюме*

**ИСТОКИ ТВОРЧЕСТВА МУХТАРА АУЭЗОВА**

*Картаева А.М.*

*д.ф.н., профессор ВКГУ имени С.Аманжолова*

В статье рассматривается проблема источников, впитавших творчество выдающейся личности, писателя-классика, внесшего неоценимый вклад в казахскую литературу и культуру XX века Мухтара Омархановича Ауэзова. В исследовании труды об истоках творчества М.Ауэзова и источники, питавшие творчество писателя, представлены в шести разделах. Автор определяет данные разделы назвав их «Истоки духовного богатства родного народа», «Уроки Абая», «казахская литература эпохи Просвещения», «сокровища Восточной литературы», «Литература тюркских народов», «Образцы русской литературы и западной культуры», анализирует и рассматривает их по отдельности. Обосновывает их во взаимосвязи с духовными источниками, которые питают своими соками корни творчества Абая. Подытоживая вышесказанное, автор делает вывод о том, что М.Ауэзов использует данные истоки в своем творчестве, создает мировые классические произведения, прокладывая своеобразный путь в литературе и формируя лучшие образцы для последующей литературы.

**Ключевые слова:** писатель классик, творческий, источники, истоки духовного богатства родного народа, уроки Абая, казахская литература эпохи Просвещения, сокровища Восточной литературы, Литература тюркских народов, образцы русской литературы и западной культуры.

*Summary*

**SOURCES OF WORK MUKHTAR AUEZOV**

*Kartayeva A.M.*

*East-Kazakhstan State University named S.Amanzholov, the Doctor of Philology*

In this article the problem of sources which absorbed creativity of the prominent figure, who in fact, made an invaluable contribution in Kazakh literature and culture of XX century, Mukhtar Omarkhanuli Auezov. In the study about beginnings of works and sources which inspired M.Auezov presented in six sections. Author determines these sections naming them as “Origins of spiritual wealth of motherland”, “Abay’s lessons”, “Kazakh literature of the age of Enlightenment”, “treasures of Eastern literature”, “Literature of Turkish nations”, “Samples of Russian literature and western culture”, analyzes and considers them individually. Author grounds them in relation with spiritual sources which inspired Abay’s works. Summarizing, author makes a conclusion that M.Auezov uses these sources in his own creations, creates worldwide classical compositions, bringing in his own way in literature and shaping best examples for the following literature.

**Keywords:** classic writer, creative, sources, Origins of spiritual wealth of motherland, Abay’s lessons, Kazakh literature of the age of Enlightenment, treasures of Eastern literature, Literature of Turkish nations, Samples of Russian literature and western culture

Б.Д. Керімбекова<sup>1</sup>  
А.В. Таңжарықова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>филология ғылымдарының кандидаты, Сулейман Демирель университетінің ассистент-профессоры  
(Алматы қ., Қазақстан),

<sup>2</sup>ф.ғ.д. Абай атындағы ҚазҰПУ(Алматы қ., Қазақстан)

## ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИ ХИКМЕТТЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ МІНӘЖАТ ЖЫРЛАРДЫҢ КӨРІНІСІ

Түйіндеме

Мақалада түркі халықтарына ортақ ойшыл, ғұлама ақын Қожа Ахмет Йасауи хикметтері мен бүгінгі қазақ поэзиясы арасындағы байланыс, дәстүр жалғастығы мәселелері қарастырылады. Түркі әдебиетінде Йасауи хикметтері арқылы қалыптасқан мінәжат жанрының қазіргі қазақ әдебиетіндегі мінәжат жырлардың дамуына ықпал еткені анық.

«Мінәжат» сөзінің «тілек» сөзімен түбірлес екенін ескерсек, жыраулар поэзиясындағы мінәжаттың үлгісін қазақтың Бұқар жырауының «Тілек» атты толғауынан көруге болады. Сондай-ақ, мінәжат жырлар қазақтың бас ақыны Абай Құнанбайұлы поэзиясынан жалғасын тапты. Абайдың Әбдірахманға арнаған өлеңдері мен жоқтаулары – мінәжат жырларының топтамасы іспетті. Аталған мақалада мінәжаттың жанр ретіндегі ерекшелігі сөз болып, нақты мысалдар арқылы айтылған ойлар дәлелденіп отырады.

Аталған мақалада автор Йасауи хикметтеріндегі мінәжат кейбір үлгілерінің XX ғасыр басындағы қазақ поэзиясында кездесетіндігін айтады. Сопылық поэзияға тән деп танылған аталған жанрдың бүгінгі қазақ поэзиясына да жат еместігі нақты мысалдар арқылы дәлелденіп, талданады.

**Түйін сөздер:** сопылық поэзия, мінәжат жанры, Йасауи хикметтері, қазіргі қазақ поэзиясы

Түркі халықтары әдебиетіне Орхон-Енисей жазбалары, Ж.Баласағұн дастаны, «Қорқыт ата кітабы» секілді шығармаларда Тәңіріні ұлықтау, Аллаға мадақ айту, жалбарыну, тілек тілеу сынды эпизодтар біршама көрініс тапқан. Ғалымдар қазақ поэзиясындағы мінәжаттың дербес жанр ретінде алғаш көрініс беруін *Қожа Ахмет Йасауи* шығармашылығынан бастау алады дейді. Қандай қоғамдық кезеңде өмір сүре де, адам баласының өзін жаратушы Күдіретке, тылсым күш иелеріне жалынып-жалбарынуы, жәрдем тілеуі – заңдылық. Бұл – мінәжат деп аталады. «Мінәжат» сөзі арабша – монаджат: 1. Түнгі жалбарыну дұғасы. 2. Діни әнұран. 3. Оңашадағы ашық әңгімелесу. Аллаға өз тағдырына шағымдана, өтінішпен, тілекпен жалбарыну» мағыналарын бреді [1, 200]. Ислам дінінің енуімен бірге қазақ әдебиетіндегі сыйыну мәнді жырлар «Аллаға мінәжат» ұғымының аясына топтасты. Мінәжат өлеңдер – ақындардың лирикалық толғаныстарының өрнектерімен ислам дінінің негіздерін мойындау көзқарастарының көрінісі.

*Мінәжат* – қазақтың арнау, насихат өлең, дидактикалық-философиялық толғау жанрларының қасиеттерімен де үндесетін жанрдың түрі. Мінәжаттың тақырыптық арқауы Аллаға, пайғамбарларға мадақ айту, тілек тілеу, фәни дүниедегі адамдардың жағымсыз істері үшін кешірім сұрау, жалбарыну болып табылады. Жаратушыға қаратып мінәжат айту – ақынның жан сырын бүкпесіз ақтарып, арыла сөйлеуіне мүмкіндік берген. Жазба әдебиеттегі мінәжаттың шығу төркіні исламдық араб поэзиясынан бастау алып, түркі жазба әдебиетіне парсы поэзиясы арқылы сатылай енген. Әлем әдебиетінің ежелгі нұсқаларында жиі кездесетін гимндер де мадақ пен мінәжаттың біріккен түрі әрі алғашқы бастау-көрінісі болып табылады.

Йасауи хикметтердегі мінәжат жанрын зерттеушілердің бірі, татар ғалымы А.Шарипов: «Ахмет Йасауиді түркі тіліндегі жазба мінәжаттың негізін қалаушылардың бірі деуге болады» [2, 6], – деп жазса, қазақ ғалымы И.Жеменей де өз еңбегінде: «Түркі әдебиетіне мінәжат Қожа Ахмет Йасауимен келді» [3, 177], – деп тұжырымдайды.

Бес жасымда шарифатқа белім бұрдым,

Дін жолында ораза тұтып, әдет қылдым.

Күнді-түні зікір айтып, рахат қылдым,

Сол себептен алпыс үште кірдім жерге. (Шағатай тілінен аударған М. Ибатов) [4, 11], – деген Қожа Ахмет Йасауи – рухани даналықты бойына сіңірген ұлы ақын, философ, сопылық әдебиеттің негізін салушылардың бірі.

Аңыздардың бірінде Мұхаммед пайғамбардың аманат-құрмасын (ілімнің символы) жеткізуші Арыстан бабтың бала Ахметпен кездескен сәті туралы былай делінеді: «Балам, атың – Ахмет екен, ішің тола хикмет екен, аш аузыңды!» дегенде, жеті жасар бала жалт қарап, аузын ашқанда, құрма ұшып барып

баланың аузына кірді. Бала ұршықтай ширатылып, хикмет айта бастайды» [5, 125]. «Диуани хикметте» осы оқиға Йасауидің өз атынан баяндалады:

Жеті жаста Арыстан бабам іздеп тапты,  
Әр сырымды көрген сайын бүркеп жапты.  
«Билхамдиллаһ көрдім» деп ізімді өпті,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге.  
...Сегізімде сегіз жаннан жол ашылды,  
«Хикмет айт!» деп басыма нұр шашылды.  
Бихамдиллаһ Пірмұған шарап ішірді,  
Сол себептен алпыс үште кірдім жерге [6, 11].

Ахмет Йасауидің рухани ұстаз ретінде кең танымал болуына түркі тілінде жазылған «Диуани хикмет» өлеңдер жинақтары зор ықпал етті. Хикмет – Алладан берілген ілім, адамның өзін тану арқылы Алланы тану ілімі. Ол – сопылық танымның негізін құрайтын ілім. Шарифат шарттарын толық түсініп, берік ұстанып, өмірінің өзегіне айналдырған адам ғана хикмет ілімін ұстын еткен тариқатқа қадам баса алады. Йасауи өзі таратқан рухани ілімді «Хал ілімі» деп атады. «Қал» арабтың «қала» - «айту» деген сөзінен келіп шығады. Сопылықта «қал» – айтуға болатын, тілмен жеткізу мүмкін ілім, яғни адам үйрете алатын ілім болса, «хал» – тілмен жеткізуге келмейтін, Жаратушының өзі ұстаздық қылатын ілім. «Қал» ілімінің мақсаты «халге» жеткізу болса, «халдің» мақсаты – Құдайға жеткізу. Алланы бір сәтке де жадынан шығармау (зікір), нәпсіні ауыздықтап, «өлмес бұрын өлу», дүнияуи ластықтардан қарайған жүректі зікір арқылы тазарту, рухты ұдайы жетілдіру, өз болмысын тану арқылы ақиқатқа-Аллаға ұласу – сопылық жолының өткелдері, хикмет ілімінің мәні болып табылады.

«Түркі сопылық поэзиясының бастауында тұрған Йасауи «Диуанының» өн бойы мінәжат мәнді хикметтерге толы. Йасауи хикметтерінің негізгі өзегі – мінәжат жырлары десек, қателеспейміз. Йасауи мінәжаттары негізінен Аллаға жалбарыну, одан тілек тілеу, баз бір тұстарда Алламен сырласу сарынында жазылған. Мұндай мінәжат үлгілері дәстүрлі буындық өлшемдермен жазылып, түркілік табиғи сипатқа ие болған», – дейді Йасауитанушы ғалымдардың бірі А. Әбдірасылқызы [7,6]. Қожа Ахмет Йасауи «Диуани хикметте» «Аллаға жақындай түсу үшін» әрбір адам өзінің өмір жолында төрт басқыштан өтуі керектігін айтады. Біріншісі – шарифат. «Шарифат» – ислам діні қағидалары мен шарттарын тақуалықпен мүлтіксіз орындауды әрі құдайға құлшылық жасауды талап етеді. Екіншісі, «тариқат» – дін ғұламаларына шәкірт болып, жалған дүниенің түрлі ләззаттарынан бас тарту, Аллаға деген сүйіспеншілікті арттыра түсу болып табылады. Үшіншісі, «мағрифат» негізінен дін жолын танып-білу сатысы деуге болады. Бұл басқыштың негізгі талабы – күллі дүниедегі болмыс-тіршіліктің негізі «бір Алла» екенін түсіну. Төртіншісі, «хақиқат» («фано») – Аллаға жақындап, оны танып-білудің ең жоғары басқышы. Сопылық түсінік бойынша, «шарифатсыз» «тариқат», «тариқатсыз» «мағрифат», «мағрифатсыз» «хақиқат» болуы мүмкін емес. Бұлардың бірі екіншісіне өту үшін қажетті басқыш болып табылады. Қожа Ахмет Йасауи Аллаға (яғни Хаққа) жету жолында міндетті түрде төрт асудан мүдірмей өтуі керек деген пікір айтады. Ақын мұны өз өлеңінде былай деп өрнектейді:

... Ути ғұмырым шарғатқа неталмадым,  
Шарифатсыз тарихатқа уталмадым,  
Хақиқатсыз мағрифатқа баталмадым,  
Катиг иуллар пырсыз ничук утар достлар.

Йасауи хикметтері арқылы қалыптасқан мінәжат жанры қазақ әдебиетіндегі мінәжат жырлардың дамуына ықпал етті. «Мінәжат» сөзінің «тілек» сөзімен түбірлес екенін ескерсек, жыраулар поэзиясындағы мінәжаттың үлгісін қазақтың Бұқар жырауының «Тілек» атты толғауын келтіруге болады:

Бірінші тілек тілеңіз,  
Бір Аллаға жазбасқа.  
Екінші тілек тілеңіз,  
Ер шұғыл пасық залымның  
Тіліне еріп азбасқа.  
Үшінші тілек тілеңіз,  
Үшкілсіз көйлек кимеске,  
Төртінші тілек тілеңіз,  
Төрде төсек тартып жатпасқа.  
Бесінші тілек тілеңіз,  
Бес уақытта бес намаз,  
Біреуі қаза болмасқа... [8, 128],

– деп Алла атымен басталып, дәстүрлі мінәжаттарға тән бірқатар сарындарды қамтитын бұл толғау да ары қарай қазақы құндылықтарды тарата өрбітіп, олардың сыны бұзылмай сақталуын Тәңірден тілеуді насихат етеді.

Ұзақ уақыттар бойы жабық, тиым салынған тақырыптардың бірі болып табылатын мінәжат жанры туралы ең алғашқы ғылыми тұжырымды ғалым А.Байтұрсынұлы еңбегінен табамыз. Өзінің «Әдебиет танытқыш атты еңбегінде ғалым: «Діни дәуір мұңды-зарлы өлеңдеріне «мінәжат» деп ат қойған. Әуелде «мінәжат» деп ғұламалардың Құдайға айтқан зары, арызы, наласы айтылған. Бара-бара зарлық, мұңлық мағынасына айналып, зарлық өлең сияқты сөздер де «мінәжат» деп аталатын болған», – дейді [9, 150]. Әдебиеттанушы И. Жемей парсы әдебиетінде «мінәжат» сөзінің: 1. Біреумен сырласу, сыбырласу. 2. Алламен сырласу. 3. Біреудің ішкі ойын ұғыну. 4. Сырласу. 5. Алладан тілеу [3, 57] сынды бес түрлі мағынасы бар екендігін көрсетеді.

Йасауи хикметтерінен бастау алған мінәжат жырлар «Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз еш уақытта жалған болмас», – деген қазақтың бас ақыны *Абай Құнанбайұлы* поэзиясынан жалғасын тапты. Абайдың Әбдірахманға арнаған өлеңдері мен жоқтаулары – мінәжат жырларының топтамасы іспетті. Абайдың мінәжат жырлары өзінің жеке мұңына, әкелік зарына құрылып, Алладан тілері де сол сарынға ауысқан:

Я, Алла, бере гөр,  
Тілеген тілекті.  
Қорқытпай орнықтыр,  
Шошыған жүректі.

Шын жүрек елжіреп,  
Алладан тілеймін.  
Шын қалқам осы күн  
Болып тұр керекті.

Жүрегім суылдап,  
Сүйегім шымырлап,  
Алладан тілеймін  
Құпия сыбырлап.  
Зар етсе бендесі,  
Бермей ме Алласы  
Тән саулық қалқама,  
Қабыл боп көз жасы? [10,96].

Абай жаратушының хикметін, жаратылыстың ғибратын ақылмен таныған, сезіммен түйсінген кемеңгер ақын күйзеле, күңірене отырып, бойұсына, бағына зар төгеді. «Мінәжат – бұл адамның өзі-өзімен сөйлесуіне құрылған, бірақ құдайға бағышталған монолог», – деген Х.Ю.Миннегуловтың анықтамасы Абайдың мінәжат мәнді өлеңдерінің табиғатын тереңрек ашады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттегі айрықша ақын – *Мағжан Жұмабаевтың* Жаратушыға қарата жазылған мінәжат жырлары өзіндік бітім-болмысымен ерекшеленеді.

Ойпырым-ай, Алла-ай, жасаған,  
Қысылды ғой шыбын жан!  
Қуат кеміп барады,  
Көп болды мынау аққан қан.

Тәңірі, өзіңе жылайын,  
Хәл жоқ, қалай тұрайын?  
Жүректі жара жеп барад,  
Жасаған-ау, қалай шыдайын?!

...Түсті қысым жаныма,  
Тұншықтым ғой қаныма!  
Ием болсаң, жаратқан,

Салсайшы құлақ зарыма! [11, 79], – деген ақынның «Жаралы жан» жырында лирикалық кейіпкер атынан айтылған сөздер шынайы мінәжат табиғатын танытады. Бұл – тек қана Мағжанның мінәжаты емес, бұл – қазақ, Тәңірге зар еткен қазақтың мінәжаты.



XX ғасырдың 90-жылдары мен XXI ғасырдың басындағы қазақ поэзиясы да ұлттық сөз өнеріндегі діни-исламдық дүниетанымды дамыта кеңейте жырлауымен ерекшеленді. «Төл әдебиетімізде мінәжат жанрының дамуы – әдебиет тарихының өн бойына созылып жатқан құбылыс. Қандай қиын кезеңдерде болмасын мінәжат мәнді өлеңдер өміршең қалпын сақтап, тұтастай буын өкілдерін өнегесіне ұйыта білді. Қаза әдебиетінің алтын қорын байытқан рухани қазынамыздың бірі – мінәжат жырлары ескермейтін, жоғалмайтын, әдебиет барда бірге жасайтын мәңгілік тақырыптардың бірі», – дейді Д.Ахметұлы [12,2]. Расымен, Кеңестік кезеңде қанша бүркемелеуге тырысқанмен, тәуелсіздікпен бірге аталған жанр қайта жаңғырды.

Қазіргі қазақ поэзиясындағы көрнекті ақындар: Серік Қалиевтің, Дәулетбек Байтұрсынұлының, Керім Елеместің, Айнұр Әбдірасылқызының мұсылмандық мінәжат-арнау өлеңдерінде Жаратушы Алланың құдіреті жырланған. Тәуелсіз қазақ елінің жаңа буын жастары жырлаған *мінәжат жырлары* мүлгіген жұрттың санасын сілкіп оятқандай отты, арынды сипат алды. Мінәжат жырлар бүгінгі ақындар шығармашылығында да катарсистік /тазарушылық/ - медитациялық сипатқа ие.

... Иә, Алла!

Жан беремін ақиқат шындық үшін,  
Тіл бере гөр алмастай жаркылдаған.  
Туылғам жоқ өмірге құлдық үшін,  
Жүрек бергін күресте тартынбаған.

Иә, Алла!

Жүрегіме жылу бер жалындаған,  
Қазағымды арылтам қайғы-мұңнан.  
Ала көрме шабытты арындаған,

Қалдырсаң да бар бақыт байлығыңнан, – дейді бүгінгі мінәжат иесі Д.Қыдырәлі . «Мінәжатты адам ожданының оянуы, жан тебіренісі, сананың сілкінісі, өзінің нәпсісіне тоқтау салу баспалдағы деп бағалауға болады» деген зерттеуші И.Жеменей пікірі Д.Қыдырәлі мінәжатының ішкі тегеурінін тап басып танудан туғаны айқын.

«Қазақ елінің жаңа буын жастары жырлаған мінәжат жырлары мүлгіген жұрттың санасын сілкіп оятқандай екпінді, отты, арынды сипат алды.

Келеді сындар қанша алда,  
Келтірдім иман мен де енді.  
Адами жолға салшы, Алла,  
Адасқан біздей пендені.  
Мұсылман болып туылғам,  
Мұсылман болып өтермін.  
Рахмани нұрға жуынған

Рухымды міне, көтердім [13, 41], - деген жолдар жас ақын Бақытжан Алдиярдың замана шамырқанысын өткір сезінген, жылдар бойы бұйығып келген сезімдерді буырқана төгіп, айтылмай келген армандарды алғаусыз ақтарған арылу әні болды» [14, 90].

Қандай қилы кезеңдерде болмасын мінәжат мәнді өлеңдер өміршең қалпын сақтап, тұтастай буын өкілдерін өнегесіне ұйыта білді. Қазақ әдебиетінің алтын қорын байытқан рухани қазынамыздың бірі – мінәжат жырлары ескірмейтін, жоғалмайтын, әдебиет барда бірге жасайтын мәңгілік тақырыптардың бірі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Рустемов Л.3. *Араб-иран кірме сөздерінің қазақша-орысша түсіндірме сөздігі* – Алматы: Мектеп, 1989 - 320 б.
- 2 Шарипов А.М. *Зарождение системы стихотворных жанров.* – Казань: Издательство Казанского университета, 2001. 307с.
- 3 Жеменей И. *Мінәжат – «Тарихи Рашиди» еңбегінде // Ақиқат, № 4, 165-177б.*
- 4 Қожса Ахмет Иассауи. *Хикметтер. Шағатай тілінен аударма.* -Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 208 б.
- 5 Яссауи тағылымы. *Ғылыми мақалалар мен жаңа деректер жинағы.* –Түркістан: Мұра, 1996. 125б.
- 6 Қожса Ахмет Яасауи. *Хикмет жинақ. (Дайын. М.Жармұхамедұлы, М.Шафиғи, С.Дәуітұлы).* –Алматы: Жалын, 1998. 183-185 бб.
- 7 Әбдірәсілқызы А. *Қазақ әдебиетіндегі мінәжат жанры: ежелгі поэзия мен қазіргі әдебиеттегі көрінісі // Үркер журналы. № 1.(16). 2010 ж.*
- 8 *Он ғасыр жырлайды.* – Алматы: Дәуір, 2006. – 408 б.
- 9 Байтұрсынұлы А. *Әдебиет танытқыш. Зерттеулер мен өлеңдер.* – Алматы: Атамұра, 2003ж. -208 б.
- 10 Абай. *Шығармаларының екі томдық жинағы: Өлеңдер мен аудармалар.*- Алматы: Жазушы, 2002. - 296 б.

11 Жұмабаев М. Шығармалар. 3 т. – Алматы: Білім, 1995. – 1 т. – 256 б.

12 Ахметұлы Д. Пайғамбардың оралуы // Қазақ әдебиеті, 2008ж. № 18. 1-2 б.

13 Алдияр Б. Қазығұрттың қоңыры. – Алматы: Жалын, 2012 ж.

14 Абиыр А. Жастар поэзиясындағы исламдық сарын // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, «Филология» сериясы, №1 (43), 2013 ж.

*Резюме*

## ОТРАЖЕНИЕ МОЛИТВЕННЫХ ПЕСЕН ХИКМЕТОВ ХОДЖЫ АХМЕТА ЯССАУИ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

*Керимбекова Б.Д.*

*кандидат филологических наук, ассистент профессор университета имени С.Демиреля,*

*Танжарыкова А.В.*

*д.ф.н. КазНПУ имени Абая*

В статье «Отражение в казахской поэзии молитвенных песен хикметов Ходжы Ахмета Яссауи» рассматриваются вопросы взаимосвязи между хикметами Яссауи и современной казахской литературой, вопросы преемственности традиций. Очевидно, что жанр молитвы, сформированной в тюркской литературе благодаря хикметам Яссауи, оказал влияние на развитие молитвенных стихов в казахской литературе.

Если учитывать то, что слово «молитва», является синонимом слова «пожелание», то образец молитвы мы можем найти в толгау «Пожелание» (Тілек) Бухара жырау. Также молитвенные песни нашли свое продолжение и в поэзии главного казахского поэта Абая Кунанбаева. Стихи Абая, посвященные Абдрахману словно серия молитвенных песен. Выражение жанра молитвы в поэзии современных авторов в статье рассматривается и доказывается через конкретные примеры.

**Ключевые слова:** Ходжы Ахмета Яссауи, казахская поэзия, хикметы, молитвы

*Summary*

## "REFLECTION OF DEVOTIONAL SONGS IN WISDOMS OF KHOJA AHMED YASSAUI IN KAZAKH POETRY

*Bayan Kerimbekova*

*Assist.prof. S. Demirel University, Almaty/Kazakistan*

*KazNPU named after Abai,*

There were couple of issues considered like: connection between the present kazakh poetry and the Khoja Ahmed Yassau's wisdom, the problem of continuation of the traditions in the article called "Reflection of devotional songs in wisdoms of Khoja Ahmed Yassau in kazakh poetry". It is clear that the prayer genre formation in a turkish literature, which takes its origin from Yassau's wisdom, have positively affected the development of prayer songs in kazakh poetry.

If to take into account the fact that the word "prayer" cognates with the word "wish", we can find a sample prayer in the bardic poetry, in tolgaу called "Wish" by Kazakh bard Bukhara. Furthermore, it found its continuation in the poetry of the famous kazakh poet Abay Kunanbayev. Poems and zhoktau of Abay Kuanbayev devoted to Abdurrahman are like a collection of devotional songs. The was discussed and proved by valid arguments representation of prayer in present poets' poetry in the article.

**Key words:** Khoja Ahmed Yassau, Kazakh poetry, prayer

МРНТИ 14.07.03.

*А.А. Көшекова, Б.Д. Жұмақаева*

*Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ. Қазақстан*

## «РАЙЫМБЕК, РАЙЫМБЕК» ПОЭМАСЫНДАҒЫ КҮРЕСКЕРЛІК РУХ

*Аңдатпа*

«Райымбек, Райымбек!» поэмасы қазақтың зар заман жылдардағы өлеңмен жазылған тарихы іспетті. Поэмань оқыған сайын халықтың мұң мен шерін, батылдық бейнесін, Райымбектің образын, яғни келбетін суреттеу арқылы тегеурінді теңеулермен сомдалғаны аңғарылады.

Ақын поэманың барысында Райымбектің көрегендігін, батылдығын көрсетіп, оның келер күнді болжап, бүкіл қазақ еліне қауіп төніп тұрғанда, болашақ ел тағдыры не болар екен деген ой-толғанысын суреттейді. Райымбек бойындағы батырға тән қасиеттерді сипаттай отырып өз халқының бақыты үшін қандай қиыншылыққа болса да төзе білудің үлгісін барынша танытады.

Поэма Райымбектің бұдан кейінгі іс-әрекеттерін суреттей отырып, шарықтай түседі. Елдің елдігін сақтар, оны сыртқы жаудан қорғар Райымбектей батыр ұлдың болуын ақын ерекше шабытпен шебер жырлағандығы туралы сөз болады.

**Түйін сөздер:** поэма, образ, идея, тарих, рух, ұран, халық, батыр, тағдыр

Кемел ойлы ақынның қай туындысы болмасын өз еліне, жеріне деген шексіз махаббаттан туындаған дүниелер. Терең оймен, ыстық ықылас сезіммен, халқын сүйген жүрекпен жазылған. Мұқағали шығармаларының бірі – «Райымбек, Райымбек!» поэмасы.

Есімі Албанның ұранына айналған, жоңғар басшылығына қарсы күрескен Райымбек сынды қазақ батырының өмір жолы өз халқының тағдырымен бірге, бірлікте алынып суреттеледі.

Қара таудың басынан көш келеді,  
Қара жорға шайқалып бос келеді.  
Қара күнді жамылып қара қазақ  
Қара түнді басынан кешкен еді.  
Қара қайғы көрсетпей ештеңені,  
Қара жауы қанатын кескен еді [1,287].

Осы шумақтардағы қара тау, қара жорға, қара күн, қара түн, қара қайғы, қара жау тіркестерінің өзі-ақ ел басына түскен аса ауыр ауыртпалықты айқындай түседі.

Билікте ауыз бірлік болмай, тақталас пен бақталас жеңген жерде қандай хандық болса да жеңіліске ұшырап, халықтың қайғы құшары анық. Мұқағали ақынның «Райымбек» поэмасындағы мына жолдар сол заманның айқын көрінісі. Ақынның сезімтал жүрегі қан кешу жылдардағы қазақтың алауыздығын дөп басып көріп отыр [2,133].

Ата – қазақ бір-бірін арашалай аламай-ақ,  
Алауыз боп өзді-өзі құдай бізді ұрды ғой.

немесе:

Бүйрегіндей сиырдың бөлшектенген бұл қазақ,  
Құмалақтай бытырап, қалай ғана тозбасын [1,235].

Бірақ, құдайынан күдерін үзбеген ел бас көтерер біреудің шығарына, қаймана жұртты соңына ертеріне сенді. Әр заманның өз батырын тудыраны, оның өз елін апаттан құтқарары да – Жаратқанның бір көмегі, үлкен сыйы.

Сондай батырлардың бірі де бірегейі Райымбек болғаны белгілі.

Қазақтың жеріне еңдей кіріп, елді мекендеріне қоныстанып алған қалмақтар да осал жау болмаған. Ол кездегі шайқас найзаның ұшымен, білектің күшімен жүрген, нағыз бетпе-бет пен жекпе-жек емес пе? Олардан да басын осындай шайқаста өлімге тігіп, ерлік көрсеткендер аз шықпағаны хақ. Дегенмен, жаудың қандай болса да бейбіт жатқан елге басқыншылық жасауымен, жерін тартып алып, елін құлдық пен күндікке атап қоюды мақсат етуімен жау емес пе?

Осыған ара түсіп, қаптаған қалың қолды жайратуға қазақтың кең даласынан батыр шықпай қалуы қалай? Сілкіну керек ол үшін [2,152].

Райымбек осыны ойлап тас-түйін шешімге келді. Қаламы қуатты ақын, бала Райымбектің өзін-өзі алғаш танытуын поэмада ғаламат суреттеген. Ауыл елдің арасында аталарына ас беріп, ат жүгірту қандай заман болса да қалмаған ғой. Сондай бір жиында Түке күреңіне Райымбекті мінгізіп, бәйгеге қосады. Дәл осы додада Райымбектің мақсаты жүлде алу емес, өзінің азамат болғанын таныту екенін алдаспан ақын былайша суреттейді:

Желпіне барып, желігін жұрт та тасқан-ды,  
Оқыс бір ғажап оқиға сонда басталды.  
Жалғыз бір қара жұлдыздай ағып келеді,  
Қараңғы түнде қақ жарып тілген аспанды [1,237].

Бұл Албанның болашақ бас батырының қара қылды қақ жарып келе жатқан алғашқы екпіні еді. Дүйім жұрт бәйгенің қызығын көреміз деп тұрғанда бала Райымбектің бұл қылығы шынымен де арқанды шымырлатып, намысыңды қамшылап, алтын құрсақ ел ішінен ерен батырдың шығатынын дәлелдегендей еді.

Қу даладағы құйын ба дерсің, ойнаған,  
Қыран ба дерсің, қылт еткен құсты қоймаған.  
Өз атын өзі ұрандап бала келеді,  
Қамшы сабына жейдесін ту ғып байлаған [1,238].

Бұл шынайы тарих. Ақын қаламынан өрілген көркем ой, кестелі сөзбен әдемі өрнегін тапқан. Иә, батыр келбетін бейнелеуде Мұқағали ешкімге ұқсамайтын соңы соқпақ, жаңа сүрлеу тапқан. Шығарма аяқталғанымен әр шумақтағы кесек-кесек ойлар хас батырдың негізінің қайдан келе жатқанын айқын бейнелеп беріп отыр.

Есі бар тентек есейе келе ер болар,  
Ерік беріндер, неғыласыңдар бұғаулап, –

деген Әлмерек бидің аузымен даурыққан елдің көңіліне басу айта отырып, жасындай жалт еткен бала батырдың болашақта қазақ жұртын ары мен жанындай қорғайтын өр рухты дара тұлға болатынын меңзеп отыр емес пе ақын.

Мұқағали ақын өз поэмасындағы бала жігіт Райымбек те сол тұста:

– Ата, біздің өлкені қара жаулар қаптады,  
Жауларына біздің ел сәйгүлігін баптады.  
Қойын сойып, қолдарын қусырды да сорлылар,  
Аяғына бас ұрды, бірі садақ тартпады.  
Тартпаған соң олар да әуреленіп жатпады,  
Алдыдағы аларын, белімізден аттады [1,235], –

деп қабырғасы қайысып, бірақ ащы шындықты жайып салады.

Иә, бұл бала Райымбектің Қабай жыраумен тілдескендегі жері. Атылар жас жолбарыстай шамырқанған жігіттің көңілін дана қарт: «Жамандама, жұртынды, жамандасаң – болмассың», – деген сөзімен басып, жөн-жосығын біліп, батасын да береді.

– Қара жауың қайтадан шапса еліңе нетер ең? –

дейді дана қарт.

– Хас батырын бауыздап, қанын судай етер ем,  
Қатын болып күн кешіп, жүргеннен де қырқысып,  
Қылша мойным талша боп, қанжығада кетер ем! [1,236], –

дейді бала батыр.

Жанарынан от шашып, қайратымен қара тасты үгітердей болған батырға сүйінген қарт:

– Өзің бала болсаң да, сөзің дана от екен,

Ақ күн тусын алдыңнан, басқа айтарым жоқ бөтен [1,236], –  
деп батасын береді.

Жүректі бұлқытып, сананы сілкітіп, екпіні тас аунатып, жарды соққан асау өзендей, бірде бар жұмбағын тұңғыық тереңіне әкеткен алып теңіздей күдіретті өлең қалдырған ақын туралы толғанбай кете алмайсың [2,195].

Кешегі «Қазақтың баласы, жасы үлкен данасы» Абай соқпағын салған поэзия айдынында Мұқағали бірде өзінің өр тұлғасымен, өресі биік өлеңдерімен найзағайлы, нөсердей күркіреуімен адамға қанат бітірсе, енді бірде қыз бұрымындағы шолпыдай сылдырлап, жаныңды нәзік сезімге бөлейді. Өзіміздің күнде естіп, қолданып жүрген сөздерімізден алтынмен апталған, күміспен көмкерілген, гауһармен зерленген көз тартар өлеңдері әр жүрекке жол тауып, алқа болып тағылғандай баурап жатыр.

Жат жерді жастанғанда жазатайым,  
Қанымен жазды бәлкім ағатайым.  
Қүдіретіңнен қара өлең айналайын,  
Қазақтың дәл өзіндей қарапайым [1,84], –

деген жүрек тебіренісіне еріксіз бірге толқисың. Қарапайым қара өлеңнен қазақтың өзін көріп отырған ақынның шеберлігін еріксіз мойындайсың.

Ақынның жауһар жырларын оқып отырғанда көз алдымыздан осынау құтты мекеннің мәңгілік иесі болған, дала дарқандығын өн бойына сіңірген ең пейілді, мол мейірлі жайма шуақ күн кешкен шалқар қазақты көреміз. Енді бірде:

...Көш келеді, боздатып боз даланы,  
Көз ұшында боз сағым қозғалады.  
Әлдекімнің естілсе созған әні,  
Әлдекімдер аңырап жоқтау айтса,  
Әр кеудеде бір шемен қозданады  
Әр қазақтың естіліп боздағаны [1,230], –

дегенде басымыз қара бұлтты үйірген қаралы жылдардың қасіреті санамызға салмақ салып, жүрек тұсымызды шымырлатып өтеді. Әсіресе, «Райымбек, Райымбек!» поэмасы қазақтың зар заман жылдардағы өлеңмен жазылған тарихы іспетті. Поэманы оқыған сайын халықтың мұң мен шерін, батылдық бейнесін Райымбектің образын, яғни келбетін суреттеу арқылы тегеурінді тенеулермен сомдағанын тереңірек аңғара түсесің.

Батыр туралы бидің аузымен ақын:

– Дауасы жоқ жан екен оты жанған,  
Ілесіндер, осыған оты барлар!

Су жол берген батырға мен жол бермей,  
Қамауда ұстап қыранды отыра алман.  
Қангелдінің сауытын кигізіндер,  
Қыннан алып, қылышын сүйгізіндер.  
Сырымбеттің туының алдына әкеп,  
Тәубе еткізіп, басын да игізіндер[1,248], –

деп үн қататын шумақтарының өзінде қаншама сыр жатыр десеңші! Әр жолында тарихи тұлғалардың бейнесі жарқ ете қалып, көрініс береді.

Ал ақынның өзі:

«Сенде ме?..

Сенде сұмдық сыр бар далам...» [1,231], –

деп тебіренгендей, поэмада дала ділмарларының да, тарихымыздың да, әдебиет пен мәдениетіміздің де қанық сыры жатыр. Өлеңнің нәрі абыз жыраулардың аузымен айтылған әр сөзімен өрнектеліп, қорғасындай салмақтана түседі.

Тіпті, қалмақ жауынгерлерінің де: «Райымбек, Райымбек!» деп қазақ сарбаздарына қосылып кеткен кездері болған деседі. Сонда оларды осыған жетелеген қандай күш?

Сырымбет әулетінен таралғанмын,

Қангелді қасиетінен нәр алғанмын [1,241], –

дейді бала Райымбек абызға берген жауабында. Осы екі жолдың өзі-ақ, ақын шығармашылығында «тектіден текті туады, тектілік тұқым қуады» деген атадан қалған асыл сөздің мағынасын ашып, құнын арттырып тұр емес пе? Атасы Қангелдінің ерлік, жауынгерлік қасиетін үлгі тұтқанын, қайсарлықты ата бойындағы өнегеден алғанын айтып тұрғаны анық. Сірә, өз Отанын жанындай көріп, оны қорғауда өмірін, қасық қанын аямайтын батырларының айбыны, еліне, жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігі шығар?! Олай дейтін болсақ, Райымбек батырдың жауынгерлік ғұмыры Отанына деген шексіз сүйіспеншілікпен байланысып жатқанын аңғару қиын емес.

Поэмада халықтың ащы зары мен мұңы ақынның құлағына жеткендей болады. Ақын өзімен бірге оқырмандарды да күйзелтіп, күңіренге түседі. Мысалы:

Тұяқ та жоқ тігерге дым қалмаған,  
Жау жалмаған, жабысып, құм жалмаған,  
Сырлар бар қойнында, туған далам,  
Ақтарылар қарнынан қазағыңның,  
Құзғыны да Құдайдың құр қалмаған [1,231].

Иә, ақын өзі айтқандай, елінен, жерінен бір сәт те бөлінбейді, үнемі бірге тұтасып отырады. Елін жау шауып, жерін жау қаптап, талап жатқанда, халық арасынан қарсы келіп күресер батыры шықпаса, одан өткен қайғы жоқ екенін жақсы түсінген ақын оқиғаны ерекше ыза, намыспен суреттейді. Оның себебін іздеп, өзінше жырлап, өлең жолдары арқылы жауап береді. Мысалы:

Жерімізді жау алып, елімізді қырды ғой,  
Қанатымыз қайырылып, топшысынан сынды ғой.  
Ата – қазақ бір-бірін арашалай алмай-ақ,  
Алауыз боп өзді-өзі, құдай бізді ұрды ғой...  
Суырдайын күн кешіп, әркім ойлап өз басын,  
Тұлпарларды тұқыртып, тұғырлары азғасын,  
Бүйрегіндей сиырдың бөлшектенген бұл қазақ,  
Құмалақтай бытырап, қалай ғана тозбасын [1,235], –

деген Қабай жыраудың аузынан айтылған жыр жолдарынан ақынның ел бүтіндігінің, беріктігінің негізі бірлік-берекеде екенін алауыздықтың ақыры ел басына үлкен қайғы әкелетінін анық таныта түседі. Өткен тарихымызға үңілдіре отырып, ақын шынайы шындықты арқау етіп, бүгінгілердің намысын қайрап, жігерлендіріп, қайраттандыра түседі. Бейбіт өмірге, тәуелсіздікке жетудің оңай емес екенін ұғындырады [2,163].

Бұл – поэманың өзегі мен негізгі идеясы. Бірақ ақын ел болып қалу үмітін жоғалтпайды. Мысалы:

Айтса, тілін алдырған,  
Алмастан оғын жондырған,  
Ата қазақ баласын  
Алақанға қондырған.

Бар қазақтан – бір қазақ,  
Табар ма екем, әулие?... [1,234] –

деп үлкен үмітпен жырлайды.

Өз елінің ішінен жауға қарсы «елім деп еңіреп» ешкімнің шықпауы поэмадағы ақын кейіпкері Райымбектей өрім жасты намысына қамшы тигендей ширықтыра түседі.

Бала Қабай жыраумен кездеседі.

– Ата, біздің өлкені қара жаулар шаппады,  
Жауларына біздің ел сәйгүлігін баптады.  
Қойын сойып, қолдарын қусырда да сорлылар,  
Аяғына бас ұрды, бірақ садақ тартпады.  
Тартпаған соң олар да, әуреленіп жатпады,  
Алдыдағы аларын, белімізден аттады.  
Батыр емес, қария, қатындар бар бұл елде,  
Беруге әзір барлығын, билігі асқан біреуге.  
Батырлар жоқ бұл елде, қатындар бар бұл елде,  
Өркім қара басының амандығын тілеуде [1,235] , –

деген Райымбек сөздері арқылы ақын алауыздық, қорқақтық, опасыздық, күншілдік, өзара бақталастық сияқты жағымсыз қасиеттердің неге әкеп соғатынын ашып көрсетеді. Өз қара бастарының қамын ойлағандарды аяусыз әшкерелейді.

...Енді Райымбектің осы тығырықтан шығудың жолын іздеуге, анық елін қорғауға берік бекінгеніне оқушы күмән келтіре алмайды. Поэмада сұңғыла Қабай жырау да мұны анық байқайды. Мысалы:

– Қара жауың қайтадан шапса еліңді не етер ең?  
– Хас батырын бауыздап, қанын судай ішер ем.  
Қатын болып күн кешіп, жүргеннен де қырқысып,  
Қылша мойным талша боп, қанжығада кетер ем! [1,236].

Жырау сөзі:

– Өзің бала болсаң да, сөзің дана, отты екен,  
Ақ күн тусын алдыңнан, басқа айтарым жоқ бөтен... [1,236].

Жыраумен бірге біз де алдынан үлкен іс күткен сезімге бөленеміз. Поэмаға ары қарай үнілсек, бәйгеге қосқан Түкенің дүлдүл күреңі мен баласының жоқ болып кетуі оқушыны еріксіз алаңдатады...

Тұяқпен турап көлденең жатқан көк белді,  
Кермені үзіп, сәйгүліктер де жеткен-ді.  
Көре алмай Түке баласы менен күреңін,  
Көзінің алды көлеңке тартып кеткен-ді [1,237].

Енді бір сәтте жас батыр арманының орындалғанының куәсі болып, қуанамыз, қостаймыз.

Ақын Райымбектей қайсар да өжет жастың бойынан жанайын деп тұрған от ұшқынын шабыттана көрсетіп жырлайды.

...Бұл да бір асау, құрық көрмеген құлын ғой,  
Желісін үзіп, сендерден қайда барады [1,238], –

деп отырып, Қабай жырау өз қоштауын білдіреді. Жас «батыр бала» аузынан кесек те ірі сөздер төгіледі. Түке өлген, ақын енді Райымбектің ер жетіп есейген кезін суреттейді:

Он сегізде Райымбек,  
Жүрген жоқ әке өлді деп, уайым жеп.  
Тіріге тізе бүгіп, бас имеген,  
Тізесін бүктірмесе Құдайы кеп.  
Қайсар болып, қатты боп өсті жігіт,  
Қатыгез құмға біткен қарағаштай [1,239-240], –

деген жыр жолдарынан болашақ батыр бейнесі анық танылады. Ақын поэманың барысында Райымбектің көрегендігін, батылдығын көрсетіп, оның келер күнді болжап, бүкіл қазақ еліне қауіп төніп тұрғанда, болашақ ел тағдыры не болар екен деген ой-толғанысын жеткізе суреттейді.

Ақын Райымбек бойындағы батырға тән қасиеттерді сипаттай отырып өз халқының бақыты үшін қандай қиыншылыққа балса да төзе білудің үлгісін танытады:

Әзірге аман тұрғанда мал-басы,  
Сауық пенен сайранға салынасың.

Қазақ жылап жатыр ғой, қазақ жылап,  
Неменеңе жетісіп, қағынасың?! [1,241].

Осы өлең жолдарының өнегесі сонда, адамдық, азаматтық сезімді ғана оятып қоймайды, ел, жер үшін күреске шақырады. Мұқағали мұрасының мәңгіге өшпес үні осындай ойлардан туындаса керек. Мұндай ойлы, парасатты сөздің астары, сөз мәнін түсінер кез келген адамның жүрегін қозғап, толқытарына күмән жоқ.

Поэма Райымбектің бұдан кейінгі іс-әрекеттерін суреттей отырып, шарықтай түседі. Елдің елдігін сақтар, оны сыртқы жаудан қорғар Райымбектей батыр ұлдың болуын ақын ерекше шабытпен шебер жырлайды. Ал Қабай жыраумен кездескенде айтылатын батыр сөздері, халқын аса қадір тұту батырдың азаматтық келбетін ашады:

Сырымбет әулетінен таралғанмын,  
Хангелді қасиетінен нәр алғанмын.  
Кенедейден көзімді ашқан жауым,  
Еске түсіп, бойымды басқанға мұң [1,241], –

деген ой:

...«Жастығымды ала жатсам  
Жоқ-тұғын менің мүлде басқа арманым» [1,242].

Көпті көрген Қабай жырау батыр арманын, күрес ұранын ту етіп ұстаған, ел басын қосуға талпынған жас батырды тани отырып, өзінің салиқалы ақыл-өсиетін білдіреді:

Ауызданбаған арланым,  
Жауыңа жалғыз бармағын.  
Қиылып қалар арманың,  
Халқыңа хабар арнағын. [1,243].

Поэма соңында Райымбекке: «Іле өзенін кесіп өтсін, сонда ғана қол жинап басшы болады», – деген би шешімі мен қойған шарты өте ауыр екенін оқушы жақсы түсінеді. Бірақ олар батыр ұлға деген сенімін жоғалтпайды, бұл ауыр сыннан сүрінбей өтетініне сенеді.

Поэманың өршіл рухы, патриоттық мәні ашыла түседі. Биік мұратқа жету жолындағы Райымбек арманы іске асқанын оқушы анық ұғып сезінеді. Өз халқының бақыты мен бірлігі үшін ішкі, тысқы жаулармен аянбай күресудің мәнін ақын оқушыға жеткізе білген.

Би кесті,  
Қара халық қабылдады,  
Қару алып, қол жимақ қабырғалы.  
Жорыққа әзірленіп жатты қауым,  
Қасына Райымбек табылғалы [1,248], –

деп болашаққа апарар жолды меңзейді.

Өз жыры арқылы ақын халқының асыл перзенті Райымбекке өшпес ескерткіш орнатты.

Табиғат,  
Жанымды алсаң,  
Алшы менің.  
Бір түйір жерге түскен тамшың едім,  
Мұқағали жоғалса қайтер дейсің,  
Артымда қалсың жерім,  
Қалсын елім...[1,248] –

деген ақынның шығармалары қай кезде болмасын халқының қажетіне жарап, рухани игілігіне айналған құнды мұралар екендігі даусыз. Болашақ ұрпақ Райымбектей асыл атамыздың ерлігін еш уақытта ұмытпақ емес.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Мақатаев Мұқағали. Өмір – өзен. – Алматы, 2005. – 287 б.

2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969. – 244 б.

*Резюме*

Поэма «Райымбек, Райымбек!» как история, написанная в скорбные времена для казахов. Перечитывая поэму, в образе Райымбека, изображенного с помощью сильных сравнений, можно увидеть горе и боль народа, картину героизма. Поэт в ходе своей поэмы изображает дальновидность, прозорливость, героизм Райымбека, его раздумья о будущем страны. Описывая характер Райымбека, присущие герою, полностью показывает и раскрывает пример

выносливости, терпения, которые должны быть в любых трудных ситуациях ради счастья своего народа. Поэма, изображая дальнейшие действия Райымбека, достигает своего апогея славы. Поэт с особым вдохновением поет о сыне казахского народа, о Райымбек батыре, который рьяно защищал свой народ от внутренних и внешних врагов.

**Ключевые слова:** поэма, образ, идея, история, дух, лозунг, народ, герой

#### *Summary*

Martial spirit in the poem M. Makatayev "Raiymbek Raiymbek!". The poem "Raiymbek Raiymbek!" a story written in the sad times for the Kazakhs. Re-reading the poem, in the image of Raiymbek depicted with strong comparisons, you can see the grief and pain of the people, a picture of heroism. The poet during his poem portrays the vision, sagacity, heroism of Raiymbek his thoughts on the future of the country. Describing the nature of Raiymbek inherent hero, fully reveals and discloses an example of endurance, patience, and that should be in any difficult situations for the happiness of his people. The poem, depicting further action Raiymbek reaches its climax of glory. The poet sings with the special inspiration of the son of the Kazakh people, about Raiymbek Batyr, who vigorously defended his nation against internal and external enemies.

**Key words:** poem, image, idea, history, spirit, slogan, folk, hero

МРНТИ 17.82.93

*А.Б. Мұхамеджанова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> Қожса Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Ph докторант,  
Түркістан қ, Қазақстан*

## **ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ЖҰМБАҚТЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІГІ**

#### *Аңдатпа*

Мақалада түркі халықтары әдебиетіндегі жұмбақтың жанрлық ерекшелігі сөз болады. Жұмбақтың балаларға белсенді әсер етуі - жазушы жұмбақтардың көмегімен баламен диалог орнатуға тырысады. Жазушылар өз шығармаларында жұмбақтардың сәтті қырларын сақтай отырып, бұл жанрды дамытуға талпынды. Оқиғаны юмормен, күлдіргі тонда, күлкімен баяндау – бұл балалар әдебиетінің ерекшелігі және олар педагогикалық талаптарға сай туындап отырады. Балалар әдебиетінің дұрыс тәрбие беретіні, бойдағы пессимизмді жойып, оптимистік көзқарасты қалыптастыратыны анық. Үйретуші және тәрбиелеуші құрал ретінде халық жүрегінде туған жұмбақтар кейін қаламгерлер шығармашылығында кеңінен қолданылып, балалар әдебиетінің таптырмас жанры болып қалды. Ғалымдар халық педагогикасының тамыры ата-бабаларымыздың тәжірибесінен келеді және халық ауыз әдебиетінен көрініс табады дейді. Бұл жағдай түркі халықтары әдебиетіндегі жұмбақ жанрының ұқсас түрде дамуын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** фольклорлық жанр, халықтық поэзияның шағын түрі, жұмбақ, жанр, ауыстыру

XX ғасырдың басында әдебиеттің дамып, оның ішінде поэзияның кең құлаш жайғанындай, жұмбақтар да жеке жанр ретінде өзіндік маңызға ие болды. Кейбір педагогикалық идеяларға қатысты қарама-қайшы ойлар болғанда, жұмбақ жанры оң бағаланып, кітаптар мен балалар журналының бетінде халықтық жұмбақтармен қоса қаламгерлердің авторлық жұмбақтары да басыла бастады. Жұмбақтардың балаларға белсенді әсер етуінің себебі жазушы жұмбақтардың көмегімен баламен диалог орнатуға тырысады. Жазушылар өз шығармаларында жұмбақтардың сәтті қырларын сақтай отырып, бұл жанрды дамытуға талпынды.

Жұмбақтың жазба балалар әдебиетіне өтуінің келесі себебі – бұл жанр балалардың зейінін, қиялын, ойлау қабілетін дамытып, жан-жақты ойлауға үйретеді. К.Д. Ушинский бұл ескі жанрдың педагогикалық мәнін анықтай отырып: «жұмбақтарға ғажайып өнер туындысы бейнеленген картинаға қарағандай қараймын» [1,87], - деп жазады. Татар әдебиетінің зерттеушісі Н.Исанбет өз уақытысында жұмбақтардың пайдасы туралы айта келіп «Жұмбақтар педагогикалық мәнге ие болғандықтан оларды бастауыш мектептердің кітаптарына тәрбиелеу құралы ретінде енгізу керек» деген еді [2,11]. Жұмбақ жанры дүние жүзі халықтары әдебиетінің көпшілігінде бар. Бұл жанрға Аристотель «Жұмбақ – жақсы жымдасқан метафора» [3,3] - деп анықтама берген. Жұмбақ әдебиеттің ежелгі үлгілерінде, ауыз әдебиетінде жиі кездесетіндіктен, оны ғылымда «фольклорлық жанр», «халықтық поэзияның шағын түрі» деп санау орын алған.

Алайда, қазіргі заман әдебиеті өкілдерінің әсіресе, балалар әдебиеті авторларының шығармашылығында жұмбақтар топтамасы жиі кездеседі. Сондықтан, оны тек фольклорлық жанр аясында шектеуге болмайды. Жұмбақтың жауабын табу үшін осыған дейін жиналған тәжірибеге сүйене отырып, ойланып, іздену керек. Бұл процесс баланың интеллектін, ассоциативті ойлау дағдыларын, есте сақтау қабілетін, байқампаздығын, болжай алу қасиеттерін дамытады. Ол адамға оңынан әсер етіп, жана дүниелерді игеруге талпындырады. Өз кезегінде, балалар әдебиеті жас буынның дүниетанымының дұрыс бағытталу-



ына, бейнелі ойлауына, өмір жайлы танымын кеңейтуге әсер етеді. Орыс фольклористі В.Г.Аникинның сөзімен айтсақ: «...ол бізге прозалық түрде көрінетін дүниелерді поэтикалық қырынан көрсетеді» [4,26].

Әрбір жұмбақтың бойына этнос болмысына, оның рухани-заттық мәдениетіне, дүниетанымына, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, наным-сеніміне т.б. қатысты бай информация жинақталғанын ескерсек, олардың этнос болмысын танып-білуге үлесі зор екенін білуге болады. Бұл жағынан келгенде, жұмбақтар – этнос тарихындағы әр алуан кезеңдер мен оқиғалардың, әртүрлі қатынастардың белгісін бойына сақтаған қазынасы, этнос тұрмыс-тіршілігінің, оның тарихының, мәдениетінің баға жетпес байлығы.

Қазақ тілінің өз тарихын таразылауында, халықтың рухани-мәдени байлығын зерделеуінде, этностың өзін-өзі тануында, жаңа тарихын жазуында жүгінетін көнекөз куәсінің бірі – жұмбақ жанры.

Жұмбақтар бүкіл дүние жүзіндегі үлкенді-кішілі барлық халықтардың көркем әдебиетінде елеулі орынға ие. Бір ғана жер шарында өмір кешетін халықтардың жұмбақ ететін нысаналары бір болғанымен, оны жұмбақ ету әдістері әрқайсысының ұлттық ерекшелігіне, тұрмыс-тіршілігіне, өмірге деген көзқарастарына байланысты әр алуан. Мәселен, ақылға, балалардың ойлау қызметіне, біліміне әсер ете алуы бойынша түркі халықтары әдебиетінде Ғ.Тоқай, М.Джалил, Б.Рахмат, Х.Халиков, Р.Миннуллин, Ш.Галиев, Г.Гильмановтардың жұмбақтары ерекшеленеді. Олар заттарды образды сипаттайды, нәтижесінде балалар сол зат жайлы егжей-тегжейлі біледі, онымен қоса эстетикалық ләззат та алады. Авторлар сұрақ қоюмен ғана шектеліп қалмай сол объектімен қоса басқа заттарды көз алдына келтіріп, жан-жақты суреттейді. Г.Гильмановтың шығармашылығындағы жұмбақтарға мән беріп көрейік:

Канаты бар, очалмый.           Қанаты бар ұша алмайды.  
Зэцгэр кукне кочалмый.       Зеңгір көкке көше алмайды  
Жердэ оя коралмый,           Жерде ұя сала алмайды  
Ченки сусыз торалмый.       [5,132] Бір сәт сусыз тұра алмайды (Жолма-жол ауд.)  
(Балық)

Халық жұмбақтары форма жағынан қарапайым да сұлу, онда құнарлы тіл бар, қойылған сұрақ дұрыс жауапқа өзі жиі бастап отырады немесе соған жол сілтейді. Жұмбақтар оқырманды ыңғайсыз жағдайға қалдыру үшін емес, жауапты іздеуге, ең соңында дұрыс жауапқа қол жеткізуге бастайды.

Айтып өткеніміздей жұмбақтар, сол немесе басқа заттың белгілерін көрсетеді. Егер жұмбақтар құрғақ баяндаудан тұрса, тереңге тамыр жайып кете алмас еді. Жанр жұмбақта юмордың болуын талап етеді. Юмор элементі баланың қызығушылығын тудырады.

Мысалы:

«Тыр-р», - дисэц, туктамый, «Дыр» десең тоқтамайды,  
«На-а!», - дисэц, атламый, «Шу» десең аттамайды,  
Печэн салсац, ашамый [6,67] Пішен салсаң жемейді (Трактор) (Жолма-жол ауд.)

Көптеген зерттеуші ғалымдар осы проблеманы ескере отырып, жұмбақ сұрақ-жауап формасына құрылатынын, көбіне әзілдің болатынын ескертеді.

Әлдебір оқиғаны юмормен, күлдіргі тонда, күлкімен баяндау – бұл балалар әдебиетінің ерекшелігі. Бұл педагогикалық талаптарға сай туындап отырады. Балалар әдебиетінің дұрыс тәрбие беретіні, бойдағы пессимизмді жойып, оптимистік көзқарасты қалыптастыратыны анық. Мұндай стильде жазылған әдеби шығармалар оқырман жүрегіне тез орнығады. Мәселен:

Келмей де қоймас,  
Кетпей де қоймас. (Қонақ)[3,41]

Деген қарашай жұмбағындағы «қонақ» деген ұғымның мағынасы терең. Қарашай халқының жұмбағындағы қонақ та, біздің қонақпен бірдей екен. Келген қонақ қайтпай қалмайды дегенді айтқысы келсе, екінші бір түсінік – мәңгілік ештеңе жоқ, бәрі уақытша, «адам-осы дүниенің қонағы» дегенді нұсқап тұр.

Үйретуші және тәрбиелеуші құрал ретіндегі халық жүрегінде туған жұмбақтар кейін қаламгерлер шығармашылығында кеңінен қолданылып, балалар әдебиетінің таптырмас жанры болып қалды. Ғалымдар халық педагогикасының тамыры ата-бабаларымыздың тәжірибесінен келеді және халық ауыз әдебиетінен көрініс табады дейді. Бұл жағдай түркі халықтарының балалар әдебиетінде қалай сипатталғанын салыстырып көрелік. Құмық халқының жұмбақтары:

Тал басында тас ұя [3,76]

(Жаңғақ)

Өзі ағаш басында өседі, ұядай шұңғыл ыдыс ішінде, адам ағзасына, денсаулығына пайдалы, сирек кездесетін дәннің өсетінін жұмбақтаған.

Өзі де моншақ,  
Көзі де моншақ,

Айдынның астын  
Сүйеді сонша [3,76]

(Балық)

«Моншақтай мөлдір» деген сөз – тазалықты, әдемілікті, мақпалдықты көрсетеді. Су астында өмір сүрегін балықтың өзінің де, көзінің де моншақтай жылтырауы, денесінің қолда тұрмай, судай сусылдауы жұмбақталған.

Жол бойында жосылған қан [3,77]

(Бүлдірген, құлпынай)

Бұл жұмбақта бүлдірген, құлпынай сияқты тәтті жидектердің жағалай өсіп тұрғанын көрсетіп, көзімізге елестетіп тұр.

Қыста қамшы,  
Жазда бурка. [3,77]

(Жеміс ағашы)

Жеміс ағаштарының жазда жапырағы жайқалып, жемісі салбырап, күзде сарғайып, қыста отқа жағатын ағашқа немесе қамшының сабын жасайтын таяққа айналу жағдайы жұмбақталған. «Бурка» - қалың бас киім.

Қырғыз жұмбақтары:

Тұрған жері мұздай,  
Өзі әдемі қыздай. [3,93]

(Ай)

Қысы-жазы далада, төбеден қарап, салқын жерде тұрса да тоңбайды, айнадан қарап, сыланып-сипанып тұрған сұлу қызды елестетеді дегенді көрсетеді.

Су ішкенді білмейді,  
Сарғаюды білмейді. [3,93]

(Арша)

Арнайы су құйып, суармаса да, кеуіп, қурап кетпей, қысы-жазы көкпеңбек боп тұратын сирек кездесетін арша талының шыдамдылық қасиетін аңғартады.

Өзі күннің өтінде,  
Бар әулеті бетінде [3,93]

(Күнбағыс)

Күннің көзін сүйетін, сорайған бойымен, имиіп, бітік шыққан дән тола басын салбыратып тұрған күнбағысты жұмбақ тілінде сөйлетіп тұр.

Өзбек жұмбақтары:

Жасыл жайлауға қозы жайдым. [3,127]

(Жұлдыздар)

Көк аспанда самсаған жұлдыздардың қозы-лаққа ұқсап маңырай жайылуы, жұлдыздардың сансыз көптігін жұмбақтаған.

Сақалы бар,  
Ақылы жоқ. [3,127]

(Ешкі)

Сақал – ақыл иесі-қарияларда ғана болатын болса, ешкі малында, әсіресе текелерде де болады. Алдыңғысы-данагөй, ақыл-парасат иесі болса, кейінгісі- тілсіз мақұлық.

Басына қарап мәз болады,  
Аяғына қарап жылайды. [3,127]

(Тауық)

Үй құстарының бірі – тауық өмір бойы жер шұқылап, жерден бас көтермей, тапқанын жемсауына толтырумен әуре екен, бірақ одан қорытынды аз сияқты, себебі, жемсаудағы жегені сирағына жетпегендей, шибакай, оны ешкім жемейді, лақтырып тастайды дегенді аңғартатын жұмбақ.

Әлемнен кең,  
Теңізден терең. [3, 128]

(Ақыл)

Адам ойының ұшқырлығы, ақылының көптігі, игерілген істер, атқарылған жұмыстар – осының барлығы тек адамның ақыл-парасатының, сана-сезімінің нәтижесі дегенді білдіреді.

Күн қай тұста тұрса да,  
Көлеңкесі болмас. [3,129](Әйнек)

Шыныдай таза, шыныдай ақ сөздерінің синонимі ретінде-әйнек диалектісін алсақ, тазалығынан арғы жағындағының бәрі көрінеді, егер күн тұрса күн де сол күйінде көзге түседі дегенді білдіреді.

Түркімен жұмбақтары:

Бір шелек қатық  
Әлемге жетеді[3,84] (Ай)

Аспан әлеміндегі түннің сұлулығын айқындайтын айдың жарық сәулесінің бір ауыл емес, бүкіл әлемге жететіндігін білдіреді.

Ажары –жерде  
Ажалы- суда[3,84]

(От)

Күнделікті адам өміріндегі ас пісіру үшін пайдаланатын оттың пайдасының көптігі, бірақ өрт болған жағдайда оны тек су ғана өшіре алатынын келтірген.

Тыва жұмбақтары:  
Жатпас-тұрмас қара шәйі [3,131]

(Су)

Таудан құлап аққан су, өзен-көлден толқынданып, жалданып аққан судың шәйі-жібек матадай сусып, жылтырап ағуын жұмбақтайды, көз алдымызға елестетеді.

Даусы тау құлатар,  
Бойы бір-ақ құлаш. [3,131]

(Мылтық)

«Тарс» деген даусына таудағы тағы үркетіндей, қатты даусы бар мылтықтың бойының қысқалығына карап, ондай дауыс шығаруы мүмкін емес, «өзінен даусы зор» дегенді жұмбақтау арқылы аңғартып тұр.

Жұмбақ байламының бөлек, оқшау тұратын, оның өзіне ғана тән, өзгелерде қайталанбас қасиетін тайға таңба басқандай етіп ұсынуы ауыстыруға тәуелді. Ауыстыру – құбылысты дәлелдеп, даралап, оның басқа басқа құбылыстарда жоқ белгісін көрсетеді. Ауыстыру тұспалданған бейнені көркем образ түрінде жеткізеді. Сондықтан ауыстыру тәсілі арқылы жұмбақтың ауқымдылығы, бейнелілігі, ұтымдылығы, тосындығы егжей-тегжейлі сарапталып, жұмбақтың жанрлық табиғаты ашылады. Жұмбақта тұспал айқын көрінбей, емеурінмен елес береді. Ауыстырудың дәнекерлік қызметі осы тұста көрінеді.

Ертеректе жұмбақтың айтылатын жері көбіне ойын-сауық үсті, той-думан, ол шілдехана кезінде көңіл көтерудің, сөйілдеудің құралы болған. Бұрын магиялық, ғұрыптық-діни нанымды білдірсе, кейін мұндай сипатынан айрылған. Академик Әлкей Марғұланның[7,12] жазуына қарағанда жұмбақты қарт кісілер айтатын да, шешуін жастар табатын.

Халқымызда жұмбақ жарысы кезінде қазылық етіп, әділ билік ету үшін қазы, төреші белгілеу тәртібі де болған. Ел аузынан жиналған мәліметтер бойынша ойын төрешісі қарсылас топтардың қанша жұмбақ шешкенін, қаншасы шешілмей қалғанын қадағалап отырғанын білдік. Төреші бәсеке соңында қайсы топтың қанша ұпай жинағанын есептеп, соған сәйкес жеңімпаз топты айқындаған. Ел ішінде жұмбақ жарыс ойын түрінде өтетіні белгілі.

Жұмбақты дұрыс шешпеген кісілерді көпшілік күлкіге айналдыра отырып, намысына тиіп, қалайда сайысқа даяр болуға, есесін жібермеуге үйретеді. Қиын-қыстау жерде абыржып, ынғайсыз жағдайларға түсіп қалмау үшін, тәлкекке ұшырамас үшін жұмбақтың образдық өрнегіне, айтар тұспалына ойлы көзбен карауға, тапқырлық пен сергектік танытуды жүктейді.

Демек, жұмбақ жарысы басталуы, шиеленісуі, шешілуі бар драмалық сипатты ойын іспеттес. Оның композициясына зер салсақ, басталуы топқа бөлініп, төреші сайлау, қызған шағы жұмбақ шешу, соңы жеңілген жақты әжуаға айналдыратын бөліктерден тұратын қалыпты құрылымы бар екені байқалады.

Қарақалпақтарда жұмбақты қыз-жігіт болып бөлініп жарысып, оған төрелік жасаушы жасы үлкен адамдар, жұмбақты жақсы шешкендер төрешілер тарапынан марапатталса, оны шеше алмағандар қырық қасық су ішу, маңдайынан, ұртынан шерткізу, жолдастарын үйіне шақырып, қонақ ету тәрізді «жазалар» түрін өтеген. Алтайлықтар жаза ретінде қызды шалға, бозбаланы кемпірге «сататын» болған.

Өзбектерде жұмбақты таба алмаса, жасырушы «жаза» ретінде шаһар не «қорған» беруін сұрайды. Таппаған кісінің шаһар беремін деген сөзінен кейін ғана жұмбақ жауабы, жасырылған заттың аты айтылады. Яки туған қаласын беру жеңілгендігін мойындау, бас ию деген сөз, бұл жазаланудың ауыр түрі.

Қарашайлар жұмбақты «ел берген джомаклар» деп атайды, бұл сөздің шығуына көне ғұрып себеп болған. Жасырғанын таба алмаған адамнан «ел беруін» сұрайды.

Осылайша өзбек, қарашай, түрік, түркімен халықтарының этнографиялық деректері «ел беру, шаһар беру» ғұрпының болуы ежелгі түркі тектес жұрттар арасында кең таралғанын айғақтайды.

Өзбектерде бұрынғы үлкендердің «жұмбақ ойыны» балалар репертуарына қарай ойысқан. Әуелде ересектер жұмбақ жасырысып, сүрінгені шаһарын берсе, қазір осы ойынды көшеде балалар қайталап, «жаза» ретінде Отанын беріп, «құтылатын болды».

Сонымен түркі халықтарындағы жұмбақ шешімі «құнынын» өзгеруін ру, ел, қорған, шаһар, мемлекет, Отан күйінде өзгеріп отырғаны байқалады. Қазақта жұмбақтан жеңілген «тай берумен» құтылған, бұның өзі малшылық кәсіппен байланысты.

Жұмбақтың болмысында бірнеше дәуірге тән ойлау мен көркемдеудің қат-қабат сатылары бар. Ұзақ даму жолын бастан кешіп келген жанрдың өзгеру сатыларын тыйым жұмбақ; ертегі жұмбақ; ойын жұмбақ; таза жұмбақ; айтыс жұмбақ; әдеби жұмбақ деп жүйелеуге болады.

Жұмбақ жанрының ұлғайып, дамуына Ш.Күмісбайұлының «111 жұмбақ-әңгімелер» атты кітабында жастардың ой-өрісін дамытатын түрлі басылымдарға шыққан еңбектерден іріктеліп алынған жұмбақтарының да әсері көп. Ұлттық менталитетімізге тән ойлауды қалыптастырып, танымды жетілдіруде ерекше әсер етететін математикалық ойындар еңгізілген. [8, 93-б].

Мысалы, «ағайынды екі баланың үлкенінің жасы 1987 жылы дүниеге келген інісінің туған жылының сандарының қосындысына, ал інісінің жасы ағасының туған жылының қосындысына тең болады. Екеуінің ара жасының айырмашылығы жеті жас. Олай болса, олардың жасы мен туған жылы қай жылдар болмақ?» - деген сияқты логикалық ойға жетелейтін, басқатырғыштық есептер жастардың жұмбақ шешудегі дүниетанымын, ойлай білу қабілетін, тез шешім қабылдай алу қасиетін арттырады сөзсіз.

Ойымызды қорыта келе айтарымыз, қай халықтың әдебиетінде болмасын жұмбақ - еркін көсіліп, жайылуды сүймейді. Көп сөзділікке бой ұрмай, ықшам, жинақы пішіледі. Бір затты, немесе құбылысты нысана ете отырып, оны астарлап, бүкпелеп бейнелеуді, осы тұспал бейнені тыңдаушыға табуды артады.

Жұмбақты жасыру да, шешу де адам миындағы күрделі ойлау жүйесіне негізделеді, анализ және синтез тәсіліне арқа сүйеу арқылы жүзеге асады.

Жұмбақ жанрында белгілі бір өлеңдік қалып сақтала бермейді. Оның ырғақтық-ұйқастық құрылымы сан түрлі өрнектеледі. Олардың ішінде қара сөзбен келетіндері де аз емес. Қазақ жұмбақтарын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеу барысында, жалпы жұмбақ атаулының, соның ішінде қазақ жұмбақтарының өзге халық жұмбақтарымен, әсіресе түркі тектес халықтардың жұмбақтарымен сәйкес, ұқсас келетінін, айтатын ойынын, берер мағынасының бір екені аңғарылды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Ушинский К.Д. Собрание сочинений. Т.8. – М., 1950. – С. 776.
- 2 Исэнбэт Н. Табышмақлар, заман Бэм тормыш / Исэнбэт Н. Отканга мэкаль, тапқырга табышмак. - Казан: Татар. кит. нәшр., 1973. - Б. 11.
- 3 Жер жүзіндегі жүзге жуық жұрттың жұмбағы. Алматы: Балауса, 2004, 257-б
- 4 Аникин В. ПОСЛОВИЦЫ, поговорки и детский фольклор В. Аникин. - М.: Наука, 1968. -С. 26.
- 5 Гыйльманов Г. Эбием сихерче бугай. Нәнилэр ечен шигырълэр / Г.Гыйльманов. - Казан: Матбугат йорты, 1999. - Б. 132.
- 6 Татар халык табышмақлары / тез. Н. Исэибэт. -Казан:Таткитнәшр.,1970. -Б. 67.
- 7 Марғұлан Ә.Қазақ жұмбақтарының зерттелу тарихы. Алматы, 1991.12-б.
- 8 Күмісбайұлы Ш. Жұмбақ-әңгімелер. Алматы: Аруна, 2006.60,93-б.Күмісбайұлы Ш.Жұмбақ-әңгімелер. Алматы: Аруна, 2006.60,93-б.

#### Резюме

### ЖАНРОВЫЕ ОСОБЕННОСТИ ЗАГАДКИ В ТЮРКСКОЙ НАРОДНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

А.Б. Мұхамеджанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Докторант Ph, Международнй казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави

В этой статье рассказывается о жанровых особенностях загадки в тюркской народной литературе. Стремление писателя создать диалог между детьми с помощью загадки оказывает активное влияние на детей. Писатели, в своих произведениях, сохраняя свойственность загадок, стараются своеобразно развить этот жанр. Изложить событие с юмором, в смешном тоне или со смехом – это и есть особенность детской литературы, которая возникает соответственно педагогическим требованиям. Ясно, что детская литература меняет пессимистический взгляд на оптимистический, в том числе дает и правильное воспитание. Возникшие в сердцах народа загадки, которые широко используются в качестве обучающего и воспитывающего инструмента, так и остались уникальным жанром детской

литературы. Ученые считают, что основа педагогики лежит на опыте предков и это отражается на народном устном фольклоре. Эта ситуация доказывает аналогичное развитие загадки в тюркской народной литературе.

**Ключевые слова:** фольклорный жанр, краткий вид народной поэзии, загадка, жанр, замена

*Summary*

**JENRE PECULIARITIES OF RIDDLES IN TURKIC LITERATURE**

*Mukhamedzhanova A.B.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Doctoral Ph, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

This article deals with the problem of genre peculiarities of riddles in Turkic literature. Riddles are impressed on children – the writer tried to make up a dialogue with children with the help of riddles. Writers intended to develop this genre in their works through keeping positive sides of riddles. Summarizing the story with humour is the main feature of children's literature and it is done according to pedagogical requirement. It is clear that children's literature is brought up children correctly and make them optimistic. Those riddles which were appeared among people as a tool of teaching and bringing up children are widely used in writers' works became very fruitful genre in children's literature. Scientists consider that ethnic pedagogics came out from ancestors experiences. It is said that riddles genre is closely developed in Turkic literature.

**Key words:** folklore genre, a small kind of national poetry, riddle, genre, exchange

МРНТИ 17.01.11

*А.А. Найманбаев<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ., Қазақстан*

**ПОЭТИКАЛЫҚ МИФОЛОГИЯНЫҢ КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӘДЕБИЕТТАНУДАҒЫ  
КӨРІНІСІ**

*Аңдатпа*

Мақалада миф және мифопоэтика туралы жалпы сипаттама беріледі. Автор әдебиеттегі көркемдік таным жетістіктерін миф, аңыздардан қарастыру өзекті мәселе екендігіне тоқталады. Қазақ мифологиясын зерттеуші ғалымдардың мифология туралы айтқан пікірлерін қарастыра отырып, таным тұрғысынан зерттеу жүргізеді. Бұл мәселеге қатысты зерттеу жүргізген қазақстандық ғалымдардың еңбектеріне (А.Жақсылықовтың, Г.Пірәлиеваның, А.Мәуленовтің, Л.Мұсалының, А.Н. Ғалиеваның, Жанат Әскербекқызының) шолу жасайды. Сонымен қатар, қазақ әдебиетінде аңыздық-мифтік желілер негізінде шығармалар жазып, өзіндік қолтаңба қалдырған Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкеев, С.Жүнісов, Д.Досжанов, А.Алтай шығармашылықтарына пікір білдіреді. Адамзат санасының алғашқы дәуіріне тән деп саналатын мифологиялық ойлау уақыт өте келе көркемдік ойлауға негіз болды деген ой қорытады.

**Түйін сөздер:** миф, мифопоэтика, таным, мифологиялық ойлау.

Бүгінгі таңда қазақ әдебиетіндегі мифтің мән-мағынасын ашу арқылы ата-бабаларымыздың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы, әдет-ғұрпындағы толып жатқан құндылықтарын бар ынта-жігерімізбен оқып-білуге мүдделі болып отырмыз. Олардың білімнің, ғылымның, мәдениеттің, өркениеттің дамып жетілген уақыттағы жазба әдебиетімізге қосқан үлесінің молдығын сол шығармаларды оқып, шығарма бойындағы мифтер тамырына терең бойлап қана көз жеткізуге болады. XX ғасырдың бас кезінде қазақ әдебиетінде ауыз әдебиеті үлгілерін көркем шығармаларда қолдану жаңа әдеби әдістерді өмірге әкелді. Бұл тек шығарманың көркемдік-эстетикалық әсерін ғана емес, оның танымдық құдіретін, символдық мәнін, сол кездегі өмірлік құндылықтарды жан-жақты тануға жол ашты. Сол себепті әдебиеттегі көркемдік таным жетістіктерінің біз үшін осы миф, аңыздардан қарастыру өзекті мәселе.

Адам баласының өткен заманғы ұғым түсініктерінің, дүниені танып білу ой өрісінің өте ерте көрінісі – миф. Яғни, «миф» санының әлі толық жетілмеген ең алғашқы түрі десек те болады. Сол себепті де мифтерді халық өмірінің айнасы дейміз. Миф және мифопоэтиканы ең алғашқы зерттеуші Мирча Элиаде: «Миф белгілі бір қасиетті тарих туралы болған алғашқы оқиғаны сөз етеді. Бұл әрқашан «жаратылыс» туралы, белгілі бір заттың қалайша қалыптасқандығы, яғни өз тіршілігін қалай бастағандығы туралы сөз» – деп пікір білдірген[1].

Ал әдебиеттану сөздігінде мифке мынадай анықтама беріледі: «Миф – халық шығармашылығының өте ертеден қалыптасқан ең көне жанрларының бірі. Миф алғашқы қауымдық қоғам адамдарының дүние туралы, әлемге әмір етер сыртқы күштер, яғни құдайлар мен рухтар образдары туралы және табиғаттан тыс құбылыстар мен оқиғалар жөніндегі түсінігі, сонымен қатар осылар жайындағы қалыптасқан мифтер»[2]. Басқаша айтқанда миф – алғашқы қауымдық қоғам адамдарының әлем, дүние жөніндегі танымының көрінісі. Ғылымда мифке берілген анықтама өте көп және ауқымды. Бұның өзі миф тек қана көне жанр емес, сонымен қатар дәл анықтама беру қиын күрделі жанр екендігін де көрсетеді.

Қазақ әдебиетінде аңыздық-мифтік желілер негізінде шығармалар жазып, өзіндік қолтанба қалдырған Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, О.Бөкеев, С.Жүнісов, Д.Досжанов, А.Алтай т.б. өз шығармашылықтарында үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Аталған жазушылардың еңбектерінде әлем әдебиетінен бастау алған мифтік сарындар шығарманың көркемдік құндылықтары тұрғысынан көрініс тауып, ерекше бір реалистік тұрғыда шығарманың танымдық қасиетін арттыра түсті. Осыған байланысты өз кезегінде ғалымдарымызда құнды пікірлерін ортаға салып жатты. Аңыздық және мифтік формадағы көркем проза үлгілері туралы профессор Ж. Дәдебаев: «Халық әдебиетінің түрлі туындылары, әсіресе, аңыз, миф сипатындағы үлгілер бір шығармада өмір шындығын суреттеудегі амал-тәсілдердің бірі ретінде сипатталса, басқа бір шығармаларда авторлық идея мен объективтік идеяның жарыса дамып, тоғысып түйісер өзегіне айналады» [3],-деп айтқан болатын. Осы айтылған пікірден мифтік шығармашылық авторлық сананың іске араласуынан пайда болатынын аңғарамыз және авторлық сананың әсерінен ежелгі мифтер әдебиетте идеялық және функционалдық жағынан өзгерістерге ұшырайтынына, жаңа құрылымдық байланыстарға ие болатынына көз жеткіземіз. Жоғарыда айтылған пікірге ұқсас ойды ғалым С. Наровчатовтың еңбегінен де байқауға болады. Ол өз зерттеуінде: «Мифтік сана көркемдік санадан өзгеше болуына қарамастан, мифология өнердің, әдебиеттің, поэзияның өркендеуіне орасан зор әсер етті. Мұнсыз көркем творчество болуы мүмкін емес»[4],-деп өзіндік пікір білдіреді.

Мифтік шығармашылықты әдебиетте қолдану сонау фольклорлық шығармалардан келе жатқан құбылыс. Өзінің сакральдік, яғни киелілік қабатынан адамзат қоғамының дамуы барысында біртіндеп ажыраған миф түрлі ертегі, хикаят, аңыз, әпсана, т.с.с ауыз әдебиеті үлгілерінің жасалуына материал болды. Бірақ бұларда мифтік сана, яғни шынайы болмысты қиялмен қабылдайтын пайым жанр поэтикасының талабына сәйкестік міндетті түрде болды. Ал адам санасына «мифтік емес» сипат тән кейінгі ғасырларда миф түсінігіне қатысты барлық категориялар «аяқ – қолын жиыстырып» автордың қаламына тән стильдік ерекшелікті һәм даралықты көрсететін көркемдік тәсіл қызметін иеленді. Мифтік шығармаларда жиі қолданылатын мотивтер оның шындығында, есте жоқ ерте замандарда пайда болғанын айғақтайды. Яғни, ұлттық әдебиетімізде мифтік шығармашылық, мифопоэтикалық дәстүр фольклорлық көне миф сюжеттерін пайдаланғанымен, әдебиетке енген миф сюжеті жаңа мазмұндық сапаға, жаңа эстетикаға ие болып, қайта жаңғырып, көркемдік таным жетістігінің бір элементіне айналады. Сонымен қатар, фольклорлық байланыс жазба әдебиетке де өз әсерін тигізді және халық ауыз әдебиетінен тартылған жайлар жазба әдебиет туындыларына ұласып, өзінше бір көркемдік әлем жасағаны даусыз. Осы жерде ұлы суреткер М. Әуезовтің: «Ұлттық көркем поэзияға ауызша поэзия қаншалық бөгетсіз, сансыз көп қор құйған болса, бүгінгі таңда көркем прозадағы да халықтың ауызша әңгімесі сондайлық жатық жолмен көп араласып, қабысып жатыр» [5],-деген пікірінің жаны бар.

Мифопоэтиканың әдеби дәстүрдегі заңды құбылыс екенін ескерсек, прозадан бөлек қазақ поэзиясында да Абай Құнанбаев, Мағжан Жұмабаев сияқты өзіндік үлкен мектеп қалыптастырған ұлы ақындар мұрасындағы мифопоэтикалық үлгілер дәстүрге ұласып, жаңашылдықпен дамығаны белгілі. Кешегі ХХ ғасырдың 60-жылдары поэзия әлеміне келген М.Мақатаев, Ж.Нәжімеденов, Т.Ысмайылов, Ф.Оңғарсынова, Т.Молдағалиев, одан кейінгі толқын С.Ақсұңқарұлы, Н.Айтұлы, Иран-ғайып, Ұ.Есдәулет, О.Тұржан, Т.Әбдікәкімов шығармаларына мифтік дүниетанымды тұтастай негіз еткен. Ақын Е.Раушанов поэзиясы кең көлемде, сондай-ақ ғасырлар тоғысындағы қазақтың жаңа поэзиясының өкілдері Н. Мәукенұлы, С.Нұржан, Г.Салықбай өлеңдерінде де көрініс тапты. Бұдан шығатын қорытынды, мифопоэтиканың проза мен поэзияда қатар жүретінін, бірін екіншісінен бөліп жарып қарастыра алмайтынымызға анық көз жеткізуге болады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында мифтер мен аңыздардың көркемдік қызметіне жан-жақты талдау жасалынып, ғылыми тұрғыдан зерттелініп, зерделене бастағанына да ширек ғасыр болып қалды. Атап айтқанда, М.Әуезов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Р.Бердібаев, Ш.Елеуенов, Ж.Дәдебаев, Б.Майтанов, А.Жақсылықовтар аңыздар мен мифтердің көркем шығармалардағы көркемдік қызметіне жан-жақты тоқталып, қарастырды. Тәуелсіздік кезеңінде А.Жақсылықовтың «Қазақ әдебиетіндегі діни мазмұнды шығармалардағы әуен, идея және образдар (типология, эстетика, генезис), Г. Пірәлиеваның «Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері» атты еңбегінде, А. Мәуленовтің «Қазіргі қазақ прозасындағы аңыздар мен мифтердің көркемдік қызметі» зерттеуінде, Г.Шаинованың «Роллан Сейсенбаев прозасындағы мифологизм» атты кандидаттық диссертациясында, Л.Мұсалының «Символ және оның көркемдік қызметі» еңбегінде, сонымен қатар, А.Н. Ғалиеваның «Қазіргі әдеби процесс және мифопоэтика» атты кандидаттық диссертациясында бұл тақырыптар жаңа қырынан танылып, жаңаша ғылыми ой-тоқтамдар жасаған. Одан бөлек қазақ мифологиясын (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында) зерттеген Аймұхамбетова Жанат Әскербекқызының «Мифтің поэтикадағы қызметі» атты кандидаттық

диссертациясын ерекше атап өтуге болады. Себебі, ғалым қазіргі поэзиядағы мифтің поэтикалық қызметін алғаш рет жан-жақты, кең көлемде қарастырды. Ұлттық мифологияны арнайы зерттеп, зерделеген С.Қондыбайдың төрт кітаптан тұратын еңбегі де өз кезегінде қазақ ғылымы үшін құнды дүние. Жоғарыда аталған авторлар еңбектерін қарай отырып, мифологизм мәселесіне әдебиеттің әр қырынан келіп, салмақты ойлар тұжырымдағанын аңғарамыз.

Қазіргі әдеби дамуда, оның ғылыми ізденістері өткен заманға аяқ баспай, көркемдік дүниелерден нәр алмай өсіп-өркендей алмайды. Бүгінгі жаһандану дәуірінде ұлттық ойлау ерекшелігінің арналарын пайдалану арқылы ғана өскелең ұрпақтың рухани әлемін байыту керек деген қағида қалыптасуда. Адамзат санасының алғашқы дәуіріне тән деп саналатын мифологиялық ойлау уақыт өте келе көркемдік ойлауға негіз болды. Сол себепті де әдеби шығармадағы көркемдік шындықтың бейнеленуінде мифтік негізде туындаған образдар мен сюжеттер жүйесі маңызды қызмет атқарды. Зерттеуші ғалым С.Қондыбай өзінің «Қазақ мифологиясына кіріспе» деген еңбегінде қазақ мифологиясы деген ұғымға «бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мыңжылдық көшпелі ру-тайпалардың "орташа" алынған өздері, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің, ежелгі танымдарының бірыңғай жүйесі» деп түсінік бере келіп, мифологияның ауыз әдебиеті мұраларының – жырлар мен дастандардың, әртүрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің, жұмбақ пен мақал-мәтелдің, фразеологизм мен діни әфсаналардың өн бойында және қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатқандығын айтады.

Мифтік шығармашылық рухани шығармашылықтың жемісі екені анық. Себебі, миф – «реализмге қосылған адамның өмірді тану құралы болған миф – шындық пен сұлулықтың түпсіз көкжиектігіне алып баратын, уақыт пен әдебиеттің желкенін есетін жаңа леп»[6]. Адам мен адами құндылықтар, табиғат пен адам, адам мен әлемнің жаратылысы туралы философиялық танымдардың көрінісін біз ата-бабаларымыздың мифтік ойлау дәстүрінен көреміз. Қазіргі таңда да архаикалық мифтер мен аңыздар сюжеттеріне құрылған көптеген өнер туындылары дүниеге келуде. Халықтың шарықтаған қиялы мен шексіз ойынан туындаған мифтер мен аңыздар әрдайым бізді еліктіріп, қызықтыра беретіні анық.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Элиаде М. Священное и мирское // Пер. С фр. – М.: Издательство МГУ, 1994 г. – с. 144.
- 2 Әдебиеттану терминдер сөздігі. Семей, Талер – пресс, 2006.-37б.
- 3 Дәдебаев Ж.Д. Қазіргі қазақ әдебиеті лекциялар курсы. – Алматы: Қазақ университеті, 2003.-284б.
- 4 Наровчатова С. Забытый мир. Наука и жизнь: 1969-87 стр.
- 5 Галиева А.Н. Қазіргі әдеби процесс және мифопоэтика. 2012.- 89б.
- 6 Таңжарықова А. Мәди Айымбетовтің «Кие» әңгімесіндегі кие мотиві. Абай атындағы ҚазҰПУ, ХАБАРШЫ «Филология ғылымдары» сериясы № 4(54), 2015 ж.-173б.

*Резюме*

## ПРОЯВЛЕНИЕ ПОЭТИЧЕСКОЙ МИФОЛОГИИ В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ И В ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИИ

*Найманбаев А.А.,<sup>1</sup>*

*Казахский национальный педагогический университет им. Абая, г.Алматы*

В статье приводится понятие о мифе и мифопоэтике. Автор останавливается на том, что рассматривать в мифы и легенды как основное достижение художественного познания в литературе, является актуальным вопросом. Рассматривая мнения исследователей казахской мифологии, проводится собственное исследование с точки зрения познания. Приводится обзор научных трудов казахстанских ученых исследовавших этот вопрос (А.Жаксылыкова, Г.Пралиевой, А.Мауленова, Л.Мусалы, А.Н. Галиевой, Жанат Аскербекқызы). Также в статье дается комментарии творчеству А.Кекилбаева, М.Магауина, О.Бокеева, С.Жунусова, Д.Досжанова и А.Алтая, оставившие свои отпечатки в казахской мифо-легендной литературе, написав произведение на основе мифа. В заключении делается вывод о том, что мифологическая мысль человечества до нашей эры со временем стала основой для художественного мышления.

**Ключевые слова:** миф, мифопоэтика, познания, мифологическая мысль.

*Summary*

*Naymanbaev A.A.,<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Abai kazakh national pedagogical university, Almaty*

The article presents the concept of myth and mythopoetics. Author gives on what is considered in myths and legends as the main achievement of the art knowledge of the literature, it is a pressing issue. Considering the opinion of researchers from the knowledge point of view. The review of scientific works of Kazakhstan scientists have studied this question (A.Zhaksylykova, G.Pralieva, A.Maulenova, L.Musaly, A.N.Galieva, Janat Askarbekkyzy). The article also provides comments to creativity A.Kekilbaev, M.Magauin, O.Bokeev, S.Zhunusov, D.Doszhanov, A.Altay and continue their imprints in the Kazakh myth-legend literature, wrote a piece based on myth. In conclusion, concludes that the mythological idea of humanity before our era over time became the basis for the art of thinking.

**Key words:** myth, mythopoetics, knowledge, the mythological idea

Y.Ospanov

*Candidate of Philological Sciences, Master of Educational leadership and Management,  
Acting Associate Professor of Narxoz University, Almaty, Kazakhstan*

## ZHAMBYL AND HIS CONTRIBUTION TO AITYS

### *Annotation*

Currently aitys, the art of Kazakh nation, is recognized at the international level. Kazakh poets could convey their opinions through aitys. This article presents an overview of aitys peculiarities in the Kazakh literature. The author emphasizes the role of Zhambyl as an unique personality and his great impact on the development of aitys as a folk genre. The author gives some analyses of Zhambyl's compositions which criticise feudalism, and attitudes of rich to poor people. The review of literary historians on the individuality of Zhambyl and his role in Kazakh literature were considered in the article.

**Key words:** Zhambyl, aitys, aqyn, bi, democracy, traditions

The United Nations Educational, Scientific and Cultural Organisation (UNESCO) added aitys into the World List of Intangible Cultural Heritage in 2015. Aitys is a an art of improvisation spread among Kazakh and Kirgiz people. UNESCO website [1] defined aitys in the following way: 'two performers ("akyns") compete with one other to improvise verses on topical themes in a battle of wits that alternates between humorous ripostes and penetrating philosophical reflections. ... The winner is the performer considered to have demonstrated the best musical skills, rhythm, originality, resourcefulness, wisdom and wit. The most meaningful and witty expressions often become popular sayings'.

Though aitys has become a cultural heritage spread among Kazakh and Kirgiz people there are some authors arguing that similar performers have been in different nations of the world. For instance, a well-known Kazakh writer Mukhtar Auezov says that aitys also is preserved in Karakalpak nation [2]. Moreover, Auezov emphasizes that this type of art was peculiar to many different nations of the world at different times. For instance, strong improvisators as Kazakh akyns were in the medieval times among European countries including Russians. It might be due to this reason Kazakhs has the loan word improvisator. According to Veselovskii Arabian seminomadic tribes, Bedouins, had 'mulaqat', while in France there were 'trouveurs' and 'Meistersingers' in the Central Europe. The Russians were famous for their 'traveling minstrels' and Scandinavians had 'saga men'. All of these haracters were of similar character.

Among other researchers who investigated the origin, peculiarities and history of aitys there are the followings: Sh.Ualikhanov, A.Divayev, S.Seifullin, S.Mukhanov, K.Zhumaliyev, E.Ysmailov, A.Tazhibayev, R.Berdibayev, T.Nurtazin, Y.Duisenbayev, T.Kenzhebayev, M.Zharmukhamedov. All these researchers' conclusions coincide in one idea that the highest level of aitys genre is the aitys between two akyns.

The aitys of akyns are to be held in public. The judges of aitys are usually 'bi', i.e. elected judges, sages and 'aqsaqals', i.e. elderly experienced honorable men. To become a bi men need not only to be orators but also fair. Bi is not a state mandate; it is a status earned by being just, respected and valued by people. Among remarkable bis there are Tole bi, Kazybek bi and Aiteke bi and others. Aqsaqals are distinguished senior citizens, mentors who play a decisive role and could speak for the others. Thus, becoming an elected bi or recognized aqsaqal could be considered as a sign of democracy in Kazakh steppes. Bis and aqsaqals judged aqyns according to their smartness, oratory skills and inventive power to respond. Akyns never knew about their opponents and the topic of aitys. However, normally akyns had to predict from the opponent's past experience, his/her strengths and weaknesses, ways and style of competing in the aitys. Additionally, akyn could take into account the changes or events happening to the opponent's living area.

There are a lot of akyns in Kazakh steppes who became famous owing to aitys. Among them Orynbai, Shortanbai, Birzhan, Sara, Aset, Zhanak, Shozhe, Tubek, Zhambyl and others were skillful experts with unrestrained imagination.

Based on a competitive poetry with a social importance a great number of aityses seem to be a literary chronicle. Specifically, some aityses with a great social importance can be considered as an encyclopedia of that historical time, for example the most distinguishable aityses are by 'Aksulu and Kenshembai', 'Molda Musa and Manat kyz', 'Ulbike and Zhankel', 'Shozhe and Balta', 'Orynbai and Arystan', 'Aset and Yryszhan', 'Birzhan and Sara', 'Suinbai and Katagan', 'Zhambyl and Kulmambet' and etc.

The themes of aitys are different. Similar to now akyns could debate on simple daily living activities up to



important social issues. Thus, akyns had to be not only talented but also familiar with day-to-day routine, people's needs, their wishes and problems. In this way akyn could gain respect among people and became authoritative. Moreover, khans and sultans (rulers) were afraid of those akyns who were respectful and supported by people even had to take their opinions into account.

Akyns are always modest people who strove to and cared for mass and public's interests. There are many akyns in Kazakh history that criticized khans and sultans for their unfair and incorrect activities. For instance, Bukhar Zhyrau, an advisor of Abylai khan (a great supporter of Kazakh khanate) and Makhambet who went against Zhanqir khan after the inclusion into the Russian Tzarstvo. Makhambet's famous words 'Khan emessin kaskyrsyn (You are not khan you are the wolf "neg. bloodsucker")' and his refusal to be Khanate akyn are considered to be brave decision. Here are such courageous akyns that were in Kazakh history and there were many of them. Speaking in public, telling the problems of commonalities, criticizing and going against the ruler cannot be done by any person. Talented from heavens and caring akyns could only be adorable among people. Aitys akyns were wisdom of crowds and early risers of democracy representing people's voices and needs. Aitys either could chant the praises of authorities in literary words, poetry or disapprove them correspondingly. Such aitys cases are usually kept in memories of people for a long time. That is why aitys has been widely developed in Kazakh culture and whole nation contributed to its prosperity [3].

Among famous akyns of XX century is Zhambyl Zhabayev, who lived nearly one century and contributed to the development of Kazakh poetry including the art of aitys. Gerold Belger [4] in his writing *The Fate of the Great* uncovers different angles of Zhambyl's live. He first came across with Zhambyl's works before the World War II. That time Zhambyl works were published in Latin characters.

It is worth to mention that the authorities of that time always used his talent in favour of the politics. Thus, Zhambyl's poems were very famous during the World War II. Moreover, his poems were translated by many Soviet people. However, it can be argued that the meanings of some translations were contorted or exaggerated. Belger mentions that there were even discrepancies in translated poems that could be easily observed for people who can understand both Russian and Kazakh.

Zhambyl has become especially famous in his late ages. Being old he was easily attracted by the ideology of the Soviet period. Thus, there are a number of poems glorifying Bolsheviks, Lenin and the regime. Despite that Zhambyl always put himself in position of a nation's – Kazakh's son. No one can deny that he was one of the famous figures who was talented from God, independent, unpredictable and legendary.

Zhambyl's compositions were translated by a number of authors such as P.Knetsov, K.Altaiskii, A.Tarlovkii, D.Onegin, M.Tarlovkii, Y.Smelyakov, V.Potapova, S.Marshak, M.Isakovskii, P.Shubin, N.Sidorenko, A.Bragin, A.Zhovtis, V.Kotylin, P.Bogdanov and D.Brodskii [5].

In the early years of his creative work Zhambyl praised the voice of poor people and was against the rich. Thus, we can hear from his voice raising a number of social issues. As a way of expressing freedom of speech and democracy Zhambyl's aitys explores the topics of annoying and provoking activities in the society. He knew that aitys reflects whole nation's nature and existence with the elements of word freedom and democracy in steppes.

Zhambyl's contribution to aitys is known from his contests with different akyns. His improvisational talent was developed from early years in aitys scenes. Zhambyl's aitys with Kulmambet, Dosmagambet, Akyn Sary and Aikumis are the ones that express his power of word. The studies about Zhambyl's life and his compositions are limited. In 1987 Abdizhamal Nurpeisov published his book about Zhambyl entitled 'Everything sang in him' (*Vse v nem pelo*) which was a great contribution to the studies about him.

Thus, this means that still there is a necessity to study and promote Zhambyl's love for his nation and whole human being. Belger mentions that there were not any critics and comments on that book. Unfortunately, the faces of Zhambyl as a stranger, fighter, traveler, rioter are not well discovered yet. All the current generation knows is limited to the period of his elderly years. It is necessary to study deeply Zhambyl's poems not only from aitys akyn's point, but as a unique personality, Homer of his century, who dreamt about the independence of the nation and promoted the democracy by supporting ordinary people.

#### References:

- 1 UNESCO. *Aitysh/Aitys, art of improvisation [Электрон.ресурс]*. - 2012. – URL: <http://www.unesco.org/culture/ich/en/RL/aitysh-aitys-art-of-improvisation-00997> (қаралған күні: 01.10.2016)
- 2 Әуезов М. *Жамбылдың айтыстағы өнері (Жамбылдың жүз жылдық мерекесінде жасалған баяндама) [Электрон.ресурс]*. -2012. –URL: <http://el.kz/m/articles/view/content-4348> (қаралған күні: 01.10.2016).
- 3 Осранов Ү., Мукhtarova А. *Aitys as a way of expressing democracy in Kazakh steppes // Материалы международной научно-практической конференции «Социальные, исторические и мировоззренческие проблемы личностного творчества». Междунар. конф., Казахстанб Талдықорган: «Академия экономики и права им. У.А. Джолдасбекова», 2013. – Талдықорганб 2013. – С.203–205.*

4 Бельгер Г. След слова [Текст]: Литературные портреты и эссе / Бельгер Г.К. Алматы : Жазушы, 2002. - 232 с.  
5 Джабаев Ж. Избранное / Джабаев Ж. –М.: Русский раритет, 2007. -240 с.

Түйіндеме  
Е.Оспанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Филология ғылымдарының кандидаты, Білім саласындағы басқару мамандығы бойынша магистр,  
Нархоз университетінің доцент міндетін атқарушы, Алматы қ., Қазақстан

Қазіргі таңда қазақ халқының айтыс өнері халықаралық деңгейде мойындала бастады. Қазақ ақындары өз елінің ойын өлең арқылы айтыста жырлай білген. Автор осы мақалада қазақ әдебиетіндегі айтыс өнерінің ерекшеліктеріне тоқталады. Сондай-ақ, айтыс өнеріне елеулі үлес қоса білген Жамбылды мысал ретінде ала отырып, оның айтыстағы орны жайлы баяндайды. Автор ақынның сол замандағы халыққа қысым жасаған байларды сынап айтқан өлеңдеріне тоқталады. Сонымен қатар, Жамбылдың айтыс саласындағы өзіндік тұлғалық ерекшелігі айтылады. Оның фольклор жанрына қосқан үлесі жайлы зерттеген әдебиетші ғалымдардың пікірлерінің негізінде Жамбылдың қазақ әдебиетіндегі, әсіресе айтыстағы елеулі орнына баға береді.

**Түйін сөздер:** Жамбыл, айтыс, ақын, би, демократия, дәстүрлер

Резюме  
Е.Оспанов<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Кандидат филологических наук, магистр в сфере менеджмента в образовании, и.о. доцента Университет Нархоз,  
г. Алматы, Казахстан

Сегодня искусство казахского народа айтыс получил признание на международном уровне. Казахские акыны умели доносить свои мысли через песни айтыса. Данная статья посвящена особенностям искусства айтыса в казахской литературе. В частности, автор обсуждает уникальность личности и творчество Жамбыла, его вклад в развитие айтыса как фольклорного жанра. Автор провел анализ ряд работ Жамбыла, посвященных критике феодалов баев, их отношение к простому народу. Выполнен обзор работ многих ученых литературоведов по изучению уникальности личности Жамбыла и его места в казахской литературе.

**Ключевые слова:** Жамбыл, айтыс, ақын, би, демократия, традиций

МРНТИ 17.07.41

Д.Қ. Сартбаева, Р.Ж. Есбалаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup> ф.ғ.к., доцент Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., Қазақстан.

## КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА АВТОР БЕЙНЕСІНІҢ БЕРІЛУІ

Аңдатпа

Бұл мақалада Ә.Нұршайықов шығармаларындағы кейіпкер бейнесінің берілу жолдары ғылыми негізде талданып, автор бейнесі мен кейіпкер бейнесі категорияларының ара қатынасы, оның көркем шығарма құрылымына әсері анықталады. Автор бейнесінің, әсіресе, прозалық шығармалардағы мәні ерекше. Шығармадағы "автор бейнесі" дегенде жазушының жеке басын түсінбейміз. Жазушының өмірі, дүниеге көзқарасы, оқиға, құбылыстарға шығармашылық қатынасы т.б. оның шығармаларында ізін қалдырады. Алайда көркем туындыда жазушының жеке басы тасаланып, оның орнына алдыңғы қатарға шығармадағы автор бейнесі шығады. Өмірдегі жазушының орнына әңгімелеуші автордың бейнесі қалыптасады. Мақалада автор бейнесі шығарманың көптеген компоненттерінің бірі ретінде қаралады. Шығарманы поэтикалық талдау кезінде автордың жазушылық позициясын таныта алғанын байқайсыз.

**Кілт сөздер:** авторлық баяндау, лирикалық шегініс, тарихи шындық пен көркемдік шешім, прототип

Көркем шығарманы талдауда автор бейнесін айқындау мәселесі қазіргі қазақ прозасында жиі кездеспейтін құбылыс. Кейіпкер категориясы бұрын-соңды көркем шығармадағы автор бейнесіне қатысты сөз болғанмен, оның көркемдік болмысы, ұғымдық негізі, оны талдаудың ұстанымдары мен әдістері көркем шығарманы талдау әдістемесіне әлі де дендеп ене қойған жоқ. Көркем шығармаға толық талдау жүргізу үшін бұл мәселенің өзіндік шешім табуы аса қажет. Кейіпкер сомдаудың алғашқы классикалық үлгілері қазақтың халық ауыз әдебиетінен бастап, Ж.Аймауытов, Б.Майлин, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды көрнекті жазушылардың шығармаларында барынша мол көрініс береді. Кейінгі кездердегі О.Бөкей, Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Р.Сейсенбаев, Д.Исабеков шығармаларындағы жазушылардың кейіпкер сомдаудағы қаламгерлік шеберліктері бүгінде ғылыми тұрғыдан талданды. Осылардың қатарынан өзінің жазушылық дарынымен ерекше көзге түсетін қаламгерлердің бірі – Ә.Нұршайықов. Бұған дейін

жазушының кейіпкер бейнесін жасау шеберлігі бірді-екілі айтылғанымен, жазушы прозасындағы автор бейнесі арнайы зерттеу нысаны болған жоқ. Шығарманың рухани құнды жері де – өзінің адамтану тәжірибесімен оқырманымен бөлісіп, оған өмірлік қажетті бай білімдерді бере алуында. Кейіпкерлерді сөйлегіп, оларды әртүрлі оқиғаларға қатыстырып отыратын автор сөзінен оқырман санасында автордың өз бейнесі туралы түсінік қалыптасады. Сол себепті «көркем шығарма тілі – автор тілі мен кейіпкер тілінің қатынас көрсеткіші»[1,17] ретінде бағаланып, екеуі диалектикалық бірлікте танылады.

Қаламгердің кейіпкер сомдаудағы ұстанатын қағидалары мен көркемдік әдіс-тәсілдері, таным-түсініктері қазіргі проза жанрына тән жаңа үрдістердің барын дәлелдейді. Кейіпкер бейнесі жалпы көркем шығарма тіліне және автор бейнесіне қатысты Ә.Нарымбетов, Қ.Жұмалиев, З.Қабдолов, Т.Сыдықов, Б.Майтанов, Т.Рахымжанов, Г.Пірәлиева, Ш.Әбішеваның зерттеулерінде сөз болды. Бұл еңбектерде Б.Майлин, Ж.Аймауытов, Ғ.Мүсірепов, М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Д.Исабеков, О.Бөкей т.б. қазақ жазушыларының шығармаларындағы кейіпкер бейнесі мен автор бейнесінің берілуі, қалыптасуы зерделенді. Осы орайда көрнекті жазушы, көркем сөз шебері Ә.Нұршайықовтың да кейіпкер сомдаудағы көркемдік шығармашылық ерекшелігіне арнайы талдау жасау, шеберлік қырларын көрсету бүгінгі қазақ әдебиетінің даму бағыт-бағдары, қазір орын ала бастаған адами және қоғамдық құндылықтар туралы нақты тұжырымдар жасауға негіз бола алады. Жазушының кейіпкерді (авторлық бейне) бейнелеудегі стильдік ерекшелігін талдау, көркем-эстетикалық мақсат-міндеттерді шешудегі қолданған әдістерін анықтау арқылы қаламгердің қазақ әдебиетінің, оның тілі мен көркемдік әлеуетін арттыруға қосқан үлесін көрсету мақаламыздың өзектілігін аша түседі.

Қаламгер белгілі бір өмір құбылыстарын, сәттерді, мінездерді бейнелеп қана қоймайды, оларға талдау жасайды, баға береді, «үкім» шығарады. Күрделі шығармалардағы авторлық баға мен шешімді дөп басып анықтау оңай емес, сондықтан туындының жалпы мағынасы немесе кейбір кейіпкерлерінің қыры мен сыры әрқилы шешімдерге жетелеуі мүмкін.

Мәтінді, шығарманы, көркем әлемді біріктіріп, тұтастырып әрі ерекшелеп тұратын ұғым «автор» деп жүрген ғалымдардың пікірінің жаны бар. Көркем шығарма – ең алдымен белгілі бір уақыт аралығындағы адам еңбегінің нәтижесі деген жалпы тезиске тоқтаған жөн шығар. Сонымен қатар әдеби мәтінді автор санасы мен танымының, ойы мен қиялының, сыртқы және ішкі факторлардың әсерінің желісі мен өзін-өзі бақылауының, оның санасынан тыс тұрған білім мен ақпараттың ықпалы немесе бейсаналық мифтік образдар, өмірдегі оқыс жағдайлар мен кенеттен болған оқиғалардың адамның көңіл-күйі, психологиялық болмысы сияқты сан түрлі басқа ақпараттың, дерек пен дәйектің көркем жиынтығы деудің де орны бар, яғни бұлардың автор болмысынан хабар беріп тұратын негіздер екенін естен шығармаған дұрыс. Көркем мәтінмен танысу барысында оның авторына деген қызығушылықтың ең алдымен пайда болатыны туралы көп айтылып жүр. Сонымен қатар автор арқылы оның шығармаларына деген әр түрлі сұраныстың да әрқилы қалыптасатыны бар. Көркем мәтін мен оның авторының арасындағы байланыс, қарым-қатынас өте күрделі екен, сондықтан мұны қазіргі ғылым жан-жақты қарастыруда. Психоантропология ғылымының автор бейнесінің мәтінде көрінуінің астарына интроверттік тұрғыдан үңілуінің кемшілігі де, жетістігі де бар. Кейбір авторлар көркем шығарма жазудан гөрі мәтін тудырушылықпен көбірек айналысып жүр деген көзқарас пен ойлардың мән-мағынасы астарлы. Осының бәрі «автор» ұғымын әдебиеттану, мәтінтану мен аударматануда әр түрлі қолдануға негіз болуда. Осыған байланысты профессор Т.Есенбеков "Қазіргі ғылымда орныққан көзқарастарды жүйелесек, «автор» термині жалпы тұрғыдан былайша қарастырылып жүр: а) «биографиялық автор», ә) «автор-баяндаушы», б) «автор – болмысқа деген көзқарас», в) «автор – көркем образ», г) «бейтарап куәгер», д) «нарратор», е) «автор – аноним, белгісіз персонаж», ж) «көркем әлемнің иесі», з) «мәтін жаратушы», и) «көркем әлем тудырушы»[2,38] -дейді. Ә.Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар», «Ақиқат пен аңыз», «Тоғыз толғау» прозалық шығармаларында да роман авторының өміріне қатысты ақпарат пен дерек жетерлік.

Әдеби шығарма жазушы тұрғысынан берілген өмірдің нақты немесе шартты бейнесі болғандықтан, ол - ең алдымен автордың ойы мен сезіміне байланысты, ендеше көркем мәтіннің дүниетаныммен белгілі бір деңгейде байланысы бар.

Көркем шығарма құрылымындағы баяндау типтері шынайы өмірдегі бейнеленетін объектілерден өзгешеліктерге ие. Шынайы өмірге тән табиғи кеңістік-мезгілдік, себеп-салдарлық қатынастар көркем шығармада күрделеніп, өзгеріске түседі (трансформацияланады). Көркем трансформацияланудың сипатын анықтауда автор баяндауының субъективтілік мәнін ашудың маңызы зор. Ол үшін “автор бейнесі” дәрежесінің сырына үңілу нәрсенің бетін ашады. Көркем шығарма стилін анықтауды шешуші роль атқаратын міндеттердің бірі-автор бейнесінің тілдік құралдармен берілу жолдарын ашу, оның тілдік құрылымын айқындау[3,154]. Өйткені автор бейнесі-шығармадағы стилдік құралдарды біртұтас тілдік

көркем жүйеге біріктіруші орталық стилистикалық категория, шығарманың стилистикалық жүйесінің ішкі деңгегі. Ол-шығарманың ішкі бірлігі мен тұтастығының арқауы.

Шығармадағы "автор бейнесінің" көріну дәрежесі әдетте әр түрлі. Кейде ол шығармада барынша "анық көрінеді", яғни шығармадағы болып жатқан оқиға құбылыстарға автордың көзқарасы, қатынасы ашық бейнеленеді. Ал енді ол бірде жасырынып", кейіпкер бейнесінің "тасасында қалады". Бірақ, бәрібір, олардың қай-қайсысы да "автор бейнесін" сипаттайды.

Кей шығармаларда автор шығарманың басқа кейіпкерлерімен бір қатарда тұрады, оқиға, құбылыстарға қатардағы кейіпкер ретінде қатысады. Бұл жағдайдағы оның мәні, қызметі, ролі басқаша. Мұнда ол шығарманың көптеген компоненттерінің бірі ретінде қаралады.

Мәселен, Ә.Нұршайықовтың прозалық шығармаларының композициялық құрылымы - композициясы жазушының өзі бас кейіпкерге айнала отырып, әңгімелеп беру әдісі бойынша жазылған романдар тобынан көруімізге болады. Олай дейтініміз, «Махаббат, қызық мол жылдар» романы Ерболдың баяндауымен дамиды. Сондай-ақ, романдағы автор бейнесін нақтылауда да шығармадағы орталық кейіпкер-Ерболға жүгінеміз. Жазушының оқырмандармен сұхбатында «Ерболдың прототипін күнде көремін, екеуіміз бір мекемеде қызмет істейміз. Әсіресе, таңертең асығып жұмысқа келген бетте шаш сипау үшін айна алдында жүздесіп, жымыңдасып та қаламыз. Оның төрт баласы, әйелі бар. Оны көргенде: «Сен кітаптағы Ербол менмін деп мақтанасың. Бірақ жазушының әр шығармасында өз өмірінің элементтері араласа жүретінін, ендеше Ербол бейнесінде менен титтей бірдене бар екенін оқырмандар да сезетін шығар», - деп қоямын. Расында да кейбір оқырман Ербол мен авторды бір адам деп есептейтін көрінеді. Ал көптеген оқырмандар Ерболды өмірде бар, тірі адам деп те ұғады. Сондықтан олар баспаға жолдаған өз хаттарында сыртына «Ербол Есеновке тапсырылсын» деп жазады»[4,412] - дейді.

«Автор бейнесінің» дамып, әңгімелеуші қызметінің жетілуі, оның жаңа формаларының пайда болуы жазушылардың жаңа мазмұнды меңгеруіне ғана байланысты емес, сонымен қатар әңгімелеу формаларының жаңа түрлерінің жасалып, олардың мән-мағынасының артуына да байланысты. Мұның өзі жазушының болмысты жан-жақты қабылдап бейнелеуіне кең жол ашады. Болмысты әр түрлі қырынан жан-жақты қабылдау стилистикалық тұрғыдан көп мағыналыққа алып келеді. Ауыз әдебиеті мен алғашқы прозалық шығармаларда кескіндеу тәсілдерінің көп түрлілігі жоқ, олардың мүмкіндіктері шектелген. Олардағы автор бейнесі жазушының өзіне де, кейіпкерлеріне де, оқырманға да ортақ дараланбаған. Автор өзінің көзқарастарын кейіпкерлердің бәріне де ортақ етеді. Кейіпкерлердің сөздері де автор сөзімен ортақ бояуға ие. Сондықтан бұл әдебиеттерде «тудырушы» (жазушы) мен туынды (шығарма) бір нәрсе. Ал жаңа сипаттағы әдебиет «автор бейнесінің» ерекше ұйымдастыруымен дараланады.

Жазушы прозасындағы авторлық бейнені нақтылау үшін жазушы өмірбаянына тоқтала кеткен артықтық етпес еді. Жазушы Ә.Нұршайықов Жарма ауданының Ақбұзау ауылында туған. Бала Әзілхан ауылдағы орта мектепті бітірген соң, Алматыға тау-кен институтының жұмысшы факультетіне оқуға түсіп, бір жыл оқыған соң бұл оқуын тастап кетеді. Орысша бір ауыз білмейтін ауыл баласы осылай істеуге мәжбүр болады. «Келесі жылы жұмысшы факультетімен қоштасып, Семей қаласындағы Абай атындағы педучилищеге барып түстім» - деп жазады жазушы өзінің әйгілі «Автопортретінде». 1941-1945 жылдарда Қызыл Армия қатарында болды. Майданда жүргенде де қолына қаруы мен қаламын қатар ұстап жүрді. Өзінің жауынгер жолдастарының майдандағы ерліктерін мадақтап, үнемі өлеңдер, очерк, мақалалар жазып жүрді. Олар майдан газеттерінің, республикалық газет беттерінде жарияланып тұрды. Ең алғаш еңбек жолын мұғалімдіктен бастаған жазушы бұрынғы облыстық «Екпінді» газетінде (қазіргі «Семей таңы»), республикалық «Қазақстан пионері» газетінде, «Соц.Қазақстан» газетінде, Павлодар облыстық «Қызыл ту» газетінде қызмет етті.

1970 жылы ол өзінің тұңғыш романы «Махаббат қызық мол жылдарды» жазып бітірді. Роман кезінде әр жастың жастығының астынан түспейтін болды. Әрбір жас осы романның рухымен тәрбиеленді. Бұл кітап қазір де оқушы қауымның қолынан түскен жоқ. Романның негізгі мақсаты - адамгершілік, эстетикалық тәрбие, жан дүниесі тазалығын, мөлдір махаббатты паш ету.

Ә.Нұршайықовтың шығармаларында мұншама жүктің салмақты басын көтеретін образ – Ербол Есенов. Қаншама адам тағдырын зерттеп, жан дүниесіне үңіліп жүрген мамандығы журналист осы бір жанның есімін Ә.Нұршайықовтың әрбір шығармасынан естіп қаламыз. Ол бірде – баяндаушы әрі кейіпкер («Махаббат, қызық мол жылдар»), бірде – тыңдаушы әрі бақылаушы («Әсем», «Махаббат жыры», «Ғажап адам», «Ескі дәптер»). Бәрінде ол – автор айтпақ болып, мансұқ тұтқан түпкі ойды іске асыруға қызмет етіп жүрген бейне. Ербол Есенов пен жазушы арасына теңдік белгісін қоюға да болады. Өйткені екеуінің өмір жолының тармақтары сәйкес келіп, дүниетаным, көзқарастары да түйісіп жатады. Жазушының шығармаларында өз өмірінің элементтері араласып жүргенімен, шығарма кейіпкері – көркем

бейне. Оны суреткер әрлейді, белгілі бір идеялық қалыпқа құйып өндеп шығарады. Мысалы, «Махаббат, қызық мол жылдардағы» Ербол жүрген жол жазушы өмірінің көп тұстарына дәлме-дәл келгенімен, шығармада Ұлы Отан соғысына барып, жауды жеңіп қайтқан саналы қазақ жастарының тағдырын елестетуінің мәнісі осында. Демек Ербол — жиынтық дәрежеге жете алған көркем образ. Ондай көркем бейне — жазушы стилінің айқын көрсеткіші. В.Виноградовтың айтуынша, жазушы стилі образ жасау барысында қалыптасады[3,15]. Олай болса, тасасында жазушының өзі тұрған Ербол образы — қаламгер стилі мен идеясын танытқан басты кейіпкер. Осы тұста Қ.Жұмалиевтің: «Стиль жазушының өзі»[3,15] - деген сөзін еріксіз құптаймыз. Шығармадағы жазушының өз образы жайынан сөз қозғағанда авторлық баяндау тәсілін айтпай кетуге болмайды. Себебі көркем туындының баяндау жүйесі автордың сөзі мен толғаныстары арқылы келісті өрнек табатындықтан, шығармада, автор мен баяндаушы көп ретте ортақ қызмет атқарады. «Яғни, авторлық сана жеке-дара өмір сүрмейді. Ол өзге саналармен әр қырынан сабақтасып, құрылым жағынан түрлі баяндау деңгейлерін алып жатады және көркемдік орайында жанрлық-стильдік принциптермен сабақтас болады». [1,89].

Адамның ішкі сұлу сезімі-махаббат психологиялық тереңдікпен, ұлттық мінезге сай етіп суреттелген "Махаббат, қызық мол жылдар" романы жарық көрген күннен бері оқырман қауым жүрегінің төрінен орын алып келеді. Автор осы романның өзіне ғана оқырманнан мыңға жуық хат алыпты. Сондай-ақ мерзімді басылымдарда отызға жуық пікірлер жазылып, бірқатар әдеби-сын еңбектерде тілге тиек етілді. Осы зерттеу мақалалардың бәрінде де романға жақсы баға беріліп ыстық ілттипат білдірілген. Көпшілік қауым солардың бірінде айтылғандай: "... романды совет студенттерінің биік моралі, жалпы жас жеткіншекті жақсы жолға бастайтын әсерлі өнегесі мол, махаббат, достық, адамгершілікті жырлайтын туындыға санайды"[1,145]. Сондықтан да болар соғыстан кейінгі жылдардағы студенттердің асыл мұраттары мен армандары дәл бүгінгідей әсер қалдырып, қазіргі студент жастардың көңіліне ұялай кетеді. Расында, мұнда махаббат пен достық сезімдерінің сұлу жарасымдылығы, адамгершілік қасиеттердің асқақтата көрсетілуі шығарма абыройын арттырды. Әсіресе романның студент жастар арасында көп оқылып, талқыға түсуінің мәнісі бар. Өйткені студенттік орта, олардың күнделікті тыныс-тіршілігі, арман-мақсаттары шынайы түрде көрініс тапқан. Роман, атап айтқанда, ҚазҰУ-дің тіл-әдебиет факультетінде 1945-1949 жж. аралығында оқыған бір топ жастар өмірінен негізделген. Шығарма авторы Ә.Нұршайықовтың бұл жылдары осы аталған оқу орнында оқығаны өмірбаянынан белгілі. Демек жазушы роман оқиғаларын өзінің әрі құрбыларының басынан өткерген, өзіне етене таныс жайлардан өргені анық. Сондықтан да болар автор мен бас кейіпкер Ербол арасында ұқсастықтар көп. Біз оның жазушының "Махаббат, қызық мол жылдар" кітабы қалай жазылды?" мақаласында кейіпкерлерінің прототиптері жайында оқырманға айтқан жауабынан да аңғарамыз.

Ә.Нұршайықовтың өзіндік бір ерекшелігі – кейіпкердің сөзіне көп мағына сыйғыза алатындығы. Диалог арқылы әрі оқиғамен таныстырады, әрі образды аша түседі. Демек «көркем шығармадағы кейіпкер сырына қанықтыратын, характер табиғатын, қаһарман бойындағы моральдық-этикалық сапаларды ашуға мүмкіндік беретін маңызды құралдардың бірі – диалог»[6,150]. Кейіпкердің мінез-құлқын мейлінше айқын етіп жеткізетін диалогтын бірі – «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы Ербол мен Тұмажанның поездда кездескендегі диалогы. Онда автор Тұмажанның азғындығын өз сөзі арқылы-ақ көрсеткен. Сөзімізді растау үшін Тұмажанның өз ақымақтығына өзі мәз болып айтқан мына бір сөзіне ден қоялық: «...Қыз не үшін жаратылғанын білесің бе өзің? Білмесең мен айтайын: қыз қызық үшін, ләззат үшін жаралған. – Осылай деп ол өз-өзінен тамсанып, тісін ақситты. Бұл тұста ол маған кісі емес, тісі сақылдап тұрған қасқыр сияқты боп көрінді. – «Қыз» деген сөздің өзі қызды көріп, бүйрегің бүлкілдесін, бүйірің қызсын, оны көрсен лап қой, бас сал да умажда деген мағынаны береді. Ал мен бас салдым да, өмірдің өзіме тиісті қызығын көрдім. Кеше немістермен біз не үшін соғыстық осындай қызық көрмесек, а? Мен саған айтайын бар ғой: дүние екі келмейді. Сондықтан да тірі күнінде тәтті қыздардың шырынын сорып қалу керек, мына мен құсап. — Ол жыртқыштың тұяғы іспетті мұқыл саусағымен өз кеудесін түртіп қойды. Содан соң қысық көзін одан сайын сығырайта түсіп сөзін аяқтады. — Жалғыз қыз ғана емес, өмірдегі тәттінің бәрінен өз үлесінді үзіп, жұлып, жұлмалап алып қалу керек! Міне, мұны білетін Ошақбаев ешқашан да опық жемейді» [1,417]. Бұл Тұмажанның өмір сүру жайындағы «философиясы». Осында диалогпен қатарластыра Ербол тарапынан беріліп отырған Тұмажанның метафоралық сипаттағы кескіндемесі де оның табиғатын тереңірек аша түсуге септігін тигізген. Оның қимылдарын жыртқыш аңға – қасқырға ұқсату жазушы киялының жүйіріктігін көрсетеді. Әрі кейіпкер сөзінің мазмұнына қарай бет-пішінінің мимикасын сәйкестендіру шеберлігі де ұтымды. Романда диалог пен портреттің байланыс бірлігі өзгеше бір көркемдік шешімін тапқан, әрі кейіпкердің өз характерінен туып, қалыптасып жатады.

Автор бейнесі туралы жазылған шығармалардың алуан бір тобы студент жастар өмірін камтиды екен.

Олардан жоғары мектеп мәселесін қозғап, жастардың идеялық адамгершілік бейнесін, рухани ізденістерін көрсетуге ұмтылыстар байқалады. Аталған шығарма, біріншіден, қиындығы мен қызығы мол студенттер тіршілігін, олардың ынтымақтықты ортасын, жас қыздар мен жігіттердің махаббат сезімдерін, үлкен еңбек жолына аттанар алдындағы рухани дайындықтарын көрсетуімен қызықты болса, екіншіден, білім мен ғылымға құштар әрі жолдастық сезім мен азаматтық парызды жоғары қоятын Ербол Есенов, Меңтай Ербосынова, Майра Абаева образдармен үлгі-өнеге берді. Бұл туындыларда жазушы көтерген мәселесін әр қырынан сөз етіп, өзіндік әдістермен шешуге тырысқан. Тұтастай жастар қауымының жүрегіне жол тауып, әрбір шаңырақтың төрінен орын алған. "Махаббат, қызық мол жылдар" романы да жазушының дара қолтаңбасымен ерекшеленеді. Адамның ең мәнді де қымбат студенттік жылдарындағы шынайы сүйіспеншілік сезімін Әзілхан Нұршайықов лирикалық әуенмен төгілте баяндап берген.

Шығарманың басты кейіпкерлері-кешегі солдат, бүгінгі студент Ербол мен инабатты сұлу бойжеткен Меңтай, ал негізгі оқиғасы осы екеуінің арасындағы ұяң сезімге, шынайы сүйіспеншілікке құрылған. Екі жастың жүрегін тербеткен махаббат әуенін сипаттайда әріден жырланып келе жатқан халқымыздың «Қыз Жібек», "Қозы Көрпеш-Баян Сұлу" сияқты ғашықтық жарлары мен "Қамар сұлу", "Шұғаның белгісі", "Қалың мал" романындағы қазақи сүйіспеншіліктің ұлттық дара сипатын көрсету дәстүріне жүгінгені әр кез байқалып отырады. Романда адамның махаббат сияқты құпия да сұлу сезімі психологиялық тереңдікпен ұлттық мінезге сай етіп берілген. Мұны филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Кәкішев те: «Бұл романда бар адамзатқа тән махаббат сезімі бүгінгідей анайыланбай, «жалаңаштанбай», қазақи мінезбен, қазақи қылық қияпатымен суреттелген»[7,4-5] - деп дәп басып айтқан. Романның бір артықшылығы осынысында болса керек, осы аңқып тұрған «Қазақи мінез»[8,23], әсіресе Меңтай мен Ерболдың болмысын, мінез-құлқын сипаттаған тұста қоюырақ көрінеді. Меңтайдың инабаттылығы, арлылығы, ұстамдылығы, нәзіктігі, жан дүниесінің тазалығы, ұлтымызға тән үйлесімділікпен суреттелген. Сондай-ақ Ербол да Төлеген мен Қозыдай махаббатта да, майданда да ерлікке әзір ер-азамат ретінде танылады. Әсіресе, соғыстан жеңіспен оралып, романтикалық күйде жүрген солдатты топ студент қыздардың ішіне тап қылып, төрт жыл армандай болған аруларды көргенде, көште кетіп бара жатқан қырық қыздың бірінен бірінің асқан сұлулығына тамсанып, есі кеткен Төлегендей күй кештіруі, олардың әрқайсының портреттік сипаттама бергізетін тұстары, жазушының ауыз әдебиеті элементтерін өте шебер пайдаланғандығын көрсетеді. Жарасымды жеңіл юмормен жазылған осы эпизодты езу тартар, күлімсірей отырып оқисың. Романның мұндай жетістіктері ондағы махаббат дастанының ұлттық өрнекпен өріліп, сұлу жарасымдылық табуына септігін тигізген.

Ойымызды қорыта айтқанда, көргені мен көкейге түйгені көп Ә.Нұршайықовтың автор бейнесін шығармаларында сомдай алуы көркем әдебиетте үлкен қызмет атқарған. Біріншіден, өзінің жазушылық позициясын таныта алған; екіншіден, күллі шығармаларындағы идеялық-тақырыптық бірлікті айқындауға жол ашқан; үшіншіден, шығармадағы барша элементтерді байланыстыратын ұйымдастырушы мәнге ие болған, төртіншіден, каламгердің стильдік-жанрлық өзгешелігінің қалыптасуына ықпал еткен.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Қалқабаева С. Әзілхан Нұршайықов прозасындағы адамгершілік ізденістер. Монография. - А.: «Қазығұрт», - 2004. - 168 бет.
- 2 Есенбеков Т. Әдеби талдау негіздері. - Қарағанды, 1991.
- 3 Қабдолов З. Сөз өнері. - А., 1994.
- 4 Нұршайықов Ә. 4 т. Шығармалар жинағы. Т.1: Роман, повесть және әңгімелер. - 432 б. - А.: Жазушы, 1992.
- 5 Нұрымова Қ. «Әзілхан Нұршайықовтың «Махаббат, қызық мол жылдар» романының шығармашылық тарихы» канд. дисс. Авторефераты. - А., 1997.
- 6 Қабдолов З. Жебе: Әдеби толғаныстар мен толғаулар. - Алматы: Жазушы, 1977. - 379 бет.
- 7 Кәкішев Т. Шынайы өмір жыршысы // Қазақ әдебиеті. - 1992. - 4 желтоқсан. - 5 б.
- 8 Әділбекова Л.М., Аязбекова Қ.Ә. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі ұлттық көріністер. 98 б. Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршы «Филология ғылымдарының сериясы» №3(53), 2015 ж.

*Резюме*

## ОБРАЗ АВТОРА В ХУДОЖЕСТВЕННОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

*Д.Сартбаева, Р.Ж. Есбалаева<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> К.ф.н., доцент Международного казахско-турецкого университета имени Ходжи Ахмета Ясави

В этой статье выясняется взаимосвязь категорий образов автора и персонажа, влияние на структуру художественного произведения, обсуждаются пути отдачи образа персонажа в произведениях Ә.Нұршайықова. Особенна суть образа автора в прозаических произведениях. Мы не понимаем индивидуальность образа автора в произведениях. В его произведениях оставляет свой след деятельность и мировоззрение писателя, отношение на творческие явления и события.

Но в художественном произведении скрывается индивидуальность автора, на передний план произведения всплывает образ автора. Вместо писателя формируется образ автора. В статье образ автора рассматривается в качестве одного из многих компонентов. Во время поэтического анализа произведения вы замечаете авторскую позицию.

*Summary*

**THE WAY OF PRESENTING AUTHOR'S SILHOUETTE IN LITERARY WORKS**

*D.Sartbayeva, R.Zh. Esbalayeva<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Assistant Professor, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University*

This article deals with giving ways of character's silhouette in A.Nurshaykhov's works that discussed scientifically, the relations of author's silhouette and character's silhouette categories and their influence on literary work's structure is defined. Author's silhouette, especially, the role of literary works is different. «Author's silhouette» in literary works does not mean writer himself. Creative relations to writer's life, his world viewpoint, story are mentioned in his works. However in the work instead of writer's silhouette author's silhouette was appeared. Author's silhouette is considered as a component of literary work in the article. While analyzing the work you can notice that the author could show writer's position.

**Key words:** author's summarizing, lyric, historical honesty and fiction decision, prototype

МРНТИ 16.01.07

*Қ.З. Халықов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы,  
Алматы қ., Қазақстан*

**«ДАНАЛЫҚ СӨЗДІҢ» ТӘҢІРЛІК ПЕН СОПЫЛЫҚ ТАНЫМЫНДАҒЫ РУХАНИЛЫҚ  
МӘНДЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада сөз өнерінің даналық қыры филологиялық, мәдени-философиялық және діни мәселелер қатарында қарастырылады. Фольклордан, сопылық афоризмдерден мысалдар келтіріліп, сөздің ішкі мәнін іздеу Тәңірлік, арап-мұсылман және сопылық философия тұрғысынан пайымдаулары талданады. Сонымен қатар, әл-Ғазалидің жазушы-сенсуалист ретіндегі «білімдер критерийі немесе логика өнері» атты пікірінде «хаткерліктің» төртінші өмір сүру модусы оның мысалдарында келтірілген.

Суфизмнің түсініктеріндегі аскетизмі мен мистицизмі қатынастарындағы руханилық сатылары мен оған жетудің мәндері, түркілік дүниетаным мен исламдық өркениеттің өзара қатынастағы дамуы талданып, дүниетанымдық белгілері ажыратылады.

**Түйін сөздер:** сөз мәні, мақалдар, тәңірлік, суфизм, мәдени алмасу

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетіндегі даналық - сөз өнері, саз-күй, бейнелеу өнері, қол өнері, сәулет, мүсін өнері мен салт-дәстүрлер рухани жүйедегі ішкі мәнді қамтитын салаларды құрайды. Ең алдымен, «өнер алды – қызыл тіл» болғандықтан сөз өнеріне ерекше орын береді. Сөз өнеріндегі алдам мәніне келетін болсақ, қазақ халқының тарихындағы ауыз әдебиеті, аңыздарда, шешендік сөздерде, жырларда, ертегілерде, мақал-мәтелдерде үлкен мәселенің түйінін бұр ауыз сөз арқылы шеше білген. Қазақ халқының ауыз әдебиетін зерттеуші В.В. Радлов: «Қазақтар қандай әсем сөйлейді, олардың сөз шеберлігіне құмарлығы зор», - деп өте орынды байқаған [1, 18-19]. Ал, тюрколог ғалым Ә.Қоңыратбаев шешендік сөздерді «зандық», «нақылдық», «философиялық», «сатиралық тапқыр сөздерге» бөліп қарастырған [2, 13-20].

Сөз шебері өзінің ойын жеткізу барысында, аса дәлдікпен ақ пен қараны ажырата ақиқатты мегзей отырып, еш бұрмалаусыз әділеттілікті анықтауға ұмтылған. Ол шындыққа сай өлшемдерде сөзбен үйлесімді композиция құрады. Оның асылдығы мәнінде, адамның іс-әрекеті мен болмысының ар жағындағы құнды өзекпен байланыстылығында. Сондықтан, інжу-маржан мәнді сөздер – сөз жүйесін құрады. Сөз жүйесіндегі ішкі мән дегеніміз – адам ойымен, ақылымен, ішкі түйсігімен зерделенген, сұрыпталған, отыз тістей реттілікпен сипатталған, әлемдік үйлесімге сай келетін мазмұнды білдіреді. Осыдан келіп, «жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» деген халықтың нақыл сөзі шығады. Яғни, айтылған сөз екпінді қозғалыс ретінде дәл айтылса, реттілік үйлесіміне қосылады, өзегі мен мәні табылмаған сөз қайта келіп иесін табады. Бұл дегеніміз – адам мәнінің ұлы үйлесімімен сәйкестенуі, қабылдануы. «Тілмарлық – Тәңірдің өзі сыйлайтын өнер деп мойындағандық. Шындықты мойындаған адам қастерлей де біледі, ғибаратын да ала біледі, елге игілігін де жая біледі» [3, 26-27]. Қазақ халқы қай кезде болмасын, аталы сөзді адам өмірінде этикалық-тәрбиелік мәні болғандықтан аса жоғары қадірлей білген.

Ә.Қоңыратбаевтың еңбектерінде шешендік сөздерге байланысты бірқатар ұтымды ойлар айтылған: «...Енді біреулер шешендік сөз бір ғана тапқырлыққа құрылады, олар ойын дәлелдеп айтқан деседі. Әңгіме дәлелдеуде ғана емес, олар логикалық ойға құрылып елдік мазмұнда болған. Грек, Рим жұртында туған риториканың нормалары бұл кезде ескірген. Бірақ әділет, дұрыстық жолын айтқан нақыл сөздердің бәрі бірдей ескі емес. Халық сондай сөздерді қадірлеп сақтаған. Жазу сызуы кем көшпелі елдерде шешендік сөз өзінше бір өнер, мектеп, дидактика болған. Шешендік сөздің дәрі – мақал болса, одан алатын ғибрат ескірмейді. «Аталы сөзге арсыз тоқтамайды» деген нақыл содан қалған» [4, 47].

Жоғарыда келтірілгендей, шешендік сөздердегі көрініс тапқан ішкі мәнділіктің адам мәніндегі орнының ерекше және жоғары екенін байқаймыз.

«Туғанда дүние бесігін ашады өлең,

өлеңмен жер қойнына кіреді денен», - деген Ұлы Абай айтқанындай, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, бүкіл өмірі өлеңмен өрнектелген. Ол бесік жыры, бөбек жырлары, үйлену жырлары, жоқтау, ұлыс жырлары, өтірік өлең жаңылтпаш, жұмбақтар, шешендік сөздер және т.с.с. осының бәрі қосылып, қазақ халқының сөз жүйесіндегі ішкі мәнге қандай орын бергенін көрсетеді.

Суфилік афоризмдерде сөз даналығы тағылымына байланысты ішкі астар мен сыртқы әрекеттің қатынасы туралы толыққанды ойлар айтқан. «Сыртқы форманың жоққа айналатынын біл! Бірақ идеялар әлемі мәңгі. Сен қашанғы ыдыстағы шағылысып түскен суретпен ойнамақсың? Суретті лақтыр да, сен өзенге жүр. Сен форманы игердің бірақ мағынасын түсінбейсің. Егер сен шынымен ақылды болсаң, қауырсыннан жауһарды бөліп ал!» [5, 198].

«Айналадағы көзге көрнекі әлемге әуестенбе, ол жалған. Яғни адам болмысы дамуында оның көрері көп. Ол жалған дүниеде шын атаулыны көрмейді, онда бәрі уақытша. Ол өзінің мәнін шындықтан, шын әлемнен, өзінің жаратылысының негізін идеялар әлемінен, жоғарыдан іздеуі тиіс» [5, 198]. Сонымен қатар, руханилықтың тағы бір категориясы тазалық және тұрақтылықпен салыстырылады: «Адам аққан судай: ол қалай лайлана бастаса, оның түбі көрінбейді; өзен түбі жауһар мен ақыққа толы. Абайла, лайлама! Ол таза, әрі тұнық. Адам жаны ауадай таза: ол қалай шаңмен араласса, солай аспанды перделейді, күнді көрсетпей көлегейлейді; бірақ шаң жоғалғанда ауа анық, әрі тұнық бола түседі [5, 198].

Сондай-ақ, адам жанының тазалығы, рухының жоғарылығы Абай өлеңдерінен:

«Таулардан өзен ағар сарқыраған,

айнадай сәуле беріп жарқыраған

Жел соқса, ыстық соқса бір қалыпта...» – суфилік сарынға ұқсас көрініс табады. «Адам атаулының негізгі мақсаты тазаруда, шағылыса жалтырауда. Айнадай таза мөлдіреп, күн субстанциясын мүмкіндігінше анық шағылыстыруында. Сондықтан адам өзінің жағымсыз жақтарын дамытуы емес, өзін-өзі кемелдендіруі керек. Ол бейне бір шыныдан немесе саздан жасалған ыдыс секілді. Оның сыртын жуу қажет, бірақ оның ішін одан да барын сала жуған дұрыс, өйткені Құдай шарабы тек таза көздерге құйылады» дейді [5, 198].

Рухани жоғарылыққа байланысты «кез келген бір затты сүю және тек қана соны сүюден қанағат алу - өзінің тұрақтылығымен сипатталатын үлкен шынайы махаббат болып табылады».

“Кез келген сұлулық әсемділікті таныған адамның сүйіспеншілік объектісі болып табылады. Жігіт қызды сұлулығы үшін сүйеді; себебі махаббат объектісі болып есептелетін қанағатқа (ләззәтқа) әсемділікті тануда ғана жетуге болады. Сұлулыққа деген кез келген махаббатты тек тілекті қанағаттандыру деп елестету мүмкін деп ойлама, - бірақ, әрине, тілектің орындалуынан ләззәт алуға болады және сұлулықты сол үшін сүюге болады”.

Әлем, басқаша айтқанда, тартымды және көрнекті; бұл әлем, мәңгілікке барар жолда адамның уақытша тұрағы бола тұра адамға әрі жақын, әрі түсінікті. Ал, мистицизмде ол одан да айқындала түседі: өмірдегі барлық болып жатқан құбылыстар сан саққа шашыраған оқиғалар мозаикасын бір тұтас түсінікті бейнеге келтіреді. Дәстүрлі діни ойлау жүйесіндегі түпсіз ұқсамаушылыққа бөлінген Құдай және оның жаратқандары мистик үшін жер мен аспан, мәңгілік пен жалған жіктелмейтін қандай да бір тұтастыққа айналады. Ал суфи үшін әлем жаратылысының өзі ғана емес, оның бастауы, оның соңғы негіздемесі жақын болып табылады. Әлемде адам үшін жетпейтін немесе мүмкін емес ешнәрсе жоқ.

Суфизм (арабша суф – жүн, суфи, суфий – жүннен тоқылған шекпен) дегеніміз- исламда 8- 9-ғасырларда пайда болған және араб халифаты елдерінде кең таралған діни-мистикалық ілім. Ертөректегі Суфизмге жекелеген материалистік элементтері бар пантейизм тән болды. Кейіннен неоплатонизмнің, үнді философиясының, кейбір христиан идеяларының ықпалымен Суфизм аскетизмге және шын мәніндегі мистицизмге айналды. Құдайдың хақтығына шек келтірмей, ал айналадағы заттар мен құбылыстар оның эмонациясы дей отрып, Суфизм ізбасарлары өмірдің ең жоғарғы мақсаты адам



жанының құдаймен бірігуі деп жариялап, жер бетіндегінің бәріне (пендешіліктен) қол үзуді талап етті. “Құдаймен бірігу”, Суфизм ілімі бойынша, діндарлардың өзін-өзі ерекше шабыттаны жағдайына жеткізген кезінде іске асады деп ескертеді. Суфизмнің көрнекті өкілдері әл-Ғазали (1059-1111), орта азиялық философ Суфи Алаяр (1720), Қожа-Ахмет Яссауи.

Енді әл-Ғазалидың “Рационалды танымның трансценденттілігі – аль-гаиб” еңбегінде айтқан ойларына тоқталайық. Әл-Ғазали заттардың өмір сүруінің үш постулатын келтіреді: бірінші, жеке және нақты заттар күйінде (*фи-л-а’йан*); екінші, санада немесе “ақылда” (*фи – л – азхан*); үшінші, “сөзде” (*фи-л-лисан*). Бірінші түрдегі өмір сүруі “негізгі және нақты” (*асли хакики*); екінші – “танымдық-формальды” (*илми-сувари, илм – білім және сура – форма*); үшінші – белгі арқылы бейнелену (*лафзи далили*). Мәселен, аспан өзімен өзі өмір сүреді, сонымен қатар, ол біздің санамызда және жүрегімізде: ол көз алдымызда бейнеленіп, елестейді, тіпті аспан біздің көз алдымыздан кеткенімен, жадымызда сақталады. Бұл образ (сура) білім (илм) деп аталады; ол –идея, образ немесе танымға ұқсастық. Ұқсастық бұл жерде айнада бейнеленетін образ болып табылады: айнадағы образ бен айнадан тыс образ арасында изоморфизм бар. Сонымен, *аспан* дегеніміз дыбыстардан тұратын қандай да бір тілдік бейнелену түрінде өмір сүреді.

«Білім критерийі, немесе логика өнері» шығармасында әл-Ғазали өмір сүрудің төртінші модусын – «жазудағыны» (*фи-л-китаба*) енгізеді. Сөйтіп, тілдегі өмір сүруді екіге – тілде және жазуда деп бөледі. Әл-Ғазали жазба сенсуалист ретінде: «сөзде алғашқы шынайылықтан басқа еш нәрсе болмайды» - дейді. Ол тура мағынада былай дейді: «Айтылым – бұл санадағы бар белгі (*далил*); санадағы образ - өмірдегі бар образбен (*мутабиқ*) сәйкес келеді. Егер реалдылықта образ болмаса, онда ол санада бейнеленбес еді; ал егер ол санада бейнеленбесе, адам оны сезбес еді; егер оны адам сезбесе, онда сөзбен бейнелей алмас еді». Сөйтіп, үш заттың бар екені: айтылым, білім, танылатын объект (білім объектісі, яғни нақты өмір сүруші объект) шығады. Олар әртүрлі, сонымен бірге бір-бірімен сәйкес келетін (*мутабакика*) изоморфты (*мутавазийя*) болып табылады. Әл-Ғазали басқа бір ақымақ адамның оны шатастыруы мүмкін екендігін ескертеді. Сөйтіп, адам өмірде ұйқыдағы және сергек, тұратын, жүретін жататын және т.б. (жеке нақты зат тәрізді) болып табылады. Адам санасында адамға субъектілік және предикаттылық, жалпылық және дербестілік, жекелік және барлық жалпылық және т.б. сипаттамалары тән. Қорыта келгенде, сөзде *адам* (сөз ретінде) арабтық, түркілік немесе африкалық болып көрінеді (тілде ұғым сөз арқылы бейнеленеді) екен [6, 181].

Суфилік ілімнің негізгі объектісі адам және оның құдайға қатынасы болып табылады. Адамның іс-әрекеті мен ұмтылысы төмендегідей қарастырылады:

адам құдайдан  
құдаймен  
құдай үшін  
құдайға.

Суфилердің өзінің ұйымы – ордені бар. Ең қарапайым ұйым муршидтен – жетекшіден және мурид – оқушыдан тұрады. Муридтер рухани кемелділікке қалай жетуді жетекшілерінен үйренеді. Суфизмде рухани кемелділікке жету жолы “тарикат” деп аталады.

**Суфилік ілімді зерттеуші Х ғасырлық суфизм білгірі Худжвири: “Мухаммед ибн аль-Фазл аль-Балхи: үш ғылымның барын (құдайдан берілген ғылым, құдайға арналған ғылым және құдайды тану туралы ғылым) айтады”.**

Құдайдан берілген ғылым - бұл шариат, ол құдайдың бізге бұйырғаны және міндеттегені болып табылады. Құдайды тану туралы ғылым ақиқат жолының баспалдағы және суфилік шейхтардың ілімінің артықшылығын түсіндіру болып табылады. Суфи ілімі туралы ғылым шариаттың мақұлдауынсыз нанымсыз, сондай-ақ, шариат рәсімдері суфилік жаттығуларынсыз да дәйексіз. Сөйтіп, суфилер өздерінің жетекшілері арқылы жаттығуда ерекше сапаға – “ас-сифатқа” жетеді. Суфилердің қандай ерекше сапалары мен сипаттары бар? Нәжмеддин Рәзи суфилердің төмендегідей сипаттарын келтіреді: кезушілік, даналық, ақылдылық, ұмтылушылық, жомарттық, қажеттілік, ғарыптық, мысқылдау, шалу, әдептілік, аяушылық, жапа шегушілік, өзімен өзі болу, сенім, сену, мәртебе, шыдамдылық, батылдылық, қырағылық, кеңпейілділік, білім және т.б. Бұған Әбу-Нәсір Саррадждың кітабынан: кедейлік, діндарлық, тәуекел, ризашылық тәрізді қасиеттерді қосуға болады.

Суфилердің аталған сапаларының, олардың көзқарасы бойынша практикалық өмірдегі мәндерінің бәрі бірдей емес. Ең маңызды сапалары туралы: **Тәубаға келу (Әт-тәуба)**. Тәубаға келу ислам ілімінің өзінен шығады. Осы ілімге сәйкес, адам туғаннан күнәһар, сондықтан тәубаға келу бәріне міндетті. Суфилік ілімде тәубаға келу суфилердің іліміндегі алғашқы қадам, әрі суфи өмірінің өзгеру пункті болып табылады. Белгілі суфи-мистик Жунейд-Бағдади тәубаға келудің үш мәнін тұжырымдады: бірінші - өкініш, екінші – (біреумен) қарым қатынастан күдер үзу, үшінші - өзін әділетсіздік пен жаманшылықтан тазарту.

**Тәуекел (Ат-таваккул).** Құдайға тәуекел ету суфилік ілімде маңызды орын алады. Мұндай жағдайда адам жердегі барлық үмітін жоғалтады, оған бәрі бөтен, қанағаттанғысыз болып көрінеді. Тәуекел етушіге “аль-вакилден” (“қорғаушыдан”), тәуекел затынан басқа ешнәрсенің керегі жоқ.

Құдайға тәуекел етудің үш дәрежесі бар: 1. Тәуекелге келуші құдайды шынайы қорғаушым деп есептейді де, оның еркіне толық беріледі; 2. Тәуекелге келуші құдайдың алдында анасының алдында тұрған баладай, өзінің анасынан басқа ешкімді білмейді, ешкімнен қорықпайды және ешкімге сенбейді; 3. Тәуекелге келуші құдайдың алдында адам қолындағы шомылдырылатын өлі жан секілді. Үшінші, яғни тәуекел етушінің құдайдың алдында өзін толық жоюы ең жоғарғы кезең болып табылады. Мұнда суфи еш нәрсеге қызықпайды, еш нәрсе сұрамайды, тірі өлікке айналады. Бұл суфи іліміндегі құдай алдындағы адамның бейшаралылығын дәлелдеуі болып табылады. Суфилер бұл кезеңде тіпті намаз да, басқа да діни ғұрыптар мен ұстанымдарды орындамайды. “Бұл толық индифференттілік және барлық инициативаларды терістеу”, -деп жазды И. Гольдциер.

Суфи іліміндегі тағы бір маңызды нәрсе (халь) деп аталады, яғни мистикалық экстаз күйі. Мистикалық экстаз күйінің бірнеше формалары мен дәрежелері бар. Белгілі суфилердің бірі Абу-Насыр Сарадж “Нұрлану” атты кітабында мистикалық экстаздың он түрін көрсетеді: ойлану, бақылау, жақындық, қатысу, ғашықтық, үрей, үміт, құмарлық, байланушылық, сенімділік, елес, дәйектілік. Сөйтіп біз, суфизм іліміндегі адам мәнін ашатын, діни көзқарастардан туындайтын, суфизмді исламмен байланыстыратын бірқатар маңызды тұстарын қарастырдық.

Қазақ мәдениеті мен философия тарихында адам әлемінің ділдік түлеу құбылысына өзінің ілімі мен дәстүрі арқылы ықпал еткен дана, XII ғасырда өмір сүрген Қожа Ахмет Яссауи дүниетанымында адам мәнін тану мәселесі айтарлықтай орын алған.

Түркілік дүниетанымда Иассауи ілімінен кейін әлем адамның қызметіндегі Тәңір тарапынан жаратылған болмыс ретінде танылды. Өйткені исламдық дүниетаныммен бірге адам “Әлемнің кіндігіне” айналды. Яғни, адам әлемінің жаны, рухы дәрежесіне көтерілді. Бұрын әлем мәңгілік деп есептелінетін болса, Иассауи ілімінен кейін әлем өткінші сипатқа ие болды. Абайдың тілімен айтқанда «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» деген түбегейлі дүниетанымдық, сенімдік өзгерістерге жол ашылды. Бұрынғы әлемді кеңістіктерге бөлу арқылы мағыналандырылған құндылықтар жүйесі тұтастыққа жетіп, барлық әлемдік қабагтар, кеңістіктер, бағыттар Тәңірдің ақиқатына айналды. Яғни бөлулер тұтастыққа орын берді. Әлемнің құрылысындағы құбылыстар мен ерекшеліктер тікелей адамның рухани халдері мен психологиялық махамдары ретінде түсінікке ие болды. Әлем адамға айналып, болмыс, бірлік мәртебесіне көтерілді. Міне, адамның әлемдегі орны исламдық дүниетаным арқылы толықтырылды. Осы процестердің толығымен Иассауи ілімінің негізі болып табылатын еркін сұхбат әдісі арқылы құбылыстық, әрі мазмұндық тұрғыдан жүзеге асқаны дәлелденді. Табиғаттың түлеуі адамның сыртқы әлемінің ғана емес, санасы, жан-дүниесі, танымның түлеуімен жаңғыруының айнасы іспеттес. Осылайша әлемді уақытқа байланысты кеңістіктерге бөлу сипаттар беру арқылы адам, әлем мен өзінің ішкі рухани дүниесі арасында аналогиялық үйлесімділік құру арқылы танымға жетеді. Бұрын дәстүрлі түркілік дүниетанымның ислам мәдениетіне трансформациялануы заманның талабына жауап бере алмауынан деп тұжырымдалып, қажеттілік арқылы түсіндіріліп келсе, Иассауи ілімі бұл мәселеге тұтастық тұрғысынан қарайды. Иассауи тұтастыққа “табиғи сұхбат” әдісі арқылы ұласқан болатын. Дәстүрлі түркілік дүниетаным мен ислам мәдениеті арасындағы табиғи сұхбат жүзеге асуы үшін әрбір екі мәдениеттің де өзара тең дәрежеде болуы шарт. Өйткені әрбір мәдениет, адамның өмір сүру аясы, еркіндігінің кеңістігі. Ал, кез келген адам өзінің төл мәдениетін басқа мәдениетпен оңай ауыстыра салмайды. Сондықтан да суфилер, “адам – жаулануы қиын қамал”, - дейді. Дәстүрлі түркілік дүниетаным мен исламдық өркениеттің өзара табиғи сұхбат арқылы трансформациялық құндылықтық-мазмұндық түлеу құбылысын Ахмет Иассауи мен Қорқыт Ата ілімдеріндегі адам мәселесін салыстыру арқылы қарастыруға болады. Қорқыт Ата дүниетанымындағы табиғат ұлылықтың, сұлулықтың өзі деп бағаланса, Иассауи дүниетанымында табиғат Тәңірінің құдіреті мен ұлылығының көрінісі ретінде ұғынылған. Иассауи табиғатқа қарап, оны жаратқан Тәңірінің көркемдігіне, сұлулығына, құдіретіне, суреткерлігіне тоймай, оған деген махаббаты арту үстінде болады. Қорқыт Ата дүниетанымында Тәңірі- өкпелейді, ашуланады, жазалайды, т.с.с. Оның белгілі мекені бар, ол – Көк. Көшпелілер Тәңіріге жалбарынып, мінәжәт етерде жүзін көкке қаратып, екі қолын көкке көтеретін болған. Ал, Иассауиде Тәңірі уақыт пен кеңістіктік ұғымдарының үстіндегі “ла макандағы” (кеңістіксіз кеңістік) әрі ол абстрактілі болмыс болғанымен адамға күре тамырынан да жақын, оның болмысында, яғни адамның көңілі – (рухы, сыры, жүрегі, қалыбы) жан үйінде орналасады. Иассауи Тәңіріні патша, сұлтан, сүйікті, дос сияқты сипаттар арқылы оны антроморфты түсініктермен, ұғымдармен ұсынса да, бұл құбылыс, мазмұны мен мәні жағынан мүлдем басқаша. Иассауи Тәңірді Исламның принциптері шеңберінен алып,

адамның рухына жақын дос, сүйікті ретінде көруі, оның Тәңірді адамиландыруы емес, оны адамның болмыстық мәніне, мазмұнына жақындату, онымен тілдесу, үндесу - үйлесу деген ойдан туған болатын.

Қорқыт Атаның дүниетанымында көшпелі мәдениетте қоғамның мұрат еткен адам типі – алып, батыр, ер. Қуат пен құдіретті айшықтайтын бұл батырлар типі көшпелі адамдар үшін мақсат, үлкен мұрат болатын. Өйткені олар өзінің көшпелі мәдениет құндылықтарын сақтап, оның тіршілік етуіне мүмкіндік беретін сол бұлақтан сусындаған төл перзенттері еліне “білек күші, найзаның ұшымен” қорған болған алыптар. Ал, Иассауидың қоғамға сіндіріп, қабылдатқысы келген мұрат еткен адам типі – кемел адам, яғни суфи, дәруіш. Қорқыт Ата, дүниетанымында әркім батыр, ер, алып, болуға ұмтылуы тиіс болса, Иассауи барлық адамның “кемел адам” адам болуын қалайды. Көшпелі мәдениетіндегі ең негізгі құндылық болып табылатын батырлық, ерлік, алыптық ұғымы ислам мәдениетінде де дәріптелетін, мұрат етілетін басты құндылықтар. Дегенмен, Иассауи сопылық ілімі арқылы батырлықтың білекте емес, жүректе екендігіне, сөз мәнінің сыры жүрек, рухы арқылы ашылатын басты тұғыр екенін көреміз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Радлов ВВ. *Алтын сандық*. - Алматы, 1993. – 254 б.
- 2 Бекежан А. *Қазақтың шешендік және билік өнеріне философиялық талдау // Адам әлемі. – 2002. №1 - 13-20 бб.*
- 3 *Советский фольклор // – 1936. №4-5. – С. 26-27.*
- 4 Қоңыратбаев Ә. *Қазақ фольклорының тарихы: учебное пособие.*- Алматы, 1991.- 288.
- 5 Суфи. *Афоризмы. Составитель В.В.Лавский. Минск. Лотаць. 1998. – 395 с.*
- 6 Игнатенко А. *Познать Непознаваемое (аль-Газали о рациональном познании трансцендентного – ал-гаиб) / Средневековая Арабская философия. М.1998. – С.181.*
- 7 Базылова Б.К. *Структура портрета в системе художественных приемов литературных воспоминаний // Вестн. КазНПУ. Сер. Филол. – 2015. №2(52). – С.115.*

*Резюме*

**ДУХОВНАЯ СУЩНОСТЬ «МУДРОСТИ СЛОВА» В ТЕНГРИАНСКОМ И СУФИЙСКОМ ПОЗНАНИИ**

*Халыков К.З.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*Казахская национальная академия искусств имени Т.Жүргенова*

В статье рассматривается «искусство слова» как филологическая, также культур-философская и религиоведческая проблема. Приводятся примеры из фольклористики, из суфийских афоризмов, где поиск внутренней сути слов, изречения анализируется на уровне Тенгрианской, арабо-мусульманской и суфийской философии. Приводится пример аль-Газали о «критерий знаний или о искусстве логики, в которой он вводит как писатель-сенсуалист четвертый модус существования в «письменности». Даются определения некоторым понятиям в суфизме аскетизм, мистицизм и их соотношения, духовные иерархии и пути постижения истины. Определяются мировоззренческие признаки в тюркском и исламском ренессансе как взаимовлияния в развитии культур.

**Ключевые слова:** сущность слова, пословицы, тенгрианство, суфизм, культурный обмен

*Summary*

**SPIRITUAL ESSENCE OF THE «WISDOM WORD» IN TENGRIANIAN AND SUFISTIC COGNITION**

*Khalikov K.Z.<sup>1</sup>,*

<sup>1</sup>*T.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts*

The article discusses the «oratory word» as a philological, and cultural-philosophical and religious studies problem. We present examples of folklore, from the Sufi aphorisms, where the search for the inner essence of the words uttered by Tengriani analyzed at the level of the Arab-Muslim and Sufi philosophy. Cites the example of al-Ghazali, the "criterion of knowledge or the art of logic, in which introduces he as a writer-sensualist fourth mode of existence in the" script. " We give a definition of certain concepts in Sufism, asceticism, mysticism and their relation, spiritual hierarchies and ways of understanding the truth. Determined ideological signs in Turkish and Islamic renaissance as an interference in the development of culture.

**Key words:** essence of the word, proverbs, Tengriism, Sufism, cultural exchange

Ш.А. Магеррамова

*Азербайджанский Государственный Педагогический Университет*

## ПРОБЛЕМА ПУБЛИКАЦИИ И ИССЛЕДОВАНИЯ НАСЛЕДИЯ Ф.КОЧАРЛИ (КОНЕЦ XIX ВЕКА – НАЧАЛО XX ВЕКА)

### *Аннотация*

Фирудин бек Кочарли один из выдающихся представителей Азербайджанской детской литературы. Его творчество и деятельность, связанная с детской литературой, стали изучать ещё при его жизни. Произведения, которые в то время он собирал и публиковал для детей, заинтересовали литературную критику. В статье говорится о наследии Ф.Кочарли и о вопросах исследования и публикации детской литературы в конце XIX и начале XX века. Вторая половина XIX века и первые два десятилетия XX века, в которых жил и творил Фирудун бек Кочарли, были таким бурным и знаменательным периодом в просветительском, общественно-литературном, культурно-историческом развитии азербайджанского народа, что произошедшее в истории нашего народа, соединившие его с современным миром ряд важных литературно-культурных и педагогических событий свое начало взяло именно из этого периода.

**Ключевые слова:** Ф.Кочарли, XIX-XX века, азербайджанская литература, детская литература

Фирудун-бек Кочарли является одним из личностей, сыгравших большую роль в истории азербайджанского литературоведения и культуры. Заслуги этой выдающейся личности, прошедшей многоступенчатый и богатый творческий путь, в развитии азербайджанской литературы, школьной и педагогической мысли, неоценимы.

Ф.Кочарли обращает на себя внимание своей многообразной деятельностью. Он известен как ученый, просветитель, педагог-учитель, журналист, переводчик, общественный деятель и т.д.

Фирудун-бек жил в очень важную и богатую эпоху исторического развития азербайджанского народа. Это необходимо помнить для понимания того, что талант и умение Кочарли сумели заблистать и возвыситься именно на плодородной, выгодной ниве периода и среды.

Вторая половина XIX века и первые два десятилетия XX века, в которых жила и творила эта великая личность, были таким бурным и знаменательным периодом в просветительском, общественно-литературном, культурно-историческом развитии азербайджанского народа, что произошедшее в истории нашего народа, соединившие его с современным миром ряд важных литературно-культурных и педагогических событий свое начало взяло именно из этого периода.

Правда, прогресс азербайджанской культуры, литературы, науки и просвещения были не столь интересны идеологам монархии, руководителям империи. Царизм превратил Россию в «тюрьму народов», возвышение на национальных окраинах литературы и культуры, школы и просвещения были не интересны ему. Во всех осуществляемых мерах и реформах оно преследовал свои цели. Однако вне зависимости от отношения и намерений царизма в период, о котором рассказывается, в национально-культурной жизни ряда российских народов произошли важные события.

И литературно-культурная и историко-педагогическая судьба азербайджанского народа этого периода тоже была очень успешной. Начиная с 50-60-х годов XIX столетия, один за другим происходили знаменательные литературно-культурные события. «В 50-60 годы в Азербайджане в области науки, философии и искусства начинается большой период прогресса. Писались ценные научные работы об истории, философии, языке, литературе, закладывались основы материалистической философии, литературоведения» [1, 131]. Благодаря перу М.Ф. Ахундова появляются первые образцы драматургии на Востоке. В 70-е годы века комедиями М.Ф. Ахундова делает свои первые шаги театр. Издаваемой Г.Зардаби газетой «Экинчи» (Пахарь – прим пер.) вскармливается национальная печать. Открытие и распространение школ на родном языке обращает на себя внимание в качестве большого достижения в просветительской и педагогической жизни народа. В 1876 году в Гори открывается Закавказская учительская *семинария*, а в 1979 году *начинает осуществлять свою деятельность мусульманское отделение семинарии*.

Деятельность выходящих в самом конце 70-х годов и начала 80-х годов на родном языке газет и журналов «Зия», «Зияи-Гафгазия», «Кашкул» считается значимым для истории нашей прессы. Эти органы печати привлекли к себе ряд интеллигентов. Возникновение и развитие новых литературных жанров, созревание интеллектуальной элиты, ревностно и с гражданским рвением трудящейся, создание таких учебников родного языка, как «Китаби-турки» (М.Ш.Вазех, Григорьев, 1855), «Рабиул-атфал»

(С.А.Ширвани, 1878), «Таджул-кутуб» (С.А.Ширвани, 1883), «Родной язык» (А.О.Черняевский, I часть, 1882; А.О.Черняевский, С.Велибеков, 1888, II часть), «Родной язык» (М.Г.Рушдийя, 1894), «Детский сад» (Р.Эфендиев, 1898) относятся к достойным одобрения явлениям второй половины XIX века, особенно 70-90 гг.. Издаваемые в это время в Тифлисе газеты «Новое обозрение», «Кавказ», «Тифлисский листок», выходящий в свет в Баку «Каспий», издаваемый в Тифлисе альманах СМОМПК в той или иной степени оказали влияние на развитие науки, культуры, литературы и просветительства в Азербайджане, созревание новой интеллектуальной среды.

Этот период вместе с тем сопровождается усилением, расширяющимся развитием просветительского движения. Говоря словами профессора Х.Мамедова: «Просветительство в конце XIX века – начале XX века (1890-1905) оказало эффективное воздействие на расширение борьбы за реалистическую литературу, развитие критической мысли в Азербайджане, в последующей после М.Ф. Ахундова и «Экинчи» литературе вызвал новый этап с оригинальными, специфическими особенностями [2, 106].

В начале XX века школьная и просветительская сеть еще больше расширилась, литературная среда ожила. После манифеста 17 октября, принятого в ходе первой русской революции (1905-1907 гг.), бывшей «первой народной революцией периода империализма», появившийся в мире печати «нового воздуха» (Дж.Мамедкулизаде) стал причиной издания десятков газет и журналов.

Дж.Мамедкулизаде, М.А. Сабир, Н.Нариманов, А.Саххат, А.Ахвердиев, Ю.В. Чемаземинли, С.М. Ганизаде, Р.Эфендиев, У.Гаджибеков, О.Ф. Неманзаде, С.Гусейн, А.Шаиг, М.Махудбеков, Г.Махудбеков,, Ф. Агазаде и десятки других поэтов, писателей и интеллигентов резво вели литературно-культурное и педагогическое движение в XX веке вперед. В этот период, «как результат логических достижений, полученных реалистической литературой на пути реализма, в поэзии, прозе и драматургии демократические художественные формы возросли в значительной степени; реалистическая литература в этом компоненте очень приблизилась к народу» [1, 553].

Разумеется, количество литературно-культурных и историко-педагогических фактов конца XIX века – первых двух десятилетий начала XX века, придавших толчок прогрессу и возвышению можно увеличить до бесконечности. Это действительно историческая эпоха, отличающаяся в жизни нашего народа большими успехами, и дарителем такой выдающейся личности, как Ф.Кочарли, истории нашей культуры является столь эффективный ход историко-культурного развития. Основой для всей жизни и творчества Ф.Кочарли были прогрессивные явления проживаемого им времени и среды. И поэтому изучать творчество Фиридун-бека правильнее в едином и целостном контексте исторических условий, общественно-политического и литературно-педагогического движения

Ф.Кочарли приступил к творчеству в 80-е годы XIX века. Бросается в глаза интерес к его творчеству с самых первых периодов. Преподаватель и директор мусульманского отделения Закавказской учительской семинарии А.О.Черняевский, составляя свою книгу «Родной язык» для начальной школы, обратился с письмом к Ф.Кочарли, и в своем учебнике воспользовался и его переводами [3, 6]. Когда в 1982 года была опубликована сказка А.С.Пушкина «Старик и море» в переводе Фиридун-бека, один из активных интеллектуалов эпохи Э.Султанов написал и напечатал в газете «Новое обозрение» отдельную рецензию по поводу этого перевода [4].

Цикл статей под названием «Татарские комедии», изданный в газете «Новое обозрение» в 1986 году, представлял собой эффективный результат работы критика в области литературоведения. А изданием книги «Литература азербайджанских татар» в 1903 году в Тбилиси Фиридун-бек прославился в очень широких кругах. Книга вызвало большой резонанс в прогрессивной среде. Ф.Агазаде пишет, что после издания этой книги Кёчарли приходили многочисленные телеграммы, поздравительные письма от многих интеллектуалов, его друзей и знакомых [3, 31].

Р.Эфендиев в написанной в своей газете «Шерги-рус» рецензии под названием «Литература азербайджанских тюрков» поддержал произведение (29 октября 1903 года), издававшиеся на русском языке газеты «Каспий» (31 октября 1929 года), «Тифлисский листок» (16 декабря 1903 года), а также издаваемая И.Гаспринским газета «Тарджуман» (17 ноября 1903 года) приветствовали книгу и его автора.

Получавший образование в Одесском медицинском институте Н.Нариманов писал автору: «Эта ваша книжка понравилась всем тюркским студентам. Студенты знают, что у вас есть больше материала, вы мечтаете издать их на тюркском языке. Поэтому обрадовались и мечтают увидеть это изданным на тюркском языке» [3, 31].

Авторы писем и статей старались воодушевить Кочарли, призывали его продолжить эту работу, расширить свои исследования. Газета «Каспий» писала: «Надеемся, что составитель, не ограничится этим своим опытом и поработает над нынешним обзором о родной литературе» [5, 56].

Книга Ф.Кочарли «Литература азербайджанских татар» была первой полезной инициативой в области создания системной научной истории азербайджанской литературы, и порождение этим произведением большого интереса было связано именно с этим. Появившееся в качестве очень важного и охватывающего продолжения «Азербайджанская литература», первый вариант которого был дополнен в 1908 году, была встречена с чувством безграничного удовлетворения и привлекла внимание современников автора, знавших о написании произведения. Газета «Закавказское обозрение» по случаю написания книги в обзорной статье «Новые книги» совершенно справедливо сочла это «крупнообъемное произведение» «единственным по содержанию», пожелала его публикации [6]. И в газетах «Игбал» (23 апреля 1915 года) (судьба - прим. пер.), «Каспий» (3 мая 1915 года), «Кавказское слово» встречаем сведения об этом произведении и необходимости его публикации.

А.Саххат в статье «Родная речь в школе» в газете «Ачыг сёз» (зд: правдивое слово – прим. пер.) с болью в сердце жаловался, что в этом сборнике, «кавказской литературы, составленной господином Фиридун-беком Кочарли», «сколько лет служит народу и общественности [7, 78]. И С.Мумтаз в опубликованной в той газете статье дал высокую оценку книге Кочарли [9]. А Ю.В. Чеменземинли с чувством большой гордости и благодарности писал: «Фиридун-бек один из самых продвинутых, самых любимых наших литераторов. Эта личность написанием истории нашей литературы оживила все наше прошлое, чистые души наших поэтов и направила на естественный путь наши мысли и жизнь» [8].

Правда, несмотря на все попытки, борьбу и переписку, при жизни Ф.Кочарли не смог издать эту «дорогую и благословенную книгу» [10, с.69]. Однако этим ценным исследованием он доказал наличие у своего народа обширной и богатой литературы.

Не случайно, что всего три лекции прочитанные на основе материалов этой книги заставили отказаться от своих взглядов такого не признающего существование азербайджанской литературы интеллектуала, как Э.Султанов. Так, Э.Султанов в своей статье, напечатанной в 1892 году в газете «Новое обозрение» написал об отсутствии у азербайджанцев литературы «в настоящем понимании». Однако он, выслушав в 1908 году «3 лекции Фиридун-бека» признал «ошибочность подобного взгляда» [11, 12].

Книга Ф.Кочарли «Подарок детям» (1912) также была встречена с чувством большого интереса и удовлетворения. Как позже подробнее поговорим, Э.Султанов, С.Гусейн, А.Шаиг, М.Расулзаде и пр. высказались в прессе с ценными мыслями о книге, приветствовали Фиридун-бека за подобное доброе дело.

Интерес к наследию и личности Ф.Кочарли можно ясно заметить и из отношения к Фиридун-беку его современников. В очень значимой статье Ф.Агазаде о биографии Ф.Кочарли обращает на себя внимание такой факт. Ф.Агазаде, отметив большое влияние Кочарли на интеллектуалов своего времени, пишет: «Не случайно, что Гашим-бек Везиров, видя холодность к себе Кочарли, писал: «Ты сам знаешь, я ни перед кем головы не склоняю, но перед тобой склоняюсь. Тебе я всегда верил, и твои слова всегда влияли на меня. Как я тебя люблю, так и буду любить. Даже если и в сто раз холоднее будешь...» [3, 23]

Для того, чтобы представить масштаб связей и отношений Ф.Кочарли, достаточно обратить внимание только на список написанных им писем.

В одном документе, хранящемся в Институте рукописей, дается список писем, написанных Кочарли писателями, поэтами и интеллектуалами того времени: Н.Нариманов – 2 письма, Дж.Мамекулизаде – 22 письма, Г.Везиров – 47 писем, А.Саххат – 27 писем, М.А. Сабир – 3 письма, Юсиф Везир – 6 писем, А.Хагвердиев – 5 писем, Г.А. Гаиров – 7 писем, Ахмед Джавад – 1 письмо, Ф.Агаев – 10 писем, А.Шаиг – 24 письма, С.Мумтаз – 17 писем, У.Гаджибеков – 14 писем, С.М.Ганизаде – 78 писем, Г.Джавид – 4 письма, М.Шахтагинский – 3 письма, Сеид Гусейн – 4 письма, Р.Эфендиев – 4 письма, Мамедали Сидги – 1 письмо, А.Гамкюсар – 1 письмо [12, с.7].

Так как он был обладателем умелого и компетентного пера, издатель и редактор газеты «Шерги-рус» (1903-1905) М.Шахтагинский для подготовки обзора статей и писем, пришедших по поводу обсуждений, открытых им в редакции, также часто обращался к Фиридун-беку. И журнал «Рехбер» (руководитель – прим. пер.) (1906-1907) присоединился к делу «возрождения произведения поэтов старины» и «обогащать нашу литературу сообразно нашему времени» (1906, №1) именно статьей Кочарли «О нашей литературе».

Интересно, что Ф.Кочарли пользовался большим влиянием не только у прогрессивных кругов, но и религиозной общественности тоже. Именно поэтому в 1907 году его призвали на стезю шейхульисламства. От не принявшего это предложения «такого учителя» «нам остается две основательные пользы: один из них учитель Казаха, вторым же можно указать этот «Материал азербайджанской литературы» [3, 8].

К Кочарли, обладавшему широким диапазоном деятельности, было глубокое почтение и в педагогической среде. Педагоги-учителя, авторы школьных учебников и книг для чтения получали от него

различные ценные советы. Последующая редакция учебника А.О.Черняевского «Язык Родины» была поручена Кочарли, и он был приглашен на I (1906) и II (1907) съезд кавказских мусульманских учителей и активно там участвовал. Кроме того, в 1900 году в число экспонатов, отправленных Горькой учительской семинарией на Парижскую всемирную выставку, были включены и статьи и переводы бывшего преподавателем семинарии Ф.Кочарли.

Давая краткое резюме интереса к личности Кочарли и его научно-педагогическому наследию в конце XIX века и в первые десятилетия начала XX века, мы ясно видим в центре внимания литературную, научную и педагогическую общественности к этой выдающейся личности еще в его здравие.

*Литература:*

- 1 История азербайджанской литературы - В 3 томах - II т. - Баку: Издание АН Азербайджанской ССР, 1960. - 906 с.
- 2 Мамедов Х. От «Экинчи» до «Моллы Насреддина» - Баку: Писатель, 1987 - 270 с.
- 3 Агазаде Ф. (Шаргли). Биография Ф.Кочарли // РИП НАНА, Арх.24, Q-7 (176), f.19
- 4 Э. С-вь (Эйналы-бек Султанов) // Газ. «Новое обозрение». Баку: 1892 - 31 октября
- 5 Из жизни и прессы мусульман // Газ. «Каспий». Баку: 1915 - 30 апреля
- 6 Закавказское обозрение. - Тифлис: 1908, 28 октября
- 7 Саххат А. Произведения - в 2 томах - II т. - Баку: Азернешр, 1976. - 314 с.
- 8 Везиров Ю. (Чеменземинли Ю.В.) Наше национальное и культурное наследие // Газета «Азербайджан». – Баку. – 1919 - 3 августа
- 9 Газета «Ачыг соз» - Баку – 1917 - 20 июня
- 10 Кочарли Ф. Азербайджанская литература - в 2 томах - II т. Баку: Наука, 1978 - 598 с. повторное издание – Баку: Аврасия пресс, 2005. - 560 с.
- 11 Султанов Э. Из Дилиджана // Газета «Тарагги» - Баку: 1908 - 14 августа
- 12 Личный архив Кочарли Фирудун-бека. составил и подготовил к изданию М.Адилов - Баку: Нурлан, 2006 - 280 с.

*Түйін*

Фирудин бек Кошарлы Әзірбайжан балалар әдебиетінің көрнекті өкілі. Оның балалар әдебиетімен байланысты шығармашылық жолын көзі тірі кезінде зерттеле бастаған. Өзі өмір сүрген уақытта балаларға арналған көптеген шығармалары басылым беттерінде көп жарияланған. Сол арқылы әдебиет сыншыларының назарына іліккен. Мақалада Ф.Кошарлының XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында жарық көрген шығармалары қаралады. XIX ғасырдың II жартысы мен XX ғасырдың бас кезінде өмір сүрген Фирудин бек Кошарлының шығармалары Әзірбайжан әдебиетінде көп талқыланды. Сол арқылы халықтың қоғам-әдебиет, мәдениет-тарих деген санада ұғым қалыптасты. Әдеби-мәдени және ағартушылық дәстүр өз бастауын осы кезеңнен алады.

*Summary*

**PROBLEMS OF PUBLICATION AND RESEARCH OF F.KOCHARLI'S HERITAGE  
(LATE XIX CENTURY AND EARLY XX CENTURY)**

*Maharramova Shahane Aliyannagi*

*Doctorant of Azerbaijan State Pedagogical University*

Firudin bey Kocharli is one of the outstanding representatives of Azerbaijan children's literature. His work and activities related to children's literature began to study during his lifetime. His works he collected and published for the children while interested in literary criticism. The article says about Firudin bey Kocharli's heritage and the issues of research and publication of children's books late XIX century and early XX century. The second half of the XIX century and the first two decades of the twentieth century in which he lived and worked Firudun Beck Kocharli were so rapid and significant period for educational, social, literary, cultural and historical development of the Azerbaijani people, what happened in the history of our people, combined it with the modern world a number of important literary, cultural and educational events took its origin from this particular period.

**Key words:** F.Kocharli, XIX-XX centuries, Azerbaijani literature, children's literature

Р.Ә. Шаханова<sup>1</sup>, К.С. Әбдіқалық<sup>2</sup>, Л.М. Әділбекова<sup>3</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

<sup>2</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан,

<sup>3</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

## XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ АҚЫНДАР ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИЯСЫ

### Аңдатпа

Бұл мақалада ағартушы-демократтық бағыттағы әдебиет өкілдері шығармаларының текстологиялық мәселелері зерделенеді. Атап айтқанда, Шәкәрімнің «Адамдық борышын», «Қазақ айнасы. Өзіме» атты өлеңдеріне, А.Байтұрсынұлының «Нәбек аты», «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген» атты өлеңдеріне, С.Торайғыровтың «Тұрмысқа», «Өмірімнің уәдесі», «Достыма ұмытпастық үшін хат» өлеңдеріне, С.Дөнентаевтың «Заман кімдікі?», «Балалықты сағыну», «У жеген қасқырға» өлеңдеріне текстологиялық талдау жасалды. Ақындардың әр басылымындағы нұсқалары салыстырылып, мәтіндік айырымдарының көп жағдайда емле қателерінен кездесіп жататындығы айқындалды. Әр жинақта өлең жолдарының әр түрлі берілуінің қателігі баса айтылды. Сондай-ақ жекелеген сөздердің редакциялануы, сөз тіркестерінің орынсыз өзгеріске ұшырауы, сөздердің түсіп қалуы сияқты айырмашылықтардың дұрыс-бұрыстығы қарастырылды. Теруден кеткен қаталерге баса назар аударылды. Қателердің түрлері бойынша мәтіндік айырымдар жүйелі сараланды.

**Кілт сөздер:** мәтін, мәтіндік айырымдар, нұсқа, қателер, ақын, ой-толғам, дәулет, өнер, білім, философиялық лирика

Ағартушы-демократтық бағыттағы әдебиет өкілдерінен Шәкәрім Құдайбердиев, Ахмет Байтұрсынұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев шығармаларының текстологиялық мәселелеріне зер салдық. Ақындардың әр басылымындағы нұсқаларын салыстырып шыққанда мұнда да мәтіндік айырымдар көп жағдайда тыныс белгілері мен емле қателерінен кездесіп жатады. Жинақтардағы шығармалардың текстологиялық кемшілігін іздеп, үңіле қарау үстінде осы ақындардың мұраларын ғылыми басылымға әзірлеуде аса ұқыптылық танытқан зерттеушілер мен жинақ шығарушылардың ерен еңбегі бірден көзге түсті. Десек те, бір әріптің ауысуынан сөз мағынасының өзгеріп, мәтіннің идеялық-мазмұнына нұсқан келетін өлең жолдарынан мысалдар келтіре отырып аталған ақындар мұрасына текстологиялық талдау жасайық.

Шәкәрім Құдайбердиевтің 2000 жылғы «Арыс» баспасынан шыққан «Иманым» атты жинақта басылған «Адамдық борышын» атты өлеңінің

Білімсіз

Өнерсіз

Болады **ақыл** тұл, –

деген тармағындағы «ақыл» сөзі 6-сыныптың «Атамұра» баспасынан шыққан «Қазақ әдебиетінің хрестоматиясында» **«ақын»** деп бірілген. Негізінен Шәкәрім адамдық борыштың принциптерін айтуда білімсіз, өнерсіз ақылдың да тұл болатындығын ескертеді. Сонда дұрысы – «ақыл» сөзі. Осы «Иманым» жинағының дұрыстығына көз жеткізер тағы мысал, «Адамнан артық жәндік жаралмаған» деген өлеңінің алдыңғы екі жолы:

Адамнан артық **жәндік** жаралмаған,

Дейді жұрт: «Айуан жоқ иттен жаман» –

деп берілсе, 1988 жылғы «Аманат» жинағында:

Адамнан артық **жандық** жаралмаған,

Дейді жұрт айуан жоқ иттен жаман, –

деп берілген. Өлеңнің төртінші шумағының төртінші жолы 2000 жылғы жинақта **«Өлгеніе есіңде жүргендері»**, бесінші шумақтың екінші жолы **«Шарқ ұрады ауылды шолып жүріп»** деп берілсе, 1988 жылғы жинақта: **«Өлгеніе есіңде жүргендері»**, **«Шарқ ұрады ауылды шалып жүріп»** деп берілген.

Ш.Құдайбердиевтің «Қазақ айнасы. Өзіме» өлеңін 1988 жылғы «Жазушы» баспасынан шыққан «Шығармалары: Өлеңдер, дастандар, қара сөздер» деген жинағы мен 1990 жылғы «Рауан» баспасынан шыққан «Өлеңдері мен поэмалары» атты жинағында берілген нұсқалармен салыстырсақ, біршама мәтіндік айырымдар байқалады. Ал ақынның 2006 жылғы «Халықаралық Абай клубы» баспасынан шыққан «Жол табалық ақылмен» деген жинағындағы мәтін 1988 жылғы нұсқамен бірдей берілген. 1990 жылғы жинақта неге екені белгісіз тек осы аталған өлеңде ғана жекелеген сөздер мен сөз тіркестері көп өзгеріске ұшыраған. Мәселен, 1990 жылғы жинақта:



Қолда қалам, көзде жас, **толқынып** ой,  
**Жиіркеніп**, тітіреп, салқындап бой, –  
деп берілсе, 2006 жылғы жинақта (1988 жылғы жинақта да):

Қолда қалам, көзде жас **толқындап** ой,  
**Шіміркеніп**, тітіреп, салқындап бой, –

деп беріледі. Сондай-ақ, 1990 жылғы жинақта өлеңнің екінші шумағының үшінші тармағы «*Өткен іс ойға түсіп ойлатады*», үшінші шумақтың екінші жолы «*Сұм жүрегің кейіпді қозғалып-ақ*», төртінші шумақтың төртінші жолы «*Жоқ өзің өз нәпсіңді ерте тыймай?*», бесінші шумақтың үшінші жолы «*Аузың темір татиды бәрін татып*», алтыншы шумақтың бірінші жолы «*Дүние тұр қалпында өзің кездің*», үшінші жолы «*Ешкімнен көретұғын дәнеңе жоқ*», жетінші шумақтың төртінші жолы «*Ақ өлімді шақырдың, – сол жұмысың*», сегізінші шумақтың төртінші жолы «*Көп айналсаң еш жерде оңалмайсың*» деп берілсе, 2006 жылғы жинақта «*Өткен іс ойға түсіп ұялтады*», «*Сұм жүрегің кетеді қозғалып-ақ*», «*Жоқ, өзіңе аз нәпсіңді ерте тыймай!*», «*Аузың темір татиды терін татып*» /1988 жылғы жинақта «*бәрін*» деп беріледі/, «*Дүние тұр қалыбында, сен өзгердің*», «*Ешкімнен көретұғын дәнеме жоқ*», «*Ақ өлімді шақырдың, сол шын досың*», «*Кұр айналсаң, еш жерде оңалмассың*» деп беріледі.

Ахмет Байтұрсынұлының 2003 жылы «Алаш» баспасында жарық көрген «Бес томдық шығармалар» жинағы мен 2005 жылы «Раритет» баспасында жарық көрген «Маса: Өлеңдер мен көсемсөздер» жинағын қолға алып, екі нұсқадағы «Нәбек аты» өлеңін салыстырайық. Өлеңнің алтыншы шумағының екі жолы 2003 жылғы жинақта:

Жүретін Нәбек **һаман** жолын біліп,  
Үстіне **сылқым-сылқым** киім іліп,–  
деп берілсе, 2005 жылғы жинақта:  
Жүретін Нәбек **һаман** жолын біліп,  
Үстіне **салқам-салқам** киім іліп, –

деп беріледі. «*һаман*» сөзіндегі әріп қатесі теруші немесе редакция тарапынан кетуі мүмкін. Өйткені жетінші шумақтың екінші жолы 2005 жылғы нұсқада «*Нәбікті* келе жатқан көрді көзі» деп беріліп, «*Нәбек*» сөзі теруші тарапынан қате басылған. Ал «*сылқым-сылқым*» сөзінің «*салқам-салқам*» сөзімен ауыстырылып, редакциялық өңдеуге ұшырағаны анық байқалады.

Жалпы, Ақпарат және мұрағат комитеті бағдарламасы бойынша шығарылған 2005 жылғы жинақтың аннотациясында «*Жинақ бұған дейін жарық көрген басылымдармен салыстырылып, кезінде кеткен мәтіндік қателер түзетілді*» деп беріледі. Олай болса, осы жинақтағы бір-екі өлең мәтіндерін алдыңғы шыққан жинақтардың ішінен 1991 жылғы «Жалын» баспасында жарық көрген «Ақ жол» жинағы мен 1994 жылы А.Байтұрсынұлы атындағы қордың дайындауымен «Қазақстан» баспасында жарық көрген «Жан сөзімді кім түсінер?» жинағымен салыстырсақ, текстологиялық жұмыстардың қалай жүргізілгенін аңғаруға болады. Біріншіден, өлең тақырыбының өзгеріске ұшырауы. Мәселен, ақынның алдыңғы жинақтарда «Қазақ салты» деп берілген өлеңі 2005 жылғы жинақта «Қазақ қалпы» деген тақырыппен өзгертіліп, ал «Қазақ қалпы» өлеңі «Қазақ салты» деген тақырыппен ауыстырылған.

Екіншіден, жекелеген сөздердің редакциялануы. Мәселен, 1991, 1994 жылғы жинақтардағы «Қазақ салты» атты өлеңін алсақ, мұндағы үшінші шумақтың бірінші тармағы «*Тықылдап құр пысықсып сөйлейтін көп*», жетінші шумақтың бірінші тармағы «*Бұл бір сөз қасірет айтып, хатқа жазған*» деп берілсе, 2005 жылғы жинақта «*Тақылдап, құр пысықсып сөйлейтін көп*», «*Бұл бір сөз қасірет етіп, хатқа жазған*» деп беріледі. «Тақылдау» мен «тықылдау» – бір мағыналас сөздер. «Құр пысықсып сөйлейтін» ересек адамдардың тақылдауынан гөрі тықылдауы ойға қонымдырақ. Бәлкім «ә» әрпінің «а» әрпімен жазылуы теруден кеткен қате болуы да мүмкін. Ал «*айтып*» сөзінің орнына «*етіп*» сөзінің қолданылуы оның арнайы редакцияланғандығы көрініп тұр.

2005 жылғы жинақта өлеңнің алтыншы шумақтың 3,4-жолдары:

Не пайда **өнерің мен** біліміңнен,  
Тиісті жерлеріне **сарп ұрмаған?** –  
деп 1991 жылғы нұсқадағыдай берілсе, 1994 жылғы жинақта:  
Не пайда **өнеріңнен**, біліміңнен,  
Тиісті жерлеріне **сарп қылмаған?!** –

деп беріледі. Ал алдыңғы жинақтарда «Қазақ қалпы» деген атаумен берілген өлеңнің үшінші шумағының үшінші жолы 2005 жылғы жинақта «*Жат-жақты Жаратқанға күзеттіріп*» деп 1994 жылғы нұсқадағыдай берілсе, 1991 жылғы жинақта «*Жат жақты жаратқанға көз еттіріп*» деп берілген. 2005 жылғы жинақты шығарушылар өлең жолдарындағы «*сарп ұрмаған*», «*күзеттіріп*»

сөздерін орынды деп тапқанмен, алдыңғы сөз тіркесінің дұрысы 2004 жылғы жинақта. Бәрімізге белгілі, бұл арада ақын «тиісті жерлеріне жұмсалмаған сенің өнерің мен біліміңнен не пайда?» дегенді айтқысы келеді. «Сарп қылмаған», яғни «сарп етпеген» сөз тіркесі «жұмсалмаған» сөзінің мағынасына өте жақын.

А.Байтұрсынұлының 152 тармақтан тұратын «Жиған-терген» атты өлеңін алсақ, 2005 жылғы жинақтағы нұсқа дәл 1991 жылғы жинақтағы нұсқадай беріліп, тек 110-тармақ қана өзгертілген. Яғни, 1991 жылғы жинақта /1994 жылғы жинақта да/ «**Көкті бұлт торлады**» деп берілсе, 2005 жылғы жинақта «**Жан-жақты бұлт торлады**» деп өзгертілген. Дұрысы – алдыңғы жинақтардағы «**көкті**» сөзі. Өйткені осы тармақтан кейінгі:

Жаңбыр жаумай, жауса қар,

Жұрт жұтайтын түрі бар, –

деген өлең жолдары «**көкті**» сөзін керек етіп тұр.

Енді осы өлеңді 2004 жылғы жинақпен салыстырсақ, терушіден кеткен емле қателері және сөз мағынасына соншалықты нұсқан келмейтін өзгерістерді, яғни, 10-тармақтағы «**сактық**»-«**сақтық**», 17-тармақтағы «**оқушы**»-«**оқушым**», 37-тармақтағы «**әман**»-«**һаман**», 50-тармақтағы «**дейін**»-«**шейін**», 56-тармақтағы «**сыйлық**»-«**сыйлар**», 74-тармақтағы «**өсіріп**»-«**өстіртіп**», 120-тармақтағы «**бейғам**»-«**бейқам**» /ескерту: алдыңғы сөздер 2004 жылғы жинақ, соңғысы 2005 жылғы жинақ бойынша берілген/ сияқты сөздерді айтпағанда, арнайы түзетіліп, дұрыс деп табылған сөздерге көңіл аударайық. 23-тармақ 2004 жылғы жинақта «**Көп мағына, алмақпыз**» деп берілсе, 2005 жылғы жинақта «**Көп мағына, аз ләфүз**» /ләфүз-лебіз /А.Байтұрсынұлының түсініктемесі (25-бет)/ деп 1991 жылғы нұсқадағыдай дұрыс берілген. Ал 81-тармақтағы «**сәлде**», өлеңнің төрт жолында кездесетін (87, 89, 92, 104-тармақтарында) «**жұмақ**» сөздері 2005 жылғы нұсқада «**сәллә**», «**ұжмақ**» деп 1991 жылғы нұсқадағыдай қате беріліп, түзетілмеген. Мәселен, 2004 жылғы жинақтағы:

Басында – сәлде,

Аузында – алла,

Молдаларда не ғамал, –

деген өлең жолдарындағы «**сәлде**» сөзі ұғынықты, яғни, молдалар киетін арнайы бас киім осылай аталып, сөз қолданысымызда осылай айтылатыны да рас. Сондай-ақ 2004 жылғы жинақтағы:

Бергенге – жұмақ,

Бермесе – дозақ, –

деген өлең жолдарындағы «**жұмақ**» сөзі де арнайы түсіндіруді қажет етпейді.

Сонымен, «Кезінде кеткен мәтіндік қателер түзетілді» деген 2005 жылғы жинақты алдыңғы жинақтармен салыстыра отырып қарастарғанда осы жинақтың өзінен біршама мәтіндік айырымдарды кездестірдік. Әлі де болса алдағы шығатын жинақтарда ақынның әрбір өлеңіне мұқият текстологиялық жұмыстар жүргізілсе артық болмас еді.

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Тұрмысқа» өлеңін алсақ, «Бес ғасыр жырлайды» жинағы мен «Қамар сұлу» /2002/ жинағында өлеңнің екінші бөлімінің соңғы жолдары:

Сөндір Ай мен Күнінді,

Тек **денімді** сау қылшы! –

деп берілсе, 2008 жылы жарық көрген С.Мұқановтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» кітабында:

Сөндір ай мен күнінді,

Тек **денемді** сау қылшы, –

деп берілген. Жан азабымен арпалысқан ақынға тән саулығы емес, жан саулығы қымбат. Олай болса, алдыңғы жинақтардағы «**денімді**» сөзінің қолданылуы орынды. Бәлкім «**денемді**» сөзі терушіден кеткен қате болуы да мүмкін.

Ақынның «Өмірімнің уәдесі» атты өлеңінің төртінші шумағы «Бес ғасыр жырлайды» жинағында:

Тұрмыстың оғы шыбындай,

**Толықсып** туар көңілімде ой,

Бір **мағыналы ой**, күш **түртіп**,

Бакқа ұмтылып тұр маңдай, –

деп берілсе, «Қамар сұлу» жинағында:

Тұрмыстың оғы шыбындай,

**Тезінен** туар көңілімде ой.

Бір **мағнауи** күш **тартып**,

Бакқа ұмтылып тұр маңдай, –

(Жинақта «мағнауи» (арабша) – рухани күш (236-бет)) деп берілген. Алдыңғы нұсқа редакцияланған тәрізді. Бірақ оқылуы жеңіл, ұғынықты.

С.Торайғыровтың өлеңдер жинағының ішінде 1987 жылғы «Жазушы» баспасынан шыққан «Сарыарқаның жаңбыры» атты жинағында көзге түсетін қателер бар. Мәселен, теруден кеткен қателерге назар аударсақ, 1957 жылғы «ҚазМем Көркем әдебиет» баспасынан шыққан «Таңдамалы шығармалар» жинағы мен 1993 жылғы «Ғылым» баспасынан шыққан «Екі томдық шығармалар» жинағында берілген ақынның «Достыма ұмытпастық үшін хат» деген өлеңінің «Дүние *бос*, махаббатсыз мал секілді» деген жолындағы «*бос*» сөзі 1987 жылғы жинақта «*дос*» деп (56-бет) берілген. Екіншіден, өлең жолдарының қалдырылып кетуі. «Соқыр сопы» өлеңінің «*Анау теріс деп сынап күлген болып*» деген он төртінші жолы 1987 жылғы жинақта (45-бет) кездеспейді.

Сұлтанмахмұт шығармаларының ішінде зерттеушілер тарапынан «Қамар сұлу» романына жасалған текстологиялық талдау өзгеше. Яғни, 1993 жылғы жинақтың соңында «Түсініктемесімен» қоса, мәтіннің өн бойында өзгертілген сөздер мен сөйлемдерге сілтеме нөмірлердің қойылуы. Мұнда тұрақты мәтін жасауда 1933, 1950, 1957 жылдардағы нұсқалармен салыстыра отырып, текстологиялық негіз ретінде ақынның өз қолжазбасы алынған.

Сәбит Дөнентаевтың ешбір өзгеріссіз бірдей басылған 1989 жылғы «Бозторғай» өлеңдер жинағы мен «Ұрпағыма айтарым: өлең, әңгіме, очерк, фельетон, мақала» кітабындағы /1989/ шығармаларын С.Т.Елікбаев құрастырған «Қазақ әдебиетіне арналған хрестоматиясындағы» /2007/ нұсқамен салыстырғанда, өлең жолдарындағы біршама мәтіндік айырымдардың бар екені байқалды. Мәселен, ақынның «Заман кімдікі?» деген өлеңінің үшінші шумағының екі жолы 1989 жылғы жинақтарда:

Даулы *мал* – ебін тапқан шешендікі,  
*Пыш-пышқа бағы* ашылған көсемдікі, –

деп берілсе, 2007 жылғы жинақта:

Даулы *ма* – ебін тапқан шешендікі,  
*Пыш-пыш қабағы* ашылған көсемдікі (199-б.),

деп берілген. Ақынның 1989 жылғы жинақтағы өлеңдерін 1994 жылғы Қ.Ергөбек құрастырған «XX ғасыр басындағы әдебиет» атты хрестоматиядағы нұсқалармен салыстырып көрейік. «Балалықты сағыну» өлеңі 1989 жылғы жинақта:

*Уай*, заманым, балалық,

Әр ісің *бар бадалық* (19-бет) –

деп басталса, 1994 жылғы жинақта:

*Ой*, заманым, балалық!

Әр ісің *бір даналық* (308-бет),–

деп басталады. 1989 жылғы жинақта:

Қоразданып, қамшылап,

*Өзің* дауыстап дем берген,

Оза қалсаң жарысып,

Пәлен ат деп *шен* берген (19-бет),–

деген өлең жолдары 1994 жылғы жинақта:

Қоразданып, қамшылап,

*Ән* дауыстап, дем берген,

Оза қалсаң жарысып,

«Пәлен ат!» – деп *сын* берген (309-бет),–

деп беріледі. «У жеген қасқырға» деп аталатын өлеңнің 1989 жылғы жинақтағы:

Ертегі, мысалда да, аңызда да

Жоқ еді сені осал, деп құлақ *шалған* (47-бет),–

деген жолдары 1994 жылғы жинақта:

Ертегі, мысалда да, аңызда да

Жоқ еді сені осал деп құлақ *салған* (315 бет),–

деп берілген.

Осылайша ағартушы-демократтық бағыттағы ақындардың соңғы шыққан жинақтарындағы өлеңдеріне өзара салыстырулар жасап, аз-кем мәтіндік айырымдарға тоқталдық. Жалпы, көзі тірісінде шығармалары жарық көріп үлгірген және өз қолжазбасы сақталған XX ғасыр басындағы әдебиет өкілдері шығармаларының мәтін тарихын зерттеу қиынға соқпайды. Ақын-жазушылар мұраларын ғылыми басылымға әзірлеуде де зерттеушілер мәтін тарихындағы тура мәліметтерді қолдана алады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Құдайбердиев Ш. Иманым. – Алматы: Арыс, 2000. - 320 б.
- 2 Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар. – Алматы: Алаш, 2003. - 408 б.
- 3 Бес ғасыр жырлайды. – Алматы: Жазушы, 1989. - 384 б.
- 4 Торайғыров С. Сарыарқаның жаңбыры. – Алматы: Жазушы, 1987. - 224 б.

*Резюме*

### ТЕКСТОЛОГИЯ ПРОИЗВЕДЕНИЙ ПОЭТОВ НАЧАЛА XX ВЕКА

*Р.А. Шаханова<sup>1</sup>,*

*<sup>1</sup>Казахский Национальный педагогический университет им. Абая, г.Алматы, Казахстан*

*К.С. Абдикалик<sup>2</sup>,*

*<sup>2</sup>Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан*

*Л.М. Адилбекова<sup>3</sup>*

*<sup>3</sup>Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан*

В данной статье речь идет о текстологических вопросах произведений представителей литературы демократического направления. В частности, подвергаются текстологическому анализу такие стихотворения Шакарима, как «Адамдық борышың», «Қазақ айнасы. Өзіме», А. Байтұрсынова «Нәбек аты», «Қазақ салты», «Қазақ қалпы», «Жиған-терген», С. Торайғырова «Тұрмысқа», «Өмірімнің уәдесі», «Достыма ұмытпастық үшін хат», С. Донентаева «Заман кімдікі?», «Балалықты сағыну», «У жеген қасқырға». Сопоставляются варианты разных изданий, в результате чего выявлено, что текстовые различия зачастую вызваны орфографическими ошибками. Особое значение придается разночтениям стихотворных строк в каждом сборнике. Также рассматривается корректность различий, как редакция отдельных слов, неоправданные изменения словосочетаний. Особое внимание уделяется ошибкам, допущенным при печатании. Подвергнуты анализу текстовые различия по видам ошибок.

**Ключевые слова:** текст, текстовые различия, вариант, ошибки, поэт, размышление, богатство, искусство, образование, философская лирика

*Summary*

### TEXTUAL WORKS OF POETS OF THE EARLY TWENTIETH CENTURY

*R.A. Shahanova<sup>1</sup>,*

*<sup>1</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

*K.S. Abdikalyk<sup>2</sup>,*

*<sup>2</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

*L.M. Adilbekova<sup>3</sup>*

*<sup>3</sup>Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan*

In this article we are talking about issues of textual works of representatives of the literature of a democratic direction. In particular, it is subjected to textual analysis of Shakarim such poems as «Adamdyk boryshyn», «Kazakh Ainasy. Ozime», A. Baitursynov «Nabek Aty», «Kazakh salty», «Kazakh kalpy», «Zhigan-tergen», S. Toraiyrov «Tyrmyska», «Omirmnin uadesi», «Dostyma umytpastyk ushin kat», S. Donentayeva «Zaman kimdiki?», «Balalykty sagynu», «U zhegen kaskyrga». We compare different versions of publications, resulting in determined that textual differences are often caused by spelling errors. We also consider the correctness of the differences, the editors of individual words, phrases unjustified changes. Particular attention is paid to errors in printing. To analyze textual differences in types of errors.

**Keywords:** text, text differences, embodiment, the error, poet, thinking, richness, art, education, lyrical philosophy

## ПЕДАГОГИКА МЕН ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛІЛЕРІ

МРТНИ 16.21.25

G.M. Aitmaganbetova<sup>1</sup>

Suleyman Demirel University,  
Almaty, Kazakhstan

### CONSEQUENCES OF READING AUTHENTIC TEXT

#### *Annotation*

This study attempts to explore the effect of studying authentic texts in classrooms on reading comprehension and motivation of intermediate language learners. To address this issue, a quantitative study was conducted on 24 language learners from language teaching institutes. Participants were divided randomly in two groups: authentic group and simplified group. Four online authentic texts with appropriate readability were selected for the authentic group. Simplified group received the simplified form of those texts. A Motivation for Reading Questionnaire (MRQ) containing 18 items on eight domains of motivation was also conducted to measure authentic groups' motivation before and after reading authentic texts. Using independent samples t-test and mean of gain scores of groups on pre-post tests revealed that reading authentic texts has positive effect on the reading comprehension of intermediate students. Conducting the motivation questionnaire on the authentic group showed positive changes on four domains of motivation.

**Key words:** authentic text, reading comprehension, motivation, improving language

Nowadays, teaching reading has important role in learning English as either second or foreign language. Readings expose students to new vocabularies, syntax, and even new cultures. Most of the new words can be learnt through the reading. "It has long been recognized that the language presented to students in coursebooks is a poor representation of the real thing" [1, 98] and it is clear that most of the reading texts of coursebooks used in language institutes are un-authentic or simplified. They are designed for teaching new grammatical structures, and not for the aim of specific needs of students. Despite all attempts in teaching reading, it seems that the language learners have lost their interest in reading and become passive in regard to this field. Using authentic texts instead of simplified ones is one of the best suggestions for solving the problem. Authentic texts convey a message produced by a real author to a real audience, such as newspapers, letters, and books [1]. It is also believed that authentic texts can promote the interest among the learners [1]. Prevailing of using authentic texts in language teaching systems, teachers are trying to use more authentic readings instead of simplified ones to make the learners interested in what they read and keep them motivated.

The aim of this study is to investigate the consequences of authentic reading materials on motivation and reading comprehension of intermediate students in EFL condition.

The term "authentic text" means the text that was not originally written for English language learning, and as an information or artistic material for those who already speak the language. An example is the English-language books, magazines, newspapers, web sites, etc. Most of the students, of course, want to understand these authentic texts, as this is one of language learning goals. However, the practice of reading such materials during the lesson is hard enough, because It requires more attention and more time. Therefore, some students wonder, if it is better to read them at home, where more time is available to dismantle all the material carefully.

In terms of effective learning English, the materials used by students should be written specifically on the level of complexity, which will be the most optimal for students, depending on their level. Thus, those aspects that the student is still too early to learn deliberately is not included in the learning process. Nevertheless, there are reasons why the teacher is difficult to use authentic texts at times in the classroom on the course, and now we will look at them.

Reading authentic texts in teaching foreign language plays a pivotal role. The basis of reading motivation is awareness of its usefulness and the need to expand the boundaries of knowledge at the expense of the development of reading in a foreign language [2, 52].

With insufficient possession of language features and cultural facts of the target language - and in a secondary school is always the case - reading activity is carried out in two ways:

- decoding language format text;
- understanding of the content of the text.

When the perception of the authentic text and decoding when the national-cultural environment and the

reading experience is far from the image of the text appear distorted semantic representation or meaning "emptiness", which, unlike the gaps, fill out the resources of the subjective life experiences of reading, generally does not fill up and remain student in the minds of "text space". Therefore, it is necessary to devise a special scheme of work on the authentic foreign-language text, which would promote the formation of the student to do with the text as an instrument of knowledge of new means of language acquisition and foreign language culture in general.

Currently focuses on functional supply the thoughts aside. In this regard, that began to form a branch of linguistics of the text. As well as analysis of text style of text of different genres with stilistiken certain science called text. In the development of speech of pupils, skills, and the ability to compose a text question. Therefore, in the education of the child in the past and the future are forming skills flexibility the ability to compose text and write an essay. To do this:

- based on scientific literature, the disclosure of the specifics of the text;
- structuring of the text;
- to create the text, its components, supply, ayiram specifics;
- information about the types of text;
- to instill the ability to make the text works. [3]

The activity occurs only when the problem is "adopted" student, when it is interesting to him. For this purpose, should be given to work on the language at all, and the text, in particular, the nature of the search, research activities, as a result of which the student will develop the ability to see over the expressionless linguistic sign of the significance and meaning.

Education of foreign language reading authentic texts requires the right choice of reading strategies with a view that it is rational and effective. In accordance with the communicative task is elected by a certain reading strategy, i.e. its appearance. Exploratory reading is included in the target aspect of reading instruction in secondary school. reading search strategy pursues the aim to find interest in the written text information. In the opinion of psychologists, in the implementation of this type of reading the reader's emotional state is a state of maximum realization of all its faculties, elated state in which the text is assimilated well.

Education exploratory reading occurs on average by volume of authentic texts in order to extract the expected advance of semantic information: ideas or facts to support, refute, explaining, clarifying any object or phenomenon of foreign language reality.

When working with any authentic text (print, audio, video) can be divided into three main stages: pre-text, text and post-text stages.

Obviously, post-text stage will only be presented when the text is not used as a means of formation of abilities to read, and for the development of productive skills in writing or speaking, but in simple terms, the ability to speak and write in a foreign language.

## **Methods**

This study was intended to investigate the effects of authentic reading on intermediate students' reading comprehension and motivation. For this study, two main questions were addressed.

1. Do authentic texts have an effect on reading comprehension of intermediate level students?
2. Do authentic texts have an effect on intermediate learners' motivation?

### *Participants*

In this study twenty four participants were chosen from an English teaching institute in which they studied English as foreign language. Language learners were teenagers between thirteen and eighteen years old. Half of the language learners were chosen randomly as the simplified group and the others were placed in the authentic group. Students in the authentic group were given authentic online texts and those in the simplified group were presented by simplified forms of texts given to the authentic group. In addition to authentic materials, all of the learners in authentic group received a questionnaire to measure their motivation at the beginning and end of the course.

### *The Instruments*

Placement test: In this study it was used to choose intermediate level students as participants. It consists of 80 multiple choice items. Pearson Product Moment Coefficient was used to measure the correlation between the test-retest results. Its reliability was 0.86.[4] After an interval of two weeks, the test was retested on the same students.

Reading comprehension test: In this research, reading comprehension test is an instrument which is going to show the amount of comprehension of the students in reading. It has 20 items with three choices. Pearson Product Moment Coefficient was used to measure the correlation. Its reliability was 0.66.

Authentic texts: They are a group of online authentic texts derived from the internet that should be presented to authentic group to measure their influence on reading comprehension. They were selected based on the level of the students. The title and readability of texts are in this order: "Top 4 Islands" (62.1), "Earthquakes" (59.7), "What Causes Global Warming?" (49.4), and "What to Eat to Stay Healthy" (59.1).

#### Procedures

The placement test was administrated to the total number of the language learners to identify intermediate level learners. After presenting the placement test, students in each level were randomly divided in two groups: simplified and authentic group. The pre-test was administered to both groups at the beginning of the investigation to determine if the students of these two groups are at a similar level. All of the students in authentic and simplified group were studying artificial texts of the coursebooks during the course. In addition, authentic group in each level received online authentic texts and those in simplified groups received simplified forms of the those authentic texts which are in- authentic, like the texts used in coursebooks.

Simplified forms of the authentic texts were used in this investigation because the texts of the coursebooks were different from the authentic ones in their topics. They were syntactically- lexically simplified. Each session one authentic text was given to the authentic group. Before reading, the teacher provides the students with background knowledge and warm up. After reading, texts were discussed by the teacher and the students in the class. Participants in the simplified group received the simplified texts during the course.

Finally the same reading comprehension test that was used as pre-test was again given to both authentic and simplified groups as the post-test. For measuring the efficiency of authentic texts on students' motivation, a questionnaire was given to authentic group before and after reading authentic texts. Language learners were supposed to complete the questionnaire in about 15 minutes.

After gathering the data by administrating the reading comprehension test and the reading motivation questionnaire to the learners. Independent sample t-test was used to analyze pre- and post-test results and also for comparing their results. It was used on the means of the gain scores that is get from the pre- and post-test of groups. For analyzing the results from the questionnaire, average of the scores at each domain analyzed.

#### Findings

After approximately three weeks, the pre- and post-test results on language reading comprehension test were analyzed by independent samples t-test. Pre-test was presented to both authentic group and simplified group. Comparing their pre-test results by independent samples t-test, the researcher proved that mean scores of authentic group (M=11) is close to simplified group (M=10.83) and there is no significant difference between them (P=.87, see Table 1). After giving texts to authentic group, post-test was presented to both groups. Mean scores of the language learners at this level showed that both groups had an increase in their post-test scores (see, Table 2). Authentic group's mean reached to 13 and simplified groups' mean reached to 11.33. Again independent samples t-test was used on the means of the gain scores from the pre-test and post-test. It was resulted that the means of gain scores from authentic group (M=2.00) was higher than the means of the gain scores from simplified group (M= .5, see Table 3).

Table 1. Mean comparison of the pre-test

	N	Means	SD	t	DF	Sig. (2 tailed)
Authentic group	12	11.00	2.33	.16	22	.87
Simplified group	12	10.83	2.58			

Table 2. Mean comparison of the post-test

	N	Means	SD	t	DF	Sig. (2 tailed)
Authentic group	12	13.00	1.2	1.96	22	.06
Simplified group	12	11.33	2.67			

Table 3. Mean comparison of difference in gain scores on the proficiency test

	N	Means	SD	t	DF	Sig. (2 tailed)
Authentic group	12	2.00	1.59	2.04	22	.05
Simplified group	12	.5	1.97			

In the present study eight domains for measuring reading motivation were considered. Language learners at the intermediate level had positive changes on means of four domains when the questionnaire was given to them after reading. Table 4 presents those domains and their means.

Table 4. Mean scores of the reading motivation domains

	Reading curiosity		Social reasons for reading		Reading work avoidance		Reading for grades	
	M	SD	M	SD	M	SD	M	SD
Before reading	10.33	.98	3.83	.93	5.66	1.15	3.66	.49
After reading	10.50	.79	4.00	1.59	5.50	.79	3.00	.60

Intermediate students can use strategies of reading like guessing the meaning of unknown words (Kondo-Brown, 2006). They know how to use context and input to understand the meaning of unknown words. So, according to the results of this study, authentic texts can lead to better reading comprehension than simplified ones for intermediate level students.

There were positive changes on the means of four domains of motivation after reading authentic materials. Post-test results indicated a little increase on the mean of reading curiosity. After reading authentic texts, students became more motivated to read about their own favorite topics and new things. Social reasons for reading, is another domain of motivation which had an increase. It affirms the fact that readers not only read the texts for themselves, but also have motivation to deliver the new information they got from the texts to other people.

Intermediate level language learners also had a reduction on the reading for grades. It is clear that the intensity of reading for grades reduced on the post-test and motivation for reading texts with real aims increased. After reading authentic texts, the goal of the learners for reading changed.

### Conclusion

This study has presented evidence on a strong relationship between authentic texts and reading comprehension of intermediate learners. Authentic reading can increase not only students' comprehension but also promote other aspects of language learning such as motivation.

Like other studies, this research had some limitations. One of them was that the results of the study came from groups which are homogeneous. It means that they have similarities in their learning experiences and also their culture is same. This homogeneity could make a limitation in generalizing the findings of the study. Another point which is considered as a limitation of the present study is related to the effect of the teacher on the reading comprehension of the learners. Teachers' experiments in providing warm-up, Pre-post reading questions, time devotion for teaching reading in the classroom, and the way of giving feedback when the students encounter a problem during reading, all can have an effect on the reading comprehension of the students.

In this investigation the effect of authentic reading on reading comprehension and motivation of the students was considered. Further studies can be possible to explore its effect on other linguistic aspects like writing and listening. Small group of language learners took part in this investigation. Next studies could involve students in a larger group.

### Bibliography:

- 1 Gilmore, M. 2007. *Authentic materials and authenticity in foreign language learning*. Lang. Teach. 2007. doi: 10.1017/S0261444807004144.
- 2 Berardo, S. A. *The use of authentic materials in the teaching of reading*. *The Reading Matrix*, 2006 6.2, 60 - 69.
- 3 Тұрмаханова С.Ә Мәтін арқылы мектеп оқушыларының тілін дамыту жұмыстарын жүргізудің әдіс-тәсілдері // Вестн. КазНПУ. им. Абая, Сер. филологические науки – 2015. – № 2(52). - С. 230-233 – статья из журнала
- 4 Brantmeier, C. (2004). *Statistical procedures for research on L2 reading comprehension: An examination of ANOVA and Regression Models*. *Reading in a Foreign Language*, 2004 16.2, 51-69.

Түйін

### МӘТІН ОҚУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ф.М. Айтмағанбетова<sup>1</sup>

Сүлейман Демирель атындағы Университет. Алматы қ, Қазақстан

Бұл зерттеу сыныптардағы аралық тілдің оқушыларын ынталандыру және оқығанын түсіну эсерін зерттеуге тырысады. Бұл мәселені шешу үшін, тілдерді оқыту институттарынан алынған 24 шәкіртке сандық зерттеу жүргізілді. Қатысушылар еркін тәртіпте бақылау топ және эксперимент топ болып екі топқа бөлінді. Бақылау топ үшін төрт онлайн түпнұсқа мәтіннің тиісті ыңғайлысы таңдалып алынды. Эксперимент топ сол мәтіндердің оңайлатылған



нысанын алды. Сондай-ақ бақылау топтын ынтасын өлшеу үшін түпнұсқа мәтіндерін алдын оқу мен кейін оқудан соң 8 саланың 18 элементінен тұратын сауалнамалық сұрауға ынталандырылды. Т-тест тәуелсіз іріктемелерін және алдын ала тесттердің нәтижелерін пайдалана отырып, түпнұсқадағы мәтіндерді оқудың оң әсері бар екенін көрсетті. Бақылау топты ынталандыру үшін төрт саланы қамтыған сауалнама өзінің оң динамикасын көрсетті.

**Түйін сөздер:** түпнұсқалық мәтіндер, оқу және түсіну, тіл дамыту, мотивация

*Резюме*

## **ПОСЛЕДОВАТЕЛЬНОСТЬ ОБУЧЕНИЕ ЧТЕНИЮ АУТЕНТИЧНЫХ ТЕКСТОВ**

*Г.М. Айтмағанбетова<sup>1</sup>*

*Университет имени Сулеймана Демиреля казахстанско-турецкое высшее образовательное учреждение,  
г. Каскелен, Алматы, Казахстан*

В статье рассматривается эффект изучения аутентичных текстов в классах на понимании прочитанного и мотивации учеников промежуточного языка. Чтобы решить эту проблему, количественное исследование проводилось на 24 учениках от институтов преподавания языков. Участники были разделены в произвольном порядке в двух группах: Контрольная группа и экспериментальная группа. Четыре онлайн-аутентичных текста с надлежащей удобочитаемостью были выбраны для контрольной группы. экспериментальная группа получила упрощенную форму текстов. Также проводилась Мотивация для Чтения Анкетного опроса содержащий 18 элементов на восьми доменах мотивации, чтобы измерить мотивацию контрольных групп до и после чтения аутентичных текстов. Используя независимый демонстрационный тест и среднее значение множества усиления групп на тестах перед сообщением, показанных, что чтение аутентичных текстов имеет положительное влияние на понимание прочитанного промежуточных студентов. Проведение анкетного опроса мотивации на подлинной группе показало положительные изменения на четырех доменах мотивации.

**Ключевые слова:** аутентичный текст, чтение и понимание, развитие языка, мотивация

МРНТИ 14.25.21

*А.Ә. Ердалы<sup>1</sup>  
М.С. Алибаева<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup> 2 курс магистранты,  
<sup>2</sup> ф.ғ.к.,*

*Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, Алматы қ. Қазақстан*

## **ЛЕКСИКАНЫ 5-СЫНЫПТА ДЕНГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ӘДІСТЕР**

*Аңдатпа*

Мақалада лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың жолдары талданады. Қазақ тілінің лексикалық жүйесі қазақ халқының интеллектуалдық, мәдени, рухани болмысын, күйін, өзіндік ерекшелігін танытатын ерекше тілдік құбылыс болып табылады. Қазақ лексикологиясын меңгерту арқылы оқушыларға ана тілінің терең қабаттарында, қойнауында сақталған тарих жәдігерлерін танытуға, қазақ халқының даму жолын көрсетуге мүмкіндіктер мол. Осыған байланысты сөздердің түрлі мағыналық реңктерін оқушыларға үйрету, олардың ой-өрісін дамыту, танымын кеңейту, тіл байлығын жетілдіру деңгейлік тапсырмалармен тығыз байланысты. Деңгейлік тапсырмалар – жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесі. Мақалада лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту барысында қолданылатын әдістер санамаланып көрсетіледі. Әрбір әдістің алар орны, маңызы талданады. Әрбір әдістің ерекшелігін, қолданылу тәсілін ашып көрсету мақсатында тапсырмалар беріледі.

**Түйін сөздер:** лексика, деңгейлік тапсырма, әдіс, сұрақ-жауап әдісі, көрнекілік әдіс, салыстыру әдісі, іздендіру әдісі, шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдісі, қатысым әдісі

Қазақ тілінің сөз байлығын үйрену өмірді, өмірдегі сан алуан құбылыстың өзін, оның сыр-сипатын түсіндірумен қатар жүретіні мәлім. Ш.Байнешева “Сөздерді меңгерту үшін істелінетін жұмыстың әдіс-тәсілдерін дұрыс таңдау шәкірттерді лексиканың мағынасын дұрыс түсініп, дұрыс қолдануға төселдіреді әрі сөздердің тез ұмытылуын тежейді”, – дей келе, әдіскер үшін сөздерді үйреткенде түрлі көрнекіліктерді қолдана отырып жаттығулар жасаудың, жаттығулар жүйесін қолданудың алар орны ерекше екендігіне назар аудартады. [1, 87]. Оқушылардың сөз байлығын арттыруда, сөзді қолдануға бейімін дамытуда, логикалық ойлау жүйесін кеңейтуде сабақта қолданылатын әдістерді сұрыптап алудың маңызы зор. Арнайы сұрыпталынып алынған әдістер арқылы оқушылардың алған теориялық мәліметтері пысықталады, сөзді орнымен қолдануға дағдыланады, т.б.

Лексиканы оқытуда деңгейлік тапсырмаларды сабақта дұрыс қолданудың жолдарын белгілеу үшін төмендегідей ұтымды әдістер іріктеліп алынды:

- 1) сұрақ-жауап әдісі;
- 2) көрнекілік әдісі;
- 3) салыстыру әдісі;
- 4) іздендіру әдісі;
- 5) шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдісі;
- 6) қатысым әдісі.

*Сұрақ-жауап әдісі* оқушылардың теориялық білімін бекітуге, жанадан игерген білімдерін қаншалықты дәрежеде меңгергендігін бақылауға, тез шешім қабылдауға септігін тигізеді. Лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуда сұрақ-жауап әдісі негізгі үш тәсіл арқылы меңгертілді:

- I. берілген сұрақтарға оқушылардың “Иә”, “Жоқ” деген жауап тәсілі;
- II. тестілік тапсырмалар тәсілі;
- III. оқушыларды ойландыру тәсілі.

Арнайы берілген сұрақтар бойынша оқушылар өздеріне қажетті жауапты тез арада тауып, “Иә” немесе “Жоқ” деген белгілерін қояды. Мысалы:

*Қазақ тілінде антоним деген термин қолданылады ма? (Иә, Жоқ).*

*Дүйсенбі, бейсенбі, сенбі сөздері көнерген сөздерге жата ма? (Иә, Жоқ).*

*Жуан-семіз сөздері антонимдік жұп құрай ала ма? (Иә, Жоқ).*

Сұрақ-жауап әдісін тестілік тапсырмалар арқылы жүзеге асыру тәсілі оқушылардың берілген тапсырманы ерекше ынтамен орындауына әсер етеді. Оқушылар тестілік тапсырмалардың дұрыс варианттарын табу арқылы жаңа материал бойынша алған білімдерін қорытады; тақырыпты қаншалықты дәрежеде игергенін айқындайды. Мысалы,

1. Ауыспалы мағыналы сөз қайсысы?

- A) кең бөлме
- B) кең көйлек
- C) **кең пейіл**
- D) кең дала
- E) кең маңдай

2. Қай сөз ауыспалы мағынада қолданылған?

**Қыз - өмірдің нәзік қызғалдағы екен.**

- A) қыз
- B) өмірдің
- C) нәзік
- D) қызғалдағы
- E) екен

3. Омоним сөздер қай мақалда қолданылған?

- A) Кезенген жаудың кезінен сақтан,  
Сойқандының сөзінен сақтан.
- B) Етігін шешпей ер тыңаймас,  
Ер-тоқымын шешпей ат тыңаймас.
- C) Бөрікті тастап, бөріден құтылуға болмайды.
- D) Балам – балым, баламның баласы – жаным.
- E) Жүйелі сөз жүйесін табар.

Оқушыларды ойландыру тәсілі оларды өзбетінше ойландыруға, дүниетанымын кеңейтуге септігін тигізеді. Мысалы:

*1 Тік, ек сөздері омоним емес, бірақ жұрнақ жалғасаң, омоним сөзге айналады. Ол қандай жұрнақ?*

*2 Бол, көр сөздері де омонимге айналу үшін жұрнақ қажетсініп тұр. Ол қандай жұрнақ?*


Бұл тапсырмадағы сұрақ-жауап әдісі оқушыларды *иә, жоқ* деген жауап төңірегінде емес, керісінше, қойылған сұрақ бойынша өздігінен ойланып, нақты дәлелдермен ойын жеткізуге итермелейді.

*Көрнекілі кәдіс* оқушылардың білімін бекітуге, есте сақтау қабілетін жетілдіруге, танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталады. Көрнекілік әдіс картинамен жұмыс жасауға, ребус құрастыруға, түрлі сөзжұмбақтар шешуге, кестелер толтыруға, схемасызға, т.б мүмкіндік туғызады. Өмірде бар заттар мен құбылыстарды көрнекі құралдар арқылы көрсету мектепті өмір мен байланыстыра түседі. Көрнекілік әдіс теорияны практикамен ұштастыру жөніндегі дидактикалық принципті жүзеге асыруға көмектеседі.

Белгілі ғалым С.Рахметова: “Картина мен жұмыс – көрнекілік әдісті жүзеге асыру деген сөз. Ол – оқушының көрусезімі арқылы ойын, тілін дамытуға көмектеседі, сондай – ақ эстетикалық тәлім береді. Көрнекілік әсіресе бастауыш класстарда жиі қолданылып отыруы тиіс”, — дейді [2, 34]. Сабақта берілетін көрнекіліктер оқушының жас ерекшелігіне, ойлау, қабылдау қабілетіне лайықтап беріледі. Мысалы, а) мақал-мәтелдерді қатыстыра отырып, “Білгенге маржан” атты тақырыпташағын әңгіме жаз.

Көрнекілік әдіс арқылы оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі формадағы фигураларды қолданған ұтымды. Мысалы, табу сөздерге байланысты берілген мына тапсырманы беруге болады.

Тапсырма. Мұны сенбілесің. Қазақтың әдет-ғұрпы бойынша ұл мен қызға қатысты жеңгелері айтатын атауларын жұлдызшаның ұшына тізіп жаз.



Бұл тапсырма оқушылардың жұлдызшаны толтырсам деген құлшынысын арттыра отырып, орындаған тапсырманы есте сақтауына ықпал етеді.

Көрнекілік әдісін оқу процесінің барлық кезеңінде пайдалануға болады. Көрнекілік әдісін белгілі тақырып мақсатында пайдаланған ұтымды.

*Салыстыру әдісі* жаңа материал мен өткен материалдың арасындағы ерекшеліктерді салыстыра отырып, алған жаңа ақпаратты ой елегінен өткізуіне жағдай туғызады. А.Айғабылов лексиканы оқытуда әрбір әрбір лексикалық категорияларды түсіндіру лексикалық мағына мен грамматикалық мағынаны қатар қойып салыстыру арқылы жүрсе ұтымды болатындығына назар аудартады. Ғалым былай дейді: “Сөздердің лексикалық және грамматикалық белгілерін салыстырып түсіндіру барысында тағы бір еске алатын жайт, әрқашан талданатын сөз сөйлем ішінде, контексте ғана қарастырылуы керек. Өйткені жеке тұрған сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналары беймәлім болып келеді” [3, 57]. Демек, салыстыру әдісі оқушылардың лексикалық мағынаны ашуға көмектесуімен бірге, оқушылардың грамматикалық ұғымдарды да бойына сіңіре беруіне, сөздердің қолданылу аясын тереңдей білуіне мүмкіндік береді. Мысалы, а) 4 бағанада берілген сөздердің мағыналарын салыстыра отырып, синонимдік қатарға кірмейтін сөзді алып таста.

Аласа бағалы көп қатігез  
Пәкене қымбат үлкен қас  
Кіші құнды мол жау  
Пәс маржан қыруар дұшпан

Оқушылар салыстыру әдісі арқылы басқа тілден енген сөздердің, көнерген сөздердің, неологизмдердің қазақ халқының тарихындағы өзгерістерге, даму жолына байланысты екендігін түсінеді. Мысалы, Сөйлемде кездесетін көнерген сөздерді тауып, қазіргі қолданыстағы мағынасы бар сөздерді салыстырып айт.

1. *Керекейді атпа, қонжығы жетім қалады.*
2. *Қыз тұрды да шанаштағы бір уыс тұзды бір аяқшаға салып, Жиреншенің алдына қойды.*
3. *Бірдің кесірі мыңға, мыңның кесірі түменге.*
4. *Коммунистік Партияның Орталық Комитеті Қазақстанның мал шаруашылығы туралы қаулы қабылдады.*
5. *Абайдың қайынына бұл келісі ұрын келу деп, жыртыс сала келу деп, кейде есік көре келу, қол ұстай деп те аталады.*

*Іздендіру әдісі* оқушылардың жаңа тақырыпты меңгерудегі жеке өзіндік көзқарасын қалыптастырып, ізденушілікке баулиды. Мысалы,

1) *Кәсіби сөздердің мағынасын түсіндірме сөздіктен тауып жаз.*

*Сапсалғы – Өркін -*

*Инелік – Басыбалды -*

*Мата - Патсайы -*

Оқушылар барлық уақытта мәтіндегі сөз мағынасын түсіне бермейді, жалпылай түсінсе де нақты лексикалық мағынасын түсінбей қалуы жиі кездеседі. Сондай-ақ суретпен түсіндіру де барлық жағдайда мүмкін емес. Сондықтан оқушылар сөздікпен жұмыс істеуге дағдылануы керек. Кәсіп, шаруашылықтың әр жерде әр түрлі болып келуін бесінші сынып оқушылары бірден түсіне қоюы қиын. Сондықтан республикамыздың шаруашылығы, климаты, географиялық орны туралы мәліметті түсіндіре отырып, іздендіру әдісі арқылы кәсіби сөздер сөз байлығымызды арттыратын сөздер тобы екенін түсіндіру қажет.

2) *Өзіңнің ата-әжеңмен, әке-шешеңмен әңгімелесіп, олардың кәсібіне байланысты қолданатын сөздерді теріп жаз.* Бұл тапсырманы орындау арқылы оқушы қоршаған ортасын, өмір сүрген қоғамын танып білуге үйренеді. Оқушы ізденімдік әдіс арқылы алғашқы білімдерін жетілдіріп, тереңдете отырып, ізденістің нәтижесінде жаңа білім алады. Бұл әдіс арқылы оқушы өзін зерттеу жұмыстарымен айналысатын ізденуші-шәкірт ретінде сезінеді. Ізденімдік әдіс арқылы орындалатын тапсырмалар оқушының өз еңбегінің, өз ізденісінің нәтижесі болып табылады.

*Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдісі* оқушылардың ойын анық, дәл жеткізуіне; әсерлі, бейнелі сөйлеуіне септігін тигізеді. Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдісі педагогика ғылымдарының докторы А.Қыдыршаевтың еңбегінде жан-жақты талданған [4]. Ғалым осы әдіске сөздікпен жұмыс жасауды; мәтінді редакциялауды; тірек сөздер арқылы мәтін құрастыруды; тапсырылған тақырып бойынша сөз, баяндама дайындауды жатқызады. Бұл әдіс арқылы оқушылар шешен, әдемі сөйлеуге үйренеді. С.Рахметова бастауыш сыныптарда сөздікпен жұмыс жасаудың 4 бағытын көрсете отырып, былай дейді: “Сөздік - қоғамның, ұлттың даму деңгейін байқататын белгінің бірі. Сөздігі бай ұлттың рухани байлығы да жоғары болатындығы мәлім, өйткені ғылымы мен мәдениетінің дамуына қарай сөздік те дамиды. Ендеше оқушыларды мектептен бастап сөздікті пайдалана білуге үйретудің маңызы зор” [5, 26]. Сөздікпен жұмыс жасау арқылы оқушылар жаңа сөздерді үйренеді, олардың мағынасын түсінеді, сөздік қоры байиды. Мысалы, 1) Түсіндірме сөздікті пайдалана отырып, берілген сөздердің қай тілден енгенін анықта.

*Базар, шыны, аймақ, кәмпит, ұстаз, ноян, шәйнек, бақыт, мәшине, дүние, ұлыс, тілмаш.*

А р а б т і л і	П а р с ы т і л і	М оңғ о л т і л і	О р ы с т і л і

2) Диалектологиялық сөздік арқылы берілген сөздердің мағыналарын ажыратып, тиісті бағандарға топтап жаз.

*Ақсан, ақсерке, балым боз, жұлма, қаллама, доппа, етекене, қаттама, шир, үзбек, кеуіш, чыны май, доғаба, жемелек, бәтір, өскәт, телпек, ауқит, шәкәрап, шекер, шарқат, ілгек, чапаты, латта, мөрс.*

Т а ғ а м	К и м - к е ш е к	М а т а	С ә н д і к б ұ й ы м д а р

Оқушылар арнайы берілген мәтінді редакциялау арқылы жіберілген қателерді түзетуге, ойды жеткізу шеберлігін дамытуға, белгілі бір проблемаларға өз көзқарасын дәлелдеуге, стилін қалыптастыруға т.б. дағдыланады. Мысалы, 1) берілген тұрақты тіркестерде қате жіберілген. Ойлан, тап. Дұрысын жаз.

*Жерден алты қоян тапқандай* \_\_\_\_\_

*Ешкі аузынан шөп алмас* \_\_\_\_\_

*Екі аяғын екі етікке тығу* \_\_\_\_\_

*Тонның сыртқы бауындай* \_\_\_\_\_

*Жаңа жараның аузын ашу* \_\_\_\_\_

*Арасынан жіп өте алмайтын дос* \_\_\_\_\_

2) Сөйлемдегі асты сызылған сөздермен синоним болатын тұрақты тіркестерді тауып, орнын ауыстырып жаз. Сөйлемдегі ойдың қалай түрленгенін айт.

*Жиынға Бектастың әдемі бойжеткен қызы да келді. Кешкі тамақта айтылған әңгімені тыңдамадым. Бұл жөнінде ешкімге айтпады. Тату достар сыр шертуде.*

Мұнда оқушы, біріншіден, сөйлемдегі асты сызылған сөздермен синоним бола алатын тұрақты сөз тіркестерін іздеп тауып, суреттеп берілу мағыналарын салыстырады. Мысалы, *Жиынға Бектастың ай десе аузы бар, күн десе көзі бар (әдемі) бойжеткен қызы да келді*, немесе *Жиынға Бектастың үріп ауызға салғандай бойжеткен қызы да келді*. Мұндай тапсырмалар арқылы оқушы ойдың тыңдаушыға әсерлі берілуі үшін тұрақты сөз тіркестерін орынды қолданудың тиімді екендігіне назар аударады.

Тірек сөздер арқылы мәтін құрастыру оқушылардың ойлауын арттырады, шығармашылық қабілеттерін дамытады, өз бетінше мәтін құрастыруға дағдыландырады. Мысалы, Тірек сөздерді пайдалана отырып *“Батыр – ел тірегі”* тақырыбында шағын шығарма жаз.

Тірек сөздер: *күшті, қарулы, мықты, әлді, қажырлы, қайратты; батыр, ер, қаһарман; тұлпар, сұңқар, арғымақ, сәйгүлік.*

Тапсырылған тақырып бойынша сөз, баяндама дайындау оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады, арнайы берілген тақырып төңірегінде ойтолғау арқылы ой-өрісін кеңейтеді. 5-сынып оқушыларының танымдық ой-өрісін кеңейту үшін шығарма жаздырудың маңызы зор. Мысалы, синоним сөздерді пайдаланып, *“Бақытты балалық шақ”* атты тақырыпта шағын шығарма жаз.

Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдісінің жүйелілігі арқылы берілетін тапсырмалардың өсіп отыруы оқушылардың лексика жөніндегі теориялық білімдерін жетілдіруге, оқушылардың әдемі, бейнелі сөйлеуіне септігін тигізеді.

Ғалым А.С. Қыдыршаев: “Бүгінде тілдік қатынастың барлық түрлерін игерген жоғары мәдениетті адамдарды қоғамның қажетсінуі айқын аңғарылуда. Қайта оралған “тиімді коммуникацияның жағдайы мен формасы туралы” шешендіктану ғылымы қоғамдағы сөйлеу мәдениеті деңгейін көтеру мен мықты “шешен тұлғаларды” тәрбиелеу мәселесін шешу жолдарын ұсынуы тиіс”, – дейді [6,543]. Шешендік өнерді үйретудің тиімділігі жөнінде Б.Қалимұқашева былай дейді: “Сөзді сөйлеу, тыңдай білу, сөздің тура мағынасын түсіне білу, сөздің шыққан тамырын тани білу, ыммен сөйлеп түсіну, айтылған сөздің астарында қалған сөздің мазмұны логикалық заңдылықтарды тану арылы шеше білу сияқты тамаша қасиеттер адамға тек шешендік өнердің табиғатын танып-білгенде, қағидаларын меңгеріп, әдіс-тәсілдердерін қалыптастырғанда ғана студенттің санасында берік орын алады” [7,87]. Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдісі арқылы әрбір оқушының берілген материал жөнінде ойлануына, ой елегінен өткізуіне ықпалын тигізеді.

Лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуда *қатысым әдісінің алатын ролі ерекше*. Сұрақ-жауап, көрнекілік, салыстыру, іздендіру, шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыру әдістерінің жүзеге асуына қатысым әдісі негіз болады. Қатысым әдісі арқылымұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас жоғары белсенділікте дамиды; оқушылар алған білімдерін қоршаған ортада еркін қолданып, тілдік қатынасқа түседі. Қазақ тілі әдістемесінде қатысым әдісінің тілді үйретудегі ерекшеліктері, оның қолданылу жолдары жайындағы пікір Ф.Ш.Оразбаевадан басталады. Ғалым тілді үйрету мен оқытуда жан-жақты пайдаланылатын қатысым әдісіне мынадай анықтама береді: “Қатысым әдісі дегеніміз – оқушы мен оқытушының тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын; белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын; тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларына тән басты белгілер мен қағидалардың жүйесінен тұратын; қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзіне асыратын әдістің түрі” [8, 127]. Қатысым әдісі арқылы белгілі бір тіл туралы білім берілмей, қарым-қатынас құралы тілдің өзін қалай қолдану керек, яғни сол жөнінде оқытылады, яғни сол тілде сөйлеу үйретіледі.

Лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытуда Ф.Ш.Оразбаева ұсынған қатысым әдісінің *тіке байланыс, адамның жеке қабілетін ескеру, сөйлеуге үйретуде жүргізілетін жұмыстардың түрлерін айқындау, сатылап даму, динамикалық өзгеру, өзектілік* басты ұстанымдары негізге алынды. Қатысым әдісінің тиімділігін тәжірибе көрсетті.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Байнешова Ш. Жалпы білім беретін мектепте неміс тілі лексикасын оқушылардың ана тілінің ықпалын ескере отырып оқыту (5-сыныптар). Канд.дисс., Алматы, 1998, 152 б.

2 Рахметова С. III класта тіл дамыту картиналарын пайдалану жөнінде методикалық нұсқау, - Алматы, 1965, - 11 б.

3 Айғабылов А. Лексиканы оқыту методикасы және оның қазіргі міндеті// Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту мәселелері (методикалық жинақ), Алматы, 1982, 205 б.

4 Қыдыршаев А. Шешендіктануды оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері (жоғары оқу орындарының гуманитарлық бөлімдері бойынша). Докт.дис., Алматы, 2001,

5 Рахметова С. Бастауыш сыныптарда оқушылардың тілін ұстарту, Алматы, 1997, 141 б.

6 Қыдыршаев А. Техникалық жоғары оқу орындарында шешендік тануды оқытудың қажеттілігі//Жас гальмдар - Қазақстан тәуелсіздігінің 10 жылдығына атты халықаралық конференция материалдарының жинағы, Алматы, ҚазҰТУ, 2001, 542-545-б.

7 Қалимұқашева Б.А.Студенттерге шешендік өнерді үйрету әдістемесі (бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі факультеті негізінде), Канд. дисс., Алматы, 2000, 185 б.

8 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, Алматы, 2000, 207 б.

*Резюме*

**МЕТОДЫ ПРЕПОДАВАНИИ ЛЕКСИКИ В 5 КЛАССЕ ПО УРОВНЕВЫХ ЗАДАНИИ**

В статье проанализирован методика преподавание лексики по уровневых задании. Лексика казахского языка писывает интеллигента казахского народа, культурной и духовной идентичности, статус, знание специфики языка. Обучая лексикологию ученики познают историю казахского народа, исторических экспонатом и путь развития казахского народа.

В связи с этим, обучая лексике ученики познают разные значения (смысл) слов, обогачивается словарный запас и познания а обучить таких качеств тесно связанные с использованием уровневых задании. Уровневые задании это система выполняемых нескольких этапов от простого к сложному, от легкого к трудному. В статье перечисляют используемых в процессе методыв обучении лексики в уровневых задании. Анализирует важность роли каждого метода. Специфика каждого метода будет дано, чтобы продемонстрировать способ действий.

**Ключевые слова:** лексика, уровневые задание, метод, метод вопрос-ответ, сравнительный метод, визуальный метод, поискательный метод, ораторское искусства

*Summary*

**TEACHING LEXICON FOR 5 FORM BY LEVEL TASKS METHOD**

The article analyzed theme thodsoft eaching lexicon for specifying leveled.The lexical the Kazakh language describes the intellectual of the Kazakh people, the cultural and spiritual identity, status, knowledge of specific language. By teaching lexicology the students learn the history of the Kazakh people, historicalarti facts, and the way of development of the Kazakh people. In this regard,teaching lexicon students learn the different meanings (meaning) of words develop vocabulary and knowledge and teach these qualities are closely related to the use of level job. Leveled task is performed by the system several stages from simple to complex, from easy to difficult. The article lists the method susedin the process of learning vocabulary in job leveled. It analyzes the importance of theroleofeach method. The specifics of each method will be given to demonstrate them odeofaction.

**Keywords:** level tasks, method, answer question method, visual method, comparative method, search method, oratory method

Ш.Л. Ерхожина<sup>1</sup>

<sup>1</sup> педагогика ғылымдарының кандидаты  
Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті  
Алматы қ, Қазақстан

## ВИТАГЕНДІК ОҚЫТУДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІН МЕНГЕРТУДЕГІ РӨЛІ

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі білім берудің сұранысына ие болатын Витагендік оқыту технологиясы туралы айтылады. Бұл технологияның негізін салушы ғалымдардың ұсынған оқыту теориясы сөз болып, оны қазақ тілін оқуда қолданудың қаншалықты маңыздылығы сараланады. Академик А.С. Белкиннің «витаген» дегенді «өмірлік тәжірибе» деп түсіндіргені және оқытудағы Витагендік тапсырмалар оқушыларға сапалы үйретуді, олардың танымын кеңейтіп, ой-өрісін нығайтуды, өз сөзін дәлелді жеткізуге дағдыландыруды көздейтіні сөз болады. Витагендік амал-тәсілдер мен тапсырмалардың оқушылардың еркін тілдік қатынасқа түсу, танымдық, қатысымдық, сондай-ақ топпен тіл табыса әрекет ету қабілеттерінің жетілуінде маңызды рөл атқаратыны сөз болады.

Витагендік тапсырмалар оқушыларға сапалы үйретуді, олардың танымын кеңейтіп, ой-өрісін нығайтуды, өз сөзін дәлелді жеткізуге дағдыландыруды көздейді. Мұның өзі витагендік амал-тәсілдер мен тапсырмалардың оқушылардың еркін тілдік қатынасқа түсу, танымдық, қатысымдық, сондай-ақ топпен тіл табыса әрекет ету қабілеттерінің жетілуінде маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Қазақ тілін оқытуда витагендік оқытудың маңыздылығы арта түседі.

Білімгерлердің жұмыс түрлерін ынтымақтасып, серіктесіп орындау арқылы мақсатқа қол жеткізуі оқытудың жұптық, топтық жұмыс түрлерінде нақты жүзеге асады. Қазақ тіліндегі мәтіндермен жұмыс кезінде, проблемалық мәселелерді шешу барысында, постер құрып қорғауда, кейс шешуде, жоба жасауда, т.б. оқушының қызметі айқындала түседі.

Витагендік амал-тәсілдер мен тапсырмалардың оқушылардың ойды еркін жеткізуде, танымдық, қатысымдық тұрғыдан дамуын, сондай-ақ топпен тіл табыса әрекет ету қабілеттерінің жетілуінде маңызды рөл атқаратыны сөз болады.

**Кілт сөздер:** витагендік, өмірлік тәжірибе, голографиялық әдіс, голографиялық жол, голографиялық жағдаяттар

Қазақ тілін оқытудың, менгертудің түрлі тетіктері қарастырылып, қазіргі заман талабына сай күзиреттілік қалыптастыру мәселесі өзекті болып отырған кезеңде әдіскер мамандар мен ғалымдар оқытудың түрлі технологияларын зерттеуде. Отандық ғалымдардың ұсынған түрлі технологиялары мен оның әдіс-тәсілдерінің қайсысын алсақ та тілді оқытуда олардың өзіндік рөлі бар. Алға қойған мақсатты айқындап, оған жетудің міндеттері нақтыланған жағдайда жүргізілетін жұмыстар оң нәтижесін беретіні секілді, тілді оқыту ұстанымдарының да саралануы маңызды. Ғылымилық негізді сақтай отырып, жүйелі түрде, саналылықпен алған білімнің өмірмен байланысы сақталғанда қазіргі қажетті білімнің құралатыны айқын. Қазіргі қажетті білім деп, функционалды білімді айтып отырмыз. Ол білімнің функционалдық сауаттылығына негізделеді. Білімге орталықтандырылған парадигмадан қызметтікке ауысуды қамтамасыз ететін тәсілдемелерді зерделеуге бағытталған. Яғни, білімалушының қаншалықты білімді өз қорына жинағандығы емес, сол алған білімін қаншалықты біліп, істей алатындығы және алған білімін өмірде қалай қолдана алатындығы маңыздылыққа айналып отыр. Дидактикадағы «Өмірмен байланыстылық» ұстанымы осы міндеттерді жүзеге асыруда негізгі ұстаным ретінде басты рөл атқарады. Оқытудың қарастырылып жүрген түрлі тәсілдерінің ішінде «Витагендік білім беру» технологиясы жаңа педагогикалық парадигманың талаптарына біршама сәйкестігімен, яғни оқушы мен мұғалім арасындағы шынайы ынтымақтастықты қалыптастырып, субъект- субъектілік қатынасқа көшуге мүмкіндік береді және оқушылардың ортақ мақсатқа бірлесе қол жеткізуін қамтамасыз етуімен, оқушылардың басты проблеманы бірігіп шешуіне, бірлесе тәжірибе жинақтауларына және әр оқушының өз тарапынан нәтижелі шешімге жетуіне мүмкіндік тудыруымен ерекшеленеді. Vita латынша өмір деген мағынасын білдірсе; ген гректің тәжірибе деген сөзінен шыққан. Витаген деген сөз «адамның өмірлік тәжірибесі» деген мағынаны білдіреді [1]. Бұл технологияны ХХ ғасырдың соңында білім беру саласына еңгізген академик А.С. Белкин. Академик «өмірлік тәжірибе» деген ұғымға сипаттама бере отырып, айырмашылығы білімгер менгерген ақпараттық білімнің оның қажеттілігіне, оны тәжірибеде іске асыруға дайындығына баланысты болып келетінін айтады.

Витагендік тапсырмалар оқушыларға сапалы үйретуді, олардың танымын кеңейтіп, ой-өрісін нығайтуды, өз сөзін дәлелді жеткізуге дағдыландыруды көздейді. Мұның өзі витагендік амал-тәсілдер мен тапсырмалардың оқушылардың еркін тілдік қатынасқа түсу, танымдық, қатысымдық, сондай-ақ топпен

- В дискурсивном анализе, в том числе и в сопоставительном аспекте, очень важно выделение структурных единиц различного уровня анализа: а) *микроструктуры*, образующие устный модус

дискурса (высказывание или фраза, входящие в диалогическое единство) и письменный модус дискурса (сверхфразовое единство); б) *макроструктуры*: коммуникативный эпизод (фрагмент) и дискурсивное событие (текст); [Дейк 1989] в) гиперструктуры интертекстуального либо интердискурсивного уровня: связи текста (и отдельных высказываний в нем) с иными текстами, дискурсами, дискурсивными и общественными практиками [Кашкин 2005].

• В дискурсе прослеживается также связь не только с чужими, но и с собственными дискурсивными практиками коммуниканта, его пресуппозициями, эмоционально-психическими состояниями, отношениями, оценками, знаниями норм и правил [Кашкин 2005].

• Одной из наиболее исследованных разновидностей институционального дискурса является политический дискурс, тем не менее такие его аспекты, как разграничение стратегий манипуляции и соотношение между рациональной и иррациональной аргументацией в элитарном и массовом дискурсе и др., остаются недостаточно изученными.

*Список использованной литературы:*

- 1 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс/ В.И.Карасик. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 2 Мальшева Е.Г. Русский спортивный дискурс: теория и методология лингвокогнитивного исследования/ Автореф. дисс... докт. филол.н. – Омск, 2011.- 288 с.
- 3 Пульчинелли Орланди Э. К вопросу о методе и объекте анализа дискурса // Квадратура смысла. Французская школа анализа дискурса. - М.: Издательская группа «Прогресс», 1999. – С. 196-213.
- 4 Гаврилова М.В. Лингвокогнитивный анализ русского политического дискурса/ Дисс. д-ра фил. наук. – Санкт-Петербург, 2005. – 468 с.
- 5 Кара-Мурза С.Г. Манипуляция сознанием/С.Г. Кара-Мурза. – М.: Алгоритм, 2000. – 450 с.
- 6 Ли В.С. Парадигмы знания в современной лингвистике: Уч. Пособие/ В.С.Ли. - Алматы: КазНУ, 2003. – 138 с.
- 7 Кубрякова Е.С. О понятиях дискурса и дискурсивного анализа в современной лингвистике // Дискурс, речь, речевая деятельность: функциональный и структурный аспекты: Сб. обзоров. – М.: РАН ИНИОН, 2000. – С. 7-25.
- 8 Кашкин В.Б. Сопоставительные исследования дискурса // Концептуальное пространство языка. – Тамбов: ТГУ, 2005. – С. 337-353.

*Түйіндеме*

**ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ ДИСКУРС ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ЗЕРТТЕУ НЫСАНАСЫ РЕТІНДЕ**

*М.Ш. Мұсатаева<sup>1</sup>*

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті*

*Л.В. Екшембеева<sup>2</sup>*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

Осындай қысқа мерзімде, дискурстық талдаудың арсеналында көптеген дәстүрлер (француз мектеп, ағылшын-саксон дәстүр) жиналған. Мынадай тәсілдерді ұсынылған Посткеңестік ғылыми кеңістікте дискурс талдау мынадай бағыттарда зерттелді: коммуникативтік (ауызша өзара іс-қимыл коммуникативтік және прагматикалық жақтарын есепке алу), семиотикалық (символдық ұйым, жүйе сипаттамасы, таңбалардың типологиясы), прагматикалық (жалпы білім және инференция, интересубъектілік, сөйлеу актілерін, конверсиялық максимдерін, дейкесті, дискурстың эпистемикасын зерттеулермен байланыс, танымдық дискурс (өндіру және түсіну, сөйлеу + контекст, байланыс жағдайы), диалогтық дискурс (диалогтық әлеуметтік-мәдени ортадағы дискурс), танымдық (коммуниканттардың сана құрылымын модельдеу), интегративтік (дискурс әртүрлі мағыналы ақпарат жеткізуші ретінде), себепті-генетикалық (дискурс сөйлеу қызметінің бірлігі ретінде). Қазіргі кезеңде институционалдық дискурс белсенді зерттелуде.

**Түйін сөздер:** дискурс, институционалдық дискурс, дискурс түрлері, коммуникативтік функциялары, семантикалық бірлік, мән блоктары, тілдің материалдануы, мәннің материалдануы, әлеуметтік өзара

*Summary*

*M.SH. Mussatayeva<sup>1</sup>*

*Kazakh National Pedagogical University by Abay*

*L.V. Yekshembeyeva<sup>2</sup>*

*Kazakh National University by al-Farabi*

In such a short period of its existence, discourse analysis has accumulated in its arsenal many traditions (the French school, the Anglo-Saxon tradition). In the post-Soviet discourse analysis presented by the following approaches: communicative (accounting communicative and pragmalingvistics sides of verbal interaction), semiotic (symbolic organization, system characteristics, typology of characters), pragmatic (general knowledge and inference, intersubjectivity, the connection with the study of speech acts, konversatsionnyh Maxim, deixis, Epistemics), cognitive discourse (production and understanding of speech + context, the situation of communication), discursive, dialogical (discourse in a dialogical socio-cultural environment), cognitive (modeling of structures of consciousness communicants), integrative (discourse as a phenomenon that carries different types of information and content), and causal-genetic (discourse as an integrative unit of speech activity). At the present stage actively studied institutional discourse.

**Keywords:** discourse, institutional discourse, discursive species, communicative functions, semantic units, linguistic materiality materialization sense, social interaction



А.Т. Сахова<sup>1</sup>,  
К.К. Рыскулбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>«Өрлеу» БАҰО филиалы Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін артыратын республикалық институты,

Алматы қ. Қазақстан,

<sup>2</sup>«Өрлеу» БАҰО филиалы Қазақстан Республикасы Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық қызметкерлерінің біліктілігін артыратын республикалық институты,

Алматы қ. Қазақстан

## КӨПТІЛДІ БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ТІЛДІ ДАМЫТУДАҒЫ ОЗЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕР

### Аңдатпа

Мақалада көптілді тұлғаны дамыту мен көптілді білім берудің маңыздылығы және де оның аясында тілді дамытудағы қазақстандық тәжірибелер қарастырылады. Тіл – интеграциялық қоғам қажеттілігі ретінде айқындалса, көп тілді меңгеру елімізге үлкен табыстар, ғылыми жетістіктер, халықтар арасындағы әлемдік қарым-қатынасты орнатуға мүмкіндік жасайды. Бұл өз кезегінде әлемдік нарыққа, экономиканың дамуына, еркін білім кеңістігіне шығуға, тікелей озық тәжірибелермен алмасуға, бәсекеге қабілетті болуға ықпал етеді. Ал бұл бүгінгі күннің басты талаптардың бірі болып отыр. Айта кететіні, көптілді білім беруді жүзеге асыруда басымдық ана тіліне беріледі. Осы мақсатта мақалада көптілді білім берудегі отандық тәжірибелер келтіріліп, жүзеге асырылу жағдайы, тәжірибелердің таратылуы мен кездескен мәселелері нақты мысалдармен талданады.

**Түйін сөздер:** көптілді білім беру, пән мен тілді кіріктіріп оқыту(CLIL), ұжымдық оқыту(team teaching), билингвизм (көптілділік)

Қазіргі заманғы, яғни жаһандану жағдайында өмір сүруге қол жеткізіп отырған әрбір қазақстандықтардың ана тілін, салт дәстүрін, ұлттық құндылықтарын жетік меңгерумен қатар көп тілді меңгеруі оның бәсекеге қабілетті болуының кепілі екені даусыз мәселе. Бүгінгі күні мүмкіндігі бар әрбір ата-ана өзінің баласының көптілді меңгеруі үшін бар жағдайды жасауға ұмтылуда. Президент Н.Ә.Назарбаев өзінің «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанда адами капиталдың сапалы өсуіне баса назар аударып, оқыту үдерісінің тәрбиелік құрамдасын күшейту қажеттігін, олар – патриотизм, мораль мен парасаттылық нормалары, ұлтаралық келісім мен толеранттылық, жанның дамуы, заңға мойынұсынушылық, бұл құндылықтар, меншіктің қандай түріне жататынына қарамастан, барлық оқу орындарында да сіңірілуіне тиіс екенін тапсырды. Көп ұлттылық пен көптілділік осы құндылықтардың бірі және біздің еліміздің басты артықшылығы болып табылады. Сонымен қатар ұлт көшбасшысының мемлекеттік саясаты арқасында республикамызда тілдердің үштұғырлығы жобасы да сәтті жүзеге асырылып жатыр.

Қазақстандағы көптілді білім теориясы мен практикасының туындауы мен бой көтеруіне тарихи-педагогикалық алғы шарттары ретінде келесі баптарды көрсетуге болады:

– дүниежүзілік әлеуметтік-экономикалық кеңістікте орын алып жатқан жаһандық интеграциялық-саралау үрдістері бірлігінің диалектикалық бірлігі лингвомәдени коммуникациялардың әмбебап құралдарын іздестіруді талап етеді;

– осындай коммуникацияның құралы ретінде осы күні әлемдік тілдер арасында анағұрлым кең ақпараттық мүмкіндіктеріне ие ағылшын тілі танылуда;

– ағылшын тілінің қазақстандық қауымдастықтағы лингвомәдени кеңістігіне кіруі оның әлемдік экономикаға кіру үшін оны қажетті көлемінде институционалдық зерделеуді талап етеді;

– қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі, оның қолданысының шынайы деңгейі оның білім беру жүйесіндегі, соның ішінде тілдік білімдегі қажеттілігіне алғышарт болуда;

– қазақ-орыс, ұлттық-қазақ, ұлттық-орыс билингвизмінің(көптілділіктің), ұлттық-қазақ-орыс үштілділігінің қолданысы, орыс тілінің үстемдігі есебінен Қазақстанда қалыптасқан қазіргі күнгі тілдік ахуал білім беру мазмұнында оқу пәндері ретінде тілдердің тепе-теңдігі қажеттілігіне алғышарт болуда;

– қазақстандық тілдік ахуал үшін табиғи саналып, тарихи қалыптасқан орыс-қазақ көптілділігі орыс тілін ана тілі ретінде және ана тілі емес ретінде меңгерудің кеңестік дәуірден мұра болып бізге қалған ғылыми-әдістемелік базасының жоғары деңгейде әзірленуіне алғышарт болып отыр;

– кеңестік дәуірдегі тілдік құрылыста қазақ тілінің шет қалған жағдайы оның қолданыс белсенділігін

тежейтін фактор болып шығып, сонымен қатар қазақ тілін оқытып-үйрету мәселесінде педагогикалық тәжірибенің жіті тапшылығына алғышарт болды [3, 6-7].

Жоғарыда келтірілген алғышарттарды басшылыққа алғанмен де көпмәдениетті, көптілді тұлға қалыптастыру ұлттық мәдениетке орталықтандырылған ақпарат бойынша жүргізілуі тиістігін ұмытпағанымыз абзал. Осыған байланысты тілдік білім берудің өзекті мәселелері көрініс табады. Алайда бұл үдеріс синхронды және жүйелі жүргізілген жағдайда ғана оң нәтиже берері сөзсіз. Осы ретте Қазақстан Республикасының Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мемлекеттік тіл – қазақ тілінің функционалдығын арттыру үшін, өзге тілдерді осы мемлекеттік тілдің айналасына, аясына топтастыруды мақсат еткен. Өзге тілдерді қолдай отырып мемлекеттік тілдің де дамуына серпін берілгендігі көрінеді.

Жаһандану заманында көптілділік өмір сүрудің ең өзекті қажеттіліктерінің бірі болып отыр. Осыған байланысты көптілді білім берудің өзектілігі мен маңызы тілдердің үштұғырлығы жобасының қажеттілігі күмән тудырмайды. Мақсатқа қол жеткізудегі бағдарламаның іске асырылуы үш кезеңмен жүзеге асырылуда. Олар: 2011-2013 жылдар аралығында (бірінші кезең) тілдерді дамыту мен қолданудың нормативтік-құқықтық және әдіснамалық негізін арттыруға арналған шаралар кешенін өткізу, 2014-2016 жылдарда (екінші кезең) мемлекеттік тілді оқыту мен қолдану технологиялары мен әдістерін енгізу практикалық шаралар кешенін жүзеге асыру және тілдердің көптүрлілігін сақтау, 2017-2020 жылдар аралығында (үшінші кезең) өзге тілдердің қолданысын сақтаумен қатар, қоғамдық өмірдің барлық салаларында мемлекеттік тілдің қажеттілік деңгейін, оның қолданылу сұранысының сапасы мен меңгерілуін жүйелі мониторинг арқылы нәтижесін шығару. Бүгінгі таңда көптілде оқыту – жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашатын, әлемдік ғылым құпияларына үніліп өз қабілетін танытуына мүмкіндік беретін бүгінгі күнгі ең қажеттілік [2, 10].

Мемлекеттік бағдарламадағы нысаналы индекаторларды іске асырудың бір тетігі ретінде Білім және ғылым министрлігі тәрпынан еліміздегі қазақ тілінен басқа ұлттық тілдерде оқытатын мектептерде көптілді және билингвалды білім берудің жол картасына сәйкес елімізде алғашқыда Оңтүстік Қазақстан облысы, Сайрам ауданындағы Ю.Саремі атындағы өзбек тілінде сабақ беретін мектеп гимназияның және Алматы қаласындағы А.Розибәкіев атындағы №153 ұйғыр тілінде сабақ беретін мектеп гимназия тәжірибесінде негізгі пәндер бір мезгілде бір сабақ үстінде екі немесе үш тілде жүргізілуі немесе кейбір пәндерді қазақ тілінде оқытылуы қарастырылды. Және ол оң нәтиже көрсеткендігін атап өтуге болады. Қазіргі таңда білім берудің көптілді моделін жүзеге асыруда үш тілде ұсынатын мектептердің саны көбеюде. Бұны жүзеге асыруда Назарбаев Зияткерлік мектептері, Қазақ-түрік лицейлерінің тәжірибелері таратылуда.

Жаһандану заманында болып жатқан өзгерістерге байланысты тілдерді оқыту тәсілдері түбегейлі түрде өзгеріп, жоғары сапалы білім алу үшін тілді негізгі құрал ретінде қарастырып жүзеге асырылып жатқан Назарбаев зияткерлік мектептері көптілді білім беру тәжірибесін келтіруге болады. НЗМ халықаралық стандарттарға сай сапалы білім беру мақсатында үштілді білім беру моделін енгізіп дамыту мақсатын қояды. Бұл өз кезегінде тіл саясаты – оқу үдерісінің ажырамас бөлігі екендігі көрінеді.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінде үш тілде білім беру тек қана үш тілді оқыту емес, сондай-ақ пәндерді де үш тілде оқытуды көздейтін білім беру моделі негізінде жүзеге асырылуда. Мысалы, Зияткерлік мектептерде оқыту тіліне қарамастан, «Қазақстан тарихы», «Құқық негіздері» «География», «Қазіргі әлемдегі Қазақстан» пәндері қазақ тілінде, «Дүниежүзі тарихы», «Информатика» пәндері орыс тілінде, жоғары мектептегі жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер мен жаңа пән «Жаһандық көзқарастар және жоба жұмыстары» ағылшын тілінде оқытылады.

Пәндерді екінші және үшінші тіл арқылы оқытуда мұғалімдер *CLIL* әдісін кеңінен қолдануда. *CLIL*, яғни пән мен тілді кіріктіріп оқыту әдісін Еуропалық комиссия 2004–2006 жылдарға арналған Еуропада көптілді білімді дамыту іс-қимылдары шеңберінде ұсынған. Аталмыш әдіс үздіксіз өзгеріс үстіндегі жаһандану заманында мектеп түлектерінің бәсекеге қабілеттіліктерінің бір белгісі болып табылатын тілдерді және басқа тілдерде пәндерді игеруді жүзеге асыру үшін әзірленген. *CLIL* әдісі тілдік емес пән мұғалімдерінің пәндік мазмұнды екінші және үшінші тілде оқытуды білдіреді. Халықаралық практика мұндай әдістің орынды пайдаланған жағдайда жақсы нәтиже беретінін көрсеткен. Өйткені, пән мазмұны мен тілді оқыту өзара терең байланыста болады. Екеуі де ойлау қабілеті мен оқуды жақсарту үшін маңызды. Мағыналық мазмұнды талқылау мақсатымен басқалармен өзара әрекеттесу үшін тілді пайдалана отырып, адамдар өздерінің ойлау қабілетін жақсартады, бұл өз кезегінде олардың оқу қабілетін жақсартуына септігін тигізуі мүмкін. Осылайша бала біріншіден, «математика», «тарих» немесе «химия» сияқты пәндік салаларға тән академиялық тілді, оған тән терминология мен грамматикалық ережелерді игереді, екіншіден екінші немесе үшінші тілде тиісті мәнмәтінде күнделікті өмірде тікелей араласу үшін пайдалануға үйренеді [3, 11].

Бұдан басқа, ұжымдық оқыту(team teaching) барысында бір сыныпта екі мұғалім бірлесіп сабақты жоспарлайды және жүргізеді, оның біреуі бірінші тілде - қазақ немесе орыс тілде сабақ берсе, екіншісі ағылшын тілде сабақ береді. Осының негізінде қарым қатынасты қалаған тілде жүргізіп пән бойынша тақырыптарды игеруге, материалды меңгерудегі қиыншылықтар туындаған жағдайда ана тілде көмек алуға мүмкіндік береді. Оқушының қалауы мен сұранысы ескеріледі.

Зияткерлік мектептердегі үш тілді оқыту тағайындалған және тағайындалмаған қызмет арқылы төменде көрсетілген жолдармен жүзеге асырылады:

- Тіл пәндерін оқыту (қазақ, орыс, ағылшын тілдері);
- Жеке пәндерді үш тілде оқыту;
- Сабақтан тыс жұмыстар (ғылыми-зерттеушілік жұмыстарды үш тілде қорғау, баспа орталықтардың қызметі, (газет, журнал шығару), театрлар (мюзикл, қойылымдар), бейнестудиялар (фильмдер, роликтер) және т.б.

Үш тілді білім беруді енгізу оңай мәселе емес екені мәлім, бұл өте күрделі механизм болып табылады және бірқатар мәселелердің уақытылы шешілуі мен бірқатар құжаттарды әзірлеуді қажет етеді, соның ішінде:

- қазақ және орыс тілдерінде оқудың деңгейлі бағдарламаларын әзірлеу;
- оқыту деңгейлері бойынша бағалау құралдарын әзірлеу;
- тиісті оқыту ресурстарын әзірлеу;
- мұғалімдерді қазіргі әдістер мен тәсілдерге үйрету.

НЗМ тәжірибесі көрсеткендей, үштілдік бағдарламаны жүзеге асырудың табыстылығы көптеген мүдделі тараптардың, соның ішінде мектеп әкімшіліктерінің, мұғалімдердің, оқушылар мен ата аналар қоғамдастығының жауапкершіліктері мен тартымдылықтарына байланысты болады. Сонымен қатар Зияткерлік мектептерінде үштілді оқыту моделінде көптеген еуропалық үлгісі бойынша тілдерді зерделеудің 6(A1, A2, B1, B2, C1, C2) деңгейлі жүйесі ескеріледі. Әрбір деңгей ана тілін де сол сияқты шет тілді де білу сертификатымен расталады [4, 15].

Қазақ түрік лицейлерінің тілдерді оқытудағы ерекшелігі – қазақ, ағылшын, орыс және түрік тілдерінде оқытылады. Дәлірек айтар болсақ шет тілі(ағылшын тілі), математика, информатика, физика, химия, биология пәндері ағылшын тілінде; қазақ тілі, қазақ әдебиеті, қазақ тілі орыс сыныптары үшін, қазақ әдебиеті орыс сыныптар үшін, қоғамдық білім негіздері, құқық негіздері, Қазақстан тарихы, жалпы тарих, география, дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық пәндері қазақ тілінде; русская речь, русский язык, русская литература орыс тілінде өтеді. Түрік тілі пәні түрікше оқытылады. Қазақ тілі (қазақ тобы) – қазақ мектептері деңгейінде қазақ тілі (орыс тобы) – орыс мектептеріне қарағанда тереңдетілген деңгейде, орыс тілі – қазақ мектептеріндегі орыс тілі деңгейінде, ағылшын тілі пәні бойынша 7 сыныпты бітірген кезде оқушылар белгілі бір деңгейде ауызекі сөйлеу тілін еркін меңгереді. 11 сыныпты бітірген кезде ағылшын тілінің Advanced деңгейін толық меңгеріп шығады. Түрік тілі 7 сыныпта бастауыш деңгейде, одан жоғары сыныптарда қалыпты деңгейде оқытылады. Қазақ тілі бойынша лицейлерде 8-11 сыныптар арасында жыл сайын қазақ тілі олимпиадаларын жүйелі өткізу үрдіске айналған [5, 23].

Көптілді білім беруді енгізуде мұғалімдермен қамтамасыз ету мәселесі, пән бойынша мұғалімде қажетті көмекші материалдармен, кітаптармен жетіспеушілігі секілді проблемалармен кездесуде. Ол мәселе сатылы түрде жүзеге асатын бағдарлама аясында шешімін тауып жоғарыдағы тәжірибелер республикамыздың жалпы білім беретін мектептеріне тарату көзделген. Сонымен қатар келесі шарттарды есте сақтаған жөн. Тілдерді меңгеру паралельді түрде жүзеге асқанымен, негізгі тамыры ана тіл болып қала береді. Шет тіліне үйрету ол ең алдымен тілдік ойлауға үйретуге, өз ойын жеткізу мен меңгерген тіл әлемінің жаңа құралдарын игеруге, тұлғаның көптілді санасын дамытуға, тілді дамытудың алгоритмі: ойлау, ауызша, жазбаша, қарым-қатынасқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, көп тілді білетін түлектер – мемлекеттің өз мәдениетін терең меңгеріп қана қоймай, әлемдік мәдениетін танытын, халықаралық достық пен бірлестіктің артуына кепілдік күш салатын азаматтар болатыны анық.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

*1 Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. - Астана, 17.01.2014 ж.*

*2 Қазақстан Республикасының Тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. ҚР Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы № 110 Жарлығы.*

*3 Жалпы орта білім беру жүйесіндегі көптілді білім беруді дамытудың әдіснамалық қамтамасыздығы. Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 11-12б. әдістемелік нұсқаулық.*

4 Орта білім мазмұнын Назарбаев Зияткерлік мектептері тәжірибесі негізінде жаңарту. БІ.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2014. – 15-17 б. - әдістемелік құрал.

5 Жунусханова К.К. Көптілді білім беру аясында тілді дамытудағы қазақстандық тәжірибелер. Алматы: ҚР ББЖҚБАРИ, 2015. - 23 б. - әдістемелік құрал.

Резюме

## ИННОВАЦИОННЫЙ ОПЫТ РАЗВИТИЯ ЯЗЫКА В РАМКАХ ПОЛИЯЗЫЧНОГО ОБРАЗОВАНИЯ

А.Т. Сахова<sup>1</sup>

К.К. Рыскулбекова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>АО «НЦПК «Өрлеу» Республиканский институт повышения квалификации руководящих и научно-педагогических работников системы образования Республики Казахстан,

<sup>2</sup>АО «НЦПК «Өрлеу» Республиканский институт повышения квалификации руководящих и научно-педагогических работников системы образования Республики Казахстан

В статье рассматривается казахстанская практика развития языка и развитие полиязычной личности и важность полиязычного образования. Язык - выявляется как необходимость интеграционного общества, усвоение полиязычия дает большие успехи государству в научных достижениях, возможность устанавливать мировые взаимоотношения между государствами. Это в свою очередь влияет на мировой рынок, экономическое развитие, прямому обмену инновационным опытом, выходу к свободному образовательному пространству, конкурентоспособности. Это является одним из главных требований на сегодняшний день. Необходимо отметить, что при реализации полиязычного образования приоритетным должен оставаться родной язык. С этой целью в статье приведены примеры отечественного полиязычного образования, условия реализации, распространения опыта и обсуждение конкретных примеров и встречаемых проблем.

**Ключевые слова:** полиязычное образование, Предметно-Языковое Интегрированное Обучение (CLIL), групповое обучение (team teaching), билингвизм (двуязычие)

Summary

## INNOVATIVE EXPERIENCE OF LANGUAGE DEVELOPMENT IN THE FRAMEWORK OF POLILINGUAL EDUCATION

A.Sahova<sup>1</sup>,

K.Ryskulbekova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Branch of JSC “NCPD “Orleu” Republican institute for professional development of leading and research-pedagogical staff of education system of the Republic of Kazakhstan,

<sup>2</sup>Branch of JSC “NCPD “Orleu” Republican institute for professional development of leading and research-pedagogical staff of education system of the Republic of Kazakhstan

The article deals with Kazakhstani practice of language development and development of polylingual personality and importance of polylingual education.

Language - is revealed as a necessity of integrative society, digestion of polylinguism provides a state with great advances in scientific achievements, gives an opportunity to set the global relationship between the states. This in turn affects a global market, economic development, direct exchange of innovative experience, becomes a door to a free educational space, competitive ability. This is one of the main requirements to date. It should be noted that when implementing polylingual education a native language must remain as priority. For that purpose, article provides examples of domestic polylingual education, conditions of implementation, dissemination of experience and discussion of case studies and problems.

**Key words:** polylingual education, Content and Language Integrated Learning (CLIL), team teaching, bilingualism

Қ.Қ. Төлеуғали<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2-курс магистранты

## ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

*Аңдатпа*

Бұл мақалада қазақ тілі сабағында жаңа педагогикалық технологияларды қолдану әдіс-тәсілдерінің көрсеткіші, маңыздылығы сөз болады. Әдіс-тәсілдерді шебер қолдану арқылы берілген материалды терең меңгеру, өз бетінше оқуға машықтану, ұзтазбен қарым-қатынаста еркіндікті сезіну, өз алдына мақсат қоя білу, шығармашылыққа баулу жолдары, шеберлігін шыңдау тәсілдері баяндалады.

Жаңа педагогикалық технологияның «педагогикалық үрдісте жеке тұлғаның бағыты негізіндегі педагогикалық технология, оқушының іс-әрекетін белсендіру, қарқындалу негізіндегі педагогика, оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру, басқару негізіндегі педагогикалық технология, дидактикалық білім көтеру және материалды реконструкциялау негізіндегі педагогикалық технология, жеке пәндік педагогикалық технология» бағыттары жайлы айтылады. Әр бағытқа тән педагогикалық технология түрлері топтастырылады. Мысалы: Ы.Алтынсариннің педагогикалық технологиясы, ойындар түріндегі технология, проблемалық оқыту технологиясы, миға тұтқиылдан шабуыл жасау технологиясы, топтық оқыту технологиясы т.б.

Мақалада қазақ тілі сабағында жаңа педагогикалық технологияларды қолдану – жаңа бағытта білім беру екенін мысалдар арқылы талдап көрсетеді.

**Түйін сөздер:** педагогикалық технология, инновация, әдіс-тәсілдер, педагогикалық үрдіс, шығармашылыққа баулу

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев қалыптасқан дәстүр бойынша 2007 жылдың 28 ақпанындағы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауында Республикадағы әлеуметтік, саяси-мәдени жағдайларға кеңінен талдау жасап, елдің негізгі даму бағыттарын атап көрсетті. Қол жеткен нәтижелер – Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына қосылуына мүмкіндік туғызатыны анық. Жоғары білім беру үшін алтыншы міндет пен он сегізінші бағыттың маңызы ерекше. «Осы заманғы білім беру мен кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық эконмиканы дамыту»-деп атап айтты [1,1].

Сондықтан бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойылатын жаңа талаптарды анықтауда.Техникалық прогресс пен ғылым ақпарат көлемінің ұлғаюы, бүкіл педагогикалық үдерістің тұлғалық бағдарлануына қойылатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда кез келген оқу орындарында оқу үдерісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологияларын пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр.Мұның өзі аталған мәселенің теориялық негіздемесін жасау қажеттілігін туындатады.

«Технология» ұғымы соңғы кездері педагогикалық әдебиеттегі ең көп қолданылатын ұғымдардың біріне айналды.Технология ұғымының дидактикалық ұғымдармен байланысы сан алуан:оқытудың технологиясы, педагогикалық технология, білім беру технологиясы, тәрбие технологиясы, қарым-қатынас технологиясы, дамыту технологиясы, қалыптасу технологиясы, модульдік технология, топтық оқыту технологиясы, т.б. Бұл технологиялардың қайсы түрі болмасын анықтаманы қажет етеді.Сондықтан да әрбір автор «технология дегеніміз не?» - деген сұраққа немесе технологиямен байланысты жеке ұғымға өз анықтамасын беруге тырысады. Нәтижесінде, дәл қазіргі кезде білім беру жүйесінде жүріп жатқан үдерістердің технологиясына түсіндіретін жалпы анықтамасы жоқ. Біз зерттеу барысында «технология дегеніміз- әрбір пән мұғалімінің қоғам талаптарына сәйкес білім беру жолдарын ұсыну шеберлігі» деген тұжырымға келдік[2,75].

М.В. Кларин «Педагогикалық технология – бұл педагогикалық мақсатқа қол жеткізу жолындағы қолданылатын барлық қисынды ілім амалдары мен әдіснамалық құралдарының жүйелі жиынтығы және жұмыс істеу реті»,-деп жазады [3,44].

Біздің пікірімізше, педагогикалық үрдіс технологиясы дегеніміз – мақсат-мүддені анықтаудың шені реті жалпы әдіснамасы негізінде мемлекеттің қазіргі таңда білім беру саласына қойып отырған талаптарына сәйкес анықталып, іріктеліп, реттелген оқытудың мазмұн, форма,әдіс-амалдарының, дидактикалық талаптарының психологиялық-педагогикалық нұсқауларының жиыны. Оқыту технологиясы мектепте оқу үрдісіне қажетті әдіс-тәсіл, амал, дидактикалық талап секілді психологиялық іс-әрекеттердің жүйелі кешені ретінде пайдаланылады. Ол оқушылардың тәртібіне, оқуға ынтасына, оқу іс-әрекетіне игі әсер етумен

қатар, педагогиканы нақты ғылымға жақындату, мұғалімдердің интеллектуалдық, шығармашылық қызметі болып табылатын педагогикалық іс-тәжірибесінің нәтижелігіне, жинақылығына ұтымды әсер ететіндей оқу-тәрбие процесінің басты күретамырының рөлін атқарады. Былайша айтқанда, педагогикалық технология оқу-тәрбие процесінің шығармашылықпен терең ойластырылған көптеген факторлардың үйлесімділігі оқыту мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін жанды құрамдас бөлігі (компоненті) [4,26].

Жаңа педагогикалық технология төмендегідей бағыттарға бөлінеді:

№	Бағыттары	Түрлері
I	Педагогикалық үрдісте жеке тұлғаның бағыты негізіндегі педагогикалық технология	1. Педагогикалық қарым- қатынас технологиясы 2. Ы.Алтынсариннің педагогикалық технологиясы 3. Ш.А. Амонашвилидің жеке тұлғалы ізгілік технологиясы. 4. И.Ильин жүйесі.
II	Оқушының іс-әрекетін белсендіру және қарқындату негізіндегі педагогикалық технология	1. Ойындар түріндегі технология. 2. Проблемалық оқыту технологиясы. 3. Басқа тілдегі мәдениетке коммуникативтік (жан- жақты) оқыту технологиясы (Е.И. Пассов) 4. Оқыту материалын тірек сызбалар, тірек конспектісі және модельдеу арқылы қарқындатып оқыту технологиясы. (В.Ф. Шаталов)
III	Оқу үрдісін тиімді ұйымдастыру және басқару негізіндегі педагогикалық технология	1. Миға тұтқиылдан шабуыл жасау технологиясы. 2. С.И. Лысенкованың түсіндірмелі басқаруда тірек схемаларын пайдалана отырып, перспективті алдыға жылдамдата оқытудың технологиясы. 3. Ж. Қараевтың деңгейлеп оқыту технологиясы. 4. Деңгейлік дифференциялау технологиясы. 5. Бағдарламалық оқыту технологиясы 6. Ұжымдық оқыту технологиясы. (КСО, А.Г. Ривин, В.К. Дьяченко) 7. Топтық оқыту технологиясы. 8. Қомпьютерлік оқыту технологиясы. 9. Модульдік оқыту технологиясы. (Жанпейісова М.М.)
IV	Дидактикалық білім көтеру және материалды реконструкциялау негізіндегі педагогикалық технология	1. «Экология және диалектика» (Л.В.Тарасов) 2. «Мәдениет диалогы» (Б.С. Библер, С.Ю. Курганов) 3. Дидактикалық бірліктерді ірілендіру. (П.М. Эрдниев) Ақыл-ой іс-әрекетін сатылай қалыптастыру теориясын игеру технологиясы (М.Б. Волович)
V	Жеке пәндік педагогикалық технология	1. Сауаттылыққа ерте үйрету және дамыта оқыту технологиясы (Н.А. Зайцев) 2. Н. Оразахынованың «Сатылай талдап оқыту технологиясы». 3. Бастауыш мектептің жалпы оқу білігін жетілдіру технологиясы (Н.А. Зайцев) 4. Бітібаеваның дамыта оқыту технологиясы. 5. Математикалық есептер шешу негізіндегі оқыту технологиясы (Р.Г. Касаткина). 6. Сабақтың тиімді жүйелік негізіндегі оқыту технологиясы (А.А. Окунев) Физиканы сатылай оқыту жүйесі (Н.Н. Палтышев)
VI	Альтернативті педагогикалық технологиялар	1. Вальдорф педагогикасы (Р.Штайнер) 2. Еркін еңбек технологиясы (С.Ферт) 3. Ықтималдық білім технологиясы. (А.М. Лобок) 4. Шеберханалық технологиясы.
VII	Табиғи байқағыштық технологиясы	1. Табиғи байқағыштық арқылы сауаттылыққа тәрбиелеу технологиясы. (А.М. Кушнир) 2. Өзіндік дамыту технологиясы. (М.Монтессори)
VIII	Дамыта оқыту технологиясы	1. Дамыта оқыту жүйесі. (В.Занков) 2. Жеке тұлға бағытындағы дамыта оқыту. технологиясы (И.С. Якиманская) 3. Д.Б. Эльконин, В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы. 4. Өзіндік дамыта оқыту технологиясы. (Г.К. Семeko).
IX	Авторлық мектептің педагогикалық технологиясы	1. Педагогикалық бейімделу мектебі. (Е.Д. Ямбург). Өзін анықтау мектебінің авторлық технологиясы (А.Н. Тубельская)

Технологияның басты принциптерінің бірі – әр оқушыны жеке тұлға ретінде қабылдап, оның барлық танымдық қасиеттерін дамыта отырып білім беру. Оқу тиімділігінің артуы, берілген материалды терең

менгеру, оқушының ойлануы, оған ой салу, ойланту, өз бетінше оқуға машықтану, өзін тұлға ретінде қалыптастыру мүмкіншілігіне ие болу, ұстазбен қарым-қатынаста еркіндік, теңдікті сезіну, өз алдына мақсат қоя білу, іске асыруға дағдылану – жаңа педагогикалық технологияларды қазақ тілі сабағында тиімді пайдалана білудің оң нәтижесі.

Қазақ тілі сабағында жаңа педагогикалық технологияларды қолдану әдіс-тәсілдерінің көрсеткіштері: қазақ тілі сабағының мазмұны мен сапасы артады, оқушылардың дара ерекшеліктеріне сай ойлау, сөйлеу қабілеттері дамиды, оқушы өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланып, шеберлігі шыңдалады, оқушының жауапкершілігі артады, шығармашылығы қалыптасады, оқушы өзін-өзі дамытып, өзін-өзі бағалап, білім деңгейін өрбіте алады, оқушы өзі талдау жасайды, қорытынды шығарады, жаңалыққа ұмтылады, оқушының ауызша, жазбаша сөйлеу тілдері дамиды, лексикалық қоры байды, қазақ тілін үйренуде қызығушылығы, өз күшіне деген сенімділігі пайда болады, бала өз ойын дәлелдей білетін, шағын зерттеулер жүргізе алатын болады [5,14].

Жаңа педагогикалық технологиялардың әдіс-тәсілдерін сабақ беру үдерісінде шебер қолдану оқушының ынта-ықыласын арттырады. Ал, ықыластылық – шығармашылықтың бастауы.

*Пайдаланылған әдебиеттер:*

1 Назарбаев Н.Ә. Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында//Егемен Қазақстан.-2005,19 ақпан.-№32-33. –Б.1.-3.

2 Садуова Ж.Н. Жаңа педагогикалық технологияны тиімді пайдалану білімділіктің негізі. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. -Қарағанды,2007.-1 том. -75-79-бб.

3 Кларин М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования, игр, дискуссий. - Рига: НПП «Эксперимент». 1995,176с.-48с.

4 Көшімбетов С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары.п.ғ.к. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертация. -Алматы, 2004.26-б.

5 Аманжолова С.С. Мемлекеттік тілді оқытудағы жаңа технологиялардың тиімді жолдары. - Алматы, 2002. 14-22-б.

*Резюме*

## **ПРИМЕНЕНИЯ НОВЫХ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ ТЕХНОЛОГИЙ НА УРОКАХ КАЗАХСКОГО ЯЗЫКА МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ**

*Төлеугали К.К.*

*КазНПУ имени Абая, Магистрант 2-курса,*

*Научный руководитель:*

*Р.Ә. Шаханова,*

*доктор педагогических наук, профессор*

Эта статья о способах применения новых педагогических технологий и его важных аспектах на уроке казахского языка.

В статье рассказано о том, как с помощью этих методов «можно глубже усвоить, самостоятельно изучить данный материал: о способах помогающих ставить конкретную цель перед собой, а также о путях оттачивания мастерства»

В новой педагогической технологии рассказано о «педагогическом процессе на основе направления физического лица, повышение активности учащихся, педагогическая технология на основе управления, дидактическое повышение знаний, а также о педагогической технологий на основе реконструкций, о педагогической индивидуальной реконструкции, о индивидуальной предметной технологии»

Группируются педагогические технологии на основе разных направлений. Например: педагогическая технология Б.Алтынсарина, игровые технологии, технология проблемного обучения, и т.п.

В статье с помощью примеров подробно описано о применении новых технологии на уроках казахского языка.

**Ключевые слова:** Педагогические технологии, инновации, методы

*Summary*

## **APPLICATION OF PEDAGOGICAL NT ON THE LESSONS OF KAZAKH METHODS AND RECEPTIONS**

*Төлеугали Қ.Қ.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>КазНПУ name of Abay*

In this article will talk about using new pedagogical technology in Kazakh lesson. We talk about to learn the material, to read independently, to feel freedom communication with teacher, to put purpose, ways of creation with new methodology.

Talk about “in pedagogic cause pedagogical technology simple person, to active student’s skills, to develop pedagogy, to organize the learning cause useful, pedagogical technology, to grow up deductive knowledge and to reconstruction the material in pedagogical technology, pedagogical technology with simple subject in new pedagogical technology”. The types of pedagogical technology with group every direction. For example: I. Altinsarin’s pedagogical technology, technology with games, technology problem of learning, technology of brainstorm, technology with group of learning, etc.

In this article in Kazakh lesson will show using the new pedagogical technology to teach in new direction with examples.

**Key words:** Pedagogical technology, innovation, methodology, pedagogic cause, educate the creation

*<sup>1</sup>Казахский Педагогический Национальный Университет имени Абая (г. Алматы, Казахстан),*

*<sup>2</sup>Каспийский Государственный Университет Технологий и Инжиниринга им. Ш.Есенов  
(г.Ақтау, Казахстан),*

*<sup>3</sup>Таразский Инновационно-гуманитарный Университет имени Шайбакова (г.Тараз, Казахстан)*

## **К ВОПРОСУ ОБ ОБУЧЕНИИ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА**

### *Аннотация*

В изучении языка главное-это мотивация. Имея желание учить язык, получать удовольствие в процессе обучения и понимая, где можно применить свои знания, человек получает осязаемый результат. Подбор методики в изучении языка зависит от индивидуальности, особенностей склада ума и личностных особенностей конкретного человека. Программа обучения языков КазНПУ была составлена в течении 16 лет, постоянно совершенствуясь по всем направлениям-аудирование, говорение, грамматика и орфографические навыки для выполнения тестовых заданий. Курсы проводились параллельно с интернет-программой, ведь изучение английского языка на сегодняшний день существенно облегчается еще и технологическими достижениями. В странах с высоким уровнем владения английским, также высок уровень компетентности пользователей Интернета. А также сочетание теории и практики-помогут овладеть языком, а также повысить профессиональное мастерство

**Ключевые слова:** образование, методы обучения, трехязычие, языковая политика, повышения квалификации, коммуникативная компетенция

Происходящие изменения в сфере образования, определяют необходимость обновления метода обучения студентов в высшей школе посредством использования новых методов обучения, повышения требований к качеству образовательных процессов, оказываемых высшими учебными заведениями. И поэтому все более востребованы специалисты, не только имеющие знания, но и умеющие использовать полученные знания для решения конкретных задач. По-новому обученный специалист может стать профессионалом своего дела. Следовательно, обществу нужны педагоги, которые могут привить в своих студентах не только креативный подход, умения самостоятельно находить ответы на поставленные вопросы, но и знать несколько языков, в том числе английский язык, делать выводы, принимать решения.

Сегодня в Казахстане проводится уникальная политика трехязычия, направленная на освоение Казахстанцами сразу трех языков: казахского, русского и английского. Трехязычие для Казахстана должно быть нормальным явлением, заявил Н.Назарбаев, выступая на юбилейном форуме стипендиатов и выпускников международной стипендии «Болашак» в Астане.

В Республике Казахстан языковая политика берет свое начало с 2007 года, когда в Послании народу Казахстана «Новый Казахстан в новом мире» Глава государства предложил поэтапную реализацию культурного проекта «Триединство языков». Именно этот момент можно обозначить как отправную точку новой языковой политики независимого Казахстана, которая сегодня может служить примером для других стран мира по степени популярности в обществе и уровню своей эффективности. Выделение именно казахского, русского и английского языков в качестве приоритетных объясняется следующими словами Президента: «Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это: казахский язык – государственный язык, русский язык – язык межнационального общения и английский язык – язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1].

Как известно, начиная с 2021 года казахстанские вузы начнут готовить специалистов со знанием английского языка, и для того, чтобы в вузы пришли абитуриенты не с нулевым знанием английского языка, а способные успешно интегрироваться в образовательные вузовские программы, с 2019 года в 10-11 классах школьники, согласно ими самими выбранными направлениями для получения высшего образования, начнут проходить 4 предмета – химию, физику, биологию, информатику на английском языке. С этой целью МОН РК организовал языковые курсы, как по подготовке учителей-предметников, так и преподавателей педагогических вузов, которые должны готовить к выпуску молодых-учителей со знанием английского языка. В рамках реализации Государственной программы развития образования на 2016-2019 годы мы проходили курсы по изучению английского языка в Алматы, организованные КазНПУ им.Абая.

Самообразование также очень важно для развития талантов в человеке. Только с помощью самообразования человек может стать гармонично развитой личностью. Человек становится высококвалифициро-



ванным специалистом после получения специального образования. И профессионализм может быть достигнут только с его помощью. Даже высококвалифицированные специалисты время от времени обновляют свои знания на курсах повышения квалификации.

Как преподаватели высшей школы, мы осознаем важность основного метода обучения, который применялся на курсах повышения по изучению английского языка как интерактивный обучающий тренинг, предназначенный для развития навыков чтения, понимания прочитанного и освоения языка и письма. Данный метод основан на лидерской программе SAA, направленная на освоение строгого основного учебного плана, обучающего критически мыслить и решать сложные задачи, работая совместно и эффективно общаться. В начале курса, пока еще, находясь у себя дома, мы были уверены, что это все нам не нужно, что, мол, это лишняя трата денег. Но, к огромному счастью, изучая английский по данной программе, мы поняли как же все-таки очень интересно и полезно знание не только языка, но и ее процесса изучения.

Для проведения занятий к нам были прикреплены тьютеры для каждого уровня по отдельности. Наши тренеры работали, включая свои личные разработанные методики, так как они очень заинтересованы были результатом. Поскольку основным методом являлся интерактивный обучающий тренинг, использовались диалоговое обучение, групповая работа, индивидуальные задания, выполнение тестовых заданий, закрепление грамматики английского языка, использование аудио и видео файлов, которые применялись с начала занятия и до конца. Ведь одной из главных задач преподавателя в вузе является формирование у будущих специалистов коммуникативной компетенции: умение решать лингвистическими средствами коммуникативные задачи в конкретных речевых ситуациях, что немаловажно для будущего специалиста.

В процессе обучения мы узнали, как составляются тестовые задания, как нужно выбрать тексты и с помощью их узнали многое для себя, в особенности методику преподавания предмета. Обратили особое внимание на составленные пост-тесты, следующие после каждой темы.

Как же уместны напоминания о том, как много времени и тщательного анализа требует составление портфолио и УМК по предмету. Потому что для этого требуется просмотр не менее 50-60 книг и не только просмотр, а интересное чтение. Тем более для составления содержательного и методически совершенного УМК уходит очень много времени.

Отсюда следует вывод, что ППС при составлении пособий должны обдумывать и учитывать, прежде всего, содержательную сторону, затем соответствия к программе и учебному плану, а после только издать, а у нас фактически на это всегда не хватает времени. А жизнь не стоит на месте, быстрыми темпами развивается. Следовательно, необходимо выбрать оптимальный вариант. Значит, изменить подход и установку к составлению методических разработок.

Программа по которой мы изучаем язык, была составлена в течении 16 лет, как рассказал нам об этом автор Георгий Махмиладзе, директор этой компании.

При изучении данной программы нам было интересно знакомство с материалом занятий, включающие аудирование, говорение, грамматику и орфографические навыки для выполнения тестовых заданий.

Данная программа привлекательна еще и тем, что она уровневая и многоплановая и предназначена для развития навыков чтения, понимания прочитанного и освоения письма и языка. Тексты и весь материал, подключенные к интернету сопровождалось звуковыми дорожками, озвучиванием английского языка. После каждой темы выполнялись пост-тестами с возможностью их пересдачи для получения оптимальных результатов.

Курсы проводились параллельно с интернет-программой, ведь изучение английского языка на сегодняшний день существенно облегчается еще и технологическими достижениями. В странах с высоким уровнем владения английским также высок уровень компетентности пользователей Интернет. Во многих странах гибкая форма обучения, массовый открытый онлайн-курс и совмещение классов возможны благодаря тому, что у учеников есть доступ в Интернет как в учебном заведении, так и дома. Около 56% всех онлайн-материалов доступно на английском языке. В странах с низким уровнем владения английским языком онлайн-инструменты позволяют применить к изучению языка индивидуальный подход, более интерактивный и более доступный.

Ассоциация GSMи MozillaFoundation подсчитали, что к 2017 году мобильные широкополосные соединения в развивающихся странах достигнут трех миллиардов, половина из которых будут смартфон-соединения. Мобильные технологии позволят миллиардам людей подключиться к мировой сети, взаимодействовать как друг с другом, так и с исследователями, предпринимателями, учеными и творческими людьми.

Согласно последнему опросу, страны Европейского союза (ЕС) более 20 лет стремятся к полиязычию.

Согласно резолюции ЕС от 31 марта 1995 года, каждый европейский ученик имеет возможность изучения двух иностранных языков помимо своего родного. По данным европейской комиссии, 54 % европейцев говорят как минимум на одном иностранном языке, в т.ч. 25% - на двух, 10% - на трех иностранных языках. Опрос выявил, что большинство европейцев положительно относятся к полиязычию. 98% считают, что их дети получают выгоду от владения иностранными языками, 67% считают английский язык одним из важных языков.

Для сравнения в Японии традиционно не уделялось такого большого внимания изучению английского языка. Позиция страны в индексе владения английским языком в течение последних пяти лет ухудшается. Если в 2011 году Япония занимала 14 место (из 44 стран), то в 2016 году позиция ухудшилась до 35 места (из 72 стран).

Ввиду этих причин, а также для усиления конкурентоспособности в условиях продолжающейся глобализации, с недавних пор японцы стали придавать решающее значение английскому языку. В декабре 2013 года Правительством страны был предьявлен Национальный план реформирования обучения английскому языку в соответствии с вызовами глобализации (The English Education Reform Plan responding to the Rapid Globalization). К 2020 году Япония поставила себе цель лидировать среди азиатских стран. И если ранее английский язык начинал преподаваться с основной школы, то новый план направлен на его раннее изучение.

В Казахстане приоритетом в изучении языков всегда был и остается казахский язык. Сегодня более 1,7 миллионов детей учатся на казахском языке. И число учащихся из года в год растет. За 16 лет доля учащихся школ с казахским языком обучения увеличилась с 51% в 1999 году до 64% в 2015 году. Растет и доля студентов вузов на казахском языке. В течение 15 лет, их контингент вырос в два раза (с 32% в 2000 году до 63% в 2015) [2].

Развитие родного языка действительно проблема серьезная. Динамика реализации данной программы пока еще не очень соответствует поставленным целям. Это, прежде всего качество учебников, не совершенные методики, которые требуют много времени и больших материальных затрат.

Мы должны понимать, что в Казахстане проживают более 130 этносов, где русский язык является важным для коммуникации. На сегодняшний день один из главных ресурсов РК – это переход к модели трехязычия. Сохранять русский язык и учить английский по рабочей тетради EnjoyEnglish и конечно же развивать казахский язык.

Конечно же, универсальной методики не существует. Подбор методики в изучении языка зависит от индивидуальности, особенностей склада ума и личностных особенностей конкретного человека. С уверенностью можно сказать одно — обучение с погружением в языковую среду идеально подходит для дошкольников. А обучение взрослых иностранному языку требует решения сложных задач. У некоторых взрослых при таком типе обучения может возникнуть страх перед общением и человек не сможет воспринимать язык вообще. Другой тип людей, наоборот, начинает в такой ситуации прогрессировать невероятно быстро, схватывать все «на лету» и говорить на языке с первых же занятий. Вообще, в изучении языка главное — это мотивация, желание учить язык, удовольствие от его изучения и понимание, где человек может применить свои знания.

Но, несмотря на множество проблем по организации курсов, КазНПУ им. Абая в числе первых отозвался к призыву президента Н.Назарбаева. Во главе с МОН РК КазНПУ им. Абая организовали курсы повышения, причем ускоренные курсы по изучению английского языка, выкупив шведско-американскую программу.

Мы думаем, что теоретические знания и практические навыки, освоенные во время прохождения курсов повышения квалификации по овладению английского языка, помогут нам совершенствовать свое профессиональное мастерство, в полной мере реализовать свой творческий потенциал.

*Использованная литература:*

1 Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда // Казахстанская правда. — 2012. — № 218-219. — 10 июля.

2 Булдыбаев Т, Мухаметжанова А. Развитие языковых компетенций: международный опыт и потребности Казахстана. / Білімді ел. Образованная страна. Республиканская образовательная общественно-политическая газета № 24 (61) от 27 декабря 2016 г).

Түйіндеме

### АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУ

Шангереева Ш.Т.<sup>1</sup>, Битикова А.И.<sup>2</sup>, Ходжагельдиева З.М.<sup>3</sup>,

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,

<sup>2</sup>Есенов атындағы Каспий Мемлекеттік Иехнологиялар және Инжиниринг Университеті,

<sup>3</sup>Шайбаков атындағы Тараз инновациялық-гуманитарлық университеті

Мақалада ағылшын тілін үйрену мәселесі қарастырылған. Тіл үйренуде ең бастысы-қозғамдама, ниет. Тілді үйрену процесінде ләззат ала отырып, білімдерін қолданған жағдайда адам айтарлықтай нәтиже алады. Іріктеу әдістемесін таңдау әр адам өз даралығына, ерекшеліктеріне, қойма ақыл-ой тұлғалығына байланысты. Қазұпу тілдерді оқыту бағдарламасын 16 жыл ішінде жасады. Барлық бағыттар бойынша жетілдіре отырып-тыңдалым, сөйлеу, грамматика және орфографиялық дағдыларын, тест тапсырмаларын орындау. Біздің негізгі мақсатымыз-Қазақстанда үш тілде еркін сөйлеу және осы білімдерін пайдалану. Ағылшын тілі бүгін әлдеқайда оңай, өйткені техникалық жетістіктер жоғары деңгейде болғандықтан онлайн бағдарламасымен қатар өтті. Ағылшын тілін жоғары деңгейде білетін мемлекетте, сондай-ақ интернет пайдаланушылардың құзыреті деңгейі жоғары болады. Ал теориясы мен практикасы үйлесімі, тілін үйрену және кәсіби дағдыларын жақсартуға көмектеседі.

**Түйін сөздер:** білім беру, оқыту әдістері, үш тілділік, тіл саясаты, біліктілігін арттыру, коммуникативтік

Summary

### TO THE QUESTION OF LEARNING THE ENGLISH LANGUAGE

Shangereyeva Sh.T.<sup>1</sup>, Bitikova A.I.<sup>2</sup>, Hodzhageldieva Z.M.<sup>3</sup>,

<sup>1</sup>Kazakh National University named after Abai,

<sup>2</sup>Caspian State University of Technology and Engineering named after Sh.Esenov,

<sup>3</sup>Taraz Innovation Humanities University named after Shaybakova

In learning language the main thing is the motivation. With a desire to learn language and having fun in learning and know where to apply their knowledge, the person receives a tangible results. Recruitment methods in the learning language depends on the personality characteristics of mentality and individual personality. The language training program has been drawn up by KazNPU for 16 years, constantly improving in all directions- listening, speaking, grammar and spelling skills to perform the test tasks. The combination of theory and practice will help to learn the language and to increase professional skills which will help in many situation. Our purpose is getting that high level in our country.

**Key words:** education, teaching methods, trilingual, language policy, training, communicative competence

## АУДАРМАТАНУ

МРНТИ 17.09.91

С.Абдуллаева-Азадова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> Музей Литературы имени Низами  
Национальной Академии Наук Азербайджана

### ПЕРЕВОД АЗЕРБАЙДЖАНСКОЙ ПРОЗЫ XX ВЕКА НА АНГЛИЙСКИЙ ЯЗЫК

#### *Аннотация*

Статья посвящена переводу и публикациям азербайджанской прозы XX века на английский язык. С 1950-х годов XX века чувствуется стремление переводчиков к переводу произведений азербайджанских писателей и поэтов. В вышеупомянутые годы азербайджанская проза стала вызывать интерес как у азербайджанских, так и у российских и европейских переводчиков. Целью данной статьи является ознакомление читателей в переводами азербайджанской прозы на английский язык. Переводчики вложили огромный труд в перевод вышеперечисленных произведений. Вне зависимости от качества переводов, нас радует то, что наши произведения были представлены вниманию англоязычных читателей. И мы надеемся, что и в будущем произведения азербайджанских прозаиков будут переводиться на английский язык, и англоязычные читатели смогут познакомиться с «жемчужинами» азербайджанской прозы на своем родном языке.

**Ключевые слова:** Азербайджанская проза, вопросы перевода, английский язык, жанр

Художественный перевод играет важную роль в возникновении, развитии и обогащении литературных связей. И если литературные связи являются мостом между народами и государствами, то художественный перевод можно считать самым крепким столбом этого моста [1, 3].

С 1950-х годов XX века чувствуется стремление переводчиков к переводу произведений азербайджанских писателей и поэтов. В вышеупомянутые годы азербайджанская проза стала вызывать интерес как у азербайджанских, так и у российских и европейских переводчиков. Благодаря им произведения азербайджанских прозаиков стали издаваться на европейских языках как в Азербайджане и России, так и в Европе. В результате их кропотливого труда иноязычным читателям была предоставлена возможность познакомиться с многочисленными шедеврами, «жемчужинами» азербайджанской прозы. До тех пор, пока произведение не переведено на иностранный язык, оно является достоянием конкретного народа. Переводное же произведение является интернациональным достоянием. Переведя произведение на другой язык, переводчик помогает ему переродиться вновь.

Целью данной статьи является ознакомление читателей в переводами азербайджанской прозы на английский язык.

Одним из классиков, занимающих особое место в азербайджанской литературе XX века, является Сулейман Сани Ахундов. Он прославился как великолепный мастер рассказа, выдающийся драматург, комедиограф и деятель культуры. Писатель имеет выдающиеся заслуги в развитии детской литературы XX века. Принадлежащий перу писателя рассказ «Чернушка» является шедевром, «жемчужиной» азербайджанской литературы. Сулейман Сани Ахундов пришел в литературу как прозаик. Одними из первых рассказов писателя являются «Сон», «Кевкаби-хуррийет», «Званный ужин». Последний рассказ был переведен на английский язык. Автором перевода является Фаина Глаголева [2].

Знаменитый азербайджанский писатель Мамед Саид Ордубади внес заметный вклад в развитие дореволюционного азербайджанского романа. А в годы Советской власти он сделался одним из наиболее плодотворных и широко известных романистов Азербайджана. Его перу принадлежат романы «Подпольный Баку», «Сражающийся город», «Мир меняется», «Меч и перо», «Тавриз туманный». Отрывок из последнего романа был переведен на английский язык и вышел под названием «В Джульфе». Автором перевода является Рональд Врун [17].

Художественное творчество выдающегося азербайджанского драматурга Джалила Мамедкулизаде многогранно. Оно включает в себя жанры рассказа, повести, новеллы, драмы и публицистики. Наиболее значительными его произведениями в прозе следует считать цикл повестей «События в селении Данабаш». Продолжая в своем творчестве традиции реализма М.Ф. Ахундова, Дж.Мамедкулизаде обращается к жизни простого народа, забитого крестьянина, ополчается против всего, что мешало ему жить свободно и без лишений, что уродовало и оскорбляло его человеческое достоинство. Оружие

писателя – смех, его различные формы и проявления, оттенки и краски. Нередко это и смех сквозь слезы, ибо объектом воспроизведения у писателя становятся простые, задавленные суевериями и предрассудками простые, добрые люди, честные труженики. Одним из таких произведений является рассказ «Почтовый ящик», который также привлек внимание зарубежных переводчиков. Так, рассказ был переведен на английский язык. Автором переводов рассказа «Почтовый ящик» являются Фаина Глаголева и Вафа Тальшлы [12, 14].

Рассказ «А может, и вернут», принадлежащий перу великого драматурга, был переведен на английский язык сотрудником журнала “Azerbaijan International” Айнур Гаджиевой [13].

Выдающийся писатель-драматург Абдурагим-бек Ахвердиев является автором замечательных произведений, таких как «Несчастный юноша», «Разрушенное гнездо», «Ага Магомед шах Гаджар», «Пери Джаду». Вышеупомянутые произведения дают ему право занимать особое место в ряду азербайджанских драматургов. Но в истории азербайджанской литературы А.Ахвердиев больше известен и знаменит как мастер рассказа, как прозаик, имеющий своеобразный творческий стиль. Рассказ «Бомба» писателя также был переведен на английский язык. Автором перевода является Дэвид Форман [3].

В творчестве Абдуллы Шаика, сыгравшего значительную роль в истории азербайджанской культуры XX века, проза занимает особое место. «Письмо не дошло», «Кочевье», «Дурсун», «Герои нашего века», «Араз» и другие рассказы являются лучшими образцами не только в творчестве писателя, но и всей азербайджанской прозы в целом. Рассказ «Письмо не дошло», заслуженно вошедшее в золотой фонд азербайджанской литературы, также привлекло внимание англоязычных переводчиков. Автором перевода является Фаина Глаголева [19, 20].

Знаменитый азербайджанский писатель Юсиф Везир Чменземинли принадлежал к тому поколению азербайджанских писателей, чье творчество, сформировавшись в начале века, достигло своей зрелости в 20-30-е годы. Развитие азербайджанской литературы XX века, в частности, прозы и романа, трудно представить без произведений этого замечательного писателя. Говоря об условиях и факторах, которые способствовали формированию его писательского «я», его творческой индивидуальности как прозаика и романиста, следует прежде всего отметить наличие реалистической школы в Азербайджане. Знакомство и общение с передовыми людьми своего времени, приобщение к культурным и общественным проблемам, волновавшим многих интеллигентов, окружавших его во время учебы в Киеве, изучение истории, этнографии, письменной литературы и богатого фольклора своего народа, - все это, взятое вместе, стимулировало также его интерес к собственному творческому самовыражению. Писатель является автором таких книг рассказов, как «На путях к прибыли», «Будущий город», «Негодяй», очерков, романов «Студенты» и «Девичий родник», пьес. Его рассказ «Старейшина» также вызвал интерес у переводчиков, и вышеупомянутое произведение было переведено на английский язык. Автором перевода является Фаина Глаголева [21].

Известный азербайджанский писатель Сулейман Рагимов прославился благодаря романам «Шамо», «Сачлы», «Кавказский орел», повестям «Мехман», «Медальон», «Айналы». Он является также автором ряда рассказов, которые были переведены на иностранные языки. Так, рассказ «Ключ жизни» был переведен на английский язык. Автором перевода является Рональд Врун [18].

Известный азербайджанский писатель Мехти Гусейн является автором знаменитых романов, таких, как «Утро», «Абшерон», «Черные камни», «Грунтовые воды впадают в море». Писатель творил также и в жанре рассказа. Его перу принадлежат такие рассказы, как «Чинар», «О пользе критики», «Легенда о Кереме», «Соперники» и т.д. Его произведения также переведены на ряд европейских языков. Так, рассказы «Легенда о Кереме» и «Соперники» и роман «Грунтовые воды впадают в море» были переведены на английский язык. Автором перевода рассказа «Соперники» и романа «Грунтовые воды впадают в море» являются Андрей Марков и Жаля Гарибова соответственно [6, 7].

Известный азербайджанский прозаик Иса Гусейнов (Муганна) является одним из представителей «деревенской» прозы. Писатель является автором замечательных рассказов на тему Родины, войны, семьи и т.д. Его перу принадлежат повести «Голубой купол», «Знак на холме», «Станция по переливанию крови», романы «Тогана», «Запрещенная игра», «По направлению к Азыху», «Зеленый театр» и т.д. Прозаик является автором таких рассказов, как «Оторвалась пуговица», «Лавровый лист», «Юбилей», «Загадочная ночь», «Вечерняя прогулка», «Деревенская свадьба», «Шинель», «Кузина». Рассказ «Деревенская свадьба» на английский язык перевела Фаина Глаголева, автором же перевода рассказов «Шинель» и «Кузина» является Вюсаля Рагимова [9, 15, 16].

Известный азербайджанский писатель Гульгусейн Гусейноглу является автором рассказов «Мама», «Белый платок», «Девушка-геолог» и т.д., повестей «Стоит человеку только захотеть», «В объятиях

Каспия», стихов в прозе «Легенда о фиалке», «Отец» и т.д. Некоторые из них были вынесены на суд англоязычных читателей. Автором переводов является Фаина Глаголева [8].

Знаменитого азербайджанского писателя Ильяса Эфендиева интересовали проблемы нравственные, и даже обращаясь к исторической теме, он пытался всмотреться в то, что называлось внутренним миром, миром души. Ильяса Эфендиева критики считают основателем психологическо-лирической драмы, можно сказать, он – лирик и в прозе. Писатель основное внимание уделил не обстоятельствам и событиям, а человеку, пытаясь через него раскрыть и значение внешних событий, больших перемен, свидетелем которых он оказался. Это стремление со временем и вылилось в то, что критики называли «лирико-психологической», «лирической прозой» и т.д. Все герои Ильяса Эфендиева в основном люди молодые, молодежь. Одним из таких произведений является рассказ «Кирщик и красный цветок», который также был переведен на английский язык. Автором перевода, вошедшего в сборник «Azerbaijan Prose», является Элис Ингман [5].

Творчество выдающегося прозаика, драматурга и публициста Мирзы Ибрагимова многогранно. О своей связи с жизнью он говорил так: «Я всегда любил чтение, но не книга, а жизнь побуждала меня писать». Внимание к литературе, ее истории, теории и практике органически взаимодействует в его творчестве с художественным поиском. И это объяснимо историзмом, определявшим его мировоззрение художника и ученого, его постоянным интересом к важнейшим событиям истории, культуры и литературы народа. Писатель является автором ряда замечательных произведений, некоторые из которых были переведены на иностранные языки. Принадлежащий его перу рассказ «Тетушка Пери и Ленин» на английский язык перевела Элис Ингман. Данный перевод вошел в сборник «Azerbaijan Prose» [10].

Реальное изображение темы войны в нашей литературе, несомненно, в первую очередь связано с наблюдениями писателей, побывавших на фронте. Известный азербайджанский писатель, основоположник азербайджанского романа Абульгасан Алекперзаде – из их числа. Побывав на войне, он написал ряд рассказов, к числу которых принадлежит и рассказ «Пой, мой соловей, пой». Рассказ привлек внимание Рональда Вруна, который перевел его на английский язык [4].

Знаменитый азербайджанский писатель Салам Гадирзаде занимает своеобразное место в азербайджанской литературе благодаря произведениям, которые затрагивают самые глубокие струны человеческой души. Он принадлежит к поколению писателей, которые пришли в литературу после Великой Отечественной войны. Его творчество составляет одну из интересных страниц литературного процесса того периода. Прозаик является автором замечательных повестей, таких, как «46 фиалок», «Мерцающие звезды», «Улькер, Айтекин», «Русалка Мариана», «Юность», новеллы «Живет в деревне красавица», романа «Зимняя ночь» и т.д. В своем творчестве писатель обращался и к жанру рассказа и создавал, в основном, замечательные юмористические рассказы, такие, как «Человек-резина», «Усы», «Муса, игрушка и оригинальность», «Размышления черного овна», «Не торопитесь жениться», «Телефон», «Склероз». Среди рассказов писателя встречаются и лирические, и одним из них является рассказ «Розы на снегу». Автором перевода на английский язык является Рональд Врун [11].

В заключении хотелось бы отметить, что переводчики вложили огромный труд в перевод вышеперечисленных произведений. Вне зависимости от качества переводов, нас радует то, что наши произведения были представлены вниманию англоязычных читателей. И мы надеемся, что и в будущем произведения азербайджанских прозаиков будут переводиться на английский язык, и англоязычные читатели смогут познакомиться с «жемчужинами» азербайджанской прозы на своем родном языке.

#### *Литература:*

1 Хамзаева С. Роль художественного перевода в развитии Азербайджанско-английских литературных связей. – Диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Баку: 2009. – 134 с.

2 Akhundov S.S. *The dinner party*. - p. 61-62 // *Azerbaijanian Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.

3 Akhverdov A. *The bomb*. - p. 49-51 // *Azerbaijanian Prose. An anthology*. Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.

4 Alekperzade A. *Sing, nightingale, sing*. - p. 173-179 // *Azerbaijanian Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.

5 Efendiev I. *The roofer and the red flower*. - p. 15-22 // *Azerbaijanian Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.

6 Gussein M. *Rivals*. - p. 181-191 // *Azerbaijanian Prose. An anthology*. - Moscow, Progress Publishers, 1977. - 370 p.

7 Husein M. *Underground rivers flow into the sea*. - p. 42 // *Azerbaijan International*. - №7.1. - spring 1999

8 Husseinogly G. *Prose poems* - p. 271-273. *Azerbaijanian Prose. An anthology*. – M., Progress Publishers, 1977 - 370 p.

9 Husseinov I. *A village wedding*. - p. 293-297 // *Azerbaijanian Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.

- 10 Ibragimov M. *Peri-hala and Lenin*. - p. 193-211 // *Azerbaijani Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.
- 11 Kadyrzade S. *Roses in the snow*. - p. 261-269 // *Azerbaijani Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.
- 12 Mamedkulizade D. *The letterbox*. - p. 43-47 // *Azerbaijani Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.
- 13 Mammadguluzade J. *Maybe they'll give it all back*. - p. 30-33 // *Azerbaijan International*. - №7.1. - spring 1999
- 14 Mammadguluzade J. *The post box*. - p. 24-26 // *Azerbaijan International*. - №7.1. - spring 1999
- 15 Muganna I. *Cousin*. - p. 86-90 // *Modern Azerbaijanian Prose*. – USA: 2012. - 488 p.
- 16 Muganna I. *The overcoat*. - p. 81-86 // *Modern Azerbaijanian Prose*. – USA: 2012. - 488 p.
- 17 Ordubady M.S. *In Djulfa*. - p. 63-69 // *Azerbaijani Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.
- 18 Ragimov S. *The key to life*. - p. 129-143 // *Azerbaijani Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.
- 19 Shaig A. *Undelivered letter*. - p. 22-23 // *Azerbaijan International*. - №7.1. - spring 1999
- 20 Shaig A. *An undelivered letter*. - p. 71-75 // *Azerbaijani Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.
- 21 Vezir Y. *A good omen*. - p. 77-79 // *Azerbaijani Prose. An anthology*. – Moscow: Progress Publishers, 1977. - 370 p.

Түйіндеме

**XX ҒАСЫРДАҒЫ ӘЗІРБАЙЖАН ПРОЗАСЫНЫҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ**

Солмаз Абдуллаева-Азадова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Әзірбайжан ұлттық академиясының Низами атындағы әдебиет музейінің диссертанты*

Мақала XX ғасырдағы әзірбайжан прозасының ағылшын тіліне аударылуы және жариялануына арналады. XX ғасырдың 1950 жылдарында аудармашылардың әзірбайжан халқының ақын, жазушыларының шығармаларын ағылшын тіліне аударуға деген ұмтылыс байқалды. Осы жылдары әзірбайжан прозасы орыс аудармашыларымен қатар, ағылшын аудармашыларының қызығушылығын тудырды. Мақаланың мақсаты оқырмандарды ағылшын тіліне аударылған әзірбайжан прозасымен таныстыру. Аудармашылар жоғарыда көрсетілген шығармаларды аударуда көп еңбектенген. Аударманың кәсібилігімен қатар, бізді қуантатын жағдай ағылшын тілді оқырманның әзірбайжан әдебиетіне қызығушылығы. Болашақта әзірбайжан әдебиетінің «інжу-маржандарына» айналған көптеген шығармалар да ағылшын тіліне аударылып, оқырмандарға жол тартады деген үміттеміз.

Summary

**TRANSLATION OF THE AZERBAIJANI PROSE OF THE XX CENTURY TO ENGLISH**

Colmaz Abdullayeva-Azadova<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *dissertator of the Museum of Literature named after Nizami National Academy of Sciences of Azerbaijan*

The article is devoted to the translation and publication of the Azerbaijani prose of the twentieth century in the English language. Since 1950-ies of XX century, the desire to feel the translators to translate the works of Azerbaijani writers and poets. In the latter years the Azerbaijan prose began to cause interest among Azerbaijani, and in Russian and European translators. The purpose of this article is to introduce readers to the Azerbaijani prose translation into English. Translators have invested a lot of work in translating the above works. Regardless of the quality of translations, we are pleased that our works have been brought to the attention of English-speaking readers. And we hope that in the future works of Azerbaijani prose writers will be translated into English, and English-speaking readers can get acquainted with the "pearls" of the Azerbaijani prose in their own language.

**Keywords:** Azerbaijan prose, translation questions, English language, genre

Ж.Т. Окенова<sup>1</sup>

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ, Қазақстан*

## АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН ФИЛЬМДЕРДІҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

### Андатпа

Мақалада кино ұғымы, қазақ кинематографиясының дамуы және танымал киностудиялардың ағылшын тіліндегі туындыларының қазақ тіліне аударылу мақсаттары, артықшылықтары мен кемшіліктері қарастырылады. Кино өнері көркем әдебиет пен театрдың сан түрлі жақтарын бір-бірімен байланыстыратын өнер түрі. Онымен қоса, технология мен техникалардың жаңаруының арқасында аудиовизуалды мәдениетті жандандыратын өнер түрі. Қазіргі таңда кино экономиканың, өндірістің және мәдениеттің маңызды бір бөлігі ретінде сипатталады. Кино өмір айнасы. Қазіргі жас ұрпақ көгілдір экраннан бас алмай, сол арқылы тәрбиеленіп жатыр және шетелдік фильмдерді үлкен қызығушылықпен тамашалайды. Сондықтан шетелдік киноларды қазақ тіліне сапалы түрде аударып, елімізде көрсету – келешек жас ұрпақ санасын қазақша қалыптастырудың бір жолы. Мақалада ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған шетелдік фильмдер мен мультфильмдерге қысқаша шолу жасалады.

**Түйін сөздер:** кино, қазақ кинематографиясы, мәдениет, тіл, қоғам, киноөндіріс, әлемдік кинотуынды, дубляж, кино өнері

Халық пен өнер екеуі қатар жүретін егіз ұғымдар болып табылады. Кез-келген халық жаһандық мәдениеттің дамып өркендеуіне тиісінше үлес қоса алады. Қандай халықтың болмасын дәстүрлі келбетін көрсететін баға жетпес қазынасы – өнер. Қоғам мен елдің өзге де салаларына қарағанда, өнер өзгешелікті мейлінше көп түсінген сала болуы әбден мүмкін. Өнердің атқаратын қызметтерін мәдени тұрғыда жіктесек, ол – тәрбиелік, коммуникативтік және ақпараттық болып, бірнеше бағытқа бағытталған. Аталған қызметтер әдебиет, театр, музыка сияқты креативтік туындылардың кез-келгенінде, ең негізгісі кино өнерінде толықтай кездеседі. Мәдениеттің ең бір өзекті саласы – кино. Кино (гр. kineo – жылжытамын, жылжымын), кино өнері – өнердің бір саласы, кинематографияның техникалық негізде қалыптасқан көркем шығармашылық түрі. Фильмді жасауға әр алуан мамандықтағы шығармашылық қызметкерлер: кинодраматург, режиссер, актер, оператор, суретші, композитор, продюсер, каскадер, экономист, менеджер т.б. қатысады. Фильм жасауда кинорежиссер жетекші рөл атқарады. Сондай-ақ фильм жасау ісіне техника саласындағы мамандар да (инженерлер, техниктер, лаборанттар мен өзге қызметкерлер) үлес қосады, алуан түрлі күрделі аппаратуралар мен аспаптар қолданылады.

Кино, негізінен, *4 салаға* бөлінеді: көркем фильм, деректі, мультипликациялық және ғылыми-көпшілік кино. Көркем фильм кино өнерінің негізгі және кең таралған түрі. Ол әдеби шығарма желісі немесе арнайы жазылған сценарий бойынша актерлердің қатысуымен жасалады. Деректі киноға тарихта, өмірде болған мәні зор оқиғаларды баяндайтын фильмдер мен киножурналдар жатады.

Мультипликациялық кино суреттер мен кубыршақтарға кимыл бере отырып жасалады. Ғылыми-көпшілік кино – жұртшылыққа жаратылыс пен әлеуметтік құбылыстарды ұғындыратын, өнер сырларымен таныстыратын фильмдер жиынтығы [1, 16]. Кино өнері ел жүрегіне тез жететін ең елгезек, ең ұшқыр, ең оңтайлы жанр екені анық. Фильм жастардың санасына керемет әсер қалдыра алатын тылсым бір күш тәріздес. Кино өнері – қазіргі қоғам психологиясының ішкі жан дүниесіне қайта оралуымен ерекшеленеді. Кино адам өмірінде ерекше орынға ие. Өйткені қазіргі заманда киноның өзі адаммен қатар дамып келе жатыр. Адам өмірге келісімен көгілдір экранды тамашалаумен өзіне қажет ақпаратты иеленіп отыр десек артық болмас. Себебі қазіргі таңда кішкентай балалардың өзі теледидардан қандай жанр болмасын фильмдерді немесе мультфильмдерді бастарын алмай қарап отырып, үлкен қызығушылық танытады. Балалар тіпті осылар арқылы тәрбиеленеді деп айтсақ қателеспейміз.

Қазақ киносы XX ғасырда, дәлірек айтқанда, ғасырдың екінші жартысында қарыштап дамыды. Ең алғашқы фильмдер әрине, 30-жылдары-ақ жарыққа шыққаны рас. Бірақ ол кездегі киноның сапасы туралы бүгінгі күн терезесінен сөйлер болсақ, әрине, айтылар сөз де көп, сын да көп. Солай бола тұрса да, біз осы күні алғашқы қазақ фильмдерін еріксіз ауызға аламыз. Елімізде 1925-1937 жылдар аралығында "Дала әні" (сценарийі С.Ермолинский мен М.Коростин) т.б. секілді фильмдер жарыққа шықты [2]. Кинематография – бұл өнердің, театр мен музыканың, бейнелеуші өнердің синтезі болып табылатын көркемдік шығарманың бір түрі. Қазақстан Республикасындағы кинематография саласының қалыптасу



және құрылу тарихына тоқталатын болсақ, Қазақстандағы кино көрсету және жеке кино өнімін дамыту мәселесін жүйелі шешуге арналған алғашқы үкіметтік құжат 1927 жылы 23 наурызда пайда болды. ҚССР (Қазақ Советтік Социалистік Республикасы) Халық комиссариаты алқасының хаттамалық шешімімен ҚССР кинопрокат ісін реттеу, ең алдымен прокат төлемін азайту мәселесі анықталды, сондай-ақ жергілікті табиғат жағдайын ескере отырып, кеңестік бюджеттен қаражат тарту арқылы Қазақстандағы кино өндірісін құру мәселелерін әзірлеу бойынша жауапты тұлғаларға тапсырмалар берілді.

Республиканың алғашқы қадамдары басшылық әдістемелері мен формаларын орталықта және кино және театр ісімен айналысу орындарында әзірлеуге бағытталды. Ең бастысы, қалаларда, ауылдарда кино көрсету нысандары желілерін кеңейтуге бағытталған “кинодан түскен қаражат-киноға” деген қатал саясат қалыптасты. 1990 жж. тұсында жеке киностудиялардың саны шамамен 30-ға жетті. Бұл киностудиялар мен кинобірлестіктердің экономикалық мүмкіндіктері әзірге тек шағын бюджеттік авторлық фильмдер өндірісі төңірегінде ғана еді, сол себептен де осы жылдары экранға көптеп шығып жатқан фильмдердің біразы аз да болса мемлекет тарапынан да қосымша қаржыландырылып отырды. Мемлекеттік қаражат және жеке киностудиялар бірлестігі нәтижесінде 1990 ж. 14 көркем туынды экранға шықты (12 фильм жеке киностудиялар үлесінде, ал 2 фильм мемлекет тарапынан қаржыландырылды). 1991 ж. көлемінде экранға 18 көркемсуретті фильм шыққан болса, оның тең жартысы жеке киностудиялардың үлесінде. 1992 ж. 12 толықметражды көркемсуретті фильмдердің ішінде 10 фильм, ал 1993 ж. экранға шыққан 15 көркемсуретті фильмнің ішінде 13 фильм жеке киностудиялардың үлесінде. Қоғамдағы экономикалық қатынастардың өзгеруі Қазақстан киноөндірісіне тоқырау кезеңін әкелді [3, 152]. Орталық атқарушы органның кинематография саласындағы Мемлекеттік саясаты қазіргі кезеңдегі Қазақстан кинематографиясы «Ұлттық фильмдер шығару» бағдарламасы бойынша фильмдер шығаруға қаражат бөлу жолымен және «Әлеуметтік маңызы бар іс-шараларды өткізу» бағдарламасы бойынша іске асыралатын республикалық, халықаралық деңгейдегі кино іс-шараларын өткізу жолымен жүзеге асырылады. 2006 жылдан бастап халықаралық деңгейдегі кино іс-шаралары Мәдениет саласының дамуының 2006-2008 жылдарға арналған бағдарламасы шеңберінде іске асырылды.

«Барлық өнердің ішіндегі біз үшін ең маңыздысы – кино!» [4, 33]. 100 жыл бұрын айтылған бұл ұранның бүгінгі күнге дейін өзектілігі жоймаған, себебі керісінше бұл өнердің маңызы күндер өте келе артуда. Жаңа ғасырда дүниежүзілік ықпал жаңа бір сипатқа ие болды. Қазіргі таңда Қазақстанның киноиндустриясы қарқынды дамып келе жатыр. Отандық кинофильмдерді қазақ тілінде түсіруге көп көңіл бөлініп, көптеген фильмдер ұсынылуда және олар көрермендер жүрегінен орын таба алуда. Алайда, жастар отандық фильмдерден бөлек, шетелдік киноларды көп тамашалайды, соларды көргеннен кейін кейбір сөздерін күнделікті сөз арасында қолдана бастайды. Ал егер де сол жаргондардың қазақша баламалары фильмдерде жиі айтылатын болса, жастар сол сөздерді жаттап алатын еді. Қазіргі таңда шет тілдерден қазақ тіліне аударылған фильмдердің маңызы аса зор. Маңызымен қоса, олардың дұрыс аударылуы да жауапты істердің бірі. «Болашақ» бағдарламасы арқылы өзге елдерде оқып жатқан жастардың қауымдастығы қазақ тілін дамытуға өз үлесін қосқан болатын. Бір жылдың ішінде жас және кішкентай көрермендер үшін танымал болған 3 фильмнің дубляжын жасауды ұйымдастырды. Нәтижесінде жоғары сапада «Көліктер-2», «Батыл жүрек» мультфильмдері және «Қара киімділер-3» фильмі түпнұсқа тіл ағылшын тілінен аударма тілі қазақ тіліне аударылды. *Онымен қоса, Новый Человек наук/Жаңа Өрмекші адам, 2012 г., Университет Монстров/Монстрлар Университеті, 2013 г., Одинокий рейнджер/Жалғыз рейнджер, 2013 г., Жаңа Өрмекші-адам: Кернеген қуат, 2014 г., Малефисента, 2014 г., Кек алушылар/Мстители фильмдері де бар.* **Голливудтық «Батыл жүрек» мультфильмі (Храбрая Сердцем - Brave) 2012 жылы қазақ тіліне аударылды. "Мәтінмен жұмыс істеу барысында ағылшын тілінде актерлердің тез сөйлейтіндігіне тап болдық. Нәтижесінде ағылшын тіліндегі 3 сөздің орнына қазақ тілінде бір сөз енгізе алған жағдайлар болды. Кей жерлерде ағылшын тіліндегі сөздер қазақ тілді нұсқасынан алып тасталды (сөйлемнің мағынасы мен фильмнің драматургиясына теріс әсер етпеген жағдайда)", - дейді мәтін редакторы Салтанат Еркін [5].** Бұл мультфильмнің қазақша нұсқасының авторлары туынды мәтінін аударумен ғана шектелмей, фильмге арнап қазақ тілінде өлеңдер де жазды. **Голливудтық «Қара киімділер» фильмі қазақша сөйлеген фильмдер қатарынан орын алған. Фильмді қазақ тіліне тәржімалаған көрермендерге әлемнің басқа да үздік туындыларын ұсынған «Болашақ» қауымдастығы болып табылады.** Голливудтық танымал актер Уилл Смит ойнайтын фантастикалық комедияны аудару үшін белгілі актерлер Азамат Қанапия, Шалқар Үркімбаев, Балтабай Сейітмамытов, Бақытжан Әлпейісов үлкен еңбек атқарды. Ал дубляж тобын басқарған режиссер Әйгерім Оңалбек. Фильм дубляжының сәтті шығуына атсалысқан Ресей, Ұлыбритания, АҚШ және Қазақстан мамандары да күштерін жұмылдырды. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған фильмдер қатарына 2012 жылы "Жаңа Өрмекші-

адам: Кернеген қуат" (*Новый Человек паук: Высокое напряжение*) фильмі де қосылды. Бұл туынды Қазақстанды қосқанда әлемнің жеті тіліне аударылған. Автордың негізі ойын қалтқысыз жеткізу мақсатында фильм ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударылған. Картинаны қазақ тілінде дубляждау жұмыстары студияның келісімін ала салысымен басталған. Одан кейін фильмді өндіруші студиямен келісімшарт жұмыстары одан ары жалғасты, дауыс сынақтары өтті. Картинадағы кейіпкерлердің дауысын дыбыстаған актерлердің сынағы Алматыда өтті. Актерлердің дауысын Қазақстанға арнайы келген Sony Pictures компаниясының дубляж мамандары бекітті. "Жаңа Өрмекші-адам: Кернеген қуат" картинасы "Болашақ" ассоциациясы, "Алтын Қыран" қайырымдылық қоры және MARWIN компанияларының қолдауымен қазақ тіліне аударылды. [6]. «Галактика сақшылары (Стражи галактики)» қазақ тіліне аударылған тағы бір фильм. Астанада «Болашақ» Қауымдастығы «Нұр Отан» партиясының қолдауымен, қазақ тілін үйрену және дамыту шараларын іске асыру шеңберінде Marvel студиясының «Галактика сақшылары» блокбастерінің алғашқы көрсетілімін ұйымдастырылған болатын. **Фильм дубляжының бас демеушісі – «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі» АҚ.** Қазақ тілі, «Галактика сақшылары» фильмінің кейіпкерлері сөйлеген әлемдегі ағылшын, француз, неміс, испан, португал, орыс және басқаларының қатарындағы 18-ші тілге айналды [7]. Астанада Marvel студиясының «Кек алушылар: Альтрон дәуірі» (Мстители) эпикалық блокбастерінің тұсаукесері қазақ тіліндегі көрсетілімі ұйымдастырылды. Қазақша дубляждың режиссері – Тимур Балымбетов. Бұл Қазақстан киноэкрандарында көрсетілген «Галактика сақшыларынан» кейінгі екінші режиссерлік тәжірибесі.

Жылдан жылға қазақ тіліндегі фильмдерді көруге көрерменнің де сұранысы артып келеді. Отандық қазақ тіліндегі фильмдерді түсіру бір бөлек те, шетелдік өнімдерді, әсіресе әлемдік кинонарықты жаулап алып прокатқа шығатын, жылдың асыға күтілетін премьераларын қазақ тіліне аудару бір бөлек. Аударма сапасы дубляжалатын өнімге ие кинокомпанияның қойған талаптарына байланысты. Фильмдерді аудару барысында кездесетін мәселелердің бірі аударылған диалогтарды, сонымен қатар, кейіпкерлердің еріндерінің қимылына бейімдеу қажеттілігі. Фильмді көргенде кейіпкерлер қазақ тілінде сөйлеп тұрғандай болып көрінуі керек. Кейіпкерлердің сөздері мен сөйлемдерінің ұзақтығы мен мағынасын сақтау мәселесін де бар. Саясаттанушы Ерлан Саиров «әлемдік кинотуындылардан бас тартудың қажеті жоқтығын, тек оны қазақ тілінде сөйлету арқылы балалардың санасын қазақша қалыптастыра аламыз» деген сөзі бар [8]. Яғни, көрермен жүрегінен орын таба білген әлемдік туындылардан қорқып, олардан бас тарту емес, керісінше сол фильмдердің қазақ тіліндегі аударма нұсқалары арқылы жастарды тәрбиелеу керек. Кез келген фильмді БТ-дан АТ-не аудару үлкен жауапкершілік пен ұқыптылықты талап етеді. Бастапқы тіл (БТ) (ағ. source language – SL, орыс. исходный язык – ИЯ) – аударма жасалатын түпнұсқаның тілі [9,21], ал аударма тілі/аударылатын тіл (АТ) (ағ. target language (TL), орыс. переводящий язык (ПЯ) – аударма жасалатын тіл [9, 13]. Міне, сол БТ мен АТ арасындағы баламалылыққа жету үшін бай сөздік қор мен филологиялық біліммен қоса, аудармашылық дағды қажет. Бұл жағдайда кейіпкерлер сөздері ұйқасып қана қоймай, кейіпкерлердің еріндерінің қимылы сөзге сәйкес болуы тиіс, сонымен қатар фильм тілінің тазалығын сақтауды ұмытпаған жөн. Әрине, әлемге әйгілі Голливудтық фильмдерді қазақ тілінде тамашалау көңіл қуантарлық жайт. Өзімізге ұнайтын дарынды өнер иелерінің қазақ тілінде сөйлегені кімге болса да ұнайтыны мәлім. Тек сапалы дубляжалып жақсы аударылуы аса маңызды талап. Алайда, кез келген істің өзіне тән артықшылықтары мен кемшіліктері бар, және олар қатар жүреді. Жоғарыда келтірілген бірнеше ағылшын тіліндегі фильмдердің қазақша нұсқаларына қарай жасалған артықшылықтар мен кемшіліктер ұсынылып отыр.

#### *Артықшылықтары:*

1. Көрермендерде ағылшын тілді фильмдерді қазақ тілінде аударылған нұсқаларын кинотеатрларда көру мүмкіндігі бар;
2. Фильмдерді қазақ тілінде сөйлету арқылы қазақстандық патриотизм мен балалардың санасын қазақша қалыптастыра алуға болады;
3. Ағылшын тілінен тікелей қазақ тіліне аударатын аудармашылардың сұранысқа ие болуы
4. Қазақ тілдің қоғамдағы деңгейінің артуына үлес қосады.
5. Әлемдік кинематография саласында қазақ тілінің өзіндік рөлген ие болуы (мысалы, «Галактика сақшылары» фильмінің кейіпкерлері сөйлеген әлемдегі ағылшын, француз, неміс, испан, португал, орыс және басқаларының қатарындағы 18 – ші тілге айналды)

#### *Кемшіліктері:*

1. Әлемдік фильмдердің қазақ тіліне аударылуы үшін үлкен қаражат кетеді. Кей жағдайда сол қаражаттың көрермендер арқылы ақталмауы;
2. Ағылшын тілінен қазақ тіліне аударылған кезде кейбір баламалардың сәйкес келмеуі;

3. Әлемдік туындылардың қазақша нұсқасы қолжетімді емес, себебі біз оны орыс тіліндегі нұсқасы сияқты ғаламтордың кез келген сайтынан көре алмаймыз. Қазақ тіліндегі нұсқалары тек үлкен дүкендер желісінде сатылады.

Әрине, қандай кино болмасын тағдырын шешетін құдірет – бұқара халық, қалың көрермен. Қазіргі таңда кино дегеніміз – қомақты қаржы мен тылсым күшке ие өнердің қатар жүретін алаңы. Сондықтан қаржылық табыс төмендесе, өкінішке орай өнер деңгейінің төмендеуі байқалады. Қазіргі таңдағы тамаша дамыған кинолар адамды тіптен таң қалдырып та жатыр. Өйткені оның қанаты кеңге жайылды. Ол қазіргі таңда барлық мәдениетке өзінің ықпалын тигізуде және өзге мәдениеттерден өзіне қажеттерді жетерліктей қамтуда. Шетелдік фильмдерді дубляждаудың тағы бір пайдасы – тәжірибе. Жалпы фильмдерді дубляждау уақыт пен актерларды талап етеді. Қазақстанда фильмдерді дубляждауға жарты жылдай уақыт кетеді, себебі дубляждалатын дауыстар шетелдік студияларда жазылып, фильм монтаждалған студияларда тексеруден өтеді және фильмді дауыстайтын Қазақстандық актерлер сөйлеу ырғағына, үніне қарай фильмде ойнаған актерлердің өздерімен таңдалып алынады. Отандық актерлардың басқа елдердің өнер адамдарымен біріге жұмыс жасауы Қазақстанның киноиндустриясын жоғарғы деңгейге көтереді. Оған қоса, көп жылдық тәжірибесі бар мықты киностудиялармен тікелей қарым-қатынас орната отырып, еліміздегі киностудиялардың олармен тәжірибе алмасуы Қазақстанның мәдени саласының даму үдерісін тездеті түседі. Ал мәдениеттің дамуы – бұл кез-келген қоғамның әлеуметтік мәселесінің шешуші кілті. Себебі адам қаншалықты тұлғалық түрде дамыған болса, демек қоғам да толық дамыған болғаны, ал адам қоғамның бір бөлшегі. Ұлттық рухы биік жастар өз туған тілінің қадір-қасиетін бәрінен де жоғары қояы тиіс. Өйткені халқының рухани мәдениетін тілі арқылы толық меңгергендер жаһандану кезінде ХХІ ғасырдың технологиялық мәдениетіне ұлттық сипат дарыта алады [10, 65]. Кино – аудиовизуалдық коммуникацияның негізіндегі туындыларды қарастыратын экрандық өнер түрі. Кино – өмір айнасы. Тарихтан сыр шертетін асыл қазына. Киноаударма – мәдениет деңгейін жоғарлатуға арналған әмбебап құрал болып табылады. Өнер – тұнып тұрған тәрбие. Кино – әсемдікке, адамдық қасиеттерге, сүйіспеншілік пен мейірімділікке баулитын өнер түрі.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Аубакирова Б.Т. Қазақ кинодискурсының ағылшын тіліне аударылу мәселелерінің лингвомәдени аспектісі (Қазақ кинофильмдері негізінде) [магистрлік диссертация]: Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Алматы, 2015. – 104 б.

2 Жолтай Жұмат. Қазақ киносы қатардан қалып келе ме? [Электрон.ресурс]. - 2017. – URL: <http://old.abai.kz/node/5157>. (дата обращения: 17.02.2017)

3 Киноискусство Казахстана. — Алма-Ата: Өнер, 1992. — 323 с.

4 Ширяев А.Ф. Синхронный перевод. М., 1979. – 180 с.

5 Nur Kz. Голливудтың тағы бір мультфильмі қазақ тіліне аударылды [Электрон.ресурс]. – 2009-2017. – URL: <https://www.nur.kz/220550-gollivudtyyn-tagy-bir-mulfilmi-kazak-tiline-audaryldy.html>. (дата обращения: 18.02.2017)

6 Tengri News. Өрмекші адам туралы екінші фильм қазақ тілінде прокатқа шығады [Электрон.ресурс]. – 2008-2017. – URL: [https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan\\_news/ormeksh-adam-turalyi-eknsh-film-kazak-tilnde-prokatka-252543](https://kaz.tengrinews.kz/kazakhstan_news/ormeksh-adam-turalyi-eknsh-film-kazak-tilnde-prokatka-252543). (дата обращения: 17.02.2017)

7 «Нұр Отан» партиясының Жастар қанаты. «Галактика сақшылары» блокбастері енді DVD және Blu-ray дискілерінде. [Электрон.ресурс]. – 2009-2013. – URL: <http://www.zhasotan.kz/kz/news/501/favicon.png>. (дата обращения: 18.02.2017)

8 Kinostan. Қазақша сөйлеген фильмдер... [Электрон.ресурс]. – 2011. – URL: <https://kinostan.kz/article/view?id=2>. (дата обращения: 10.02.2017)

9 Жұмабекова А.Қ., Жұмашева Г.А. Аударма терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: ИП «Уатханов», 2012. – 48 б.

10 Г.Н. Смағұлова "Ұлттық тәрбиенің өзегі ана тілде" // ҚазҰПУ Хабаршысы "Филология ғылымдары" сериясы - 2015. №1 (51), 61-65 б.

*Резюме*

## **ПРЕИМУЩЕСТВА И НЕДОСТАТКИ ФИЛЬМОВ ПЕРЕВЕДЕННЫХ С АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК**

*Окенова Ж.Т.<sup>1</sup>,*

*Казахский национальный педагогический университет имени Абая*

В статье рассматривается понятие кино, развитие казахской киноатографии и преимущества, недостатки и цели перевода английских фильмов на казахский язык. Киноискусство – вид искусства которое связывает разные стороны театра и художественной литературы. Кроме того, это вид искусства которая благодаря техники и технологии развивает аудиовизуальную культуру. В данный момент кино отражается как основная часть экономики, производства и культуры. Кино это зеркало жизни. Современная молодежь не отводит глаз с экрана телевизора и они с большим

удовольствием смотрят зарубежные фильмы. Поэтому правильный перевод зарубежных фильмов на казахский язык один из самых эффективных путей для того чтобы правильно сформировать сознание будущего поколения. Статья рассматривает зарубежные фильмы и мультфильмы которые были переведены с английского языка на казахский язык.

**Ключевые слова:** кино, казахская киноматография, культура, язык, общество, кинопроизводство, мировое кинопроизведение, дубляж, киноискусство

*Summary*

**ADVANTAGES AND DISADVANTAGES OF THE FILMS TRANSLATED FROM ENGLISH LANGUAGE INTO KAZAKH LANGUAGE**

*Okenova Zh.T.<sup>1</sup>*

*Kazakh national pedagogical university named after Abay*

The article considered about film concept, development of Kazakh cinematography and advantages, disadvantages and aims of the translation of films from English into Kazakh. Cinema art is the type of art that connects different sides of literature and art. Besides that, film can contribute in developing of audiovisual culture with the help of technology. Nowadays film is a main part of economy, manufacture and culture. It is a mirror of the life. Young generation watches TV every day and likes watching foreign films. Therefore, a correct translation of foreign films into Kazakh language is one of the effective ways to form correctly consciousness of the young generation. The article is devoted to consideration of the films and cartoons, which were translated from English into Kazakh language.

**Key words:** film, Kazakh cinematography, culture, language, society, film production, world film, dubbing-in, film art

МРНТИ 10.02.19

ӘОЖ 8125:005.92

*М.С. Тәжісұл<sup>1</sup>*

<sup>1</sup> *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті,  
Алматы қ. Қазақстан*

**РЕСМИ ІСКЕРЛІК СТИЛЬ ЖӘНЕ ОНЫҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Аңдатпа*

Аталған мақалада ресми іскерлік стиль және оның аударылу ерекшеліктері қарастырылады. Құжаттар тілі нақты, біржақты, ал ақпаратты беру стилі ресми-іскери болып табылады. Жалпы ресми-іс қағаздары стилі екіге бөлінеді: ресми-құжаттық және ресми-іскери. Ресми-құжаттық мәтіндерге заң мәтіндері (халықаралық келісімшарттар, меморандум, заң т.б.) ресми-іскери мәтіндерге – іскери кеңселік қағаздар (үкім, анықтама, мінездеме, өтініш, қызметтік хаттар т.б.) жатады. Мақалада ресми стильдің басқа стильдерден айырмашылығы және аудару ерекшеліктеріне баса назар аударылады. Сондай-ақ іс қағаздар түрлері жіктеліп көрсетіледі және аударылу ерекшеліктері аталады. Ресми тіл терминіне түсіндірме беріліп, қолдану аясы және түрлері көрсетіледі. Оған қойылатын талаптар айқын көрсетіледі. Іс қағаздарын жүргізуді қалыптастыру жауапты іс болып табылады. Соңғы жылдары құжаттарды аудару қызметіне сұраныс артауда. Соған байланысты іскери ортада осы мамандық иелеріне деген қажеттілік те арта бермек. Сол себептен осы саладағы аудармашыларға қойылатын талаптар мақалада көрсетіледі.

**Түйін сөздер:** Ресми іскерлік стиль, ресми, ресми тіл, ресми-құжаттық, ресми-іскери, іскери құжаттар

Іс қағаздар тілінің ерекшеліктері мәселесін талдамас бұрын, алдымен оның тілдік тұрғыдан басты деңгейі мен жүйесін нақтылап алғанымыз жөн. Бұл ретте, осы тілдік мәселелерге қатысты жиі қолданылатын термин - *ресми-іскерлік стиль* деп аталады. *Ресми-іскерлік стиль* деп ресми қатынастар, басқару мен құқықтық қарым-қатынастар салаларында қолданылатын сөйлеудің тілдесім ортасы, тілдің функционалды стилі болып табылады. Аталмыш салаға халықаралық қатынастар, заңнамалық құжаттамалар, экономика; әскери салаға қатысты құжаттар, ресми мекемелердегі тілдесім, үкімет қызметіне қатысты құжаттар және т.б. жатқызылады. Ресми -іскерлік стиль-басым көпшілігінде құжаттар стилі. Қызмет ететін негізгі саласы-халықаралық, мемлекеттік, қызметтік құжаттар. Бұл стиль қоғамның мемлекеттік, қоғамдық, саяси өміріндегі әр түрлі құжаттаудағы сұранысын, адамдар мен заңды тұлғалар арасындағы әкімшілік, іскерлік қарым-қатынастарды қанағаттандырады.

Ресми-іскерлік стильдің маңызды бір белгісі- дәлдік. Орыс ғалымы Л.В.Щерба пікірімен айтсақ, "В речи деловой точность - это не допущение инотолкования" [1, 81], "для деловой речи первичными стилевыми чертами окажутся предписующе-долженствующий характер речи, ее неличный характер и точность (не допускающая инотолкования)" [1, 83]. "Основным требованием к содержанию документа является его максимальная точность и понятность (ясность). Точность изложения предполагает однозначность понимания содержания, изложенного в документе". "Точность и понятность документа достигаются с помощью самых различных лингвистических средств". Для оформления деловой речи характерно стремление к предельной точности выражения недопустимости инотолкования и

терминированности. [1, 115]. Тілдегі дәлдік - термин сөздер қолданумен жүзеге асады. Іскерлік тілдің стильдік белгісі - басқаша талдауға болмайтындай дәлдік - арнаулы терминология қолдану арқылы жүзеге асады, іскерлік тілдің өзіне тән ерекшелігі - бір сөздердің, әсіресе терминдердің қайталана берілуі.

Ресми -іскерлік стильдің қолдану аясына қарай :

- **заңнамалық** (мемлекеттің басқару саласында қолданылады);
- **әкімшілік-кеңселік** (мекеме құжаттары мен жеке іс қағаздарының жүргізілуі);
- **дипломатиялық** (үкімет пен дипломаттар арасындағы қатынастардың халықаралық деңгейдегі сипаты) болып бөлінеді.

Іс қағаздарының түрлері өте көп, олардың негізгі түрлерін мақсаты мен мазмұнына, жасалған орнына, жасалу сатысына, қызметіне, формасына, т.б. ерекшеліктеріне қарап топтастыруға болады.

**Іс қағаздарының түрлері үшке бөлінеді:**

**I. Азаматтық қарым-қатынас құжаттары.**

**II. Жеке бас құжаттары.**

**III. Басқару, ұйымдастыру құжаттары.**

**I. Азаматтық қарым-қатынастарды реттейтін құжаттар.**

**Оған төмендегідей құжаттар жатады:**

Сенімхат;кепіл хат; өтінім; тапсырыс; келісім шарт; еңбек шарты; шарт; келісім;

**II. Жеке бас (адам өміріне қатысты) құжаттар.Оған мынадай құжаттар жатады:**

Өмірбаян; түйін; жеке іс парағы; визит карточкасы; өтініш; арыз; мінездеме; кепілдеме; кеден мағлұмдамасы; жеделхат;

**III. Басқару, ұйымдастыру, өкім шығару қызметіне қатысты құжаттар. Оған төмендегідей құжаттар жатады:**

Заң; үкім,өкім; қаулы,шешім; жарлық; жарғы; мемлекетаралық шарт;ереже; бұйрық; хабарлама; нұсқау; ресми хаттар [2, 15].

Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде мынандай анықтама келтірілген: «**Ресми тіл** - белгілі бір территорияда мемлекеттік заңдар, қаулы-қаралар мен іс-қағаздарында қолданылатын құқықтық мәртебесі бар тіл. Ресми тіл мәселесінің шешілуі барлық елдерде бірдей емес. Көп ұлтты мемлекеттердің (Индия, Канада, Швейцария т.б.) конституцияларында қай тілге ресми тіл мәртебесі берілетіні көрсетіліп отырады. Кейбір мемлекеттерде (Азия, Африка елдерінде) жергілікті ұлттық тілмен қатар бұрынғы метрополия тілдері (ағылшын, француз, испан т.б.) ресми тіл болып қабылданған. Кейбір мемлекеттерде (Ресейде т.б.) Ресми тіл мен мемлекеттік тіл ұғымдары бір- бірімен сәйкес келіп, ауысып қолданыла береді. Бірақ оларды бірдей деп қарауға болмайды. Мемлекеттік тіл - қоғамдық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдениеттік т.б. салаларда кең қолданылатын тіл. Ал ресми тіл қолданылу аясы негізінен ресми қатынастар шегінен аспайды. Қазақстан Республикасы Конституциясында қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі де - ресми қызмет атқаратын тіл болып қабылданған. Ісқағаздарын қазақша жүргізу – мемлекеттік тілдің жүзеге асуының нақты көрсеткіші [3, 309].

Құжаттар тілі нақты, біржақты, ал ақпаратты беру стилі ресми-іскери деп аталады.Жалпы ресми-іс қағаздары стилі екіге бөлінеді: **ресми-құжаттық және ресми-іскери**. Ресми-құжаттық мәтіндерге **заң мәтіндері** (заң және дипломатиялық актілердің мәтіндері), ресми-іскери мәтіндерге – **іскери қағаздар** жатады [4,42].

Соңғы жылдары құжаттарды аудару қызметіне сұраныс артуда. Соған байланысты іскери ортада осы мамандық иелеріне деген қажеттілік те арта бермек. Белгілі бір құжаттың аударылу сапасы мәміленің сәтті аяқталуына себепкер болады. Іскери қағаздар келісімге келетін жақтар ниеттерінің кепілдік шарты десек те болады. Құжаттар тілі нақты, біржақты, ал ақпаратты беру стилі ресми-іскери болып табылады.

Ресми-іскери стиль туралы айтқанда, біз әдетте жазбаша мәтіндерге тоқталамыз. Алайда ауызша ресми-іскери мәтіндер де кездеседі. Оларға ресми кездесулердегі, жиындардағы, мәжілістердегі, жиналыстардағы бұқаралық ақпарат құралдарына лауазымды тұлғалардың берген сөздері және т.б. жатады.

Ресми іс қағаздарының тілі –бір қарағанда стандартты, қалыптасқан клише түріндегі тіл сияқты болғанымен, тілдің табиғи заңдылықтарына сәйкес сұрыпталған, жіктелген лексикалық-грамматикалық жүйесі бар тұтас құрылым. Егер де басқа стильдер үшін шаблонды құрылымдар стилистикалық жетіспеушілік болып саналса, ресми-іскерлік стиль үшін олар қалыпты, қажетті құбылыс ретінде қабылданады. Ресми тілдің кеңсе іс қағаздары сияқты түрлері де, заң құжаттары да, арнаулы бланкілерге толтырылатындары да сол тілдің тілдік жүйесін, лексикалық-грамматикалық, орфографиялық нормаларын жетік меңгеруді қажет етеді

Ресми іс қағаздарының аударылу ерекшелігіне бір заттың, я ұғымның атауы қолданылу орнына қарай

әр түрлі аталуы. Мысалы, адам деген сөз ресми құжаттарда – азамат, жолдас, лауазымды тұлға, телефон станциясында – абонент, ательеде – тапсырыс беруші, шаштаразда – клиент, ауруханада – науқас, санаторийде – демалушы, тынығушы, көлікте – жолаушы т.б. болып табылады.

Іскери қарым-қатынас тілінің басты ерекшелігі материалдың эмоциялық элементтерсіз, дәл, анық берілуінде, онда мәселені өз бетімен талдау мүмкіндігі жоқ. Сондықтан да, іскери аудармаға қойылатын басты талаптар төмендегідей:

*дәлдік* – түпнұсқада берілген барлық ереже аудармада көрініс табуы тиіс;

*жинақылық* – түпнұсқадағы барлық ережелер жинақы, қысқа берілуі тиіс;

*айқындылық* – тілдің қысқа, жинақы берілуі түпнұсқа сөздерінің толық берілуіне нұқсан келтірмеуі тиіс;

*әдебилік* – аударма мәтіні түпнұсқа тіліндегі синтаксистік құрылымдар қайталанбай, әдеби тіл нормаларының сай болуы керек.

Ал бұл аталғандар құжаттарды әзірлейтін, жүргізетін, аударатын маманның кәсіби біліктілігін (ағылшын, қазақ тілін жетік меңгеруін) талап етеді.

Бүгінгі күнде елімізде ісқағаздарын қазақша жүргізуді қалыптастыру үлкен де жауапты іс болып отыр. Қазіргі таңда белең алған бір құбылыс іс қағаздарын түгелдей орыс тілінен аударып алып жатырмыз. Тіпті бір сөзін, бір тіркесін мүлт жібермей, түгел аударып отырамыз, мұндай жағдай түсінбеушілікке. Мемлекет үшін сауатты, сапалы аударманың маңызы өте зор. Сауатты, сапалы аударма жасау - аударма тілінде туындаған басты мәселе. Үш тілді еркін меңгерген, ісқағаздарын үш тілде де сауатты жазатын аудармашылар керек. Аудармадағы сауатсыздық терминологиялық комиссия бектпеген, не бұрын бекітіп, қайта өзгерткен атауларды пайдаланудан да көрініп отыр. Қазіргі кезде тіліміздің толыққанды қолданылуына қатысты сөздіктерде де ала-құлалық орын алған. Кәсіби, салалық, ғылыми терминдердің әр жерде әртүрлі жазылуы бәрімізді де жаңылдырады. Қайбір басылымдар сөзжасамның неше түрлі нұсқаларын ұсынып жүр. Олардың принципіне сүйенсек, аударылмайтын бірде бір сөз болмауы керек. Қазақ тілінде термин қабылдаудың ғылыми принциптерін негіздеп, қалыптастыру жолында көп еңбек сіңірген, термин жасауда тіліміздің мүмкіндігін сарқа пайдалану керектігін жақтаған ғұлама ғалымдарымыз Ахмет Байтұрсынов пен Құдайберген Жұбановтар халықаралық терминдерді жаппай аударма беруге болмайтынын ескерткен еді. Қазақ тіл білімінде терминология саласының қалыптасуында А.Байтұрсынұлының алатын орны ерекше. "Ол жүздеген тіл, әдебиет және жалпы мәдениетке қатысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білді" [5, 13].

Онды-солды аударудың салдарынан жұрттың қылжағына айналған сөздер көбейіп, кейде өз сөзімізді өзіміз түсінбей жататын жағдайға жеттік. Мысалы: *Fountain- Фонтан-шаптырм; swimming pool- бассейн –әуі; sewerage-канализацияны-кәріз; label- ярлық-ен; newspaper-газетті-жариядат; mineral- минералды – арасан; encyclopedia-энциклопедияны – мағлұтнама; technologist-технологты – жасалымгер*; десек кім түсінеді. Бұл - жаппай аудару керек деген қағидаттың нәтижесі. Аудармашылар терминдерді аударғанда абай болған жөн. Сондықтан аудармашы мамандар аударма ісінде төмендегі қағидаттармен үнемі жұмыс жүргізуі керек:

- ресми құжат мазмұнын қысқа әрі тұжырымды тілде жазуда;

- ол тұжырымдардың дәл, нақты болуында;

